

**А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің**

# **ХАБАРШЫСЫ**

**А. Yesevi UKTÜ Bülteni**  
№1 (74)

**ҒҰС**  
**ҒҰС**

**Вестник МКТУ им. А.Ясауи**  
қаңтар-ақпан

**ҒҰС**  
**ҒҰС**

**Bulletin of IKTU named A. Yasawi**  
2011

**Қоғамдық ғылымдар сериясы**



## **БАС РЕДАКТОР**

техника ғылымдарының докторы, профессор  
**ЛЕСБЕК ТӘШІМҰЛЫ ТӘШІМОВ**

## **РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**ЕРГӨБЕК Құлбек Сәрсенұлы**  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор

*-Бас редактордың орынбасары*

**ӘБІЛДАЕВА Гүлжан Елібайқызы**

*-аға редактор*

**БАЙҒҰТ Мадина Жүсіпқызы**

*-көркемдеуші редактор*

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

---

### А қ ы л д а с т а р а л қ а с ы :

Ағдарбеков Т.А., Айменов Ж.Т., Ақбасова А.Ж., Әбілтайин М., Байдәулетов И.О., Байжігітов Қ.Б., Балабеков О., Бахтыбаев А.Н., Бердібай Р., Беркімбаев К., Ділбарханова Р., Жолдасбаев С., Жұмабаев М.Ж., Исламқұлов Қ.М., Кенжетай Д.Т., Мұхамеджанов Б., Мырзалиев Б., Нұсқабаев О., Оңалбек Ж., Раимбердиев Т.П., Тәукебаева Р.Б., Тұртабаев С.Қ., Сейдинов Ш.М.

*Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8-қазанда тіркеліп, №232 куәлік берілген. Индекс №75637*

---

### Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, ОҚО, Түркістан қаласы, ХҚТУ қалашығы, Б.Саттархан даңғылы, №29, 131-бөлме  
☎ (8-725-33) 3-11-15 (133), E-mail: islam2006-82@mail.ru.

*Журнал Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Тұран» баспаханасында көбейтілді.*  
Көлемі 70x100 1/6. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.  
Шартты баспа табағы 23. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 425. ©

## ФИЛОЛОГИЯ

**С.К.КЕНЖЕМҰРАТОВА**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

### КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ Қ.ЖҰБАНОВ РӨЛІ

В статье рассматривается роль К.Жубанова в формировании казахской терминологии в советской эпохе.

The author of the article reveals K.Zhubanov' role in the development of Kazakh terminology in the Soviet period.

Терминология мәселесі – ғылымның өзекті мәселелерінің бірі. Ғалымдарымыздың ғылыми дәлелдері бойынша сонау ХХ ғасырдың 10-жылдары қалыптаса бастаған қазақ терминологиясының мәселелері әлі де шешуін таппаған, өзектілігін жоғалтпаған деп айтуымызға толық негіз бар. Ғылымның барлық салаларының жан-жақты дамуы терминология мәселелерімен тығыз байланысты, себебі қандай да бір жаңалық, жаңа ұғым терминмен белгіленіп, терминологиялық жүйеде өз орнын тауып отыратыны сөзсіз.

Белгілі ғалым профессор Қ.Жұбановтың 30-жылдардағы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы ұйымдастырушылық жұмысы, терминологиялық сөздіктер жасаудағы еңбектері өте маңызды екенін бәріміз де білеміз. Оған дәлел ретінде айтар болсақ, Қ.Жұбанов «Термин сөздердің спецификасы жөнінде» атты мақаласында **термин** дегеніміз не, оны қандай жағдайда қалай қолдану керектігі нақты ғылыми тұжырым жасау барысында анықтамасын да берді:

«Қай тілдің де жай сөздері тек сол елдің ғана қолданатын сөзі болудан озып, ғылыми ұғымдарды білдіретін болса, сонда ғана термин қатарына кіреді. Қазақтың «**тау сағызы**» мен «**жабағысы**» өрісі ұзарып, шетке шыға алмай, қазақтың өзі ғана білетін ұғымдар болып жүрген кезде жай сөздіктен асқан жоқ. Ал енді тау сағызы «**тау сағыз**» сөзі белгілі бір ботаникалық, биохимиялық ұғымды, «**жабағы**» сөзі – товарлық ұғымды алып еді – бұлар термин болып шыға келді» немесе «термин мәселесіндегі үлкен кемшіліктердің бірі – термин емес сөздер де термин қатарына қосақталып, белгілі бір мағынаны білдіретін стандарт сөздер боп қатып қалған» [1], - дей отырып, өзі қызмет жасаған кеңестік кезеңдегі термин жасау мәселесінде қазақ терминологиясын дамытуда біршама келеңсіз жағдайлардың болғандығын айтып өтеді. «Ең басты кемшілік, – дейді автор аталған мақаласында, – аударылмайтын сөздерді, интернационалдық терминдерді аударып аламыз деушілік. Мәселен, «**психология**» демей «**жан жүйесі**» /жан тану ғылымы/, «**геометрия**» демей «**пішіндеме**» /фигура жайлы деген боп шығады/ деп алынған болатын, ...бұл сықылды өрескелдік аударылмайтын сөздерді, халықаралық терминдерді аударып алам деуден,

аудару керек болғанда, терминдерді емес, сөздердің лексикалық мағыналарын аударудан келіп шыққан ауру екені даусыз. Мұнан мынандай қорытынды шығады: тұрақты ұғымдардың әрқайсысына халықаралық термин болып кеткен белгілі сөзді теліп, тұрақты термин етіп алу керек». Бұдан шығатын қорытынды, профессор Қ.Жұбанов термин жасау кезінде терминнің тұрақтылығына, өміршеңдігіне де зор мән бергендігін көреміз: «Термин сөз белгілі бір кезеңдегі белгілі бір ғылыми ұғымды, ұғым болғанда да көбінесе жай сол сөздің сөздік мағынасына жуыспайтын ұғымды білдіретін болады. Олай болса, термин сөз қашан өзінің тұрақтылығын жойып, екінші бір ұғымға ауып кеткенше тұрақты болып тұрады» [2].

Ғалым «Ауыл мұғалімі» журналында жарық көрген «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан» атты еңбегінде **«анықтауыш»**, **«толықтауыш»** терминдеріне мынадай мағына береді: «Біздің анықтауыш деген терминіміздің бұрынғы анықтауыш жайындағы ұғыммен, біздің толықтауыш деген бұрынғы толықтауыш жайындағы ұғыммен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Өйткені, біз анықтауыш, толықтауыш деп алғанда, анықтайтын не толықтайтын емес, тек даяр тұрған терминді жаңа мағынамен алып отырмыз. Біз ондай мағынамен анықтауыш не толықтауыш деп отырғанымыз жоқ. Мағына жағынан мұның екеуі де айқындауыш. Сондықтан, біздің анықтауыш, толықтауыш деген терминдерімізді бұрынғы ... анықтауыш, толықтауыш дегендермен шатастырмау керек» [3] дейді.

Қ.Жұбанов сол кезеңде болып жатқан қоғамдық өзгерістердің қайнаған ортасында жүріп және барлық өтіп жатқан оқиғаларға өз көзқарасы бола отырып, тілдің қай саласы бойынша да ақпараттарды салыстыра жүріп зерттеді. Сол себепті қандай да болмасын, тілдік құбылыстарды ғылыми тұрғыдан сипаттау, лингвистикалық талдаулар жасауда Қ.Жұбанов ауқымды еңбек етті. Өйткені қазақ терминологиясын ғылым тілі ретінде қалыптастырып, дамыту сол кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі болды.

Сондай-ақ, проф. Қ.Жұбанов ұсынған терминдердің көбісі тілімізде сақталған жоқ. Мәселен, **«кіріккен сөздерді»** қазіргі қазақ тілінде **«біріккен сөздер»** деп жүрсе, **«қиюлы сөзді»** – **«қысқарған сөз»**, **«қосар сөздер»** – **«қос сөздер»** деп жүргенін білеміз, т.б. [4].

Жоғарыда айтылған еңбегінде проф. Қ.Жұбанов қазақ тілі грамматикаларында қолданып келген **«аңызды сөйлем»** деген терминді **«хабар саз сөйлем»** деген терминмен алмастырады. Неге олай алғанын былай деп түсіндіреді: «Бұрынғы аңызды сөйлем деп аталып жүрген түрді **хабар сөз** деу себебіміз – оңайына, ұғымдысына қашқандық. **Аңыз** деген сирек қолданылатын сөз. Оның мағынасы жұрттың көбіне анық емес. Термин арнау мағынасы тек бір категорияны тек екінші категориядан айыру ғана емес, нендей категория екенін өзі айтып тұратын қылу, категорияны түсінуге де атсалысу.

Бұлай алған себебіміз – сөйлемді бұлайша таптастырудың негізі терминнен-ақ көрініп тұрсын дегендік. Жалаң, жайылма, жеткіліксіз, бастауышсыз деп таптастыру – сөйлемнің мүше құрылысына қарай топтастыру барлығы ашылып тұрсын дегендік».

Ал «Қазақ тілінің программасы» [5] деген бағдарламасында «**хабарлы сөйлем**» деген терминді алған. Бұл термин қазір де қазақ тілі грамматикаларында қолданылып жүр.

1935 жылы жазылған «О специфике терминов» деген еңбегінде автор терминді қолданыста жүрген жалпы халықтық сөзден бөлек алып қарайды да, оның халықаралық сипатын ашады, сөйтіп терминге тән бір еркешелікті ашып көрсетеді:

«... ғылым – техника табыстары жарыққа шығарған терминдер де – бүкіл жер жүзіне ортақ, халықаралық термин болып шығады. Термин сөздердің кей сөздерден мағына жағынан өзгеше болуы да осыдан келіп шықпақ. Бір сөз белгілі бір кезеңдегі халықаралық бірыңғай, стандарт ұғымға телінбей, «әр елдің тілінде қандай мағынада қолданылған түрінде қалып отырса, ол сөз термин қатарына кіре алмайды» [6].

Профессор Қ.Жұбановтың ұсынған қағидаттары 1935 жылы Алматыда өткен мәдениет қызметкерлерінің съезінде талқыланып, қабылданды. Қазақ тілінің терминдері осыдан былай сол принциптер негізінде халықаралық сөздерден алынумен қатар, қазақтың төл сөздерінен де жасалатын болды.

Профессор Қ.Жұбанов терминге қойылатын басты шарттар ретінде мынаны айтады: «Термин қатарына кіретін сөздердің еркешелігі – қай тілдің де жай сөздері тек сол елдің ғана қолданатын сөзі болудан озып, тұрақты ғылыми ұғымдарды білдіретіндігі және олардың бүкіл жер жүзіне ортақтығы. ... Қазақ тілінің терминдері бір жағынан, бірыңғай интернационал сөздермен алынса, екінші жағынан – қазақ сөздерінен жасалатын болады».

1935 жылы болған Мемлекеттік терминология комиссиясының сессиясында профессор Қ.Жұбановтың «Термин жасаудың принципі туралы» деген баяндамасы тыңдалды. Ғалымның ұсынған қағидаттары Қазақстан мәдениет қызметкерлерінің съезі қарсаңында шыққан «Мемлекеттік терминкомның бюллетенінің» бірінші санында жарияланды.

1935 жылы мәдениет қызметкерлерінің съезінде Профессор Қ.Жұбанов қазақ тілінің пән атауларын төмендегідей қағидатпен алуды ұсынады:

Ел – елдің өз тілдеріне аударылмай, әдебиет тілінде бір-ақ түрде жазылып, айтылып келген терминдер, мысалы, «**революция**», «**совет**», «**теория**», «**практика**», «**тенденция**», «**конкрет**», т.б. аударылмай сол түрінде алынды. Бұл аталған терминдер сол кезеңнен кешегі күнге дейін қолданысымызда актив қызмет атқарды. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана «**революция – төңкеріс**», «**совет – кеңес**», «**практика – тәжірибе**», т.б. жаңа үлгідегі терминдеріміз қолданысқа ене бастады.

Әдебиет тілінде әр елдің өз тілінде аударылып алынатын халықаралық терминдер, мысалы, «**өндіріс**», «**еңбек**», «**ақша**», «**түбір**», «**сабақ**», «**бұлшық ет**», «**бөлу**», «**көбейту**» сияқтылар қазақ тіліне аударылып алынды. Кейбір аударылып алынатын терминнің қазақ тілінде эквиваленті табылмаса немесе қазақшаға аударғанда түсініксіз я тіпті теріс ұғым беретін болса, ондай реттерде орысша сөздер алынды. Форма, материя (философия мен физикада), түбір (математикада, ботаникада, лингвистикада), морфология (ботаникада, лингвистикада), реакция (химияда, биологияда), экскурсия (физиологияда, педагогикада).

Бір сөзбен айтылатын, бірақ, түрлі пәндерде түрлі мағынада жүретін: «мануфактура», (экономикада, жаңа мата мағынасында), «продукт» (өндіріс өнімі мағынасында, продукт азық-түлік мағынасында) сияқтылар бір пәнде термин болып алынды да, қалғандарында қазақ тілінде аударылды. Мысалы, «мануфактура» экономиканың даму кезеңі мағынасында термин, ал енді мата мағынасында термин емес.

Барлық елдерде ортақ сөзбен айтылатын терминдер орыстың әдебиет тілінде жазылғанша алынды. Қазақ тілінде жоқ кейбір дыбыстар қазақ әріптерімен жазылды: «**порма**», «**қимйа**», «**реболүтсйа**» сияқты.

Қазақ тіліне аударылып алынған терминдердің ғылыми мағынаны толық бере алатын болуы, қазақ тілінің грамматикалық еркешеліктеріне қайшы келмейтін болуы, қазақ тілінің рухына жат, жасама сөз болмау жағы айрықша көзделді. Мысалы, «**беріліс**» (**передача**), «**тоқыма**» (**текстиль**), «**көкпіл**» (**многогольник**), «**іс жүзі**» (**практика**) сияқты.

Барлық елдерге ортақ сөзбен айтылатын есім жаңа есімденген етістік формаларындағы терминдер со түрінде алынды. Ал «**изация**», «**ификация**», «**ация**» жұрнақтарымен келетін «**машиназация**», «**электрофикация**», «**объективация**» сияқты сөздердің негізіне қазақ жұрнақтары жалғанып алынды. Мысалы: **машиналандыру** (**машинизациялау емес**), **электрлендіру** (**электрофикацияландыру емес**), **объективтену** (**объективациялану емес**). Сын есімдердің қазақ сөзіне анықтаушы болып ұсталатындары ықшамдалып – «**ский**», –«**ный**» жалғаулары алып тасталды: «**популяр кітап**» (**популярная книга**), «**абсолют шама**» (**абсолютная величина**), «**буржуаз идеология**» (**буржуазная идеология**), «**экстенсив шаруашылық**» (**экстенсивная хозяйство**), «**дефференциал теңгерме**» (**дифференциальное уравнение**), –«**ский**» жұрнағы жалғанып, түбірінің «**к**» дыбысы «**ч**»-ға айналатын сын есімдер қазақшасында зат есім формасында алынды: **электр шам**, **физика**, **жағрапыйа**, т.б.

«**Изолировать**», «**машинизировать**» сияқты етістік форма қазақ тіліне былай аударылды: зат есім мен сын есім түрі алынып, оған қазақтың етістік жұрнақтары жалғанды. Орыс тілінде етістік формасында ғана қолданылатын, есім түрінде айтылмайтын немесе есім мағынасынан алыстап кеткен терминдер жай сөз есебінде контекстке қарай аударылып отырды:

игнорировать, регулировать, реагировать сияқтылар.

Терминмен қатар халықаралық терминдер де ұшырайтын, бірақ қазақ жұрнақтары оларға эквивалент бола алмайтын бірсыпыра аффикстер де алынды: – «ист», –«изм» (**жұрнақтар**), –«ре», –«син», –«де», –«суб» – «анти», –«контр» (**префикстер**).

Терминдерде ұшырайтын аффикстердің көбі қазақшада да болып отырады, бірақ олар формал элемент болып есептелмейді.

Терминдердің басқа сөздерге ықшамдалып барып қосылған формалары қазақ сөздеріне де ықшам түрде қосылып алынды: **авто, аэро, авио**, т.б. **автожол, аэроқатынас, авиошана** сияқты.

Революциядан кейін орыс тілінде сөзді қысқартып, ықшамдап алу көп ұшырайтын болды. Бұл – революция табысы. Осы табысты қазақ тілінде де іске асыру, қазақ сөзінен де ықшамдалып қиындалған терминдер жасау керек болды.

Бұрынғы терминдердің бәрі де қайта қаралып, теріс ұғым бермейтіндері ғана со түрінде қалдырылды. «**Диктатура**», «**революция**», «**совет**», «**теория**», «**практика**», «**контрреволюция**», «**милитаризм**» сияқтылар аударылмай қазақ тіліне со түрінде термин болып кіруін мақұл таптық. Сонымен ғылымның, ғылыми техниканың өркендеуіне үлес қосатын халықаралық терминдер аударылмай, орыс тіліндегі қалпында қалдырылды. Мысалы: **марксизм, социализм, капитализм, коммунист, революция, театр, искусство, творчество, зритель, комиссия, съезд, физика, математика, медицина, профессор, реформация, агитация, пропаганда, колхоз, совхоз, станция, факт, анализ, политэкономия**, т.б.

Бұған 1935 жылы Алматыда өткен Қазақстан мәдениет қызметкерлерінің съезінде қабылданған термин жасаудың қағидаттары де әсер еткенін өткен тарихымыз дәлелдейді. Оның үстіне отызыншы жылдардың орта тұсынан бастап, түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне советизмдер мен халықаралық сөздердің аударылмай сол қалпын сақтай отырып беріле берілуіне сол кездегі Орталық мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған түркі тілдерінің термин жасау үшін қандай қағидаттарды негізге алу қажет деген орыс ғалымдарының мақалалары, ой-пікірлері, ұсыныстары тіліміздің дамуы мен қалыптасуына өз ықпалын тигізіп қана қоймай, бүгінге дейін тіліміздің даму қарқынына зардабын тартқызып отырғаны белгілі. Сол кезден бастап, кеңестік империяның кері ағымы, ғылым тілін ұлтсыздандыру саясаты басталды. Ол бүгінде ешкімге жасырын емес. Сол себепті де Ұлы Отан соғысы жылдары, тілімізге сөздерді аударып, балама іздемей-ақ орыс тілінен дайын күйінде ала салу әдетке айналғанын кешегі кеңес тілі көрсетіп берді. Бұл басқа да Одақ құрамында болған түркі тілдерінің лексикасындағы ортақ құбылыс болды. Әрине, мұндай тоталитарлық үкіметтің солақай саясаты үшін Қ.Жұбановтың басқа да тілші-ғалымдарымыздың кінәсі жоқ

болатын, ол, сол кезде өз үстемдігін жүргізген кеңестік қанқұйлы, сұрқия саясаттың азулы ісі болатын.

Баршамызға белгілі 30 жылдары тоталитарлық үкімет тарапынан жүргізілген саясат қазақ халқын А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ж.Күдерин, С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, т.б. аса білікті ұлттық кадрлардан айырды. Ұлттық негізде іргесі қалана бастаған ғылыми терминологияның бағыт-бағдары өзгертілді. Бұл жөнінде Ш.Құрманбайұлының: «Егер ондай өктемдікке жол берілмей, термин жасауда Ахандар бастаған үрдіс жалғасын тапқанда, орталықта да, жергілікті мамандар арасында да «орыс тілімен терезесі тең бола алмайды» деген пікір қалыптаспаған болар еді. ... Қазақ тілі «қабылдаушы» пассив тілдер қатарына қосылмас еді», – деген пікірі негізсіз айтылған емес еді.

Ғылым тілін ұлттың өз тілінде дамытудың маңызын дұрыс ұғынған А.Байтұрсынов бастаған мамандар 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргіннен кейінгі кезеңді – Ш.Білалдың «ғылым тіліндегі ұлттық тіректің шайқалу кезеңі» – деп танып, оның: «Осылай басталған, ғылым тіліндегі ұлттық тіректің шайқалу кезеңі, жаппай орыстану кезеңіне ұласты. Ол шамамен 50-жылдардан басталды»–деп жорамалдауын дұрыс деп ойлаймыз [7].

Қорыта келгенде, Қ.Жұбанов тіліміздің өркендеп өсуіне аса зор мән бергендігін Қазақстандағы озат оқытушылар съезіндегі бір сөзінен көруімізге болады: "Қазақ тілін танып-білу қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі. Қазақ тілінің тарихын зерттеуге үлкен мән берілуі керек... Болашақта қазақ тілі мен қазақтың әдеби тілінің бой көтеріп өркендеуі үшін біз орфография мен терминологияны дұрыс жолға қоюымыз керек".

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Жұбанов Х.* О специфике слов – терминов. // Бюллетень государственной терминологической комиссии при Каз.НКП. 1935. №2. С.3.
2. *Жұбанов Қ.* Қазақ әдеби тілінің терминдері. // Мемлекеттік терминкомның бюллетені. Алматы. 1935. №1.
3. *Жұбанов Қ.* Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан. // Ауыл мұғалімі. 1937, № 1-3.
4. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілінің грамматикасы: Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым. 1966, 135-197 бб.
5. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілінің программасы. // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым. 1966, 358- бб.
6. Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені. Алматы. 1935. №2. 1-б.
7. *Білалов Ш.* Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. Алматы. 1994. 207-б.



**А.Ж.БАЙНИЯЗОВ**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

### **ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМ ТҮЗУДЕГІ ГРАДУАЛЬДЫҚ ҰСТАНЫМНЫҢ МАҢЫЗЫ**

**В статье рассматриваются принципы и методы составления словесника в градуальных учебных словарях, а также важность подбора слов из частотного словаря.**

**The article deals with the principles and methods of compiling a phrase-book for gradual dictionaries and the importance of word selection from frequent vocabulary.**

Минимум сөздіктерді түзудің негізгі мақсаты – тілүйренушіге күнделікті тұрмыста белсенді қолданылатын ауызекі сөйлеу тілімен қатар, жазба тілде ойын еркін жеткізе алатын лексиканы меңгертетін сөздік қорды қамту.

Тілдік минимумдар – тілдегі элементтердің, ол элементтердің қасиеттерінің, олардың қолданылу қағидаларының сан жағынан ең шағын жиынтықтары, бұлар топтала келе тілдің ықшамдалған үлгісін (моделін) құрайды. Бұл модель белгілі дәрежеде тұтас тілге тән қызметтерді жасауға қабілетті болмақ.

Қазақ лексикографиясында оқу сөздігіне лексикалық бірліктерді сұрыптап алу ұстанымдары және сөздік минимумы мәселесін арнайы зерттеген Р.Түсіпқалиева лексикалық минимум сөздіктерінің типологиялық және жанрлық ерекшеліктерін жеке тараушада қарастырады. Ғалым минимумдардың тілүйренім тұрғысынан маңыздылығы олардың минималды уақытта максимум оқыту материалын өткізуге мүмкіндік беретіндігіне байланысты деген ой түйеді. Минимумдардың фонетикалық, грамматикалық, лексикалық, елтанымдық түрлері болатындығын жаза отырып, «минимум түзу – максималды түрде пайдалы лексикалық, фонетикалық, грамматикалық және елтанымдық фактілерді ықшамды (минимум) түрде жинақтап, аз уақыт ішінде оқушыларды өте пайдалы білімдермен, дағдылармен қаруландыру, тілдің жүйесі туралы минималды қажетті білім арқылы максималды әлеуметтік пайда іздеу. Лексикалық минимум түзу саласындағы зерттеулердің басты ерекшелігі – олардың нәтижесі нақты сөздер тізбесі түрінде дайын болғанда ғана, осылайша сөздікшілерге, әдістемешілерге, оқулықтар мен оқу құралдарының авторларына нақтылы көмек болған жағдайда ғана қажеттілігі» деген тұжырым жасайды [1].

Оқу лексикографиясы бойынша бұрын жазылған еңбектерде оқу сөздіктерінің жүйесі туралы мәселе көбінесе аналитикалық аспектіде қарастырылып келген еді. Зерттеушілердің мақсаты – осындай жүйеге қандай элементтер кіруі керек, яғни қандай элементтерден тұрады дегенді анықтау болды. Мұндай сөздіктердің типтері қандай болу керек деген мәселе кең талқыланғанымен, зерттеушілер осы жүйені қалай құруға болатындығын сөз етпеген еді. Сөз еткендердің өздері, бұл тәрізді жүйеге қандай лексикографиялық

оқу құралдарын енгізу қажеттілігін тізбелеумен шектеледі. Әркім өз тізімін ұсынады (осындай автордың «қазақ тілі» оқу құралын, сөздікшелерін пайдалану қажет деген сияқты). Ұсынылып отырған лексикографиялық туындылар арасында қандай байланыс бар, олардың сөзтізбелері қалайша құрылуы керек, түрлі типті оқу сөздіктерінің сөзтізбелері арасындағы пропорцияны қалай сақтауға болады, т.т. Мәселенің шешімін іздегенде, оқу сөздіктері жүйесінің түп негізінде жалпыға ортақ және белгілі бір дәрежеде объективті құрылым болуының қажеттігі басты назарда ұсталды. Бұл ізденістер қарапайым да құнарлы идеяға алып келді. Оның мәні – қазіргі қазақ тілінің лексикалық негізіне бағдарланған оқу сөздіктерінің жүйесі немесе сериясының ең жиі қолданылатын сөздердің тізбесі негізінде құрылуының мүмкіндігі. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін қолда үш түрлі деректердің болуы қажет: а) лексикалық негіз тізбесі, ә) лингвоәдістемелік сұранымдардың (қажеттіліктердің) тізбесі, б) оқу сөздіктерінің сөзтізбелерін алудың жолға қойылған процедурасының болуы. Бастапқы лексикалық тізім-негіз ретінде жиілік сөздіктерді бір-бірімен салыстыру арқасында алынған **орта жиілік** тізбенің саналуына болады. Негізгі дереккөз – басты жиілік сөздік. Негізгі тізімді алу әдістемесі – аталған тізбелерді бір-бірімен беттестіру, сол арқылы жиынтық жиілік тізбені жинақтау.

Мәселен, қазақ тіліндегі ғылыми және техникалық лексиканың кешенді жиілік сөздігі, терминологиялық сөздіктер. Мұндай оқулықтар үшін, бастауыш кезеңмен салыстырып қарастырғанда, лексиканы кәсіби-стильдік деңгейде сұрыптау – тілді меңгерудегі сандық тұрғыдан да, сапалық тұрғыдан да мүлде жаңа кезең. Оған лексиканың үлкен көлемді болуы тән. Сондықтан, авторлар әдетте оны тақырыптық және құрылымдық рамкалармен шектеп отырады. Өңделген, белгілі дәрежеде ықшамдалған, әдістемелік жақтан реттелген тізбенің өзі – үлкен массив құрайды. Мұның өзі кейде оқушының мүмкіндігінен асып жатады. Сондықтан, тілді оқытуда, тілді меңгеруде өте мәнді, бастауыш курс пен негізгі курсты жалғастыратын, тілдің лексикалық деңгейінің жүйелік негіздерін меңгеруді өз міндетіне алатын тағы бір кезең пайда болды. Тілдік жүйені меңгерудің бұл стадиясы болмаса, тілді меңгеру процесі баяулайды, іштей басқаруға келмейтіндей, тиімділігі аз болады.

Базалық сөздіктегі тізбе тілдің лексикалық ядросын және осы ядроғағы элементтердің лексикалық жүйелі байланыстары жиынтығын білдіреді. Сөздік материалдары оқулыққа тілді оқытудың орташа кезең үшін қажетті лексикалық құрамын тез және дәл сұрыптап алуға мүмкіндік тудырады. Және сол құрамның негізінде оқыту процесінде оқушыларда тілдік аңғарымды дамытатын потенциалды сөздік жасауға мүмкіндік тудырады.

Оқулыққа сөзтізбені сұрыптау процесінде лексикалық жүйелі байланыстарды көрсету тәсілдері, сөздіктегі сөзбелгілер, лексикалық

жаттығулардың тілдік аңғарымды дамытатын типтерін қатесіз және түпкілікті анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ осындай жаттығуларға қажетті сөздіктік материал береді. Осылайша, сөздік белгілі дәрежеде, мағынада оқытудың тілдік (лексикалық) материалын ғана қамтамасыз етпейді, сонымен қатар потенциалды сөздікті қалыптастыру үшін қажетті сөйлесімдік операциялардың толық жиынтығы тұрғысынан оқытудың мазмұнын да қамтамасыз етеді. Потенциалды сөздіктің лексикалық бөлігін құрайтын құбылыстардың оқулық құрамында толық қамтылуы өз кезегінде лексикалық жүйенің меңгерілуіне кепілдік береді. Осылайша, сөздік бастауыш және негізгі кезеңге арналған оқулықтарға лексикалық материалды сұрыптап алуға берік негіз қалайды. Себебі онда дайын жеке блоктар мен олардың лексикалық құрамының бөліктері бар. Оның үстіне, сөздік оқытудың тиісті кезеңіндегі (әдетте орта) лексикалық материалы мен мазмұнын айқындайды. Ол кезеңнің міндеттеріне қазақ тілі лексикалық жүйесінің негіздерін меңгеру кіреді. Сөздіктің бағдар, бағыт берушілік қасиеттерін жеке айту қажет. Сөздікке сүйене отырып, оқулық пен оқу құралдарының авторлары өз шығармаларының мазмұнын бұрынғы және үйретім талаптарына сай бағдарлауына болады.

Осы мәселеге орай, базалық лексика сөздігінің құрылымын зерттеген Ж.Байниязова: «Ол үшін басты жиілік сөздіктен ең жиі қолданылатын 2500 сөз алынады. Жиі қолданымды сөздер сөзқолданымның 70 пайызын жабатын болу керек. Бұл 2000-2500 бірліктен тұратын лексикалық тізбе арқылы жүзеге асырылады. Бұл әлем тілдеріндегі тәжірибе бойынша дәлелденген жайт. Негізгі дереккөзде жоқ сөздерді алу реті: өзге, қосымша дереккөздерден алғашқы 1000 сөз құрамында бар бірліктер алынады. Негізгі жиілік сөздікке дереккөздерді сұрыптаудағы субъективизмді осылай жеңеміз. Газет тілі – 1000, мектеп оқулықтары лексикасының жиілік сөздігі – 500, сонымен 2500 сөз шықты. Бұлар – жалпылама маңызды, мәнді, объективті тізбе» [2.85]–дейді.

Лингвоәдістемелік талап деп біз қарастырылып отырған сөздің белгілі бір оқу сөздігіндегі қарастырылу аспектісіне нұсқауды айтамыз. Мұндай талаптар тізіміне лексикологиялық категориялар (полисемия, омонимия, синонимия, антонимия, паронимия) және өзге де лингвистикалық тұрғыдан да, мақсатқа сәйкестік тұрғысынан да қажетті семантикалық және грамматикалық құбылыстар қатары (тұрақты тіркеске түскен сөз, сөздің белгілі бір лексика-семантикалық топқа енетіндігі, сөздің баламасыз, аялық лексикаға кіретіндігі, сөздің морфемалық құрылымы). Аталған 9 лингвоәдістемелік талап қазіргі қазақ тілінің лексикалық негізіне бағдарланған 9 түрлі оқу сөздігінің сөзтізбесін алуға мүмкіндік береді.

Түсіндірме, идеографиялық, фразеологиялық, лингвоелтанымдық, грамматикалық сөздіктер, синонимдердің, антонимдердің, омонимдердің, паронимдердің сөздіктері. Әр талап бойынша, қажетті оқу сөздігінің сөзтізбелерін алу процедурасы бастапқы лексикалық негіз тізбесін аталған 9 талаптың әрқайсысы тұрғысынан талдауды қажет етеді. Синонимдік сөздіктен – синонимдес сөздердің қатары, омонимдік сөздіктен – омонимдес сөздердің қатары. 9 сөздіктің қаралай қолжазба варианттары пайда болды.

9 оқу сөздігінің атау сөздер тізбесінен енді барлық ескірген, сирек қолданылатын, қарапайым лексикаға жататын, т.б.с.с. лексика-семантикалық бірліктер алынып тасталады. Әдістемелік талаптар тізбесі – ашық тізбе. Ол толықтырылып отырады. Яғни, басқа да талаптар болуы мүмкін. Лексикалық негізге бағдарланған оқу сөздіктері жүйесінің жалпы планы ретінде «Қазіргі қазақ тілінің әмбебап лексикалық минимумын» атау керек. Аталған сөздіктердегі атау сөздердің семантикалануы мәселесі. Бұл мәселені талқылау үшін түсіндірмелі оқу сөздігінің сөзтізбесін алайық. Оның сөзтізбесі – қазақ тілінің лексикалық негізінен құралады. Қазақ сөздерінің семантикасын ашуда, бір жағынан, әрбір лексика-семантикалық бірлік семантизациясының ақпараттық жеткіліктілігінің қамтамасыз етілуін, екінші жағынан, түсіндірмелі оқу сөздігіне қажетті – автономдылықты беретін болса.

Бірінші талап - өзге тілді оқырманға арналған оқу сөздігіне сөздің немесе көпмағыналы сөздің лексика-семантикалық вариант мағыналары туралы ақпар үлкен сөздіктерден кем болмауы керек. Аялық, баламасыз тілдік бірліктердің семантикасы туралы ақпар да ана тілі сөздіктерінен де айқын ашық болуы керек. Екінші талап бойынша, түсіндірмелі оқу сөздігінде дербестік қасиет болу керек. Сөздердің мағыналарына берілетін анықтамалар жеткілікті, түсінікті болу керек. Ол үшін басқа сөздіктерді қарауға мәжбүр болмайтындай болу керек. Атау сөзді семантикалаудың 4 түрі бар: а) сөзге ана тілінде түсіндірме жасау, ә) сөзді оқырманның ана тіліне аудару, б) сөзге оқырманның ана тілінде түсіндірме жасау, в) аталған тәсілдердің белгілі бір түрлі комбинациясын қолдану [2.87].

Бірінші мүмкіндікті жүзеге асыру үшін: а) сөздің түсіндірме сөздіктерде қабылданған әдеттегі түсіндірмесін беру, ә) арнайы сарапталып алынған, алдын ала жоспарланған түсіндірмелік/минимум көмегімен түсіндіру, б) интуитивті түрде, жеңілдетілген, бейімделген, икемделген түсіндірме жасау. Егер түсіндірме сөздіктегі анықтама келтірілсе, ол толық түсіндірме болмақ. Алайда, мұндай жағдайда сөздік мақаланың түсіндірмесінде, оның бірінші бөлігінде, лексикалық жүйенің перифериясына жататын көптеген сөздер пайда болады. Оқырманға белгісіз сөздер. Басқаша айтқанда, өзге тілді оқырман мұндай сөздікті басқа сөздіктердің көмегімен ғана оқи алады. Сөздерді семантикалауда арнайы сарапталған, алдын ала жоспарланған

түсініктеме минимум бойынша түсіндіруде – оқу сөздігі дербес сөздік болып шығады. Екінші талап орындалады. Алайда, бұған қуануға болмайды. Бұл сөздердің мәнін ашу ісін жұтаңдатады. Өзге тілді оқырманның қате түсінулері көп болуы мүмкін. Үшінші, бейімделген түсіндірме туралы айтпаса да белгілі. Сонымен, аталған 3 тәсіл де екі талаптың жүзеге асырылуын қамтамасыз ете алмайды. Бірінші мүмкіндіктің жүзеге асырылуындағы екі талап та қамтамасыз етілмейді. Тілүйренімдік оқу сөздігіндегі сөзді семантикалаудағы екінші мүмкіндікті жүзеге асыру ана тіліндегі сөзге немесе көп мағыналы сөздің лексика-семантикалық вариантына өзге тілдегі сөз қойылады. Яғни, қазақша-өзгетілді оқу сөздігі жасалады. Бұл тәсілді қолдану екінші талапты (дербестікті) қамтамасыз етеді. Алайда, бірінші талаптың орындалуын қамтамасыз ете алмайды. Себебі, контекстсіз алынған сөздер, бұл жағдайда, өзінің барлық мағыналары мен реңктерінің жиынтығы ретінде алынып отыр. Бізге қажетті сөздікте (сөз болып отырған) «кіріс» тілдің сөзінің лексика-семантикалық вариантын «шығыс» тілдің көпмағыналы сөзімен семантикалауға тура келеді. Демек, жай аударма да қажетті нәтижеге жеткізбейді. Мұндай нәтижеге үшінші мүмкіндікті жүзеге асыру кезінде қол жеткізуге болатын секілді. (Сөз мағынасының немесе лексика-семантикалық варианттың анықтамасының түгел аударылуы). Мұнда дербестік бар, ақпараттың жоғалуы өте аз. Алайда, шетел сөзінің сигнификативтік (немесе ұғымдық) мағынасын меңгерілді деп оқырман шетел сөзіне толық балама сөзді (барлық мағыналық шектеулерімен) таба алатындай болған кезде ғана айтуға болады. Демек, дұрысы – түсіндірмелі оқу сөздігінде сөзді, лексика-семантикалық вариантты өзге тілде түсіндіру, түсіндіре отырып, нүктелі үтірден кейінгі жерде баламаларды келтірумен аяқтау. Әрине, толық баламасы болса, соны келтірумен де шектелуге болады. Оқу сөздіктерінің лексикалық негізге бағдарланған жүйесін құру – аса қажетті шаралардың бірі. Түсіндірме – үйреніліп отырған тілде жасалуы қажет. Т және ол түсіндірмеде ақпараттық жеткіліктілік қамтамасыз етілуі керек. Мұндай серия – инвариант ретінде қызмет етеді. Оқу сөздігінің көп түрін жасауға болады. Алайда, оның қамтылатын лексикалық қабаттардың ең біріншісі, негізгісі – қазіргі қазақ тілінің лексикалық негізі болу керек.

М.Малбақов ағылшын лексикографиясындағы тілүйренімдік мақсатта жасалған түсіндірме сөздіктердің «мектепке дейінгі балаларға арналған, бастауыш мектептегі балаларға арналған, орта мектеп оқушыларына арналған, студенттерге арналған, отбасында қолдануға арналған, жұмыс басында қолдануға арналған, кітапханада қолдануға арналған, жол-жөнекей қолдануға арналған («жол ашар», «қалта сөздіктері») дегендей түрлі дәреже-деңгейлерде жасалып отырғандығын» жазады. Ғалым сөздіктердің осындай алуан түрлерін жасауға негіз болатын басты ұстанымның – градуальдылық

екендігін айта отырып, төмендегі жайларды сөз етеді: «Латын тіліндегі «адым, қадам» мағынасындағы gradus сөзі мен ортағасырлық латындағы gradarius «ақырын адыммен жүруші, асықпайтын», gradatim «қадам сайын, бірте-бірте, ақырын-ақырын», gradatio «бірте-бірте биіктеу, ақырын көтерілу», gradualis «басқыш сайын, бірте-бірте» сөздерімен төркіндес градуальдылық ұстанымының негізінде тілдің жүйелілік қасиеттерін кеңейте көрсету, «тілді үйрену процесін сатылы түрде, үздіксіз жүргізу, оны бірте-бірте күрделендіру» ұстанымы жатыр. Градуальды сипаттама біріне бірі кірігіп, кіретіндей сөздіктер сериясы түрінде жүзеге асады... Алғашқы градуальды түсіндірме сөздіктер американдық ағылшын лексикографиясында жасалды. Ол XX ғасырдың 30-40 жылдары төменгі және жоғарғы сыныптардағы мектеп оқушыларына арналып жасалған Э.Л.Торндайктің сөздіктері болатын [3]. Кейінірек екінші сөздікшінің - К.Л.Барнхарттың қосылуына байланысты бұл жүйе «Торндайк-Барнхарт жүйесі» деп атала бастады [4]. Лексикографиядағы градуальдылықты арнайы зерттеген Л.В.Малаховский осы серияның 1970-жылдардағы құрамдас сөздіктерін талдайды. Ғалым бұл жүйеге мектепке дейінгі 5, 6, 7 жастағы балаларға арналған үш суретті сөздіктің кіретінін сөз етеді. Төменгі сыныптардағы (8-10 жас аралығындағы) балалар үшін жасалған түсіндірме сөздіктен; орта сыныптардағы (10-14 жас аралығындағы) оқушылар үшін жасалған түсіндірме сөздіктен; жоғарғы сыныптардағы оқушылар (14-18 жас аралығындағы) үшін түзілген түсіндірме сөздіктен және үлкен түсіндірме сөздіктен тұратын бұл жүйе кезінде өте тиімді болған. ...Көлем жағынан сөздіктер арасында елеулі айырмашылықтар болмас үшін, көлем көбейген сайын сөздіктердегі қаріптер (шрифт) кішірейтіліп отырған. Кіші жастағылар үшін жасалған сөздікте анықтамалар өте көлемді болып келсе, үлкен жастағы оқушылар үшін жасалған сөздіктегі анықтамалардың тұрқы қысқа болып келеді екен. Оның басты себебі - жасы кіші балаларға сөзді жан-жақты ұғынықты қылып түсіндірудің қажеттігіне байланысты» [5.303-304].

Р.Түсіпқалиеваның пікірі бойынша: «Градуальдылық бұл – жекелеген бір сөздікке емес, толықтай лексикографиялық жүйеге тән қасиет. Градуальдылық бір типтес сөздіктер жүйесінің оқытудың әртүрлі кезеңдеріне лайықталған (ориентированность) бірнеше сөздікке бөлшектеліп, сөздікте хабарланатын лингвистикалық мәліметтің көлемі бірте-бірте артуын және оның сипаты мен берілу пішінінің күрделене түсуін білдіреді. Сондай-ақ, сөздіктердің сабақтастығы мен олардың өзара байланыстылығы да осы ұғымға жатады. Градуальды сөздіктер біртұтас жоспар бойынша құрылады. Әрбір келесі сөздіктің сөздері өзінің алдындағы сөздіктен жай ғана көп болып қоймастан, ол сөздерді толықтай өз ішіне қамтиды да. Келесі сөздіктің сөздік мақаласы мазмұны жағынан алдыңғы сөздіктегі өзіне сәйкес мақаладан бай болып қана қоймай, ол мақаланы өзінің ядросы етіп алады.

Сондықтан градуальдылық идеясын жүзеге асыру – бұл оқу лексикографиясының жоғары дамуының көрсеткіші деп айтуға болады» [1]. Ғалым өзінің ойын «осы тәрізді сатылы үйренім сөздіктерін жасау - қазақ лексикографиясы үшін де өте қажетті іс екендігі даусыз» деген түйінмен аяқтайды. Біз де осы пікірді қостаймыз. Қазақ тілін үйренушілерге арналып жасалатын осындай градуалды сөздіктер қажет. Алайда, олардың ғылыми негізде жасалуы, қазақ тілінің лексикалық негізін қамтуы шарт.

Қорыта келгенде, қазақ тілінің градуалды лексикалық минимумдары – қазіргі қазақ тілінің лексикалық өзегін құраушы лексикалық тізбелер. Мақсат – оқырманға оқытудың мақсатына, кезеңдеріне сәйкес келетін оқыту материалдарын жасауда (оқулық, оқу құралы) негіз болатын лексикалық минимумдар жүйесін беру. Градуалдық минимумдардың ұсынылып отырған жүйесіндегі басым бағдар – сөйлеудің пассив түрлері: оқылым, тыңдалым, ана тіліне аударма жасаумен қатар, тізбеге қосалқы ретінде тіл үйрету үшін қажетті лексикалық тізімді сұрыптап алу болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Түсіпқалиева Р.* Қазақ лексикографиясы: екітілді шағын сөздіктердің құрылымы: филол. ғыл. канд. ... дисс.:10.02.02. - Алматы, 2007. – 126 б.
2. *Байниязова Ж.* Базалық лексика сөздігінің құрылымдық мәселелері. Шымкент: Нұрлы бейне, 2009. – 170 б.
3. *Thorndike E.L., Barnhart C.L.* Thorndike-Barnhart beginning dictionary. 8th ed. Glenview, 1971. - 810 p.; Thorndike E.L., Barnhart C.L. Thorndike-Barnhart intermediate dictionary. 2nd ed. Glenview, 1974. – 810 p.; Thorndike E.L., Barnhart C.L. Thorndike-Barnhart advanced dictionary. 2nd ed. Glenview, 1974. – 840 p.
4. *Малбақов М.* Шағын тілүйренім сөздігінің минимум құрамы туралы // Тілтаным. 2008.№1. – 12-15 бб.
5. *Малбақов М.* Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің құрылымдық негіздері: филол. ғыл. докт. ...дисс.:10.02.02– Алматы, 2003. – 357 б.

**К.Б.УРАЗБАЕВ**

кандидат филологических наук,  
доцент МКТУ им. А.Ясауи

**А.М.ТИНЕЙБАЕВА**

магистрант МКТУ им. А.Ясауи

## **ОБ ОСНОВНЫХ ХАРАКТЕРИСТИКАХ АНГЛО-РУССКИХ СООТВЕТСТВИЙ ГАЗЕТНО-ПУБЛИЦИСТИЧЕСКИХ И ЭЛЕКТРОННО-РЕСУРСНЫХ МАТЕРИАЛОВ**

Бұл мақалада баспасөз және электрондық материалдарды ағылшын тілінен орыс тіліне аудару мәселелері қарастырылған.

English-Russian translating peculiarities of mass media and electronic-resourced materials have been considered in this article. It is defined that almost all the texts of this style are readership-oriented so this specificity should be taken into account in the process of translation.

В последние десятилетия наблюдается коренное изменение характера информационных процессов. В результате развития новых информационных технологий создано единое информационно-коммуникативное пространство. Интернет открыл новую эру не только как глобальное средство информации, но и как глобальное средство коммуникации. Одной из составляющих глобальной коммуникации стали электронно-ресурсные и газетно-публицистические тексты.

Специфической чертой данного типа текста является его априорная вторичность: первичные авторские тексты или тексты информационных агентств подвергаются прагматической адаптации редакторами электронного и печатного издания в соответствии с ориентацией на определенную читательскую аудиторию.

Бурное развитие новых информационных технологий на рубеже XX-XXI веков привело к появлению термина "электронная газета", под которым понимаются как любые воспроизведенные на экране тексты с более или менее оперативной информацией, так и специальные сетевые выпуски периодических печатных изданий, адаптированные для представления в Web-пространстве. В мировой практике утвердились такие понятия, как электронная журналистика (Electronic Journalism), экранный текст и электронное издание (electronic publishing) - электронная система, с помощью которой публикация осуществляется в электронном варианте и которая позволяет воспроизводить вербальные тексты, графику, таблицы и другие семиотические комплексы либо уже подготовленные прежде в бумажном варианте, либо - непосредственно в электронном.

Несмотря на то, что между этими феноменами - электронной и бумажной печатью - имеются огромные различия технологического характера, в сущностном, глубинном отношении это явления одного порядка, так как их



системоформирующая основа – текстуальное пространство – остается неизменной. Печатное издание интегрировано в систему общественных отношений и подвержено воздействию всех ее факторов, включая и воздействие технического новаторского характера, и электронные издания - результат очень длительной эволюции, осуществленной в рамках той же системы, в которую включены и бумажные издания.

Эволюционное развитие средств массовой информации привело к созданию единого информационно-коммуникативного пространства. Как следствие, газетно-публицистические тексты стали одной из составляющих глобальной коммуникации. В настоящее время актуальным аспектом прагматической адаптации газетно-публицистических текстов становится их межъязыковая трансформация.

Эффективность воздействия новостной информации на читателей, степень понимания газетных материалов определяется через понятие "информационной ценности текста" – относительной величины, зависящей от так называемого семиотического уровня того или иного читателя. Этот термин, заимствованный из социальной психологии означает "совокупность признаков, определяющих языковые знания, профессиональную подготовку и умение ориентироваться в разного рода информации на основе своего общего жизненного опыта" [1.187-188].

Следует отметить, что собственно лингвистические механизмы прагматической адаптации текстов, связанные с изменением тех или иных условий коммуникации, рассматриваются обычно в зарубежной лингвистике в рамках переводоведческой проблематики. При этом подчеркивается, что при передаче прагматических значений, а также для восполнения возможных семантических потерь, используется компенсация.

В условиях глобальной коммуникации англоязычные газетно-публицистические тексты становятся объектом перевода; при этом специфика массовой коммуникации обуславливает их неизбежную адаптацию в процессе межъязыкового перекодирования. Вероятно, именно поэтому традиционно считается, что различные типы преобразований исходного текста необходимы для достижения переводческой эквивалентности [2].

В традиционной трансляционной лингвистике идеальной, безусловно, считается ситуация, когда текст оригинала полностью отражает намерение Источника, а у переводчика нет иных целей, кроме наиболее полного воспроизведения иноязычного текста на языке перевода. На практике подобная прагматическая адаптация осуществляется в процессе перевода самим переводчиком и ее можно вынести за пределы переводческого акта: переводчик мог бы сначала перевести оригинал, выполняя все требования адекватности (в том числе и воспроизводя прагматику исходного текста), а

затем уже текст перевода мог быть адаптирован (переводчиком или другим лицом) с целью добиться желаемого воздействия на конкретного человека или группу людей [2.13].

Перед переводчиком газетно-публицистического текста стоит задача прагматической адаптации текста оригинала и это связано в первую очередь с вышеописанной спецификой данного типа текстов. В настоящее время исследуется и оценивается роль перевода как деятельности в новом информационном пространстве. Так, Питер Ньюмарк, называя "прагматическим" тот элемент текста, который "трансформирует 'семантический' (т.е. когнитивный) перевод в 'функциональный' (т.е. коммуникативный)", относит журналистские тексты к тем типам текстов, которые подлежат "коммуникативному" переводу. Отмечается, что наибольшая часть нехудожественной литературы - это тексты журналистики, информационные статьи и книги, отчеты, научная и техническая литература, официальная корреспонденция, материалы пропагандистского и рекламного характера, печатные отзывы, массовая литература [3]. П.Ньюмарк указывает, что характеристика двух общих методов перевода (семантический и коммуникативный) является его главным вкладом в теорию перевода. Вместе с тем в его работах рассматривается и ряд более частных переводческих проблем: вопросы перевода собственных имен, политических и иных терминов и названий, метафор и слэнга, выбора синонимических соответствий и пр. Все эти вопросы рассматриваются на большом иллюстративном материале, сопровождаемом тонкими и очень полезными в практическом плане наблюдениями и замечаниями. Хотя П.Ньюмарк делает упор на прикладную роль теории перевода, он осознает и ее большое научно-познавательное значение. Он указывает, что эта теория проливает свет на отношения между мыслью, значением и языком, на универсальные, культурные и индивидуальные аспекты языка и речевого поведения, на особенности различных культур, на проблемы интерпретации текстов и пр.

Характерная особенность английского газетно-информационного стиля заключается в стилистической разноплановости лексики. Наряду с книжной лексикой здесь широко используются разговорные и поэтические слова и сочетания. В области фразеологии газетно-информационный стиль отличает широкое использование «готовых формул» или клише. Здесь мы находим как многочисленные вводные обороты, указывающие на источник информации (*it is reported, it is claimed, our correspondent reports from, according to well-informed sources*), устойчивые сочетания со стершейся образностью (*to set the tone, to throw light, to lay the corner-stone, to give the lie*), так и целый ряд политических штампов типа: *government reshuffle, vested interests, an unnamed Power, generation gap, a foregone conclusion, etc.*

В газетно-информационных материалах отмечаются и некоторые особенности синтаксической организации текста: наличие кратких самостоятельных сообщений (1-3 высказывания), состоящих из длинных предложений со сложной структурой, максимальное дробление текста на абзацы, когда почти каждое предложение начинается с новой строки, наличие подзаголовков в корпусе текста для повышения интереса читателей, частое использование многочисленных атрибутивных групп (*Paris underground and bus transport services were stopped today by a 24-hour warning strike called by the CGT (French TUC) with the support of other unions*).

Особенно четко лексико-грамматическая специфика газетно-информационного стиля проявляется в газетных заголовках. Функция заголовка английского текста - в сжатом виде передать содержание статьи, в этом проявляется в большей степени информативность английского заголовка. В области лексики для заголовков английских газет характерно частое использование небольшого числа специальных слов, составляющих своего рода «заголовочный жаргон»: *ban, bid, claim, crack, crash, cut, dash, hit, move, pact, plea, probe, quit, quiz, rap, rush, slash* и др. Отличительной особенностью такой «заголовочной лексики» является не только частота их употребления, но и универсальный характер их семантики. Слово *pact* в заголовке может означать не только «пакт», но и «договор», «соглашение», «сделку» и т.п. Глагол *hit* может быть употреблен в связи с любым критическим выступлением. Слово *bid* подразумевает и «призыв», и «приглашение», и «попытку достичь определенной цели» и т.д.: *National Gallery Launches Bid to Buy the Titian – “Национальная галерея пытается приобрести картину Тициана”*; *Bid to Stop New Police Powers – “Призыв не допустить расширения прав полиции”*.

Особый случай представляет собой так называемый перевод устной речи на газетный язык - газетные изложения речей и иных выступлений в разного рода аудиториях (например, при освещении парламентских сессий и пресс-конференций). Подчеркивается, что в данном случае особенно важен как профессионализм корреспондента, готовящего отчет, так и профессиональная компетентность редактора. Из тысяч ежедневно произносимых в мире речей и заявлений по самым разным поводам, в прессу попадает лишь несколько строк, и читатели ожидают от тандема корреспондент-редактор достоверного "перевода" устной речи на газетный язык. Одной из основных рекомендаций является поиск разумного баланса между цитатами и пересказом.

В основу некоторых типов газетно-публицистических текстов может быть положено несколько исходных текстов. Самыми сложными и трудоемкими для журналиста видами компиляции являются так называемые бэкграунды (backgrounds) и обзоры (reviews) [4].

Бэкграунды - это обобщенные подборки разного рода сведений, дающих подоплеку разных событий и проблем. Наряду с фактами и другими сведениями объективного характера в бэкграунды обычно включаются также элементы анализа и комментариев. Бэкграунды готовятся обычно информационными агентствами - как правило, не столько для прямой публикации в газетах и журналах, сколько с целью обеспечить работающих там журналистов исходной информацией для их собственных материалов с тем, чтобы они писали в каком-то одном "нужном" направлении.

Обзоры – это, прежде всего, оперативные сводки новостей по актуальным событиям и проблемам или подборки, составляемые по тематическому принципу – например, новости науки и техники, делового мира, культурной жизни или спортивная, криминальная, светская или иная хроника.

В зависимости от специфики своего содержания обзоры, как и бэкграунды, могут быть самыми разными и по подбору информации и по стилю изложения - либо только новости, либо факты в сопровождении их анализа. В обзоры по международной жизни наряду с последними новостями включаются и отклики средств массовой информации из разных стран.

Следует отметить, что функционирование газетно-публицистических текстов изучается, с одной стороны, с точки зрения возможной установки журналиста на определенное идеологическое воздействие (тексты разных печатных изданий, освещающие одно и то же событие, могут сильно различаться, а иногда и в корне отличаться друг от друга), с другой стороны - с позиций социальной ориентации на определенную читательскую аудиторию (учет степени информированности, образовательного уровня и ценностных предпочтений получателей текста). В исследовании О.В.Ушниковой описываются такие лексические и синтаксические языковые средства, которые предпочтительно используются журналистами популярных изданий британской прессы, а также рассматриваются языковые особенности текстов, создаваемых с учетом половых, возрастных и других характеристик читателей. Так, например, среди газетно-публицистических материалов автором выделяются "являющиеся неотъемлемой частью любой газеты" статьи, адресованные женщинам. Об адресной направленности женской аудитории свидетельствует обсуждение в статье таких вопросов, как место женщины в современном мире, ее самоидентификация, опыт и мироощущение, а также "постоянное объединение автора статьи - журналистки с читательницами: *"We are still grossly underrepresented in the Commons ... But we have got enough of a range of [women politicians] ..."* [5.15].

Интересен подход в этом плане Нормана Фейрклоса – профессора лингвистики из Университета Ланкастера. Он является одним из основателей критического анализа дискурса в области социолингвистики. В основе его

идей – отношение содержания и структуры текстового материала при анализе явления дискурса [6].

В прагматически адаптированных текстах переводов газетно-публицистических материалов отмечается идеологическая направленность воздействующей функции, проявляющаяся либо в нейтрализации экспрессивности оригинала, либо в замене оценки в коннотации с целью, обусловленной причинами экстралингвистического характера. Возможны случаи "компенсирующих" преобразований, которые носят деструктивный характер с точки зрения норм газетно-публицистического стиля и обусловлены не языковыми факторами, а экстралингвистической ситуацией состояния современных средств массовой информации.

Резюмируя вышеизложенное, можно отметить, что любой газетно-информационный материал ориентирован, прежде всего, на многочисленную и неоднородную аудиторию, а потому как автор публикации, так и переводчик данного материала максимально должны учитывать интересы и удобства читателей. Сообщения адресованности материалов печатного и виртуального типов в одинаковой степени привлекают внимание читателей, в некоторых случаях предвосхищают их вопросы, нацеливают на анализ, и в большей степени апеллируют к опыту и моральным ценностям. При этом отмечается, что категория адресованности присуща публицистике и является одной из самых важных категорий подобных печатных и электронных материалов.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. *Воскобойников Я.С., Юрьев В.К.* Журналист и информация. – М., 1993.
2. *Комиссаров В.Н.* Общая теория перевода. – М., 2000. – 253 с.
3. Newmark, P. *Approaches to Translation.* - Oxford, 1981.
4. *Тюрина Н.А.* Компенсация как общий принцип передачи особенностей лексики газетно-публицистического текста //Материалы научной конференции по переводоведению "Федоровские чтения". 24-26 октября 2002 г. - СПб.: СПбГУ, 2002.
5. *Ушникова О.В.* Лингвопрагматические и социокультурные особенности газетных текстов британской прессы. – Санкт-Петербург, 2003. – 165 с.
6. Fairclough, N. *Media Discourse.* - London: Edward Arnold, 1995, p. 48.

**Т.М.БАЙМАХАН**

кандидат филологических наук, профессор

**А.ДЮСЕНОВА**

магистрантка МКТУ им. А.Ясауи

### **МЕТАФОРИЧЕСКИЕ ПАРЕМИОЛОГИЧЕСКИЕ ЕДИНИЦЫ АНГЛИЙСКОГО, РУССКОГО И КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОВ**

Бұл мақалада ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі метафоралық мақал-мәтелдер қарастырылады.

*The article is concerned with English, Russian and Kazakh metaphorical proverbs and sayings.*

К коммуникативным фразеологическим единицам (ФЕ) относятся фразеологизмы, являющиеся предложениями, причем не частичнопредикативными типа “ships that pass in the night” – “мимолетные, случайные встречи”; - “кездейсоқ, (өткінші) ұшырасулар” или “strike while the iron is hot” – “ковать железо, пока горячо”; “темірді қызған кезде соқ”, а цельнопредикативными [1.339].

Под пословицами обычно понимают афористические сжатые изречения с назидательным смыслом в ритмически организованной форме. Пословица по определению О.С.Ахмановой «образное законченное изречение, имеющее назидательный смысл и, обычно, специфическое ритмо-фонетическое оформление» [2.341].

Пословица всегда является предложением. Она преследует дидактическую цель (поучать, предостерегать и т.п.). В отличие от ФЕ других типов, пословицы часто бывают сложными предложениями. В контексте пословица может выступать в качестве самостоятельного предложения или части сложного предложения. Так употребляются, например, пословица “the proof of the pudding is in the eating” – “чтобы судить о пуддинге, надо его отведать”, “все проверяется на практике”, “судить по результатам”; “тәжірибе – таптырмайтын құрал”.

Хотя среди широко распространенных английских пословиц и имеется некоторое число длинных пословиц типа “a bird in the hand is worth two in the bush” – “не сули журавля в небе, дай синицу в руки” “не корми блином, напой прежде водой”, “кісідегінің кілті аспанда” “қашпаған тайыншаның уызына жерік болма”, “He must ( should) have to (or he needs) a long spoon that sups with the devil”, “he that sups with the devil needs (must have or should have) a long spoon” – “связался с чертом, пеняй на себя”, “сайтан жаныңа кірсе, тәніңді де сау қоймас” и др. Большинство пословиц – краткие, лаконичные высказывания.

Понятие поговорки в современной фольклористике является неопределенным, включающим разные структурно-семантические типы устойчивых образных сочетаний слов. По существу, единственное, что объединяет эти различные сочетания слов – это то, что они не являются

пословицами, хотя близость тех и других в отдельных случаях отрицать не приходится [1.340].

«Поговорка (англ. – saying) – образное, иносказательное выражение, отличающееся от пословицы своей незаконченностью» [2.328].

В английской и американской лингвистической литературе также не проводится четкого разграничения между пословицей и поговоркой. Поговорки, так же как и пословицы, являются предложениями. Но у этих разрядов фразеологизмов имеются существенные различия в функциональном плане, так как поговоркам не свойственна директивная, назидательно-оценочная функция. Пословицы являются выражением народной мудрости, и для них характерна более высокая степень абстракции, чем для поговорок. Для пословиц характерна устойчивость лексемного состава и неизменяемость порядка лексем, связанная с синтаксической обусловленностью и широким использованием выразительных средств [1.341]

Из-за отсутствия точного разграничения между пословицами и поговорками целесообразно использовать термин паремнологические единицы (ПЕ).

Образность основной массы пословиц и поговорок в английском, русском и казахском языках связана с особенностями повадок, поведения домашних и диких животных, птиц, насекомых, рыб, одинаково подмеченных разноязычными народами или приписанных им человеком. Эти образы, как правило, отражают яркий, характерный, легко переосмысливаемый признак, особенность проявления психического состояния, поведения того или иного представителя животного мира и связаны с олицетворением тех или иных качеств человека, проявлением его психических особенностей.

Перенос в содержание фразеологических образов и признаков из американских пословиц и поговорок делает средства выражения в этих случаях особенно экспрессивными.

\* All are not thieves that dogs bark at. - Не все воры, на кого собаки лают; сперва рассуди, а там осуди; ит үргеннің бәрі ұры емес;

\* All asses wag their ears. - Рад дурак, что нашел глупее себя; дуракам свойственно принимать глубокомысленный вид; ақымақ басқа адырайған көз бігер; ақымақ ақылгөйсін сөйлер;

\* As the old cock crows, so doth the young as the old cock crows the young one learns. - Молодая ворона каркает так же как и старая; жас қарға кәрі қарғадай қарқылдайды;

\* Beware of a silent dog and deep water. - Barking dogs are seldom bite; dumb dogs are dangerous; бойся молчащей собаки и тихого омуты; в тихом омуте черти водятся; не всякая собака кусает, которая лает; үрген ит қаппайды,

ысқырған жылан шакпайды; дүрілдеп келген жаудан күлімдеп келген жау жаман;

\* A bird may be known by its song. - Не сули журавля в небе, а дай синицу в руки; не корми блином, напои прежде водой; жігіттің түсіне қарама ісіне кара;

\* A black hen lays a white egg. - Черная курица несет белые яйца; коровка черна да молоко ее белое; қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер;

\* The cow knows not what her tail is worth until she has lost it. - Қолда барда алтынның қадірі жоқ; жоғалған пышақтың сабы алтын; что имеем не храним, потерявши плачем.

Как только метафора была осознана, вычленена из ряда других языковых явлений и описана, сразу возник вопрос о ее двоякой сущности: быть средством языка или поэтической фигурой. Первым, кто противопоставил поэтической метафоре, был Ш.Балли, который показал всеобщую метафоричность языка [1, 5. 24-39].

В настоящее время никем не оспаривается существование двух типов метафор: художественной и языковой.

Языковая метафора представляет собой готовый элемент лексики, такую метафору не нужно каждый раз создавать, делать, - ее берут готовой и употребляют в речи, при этом живая речь обычно перенасыщена метафоричностью. Можно приводить такие примеры на языковую метафору: сырой закон, железная дисциплина, утонули в словах, куча новаторских предложений, кадры растекаются. Iron law, a gentle lamb, golden hair, hungry eyes, break one`s heart, nasty headache. Языковую метафору мы автоматически воспринимаем и воспроизводим в речи, часто даже не отдавая себе отчета о том, что привычные слова имеют фигуральный смысл.

Художественная метафора, напротив, «выводит предложения и автоматизма восприятия» (В.Шкловский). Обугленная корчится траншея. (Т.Семенов). Дурно пахнут мертвые слова (Гумилев). Проволока гроз. (Хлебников). Люди-лодки (Маяковский) и т.п.

His heart was melting, emotions leapt and played like Lambert flame, the pop most heaven of delight. She saw her eyes swimming in tears, the whisky was was, you are a chimney, like a volcano.

Итак, мы исходим из того, что языковая метафора и художественная метафора как явления общего языка находятся в сложных и противоречивых связях и отношениях: общим для них является психолингвистическое свойство перенесения наименования с одного предмета на другой на основании сходства. Что касается соотношения языковой метафоры и художественной метафоры в лингвистическом плане (по семантическим, номинативным, коммуникативным и другим свойствам), то здесь между



ними обнаруживаются глубокие различия принципиального характера. Языковая метафора имеет системный характер, объективна, выполняет коммуникативную функцию, «анонимна», воспроизводима. Художественная метафора внесистемна, субъективна (отражает индивидуальный взгляд на мир), выполняет эстетическую функцию, сохраняет «авторство», обладает максимально синтагматической обусловленностью, уникальна, невоспроизводима.

В связи с ограниченностью статьи, мы рассматриваем только языковую метафору, а именно некоторые метафорические паремиологические единицы английского, русского и казахского языков. Формальным критерием отбора таких языковых метафор послужили данные различных словарей как английского, так и русского и казахского языков. Некоторые метафорические паремиологические единицы соответствуют действительности т.е. реальны, например, *strike while the iron is hot* – куй железо пока горячо – темірді қызғанда соқ, *look not a gift horse in the mouth* – дареному коню в зубы не смотрят – сыйға берілген аттың тісіне қарамас болар.

В некоторых случаях метафоры не соответствуют действительности, т.е. являются нереальными: “*Shot at sparrows with a high calibre gun*” (German) - Стрелять из пушек по воробьям; “*Break a butterfly on the wheel*” (English) - Торғайларды үлкен калибрлі пушкамен ату; “*To make a mountain out of a molehill*” - Делать из мухи слона; Түймедейді түйедей ету [3].

#### ЛИТЕРАТУРА

1. *Кунин А.В.* Курс фразеологии современного английского языка. Москва, 1996.
2. *Ахманова О.С.* Словарь лингвистических терминов. Москва, 1996.
3. *Баймахан Т.М.* и др. Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском и казахском языках. Алматы, 1986.
4. *Щерба Л.В.* О тройном аспекте языковых явлений и об эксперименте в языкознании. Ленинград, 1931.
5. *Щерба Л.В.* Языковая система и речевая деятельность. Ленинград, 1974.

**С.К.ҚАСЫМОВА**

филология ғылымдарының кандидаты  
ҚР ТЖМ Көкшетау техникалық институтының аға оқытушысы

### **САН КОМПОНЕНТТІ ПАРЕМИЯЛЫҚ ДҮНИЕ БЕЙНЕСІНДЕГІ АНТОНИМДЕР**

В данной статье выявлены «антитезные» или «антонимические» особенности счета порядковых, собирательных числительных и их контрастивные и семантические соотношения, установлена взаимосвязь языковой картины традиционных и священных чисел с бинарной оппозиционной системой.

The author of the article reveals some “antithetic” or “antonymic” peculiarities of the calculation of ordinal and collective numerals in the composition of proverbs and sayings and their contrastive and semantic correlations. Interrelation between the linguistic picture of traditional and sacred numerals and the binary opposition system has been made as well.

Дүниені танып-білуде, оның қасиеттерін анықтауда заттардың түрлі қасиеттерін салыстыру, қарама-қарсы қоюдың қызметі мол. Антоним болатын сөздердің бірін екіншісі мүлде жоққа (мағына жағынан) шығармау керек, немесе антонимдік қатынас бірі болымды, екінші сыңарының болымсыз мағынада болуымен тынады деуге болмайды. Мысалы жас – қарт жұбы антоним екендігінде дау жоқ. Егер қарама-қарсы қою олардың мағына компонентіне енген болса, онда олар барлық мағыналарында да өзара антоним болушы еді. Ал шынтуайтқа келгенде, әркез солай деу қиын. Салыстырсақ, «Жас баланың жылаған даусы бөлмені алып кеткен», «жақсылап пісірілген жас балыққа аңсары ауып кетті». Аталмыш мысалдарда жас сөзі қолданылып тұр. Бірақ мағыналары бірдей емес. Екінші сөйлемдегі «жас» - жаңа ауланған, қатып, семіп қалмаған, кеппеген» деген сөздерімен мағыналас, алдыңғы сөйлемдегі «жас» сөзі, әрине, «жаңа туған, сәби» сөзімен мағыналас, мәнделс болып келген. Ендеше осы сөйлемдердегі «жас» сөзінің қарт сөзімен антонимдес емес екендігіне көзіміз жеткендей болады. Ол екінші сөйлемдегі «жас» сөзімен ғана антонимдес бола алады.

Қай тілде болмасын антонимдес мақал-мәтелдер жиі кездеседі. Құбылыстың, ұғымның, заттың кейіптерін қарама-қарсы қою – тілдік тәжірибеде адам дүниетанымындағы тану мен бағалау тәсілдерінің бірі ретінде үлкен орын алады. Антонимдес мақал-мәтелдер заттар мен құбылыстарды, жалпы көрінісі бойынша қарама-қарсы қояды. Мысалы, Т.Л.Пермяковтың классификациясы бойынша, «жақсы-жаман», «ақылды-ақылсыз», «басы-аяғы», т.б. ұғымдарды қарсы қою арқылы мақал-мәтелдер құрылады.

Сан компонентті антонимдес мақал-мәтелдер, көбінесе, бірігіп, қатар келеді де, қос тармақтан тұратын мақал-мәтелдерді құрайды. Мысалы: *Құтты* қонақ келсе, қой *егіз* табады, *Құтсыз* қонақ келсе, қораға қасқыр шабады. *Жақсы* атқа *бір* қамшы, *Жаман* атқа *мың* қамшы. *Ер бір* рет өледі, *Қорқақ мың* рет өледі. *Ойлы арлы* адамға *бір* сөз де жетеді, *Ойсыз, арсыз* адамға *мың* сөз де жетпейді. т.б.

Сан компонентті антонимдес мақал-мәтелдер мен лексикалық мақал-мәтелдерге қойылатын шарт, мақсат ортақ. Біріншіден, антонимдік ұғымды білдіретін ол семантикалық қарама-қайшылық, екіншіден, лексика-грамматикалық анықтама ұқсас, яғни, олар заттылық пен сапалы көріністі меңзеп, ұқсастық жағынан бір-біріне жақындасады.

З.Г.Ураксиннің зерттеуіне сүйенсек, антонимдес мақал-мәтелдерді мына жүйемен топтастыруға болады [1]:

1) Семантикасы мағынасы қарама-қарсы сан компонентті антонимдес мақал-мәтелдер. Мысалы, *Хан* екі айтса, қадірі кетеді, *Қараша* екі айтса, ары кетеді. *Шындық* – бір сөз, *өтірік* – мың сөз. *Шындық* – сегіз, бақыт *егіз*. Батыр бір *оқтық*, Бай бір *жұттық*. *Егіз* аттан жығылса, басын сүйер ағасы. *Жалғыз* аттан жығылса, неге келер шамасы?

2) Мақал-мәтел жүйесінің өзгеруі арқылы құрылған сан компонентті антоним мақал-мәтелдер. Мұндай мақал-мәтелдерде негізгі компонент жалпыға ортақ семантикалық топты құрса, ал, антонимдік топты қарама-қарсы мағынаны білдіретін компоненттер құрайды. Мысалы, *Жақсы* кісі *қырқында* толады, *Жаман* кісі *қырқында* солады. *Өлсек* көріміз бір, *Шықсақ* төріміз бір. *Жақсының* басына іс түссе, ашынар да ашылар. *Жаманның* басына іс түссе, бір тулар да басылар. Көп қарттың ішінде бір *бала* дана болар, Көп баланың ішінде бір *қарт* бала болар. *Мың жаман* тұрмайды қара пұлға, *Бір жақсы* болады елге тұлға.

3) Аффикстер мен болымсыз жұрнақтар арқылы антонимдес мақал-мәтелдер жасалады. Мысалы, *Орынды* сөз мың жылдық, *Орынсыз* сөз – мылжыңдық. Өзінің *түйедей* мінін *көрмей*, Біреудің *түймедей* мінін *көрер*. Аспанға ай мен күннің екеуі де *сияды*, Жердегі бір елге екі әкім *сыймайды*. Екі жүзді пышақтан сақтанба, екі жүзді адамнан сақтан. *Қырық* атан ұстама, қырық тамыр ұста. Шөлмек *бір* күн сынбайды, *мың* күн сынады.

4) Сан компонентті мақал-мәтелдерде бір мақал-мәтелдің екі тағаны арасында антонимия құбылысы жүріп отырса, қарама-қарсы мағына жүреді яғни екі тағаны бір мағына береді. Мәселен: Ер жігіт *бір* күнде бір кісілік, бір күнде *мың* кісілік. *Мың* малың болғанша, *бір* балаң ғалым болсын. *Он* бала *бір* әкеге жүк болмайды, *бір* әке *он* балаға жүк болады. *Отыз* тістен шыққан сөз, *тоғыз* рулы елге тарайды. *Он* адам жүрген жерде із қалады, *Жүз* адам жүрген жерде соқпақ, *Мың* адам жүрген жерде жол қалады. Су келтірер *бір* кісі, егін егер *мың* кісі. *Алтыға* дейін бала ерке, *алтыстан* кейін шал ерке. Күйеу *жүз* жылдық, құда *мың* жылдық

«Тілдің міндеті – ақылдың аңдуын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйюін түйгенше айтуға жарар. Мұның бәріне жұмсай білетін адам табылса, тіл шама-қалдарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеу түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып басқаларға айтпай білдіруге

шеберлік керек. Сондықтан сөзден сөз жасап шығару деген жұмыс әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді», - деген А.Байтұрсынов [2.353].

Р.Сыздықова: «Раушан гүлі жарып шығып құлпыруы үшін табиғат шіркін тікенектерді де керек етіп жаратқаны сияқты, сөз өнері табиғаты керек жерінде «ашы-тәтті» сөздерді шебер қолдануға да баратын болар»- деген болатын [3]. Мақал-мәтелдер басқа тілдік өлшемдерден, өздерінің сөйлем жүйесі, грамматикалық құрылысы жағынан ерекшеленеді. Сонымен қатар оның мағынасын әрлендіру, көріктеу мақсатында антонимдердің стилистикалық қызметі қолданылады.

Антоним болмайтын сөздер мәтінде қарама-қарсы қойылып, олар стилистикалық антонимдер деп аталады. Осы антонимдер толып жатқан стильдік мақсатта қолданылады. Антонимдердің стильдік қызметі өте күшті. Қарама – қарсы құбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды тайға таңба басқандай етіп түсіндіруде антонимдер айрықша қызмет атқарады. Антонимдерді шебер қолданудың нәтижесінде айтылатын ой мейлінше ашық-айқын, мейлінше мәнерлі болып бейнеленеді.

Антонимдердің стилистикалық функцияларының бірі - күшейту мен нақтылау.

Нақтылаудың бір негізгі түрі – бірінші антонимді келесі сөзбен нақтылау, конкреттеу. Осындай нақтылау оқырмандардың әр түрлі нәрсе, құбылыстар, заттармен біртіндеп танысуға септігін тигізе отырып, салыстырмалы түрде жеткізуге қолайлы.

Антонимдер кейіпкерлер тілінде ерекше бір түсініктілік беру үшін қолданылады. Осы кезде көмекке мағыналары қарама-қарсы сөздер келеді. Бұл тәсіл психологиялық тұрғыдан да дұрыс деп саналады: адамдар бір затты, не нәрсені, не құбылысты өзара қарама-қарсы қойып салыстыру тыңдаушыға ерекше әсер етеді деп ойлайды. Бұл бір реттен дұрыс қағида. Синонимдерді шамадан тыс қолданған кезде бос сөзбен ауланысу, бекерге «көп сөзділікке» баруға бой ұрған болса, керісінше, антонимдердің бірден-бір ерекше стилистикалық қызметінің бірі антонимдік жұптарды үстемелеп, бірінен соң бірін қатар жұмсау ұтымды болып саналады [4.103].

«Антонимдік қатарлар негізгі қызметінде жұмсалудан қатар, өздеріне қосалқы міндет те жүктейді. Ол-жай нәрсенің астарына қосалқы міндет те жүктейді», - дейді ғалым Б.Шалабай [5].

Антонимдердің стилистикалық қызметін атқарудың бір түрі және сандарға негізделген мақал-мәтелдерде көбіне кездесетін – шендестіру.

Айшықтаудың түрі шендестіру, бір-біріне кереғар құбылыстарды, мән-мағынасы алуан түрлі ұғымдарды бетпе-бет қойып, басқа құбылыстың бет-

бейнесін анықтау. А.Байтұрсынов өз еңбегінде шендестіруге арнайы тоқталған [2.353].

3.Қабдолов шендестірудің қандай тілдік тәсіл екеніне былай анықтама берген: «Фигураның бір түрі – шендестіру, яғни антитеза бір ұғымның, нәрсенің суретін, кескін келбетін басқа затпен аңғарту, ілестіру» [6].

Шендестірудің негізгі мақсаты – екі не үш нәрсені бір-біріне қарсы қою арқылы төртінші ойдың мән-мағынасын ашу. Сандарға негізделген мақал-мәтелдердегі шендестіруге келетін болсақ, ойдың мән-мағынасын ашуда, нақтылауда сандар қарама-қарсылық қызмет атқарады. Мәселен: □ **Жаман** қойшы жайлауын **бір** күн жейді, **жақсы** қойшы жайлауын **мың** күн жейді. □ Жаздың қамын қыс **ойла, бір ойлама, үш ойла.** □ **Жақсы** атқа **бір** қамшы, **жаман** атқа **мың** қамшы. □ **Мың жаман** тұрмайды қара пұлға, **бір жақсы** болады елге тұлға. **Ойлы, арлы** адамға **бір** сөз де **жетеді, ойсыз, арсыз** адамға **мың** сөз де **жетпейді.** Бұл мақал-мәтелдердегі сан есімдер берілген қарама-қарсы мағынадағы сөздердің беретін ойын нақтылап күшейтіп тұр, яғни сандарды өзара қарама-қарсы, аз-көп мағынасында бір мен мың, бір мен үш т.б. алынуы арқылы сандарға негізделген мақал-мәтелдерде антонимдердің стилистикалық қызметі сандар арқылы айқындалады.

Қорыта айтқанда, этникалық мәдениетті репрезентациялайтын тілдік бірліктердің мазмұндық-құрылымдық жүйесінде аксиологиялық мән арқалайтын реттік, есептік, жинақтық сан есімдер мақал-мәтелдер құрамында өзара контрастивтік мағыналық қатынасқа түсіп, тағанаралық «антитезалық» немесе «антонимдік» жұптарды түзеді. Осылайша дәстүрлі және киелі сандар дүние бейнесінің бинаралық оппозициясымен байланысқа түседі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ураксин З.Г.* Сравнительное изучение и этимологизация фразеологизмов в тюркских языках //Проблемы этимологии тюркских языков. – Алматы, 1990.-385 б.
2. *Байтұрсынов А.* Ақ жол. – Алматы, 1991. -353 б.
3. *Сыздық Р.* Сөз құдіреті. – Алматы, 1997. -220 б.
4. *Жүсітов А.* Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың стильдік қолданыстағы мағыналық өрісі. Оқу құралы. - Көкшетау, 2004.-130 б.
5. *Шалабаев Б.* Көркем проза тілі. – Алматы, 1994. -320 б.
6. *Қабдолов З.* Сөз өнері. – Алматы, 1992.

**А.А.АХМЕТОВА**

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-нің аға оқытушысы

**РАДИОТЕХНИКА САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ  
ТІЛІМІЗГЕ ЕНУ КЕЗЕҢІ МЕН ҰЛТ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҮЛЕСІ**

**В статье идет речь о периодах внедрения международных терминов в казахский язык и их доли в общем составе терминов радиотехники.**

**The article deals with periods of presentation of international terms in the Kazakh language and their part in the general radio terms compiling.**

Мемлекет болғаннан кейін басқа елдермен саяси, ғылыми, мәдени байланыстар орнықпай тұрмайды. Демек, осындай әртүрлі қарым-қатынастардың нәтижесінде сөз алмасулардың болуы заңды. Ғылым мен техниканың, ақпараттық технологияның дамуына байланысты басқа да ұлт тілдерінен терминдер қабылдамауға мүмкін емес. Жалпы қазақ елі орыс елімен іргелес тұрғандықтан, сол елдің тіліндегі кейбір терминдерді қабылдауға мәжбүр болды. Сондықтан тілімізге алғашында орыс сөздері, кейіннен орыс тілі арқылы өзге де тілдердің терминдері еніп, термин сөздердің басым бөлігін құрап, лексикалық құрамын көптеген өзгерістерге ұшыратты.

Қазақ тіліндегі халықаралық терминдер кеңінен талқыланып, шешімін таппаған мәселелердің қатарына жататындығы белгілі. Термин мәселесін зерттеуші ғалымдардың бірқатары «халықаралық» деп аталатын терминдердің болуы дұрыс десе, екіншілері өзге тілдің негізінде қалыптасқан терминдер тіліміздің мүмкіндігін шектейді деп көрсетеді. Бұл жөнінде әр жылдары ғалымдардың өз ұстанымдары мен қағидаттары қалыптасты.

1935 жылғы съезде бекітілген Қ.Жұбановтың термин сөздерге қатысты он қағидаты сол кезеңнен бастап 90-шы жылға дейін басшылыққа алынып келді. Ғалымның «халықаралық терминдер» деп жүрген терминдерді өзгеріссіз тілімізге енгізу қажет деген пікірі байқалады. Бұған ғалымның өз сөздері дәлел: «Біз бірыңғай интернационал терминдер – қазақ тілінде оларға сәйкес келетін сөздер табылсын, табылмасын аударылып алынбасын дейміз. Қазақ тілінің терминдері жайлы біздің ұстаған жолымыз осы» [1.353]. Байқағанымыздай, «халықаралық» деп есептеліп жүрген терминдердің аударылмай алыну қажеттілігін ғалым өз қағидаттарында нақтылап көрсеткен.

Ал Ш.Біләлов өзінің «Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері» атты еңбегінде осы кезеңде қабылданған он қағидаттың екеуіне ғана келісу қажеттігін ескертеді. Басқасымен келіспейтіндігін айтады. Ғалым: «Бұл қағидалар орыс тіліндегі атаулар жасау негізін басшылыққа алған. Әр тілдің өз ерекшеліктері, өзіндік даму жолы есепке алынбаған.

Ғылыми тұрғыдан дәйекті түрде тиянақталмаған, түбегейлі зерттелмеген

мәселені жаппай міндеттеу орынды іс емес, әрине. Бірақ мемлекет, қоғам даму бағыты осы жолды еріксіз таңдауға мәжбүр еткен іспетті. Сонымен, мемтерминком бекіткен атау жасау қағидалары ұлт тілінің даму аясын барынша тарылтып, оның еркін дамуына нұқсан келтірді», - дейді [2.92-102-б].

Ө.Айтбайұлының да Қ.Жұбанов қағидаттары жөнінде осы мазмұндас пікірі қалыптасқан. Дегенмен Қ.Жұбановтың жасаған қағидаттары қазақ терминологиясының даму тарихында ерекше орын алды десек те, ол тілімізге орыс сөздерінің, орыс тілі арқылы шетел сөздерінің көптеп енуіне әкеліп соқты.

Ал Р.Сыздықованың ұстанымы «тіліміздегі сөз қазынасын мүмкіндігінше сарқа пайдалану» болып табылады. Ол: «Көптеген интернационалдық терминдердің беретін мағыналары біз жапатармағай ұсынып жатқан балама сөздерден әлдеқайда өзгеше, кең екендігін де ескертеміз. Әрбір халықаралық терминде өзіне хас мағыналық реңктер болатындығын ескеріп, көптеген тілдер оларды аудармай, дәстүрлі ортақ элемент ретінде пайдаланып отыр, әйтпесе олар беретін мағыналық ұзындығын білдіретін сөздер тілдердің қай-қайсысынан да табылар еді ғой», – дей келеді де, автор орыс, жапон тілдеріндегі интернационалдық терминдердің шектен тыс көптігін мысалға келтіреді [3.6].

Ғалымдардың бұл пікірлерінен байқайтынымыз – қазақ терминологиясының қалыптасу кезінде халықаралық терминдердің ұлт тіліне аударылу, аударылмау мәселелері. Дегенмен, «халықаралық терминдер» деп аталып жүрген сөздеріміздің көпшілігі қазақ тіліне орыс тілі арқылы енгені және әлі де толығымен түсетіні баршамызға белгілі.

Ғалым Ш.Құрманбайұлы бұл жөнінде: «Өзге тілдерден сөз қабылдамай, сөз алмасу, термин алмасу үдерісіне мүлде тосқауыл қойып тастау мүмкін де, қажет те емес. Тілдер арасындағы өзара сөз алмасу қашан да болған, бола да береді. Шет тілдері терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде орнымен пайдаланылса, дұрыс, ал ұлт тіліндегі термин шығармашылығын шектеп, өзге тілдерден термин қабылдауға жаппай жол беріп қарап отыру – шарасыздық. Тілдің бағын байлайтын, мүмкіндігін шектейтін ондай әрекетсіздіктің жалғаса беруіне немқұрайды қарауға болмайды» [4.126]. Ғалымның бұл пікірін тілімізге халықаралық терминдерді қабылдау барысында негізге алуымыз қажет.

Ал осы халықаралық немесе орыс сөздерінің қазақ тіліне ену кезеңдері жөнінде де түрлі көзқарастар бар. Лингвистер қазақ тілінің сөздік қорының халықаралық және орыс лексикасымен ену кезеңдерін төңкеріске дейін, төңкерістен кейін деп екіге бөледі. Ғалым Б.Сүлейменова үш кезеңге бөлуді ұсынады: «Тарихи, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және тілдік факторларды ескере отырып, біз тілімізге лексикалық кірігуді үш кезеңге бөліп қарастырамыз:

1-кезең - XVIII ғасырдың басы мен XIX ғасырдың 70 жылдары, 2-кезең - XIX ғасырдың 70 жылдары мен 1935-1940 жылдар аралығы, 3-кезең - 1935-1940 жылдардан бастап осы уақытқа дейін» [5.71].

Ал ғалым Ө.Айтбайұлы орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген кірме сөздер мен интернационалдық терминдердің тілімізге енуін алты кезеңге бөліп қарастыруға болады дейді. Яғни, Қазақстанның Ресейге қосылуына дейінгі кезеңнен (1731) бүгінге дейін [6.62]. Және де түрлі салаға жататын халықаралық терминдердің тілімізге ену кезеңі де біркелкі емес. Мәселен, К. Молдабеков: «саяси-қоғамдық халықаралық сөздер қазақ тіліне XIX ғасырдың соңында енсе, жаратылыстану, әсіресе, техникалық халықаралық терминология, шын мәнінде, Кеңес өкіметі кезінде енді» – дейді [7.145].

Сонымен, халықаралық терминдердің тілімізге дәл қай уақытта енгенін ешкім нақты айта алмайды. Өзге тілдердің терминдері орыс тіліне, орыс тілінен біздің тілімізге бір уақытта енуі мүмкін емес. Егемендік алғанға дейін қазақ тілінің терминологиялық лексикасын халықаралықтандыру ісі қарқынды жүргізілді. Себебі бұл кезеңге дейін термин шығармашылығына орыс тілінің ықпалы айрықша болды.

Ғалымдардың еңбектерінде бүгінгі күні қазақ лексикасындағы кірме сөздер, әсіресе терминологиялық кірмелер 70-80 пайызға жуық деген болжамдар мен пікірлер айтылып жүр. Кірме терминдер басым саланың бірі – радиотехника.

Халықаралық терминдер радиотехника саласы терминдерінің қалыптасып, дамуына зор ықпал етті. Еуропа тілінен енген ағылшын, грек, латын және тағы басқа көптеген сөздер де қазақ тілінің лексикалық қорына негізінен орыс тілі арқылы енгендігін айттық. Ал орыс тіліне интернационал терминдердің енуі әртүрлі кезеңдерде болған. Мысалы, XVIII ғасырда неміс тілінен, XIX ғасырда француз тілінен, XX ғасырда ағылшын тілінен терминдер енсе, соңғы онжылдықта грек-латын тілінің терминдері енген [8.53]. Осы тілдерден қазақ тіліне енген терминдердің (31 томдықтың 6 – томынан алынған) радиотехника саласындағы үлесін көрейік.

Атап айтар болсақ, **латын тілінен:** *амплитуда* – *амплитуда (amplitudo)*, *аппарат* – *аппарат (apparatus)*, *арматура* – *арматура (armatura)*, *ауытқу* – *флюктуация (fluctuatio)*, *ақау-дефект* (*defectus*), *антенна* – *антенна (antenna)*, *балама* - *эквивалент (aequus+valentis)*, *бейімделу* – *адаптация (adaptatio)*, *вакуум* – (*vacuum*), *вектор*- *вектор (vector)*, *генератор* – *генератор (generator)*, *индукция* – *индукция (inductio)*, *интерференция* – *интерференция (inter+ferens)*, *коммуникация* – *коммуникация (communicatio)*, *көрсеткіш-индикатор* (*indikator*), *навигация* – *навигация (navigatio)*, *радио* – *радио (radiare)*, *растр* – *растр (rastrum)*, *релаксация* – *релаксация (relaxatio)*, *рефлектор* – *рефлектор (reflectere)*, *спектр* – *спектр (spectrum)*, *трансформатор*-*трансформатор (transformare)*, *іріктегіш* – *селектор (selector)*.



**Ағылшын тілінен:** блок – блок (*block*), бит – бит (*bit*), декодер – декодер (*decoder*), мазер – мазер (*maser*), миксер – миксер (*mixer*), радар – радар (*radar*), телекс – телекс (*telex*), телеграф – телеграф (*telegraph*), телефакс – телефакс (*telex*), транзистор – транзистор (*transistor*).

**Грек тілінен:** автомат – автомат (*automatos*), анод – анод (*anodos*), ареометр – ареометр (*araios+метр*), фаза – фаза (*phasis*), фотон – фотон (*phos*), электр – электричество (*electron*), энергия – энергия (*energeia*), эфир – эфир (*aither*).

**Француз тілінен:** аэрация – аэрация (*aeration*), баланс – баланс (*balanse*), батарея – батарея (*batterie*), каскад – каскад (*cascade*), оқшаулағыш – изолятор (*isolation*), реле – реле (*relias*), сүзгі – фильтр (*filtre*), экран – экран (*ecran*).

**Голланд тілінен:** кабель – кабель (*kabel*), торуыл-пеленг (*peiling*), шлюз – шлюз (*sluis*).

**Неміс тілінен:** абонент – абонент (*abonpent*), квант – квант (*quant*).

**Итальян тілінен:** апат – авария (*avarria*), түпшіе – цоколь (*zoccolo*).

**Орыс тілінен:** канал – арна, прибор – аспап, диапазон – ауқым, отклонение – ауытқу, связист – байланысшы, единица – бірлік, точность – дәлдік, частота – жиілік, система – жүйе, нагрузка – жүктеме, установка – қондырғы, соединитель – қосқыш, катушка – орауыш, вероятность – ықтималдық, влияние – ықпал, расщепление – ыдырау, величина – шама, лампа – шам, өткізгіш – проводник, отражение – шағылысу.

Құрылымына назар аударсақ, орыс тілі арқылы тілімізге енген терминдердің басым бөлігі латын тілінен енгенін және зат есім арқылы жасалғандығын көреміз. Латын тілі сөздерінің халықаралық қолданыстағы терминдер қатарындағы үлесі едәуір. Өлі тіл болса да латын тілінің сөздері терминдік элемент ретінде дайын күйінде пайдаланылып жатады. Ал зат есімдердің терминологияда бірінші орнында тұруының ең басты белгісі – оның тілде атқаратын қызметіне байланысты екендігі мәлім. Яғни, терминологияда заттық ұғымдағы терминдердің басым болуының ең басты себебі – осы сөз табының деректі, дерексіз ұғымдардың атауы болып, атауыштық қызмет атқаруында. Сондай-ақ, тіліміздегі халықаралық терминдер сын есімнен, етістіктен, есімдіктен, т.б. сөз таптарынан да жасала алатындығы да белгілі.

Жоғарыдағы мысалдардан аңғаратынымыз, радиотехника саласының басым бөлігін өзге тілдерден дайын күйінде орыс тіліндегі қалпын сақтап қабылданған терминдер құрайды. Жоғарыда латын, грек, француз, ағылшын, голланд, неміс, итальян тілдеріндегі 56 терминнің 11-нің ғана қазақша баламасы берілген. Яғни, қабылданған терминдердің сол тілде және орыс тілінде дыбысталуында көп алшақтық білінбейді.

Терминдерді өзге тілдегі күйінде қабылдау қазіргі кезеңде де сол қалпын сақтап отыр. Себебі, интернационалдық терминдер болып табылатын грек,

латын тілдердің материалдарын көбірек пайдаланып, термин ретінде қалыптастыру қолайлы. Алайда шет елден енген терминдерді аудармай, оның өз тілімізде баламасын іздемеу керек деген қарама-қарсы пікірге салынуға да болмайды. Ел Президенті Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» деген баяндамасында: «...Түбірі латын, грек тілдерінен алынып, Еуропа тілдерінің бәріне сіңісті болып кеткен термин сөздерді орынсыз қозғаудың реті жоқ, тілімізде бұрын бар сөзді қолдан жасаған жана терминге таңбасақ та, ешқайда кетпейді, тілдік қорымызда сақталады. Ал түбірі таза орыс, славян тілдерінен алынған сөздерге қазақша балама табуға болады деген пікірді толық қуаттаймын...» деген еді [9.7]. Елбасымыз ендігі жерде әрбір терминді бекітуде оның орыс, түрік, еуропа тілдеріндегі нұсқаларына салыстырмалы талдау жасап, қазақ тілінің тілдік нормасына сәйкесін ғана қабылдаған жөн екендігін атап көрсетеді.

Біздің сөздеріміз де өзге тілдерге мындап енгені белгілі. Мәселен, жоғарыда көрсетілген «электрон» грек тіліндегі «жақұт» (янтарь) яғни, электр (электричество) мағынасын білдіретін грек сөзі туралы дәлелдемелер болмаса да, О.Чечина өз мақаласында бұл сөздің түрік тіліне қатысы барын айтады. Ғалым: «...казахском языке есть слова «эл» - сила, мощь и «элек» - мучение, хлопоты, возня. Можно полагать, что именно далекие тюрские предки современных казахов первыми обратили внимание на существование в природе некоего источника силы, энергии, который вызывает движение, совершает работу. Имеет смысл и «аффикс» понудительного залога «тыр», который участвует в образовании слова «электрон» (элементарная подвижная частица, носитель электрического заряда)». Сондай-ақ, автор радиотехника саласында қолданылатын «когерентный» термині туралы да сөз қозғайды. «*Когерентті тербелістер*» - уақыт бойынша үйлесе жүретін, яғни фазаларының арасындағы қатынас өзгермейтін тербелістер. Мысалы, 2-гармониялық тербелістің фазалар айырымы уақытқа тәуелсіз (яғни олардың жиіліктері бірдей) болса – толық когерентті, ал фазалар айырымы уақытқа тәуелді (яғни олардың жиіліктері әртүрлі) болса – когерентсіз деп аталады. Тербелістердің когеренттігі – оларды қосу кезінде интерференцияны іске асырудың міндетті шарты. «Когерентный» термині («когерентность», латынша *cohaerentia* – ілініс, байланыс), қазақша «когерентті». Ғалым бұл терминінің де түп-төркіні түркі тілінен шыққанын дәлелдеуге тырысады. Мақаласында: «Данный термин, совершенно очевидно, происходит от казахского слова «кокей» - равный по крови. Слова «кокей» - чисто тюркского происхождения. Оно имеет символическое «зодикальное» происхождение» .... дей келе, «электрон» сөзіндегідей, «когерентность» сөзінде де өзгелік етістің жұрнағы бар дейді [10.94]. Ғалым бұл екі халықаралық сөздің түп-төркіні түрік тілінен шыққанын көрсетеді. Бұл

ерекшеліктер терминдердің шығу тегін барынша салыстыра қарау қажеттігін аңғартады.

Сонымен, радиотехника саласындағы кірме терминдерді құраушы сөздер латын, грек, ағылшын, француз, неміс, итальян, голланд, орыс тілдерінен болып отыр. Терминдердің көпшілігі көрсетілген тілдердің негізінде қолданылуы, оларды аударып, қазақ тілінде қалыптастыру ісін қиындатып отыр. Дегенмен, орыс тілі арқылы халықаралық терминдер немесе орыс сөздерінің кіруі қазақ терминологиясының толығы көзі болған. Сол себепті, біздің тілімізге де халықаралық терминдердің енуі заңды құбылыс және біз ондай терминдерді қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін сақтай отырып, мүмкіндігінше аударып қабылдауымыз керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
2. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. – Алматы, 1996.
3. Сыздықова Р. Тілдегі жаңалықтардың сыры неде? \\\Ана тілі. - 1991, №50.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. – Астана, 2009.
5. Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер. – Алматы, 1965.
6. Айтбаев Ө. Интертерминдер және олардың қазақ тіліндегі болмысы \\\«Қайнар» университетінің хабаршысы. – 2000, №4.
7. Қазақ тілі теориясы мен тарихының мәселелері. – Алматы, 1986.
8. Барандеев А.В. Основы научной терминологии. - Москва, 1993.
9. Назарбаев Н. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде \\\Ана тілі. – 2006, № 19.
10. Чечина О. Тюркская семантика научных терминов \\\Мысль. – 2005, № 11.

**Д.Н.БАЙҒҰТОВА**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

## **ОРФОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ**

**В этой статье рассмотрены вопросы теоретических и методических основ в обучении орфографии.**

**The article deals with some matters of theoretical and educational principles in spelling teaching.**

Әрбір ғылым белгілі бір қағидалар жүйесінен тұрады. Методика немесе әдістеме ғылымының негізі, ең бірінші, ғылыми-теориялық тұжырымдарға сүйенеді. Теориялық тұжырымды практикада қолдану барысында білім беру теориясы қалыптасады. Білім беру теориясы педагогика ғылымында дидактика деп аталады. Дидактика деп аталатыны белгілі бір пәнді оқытуда қолданылатын жалпы заңдылықтарды зерттейді. Ондай заңдылықтарға білім беру мазмұны, оны ұйымдастыру, қолданылатын тәсілдер, қойылатын талаптар т.б. тұтас кіреді. Білім беру мен оны оқытудың теориялық жағы болып табылатын бұл факторлар бір-бірімен тығыз байланыста, бірлікте келеді. Бұл әр пәнді оқытудың негізі болып табылады. Қазақ тілін оқыту әдістемесі де осы заңдылықтарға сүйенеді. Дидактиканың негізгі катеорияларына: білім беру, оқыту, үйрету, дағды мен іскерлік, оқытудың мақсаты, ұйымдастырылуы, түрі нысаны, әдіс-тәсілі, оқытудың нәтижесі, т.б. жатады. Яғни дидактика – оқыту, білім беру, оның мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілі, ұйымдастырылуы туралы ғылым. Оның әдіснамалық негізі таным философиясының объективті заңдылықтары. Негізгі әдіснамалық ұстанымы – оқу мен тәрбиені кешенді, жүйелі түрде қарастыру. Оқушыларға терең де, жүйелі білім мен тәрбие беру үшін оқытудың мақсаты мен мазмұны айқын болуы тиіс. Жалпы білім беретін мектептегі оқытудың мақсаты – оқушыға жан-жақты білім мен тәрбие беру, соның негізінде жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Ал міндеті: халқымыздың ұлттық мәдени мұрасымен таныстыру; қоғамның қажетіне қарай біліммен қаруландыру; ғылыми көзқарасын, саяси, нарықтық, құқықтық түсінігін қалыптастыру, творчестволық ойлауын, өз бетімен білім алу мүмкіндігін жасау, адамгершілік, азаматтық бағыт, бағдар беру, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу, т.б. Оқытудың мазмұны – нені оқыту мәселесіне жауап береді. Оқытудың мазмұнын пәннен берілетін білім мен одан қалыптасатын дағды мен іскерлік құрайды [1].

Пән мазмұнын бағдарлама айқындайды. Бағдарламаның негізінде оқулық құрастырылады. Яғни оқулық:

- мотивациялық, яғни оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ояту, қалыптастыру;
- ақпараттық, яғни біліммен қаруландыру және тексеру сияқты дидактикалық қызмет атқарады.

Тіл – қоғамдық құбылыс. Сондықтан үнемі динамикалық күйде (қозғалыста) болады. Қозғалыс бар жерде даму үрдісі жүретіні аян. Тілдің даму үрдісі барысында оның ғылыми жағы да, практикалық қалпы да дамиды. Оны оқытуда білім берудің мазмұны да жаңарып отыруы тиіс. Қазіргі қазақ тілін оқыту

әдістемесінде жаңа мазмұн, жаңа тәсіл, жаңа талапты қажет ететін негізгі тақырыптарының бірі – күрделі сөздер. Қазақ мектептеріндегі күрделі сөздерді оқыту 5-6 сыныптардан басталады. 5-ші сыныпқа бөлінген 10 сағат пен 6-сыныпқа бөлінген 10 сағатқа күрделі сөз бен оның емлесін оқыту үшін дидактиканың оқыту, білім беру жөніндегі теориялық қағидаларын басшылыққа аламыз. Күрделі сөздерге байланысты берілетін білім көлемі, білім берудегі негізгі ұстанымдар, әдістер мен тәсілдер күрделі сөздердің зерттелуінен қалыптасқан теориялық қағидалардан шығады. Осыған орай, күрделі сөздер мен оның емлесінің зерттелуін басшылыққа ала отырып, күрделі сөздерді оқытудың әдістемелік негізін зерттеу – қазақ тілі әдістемесі ғылымының алдында тұрған басты мақсат деп білеміз [2].

Қатысымдық құзіреттілік оқушының тілді қолданудағы қалыптасқан іскерлігі мен дағдысы, өз ойын құрбыларымен ауызша және жазбаша жеткізе алу мүмкіндігінен көрінеді. Ал лингвистикалық құзіреттілік тілдің даму, қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктерін білудің негізінде қалыптасады. Пәннің мақсаты айқындалғаннан кейінгі көңіл бөлетініміз – оқытудың ұстанымдары.

Оқу процесінің мазмұнын, мақсаты мен ұйымдастырылу формасын айқындауда дидактикалық ұстанымдардың маңызы зор. Өйткені дидактикалық ұстаным дегеніміз – материалдың мазмұнын жеткізудің негізі болып табылады. Яғни мұғалім пән бойынша кез келген тақырыпты дидактикалық ұстанымдарға негіздеп өтеді. Ол ұстанымдар мыналар:

**1. Оқытудың ғылымилық ұстанымы.** Ғылым адам (қоғам) өмірінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан мектепте берілетін білім жас ұрпақты ғылым негіздерін игеруге мүмкіндік жасайды. Оқытудың ғылымилық ұстанымы мектепте берілетін білім мазмұнына негізделеді. Осыған орай мұғалім тілдік құбылыстарды түсіндіруге олардың ғылыми негізін ашуға оны индуктивті, дедуктивті жолмен түсіндіруге тырысады. Оқушыларды ғылымның соңғы жаңалықтарымен таныстыру оқу-тәрбие үрдісін ғылыми негізде ұйымдастыруда маңызды. Мысалы, «Күрделі сөздің» кейде «Құрама сөз» деп те аталатынын ескере отырып, Н.Уәлиевтің ол туралы мақаласын оқушыларға беруге болады. Мұндай жұмыстар оқушылардың, біріншіден, материалды тереңірек түсінуіне мүмкіндік жасаса, екіншіден, оларды ғылымға қызықтырады, үшіншіден, ғылыми еңбектерді оқи білу дағдысы, мәдениеті қалыптасады [3].

**2. Оқытудың жүйелілік ұстанымы.** Сыртқы ортаның нақты бейнесі жүйелі түрде мида кескінделгенде, адам нақты, терең білім алатыны белгілі. Білім жүйелі түрде қалыптасуы үшін оны дұрыс ұйымдастыру қажет, яғни материалдың ішкі логикасы сақталуы, оқушылардың танымдық мүмкіншілігі ескерілуі; дағды мен іскерлікті қалыптастыратын жұмыстардың көбірек орындалуы, оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі. Бұл ретте оқу материалын бөлшекке, блокқа, модульге бөліп оқыту тиімді. Мысалы, күрделі сөзді және олардың емлесін екі блокпен беруге болатын сияқты: 1-блок: теориялық блок, яғни күрделі сөздердің теориялық сипатын ашу, 2-блок: сауаттылық блогы. Онда күрделі сөздердің емлесі, оны игертуге

арналған жұмыстар жүргізіледі. Оқу пәні – ғылымның кішірейтілген көшірмесі. Сондықтан оқушыларға оның жүесін көрсету; ұғымдарды қалыптастыру, басқа пәндермен байланыстыру өте маңызды.

**3. Оқытудың материалды дұрыс орналастыру ұстанымы** – оқу материалының дұрыс, бір-бірімен сабақтаса орналасуы, берілуі, үйретілетін материалды оқушының тиянақты, жүйелі, бірізділікпен қабылдауына мүмкіншіліктер жасайды. Материалды дұрыс орналастыруда оқушының жас ерекшелігі ескеріледі. Бұл ұстаным оқытудың алдын-ала болжау ұстанымымен ұштасып жатады.

**4. Оқытудың саналылық ұстанымы** – материалды құрғақ жаттамай, түсініп, саналы меңгеруі. Белсенділік пен саналылық ұстанымының негізінде оқушының ақыл-ой әрекеті арқылы жеткен материалды саналы меңгеру бірнеше фактормен байланысты; білім алу, оқудың мотиві, оқушылардың танымдық, белсенділік деңгейі, оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуы, оқушылардың танымдық әрекетін басқара алу, әдіс, тәсілдердің әр түрлілігі, т.б. Күрделі сөздерді оқытуда саналылық және белсенділік ұстанымын іске асыру үшін – материалды игертудің мақсаты, маңызы, мәні ашылуы керек. Атап айтқанда:

- оқушылар күрделі сөздің емлесін игерудің қажеттілігін білуі;
- ақыл-ой әрекетін туғызатын әдіс-тәсілдерді пайдалану (салыстыру, анализ, синтез, жүйелеу, т.б.)
- оқушының өз беттерімен ізденуіне;
- логикалық жүйелілікті сақтауға;
- ереженің табиғатын бірнеше мысалдармен ашуға;
- игерілетін материалдың ең негізгісін біліп алуға;
- игерген білімдерін іс жүзінде қолдана алуға;
- оқушылардың шығармашылық ойлауына, сұрақ қоя білуге, оның жауабын тыңдай білу мәдениетінің қалыптасуына, т.б. мүмкіндік жасалуы тиіс.

**5. Оқытудың берік, тиянақты болу ұстанымының** негізінде эмпирикалық және теориялық заңдылық, білім мазмұнын игеру және оқушылардың таным қабілетін дамыту жатыр. Білімнің беріктігі тек объективті факторға (оқу материалының мазмұны мен құрылымы) ғана емес, оқушылардың оқу материалына, мұғалімге қатысы, оқу үрдісін ұйымдастыруына, әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға да байланысты. Оқушылардың білімі берік те терең болуы дұрыс қабылдауға да байланысты. Ол үшін оқушыларға арнайы сөздік, анықтағыштармен жұмыс істету керек. Мысалы, бізге жазылатын сөздерді оқушылар орфографиялық сөздіктен өздері іздеп, жазылуын естеріне сақтағаны тиімді. Білімнің берік болуында қайталаудың маңызы зор. Қайталау, бекіту материалдары оқушының тек есінде сақтауын емес, ойлау қабілетін де арттыратындай болуы қажет. Білімнің беріктілігі сабақта пайдаланылатын көрнекіліктермен де байланысты.

**6. Оқытудың көрнекілік ұстанымы** – көзбен көру сезіну арқылы материалды есте сақтау. Көрнекілік ұстанымы туралы Я.А.Коменский көрнекті оқытудағы басты мақсат оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтыру және

өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге, сондай-ақ одан логикалық қорытынды шығаруға үйрету болып табылатындығын атап өткен еді.

Көрнекілік ұстанымы игеруге қиын фактілерді есте сақтауға тиімді, өйткені көрнекілік оқытудың мақсаты емес, ол оқыту, білім берудің бір жолы, тәсілі.

Көрнекілік тек көру құралы ғана емес, іздену, білімді толықтырудың да құралы болуы тиіс. Мысалы, бірге жазылуы тиіс сөздердің бәрін көрнекілікке жазып ұсынғаннан гөрі екі-үшеуін ғана жазып, қалғандарын оқушылардың өздеріне іздету тиімді. Мысалы:

**4-кесте. Сөздердің бірге жазылуының себебі**

Бірге жазылатын сөздер	Мысалы	Себебі
Бозторғай	Бозторғай шырылдады	Құстың аты

Көрнекілікті оқушылармен бірігіп жасау маңызды, ол оларды іздендіреді, ойландырады. Көрнекілікті пайдалану арқылы оқушылардың зейінін тұрақтандыруға, байқағыштық қабілетін қалыптастыруға, ойлау мәдениетін көтеруге, байқағыштық қабілетін қалыптастыруға, ойлау мәдениетін көтеруге, шығармашылық ізденіс туғызуға болады. Сондықтан көрнекілік арқылы оқытудың маңызы зор.

**7. Оқытудың теория және практиканы өмірмен байланыстыру ұстанымы** философиялық, психологиялық, педагогикалық қағидаларға негізделеді. Оқытудың тиімділігі, сапасы тек практикада тексеріледі. Практика – шындықтың критерийі, таным әрекетінің көзі. Тәрбие өмірден алынады. Жеке адамды қалыптастырудың тиімді жолы – оның еңбек жолы. Оқу мен өмірді, яғни теория мен практиканы ұштастыру жұмысы оқу-тәрбие үрдісін дұрыс ұйымдастырумен байланысты. Оқушыларға теориялық білім бере отырып «білім-өмір», «өмір-білім» қағидасына мән беру орынды. Ғылым практикалық қажеттіліктен туады. Адам өз еңбегін жеңілдету үшін ғылыми-техникалық ізденіске ұмтылады. Ғылымсыз практика, практикасыз ғылым дамымайды. Сондықтан оқушыларға жалаң теорияны игертіп қана қоймай, оны іс жүзінде пайдалана білуге де үйрету қажет. Мысалы, бірге, бөлек жазылатын сөздердің ережесін игерген, сөздіктермен жұмыс істеген оқушыда оның емлесі туралы берік білім қалыптасады. Бұлар – оқытудың қалыптасқан дәстүрлі ұстанымдары.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жолымбетов Қ. Қазақ орфографиясын игерудің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1975. -144 б.
2. Сабыров Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. – Алматы: РБК, 1999.-83 б.
3. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, Санат, 1995. – 120 б.

**Ж.Т.БАЙНИЯЗОВА**

филология ғылымдарының кандидаты,  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

## **ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМ СӨЗДІГІНІҢ ТИПТІК ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ**

**В статье рассматриваются опыт составления словарей лексических минимумов и их основные теоретические аспекты.**

**The article deals with the experience of compiling dictionaries of lexical minimum and their basic theoretical aspects.**

Ортақ минимум сөздігі ең жиі қолданылатын лексика мен ең маңызды саналатын сөздердің жиынтығынан құралатындығы белгілі. Тілдің базалық лексикасына кіретін, оның фундаментальды негізін құрайтын бірліктерді анықтау, ортақ минимум сөздігін жасаудың басты элементтерінің қатарына жатады.

Лексикалық минимумның жаңа типі туралы алғашқы еңбектердің бірінде *лексикалық минимум* терминінің екі мағынада қолданылып жүргендігі сөз болады [1]. Бірінші мағынада, лексикалық минимумдар деп өзге тілді оқып-үйрену барысында белгілі бір кезеңде міндетті түрде меңгерілуге тиіс сөздердің тізімін атайды. Бұлар тілді үйренудің белгілі бір кезеңінде лексикалық негіз қызметін атқарады. Екінші мағынада, лексикалық минимумдар деп орыс тілін әр түрлі жағдайларда оқып-үйренушілерге арналған біртүлді немесе екітүлді оқу сөздіктерін түсінеді. Авторлар оқу сөздіктері өз алдына бөлек қарастырылатын нысан болғандықтан, “лексикалық минимумдар” деген терминнің бұларға қолданылуын орынсыз көреді. Сондықтан, “лексикалық минимум” терминін бірінші типтегі лексикалық оқу құралдарына байланысты қолданады.

Лексикалық минимумның жаңа типі – әмбебап, жалпылама қолданымға арналған, ортақ минимум болып табылады. Осы тұрғыдан, жаңаша ғылыми көзқарас негізінде жазылған еңбек ретінде қазақ тіл білімінде екітүлді шағын сөздіктердің құрылымын зерттеген Р.Түсіпқалиеваның лексикалық минимум туралы еңбегін атауға болады [2].

Біздің ойымызша, лексикалық минимумның жаңа типі, жоғарыда аталғандай, жалпылама қолданымға арналған ортақ минимумның болуы ауадай қажет. Ол тілүйренім мақсатында түзілетін оқу сөздіктеріне негіз болып қаланады. Мәселе оның қандай ғылыми негізде құрастырылуында ғана деп білеміз.

Сөздік құрамды шағын оқу сөздіктеріне лайықтап ықшамдап алу ісінде назарға алынатын ең басты мәселелердің бірі – сөздік бірліктің коммуникативтік қызметтегі маңызы.

Оқу лексикографиясында оқу сөздігінің алатын орны ерекше. Оқу сөздігі – тілдік қатынас және тілдесім құралы ретінде зерттеу ісінде көмегі болатын, көлемі мен типі жағынан алуан түрлі болып келетін лексикографиялық туынды



(В.В.Морковкин). Сөздіктің бұл түрінің басты ерекшелік белгісі – оның тілді үйрету ісіне бағдарлануы. Оқу сөздігінің сөздіктің басқа типтерінен басты айырмасы – оның лексикографиялау тәсілі мен бағдарына байланысты. Олар адамның тілдік санасына тілді үйрету мүддесі тұрғысынан әсер етуді көздейді. Демек, оқу сөздіктері антропоцентристік болады. Оқу сөздіктерінен басқа типтегі сөздіктер лингвоцентристік сөздіктер деп аталады [3.82].

We have successfully used three methods to maintain discipline: keeping students' attention, establishing clear rules, and when necessary, explicitly addressing discipline problems [2.34-46].

*Keeping students' attention*

Keeping students engaged in the lesson is the basis for keeping order in the class. Here are several ways to do it:

*1. Provide a clear structure for the lesson.*

After greeting the students, begin by briefly stating an outline of the lesson. Separate parts of the lesson with expressions such as *We have finished our work on... and Now we can go on to ....* Make clear conclusions. All of these steps can help focus learners' attention on the lesson.

*2. Do many short activities instead of a few long ones.*

Short exercises that change the task and work required of the students can help their concentration.

*3. Use an unpredictable order when calling on students.*

When learners know they are not going to have to answer, their minds wander. An element of uncertainty is necessary, to say the student's name after asking the question, not before. Avoid exercises with "chain" answering.

*Establishing clear rules.*

Students must feel their autonomy and take part in creating rules so that they feel responsible for obeying them. To avoid future conflicts, it is necessary to create strict rules together at the beginning of the course, even in the first lesson. These rules should contain basic responsibilities such as:

1. Grading scales and criteria.
2. Consequences of absences, tardiness, and missed assignments.
3. Rewards for extra work.
4. Consequences for disruptive behavior.

Teachers must apply the rules to everyone without showing favouritism. Rules should be concise and clear, and everyone should receive copy (or the teacher can hang them in a visible place).

STRATEGY	STUEDNTS WHO USE IT	MISTAKEN TEACHER REACTION	SUGGESTIONS FOR IMPROVING SITUATION
Achieving learning goals	Good students who are motivated, interested in the subject, and predisposed to learning can become bored if the assignments are too easy, and then they become disruptive or inattentive.	Trying to show that the student doesn't deserve good marks, arrogance, or other responses that kill the student's potential and arouses feelings of injustice.	Establish a special programme with individual tasks. Separate evaluation of language skills and evaluation of effort put into completing assignments.
Seeking approval	Students who lack motivation but want to deserve/receive praise seek the approval of a significant person (the teacher). Two possible causes for this strategy are a desire for a feeling of safety and bad relations with peers.	Showing favouritism and treating these students as allies in disagreements with other students or the rest of the class.	Apply the same evaluation criteria for all students. Do not make unpedagogical alliances with some students against other students.
Withdrawal or hiding	Students with low motivation often aim to simply get through school without any difficulties, which requires resigned patience and obedience. These students seem passive and uninvolved in their learning, but, paradoxically, they make efforts to hide themselves and their opinions.	Asking only for volunteers and leaving weak or quiet students to themselves.	Involve the whole class, and use pair and small group work. Require measurable results of class work and homework so that copying is easy to discover.

#### *Addressing discipline problems*

Keeping order during the lesson usually requires avoiding unnecessary interruptions and changes in the lesson plan. Arguing with students, commenting on their behaviour, and any shouting means the troublemaking students have succeeded and the goals of the lesson have been lost. If the situation gets worse, students' aggression is likely to increase, and they receive the attention they desire.

Three effective ways of addressing discipline problems, in the order in which they should be used, are:

### *1. Nonverbal approach*

When a student does something to disturb the class, the teacher should continue with the lesson while reacting calmly and nonverbally. This can be making eye contact with the disruptive student, standing near the student, making calming gestures, or all of these things simultaneously.

#### *Verbal approach*

Without interrupting the lesson, the teacher can try another set of techniques to stop or minimize disruptive behaviour. These include lowering his or her voice, inserting the student's name in statement, and calling on the student to answer a question or to repeat the answer of another student. The teacher might also change the task and quickly organize a common activity.

It is very important to remember that the teacher should not attempt to prove that the offending student doesn't know something but should terminate the disruption without giving a public scolding. When these first two approaches fail, it is time to react verbally to the offensive behaviour. Unfortunately, too many teachers use this approach first.

### *2. Reacting to the disruptive behavior*

The teacher can make a short statement identifying the incorrect behaviour, a short expression of the wish for good behaviour or an announcement of a reward for good behaviour. It is worth remembering that a teacher who can't calm students in a skillful way can make the situation worse. Any comments the teacher makes should be short because they will also be considered interruptions by the students who are not misbehaving. Finally, in using these techniques, we must remember two things: we can criticize a student's behaviour, but we should not criticize the student; and our criticism should be constructive and polite.

#### *Conclusion*

In conclusion we want to say that on some occasions, all teachers have problems with keeping discipline. Some teachers have a natural gift for arousing respect from their students, while others must work very hard to get it. With or without this natural talent, a teacher has to learn a lot about sociology, psychology, and pedagogy and also learn a lot from his or her experience with students.

The problem of keeping discipline in the classroom is too widespread and complex to provide an ideal solution for all circumstances in an article of this length. In our opinion, too little is said and written about this critical aspect of teaching. We hope that these ideas and suggestions will help teachers find practical solutions to discipline problems they encounter in their classrooms.

#### REFERENCES

1. *Janowski A.* (2004) A student in the theatre of school life. -Warsaw: WSiP.
2. *Komorowska H.* (2002) Methods of foreign language teaching. -Warsaw.
3. *Okon W.* (1975) Dictionary of Pedagogy.

**Г.ӘБІЛ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ «Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжінің магистр-оқытушысы

**А.БАЙТҰРСЫНОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ЭТНОДЕФОРМАЦИЯЛЫҚ  
МӘСЕЛЕЛЕР**

**В данной статье анализируются проблемы этнодеформации в публицистике А.Байтурсунова.**

**This article deals the problems of ethnodeformation in A.Baytursunova 's publicistic writing.**

Қазан төңкерісінен кейін бұрынғы патшалық Ресейге қараған Ұлан-ғайыр атырапта қоғамдық-әлеуметтік өмір мен әдебиетте қат-қабат, шытырман, аласапыран идеялық шайқастар үстінде көптеген өзгерістер басталды.

Сан ғасырлық даму жолдарын бастан кешірген, халқымыздың көркем шежіресі болған әдебиетімізге ХХ ғасырдағы әлеуметтік қозғалыстар, төңкерістер қолма-қол әсер етті. Көптеген идеялық ағымдары бар, жанрлары жан-жақты тармақтала бастаған әдебиеттің өкілдері, кешегі отар, қаналған елдің әр жастағы, әр деңгейдегі, әр түрлі саяси бағдардағы перзенттері ұлы өзгерісті әр түрлі қабылдады.

Төңкеріс дәуіріндегі аса күрделі, өткір әлеуметтік тартыс жағдайы кейбір жазушыларды абдыратты, қиялдың қия шатқалына әкеп, тығырыққа тіреді, қуғынға салды, қалам ұстау түгілі, тыныш өмір сүруге мүмкіндік бермеді, тіпті опат етті.

Қайсыбіреулер қоғамдық күрестен күрт суынып, үн-түнсіз жатып алды. Аударма оқулық жасаумен айналысып кеткен қаламгерлер де бар. Әдебиетке Қазан төңкерісінен бұрын келген Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, т.б. ұлы ғалымдар өнер айдынында ұзақ жүзе алмады, сан қилы қуғынға түсіп, ақыры бәрі де опат тапты. Саяси толқындар, экономикалық дағдарыстар, қоғамдық ойдағы қымқиғаш тартыстар тұтас процесті тоқтатып, жаңа әдебиет жасауға кедергі бола алған жоқ. Кең байтақ елді дүбірлеткен өзгеріс рухы халық арманын ту қылып ұстаған қазақ ақындарының өзекті тақырыбына айналып, еңбекшілерді күреске шақырған, бостандық, теңдікті жырлаған шығармалар тудырды.

1920 жылы Қазақ Автономиялық Кеңес Социалистік Республикасының құрылуы ұлттық мәдениеттің, өнердің, әдебиеттің кең қанат жайып өркендеуіне көп жағдай туғызды. Қаулап шыға бастаған «Тіршілік», «Қазақ мұны», «Мұғалім», «Еңбек туы», «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет», «Ұшқын», «Кедей сөзі», сияқты сан алуан газет-журналдар халықтың көкірек-сезімін оятты, ойына ой қосты, білім берді, әлеуметтік мәселелерді түсіндірді, сауатсыздықты жойды, әдеби күштерді топтастырды. Қазақ тілінде шығатын газет-журналдар, кітаптар, оқулықтар саны күрт өсті.

Мәдениет ошақтары ұйымдастырылып, ана тілінде оқытатын мектептердің жағдайы жақсарды. Мерзімді баспасөзде халық ой-арманын бейнелейтін шығармалар жарияланды.

Тұтас буынның төлбасы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық бағытты ілгері жалғастырушы - ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлы.

Әр түрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, жер мәселесіне арналған «Бұ заманның соғысы» (1915), «Закон жобасының баяндамасы» (1914) (осы мақала үшін А.Байтұрсынов айып пұл төлеген) «Қазақ халқын билеу турасы 1868 жылы шыққан уақытша положение» (1914), «Губернатор өзгертілуі», «Соғысушы патшалар», «Қазақ жерін алу турасындағы низам» (1913), «Қазаққа ашық хат» сияқты көптеген мақалалар А.Байтұрсыновтың көзқарас эволюциясын, тарихи білігін, ойшылдық деңгейін, журналистік стилін көрсетіп, рухани даму кезеңдерімізден мол хабар берді. /1/

Автордың «Қазақ өкпесі» мақаласында («Айқап, 1911, №2) тарихи мәселелерге объективті, ғылыми тұрғыдан қарайтындығы көрінеді, қазақ хандығы неліктен құлады, өз алдына дербес мемлекет болып тұра алмаудың себебі, Россияға қосылудың негізі жағдайлары деген проблемалардың жауабы айтылады. «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жаралы жерде үлестен қағылғанымыз - бәрі надандық кесапаты» дей келіп, ел менелді, ұлт пен ұлтты теңгеретін – ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды. Бұл жерде ішкі этнодеформациялық кіші шеңберінің оқиғалары басымырақ [2].

Бұл бағытта жазылған, бір-бірімен сабақтас мақалалар өте көп: «Оқу жайы («Қазақ», 1913, №11) мақаласында өз кезіндегі мектептер ісін тиянақтай отырып, сол тұстағы Қостанай уезіндегі сауаттылық мәселелерін қозғайды. Әрбір жүз кісіден 6 еркек қазақша, әрбір мың кісіден 6 еркек орысша, ал әрбір үш жүз кісіден 1 әйел қазақша, төрт мың кісіден 1 әйел орысша хат таниды деген дерек келтіреді. «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп [3].

Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жолы жоқ, салған мектептер жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті ететін жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даремұғалимун (педучилище) жоқ» деп күйзеледі [3].

Осыған жалғас ойларды «Қазақша оқу жайынан» (1913) мақаласында дамыта нақтылай түсіп, автор былай деп жазады: «Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі хәлінен хабар аларлық болу керек» [3].



Кеңес империясы дәуірінде А. Байтұрсынов есімін атаудың өзі қылмыс саналса, еліміз тәуелсіздік туын тіккеннен кейін халқымыз өзінің ұлы перзентімен қайта табысып отыр.

Жазушының «Орысша оқушылар» мақаласында «орысша оқығандарымыздан пайда жоқ деп, қазақ өкпелейді. Сондағы оқығандарымыз дейтіні шолақ оқулар болса, оларға өкпе жүрер ме? Егерде оқығандарымыз деп жоғары я орта оқушыларды айтса, олар тіпті аз-ақ есепте емес пе: Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс, үлкен жұмысқа көп жұмысшы керек. Егер де оқу іздеген талапкерлеріміздің қырықтан төртеуі ғана оқырлық орын тауып, басқалары қаңғырып далада қалып отырса, жұрт жұмысшысы көбейіп мандыр ма, жұмысшы көбеймесе, жұрт жұмысы ілгері басып өнер ме? [4]

Сол қаңғырып қалып тұрған балалар ұлттың ұлы емес пе? Болам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп, жүрген қазақ баласы жоқ.

Айып не? Айып қазақ халқының санасының ауытқуы. Бұл жерде қазақ халқының санасын орыстар күшпен әурелендіріп отырғанын көреміз [5].

Дәл осы жерде этнодеформацияның кіші шеңберін көруге болады. Бұл құбылыс қазір де орын алуда. Қазіргі жастар орысша білуді, орысша киінуді әдетке айналдыруда жастар өз әдет-ғұрпынан тыс, ұмыту үстінде. Бұл жерде жастардың сыртқы елдердің идеологиясына бұрмаланып, ұлттық идеологиядан айырылуда. Этнодеформацияның үлкен шеңбері орын алуда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. А, 1992.
2. Байтұрсынов А. Қазақ өкпесі // «Айқап», 1911 ж, №2.
3. Байтұрсынов А. Қазақша оқу жайынан // «Қазақ», 1913, 16 май (бас мақала) №74.
4. Байтұрсынов А. Орысша оқушылар // «Қазақ» газеті, 1913, 15 август, №26. (Бас мақала).
5. Әбілов Ж. Этнодеформация (Ұлттық сана мәселелері). Қызылорда: «Тұмар», 2007.

N.JUNAYEVA

A.Yesevi UTKÜ, Yüksek Lisans öğrencisi

#### XIV YÜZYIL ŞAİRİ ŞEYYAD HAMZA'NIN HAYATI VE ONUN "VEFAT-I HAZRET-İ MUHAMMED ALEYHİSSELAM" ADLI ESERİ HAKKINDA

Мақалада 14-ші ғасыр Түрік ақыны Шеййад Хамза және оның «Vefat-ı Hazret-i Muhammed Aleyhisselam» (Хз. Мұхаммед пайғамбардың қайтыс болуы) атты еңбегі жайлы айтылады.

В статье рассматриваются жизненный путь турецкого поэта 14 века Шеййада Хамзы и его труд «Vefat-ı Hazret-i Muhammed Aleyhisselam» (Кончина пророка Мухаммеда).

This article deals with the life course of the Shejjada Hamzy, 14 centuries Turkish poet and it's work «Vefat-ı Hazret-i Muhammed Aleyhis-selam» (Death of prophet Mohammed).

Türk devletlerinin bağımsızlığı alması sayesinde aynı kökten gelen Türk topluluklarında yaşayan, eser veren ziyalıların hayatını ve bununla birlikte onların bıraktığı vazgeçilmez eserleri araştırmak imkanına sahip olduk. Kardeş halk edebiyatlarını karşılıklı olarak incelemek, ve tanıtmak imkanı bulundu. Türk devletlerinin hem sözlü hem de yazılı edebiyatını karşılıklı şekilde incelemek, edebi ürünlerini tanıtmak gibi bilim adamlarımızın, üstadlarımızın ilmi çalışmaları sürdürmek amacıyla bu çalışmayı ele aldık.

ini temada eser veren Anadolu Türk şairlerinden Şeyyad Hamza'yı bilim alemine ilk defa tanıtan Fuat Köprülü ve Fuat Köprülü'nün verdiği bilgileri tekrarlayan bir çok bilim adamları 13. yüzyıl şairi olarak tanıtmıştı. Şeyyad Hamza hakkında bugüne dek bir çok araştırmalar yapılsa da bilgiler sınırlıdır. Şeyyad kelimesi üzerinde yapılan araştırmalara göre, daha çok miladi XIII-XIV. asırlarda yüksek sesle manzumeler okuyup, dinleyenleri coşturan kimselerin taşıdığı bu ünvanın, ayrıca Mevlana dergahında mutrib ve guyende'ler arasında bir sınıfa verildiği ve nihayet mevleviliğe mensup kimselerce bir lekap olarak kullanıldığı anlaşılmaktadır.

Başlangıçta bir çok bilim adamları tarafından 13 yüzyıl şairi olarak kabul edilen Şeyyad Hamza hakkında Prof.Dr. Metin AKAR tarafından yapılan en yeni araştırmaya göre şairin 1348 yılında sağ olduğunu anlıyoruz. Prof.Dr. Metin AKAR Şeyyad Hamza üzerinde yaptığı en yeni çalışmasını Ankarada'ki Milli kütüphanede 3772 numaralı yazma mecmua içinde bulunan Şeyyad Hamza'ya ait 50 beyitlik mersiye tarzındaki şiiri bularak ilim alemine 26-30 Eylül 1983'te İstanbulda yapılan V.Türkoloji Kongresinde sunmuştur. Bu çalışma sonucunda Şeyyad Hamza'nın 14. yüzyıl şairi olduğu haklı olarak kesinlik kazanmıştır. Kasidenin konusu veba salgınıdır. Kasidenin sonunda bizzat şair tarafından tarih de verilmiştir. 1348 yılında sağ olduğunu, Akşehir'de veba salgınından ölen kızı için yazdığı mersiyeden anlıyoruz. Şeyyad Hamza'nın Prof.Dr. Metin AKAR tarafından bilim alemine sunulan şiiri onun yaşadığı yüzyılı ortaya koyacak niteliktedir. 50 beyitlik bu şiirin,

7. Ecel n'olur ki takdır-i ezeldür

Veba n'olur, kaza-i asumandur

48. Yidi yüz kırk tokuzında Resul'ün  
Veba geldi halayıka ayandır.

49. Söz idici delim Şeyyad Hamza  
Senün sözün alamda dastandır

beyitlerinde şair iki defa veba salgınından bahseder. Şiirde bildirilen tarih 749'dur (miladi 1348)

Rıfkı Melul Meriç'in Akşehir'de Nasreddin Hoca mezarlığında, Tekke Deresi yönündeki duvara yakın bir yerde Şeyyad Hamza'nın kızı Aslı Hatun'a ait olan mezar taşlarını bulması ve mezar kitabesinde, şiirde geçen H. 749 tarihinin (Miladi 1348) yazılı olması Şeyyad Hamza'nın 1348 yılında henüz hayatta olduğunu kızı Aslı Hatun'u da çok büyük ihtimalle bu salgında kaybettiğini gösterir. Bu demektir ki şairimiz, en iyimser tahminle 13.yüzyılın son çeyreği ile 14. yüzyılın ilk yarısında yaşamış olmalıdır [1].

Şairin kızı Aslı Hatun'a ait bir kitabenin Akşehir'de bulunmasına ve Lamii'nin (ö. 938/1532) başlayıp oğlu Abdullah Çelebi'nin tamamlayarak derlediği *Letaiif* de adı geçen Şeyyad Hamza ile Nasreddin Hoca'ya ait olan bir fıkraya dayanarak, onun Akşehir veya civarında yaşamış olduğu öne sürülebilir [2].

Şeyyad Hamza, hece ve aruz vezni ile, gazel, kaside ve mesnevi nazım şekillerini kullanarak, temiz Türkçe ile dini şiirler yazmıştır. Dini olmayan şiirleri de vardır. Şöhreti XVI.yüzyıla kadar sürmüştür. Bütün Türk dünyası edebiyatlarının ilk hamse şairidir. Hamsesi şu mesnevilerden oluşur:

1. **Yusuf u Züleyha.** Klasik mesnevi planına uygun olarak yazılmıştır. Dini aşk hikyesidir. Yayımlanmıştır (Ankara 1946).

2. **Dastan-ı Sultan Mahmud.** Küçük bir dini-tasavvufi mesnevidir. Nefsini yenen bir dervişin, servetiyle öğünen Sultan Mahmud'a ders vermesinin hikyesidir.

3. **Mi'rac-name.** Hz.Muhammed'in mi'racını anlatan dini mesnevidir.

4. **Ahval-i Kıyamet.** Kıyamet günü ve sonrası İslam inancına göre anlatılır.

5. **Vefat-ı Hazret-i Resul Aleyhi's-selam.** Resulullah'ın vefatı ve bu günlerde cereyan eden olaylar hikaye edilmiştir. Dini mesnevilerdendir.

Şairin mersiyesi , gazelleri, ilahileri ve na'leri de vardır [3].

Şair şiirlerinde genellikle ölümün herkes için mukadder, maddi servetin gelip geçici oluşu üzerinde durur. Dünya hayatına değer verilmemesi gerektiğini vurgulayarak Allah'a, dine, imana sarılmayı tavsiye eder [4].

Şairi ilim dünyasına ilk defa tanıtan Fuat Köprülü Şeyyad Hoca üzerine yaptığı incelemesinde şaire ait olan iki manzumelerinden örnek vererek Şeyyad Hamza'nın Nasreddin Hoca'yla çağdaş ve keramet gösteren bir mutasavvıf olarak bildirmektedir. Şeyyad Hamza, 13.14 yüzyıllar Anadolu'sunda etkin olan dini-tasavvufi şiir akımının önemli temsilcilerindendir. Onun varlığı bilinen bazı manzumeleri, Yunus Emre'yi yaratan edebi ortamın hazırlanmasında katkısının

olduğunu göstermektedir [5]. Şiirlerinin eski Anadolu Türkçesi ile yazılmış olmasına karşın *Mecmûatü'n-Nezâ'ir*'de bulunan bir gazeli doğu Türkçesi özellikleri taşımaktadır [6]. Şeyyad Hamza'nın hem aruz hem de hece vezniyle yazdığı manzumeleri vardır. Manzumelerinde, dörtlük, mesnevi, gazel, kaside olmak üzere değişik nazım şekillerini kullanmıştır. Ancak, onun elde bulunan en ünlü eseri *Yusuf u Züleyha* mesnevisidir [7].

Makalemizin esas konularından biri olan Şeyyad Hamza'nın *Vefât-ı Hazret-i Muhammed Aleyhisselâm* hakkında bilgi verecek olursak, şair hakkında yazılan makalelerde, yapılan incelemelerde bu eser hakkında zikredilmemiştir. Bu eser hakkında en önemli çalışmayı Fatma Turhal GÜNER yüksek lisans tezi olarak hazırlamıştır [8].

Şeyyâd Hamza'nın eseri mesnevi nazım şekli ile yazılmıştır. 522 beyitten oluşur. Vezni *fâ'ilâtün fâ'ilâtün fâ'ilün*'dür. İçinde mesnevidekinden başka vezinle, *mefâ'ilün mefâ'ilün fe'ülün* kalıbı ile bir Hz. Muhammed mersiyesi vardır (342-349). Yine ikinci kalıpla, *mefâ'ilün mefâ'ilün fe'ülün* kalıbıyla evlat acısını anlatan bir terki-i bent yazılmıştır (357-368). Eski Anadolu Türkçesi ile yazılan bu kitapta yer yer vezin ve kafiye ihmalleri de görülmektedir.

*Vefât-ı Hazret-i Muhammed Aleyhisselâm*'da, ilk bakışta ayrı iki eser hissi veren iki büyük bölüm vardır. Birinci bölümde Hz Peygamber'in vefatı; ikinci bölümde, kendisi gibi, 1348 veba salgınında çocuklarını kaybeden anne ve babalara teselli verecek, onları sabra sevk edecek dinî bilgi ve öğütlere yer verilmiştir.

Prof.Dr. Metin AKAR bu eser ile ilgili yaptığı çalışmasında eseri iki bölüm halinde ele alarak incelemiştir. Ve bu bölümleri alt başlıklara (metinde alt başlıklar yoktur; beyit numaraları ayraç içinde gösterilmiştir) ayırmıştır. Üstadımız çalışmasında ilk bölümü 16 tane alt başlıklara ayırmış olup, eser hakkında Hz. Peygamber'in ömrünün sona ereceğinin bildirilmesi; Hz. Peygamber'in ehli ve sahabelerinden 8 kişinin gördüğü rüyaları anlatması ve bu rüyaların yorumu hem de tesiri; Azrail'in gelişi; Hz.Muhammed'in kızı Hz.Fatma'ya müjdesi; Cebrail'in aracılığı; şairin kendisine öğüdü; kıssaya dönüş ve Peygamber'in vasiyeti, nasihatı ve son olarak da vefatı gibi alt başlıklar şeklinde inceleyerek bilgi vermiştir. İkinci bölümü ise 5 tane alt başlığa ayırarak, ağıt; herkes ölecek; ölen çocuklar cennete gidecektir; Malik tasviri gibi alt başlıklar şeklinde inceleyerek bilgi vermiştir.

Şeyyad Hamza'nın eserinde altı kişinin rüyası nakledilmiştir.Şeyyad Hamza, mesnevi nazım şeklini tercih etmekle birlikte Türk mesnevi edebiyatının ayrıca özelliklerinden olan "mesnevi içinde farklı şekil ve vezinden manzume söyleme" geleneğini de yaşatmıştır[9].

Şeyyad Hamza üzerinde ilk başta Fuat Köprülü haricinde M. Mansuroğlu, Necmiddin Halil Onan, Sadettin Buluç, Orhan Tavukcu gibi v.b bilim adamları araştırmalar yaparak, yayımlar yapmışlardır. Şeyyad Hamza, 14.yüzyılın dil, üslup ve içerik anlayışına uygun olarak dini-tasavvufi karakterli şiirleri ile dikkat çeker.

Ama bu şiirler bir önceki yüzyıldakilerle mukayese edilmeyecek kadar gelişmiş örneklerdir .

Şeyyad Hamza'nın "Vefât-ı Hazret-i Muhammed Aleyhis-selâm" adlı mesnevisini incelemek; aynı türdeki ve aynı konudaki edebi eserle karşılaştırmak amacıyla tarafımızdan yüksek lisans tez konusu olarak ele alındı. Yüksek lisans tez çalışmasında Şeyyad Hamza'nın Vefât-ı Hazret-i Muhammed Aleyhis-selâm'ı Şayhislamulı Jüsîpbek'in Kazak Türkçesi ile yazılmış Kissa Muhammed Rasul Allahın Darül Peniden Darül Bakaga Rihlat Etken Maselesi ile mukayese edilecektir.

#### KAYNAKLAR

1. Metin Akar, "Şeyyad Hamza Hakkında Yeni Bilgiler 1-2" , *Türklük Araştırmaları Dergisi*, c.2, İstanbul 1987, Marmara Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi, sayı 2, s.1-15.
2. Büyük Türk Klasikleri 1.cilt, Ötüken-Söğüt, s, 269.
3. Metin Akar, Türk Dünyası Edebiyatı Tarihi-1, *Türkiye Türklerinin Edebiyatı Tarihi*. İstanbul-2004, s,11. (Metin Akar'ın özel arşivinden).
4. Hazırlayan Fatma TURHAL-GÜNER, Şeyyad Hamza'nın "Vefât-ı Hazret-i Muhammed Aleyhis-selâm" adlı mesnevisi. (Yüksek lisans tezi) s, 5.
5. Fuad Köprülü, Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar, Ankara, 1993, s, 236-237.
6. Mecdut Mansuroğlu, Şeyyad Hamza'nın Doğu Türkçesine yaklaşan Manzumesi, *Belleten*, Ank.1956, s. 125-144.
7. Şeyyad Hamza, Yusuf ve Zeliha, nakleden: Dehri Dilçin, TDK. Yay. İst. 1946
8. Fatma TURHAL-GÜNER, Şeyyad Hamza'nın "Vefât-ı Hazret-i Muhammed Aleyhis-selâm" adlı mesnevisi.
9. *Metin AKAR*, Türkiye ile Kazakistan'ın Yazılı Eski Edebiyatlarında Ortak Konulu Eserler. (Metin AKAR'ın özel arşivinden)

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ**

**Б.А.ОСПАНОВА**

педагогика ғылымдарының докторы, профессор  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**Б.Ә.ТАСОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**ОҚЫТУШЫ МЕН СТУДЕНТ АРАСЫНДАҒЫ СУБЪЕКТИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**В этой статье рассматриваются психологические особенности механизма и межличностных отношений между субъектами общения – преподавателем и студентом.**

**The article deals with psychological relations of a mechanism and interpersonal relations between individuals of communication – a teacher and a student.**

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына жолдауында: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған ел тығырыққа тірелуі анық» делінген. Өскелең ұрпақ жан-жақты тәрбиелі, білімді болғанда ғана еліміздің болашағы жарқын болмақ [1].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік болмысын қалыптастыру, оның егемендігін нығайтып, ұлттық сана мен тәрбиемізді қалпына келтіру және өркениетті елдер қатарынан орын алу ұлттық мекемелерді қалыптастырудағы басты шарттардың бірі. Қазіргі әлемдік ауқымдағы қайта құрулар, жедел ақпараттану, жаңа стратегиялық бағдарлану, экономикалық саладағы түбегейлі өзгерістер заманы адамзат қоғамы алдына аса күрделі міндеттерді қойып отыр. Өмір үнемі өзгеріп, қоғам үздіксіз дамып отырған жағдайда ұлттық білім беру жүйесінің де жаңа талаптарға сай бейімделуі, жаңа реформалы қайта құруларға ашық болуы табиғи құбылыс. Бүгінгі күні қалың жұртшылық назарына ұсынылып, бүкіл халықтық талқылау жүріп жатқан «ҚР-ның 2015-жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» осындай заман талабынан, объективті себептерден туындаған дүние [2].

Заман талабына сай болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру мақсатында жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнын жаңғырту қажеттілігі нақтылана түсуде. Осыған байланысты оқытушылар мен студенттердің қарым-қатынасын қалыптастыру мәселелерін зерттеу – әлеуметтік-экономикалық және мәдени дағдарыспен қатар көтерілген өзекті мәселелердің бірі.

Қарым-қатынасты білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылығы ретінде қарастыруға болады. Қарым-қатынас – білім мен мәдениеттің бір бөлігі, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттың дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы. Ұлттық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас мәдениеті студенттердің

саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Қазақ жазушылары М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов және т.б. еңбектерінде қарым-қатынас мәдениеті жөніндегі маңызды пікірлері көрініс тапқан. Ал қарым-қатынастың психологиялық мүмкіншілігі жайлы пікірлерді Қ.Б. Жарықбаев, Ә.Алдамұратов және т.б. зерттеген [3].

Субъект философияда, әсіресе қазіргі кездегі психологияда да өзіне үлкен назар аудартуда. Ресейлік ғалым С.Л.Рубинштейннің айтуынша, «философияның негізгі мәні түрлі формалардағы субъектілерді, тіршілік ету тәсілдерін, қозғалыстың түрлі формаларын ашу». Мұның ішінде іс-әрекет субъектілерді қозғалыстың негізгі формаларының бірі ретінде ашып көрсету енеді. Білім беру іс-әрекетінің, яғни, өзіне оның екі өзара байланысты - педагогикалық және оқу формаларын қамтитын іс-әрекеттің субъектілерін талдау - жалпы философиялық және нақты педагогикалық міндеттер арнасында жатыр [4].

Жалпы педагогикалық сөздік бойынша субъект – басқа адамдарда және өзінде өзгеруді қамтамасыз ететін, заттық-тәжірибелік белсенділік пен танымды тасымалдаушы. Адамның субъектілігі оның өмір іс-әрекетінде, қарым-қатынасында, өзіндік санасында көрінеді.

Бұл жерде сөз болып отырған дәстүрлі «оқытушы-студент», «студент-мұғалім» субъектілер қатынасы өзгеше сипатқа ие болып отыр. Оқытушы мен студенттің қарым-қатынас мәселесі дәл қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық зерттеу нысанына айналуға бастады. Бұл мәселені шешудің басты жолы психологиялық кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының қабырғасында ескерілуі тиіс. Сондықтан студенттің қарым-қатынас дағдылары мен икемділігін қалыптастыру, яғни, студенттің іскерлік психологиялық қарым-қатынас кезіндегі әртүрлі жағдайларға бейімделуі, тез меңгеру қабілеттеріне ие болуы, студенттермен жағымды қарым-қатынас позициясын құруға ұмтылу, мотивациясы мен білімін заманның талабына сай жетілдіру аса маңызды болып табылады. Білім беру үрдісіне қатысатын мүшелердің әрқайсысының өзіндік міндеттері мен құқықтары бар. Оқытушының міндеті – оқыту технологиясын таңдай отырып, студенттердің білімге құштарлығын ояту, өзіндік икемділіктерін ашу, шығармашылықпен айналысуын ұйымдастыру негізінде білім беру сапасын көтеру. Студенттің міндеті – оқу, сабаққа кешікпей келу, тәртіп бұзбау, білім беру үрдісі мен білім мазмұнына қанағаттану құқығы бар.

Оқытушының әлеуметтік тұлға бейнесінің қалыптасуы психологиялық қарым-қатынас мәселесіне келіп тіреледі. Жеке адамның әлеуметтенуі өзінің қоғамына тиесілі өзара қатынастар, кәсіби әлеуметтік талаптарға байланысты болады. Демек, қарым-қатынас – студенттің тұлға ретінде жетілуіне пайдасын тигізетін құбылыстардың бірі, яғни, қарым-қатынас арасында өзге тұлғаларды қабылдап, олардың сөйлеу мәдениетіне бейімделеді.

Қарым-қатынас барысында жеке адамның қоғамдық рухани және материалдық құндылығы қалыптасады, жеке тұлғалық ерекшелігін көрсетеді, өзі

үздіксіз қарым-қатынаста болатын қоғамға енеді. Коммуникация әрбір адамның әрекет барысындағы субъектісіне айналады, табиғат пен дүниені таниды, олармен қарым-қатынасын дамытады.

Қазіргі қоғам өмірінің өзгерістеріне орай қарым-қатынас механизмдері, оны жетілдіру амалдары қызығушылық туғызып, зерттеудің қарқынды саласына айналуға. Адамның барлық қадір-қасиеті басқа адамдармен қалай қарым-қатынас жасағанынан байқалып тұрады. Оның бағыт-бағдары, білімді меңгеруі, есте сақтауы, эмоциясы мен қызуқандылығы қарым-қатынас жасау барысында көрініс береді. Адамның қарым-қатынасына ұлттық ерекшеліктерінің әсері өте үлкен. Олардың психологиялық, педагогикалық алғышарттарын ашу қарым-қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Студенттің әлеуметтенуі екі ұстанымға ие: еліктеу және иілімді. Болашақ оқытушының бейнесін қалыптастыру үшін студент кәсіби ортада педагогпен қарым-қатынас барысында жалпы құндылықтарға ие болып, психологиялық ерекшеліктерге назар аудару қажеттілігі туындайды. Қарым-қатынасқа қажетті дағды мен икемділікті қалыптастыру үшін әлеуметтік фактор әсер етеді. Сондықтан да психологиялық қарым-қатынасқа әсер ететін жағдайлар мен факторлар бір-бірін толықтырады және байланыстырады.

Қазіргі оқу орындарында оқытушылардың рөлі артып, оның студенттерге психологиялық және педагогикалық әсер ету арқылы кеңейді. Оқытушы білім мен ақпараттың бағыттаушысы болып қана қоймай, педагог, психолог, психотерапевт болуы керек. Бұған оның педагогикалық қызметінің жетістігі мен беделі тәуелді. Оқытушының беделі – оқу-тәрбиелеу процесінің жетістігіне әсер ететін ұжымдастар мен студенттер және өзара қатынас барысында білінетін, ұйымдағы оның кәсіби, психологиялық, тұлғалық сипаттамасы. Оқытушының беделі - оның білімділігіне, адамгершілігіне байланысты болып келеді. Қазіргі таңда студенттерге оқытушының жеке тұлғасы, оның ашық, қайталанбас дербестігі тәрбиеленуші және психотерапевт ретіндегі беделі әсер етеді [5].

Сөз соңында айтарымыз, білуге деген қызығушылық пен жаңаны білуге деген талпыныс адамға ғана тән. Оны байқау және дамыту оңай емес. Егер оқытушы студентпен дұрыс қарым-қатынас орната алмаса, қызықтыра алмаса, оның қызығушылығы жоғала береді. Ал егер де оқуды өмірде болып жатқан жан-жақты ақпараттармен байланыстырса – білім сапалы түрде қабылдануы әбден мүмкін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына жолдауы. //Егемен Қазақстан, 2005,18 ақпан.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы //Егемен Қазақстан, 2007.15.08.
3. Мәмбетов М. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті //Қазақстан мектебі. 2008. №12. -36-37-б.
4. Рубинштейн С.А. Проблемы общей психологии. Москва: Педагогика. 1976. -140с.
5. Мұхамеджанова Ә. Оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасын басқару //Білім. №10 - 2006. 18 бет.



**Б.Т.ҚАБАТАЙ**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Абай атындағы ҚазҰПУ

### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДЫҢ ОҚУ МӘТІНДЕРІНДЕГІ КОГНИТИВТІК ОЙ ЖӘНЕ ОНЫ ТАЛДАУ**

В статье исследуются художественные тексты по «Родной речи» начальных классов в когнитивном аспекте. Характеризуются и анализируются когнитивные методы при объяснении художественных текстов.

Texts of art from the “Native Speech” textbook have been analyzed through the cognitive aspect. Some cognitive methods during the texts explanation have been presented and analyzed.

Қазақ тілін зерттеушілер ХХ ғасырдың аяғы мен бүгінгі күнге дейінгі аралықты тіл таным ғылымында когнитивтік парадигманың үстемдік құрып отырған кезеңі деп сипаттайды. Қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың басты мәселесі, біріншіден, санада тілге дейінгі бейнеленген дүниелердің ішкі мәнін түсіндірудің әдіс-тәсілдерін қарастыру, екіншіден, логикалық-позитивті және эстетикалық таным-білімнің реттелген, жүйеленген, өңдеуден өткен ақпараттарын тіл арқылы іздеп табу.

Когнитивтік ғылымның зерттеу нысаны – санада бейнеленген ақпараттар мен білім. Алғашқы түсініктен бастап, дамыған бай концептілік жүйедегі түсінікке дейінгі санадағы білімді репрезентациялау – когнитивтік бағыттың басты ұстанымы.

Ғалым Б.Қалиұлының «Қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесі» (2008) кітабында «тіл білімінің ғылыми бейнесі» ұстанымы осы когнитивтік бағытты сипаттайды [1].

Зерттеуші Ж.Саткенованың еңбегінде когнитивтік лингвистикадағы когнитивтік жүйенің концептуалдық құрылысы бала танымы үшін «әлемнің бейнесі» ретінде қарастырылып, концептуалдық құрылым, яғни когнитивтік жүйе бөлшектері мен когнитивтік ойдың формасы төмендегіше сарапталады:

- ойбейне
- прототип
- сценарий
- фрейм
- концептуалды метафора
- стереотип
- гештальт [2.12].

Аталғандардың ішінде концептуалды метафораны танымдық тіл білімінің ұстанымы ретінде танып, солай сипаттап өттік. А.Әмірбекованың [3] зерттеу тұжырымына сүйене отырып, көркем мәтінде ақиқат дүниені төмендегідей концепт типтері арқылы тану тиімді деп санаймыз және аталған концептуалдық құрылымдардың санада әртүрлі формада бейнеленуін белгілейміз:

1. Фрейм – қарапайым форма
2. Скрипт – күрделі форма
3. Сценарий – оқиғалы форма
4. Схема – сызбалы форма
5. Ойбейне – бейнелі форма
6. Стереотип —
7. Гештальт – іс-әрекеттік форма
8. Прототип – нақты форма

Фрейм ұғымына психологиялық сөздікте (Шапарь В.Б.) «бүтіндік (тұтастық) қасиетінен ерекшеленетін қандай бір құбылыстар, факті мен объектінің өте шағын сипаттамасы» [4.729] деп анықтама берілген. Аталған сипаттаманың ішінен бір құрылымдық бөлшек алынып тасталса, аталған құбылыс дұрыс танылмайды, топтастырылмайды.

Фрейм теориясын жасанды интеллект аумағындағы американдық ғалым М.Минский ұсынады. Оның пікірінше, ойлау процесі есте сақталған көптеген құрылымдық ақпараттар негізінде түзіледі. Фреймдер арқылы адам 1) көрнекі бейнелерді таниды – визуальды қабылдау фреймі; 2) сөзді түсінеді - семантикалық фрейм; 3) іс-әрекетті, дәйектемелерді түсінеді – іс-әрекеттік фрейм; 4) баяндауды түсінеді - әңгімелеу фреймі [5.730].

Фреймдерді бір-бірімен байланысып жатқан тор ретінде елестетуге болады.

Фрейм – білім қалыптастырудағы басты операциялардың бірі. М.Минский адамның көргеннен алған ақпараты мен есінде сақталған ақпаратын модельдеу тәсілін зерттеу арқылы фрейм ұғымын танытты. Ғалым фрейм туралы зерттеуін былай дәлелдейді: «...Мәселен, бөлмеге кірген адамның ондағы заттар мен құбылыстардың қандай екенін, қалай орналасқанын, санада сақталған осы ақпараттардың қаншалықтысы ақиқатқа сәйкес келетінін анықтау адам жадындағы модельдерді көрсетеді. Бұл модельдер – фрейм деп аталады. Бұл құбылыс фильмнің әрбір кадры секілді санадағы дүниелерді визуальды стереотиптік жағдайда тану әрекетіне келеді. Фрейм – жадыда сақталған білім мен ақпараттың бір дүние шеңберіне ұйымдасқан, адам тәжірибесіндегі дүние туралы нақты фрагменттерден құралған ақпарат. Фрейм көп жағдайда дүниенің лексикалық мағынасы, ол тұлғаның энциклопедиялық және экстралингвистикалық білімі негізінде санада көрініс табады. Негізінен фрейм концепт ядросының төңірегіне ұйымдасатын құрылымдық элементтерді ассоциаландыра отырып ақпарат жинайды» [5.59].

М.Минский теориясындағы адамның ойлауы мен жасанды интеллект ара-жігінің ашылмауы жөнінде А.Ислам былай дейді: «М.Минский өзінің теориясында адамның ойлауы мен жасанды интеллект арасының ара-жігін ашпайды. Оның пайымдауынша, адамның ойлауы образдарды визуалды көре

алатын, семантикалық фреймдер, яғни сөздердің мағынасын түсіне алатын, белгілі бір іс-қимылды қабылдай алатын (сценарийлі фрейм), т.б. ақпаратпен толыққанды адам жанында сақталатын құрылымдарға, яғни, фреймдерге негізделеді. Ал белгілі бір ойды түсіну жадында сақталған фреймнің белгілі бір жағдайға сәйкес жүйеге түсуімен түсіндіріледі. Ал, фреймдер арасында дәл өзіне сәйкес фрейм табылмаған жағдайда, сол ситуацияға мейлінше жақын келетін фрейм таңдап алынады. М.Минский теориясындағы негізгі кемшілік – адам тек таныс қана жағдайлармен өмір сүрмейді, ол тіптен таныс емес жағдайларда оған сәйкес фреймдердің мүлдем әлі түзілмегендігіне қарамастан, түсінуге қабілетті» [1.71-73].

М.Л.Макаровтың пікірінше: «фрейм – адам санасындағы нақты заттардың өзіне тән ерекшеліктері мен коммуникациясы туралы белгілі ситуациялар арқылы берілетін білімнің когнитивтік құрылымы» [1.52].

Сонымен айтылғандардан шығатын қорытынды: адам белгілі бір жаңа затқа атау беруде өз жадындағы сол затқа қатысты нақты бейнелердің ерекшеліктерін, қасиеттерін, ерекше сипаттарын, еске түсіре бастайды. Затқа немесе құбылысқа берілген атау адам санасындағы ақпараттар нәтижесінде жүзеге асады. Ендеше тілдегі фрейм – бұл элементтері ұғымдық құрылымның жеке бөлігі (сөз, тіркес, сөйлем) болып табылатын лексикалық қатар. Қарапайым фреймдер бір ғана лексикамен берілуі мүмкін, ал күрделі фреймдер тіркестер немесе сөйлем арқылы танылуы мүмкін. Әрине, бұл тек шартты түрдегі тілдік көрінісі. Тіл білімінде фрейм - әрбір сөзі белгілі бір бөлшекті (мағынаны) немесе кейбір концептуалды және акционалды бүтіндікті айқындайтын сөздер жинағы ретінде танылады. Біз көркем мәтінде фреймдік құрылымды тануда А.Әмірбекова анықтаған мынадай қағидаларды ұстанамыз:

- фрейм белгілі бір концепт төңірегінде ұйымдасқан санадағы ақпараттар бірлігі;
- ол ассоциациялық қор арқылы танылады;
- стереотиптік белгілер арқылы жинақталады;
- концепт төңірегінде ең жақын белгілері мен қасиеттер арқылы модельденеді;
- ұғым туралы нақты мәліметтерді танытады;
- когнитивтік санадағы белгілі бір ұғым туралы ақпараттарды рет-ретімен жинақтайды [3.47].

Мысалы: бала түсінігіндегі *туған жер* ұғымы оның ауылын, тұрған жерін, ата-анасын, достарын, мектебін көз алдына келтіреді. Бұл концептілер – жоғары сатыдағы ұяшық ақпараттары. Оқушы Ж.Аймауытовтың «Қарт Қожаның туған жері» мәтіні (2-сыныпта) бойынша осы концептілік мағынаны толықтыратын қосымша деректерді алады: *қоңырсыған сүт, қайнатқан қаймақтың иісі, түтіннің иісі* – ортаңғы және төменгі сатыда сақталатын ақпараттар. Аталған фреймдік тармақтар – *баланың туған жер* туралы түсініктерінің *ұйымдастырылған* қоры. *Ұйымдастырылған* деп отырғанымыз жеке тұрғанда бұл тізбектер басқа да концептілік жүйенің құрамдас бірліктері бола алады. Мысалы: *қоңырсыған сүт* –

сұт концептісінің құрамында оның сапалық көрсеткіші. Біз жоғарыда атаған концептінің жылжымалылығы осылайша түсіндіріледі. Ал оның концептуалдық құрылымның қарапайым формасына жататындығы санада сақталған әрбір ақиқаттың фрейм бола алатындығымен және белгілі бір ұғым мазмұнына сай шоғырланса басқа концептуалдық жүйе құрайтындығымен сипатталады.

**Скрипт** – концептуалдық құрылымның бір типі. Скрипт қалыптастыратын басты элемент – фрейм. Ол көзбен көрген, нақты тәжірибеден өткен оқиғалар арқылы, балалық шақтан келе жатқан стереотиптік ақпараттар арқылы немесе басқа адамдардың әрекеттерін мұқият есте сақтау арқылы жинақталған ақпараттардан тұрады.

Мысалы: Ш.Мұртазаның «Бала Тұрар» мәтінінен (2-сынып) келтірілген үзіндіге назар салайық:

...Тұрардың сабаққа селсоқ екенін аңғарған Иван Владимирович оның партасына таяп келіп, алдындағы дәптеріне үңілді. Қара тақтадағы а,б деген белгілерді балалар көшіріп жазуға тиіс болатын. Ал Тұрардың дәптерінде жеке әріптер емес, сөздер жазулы екен. Мұғалім дәптерді қолына алып, шала сауатты адамдай әлгі бейтаныстау сөздерді ежелеп оқып шықты:

«Аспара, Қызыл Жебе, Көке».

- Өзің жаздың ба?

- Иә, - деді Тұрар орнынан тұра беріп.

- Мұны қалай түсінуге болады? («Аспара» - таудың аты. Ал «Қызыл Жебе», «Көке» дегендерің ше?

- «Қызыл Жебе» деген ерен жүйрік жылқы еді, Иван Владимирович. Ауылдың балаларымен жалаң аяқ жаяу жарыста мен де жүйрік болдым. Содан мені балалар «Қызыл Жебе» деп атап кетті. Ал «Көке» дегенім – осы Қызыл Жебеге мініп, көкпар шапқан кісі.

Міне, осы үзіндідегі *Аспара, Қызыл Жебе, Көке* – бұл кішкентай Тұрар үшін балалық шақтан бері келе жатқан стереотиптік ақпараттар. Скриптің күрделі формаға жататындығы оның сценарий құрылымының кеңейтілген түрі болып сипатталуымен түсіндіріледі.

**Сценарий** фреймнен туындайтын эпизод фрагменттерінен құралады. Оның қарапайым танымдық элементтері фрейм болса, әрбір фрейм тармақтарының төңірегінде оқиғалар мен жағдаяттар жүйесін құрайтын бөлшектер жинақталады. Бірақ ол фреймнен уақыт өлшемін шешетін факторлар арқылы ажыратылады. Сценарий концептінің идеясын дамытатын сюжеттерден құралады. Сценарий – іс-әрекеттік фрейм ретіндегі оқиғалар мен жағдаяттар жүйесі. Фрейм белгілі бір жағдаятқа байланысты құрылым болса, сценарий – іс-әрекеттің бірінен соң бірінің болатындығын көрсететін құрылым. Яғни сценарийде оқиға белгілі бір ретпен, белгілі бір іс-әрекеттердің кезектесіп келуімен сипатталады. Мысалы 3-сыныптың «Ана тілі» оқулығында берілген ертегіге зер салайық:

#### **Егінші мен қасқыр**

Егінші таңсәріден егін орып, шаңқай түсте демалды. Аздап тыныққан соң, қолына нан алып, жей бастады. Дәл сол кезде бір үлкен қасқыр егіншінің

қасына келіп:

- Адам, не жеп отырсың? – деп сұрады.
- Нан.
- Маған да наныңнан берші!

Егінші нанынан бір үзіп алды да, қасқырға берді. Нан қасқырға ұнады. Сондықтан да ол егіншіге мынадай тілек білдірді:

- Сенің тамағың дәмді екен. Менің де күн сайын тамақ жегім келеді.

Сен маған оны табудың жолын үйретші...

Егінші қасқырға:

- Алдымен жер жыртасың, одан соң тырмалайсың, – деді.
- Содан соң нан бола ма?
- Жоқ, жерді жырттып, тырмалап боласың да, тұқымды әзірлейсің, себесің...
- Содан соң нан бола ма?
- Жоқ, жоқ! Күзде қара бидай егесің. Ол көктемде көгеріп жер бетіне шығады, ал жаз ортасында піседі.
- Содан соң нанды жеуге бола ма?
- Қайда әлі! Қара бидайды ору, оны баулау керек. Ол бауларды жақсылап жел қағып, күнге кептірген соң, қырманға апарып, маялау керек...
- Сонда нан бола ма?! – деп қасқыр айқайлап жіберді.
- Жоқ қара бидайды жиып алған соң, бастыру керек, бастырып болған соң, бидайды диірменге апарып, ұн ғып тарту керек.
- Сонда жеуге бола ма?
- Жоқ, әлі! Қамыр ашытып, оны илеп, пісіру керек...
- Сонда нан бола ма?
- Иә, сонда нан болып, жеуге жарайды, – деді егінші.
- Бұл өте ауыр әрі көп уақыт кететін жұмыс екен. Мұны кәсіп етпей-ақ қояйын, – деді қасқыр.

Міне, «нан жасау» сценарийінің реттілік жүйесі осындай.

Қорыта келгенде, аталған мақалада бастауыш сыныптардағы «Ана тілі» пәні мазмұнындағы көркем мәтіндердің когнитивтік аспектісі талданды. Көркем мәтінді талдауда қолданылатын кейбір когнитивті әдістерге сипаттама жасалды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиұлы Б. Қазақ тілдігінің ғылыми бейнесі. – Алматы, 2008. – 92 б.
2. Саткенова Ж. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б. Сокпақбаев шығармалары бойынша, Филол. ғыл. канд... дисс. – Алматы, 2005.
3. Әмірбекова А. Концептілік құрылымдарының поэтикалық мәтіндегі бербалдану ерекшелігі. Филол. ғыл. канд... дисс. – Алматы, 2006.
4. Шапарь В. Новейший психологический словарь. – Ростов на Дону: Феникс, 2005. – 808 с.
5. Солсо Р. Когнитивная психология. – Москва: Тривола Либерел, 2002. – 600 с.

**Т.Ә.ДАНИЯРОВ**

педагогика ғылымдарының кандидаты  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің аға оқытушысы, доцент м.а.

**М.Е.СЫДЫҚОВ**

педагогика ғылымдарының кандидаты  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің аға оқытушысы

**А.Б.ЕСТАНОВА**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің аға оқытушысы

**СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ТУРИЗМДЕГІ РӨЛІ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР  
СҮРУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**В статье рассматриваются роль сервиса в туризме и некоторые проблемы в формировании навыков здорового образа жизни.**

**The article deals with the role of tourism service and with some problems of skills formation in the healthy way of life.**

Туризм саласы Қазақстанда соңғы жылдары мемлекет тарапынан үлкен қолдау табуда. Елбасымыз жыл сайынғы дәсүрлі Қазақстан халқына арналған Жолдауларында елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын және халық шаруашылығының бір саласы - туризмді әлемдік деңгейге көтеру мақсатында жұмыс жүргізудің нақты бағдарламасын ұсынып келеді. Дүниежүзілік Туристік Ұйымы Бас Ассамблеясының XVIII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Туризм саласы ұлттарды жақындастырады, елдерді табыстырады. Қазіргі жаһандану дәуірінде ғаламдық ынтымақтастық пен өзара түсіністіктің орнауында туризмнің ықпалы айрықша. Демек, халықаралық туризм саласының дамуына бәріміз мүдделі болуымыз керек. Сонымен бірге ол баршамызға үлкен жауапкершілік жүктейтінін де ұмытпауға тиіспіз. Осы орайда мен халықтар арасын жақындата түсетін, адамдардың өзара бауырластығын сезіндіре түсетін туризм саласын бірлесіп дамытудың өзекті мәселелерін біздің бүгінгі форумда кәсіби деңгейде талқылап, табысты нәтижелерге қол жеткізетіндімізге бек сенімдімін», - деп атап өтті [1].

Туризм – мемлекеттің саясатымен тікелей байланысты индустрия. Оны дамытудағы мемлекеттің алдында тұрған мәселенің бірі – туризм саласының мамандарын дайындау. Қазақстан туризмін дамытып, оның инфрақұрылымын жасау, сервис инфрақұрылымын жетілдіру. Осы тұрғыдан келгенде атқарылатын жұмыстар жетерлік. Сервис инфрақұрылымы – туризм жүйесіндегі қызмет көрсетудің қалыптасуының заңдылықтары туралы ғылым. Сервис инфрақұрылымы - мемлекеттік және жекеменшік шаруашылық субъектілерінің жинағы. Сонымен қатар кешенді жүйе болып табылады. Яғни, олар көп жақты қызмет түрлерінен қызмет атқарады. Олар: сауда, банк, сақтандыру, аудиторлық және тағы басқа қызметтер.

**1- кесте. Осы пәннің мақсаты сервис инфрақұрылымының даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін оқып білу**

N	Даму заңдылықтары	ерекшеліктері
1.	Жүйеленуі	Сервис инфрақұрылымы тұтас жүйе болып табылады, осының негізінде ұйымдастыру формалары мен әдістері, қызмет етуі мен дамуын реттеу қарастырылады.
2.	Тұтынушы қажеттілігі	Сервис инфрақұрылымының жеке жүйелері. Мысалы: тұтынушының тауарлар нарығының жүйесі.
3.	Жеке элемент	Сервис инфрақұрылымының жеке элементтерінің жүйесі.

Сонымен қоса, сервис инфрақұрылымының мәнін, мақсаттарын атқаратын қызметтерін; сервис инфрақұрылымының құрамын анықтайтын классификациялық жүйелерін қарастыру; нарықтың дамуына инфрақұрылымның ролі мен мәнін анықтау; сервис инфрақұрылымының субъектілерінің қызметінің нәтижесін спецификалық сипатын ашу, іскерлік қызмет көрсету; сервис инфрақұрылымының дамуын реттеу әдістерін қарастыру, қазіргі кезеңдегі сервис инфрақұрылымының даму көздерін анықтау; инфрақұрылымдық қызметінің тиімділігін жоғарылату резервтерін анықтау; ҚР-дағы сервис инфрақұрылымының перспективалық дамуының бағыттарын анықтау қажет.

**Сервистік қызметтің эмпирикалық зерттеу әдістерінің жүргізілуі (2-кесте)**

N	эмпирикалық зерттеу әдістері
1.	- бақылау, өзін-өзі бақылау, әңгімелесу, сұхбат, сауалнама, эксперимент, т.б.
2.	- іс-әрекеттік бағыт, ішкі (психикалық) және сыртқы (материалды) іс-әрекет бірлігі, сервистік қызметтің даму заңдылықтарының әлеуметтік табиғаты, әлеуметтік тәжірибені меңгергендегі сервис инфрақұрылымын дамытуды зерттеу әдістерінің тарихи өзгеруі, оқыту, тәрбие, даму, қалыптасу, меңгеру, оқу іс-әрекеті, біріккен іс-әрекет, оқу ынтымақтастығы, өзара әрекет формалары, продуктивті және репродуктивті оқу іс-әрекеті, білім, дағды, іскерлік, шеберлік, шығармашылық, тұлғаның әлеуметтік жағдайда дамуы, оқу-тәрбиелік жағдайы, оқыту стратегиясы, оқыту тиімділігінің критерийлері мен категориялар анықтамасы және арақатынасы.

Адамзат денсаулықты сақтау мен нығайту проблемасын тануға әрқашан да ұмтылып келді, себебі денсаулықсыз толыққанды өмір сүру мүмкін емес. Денсаулық жақсы болған кезде оны сезіне білмейміз, ал денсаулықты жоғалтып алған кезде ауру күйі пайда болады да, ауру ағзаның жайсыз күйі туралы үнемі белгі беріп отырады. Ертеден денсаулық пен салауатты өмір салтын сақтау туралы ғылымның пайда болу тарихы адамзат тарихының тереңіне бойлап келеді. Денсаулық және оны сақтау туралы ертедегі Рим философтары мен дәрігерлері, Византия империясы мен Шығыс елдерінде де өз жалғасын тапқан.

Дүниежүзілік есеп бойынша, туризм саласынан түсетін табыс жыл сайын шамамен 4 триллион АҚШ долларынан асып жығылады. Ал одан түскен салық 800 миллиард доллар шамасында. Сарапшылардың есебі бойынша, 2020 жылға қарай, дүниежүзі бойынша саяхат жасаушылар, күніне 5 миллиард доллар жұмсайтын болады. Ал халықаралық туризм 3 есеге артады. Егер дәл осындай болжам расталса, болашақта туризм саласы, әлемдік экономиканы алға

жетелейтін бірден-бір салаға айналмақ. Туризм – шет елдік инвестицияларды тартудың тағы бір көзі. Соның арқасында тарихи, мәдени орталықтарды дамытып қана қоймай, табиғатымызды сақтауға, мыңдаған жұмыс орнын ашуға, жаңа өнеркәсіпті ұйымдастыруға да болады. Шығыстан батысқа дейін 3000, солтүстіктен оңтүстікке дейін 1600 шақырым жерді алып жатқан қазақ жерінде, тау да, дала да, орман мен теңіз де, сан алуан көлдер мен құмды алқаптар бар. Еліміздің оңтүстігінде жеміс-жидек пен көкөніс өсіп жатса, солтүстігінде қақаған аяз тұрады. Табиғаттың осынша сан алуан құбылысына ие болған жерімізді көріп, тамашалаймын деушілердің саны жыл санап артып келеді. Отандық туристік ұйымдардың есебі бойынша, таяу жылдары Қазақстанға келем деушілердің саны 14 миллионға жуықтаған. Әсіресе, Алмания, Ұлыбритания, Қытай, Жапония мен АҚШ сынды мемлекеттердің саяхатшылары тарапынан аса қызығушылық байқалуда.

«Салауатты өмір сүру дағдысы» түсінігінің мәнін анықтайтын әр түрлі келістерді талдай отырып, біз мынадай қорытындыға келдік: салауатты өмір сүру дағдысы - бұл күнделікті өмірдегі әрекеттің саналы түрде жүзеге асырылуы, қимыл-қозғалыс белсенділігінде денсаулықтың шыңдалуында күн ережесін сақтауда, дұрыс тамақтануда, денсаулықты бұзатын жат әдеттерден бас тартушылықта, мінез-құлық пен қарым-қатынас мәдениетінде көрінеді [2].

Туризм – студент жастардың сауықтыру орталығы ретінде оларды салауатты өмір салтына тәрбиелеумен қатар, темекіге, ішімдікке, ал тіпті соңғы уақыттарда есірткіге араласу кезеңінен өтуге бірден-бір ықпал етуші күшке айналып келеді. Ішімдікті, есірткілік заттарды, темекіні пайдалану тынығуды үйлесімді ұйымдастыруға, денелерінің физикалық дамуына, рационалды тамақтану мен салауатты өмір салтының басқа да жақтарына кері әсер етеді. Мұндай жағдайларды тарату жастардың білімін кеңейтуге, денсаулық пен салауаттылық сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарға қарым-қатынасын нақтылауға әсер етеді, олардың өмірдегі тәжірибесін байытып, салауатты өмір салтына сәйкес келетін көз-қарастарын, мінез-құлық сарындарын қалыптастырады. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу барысының психологиялық-педагогикалық жағдайлары арасында осы процесті ұйымдастырудағы тұлғалық жағдайлар бөле-жара көрінеді, өйткені олар жастардың салауатты өмір салтына өзін-өзі тәрбиелеу бойынша жұмыстарға белсене араласуын қамтамасыз етеді, салауатты өмір салты туралы қажеттіліктері, қызығушылықтары, сарындары мен көзқарастарының қалыптасуы әдеттегі мінез-құлқымен, эмоциясымен, санасымен тығыз байланыста жүзеге асады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. //Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана: Елорда, 2006. - 48 б.
2. Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі жұмысты белсенді ету //Валеология, 2006. №2. – Б.3-4.



**А.С.ҚАСЫМБЕКОВ**

техника ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**ДЕРБЕС АҚПАРАТТЫҚ ІЗДЕНІС ҮДЕРІСТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**В статье рассмотрены методы организации самостоятельного информационно-поискового процесса научно-образовательных ресурсов в источниках.**

**The author of the article presents some methods of organization of independent information retrieval process of scientific and educational resources.**

Жоғары білікті педагог-мамандарды даярлау мәселесі бүгінгі таңда үлкен маңызға ие болып отыр. Қазіргі қоғам ЖОО бітірушіге ерекше талаптар қоюда, олардың арасында әсіресе, белсенділік және дербестік ерекше орын алады. Бүгінгі қалыптасқан жағдайдағы педагог-мамандардың дайындығын жетілдіру үдерісі көптеген себептерге байланысты жеткілікті дәрежеде күрделі болып, білім беру саласындағы ақпараттық қажеттілікті қанағаттандыру болып табылады. ЖОО-ын бітірушінің кәсіптік біліктілігін қалыптастыру нақты білімнің көлемі мен ауқымының қаншалықты екендігіне емес, қаншалықты өз бетінше білімін толықтырғанына, әр түрлі міндеттерді қойғандығына және шешкендігіне, баламалы шешімдерді ендіру қабілеттілігіне бағытталуы тиіс. Бұл мақсаттардың жетістіктері айтарлықтай деңгейде болашақ педагог-мамандардың дербес ақпараттық ізденіс дағдыларын меңгеруіне байланысты болады. Бұл өз кезегінде, оның ЖОО-дағы кәсіптік дайындығы контекстіндегі қызметтің аталмыш түрін ұйымдастыру мәселесін бірінші орынға шығарады.

Сонымен бірге студенттің жаңа білімдер мен ақпараттарды өз бетінше алу қабілетін дамыту, олардың кәсіптік тұрақты өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін үздіксіз ақпараттандырумен және қазіргі мамандықты интеграциялаумен байланыстыру маңызды рөл атқарады.

Педагог-мамандардың кәсіптік портреті құрылымдары компоненттеріне біз жүргізген талдау ЖОО-да кәсіптік дайындықтың жетекші міндеттерінің бірі студенттің бойында дербес ақпараттық ізденісі дағдыларын қалыптастыру болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Кәсіптік маңызды ақпараттарды, ақпараттық мәдениет элементтерін талдау оның кәсіптік кәсіпкерлігі мен кәсіптік дүниетанымын құрайтындардың бірі іспеттес. Кәсіптік дайындық үдерісінде педагог-мамандардың ақпараттық біліктілік шешімдерді қабылдау үшін және өзінің кәсіптік қызметі үдерісінде пайдалануға үйрету қажет. Кәсіптік дайындық табысының негізгі шарты студенттің міндеттерді шешу және нақты ғылыми жұмысты жасау үдерісінде, мәселен, реферат, курстық немесе дипломдық жұмыс жазуға дайындық кезінде студенттің бірнеше сатылардан: жасалынып жатқан мәселелер бойынша ақпараттарды іздестіруді, іріктеуді жүзеге асыру және бұл

ақпараттарды өзінің ғылыми жұмысында қолданудан өтуіне мүмкіндік беретін ғылыми-оқу ақпараттарын пайдалануы болып табылады.

Кез келген ғылыми негізделген талдау жүргізу кезінде міндетті түрде ақпараттарды тиімді өңдеу құрылысы мәселелерін шешіп алу керек. Ақпараттарды іздестіруге және өңдеуге қатысты мұндай талаптар болашақ педагог-мамандардың ғылыми-педагогикалық қызметке негізделген меңгеру шеңберінде де жүзеге асырылады. Аталмыш тектес міндеттерді ойдағыдай орындау үшін жүзеге асырылуы ақырғы қорытындысында олардың табысты шешілуіне алып келетін қызметтің басымдық түрлерін, шарттары мен факторларын бөліп алу қажет. Қызметтің мұндай түрлерінің бірі, біздің ойымызша, қазіргі таңда нақты теориялық негіздемесі жоқ және практикалық жоспарда белгілі бір қиындықтарға байланысты оның кәсіптік дайындығы үдерісінде педагог-мамандардың дербес ақпараттық ізденісін ұйымдастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мазмұнында дербес ақпараттық ізденіс мәселелері қарастырылатын жекелеген оқу пәні қарастырылмаған. Алайда, оқыту тәжірибесі көрсеткеніндей, мәселенің кейбір аспектілері «Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер» және т.б. пәндерді оқыту үдерісінде талқыланады.

Бұл сұрақтар талап етілген нәтижелерді табумен байланысты оқу пәндері бөлімдеріне кіріктірілген және болашақ педагог-мамандардың кәсіптік дайындығының қажетті элементтері болып табылады. Зерттеулер ЖОО оқу жоспарының таңдау компоненттеріне ақпараттық іздестіру пәні бағдарламасын енгізу есебінен педагог-мамандардың өз бетінше ақпараттық ізденісін жетілдіру мүмкіндіктерін көрсетті. Педагог-мамандардың және оның кәсіптік қызметі үшін қажетті негізгі білімдер, шеберліктер мен дағдылар жиынтығы талаптарын құрайтын «Информатика» мамандықтарының біліктілік сипаттамалары талданды. Соның негізінде болашақ педагог-мамандардың дербес ізденісін болжамдайтын бірқатар өзгеше функционалды міндеттерді айқындауымызға мүмкіндігіміз болды. Олардың арасында – тақырып бойынша ғылыми-педагогикалық ақпараттарды жинауды, өңдеуді, талдау мен жүйелендіруді жүзеге асыруға қабілеттілік; арнайы әдебиеттер мен басқа да ғылыми-педагогикалық ақпараттарды зерттеу негізінде ақпараттық шолулар, рецензиялар, есептер және тағы сол сияқтыларды дайындауды үйрену; қазіргі заманауи есептеу техникаларын, коммуникация мен байланыс құралдарын меңгеру; жобалау және зерттеу әдістерін білу, эксперименттер жүргізу, жаңа технологияларды пайдалана отырып, жоғары білім алудың қажеттілігін сезіну бар. Алайда, тәжірибе көрсеткеніндей, ЖОО-да болашақ маманды даярлаудың жекелеген аспектілері жеткілікті дәрежеде тиімді түрде ұйымдастырылмаған. Мұндай

аспектілердің бірі оқытушымен ұйымдастырылатын болашақ педагог-мамандарды дербес ақпараттық ізденіске дайындау болып табылады.

«Болашақ педагог-мамандардың дербес ақпараттық ізденісін ұйымдастыру» ұғымын талдау «ұйымдастыру» терминінің мағыналық маңызына сүйенеді. Ұйымдастыру (орысша – организация) сөзі гректің «эргон» – «жұмыс» және латынның organ дегенінен шыққан, бастапқыда «музыкалық аспап», кейіннен «ұйымдастыру» (организация) – функционалдық жүйедегі, немесе жүйенің өзіндегі элементтер жиынтығына айналу үдерісі дегенді білдіреді .

Бізді қызықтырған термин педагогика мен психологияда «оқытуды ұйымдастыру», «өзіндік жұмысты ұйымдастыру», «педагогикалық қызметті ұйымдастыру» және сол сияқты ұғымдарды жеке анықтаушы ретінде қолданылады [2].

«Ұйымдастыру» терминінің тұтас семантикалық екі мағынасы оны екі позиция (ұстаным) тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді: басқару позициясы және мақсатты болжамдау мен дамудың ішкі процестері позициясы. Осыдан келіп, біріншіден, ұйымдастыру бұл жоспарлау, үйлестіру, мотивация және бақылау функцияларының өзара байланысы үдерісі, және екіншіден, субъектілер тұлғасының қалыптасуы бағыттарында ұйымдық дамуы үшін және олардың қызметтерінің тиімділігін арттыру үшін жағдай жасау және талдау шығатынын көруге болады [2].

Ұйымдастырудың анықтамаларын ескере отырып, жұмысшы ұғым ретінде мыналарды қабылдаймыз: ұйымдастыру – субъектілер (студент пен оқытушы) тұлғасының мақсатқа лайық дамуы үшін жағдай жасау мен талдауды және олардың жоспарлау, үйлестіру, мотивациялау мен бақылау функцияларының өзара байланысы арқылы жүзеге асырылатын қызметінің тиімділігін жоғарылатуды болжамдайтын қызметтің ерекше тегі.

Ұйымдастыру – бұл екі жақты процесс. Педагогикалық мағынасында ұйымдастыру, бір жағынан, өзінің ішкі педагогикалық жағдайына, субъект ретіндегі жеке әрекет мүмкіндіктеріне, талдауына, сәйкестіктегі әрекеттерін жоспарлауға, педагогикалық қызметін бақылауға және түзетуге, мақсаттың ойдағыдай жетістіктеріне бағытталған педагогтың әрекеті ретінде түсіндіріледі. Ал екінші жағынан, ұйымдастыру өзіне педагогтың басқа субъект ретіндегі педагогикалық жағдайларының, педагогикалық қызметтерінің студентке бағытталған әрекетін кіріктіреді.

Н.Щуркованың жұмыстарын талдау негізінде келіп шыққан ұйымдастыру үдерісі құрылымының негізгі компоненттерін, дербес ақпараттық ізденіс үдерісін ұйымдастыру үшін қабылдаймыз. Бұл ұстаным бойынша – дербес ақпараттық ізденісті ұйымдастыру – өзіне үш негізгі компоненттер жиынтығын кіріктіруі тиіс: *білім – шеберлік – қарым-қатынас*.

- *білім* – болашақ мұғалім алдында оқыту-білім беру қызметтері

шеңберіндегі ақпараттық ізденіс объектілерінің пайда болуын, мағынасын, мәнін, олардың мазмұнын, функцияларын ашады.

• *шеберлік* – студенттің оқыту-білім беру қызметіндегі басқа да объект-субъектілермен өзара әрекеттесуде белсенді болу мүмкіндіктерін кеңейтеді, одан әрі қарай дамуына және ақиқатты қайта жасауға көмектеседі. Өзінің білімі мен шеберлігі жиынтығында ізденіс объектісін қабылдауға, онымен өзара әрекеттесуге және оны бағалауға мүмкіндік жасайды.

• *қарым-қатынас* – ақпараттық ізденіс әрекеттеріне тұлғалық мағына береді.

Жоғарыдағы «ұйымдастыру» ұғымын қарастырған теориялық ойлар нәтижесінде төмендегі құрылымдық бірліктің педагогикалық мазмұнын анықтау мүмкіндігі арта түседі. Зерттеу – «болашақ педагог-мамандардың дербес ақпараттық ізденісін ұйымдастыру» ұғымының кәсіптік дайындық контексіндегі оқытушы мен болашақ педагог-мамандардың кәсіптік білімдерді үздіксіз жаңалау және толықтырып отыру, аталмыш қызметті тәжірибелермен байыту, ақпараттық ізденісті өзі ұйымдастыруды сезіну құндылығы қарым-қатынастарын қалыптастыру жөніндегі бірлескен әрекеттерін үйлестіруді көрсетеді. Сонымен бірге аталмыш ұғымның педагогикалық мәнін тұтас талдау педагог-мамандардың дербес ақпараттық ізденісін ұйымдастыру ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

П.Пидкасистый мен Ж.Хайдаров зерттеулеріндегі тұжырымдалған дербес қызметті ұйымдастыру талаптарын, біз, педагог-мамандардың дербес ақпараттық іздестіру үдерісін ұйымдастыру әдістемесінің талаптарына төмендегідей етіп сәйкестендірдік:

• ақпараттық ізденіс мазмұнының оқу бағдарламасына сәйкестігі; студенттің дербес ақпараттық ізденісті жүзеге асырудың қолдан келетіндігі; студентті қызмет мақсаттары мен міндеттері хабарламасын кіріктіретін дербес ақпараттық ізденісті жүзеге асыруға дайындау; жұмыстарды орындау үшін қажетті тәсілдер мен дағдыларды түсіндіру; ақпараттық ізденісті жүзеге асыру барысын қадағалау және көмек көрсету; дербес ақпараттық ізденістің жүзеге асырылған нәтижесін тексеру; студенттің өзін-өзі бақылау тәсілдерін қалыптастыру.

Сонымен қатар, оқып-машықтанушылардың өзіндік қызметтерінің жаңадан өндіруші және өнімділік сипаттағы критерийлері болып қызмет жасайтын екі негізгі белгісін бөліп қарастырамыз:

• қызмет нәтижесі (өнімі) және қызмет барысының (процесс) тәсілі.

Бұл жағдайда, студенттердің өзіндік дербестік деңгейі, шешілуі тиіс мәселелердің сипатына және оларды шешудің тәсілдеріне байланысты болып, үйрену құралы білімді, шеберлікті және дағдыны меңгеру ғана емес,

сонымен бірге қызмет үдерісінің өзі де болып табылатындығын атап көрсетуге болады.

Зерттелінудегі педагог-мамандардың дербес ақпараттық ізденісін ұйымдастыру үдерісі – қолданыстағы бар ұйымдастыру мақсаттарын, педагогикалық шарттарын, әдістерін, тәсілдерін, жетістік құралдарын және сатыларын қарастырады.

Мақсат, біздіңше, болашақ педагог-мамандардың дамуы мен қалыптасуын, кәсіптік қызметіне қабілеттілігі ретінде анықталады. Мақсат жетістіктерінің практикалық міндеттері болашақ педагог-мамандардың дербес ақпараттық ізденісін ұйымдастыру біртіндеп, сатылы түрде жүзеге асырылады.

Дербес ақпараттық-ізденіс үдерісін ұйымдастыру әдістерін ғылыми-педагогикалық оқыту әдістерімен салыстыра отырып, оқыту әдісіне (И.Лернер, М.Скаткин) сәйкес келетін бірнеше циклдарға бөлдік. Өйткені, осы жіктеу негізінде білім беру мазмұнын меңгеру жөніндегі оқытушы мен студенттер қызметінің сипаттары – белсенділігі мен дербестігінің өсу деңгейлерінің мәндері бейнеленген [3].

Аталмыш тәсілді негізге ала отырып, біз педагог-мамандардың дербес ақпараттық ізденісін ұйымдастыруды шартты түрде төрт циклге бөлдік.

*Бірінші цикл* – бұл үлгі (репродуктивті әдіс) бойынша жұмыс. Ол студенттерді дербес ақпараттық ізденісі туралы білімдерді алуға қатысты сұрақтарды жариялаған әдістемелік нұсқаулармен таныстыруды өзіне жүктеуі тиіс. Бұл циклдің жұмысын орындау кезінде студенттердің танымдық қызметі келесі дербес жұмыстың неғұрлым күрделі сатыларын орындау үшін қажетті білім негіздерін меңгеруге бағытталған жеке практикалық қызметі негізінде еске түсіру деңгейі келіп шығады. Бұл цикл жұмысының басты сипаттамасы бойынша әрекеттің белгілі жалғасушылығы түрінде ұсынылған тапсырманы орындау үдерісі болып табылады. Бұл жұмыстар студенттердің дербес ақпараттық ізденісін неғұрлым жоғары деңгейде жүзеге асыруға өту үшін жағдайды қамтамасыз ететін білімнің, шеберліктің, дағдының қажетті қорларын жасайды.

*Екінші цикл* – бұл реконструктивті-вариативті жұмыстар (мәселені баяндау), студенттер орындау кезінде бірінші цикл сабақтарында алған білімі мен шеберлігін жаңадан жасауды, талдап қорытуды, қатыстыруды өткізу қажеттілігімен байланысты шарттарды алдына қояды. Бұл циклдың тапсырмасы дербес ақпараттық ізденісті жүзеге асырудың бұрыннан белгілі тәсілдеріне қарай, сондай-ақ жаңа мәселелерді шешу кезінде бірінші цикл сабақтарында алынған білімдерді, сонымен бірге әр түрлі вариациялар мен тәсілдерді пайдалана отырып, студенттердің шеберліктері мен дағдыларын жасауға бағытталуы тиіс. Студенттерде ең бастысы техникалық шешімдерді бөліп алу, өткізілген эксперимент бойынша нәтижелерді графикалық

бейнелеу, ғылыми-педагогикалық ақпараттарды іздестіру аппараттарын қолдана білу, эксперимент нәтижелері бойынша есептер құрастыру, есептік-графикалық тапсырмаларды орындау, алынған мәліметтер негізінде қорытындылар жасау шеберліктері шыңдалады. Студенттер реконструктивті-вариативтік тапсырмаларды орындау үшін тек қана белгілі бір білімдерді меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге жаңа жағдайларға бейімделе отырып, қиюластыра, қайта жасай білулері де керек.

*Үшінші цикл* – жарым-жартылай-іздестіру жұмыстары (жарым-жартылай-іздестіру әдісі). Бұл цикл тапсырмаларын орындау үдерісінде студенттер бастысын бөліп ала білу шеберлігіне, орындалатын жұмыс бойынша талдап қорытынды жасай білуге жаттығады. Сонымен бірге оқытушыны студент алдына мәселе қоюға алып барады. Оқытушының тікелей қатысуымен студенттер арасында ашық пікірталастар тудыру мүмкіндіктері туады. Оқытушы сонымен бірге не мәселені шешудің жоспар-бағдарламасын береді, не оларды шешуде студенттер қозғалысына жеңілдіктер жасайды. Немесе мәселені жеке-жеке бөліп, оның жиынтығы негізгі мәселені шешуге ықпал етеді, және осылайша, студенттер мәселені жарым-жартылай шешеді. Аталмыш цикл студенттерге іздестіру қызметінің дағдыларын алуға, зерттеу қызметінің жекелеген элементтерін игеруге көмектеседі, бірақ тұтас зерттеу өткізу тәжірибесін алуға мүмкіндік жасамайды.

*Төртінші цикл* – дербес жұмыс (зерттеу әдісі), оның мақсаты – тапсырмаларды орындау негізінде дербес ақпараттық ізденісі тәжірибесін одан әрі дамыту.

Бұл жағдайда оқытушылар міндеті болашақ педагог-мамандарды баяндамаларда және жазбаша хабарламаларда дербес ақпараттық ізденісі нәтижелері туралы ақпараттармен алмасуға үйретумен қорытындыланады; олардың бойында өз көзқарастарын дәлелдей білуді, өз топшылауларын қорғай білуді қалыптастыруы тиіс. Сонымен бірге оқытушы іздестіру үдерісіне бағыттайды.

Бұл циклдің тапсырмасы педагог-мамандардың оқу-кәсіптік мәселелерді алдына қоюға және шешуге қарым-қатынастық қызығушылығын, ойлау, объективтілік дербестігін қалыптастырады. Студенттердің мәселені қоюдағы және нақты пікірталастар үдерісіндегі оларды шешу нәтижелері мен пікірлесу барысындағы мінез-құлығын түзету дағдыларын жасауға, талқыланып отырған сұрақтар бойынша көзқарастарын, идеяларын, білімдері мен тәжірибелерін еркін алмасуға мүмкіндік береді. Педагог-мамандардың дербес ақпараттық ізденісін ұйымдастырудың табысы мен тиімділігі, сондай-ақ, оқытушылардың оны ұйымдастырудың вариативті формаларын шебер пайдалануына да байланысты.

Ғылыми-педагогикалық зерттеулерде ұсынылған «оқытудың ұйымдастырылған формалары» ұғымының әр түрлі түсіндірмелерін дербес ақпараттық ізденіс үдерісінде қолданамыз. «Оқытуды ұйымдастыру формасы – бұл мұғалім мен оқушының өзара әрекеті ерекшеліктері, басқару мен өзін-өзі басқару ара қатысы, оқыту орны мен уақыты ерекшеліктері, оқушылар саны, мақсаты, құралдары, оқыту әдістері мен нәтижелері мазмұны тұрғысындағы оқыту үдерісінің тұтас жүйелік сипаттамасы [4].

Дербес ақпараттық ізденіс үдерісін ұйымдастыруда Т.Давыденко, Т.Шамова, Г.Шибанов ұсынған оқытудың ұйымдастырылған формасын қабылдап [5], оларды төмендегі ортақ мақсаттарға біріктірдік:

*Жаңа білімді меңгеру* – лекция, практикум, зертханалық жұмыс. *Алған білімді баянды ету, дағдылар мен шеберлікті қалыптастыру* – практикум, зертханалық жұмыс, семинар, кеңес беру. *Жаңа жағдайлар кешенінде мақсатқа лайық шеберлікті шыңдау, білімді өз бетінше алу* – семинарлар, диспуттар, пікірталастар. *Жеке білімді талдап қорыту және оларды жүйелендіру* – конференциялар, талдап қорытатын материалдар бойынша сабақтар, семинарлар. *Білімді, шеберлікті, дағдыны меңгеру деңгейін анықтау* – білімді бақылау және түзету жөніндегі сабақтар, коллоквиум, семинар-сынақ, білімді қоғамдық қарау.

Дербес ақпараттық ізденіс үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін тұтас ұғыну үшін олардың кестеде көрсетілген сипаттамаларын қарастырамыз.

Дербес ақпараттық ізденісті ұйымдастырудың қажетті құралы оқытушы тарапынан бақылау жасау болып, сонымен бірге ізбе-із, ең бастысы, өз уақытында жүзеге асырылады және дербес ақпараттық ізденіс нәтижелері, студенттер жұмысының тиімділігі туралы пікір айтуға мүмкіндік береді. Сол кезде оқытушы рөлі бақылаудың сан-алуан түрлерін қолдана отырып, студентті мәжбүрлеп емес, керісінше оны кәсіптік білімдерін өз бетінше жаңарту және толықтыру бойынша жүйелі жұмысқа талаптандыру арқылы арта түседі.

Мәселен, оқытушы бастапқы сатыда көмекші рөлінде шығады, сенімді диалог кезінде оқытушыға бұл қызметтің тиімді түзетілуінің бастапқы шарты болып табылатын пайдаланушының дербес ақпараттық ізденісін жүзеге асыруда қиыншылықтарды тудырады. Мұндай бақылау пайдаланушының дербес ақпараттық ізденісі дайындығының негізгі деңгейін неғұрлым нақты көрсете алады. Студенттердің оқытушы тарапынан психологиялық-педагогикалық қолдау жағдайында өз қызметін шынайы бағалауға, соңғы нәтижесі үшін жауапкершілігін ұғынуға мүмкіндігі бар. Дербес ақпараттық ізденіске дайындығы дамуының шаралары бойынша бақылау функциясы оқытушы тарапынан төмендейді және студент тарапынан өзін-өзі бақылау ауыстырылады.

Сонымен, біз оқыту әдістеріне сәйкес, кәсіптік дайындық үдерісіндегі педагог-мамандардың дербес ақпараттық ізденісін ұйымдастыру сатыларын анықтадық. Ол сатылар – *бағдарлау, қатыстыру, белсенділендіру* деп аталады. Әрбір саты өзіне мыналарды кіріктіреді: педагогпен белгілі бір міндеттерді шешу, педагогикалық әрекеттерді жүзеге асыру, сәйкес формалар мен әдістерді, сондай-ақ болашақ педагог-мамандардың қызметінде пайда болған нәтижелерді пайдалану.

**Педагог-мамандардың дербес ақпараттық ізденісін ұйымдастыру сипаттамалары**

Әдіс	Форма	Оқытушы қызметі	Студент қызметі	Нәтиже
Репродуктивтік	Әңгіме, лекция зертханалық жұмысты түсіндіру, практикум	Дайын ақпаратты хабарлау	Еске түсіру. Оқытушы тапсырмасы бойынша қызмет тәсілі	Студенттердің дербес ізденісті неғұрлым жоғары дәрежеде жүзеге асыруға өтуі қамтамасыз етіледі: білімді меңгеруі және дербес ақпараттық ізденісі шеберлігі
Мәселені мазмұндау	Практикум, Зертханалық жұмыс, семинар. Кеңес беру	Мәселенің қойылуы, шешілуі, мазмұндау қисынын көрсету, міндетті шешу жолы	Дербес ақпараттық ізденісі дағдысы шеберлігін жасау; материал мазмұндамасы қисынын игеру.	Дербестіктің пайда болуы, білімді бекіту және дербес ізденіс шеберлігі
Жарғылай іздестіру	Пікірталас семинарлар диспут	Мәселенің қойылуы; Тапсырманы құрастыру.	Бастысын бөліп алуды білу, орындалатын жұмыс бойынша қорытынды жасай білу.	Іздестіру қызметі дағдысы, жаңа жағдайлар кешенінде білімді дербес, мақсатқа лайық қолдана білу
Зерттеу	Конференция, талдап қорыту семинарлары	Мәселенің қойылуы	Мәселені өз бетінше шешу	Дербес ақпараттық ізденісті жүзеге асыру

Дербес ақпараттық ізденіс үдерісін сатылап ұйымдастыру: бағдарлаудан қатыстыруға және белсенділендіруге, кәсіптік білімді үздіксіз жаңалауға және толықтыруға құндылықтық қарым-қатынасты қалыптастыру, дербес ақпараттық ізденіс тәжірибесін байыту, дербес ақпараттық ізденісті өзі ұйымдастыруды ұғыну жөніндегі оқытушы мен студенттердің бірлескен әрекеттерін үйлестіруді көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Басова Т.Б.* О некоторых аспектах совершенствования профессиональной педагогики будущего специалиста / Т. Б. Басова. - Режим доступа: [crimlaw@rambler.ru](mailto:crimlaw@rambler.ru)
2. *Андрюченко А.В.* Приобщение личности к научно-исследовательской деятельности: монография / А.В.Андрюченко, В.В.Игнатова, Л.Г. Деянова. - Красноярск, 2002. - 147 с.
3. *Гулидош И.В.* Педагогич. основы адаптации будущих учителей к информационным технологиям в образовании: автореф. дис. канд. пед. наук: 13.00.01 /И.В.Гулидош. - Новокузнецк, 2000. -22 с.
4. *Андреев В.И.* Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития / В.И.Андреев. - Казань, 2000. -340 с.
5. *Беспалько В.П.* Педагогика и прогрессивные технологии обучения /В.П.Беспалько.-М., 1995. - 122 с.



**Б.Т.ҚАБАТАЙ**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Абай атындағы ҚазҰПУ

**«АНА ТІЛІ» МАЗМҰНЫНДАҒЫ МӘТІНДЕРДІ КОНЦЕПТ  
ТҰРҒЫСЫНАН ТАЛУ**

**В статье рассматриваются тексты в аспекте концепта в учебниках «Ана тілі». Анализируются познавательные и художественные концепты в тексте.**

**This article reveals texts from the “Native Speech” textbook in the aspect of concept. Some cognitive and art concepts in the text have been analyzed as well.**

Когнитивтік психология саласындағы басты бағыттардың бірі тіл мен адам санасын біртұтас жүйе тұрғысынан қарастыру болып табылады. Тілді когнитивтік тұрғыда зерттеу әлемдік тіл білімінде М.Минский, Г.Филлмор, Дж.Локоф, Э.Кассирер, Б.С.Мейрах, В.А.Маслова, Е.С.Кубрякова еңбектерінде көрініс тапқан. Олар сан ғасырлық тілдік білімді адам миының жемісі ретінде бағалап, күрделі құрылым, жүйе ретінде кешенді сипаттайды. Зерттеушілер көркем әдебиет стиліндегі, көркем мәтін құрамындағы концептілерді екі қырынан қарастырып келеді:

- танымдық концепт;
- көркем концепт.

Зерттеушілердің пікірінше: «танымдық концепт – жалпы түсінік беру, ұғым беру қызметін атқаратын сөздер тобын құраса, көркем концепт – бейнелі сипат беру қызметін атқаратын сөздер тобы» [1.78]. Танымдық концепт пен көркем концепттің өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктерін зерттеушілер былай топтастырады:

– танымдық концептісіне жалпылық, көркем концептісіне – жекелік сипат тән.

– таным концептісінде сезім, қалау сияқты иррационалдық құбылыстар аз қатысады. Көркем концептіде кешенді құбылыс басым, онда ұғым тудыру, түсінік қалыптастыру, сезім, эмоция байқату, еркін бейнелеу әрекеттері араласып жатады.

– таным және көркем концептілердің айырмашылығы ондағы ақиқаттың болу, болмау мүмкіндігінде. Таным концептісінде берілген ұғым ақиқатқа негізделеді және логика заңдарына сүйенеді. Ал көркем мәтіннің элементтері бөтен біреудің логикасына, көркем ассоциативтіліктің шынайы прагматикасына фиксация, жалған ойлау әрекетіне негізделеді. Бірақ көркем концептіде заңдылық пен талап болмайды деп түсінбеу керек. Ондағы заңдылық жеке тұлғаның өз заңы, өз талабына негізделеді [2.80]. Сонымен қатар көркем мәтіндегі концептілерді айқындау барысында концептуалдық талдау үшін ұсынылған төмендегі үлгі біздің зерттеу жұмысымыздың методологиялық негізін құрайды:

- мәтіндегі тірек сөздердің тізбегін қалыптастыру;
  - олардың концептілік кеңістікті бейнелеу дәрежесін анықтау (бейне, символ, метафора);
  - осы кеңістіктің базалық концептілерін айқындау;
  - көркем шығармадағы концептілер белгілі бір жағдаят төңірегінде қолданылатындықтан, басты назарды сол жағдаят аясындағы концептінің қызметіне аудару;
  - энциклопедиялық және лингвистикалық сөздікке сүйене отырып, ұлттық танымдағы тілдік дүниетаным мен әлемнің тілдік дүниетаным мен тілдік бейнесінің тұжырымдарын анықтау;
  - сөздердің түп төркініне үңілу, олардың ерекшеліктерін ескеру [3.45].
- Көркем мәтіннің концептуалдық аясы оны құрайтын тірек мағыналардың ортақ қасиеттерінің бір шеңберге топтасуынан, ортақ семантикалық өріс құруынан көрінеді. Ол өріс көркем мәтін арқылы кейіпкер танымындағы әлемдік бейненің өзегін көрсетеді.

Е.С. Кубрякова көркем мәтіндегі когнитивті–пропозициялық құрылымды (КПК) анықтау үшін концептуалдық мәні бар бір семантикалық өріске қамтылған предикатты сөздерден іздеуді ұсынады.

Концептілік жүйе – кейіпкерлер тіліндегі тілдік бірліктер арқылы көрініс тапқан кейіпкерлердің ойы, қиялы, болжамы, өмір, әлем, тіршілік жөніндегі концептуалды тұжырымдары. Концептілік жүйе кез келген ақынның, жазушының, қаламгердің туындыларында болатын тілдік құбылыстар.

Балалар әдебиеті шығармалар тіліндегі концептілерге талдау жасау барысында, ең алдымен, концептуалды жүйенің шартты белгісін құрайтын тіл бірліктері – тезаурусты талдау қажет. Тезаурус дегеніміз: «белгілі бір салаға қатысты бірнеше ұғымның талдануы мен қатысын көрсететін семантикалық сөздік» (Ю.Н.Караулов). Қазақ тіл білімінде зерттеуші Қ.Жаманбаева тезаурусты: «дүниенің тілдік моделі» деп атап, оның қалыптасуындағы уәждік деңгейлерді адамның ішкі жай–күйінің қажеттіліктерімен байланыстырады. Көркем шығармадағы жазушының, қаламгердің танымына сай форма іздеуге қатысты тезаурусты «ізденіс моделі» деп те атайды [4.6]. Көркем шығармадағы концептілердің табиғатына бару үшін тезаурус түзу арқылы жазушының «тіл әлеміне» енуге болады. Сол «тіл әлемі» арқылы автормен оқырман арасында байланыс түзіледі.

Балалар әдебиеті шығармаларындағы концептілер жүйесі семантикалық өріс негізінде жасалады. Семантикалық өріс аясынан концептуалды өріс түзіледі. Балалар әдебиеті шығармаларындағы концептілерді талдауда ең алғаш олардың өзегін анықтайтын сөзге, яғни өзек семаға назар аударылады. Сол өзек сема арқылы бірте–бірте концептілер тізбегі түзіледі.

Сонымен, концепт – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін ұғым. Концепт ұғымын анықтауда оны:

- белгілі бір ұлттың мәдени деңгейі мен менталитеті (Ю.С.Степанов). Осы көзқарасты В.Н.Телия қостайды;

- санадағы дүниенің мәнді бейнесі (Д.С.Лихачев, Е.С.Кубрякова).

- тікелей тілдік таңбалардың мағынасына тәуелділігі (Н.Д.Арутюнова, Т.Б.Булыгина, А.Д.Шмелев) деп түсіну орын алған.

Концепт ұғымы тіл білімінде тұрақты анықтамаға ие болмай отыр. Оның себебі, бұл ұғымның мағынасы ақиқат дүниенің бар болмысын қамтып, күрделі көп құрылымнан тұруына байланысты. Бұл құрылым сөйлеушінің ойлау, түсіну әрекеті арқылы жүзеге асып қоймай, мәңгілік толығу, талқылау үстінде жүреді. Дегенмен, берілген анықтамаларға сүйеніп концепт ұғымының басты белгілерін анықтауға болады:

1. Концепт – адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі;
2. Білімді тарату, сақтау және оны өңдеудің негізгі бірлігі;
3. Концепт нақты қызметке және жылжымалы шекараға ие;
4. Концепт әлеуметтік сипатқа ие;
5. Концепт – белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы.

Сондай-ақ тілдік таңбаға ие болған концептінің төрт түрлі қызмет атқаратынын да атап өткен жөн:

- 1) дүние (зат, құбылыс) туралы ақпараттың мазмұнын анықтайды;
- 2) оны санаға (адам миына) жинақтайды;
- 3) еске сақтайды;
- 4) сөйлеу кезінде қайтадан жарыққа шығарады (Қалиев Б.).

Біздің зерттеуімізде концепт ұғымы құндылық бағдары ұғымымен анықталады.

*Құндылық* – мәдениеттің ең негізгі сипаттарының бірі, «объектінің жағымды немесе жағымсыз сипаттарын білдіретін философиялық-әлеуметтік ұғым» [5.124]. Құндылық ұғымын алғашқы анықтаған Р.Лотце мен Г.Коген пікірлерінше, ол объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екенін айқындайды. Профессор Қ.Жұбанов тіл мен таным проблемаларын зерделеу барысында әрбір тіл иесінің сол тілді тұтынған кезде қоршаған ортаға құндылық көзқарасымен қарайтынын айтады. Қандай да бір заттың аты тек өзінің номинативтік қызметімен ғана шектелмейді, сонымен бірге сол заттың өзін де танытады. Ал тану, яғни сол заттың қасиеттерін анықтау үрдісі белгілі бір халықтың даму ерекшеліктері аясында жүзеге асатындықтан, тілдік ұжым өмір сүрген нақты жағдайлармен шарттас болады. Қайсыбір ұжым, не сол ұжымның өкілі заттар мен құбылыстарды күнделікті тіршілік тәжірибесі арқылы өзіне қажетті деген жағынан танып, өзіне әуелден таныс заттармен, құбылыстармен байланыстырады. Қ.Жұбанов бұл туралы «адам өзінің тіршілік тартысында ұшырасып, пайдасын я зиянын көрген нәрселерді ғана елеген, соларды ғана білген» [6.150] деп дәл көрсетіп айтқан. Зат танылғаннан кейін оған белгілі бір ат таңылады. Аты қойылған зат өмір шындығы мен ақиқат болмыстың абстракциялану жолымен тілдік айналымға еніп, халықтың тұрмыс-тіршілігінен, еңбек тәжірибесінен, наным-сенімінен хабар беретін белгілі бір сөз атаулары

түрінде санаға бекиді. Профессор Қ.Жұбанов бұл құбылыстың тілдік табиғатын былайша түсіндіреді: «Сөз деген – зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің білген затының, білген құбылысының ғана аты. Ел-елдің білгені де білмегені де толып жатыр. Мәселен, шөптер мен жәндіктердің көбісінің аты тілімізде жоқ. Өйткені олар бізге көп аса кездеспеген, кездестірсек те елемегенбіз. Айталық, шөптердің ішінде мал жейтіндерін, отын болатынын, не дәрі болатындарын біледі де, соларға ат қояды. Танымаған кісінің атын білмегеніміз сияқты білмеген нәрсенің аты да тілімізде болмайды» [6.152]. Жалпы сөздің құндылық бағдары прагматикалық қызмет атқаратын тілдік құрал ретінде прагматикалық лингвистикада қарастырылады. Прагматика тілдік қарым-қатынасқа қатысушының тілді қандай мақсатта қолданып тұрғанын зерттейді. Аталған саланың тілдік құралдарды қарым-қатынас жасаушылардың сана-сезіміне, іс-әрекетіне әсер етуі тұрғысынан қарастыруы көркем мәтіндегі сөздердің психологиялық қабылдануын қарастырып отырған біздің көзқарасымызбен үндеседі. Көркем мәтіндегі сөздің қабылдануы субъектінің құндылық бағдарымен, атап айтқанда оның өз тәжірибесі тұрғысынан бағалай алу іс-әрекетімен тығыз байланысты. «Баға беру, бағалау - адам тарапынан жасалынатын саналы әрекет. Бағалау-бағаланып отырған зат, құбылысқа деген көзқарастың не оң (пелиоративті), не теріс (мелиоративті) екендігін субъектінің позициясы тұрғысынан білдіретін әрекет» [7.129]. Қазақ тіл біліміндегі бағалаушы мәселесі жөнінде Р.Сыздық мынандай түсініктеме берген: «Соны сөздерді өмірге келтіріп отырған үшінші фактор «бағалаушы» сөздерді қажет етуімізге байланысты. Әдетте атаушы сөздер қолданылу мақсатына қарай термин сөздер мен бағалаушы сөздер болып ажыратылады. Алдыңғылары белгілі бір ұғымның нақты ресми сұрақтары болса, соңғылары кейбір заттар мен ұғымдардың бейнелі (ресми емес) атаулары болып келеді» [8.6].

Бастауыш сыныптардағы «Ана тілі» пәнінің жалпы мазмұнын ұлттық-мәдени концептілер жүйесі құрайды. Ұлттық құндылықтарымыздың басты тақырыптарының концептілік жүйесіне нақты мысал келтірейік (2-сыныпқа арналған «Ана тілі» оқулығындағы көркем мәтіндер бойынша):

Оқулықтағы көркем мәтіндегі ұлттық-мәдени концептілердің жалпы бейнесі	Мәтіннің авторы, аты
Туған тіл – қазақ тілі – қасиетті тіл – бабам тілі – анам тілі, т.б.	М.Мақатаев. Отан туралы Д.Әбілев. Туған тілім, т.б.
Туған жер – ұлы отан – туған өлке – жайлы қоныс – ең бір жақсы мекен, т.б.	Ж.Смақов. Отан Ө.Тұрманжанов. Туған өлкем С.Жүнісов. Кімнің мекені жақсы? т.б.
Туған халық – қазақ халқы – ел билеген хандар (Абылай) – ел қорғаған батырлар (Райымбек, Бауыржан, Мәншүк, Әлия) – от ауызды шешендер (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би) – ел намысын ту еткен ақындар, ғалымдар, ғарышкерлер, спортшылар (әл-Фараби, Абай, Ыбырай, Токтар, Бекзат), т.б.	М.Әуезов. Әбілмансұр Атан түйе шөккен жер (ел аузынан) Ғ.Ғайырбеков. Алғашқы қонырау М.Әуезов. Бала Абай Ғ.Ғабдуллин. Батырдың мінезі Н.Жүсіп. Гиннес кітабына кірген қазақ Қ.Рысбекұлы. Бекзат, т.б.

1-кесте. «Ана тілі» оқулығындағы көркем мәтіндерде жалпы ұлттық – мәдени концептілердің берілуі

Сонымен, құндылық адамның рухани әлемінің негізін құрайды. Олар адамның сезімін, ойын, еркін біртұтас бірлікке келтіреді және адамды қалыптастыруда шешуші роль атқарады.

Ұлттық болмыстың түп негіздерін іздегенде, барлық құндылықтардың тәрбие мен білімге тірелетінін көреміз. Тәрбие мен білім туралы сөз қозғағанда, олардың мәнін неге және қалай оқыту туралы, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың тәрбие мен білім аясындағы өзара үйлесуін айтамыз. Ұлттық болмыс көрінісі, саяси, адамгершілік, эстетикалық, діни, тәрбие, сана, басқа да дәстүрлі мәдени–рухани көзқарастар жүйесі ұлттық дүниетанымды құрайды. Ал ұлттық білім болса – білім мазмұнындағы ұлттық дүниетаным. Ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық рухтағы тұлға төлтума құндылықтарын әлемдік құндылықтармен ұштастыру арқылы өркениетке жол табады.

Тәрбие мен оқытуда жаңа құндылықтарды бағалау жүріп жатыр. Құндылықтарға тәрбиелеу – тек педагогикалық мәселе емес, біле–білсек, бұл – қоғамның даму мәселесі. Бұл екеуін қоғамнан бөліп алып қарауға болмайды.

Қазіргі Қазақстанда тәрбиенің идеалы:

а) Қазақстан азаматын – жерін, елін, Отанын сүйетін, халқының құндылықтарын жоғары қастерлейтін; ә) өмірде алдына мақсат қоя алатын; б) өз ісінің профессионалы; в) қоғамның және онымен бірге өзі тұлға ретінде дамуға жетелейтін идеяны жақтаушы; г) заңды құрметтейтін; д) салауатты өмір салтын сүйетін дені сау; е) ертеңіне сеніммен қарай алатын адам етіп тәрбиелеу.

Білім беру үрдісінде ұлттық тәрбие берудің рөлін көтеруде құндылық оның қайнар көзі болып табылады. Ендеше, бастауыш сыныптардағы «Ана тілі» пәні мазмұнында көркем мәтіндердегі концептілерді ұлттық құндылықтарымыз тұрғысынан тану ұлт азаматтарының тұлғасын қалыптастырудың нақты жолы, темірқазығы деп тұжырымдауымызға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әмірбекова А. Көркем мәтінге концептуалдық талдау жүргізу үлгілері // Академик Р.Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері: конф. мат. – Алматы: Арыс, 2004. – 224 б.
2. Әзімжанова Г.М. Көркем мәтіндегі доминант//Тілтаным. №4. - 2004.
3. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. Минск: Тетра Системс, 2004.С.80
4. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы: «Ғылым», 1998. – 140 б.
5. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2004.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999.
7. Момынова Б.Қ. Бағалауыштың құрылымы жайында. ҚазҰУ «Хабаршысы». Филология сериясы. 2001. №11(45)
8. Жаңа атаулар. 1-кітап. Алматы, 1992.

**Р.Б.АБДРАХМАНОВ**

кандидат технических наук  
МКТУ им. А.Ясауи

**У.Б.ЖЕНСИКБАЕВА**

магистрант МКТУ им. А.Ясауи

**Г.П.АКИМИШЕВ**

Старший преподаватель университета «Сырдарья»

## **ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОЦЕНКИ ИНВЕСТИЦИОННОГО КЛИМАТА**

**Бұл жұмыста аймақтың инвестициялық климатын бағалаудағы әлеуметтік психологияның ролі қарастырылады.**

**The article deals with the social and psychological role of estimation of the regional investment situation.**

Понятие инвестиция произошло от латинского «investire» - облагать. В эпоху феодализма инвеститурой назывался ввод вассала во владении феодалом. Этим же словом обозначалось назначение епископов, получивших при этом в управление церковные земли с их населением и право суда над ними. Введение в должность сопровождалось соответствующей церемонией облачения и наделения полномочиями. Инвеститура давала возможность инвеститору (или говоря современным языком, инвестору) не только приобщить к себе новые территории для получения доступа к их ресурсам, но и участвовать в управлении этими территориями через облеченных полномочиями ставленников с целью насаждения своей идеологии. Последняя с одной стороны оправдывала интенсивную эксплуатацию населения территорий позволяла увеличивать получаемый с этих территорий доход, а с другой стороны, выступала в качестве развивающего фактора.

Именно из этих определений вытекает социально-психологические аспекты инвестиции. С другой стороны под инвестициями стали понимать денежные вклады, паи, акции и другие ценные бумаги, технологии, машины, оборудования, лицензии в том числе и на товарные знаки, кредиты, любое другое имущество или имущественные права, интеллектуальные ценности и т.д. [1].

Таким образом, согласно определению «инвестиции» - это совокупность затрат материальных, трудовых и денежных ресурсов направленных на расширенное воспроизводство основных фондов всех отраслей экономики. Основные теоретические направления инвестиционной политики заключались в формировании благоприятной среды, способствующей повышению инвестиционной активности негосударственного сектора, привлечение частных отечественных и иностранных инвестиций, а также государственная поддержка важнейших жизнеобеспечивающих производств и социальной сферы при повышении эффективности капитальных вложений.

Это составная часть социально-экономической политики, которая отражает социально-психологическое регулирование инвестиционного климата региона [2].

Для анализа условий использования инвестиций в экономике традиционно применяется понятие «инвестиционный климат». Им характеризуют степень благоприятности ситуации, складывающейся в том или ином регионе, отрасли для инвестиции, которые могут быть там сделаны. В общем виде он может быть представлен как совокупность нормативно-правовых, социально-психологических, экономических и экологических условий, определяющих тип и динамику воспроизводственного процесса в регионе, обеспечивающих надежность возврата и эффективность вкладываемых средств. Понятно, что все это зависит от социальной психологии региона. Если потребность в инвестициях не существует зачем тогда инвестировать этот регион. Без учета этого фактора нельзя вкладывать инвестиции в этот регион. Конечно в определении понятие «инвестиционный климат» эти факторы играют существенную роль. Вместе с тем существуют различные трактовки этого понятия. Дискуссионными остаются и вопросы, касающиеся факторов, определяющих инвестиционный климат и методы их соизмерения при построении обобщенных интегральных оценок. Так инвестиционный климат можно определить как «набор параметров, характеризующих потенциал региона по освоению инвестиций и риск их реализации» (рис.1).

Оценка инвестиционного климата может являться также и рыночным индикатором эффективности размещения инвестиций на территории выбранного региона. Далее, этот климат рассматривают как совокупность социально-психологических, организационно-правовых условий и факторов, с одной стороны содействующих инвестиционной деятельности, а с другой – препятствующих ей. Указанные категории не обязательно должны иметь региональный масштаб и характер. Во всяком случае основой инвестиционного климата любой таксономической единицы (регион, страны, области) всегда является макроусловия и макрофакторы, которые в свою очередь лишь корректируются социально-психологическими особенностями территории. Все большее значение в динамичной современной экономике приобретает такой признак инвестиционного климата, как *инвестиционная активность*, которая характеризует способность региона генерировать и транслировать инновации.




Рис.1. Параметры характеризующие инвестиционный климат


Этот аспект социальной психологии является активирующим фактором порождения потребности в инвестиции. Регионы с благоприятной инновационной средой всегда имеют более высокий рейтинг инвестиционного климата, в них не только зарождаются инновации, но и размещаются центры принятия управленческих решений несмотря на то, что характеристика социальной психологии региона не оказывает решающего воздействия на инвестиционный климат. Пассивная к развитию социальная психология чаще всего «отталкивает» потенциальных инвесторов, хотя при определенных условиях они же имеют и несравненно более значительные шансы в привлечении зарубежного капитала.

Инвестиционная активность региона тесно связана с динамичностью социальной психологии людей живущих в этом регионе [3].



*При оценке инвестиционного климата без учета ориентира социальной психологии региона инвестор может допустить большую ошибку.*

Базовой характеристикой инвестиционной привлекательности региона является инвестиционный потенциал определяемый социально - психологическим состоянием региона. А инвестиционный климат в свою очередь условия реализации инвестиционного потенциала с известной степенью инвестиционного риска – ограничителя принятия инвестиционных решений [4]. При этом основной психологический закон на которой мы можем положиться при оценке инвестиционной активности не только аргіогі, исходя из нашего знания человеческой природы, но и на основании детального изучения опыта, состоит в том, что люди склонны, как правило увеличивать свои потребления с ростом дохода, но не в той же мере, в какой растет доход [5]. С другой стороны, активизация социальной психологии в направлении увеличения дохода, способствует порождению инвестиционного климата [6,7]. Такая зависимость показана на рисунке 2.



**2 рис. показана зависимость улучшения инвестиционного климата от активизации социальной психологии.**

Радикальные преобразования экономики привели к тому, что практически перед каждой организацией встала проблема определения путей и способов адаптации к новым инвестиционным условиям зависящим от сложившегося инвестиционного климата. Неопределенность, присутствующая в задачах оценки инвестиционного климата, характеризуется размытостью используемых мнений и оценок экспертов, неполнотой и нечеткостью информации об основных параметрах и условиях анализируемого климата. Таким образом, неопределенность, приводящая к значительному повышению сложности задач оценки инвестиционного климата, порождается множеством факторов социальной психологии региона. Сочетание этих факторов на практике создает обширный спектр различных видов неопределенности.

Но возможности решения задачи оценки инвестиционного климата, в силу их природной неопределенности, в рамках методов, пригодных к применению в условиях определенности или предположении только о стохастическом характере факторов определяющих инвестиционного климата или предположении только о стохастическим характере социально психологических факторов с известным законом распределения, ограничены, что в условиях неоднозначно определенных параметров, присущих рыночной психологии, дает во многих случаях неадекватное решение [8]. Использование методов математической статистики затрудняется тем, что оценочные решения приходится принимать в условиях неопределенности, дефицита ресурсов, времени и информации [9].

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Авдокушин Е.Ф., Борисов А.Н., Алексеев А.В., Меркурьева Г.В. Обработка нечеткой информации в системах принятия решений. – М.: Радио и связь. 1989. – 304 с.
2. Бузырев В.В., Васильев В.Д., Зубарев А.А. Выбор инвестиционных решений и проектов: оптимизационный подход. – СПб.: Изд-во СПбГУЭФ, 1999. – 224 с.
3. Виленский П.Л., Лившиц В.Н., Смоляк С.А. Оценка эффективности инвестиционных проектов. Теория и практика. - М.: Дело, 2004. – 888 с.
4. Воцинин А.П. Задачи анализа с неопределенными данными – интервальность и/или случайность? // Интервальная математика и распространение ограничений: Рабочие совещания. – МКВМ-2004. - с.147-158.
5. Бирман Г., Шмидт С. Экономический анализ инвестиционных проектов. – М.:Юнити, 1997. -345с.
6. Ward T.L. Discounted Fuzzy Cashflow Analysis // Proceedings of Fall Industrial Engineering Conference, 1985. -pp.476-481.
7. Кейнс Дж. Общая теория занятости, процента и денег. М.,1978.
8. Ибрагимов Б.Б., Акимшиев Г.П. Алгоритм определения инвестиционной потребности и инвестиционных ресурсов региона. Туркестан, МКТУ, №4-5, 2010. -с.№72-77.
9. Рустамов Н.Т., Асангазиев Р.М., Анарбаев Ж.О. Инструментарий для выявления индикаторов для определения инвестиционного климата// Астана: Вестник науки КАУ им. С.Сейфулина, №1 (2) /2009, с.449-455.

**К.М.ЖЕТИБАЕВ**

тарих ғылымдарының кандидаты,  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің профессоры

## **МАМАН ДАЙЫНДАУДАҒЫ БІЛІМНІҢ ЖАҢА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**В этой статье рассматриваются вопросы формирования личности и внедрение новых ценностей образования в подготовку современных специалистов.**

**This article deals with some matters of formation of an individual and with introduction of new values of education into the process of training contemporary specialists.**

Білім әрқашан қоғамның өзгеруімен, білім мазмұны және технологияларымен бірге қалыптасады. Білім құндылықтары адамның белгілі бір уақытында, осы заманғы тұлғаның мақсат бағдарлы үдерісі арқылы, үдерісті қоғамдық қатынастар мен жаңа әлеуметтік құндылықтар біртұтас әлеуметтік болмыс болып түзіледі.

Тәуелсіздік жылдары елде жаңа әлеуметтік-саяси жағдай қалыптасып, ол білім өзгерістеріне, қоғамдық даму дәстүрін, әсіресе жастар қатынасының өзгеруіне себепші болды.

Маман дайындаудың мемлекеттік бағдарламасы, оны іске асыру шаралары қоғамда жетілген тұлғаның қалыптасуына ықпал етуші осы заман білімінің жоғары құндылықтарын түсінудің жаңа беттерін ашты, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етті. Мемлекеттік бағдарламаның идеялары мен тұжырымдарын Қазақстан Республикасының Президенті өз жолдауларында білімнің әлеуметтік және тұлғаның бағыт-бағдарларын, құндылықтарын ашып берді. Олардың бәрі шынайы білімдік үдерісте, оның ұйымдасуында және әсіресе білім мазмұнында, мемлекеттік білім стандартында, оқу жоспарлары мен бағдарламаларында, оқулықтарда, оқу-әдістемелік әдебиеттерде еніп, үздіксіз білімнің әр саласында Ұлттық бағдарлама тарапынан белгіленген нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

Дамыған, қуатты демократиялық мемлекет азаматтық қоғам құруға бағытталған стратегиялық мақсат, мемлекеттік және қоғамдық құрылыстар аймағындағы бірізді, мақсат бағдарлы шаралардың іске асу жолдарын айқындайды. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан халқы экономикалық және әлеуметтік салада, қоғамның рухани-инабаттылық жаңалану аймағында үлкен жетістіктерге қолдары жетті. Нәтижесінде жаңа әлеуметтік болмыс, қоғамның жаңа рухани және адамгершілік құндылықтары қалыптасты.

Ең алдымен Тәуелсіздік жағдайында Қазақстан халқында білім жүйесін дамытудың өз жолын таңдау мүмкіндігі ашылды, өсіп келе жатқан әулетті тәрбиелеудің өзіндік бағдары белгіленеді. Бұл жол бай да, өзіндік ерекшелігі бар халық дәстүрінде, жалпы адамзаттық құндылықтарды, педагогикалық бүкіл әлемдік және Отандық жетістіктерін сүйніш етеді.

Маман дайындаудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты, оның өзегі- Ұлттық модель – үздіксіз білім жүйесінің бірегей құрылымы. Бұл –

тәуелсіздіктің жемісі, жаңаланудағы қоғам мен оның құндылықтарының орасан табысы.

Қоғам және білім құндылықтары, оның әлеуметтік институттары секілді ұдайы ауысып барады, әрі нақтыланады. Алайда ғасырлар барысында бұл ауысымдардың үдерісті желісі өзгерген емес. Оның терең мәні - адамға оның құқығына, еркі мен мұраттарына, тіршілік жасау мен әрекеттігіне, қоғамдық қатынастарына деген бағыттылығы ешқашан жойылған емес. Бүгінгі күнде елдегі жағдай, жалпы адамзаттық сипат алып, ұлттық-мәдени құндылықтардың біртіндеп дамуы мен оның мазмұнына шынайы енуде, оның ізгілікті және мәдени мақсаттарына қызмет етуде.

Қоғам және тұлға білімді мақсат, үдеріс және нәтижесі тұрғысынан бағалауда. Аталған категориялар әлеуметтік және тарихи себепті байланыстарда болады. Өз дамуының әр кезеңінде қоғам білім алдында нақты мақсаттар қойып, оған нақты жүктемелер белгілейді. Осыған сәйкес білім үдерісіне, білімнің соңғы нәтижесіне, оның ұйымдасуы мен мазмұнына талаптар қойып отырады. Мемлекет және қоғам білімге қатысты саясат жүргізе отырып, қоғамда қалыптасқан құндылықтарға орай өсіп келе жатқан білім деңгейінің биіктеуіне жағдай жасайды.

Советтік Одақта тоталитарлы тәртіп білім алдында жастарды коммунистік идеология, оның құндылықтары - режимге сөзсіз бағыну, өзгеше ой жүргізуді шектеу, атеизм бағытында, коммунизм идеалдарын мұрат ету, сана-әрекет қылықтың бұзылуына душар етті. Екі деңгейлі қоғамдық сананың болуынан адамдардың рухани, инабаттылық тәрбиесінің кері кетуіне соқтырып, қоғамның қарапайым мүшелері шынайы әлеуметтік үдерістердің идеологиялық түсініктемелерден ажыралатынын байқатады.

Ол кезеңдегі қоғамдық сананың маңызды ерекшелігі, ресми идеологиялық ұстанымдардың шындыққа сәйкессіздігі ғана емес, жалпы тұрмыстық, қоғамдық сананың бұзылысы еді. Таңылып жатқан идеологиялық ұсынымдардың жалғандығын адамдардың байқауына қарамастан, олардың санасы ресми идеология, әсіресе білім жүйесі арқылы қайшылықты нанымдарға душар болды.

Көп жылғы идеологиялық үстемдік іс-әрекеттердің теріс ойлау дағдыларын негіздеді. Сындарлы ойлау, әлеуметтік-саяси, рухани, проблемаларды талдау, дағдыларынан айырылу әрекетін жасады, осы жағдай тоталитарлы дәуірде сана бұзылысының аса қатерлі себебі болды.

Дәуір идеологиясына сай, әміршіл педагогиканы негізге салған білімдік үдеріс құрылды, оқушы оқыту мен тәрбиенің объектісіне айналып, мәжбүрлеу педагогикасы, оқу жоспарлары мен бағдарламалары біртекті сипатта болды. Нәтижеде «орташа түлек», «орасан үлкен коммунистік машинаның тетігі» қалыптасты.

Одан «екі жүзді моральдық», «екі қоғамдық (ресми және тұрмыстық) сананың болуы, қоғамда және оның жеке азаматтарына білімге деген баламалы ресми қатынастарды қалыптастырды. Осыған орай ол дәуірде жекелеген

авторлық мектептер немесе идеологиялық технологиялар ресми педагогикаға қарсы озат педагогикалық үдерістері ұйымдастыруға бағыт алады.

Білім - әлеуметтік іс-әрекет сапасы ретінде бүгінгі күнде қоғам құндылықтарын, бүкіләлемдік өркениет құндылықтарын меңгеру үдерісінде тұлға дамуына жағдайлар жасауы тиіс. Осыған орай білім алу - оқыту мен жеке-дара таным әрекеттерінің, тәрбие мен өзіндік даму және әлеуметтанудың бірігуіне айналуы тиіс. Білім берудің мақсаты – еркін де дербес ойлаушы тұлға, азамат, өз Отанының патриоты, тәуелсіздік пен демократия мұраттарына шын берілген білікті маман қалыптасуы үшін жағдайлар жасау. Қоғамдық саяси өмірде әлеуметтік үдерістерге белсенді, әрі сапалы ықпал жасайтын, отбасы тағдырына жауапкер тұлға қалыптастыру - маман дайындаудың негізгі дінгегі болып табылады. Бұл елдің әлеуметтік-саяси өміріне демократиялық негіздерін тезірек енуіне, шынайы азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуына жәрдемдеседі. Әр адамның қоғамдық өмірде өз орнын тауып, еркін ойлау және пікір таластыру мәдениетін, осының арқасында тұлғаның бай ішкі дүниесін қалыптастыру жағдайлары жасалады.

Оқу барысында және өз бетінше оқу жүйесінде дағдылар меңгеріліп, білімдер қабылданады. Тәрбие мен өзіндік тәрбиеде жалпы қабылданған және тұлғалықтан қалыптасқан құндылықтар іске қосылады.

Тәрбие кең мағынасында – бұл әулеттен әулетке әлеуметтік-мәдени тәжірибені жеткізу және тұлға дамытудың жағдайларын жасауға бағытталған арнайы ұйымдастырылатын, мақсатты үдеріс. Тәрбиенің тар мағынасында – бұл ересектердің жас баланы қоғам өмірінің нақты жағдайларына қатыстыру, оның дамуына шартты қалыптастыруды көздеген нақты бірлікті ісі.

Бұл үдерістердің баршасы бөлектенбейді, сондықтан бүгінгі жағдайларда тұлғалық бағыттағы педагогиканы ендіруде тұлға білімінің барша құрамдас бөліктерінің өзегі есептелетін білім күрделі үдерістер ретінде қарастырылады.

Осыған орай, білімді жанаша түсіну, яғни оны «көп білу» және әлеуметтік-кәсіби жағдайлардың жиынтығын меңгеру деп қарастырмай, олардың жоғары дәрежелі іске асуы мен өнімділік деңгейі ретімен бағалануы қажет. Сондықтан оқытудың өзін бұрынғы әміршіл педагогикадағыдай емес, білім үдерісіндегі жетекші іс-әрекет деп қарастыру қажет. Әрбір нақты білім жағдайында оған қатысушылардың белгіленген қызығулары мен мақсаттарына тәуелді жетекшілік әрекет міндетті түрде тұлғаны, оның даралығын дамытып, өзіндік дамуына жағдайлар жасауы қажет. Басқаша айтар болсақ, білім үдерісінде тұлғаның дамуы басымдылықпен қамтамасыз етіледі.

Жаңадан қалыптасқан қоғам еркіндігіне мән беріп, құндылықтың іске асуын қамтамасыз етеді. Еркіндік бұл – біріншіден, адамның өз ниеттері, қызығулары және мақсаттарына орай ойлау және әрекеттену мүмкіндіктері мен қабілеттері; екіншіден, сыртқы орта және жағдайларға тәуелсіздігі; үшіншіден, қабылданған шешімдеріне жауапкершілігі.

Қоғамнан болатын еркіндік шектеулері адамның өмірлік әрекеттеріне себепші болып, оның сол шектеулерді ерікті, әрі саналы қабылдап, оларды заң

ретінде қабылдауына мүмкіндік береді. Қоғамда адам еркіндігі басқа адамдар еркіндігіне тұсау болмау жағдайына дейін сақталады. Адамдар арасындағы қатынастарды реттеуші бағыт және моральдық нормалар, егер тұлға еркіндігін қамтамасыз ететін болса, еркіндікке балама ретінде, не сыртқы жағдайлар - авторитаризм, үстемдік жасау, мәжбүрлеу немесе ішкі ерекшеліктер - мақсатсыздық, еркінсіздік қызмет етеді.

Әр азамат заңдарды сақтауға, өзінің әлеуметтік әрекет қылығын сақтауға, «өзінің еркіндік шамасын» басқалар еркіндігіне зиян келтірмеу үшін құруы қажет. Дәл осы жаңа құқықтық ойлауды, азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруды педагогика саласы өзіне өзекті міндет етіп алады. Қуатты құқықтық мемлекеттің қалыптасу үдерісі, азаматтардың саналы құқықтық ойлауын талап етеді. Әрбір адам өз құқығын анық, айқын білуі, оларды пайдалана алуы, оларды қорғай, сақтай білуі шарт. Бұл үшін, ең алдымен, біздің тұрғындарымыздың құқықтық мүдделерін көтеруіміз керек.

Бұл үшін, біріншіден, жеке әлеуметтік топтардың, не адамдардың заңды бөлектеп қарастыруында, заң алдында баршаның тең болатынын, шектеген құқықтық ойлаудың көне үлгілерінен құтылуымыз қажет. Екіншіден, адам құқығының мемлекет құқығынан басым келетінін, адам құқығы басты құндылық болатынын түсінуіміз қажет.

Құқықтық мәдениет қоғамда қалыптасушы қарым-қатынастардың, объективті шарттарының мүмкіндігінен қалыптасады. Құқықтық нормалар тұлға, әлеуметтік топтар арасындағы көпжылдық қарым-қатынас тәжірибесінен қалыптасады.

Еркіндік – бұл әр тұлғаның өз еркін паш етуі негізінде белсенділік көрсете білуі. Әр жеке адамның өз еркін шектеуі этикалық нормалар мен принциптерді түсінуіне байланысты. Әлеуметтік саясаттағы, білімдегі гуманизм - бұл тұлғаның еркіндігін қамтамасыз ету арқылы өз құндылығын тануы.

Сонымен, еркіндік - бұл адам мүмкіндіктерінің кедергісіз ашылуына жол берумен, адамның табиғи құқығын, оның өмірлік бағыт-бағдарын іске асыруға пайдалана алуы.

Осылайша, қоғамда болып жатқан педагогикалық әміршіл-әкімшілдікті жойып, тұлғаның өз бетінше еркін дамуына жол ашатын білім құру үшін құндылықтар қалыптастырылады, жағдайлар жасалады.

Дегенмен, ескеретін жәйт: білімді гуманизациялау мен демократияландырудағы ең жоғары мақсат - тұлғаның бүгінгі еркіндігі мен оны болашақтағы еркін өміріне дайындау, еркін сезімі мен адамгершілік, кәсіптік, өмірлік таңдау қабілетін орнықтыру. Бүгінгі таңда білім әлеуметтік-педагогикалық жүйені бай, еркіндігі мен өзіндік дамуына мүмкіндік беретін құрылым ретінде қарастыруға болмайды. Принциптік тұрғыдан білім - қажеттік аймағы, оқыту-үйрету мемлекеттік заңдар тарапынан тағайындалу міндет. Алайда, осы шектеулер ішінде еркіндік шарттарын қамтамасыздандырушы үдерістер дамуы мүмкін, дамиды да.

Білім жетекшілігі мен даралануы, жекеленген оқу жоспарлары мен бағдарламалары, таңдау пәндері мен іс-әрекеттері, оқушыға болған сенім мен құрмет, білімдік үдерістердегі өзіндік басқарым мен келісім-шарттар өзіндік дамудың тереңдей үдерістеріне әрқашанда ықпалын тигізе бермейтін көп жағдайлардың бір бөлігі ғана. Еркіндік ең алдымен, тұлғаның өзіндік өмірлік мүдделері мен мақсаттарын танып, оларды іске асыру құқығының арқасында пайда болады.

Өміршіл-әкімшіл жүйе, коммунистік жүйе жағдайларында ресми-қоғамдық сана адамның өз даралығын паш ету құқығын шектеді. Даралық сыңар жақты индивидуализм, эгоизм деп танылды. Бұл жүйеге пайдалы да қолайлы болатын. Осыған білім үдерісі де «орташа оқушыға арналып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының біртектілігін ұстанды. Қоғамның қазіргі жағдайларында әр адамның «өзгешелігі» мойындалып, адам даралығы әлеуметтік құндылық ретінде қабылдана бастады. Адам даралығы тәрбие үдерісіндегі тума нышандар негізінде қалыптасады және бұл адам үшін оның өзіндік тәрбие, өзінің мүмкіндіктерінің іске асыру үдерісінде басты жағдай түрінде қалыптастырылады. Білімдар даралықты ескерту – әрбір тұлғаның ең жоғарғы даму мүмкіндіктерін ашу, психологиялық ерекшеліктерінің бірегейлігі мен қайталанбастығын танудан даму жағдайларын жасау. Білімдегі бағыттар адамды екінші адаммен салыстыруда емес, сол бір адамның өз өмірінің әр кезеңіндегі жағдайларын салыстыруды талап етеді. Даралықты ашу, оның кемелденуі мен дамуына тиімді шарттар жасау - білімнің басты міндеттерінің бірі.

Білім - оқушы тұлғасының таным мен білім іс-әрекетінің субъектісі ретінде оның даралықты ерекшеліктерін айқындап алу негізінде дамуы мен өзіндік дамуын қамтамасыз ететін үрдіс. Ол әрбір оқушының өзіндік даму жолын оқытудың икемшіл және баламалы формалары мен әдістерін түзу арқылы орындалады. Оқу даралығына бағытталған білім үдерісі, оның қабілеттерін, бейімділігін, қызығуларын, құндылықты бағытын және жеке тәжірибесін арқау етумен олардың таным мен білім іс-әрекетінде іске асыруға мүмкіндік алады.

Білім мазмұны, оның құралдары мен әдістерін оқушыға оқу материалдарын, түрлері мен формаларын таңдауына мүмкіндік беретіндей етіп құрылады. Бұл мақсатта шығармашыл ойды жобаластырушы оқытудың жекеленген бағдарламалары түзіледі.

Педагогикалық гуманизмнің шектеулі болуы бүгінде мұғалімнің дәстүрлі педагогикалық құралдарды жаңа тәжірибелерге, білімдік үдерістің мақсаттарын өзгертпей, икемдестіруінен көрінеді. Педагогикалық теорияларға бұл жағдайлар педагогикалық мақсаттарды, талаптарды, тәртіпті тұлғаны жобалау мүмкіндіктерін әсірелеуден туындады. Тіпті, гуманистік бағытты ұстанған педагогтардың өздері де, нақты нормативтік тәрбие ортасын түзумен айналысып, баланың ішкі жан дүниесін, оның еркіндік, өзіндік жол-жобасы мен өзіндік мүмкіндіктерін іске асыру құқығын мойындамады. Қазіргі жағдайларда тұлғаның еркіндік тұжырымдамасы, педагогикалық-психологиялық негіздемелері нақты білімдік үдерісте іске асырылуын талап етеді. Егер білімнің гуманистік

принциптеріне жүгінетін болсақ, баланың бір уақытта тәрбие объектісі, не субъектісі де болатынын мойындау керек. Бала тек өзін қалыпқа келтіруші субъекті ретінде танылады. Бұрынғы білімдік жүйе тіпті, жоғары сынып оқушылары мен студенттер, оқытушылар мен мұғалімерді қалыптастырушы құралдар ретінде қарастырылып, педагогикалық жоспарлар мен бағдарламаларды іске асырудағы жәрдемші шаралар болып танылатын.

Білімдік үдерістегі оқушы еркіндігіне бағытталған гуманистік педагогика білімдік іс-әрекеттің мақсаттары және барша субъектілер құралдарының үйлесімін арқау етеді. Мұндай педагогика педагогты да, талапты да, топты да, әлеуметті де тәрбие мазмұнының иесі деп біледі. Білім объектісі – бұл тек білімдік материал.

Білімдегі еркіндік жағдайы еркін таңдау мен шығармашыл іс-әрекеті мүмкіндігі арқасында орнығады. Маңызды педагогика және практикалық проблемалар жағдайларын ескерумен өзін-өзі тану педагогикасын нақтылап, жүзеге асыру – білімдік үдеріске оқушыларды іс-әрекеттің әркілы түрлеріне сәйкес өз қабілеттерін ашып, пайдалануға үйрету. Бұл бағыттағы ізденістер – «наукандық» шаралардан құрылып, еркін үйрету мен еркін үйретудің басын қосқан еркін, қызметтестік педагогикасына өту. Осыдан, педагог пен оқушы арасында мақсатқа бірлікті жетудің жолын беретін арақатынастар жүйесін түзіп, сенім мен мүдделер бірлігін мейлінше көздеп, білім үдерісінің барша қатысушыларына қабілеттеріне қарай ашуға мүмкіндіктер жасау қажет.

Қорыта айтқанда, оқу-тәрбиелік үдерісті тиімді ұйымдастыру үшін оның барша субъектілері оқушылар, сынып және мұғалім, оқушы және мұғалім, мұғалімдер арасында, мұғалім мен білім мекемесі басшыларының арасында өзара түсіністік орнықтыру қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Развитие системы общего среднего образования в современном мире: учебное пособие / Составитель Абылкасымова А.Е., Ушаров Е.А., Омарова Р.С. –Алматы: НИЦ Ғылым, 2003.
2. Развитие образования и науки на пороге XXI века. Сборник №3. Издательство МГТУ, 1996.
3. Садыков Т.С., Абылкасымова А.Е., Жумабекова Р.М. Развитие системы среднего общего образования: -Алматы: НИЦ Ғылым, 2002.
4. Бухвалов В.А. Развитие учащихся в процессе творчества и сотрудничества. –М.: Центр “Педагогический поиск”, 2000.



**Г.А.ЖҮНІСОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

**Л.Т.ҚҰРБАНӘЛИЕВ**

физика-математика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

### **КӨПМӘДЕНИ ТӘРБИЕ БЕРУ МІНДЕТТЕРІ**

В статье говорится, что цель формирования поликультурной личности студента состоит в формировании человека, способного к активной и эффективной жизнедеятельности в многонациональной и поликультурной среде, обладающего развитым чувством понимания и уважения других культур, умеющего жить в мире и согласии с людьми разных национальностей.

The author of this article emphasizes that the purpose of formation of a poly-cultural individual of a student consists in the formation of a person capable of active and effective way of life in the multinational environment, having the feeling of understanding and respect to other cultures and being able to live in peace and harmony with people of different nationalities.

Қазіргі кезде білім беру саясаты көпмәдениеттілік контексінде даму үстінде. Осы жағдайда педагогика ғылымы студенттерді мінез-құлық нормалары, салт-дәстүрлер мен көптеген әдеттермен таныстыру мақсатында, олардың әртүрлі мәдениетті қабылдау қабілетін және оларға деген ұқыпты қатынасты, толеранттылықты, әртүрлі ұрпақтар, тілдер мен менталитеттегі адамдармен қарым-қатынас және бірлестік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған білім берудің мақсаттары мен құндылықтарын өзгертуге қарай бағыт алуда.

90-жылдары білім берудің жаңа тұжырымдамалары жасалды, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы этномәдени білім беру тұжырымдамасы да болды [1], аталған құжатта «көпмәдени тұлға» ұғымына нақты анықтама берілді. Аталған тұжырымдамаға сәйкес, «көпмәдени тұлға – бұл лингвистикалық санасы жоғары дамыған индивид. Ана тілі мен мемлекеттік тілді білу, шет тілін меңгеру тұлғаның дүниетанымын кеңейтеді, оның жан-жақты дамуына ықпал етеді, әлемді ауқымды көруге және толеранттылық бағдарын қалыптастыруға ықпал етеді» [1]. Бұл анықтама бізге жаңа ұрпақтың қандай болу қажеттілігі туралы түсінік береді.

Қазіргі заманғы педагогикалық шындық бір жағынан, білім берудегі этномәдени факторды ескеру қажеттілігін, екінші жағынан – басқа халықтардың мәдениетін тану үшін жағдай жасау қажеттілігін, әртүрлі этностарға, конфессияларға, ұлттарға жататын адамдар арасындағы толерантты қатынастарды тәрбиелеу қажеттілігін ескеруді талап етеді. Сондықтан көпмәдени білім беру мәселесі педагогтардың назарында болып отыр.

Қазақстанның қазіргі заманғы университет жағдайында көпмәдени тәрбие беруді жүзеге асырудың мақсаттары, міндеттері және негізгі бағыттары қандай? Көпмәдени тәрбие берудің мазмұны көпәспекттілі және

пәнаралықтың жоғары дәрежесімен ерекшеленеді, ол көпмәдени тәрбие беру мәселелерін гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми, көркемдік-эстетикалық циклдағы оқу пәндерінің құрамында қарастыруға мүмкіндік береді. Көпмәдени тәрбие берудің мазмұны келесі критерийлерге сәйкес келуі маңызды:

- оқу материалында гуманистік идеялардың көрінісі;
- әлем мен Қазақстан халықтары мәдениетіндегі қайталанбайтын өзіндік белгілерінің сипаттамасы;
- қазақстандық халықтардың мәдениетінде бейбіт және келісімде өмір сүруге мүмкіндік беретін дәстүрлерінің жалпы элементтерін ашу;
- студенттерді әлемдік мәдениетке баулу, жаһандану үдерісін, қазіргі заманда елдер мен халықтардың өзара байланысын ашу.

Көпмәдени тәрбие беру үдерісінде студенттің өз ұлтының мәдениетіне баулу, ал одан – қазақстандық және әлемдік мәдениетке баулу жүзеге асырылады. Университет студенттерді өз ұлтының мәдениеті мен ана тілге баулу үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Университет оқу жоспарларына мәдениеттің, тарихтың, діннің, халықтық өнердің интеграцияланған курстарын енгізу әртүрлі этноұлттық қауымдастықтардың мәдени-тарихи тәжірибесінің өзара әсерін, өзара енуін және өзара байытуын түсінуге, оның жалпыадамзаттық потенциалын анықтауға көмек береді.

Үздіксіз көпмәдени тәрбие берудің мазмұнын таңдауда және оның құрылымын құруда дидактикадағы тұрақты принциптерді ескеру қажет, алайда ерекше назарды үздіксіз көпмәдени тәрбие беру ортасын құруға арналған негіздерге аудару қажет.

#### **Гуманистік бағдарлау бірінші принцип болып саналады**

Гуманистік тәсіл студенттердің ішкі нышандарын біртұтас дамытуға, олардың рухани және танымдық қажеттіліктерін дамытуға, мәдениеттің әмбебап құндылықтарына баулуға психологиялық жағдай жасауды қарастырады. Бұдан басқа, гуманистік тәсіл дәстүрлі педагогикалық дүниетанымды өзгертуге мүмкіндік береді: басты әрекет етуші адам субъект ретінде біртұтас жүйе ретіндегі оқушылардың жеке тұлғасы алынады.

Университеттегі тәрбие беру үдерісін гуманизациялаудың мәні мынада: студенттердің педагогтардың оқыту әсерін белсенді қабылдауға қызығушылық танытуына жағдай жасауын, олардың тұлғалық, рухани-адамгершілік сапаларын, танымдық үдерістерін тиімді дамытуды қамтамасыз ететін оқытудың формалары мен әдістерін, мазмұнын таңдау және қолдану болып табылады.

Үздіксіз көпмәдени тәрбие беру ортасын құруды, біртұтас педагогикалық үрдіс ретінде қарастыруға болады. Үздіксіз көпмәдени тәрбие беру студенттердің өздерінің этномәдениетінің құндылықтарын түсіну және білім берудің мазмұнын жүзеге асыратын, педагогикалық шарттарды құру

арқылы этносаралық интеграцияның маңыздылығын саналау арқылы тәрбие беру негізінде жүзеге асырылады, онда өзіндік мәдениеттің жетістіктерімен бірге, білім мен мәдениеттің әлемдік үлгілері үйлеседі.

Көпмәдени тәрбие беру міндеттерін шешу оқыту мен тәрбиенің белсенді әдістерін кең қолдануды талап етеді. Мысалы, білім берудің этнопедагогикалық және этнопсихологиялық ерекшеліктерін ескеретін, жаңа тәсілдің мәні, біріншіден, спецификалық жалпы формада студенттерге оқу материалының қажетті көлемін беру (әлем туралы бірыңғай білім кешені түрінде); екіншіден, студенттердің шығармашылық, эвристикалық, прогностикалық, дедуктивті ойлау стилін қалыптастырудан тұрады. Ол үшін алдымен, әртүрлі пәндерде әлем туралы, этностардың табиғаты туралы, олардың тілі мен мәдениеті туралы, басқа да ұлттық ерекшеліктері туралы жалпы білімді зерттеу қажет, яғни төмендегі еңбектерде берілген, жүйелі және функционалды-құрылымдық тәсілдің негізінде, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың компоненттерінің мәні мен негізгі мазмұнын зерттеу қажет [2].

Этносаралық қатынастарды үйлесімді ету, оқу-тәрбие мекемелерінде қалыпты әлеуметтік-этностық және психологиялық атмосфераны құру мақсатында, сонымен бірге гуманистік этномәдени байланыстарды қалыптастыру мақсатында оқушыларды іс-әрекеттің көпжоспарлы оқу және сабақтан тыс түрлеріне баулу қажет, олар:

- тарихи мәні бар даталы күндер мен ұлттық мерекелерді өткізу, мәдениет, әдебиет, ғылым саласының танымал қайраткерлері мен халық батырларының мерейтойларын өткізу;

- ұлттық мәдениет бойынша олимпиадалар мен көрмелерді ұйымдастыру, спорттың ұлттық түрлері бойынша спорттық жарыстар өткізу;

- ұлттық әндер мен билер орындалатын фольклорлық концерттерді жүргізу;

- ұлттық тағамдарды үздік дайындау бойынша сайыстар ұйымдастыру.

Балаларды көпмәдени тәрбие беру мекемелерінде өзінің ұлттық мәдениетіне баулу білім берудің «балабақша - жалпы білім беретін мектеп» (гимназия, лицей, колледж) сияқты кешенді жүйесін ұйымдастыру арқылы, демалыс күні мектебін (жексенбілік мектеп) ұйымдастыру арқылы аса нәтижелі болады. Балаларды ерте жастан өз халқының ортасына енгізу, ана тілін меңгерту оның «өзін этносоциумның бір бөлшегі» ретінде саналауына, оның дәстүрлі ұлттық мәдениетке баулуына ықпал етеді.

Көпмәдени ортадағы толерантты тұлғаны қалыптастыру бойынша әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың маңызды аспектісі ретінде балаларды халықтық-педагогикалық, ұлттық-мәдени дәстүрлер арқылы тәрбиелеу алынады.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды,

талғамды білмеу көп жағдайда басқа этностық қауымдастық өкілдерімен қарым-қатынаста күрделі қиындықтарды туындатады. Ұлттық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптардың мәні, олардың мазмұны әртүрлі халықтарда әртүрлі көрінеді.

Ұлттық психологияның бейнесі мен тұрақтануында этностың тарихи даму барысында қалыптасқан және бекіген іс-әрекет пен мінез-құлықтың жағымды мәнділігін дәлелдеп көрсеткен формалары, соларға сәйкес ережелер, құндылықтар ерекше рөл атқарады. Дәстүрлер мен нормалар этностың өмірі мен іс-әрекетінде «жинақталады», олар алдыңғы ұрпақтың оң тәжірибесін көрсетеді. «Ұлттың өмірі, ұлттық өмір ата-бабалармен үздіксіз байланыс және олардың өсиеттерін құрметтеу болып саналады. Ұлттықта әрдайым дәстүрлі бар» - деп жазған Н.А.Бердяев.

Дәстүрлер алуан түрлі. Оларға қарап халық туралы немесе оның тұрмысының бір жағы туралы айтуға болады. Консерватизм сияқты дәстүрдің бір белгісі кейде жақсылық, көмек болады, себебі халықтың тұрақтылығының, оның адамгершілік негіздерінің, менталитетінің тұрақтылығының шарты болып табылады. Дәстүрлерде адамзаттың, халықтардың, адамдардың мыңжылдық рухани ізденістері жинақталады және тоғысады, себебі адамзат – бұл біртұтас ғаламдық этнос, тұлға; ал халық – бұл тарихи тұлға; индивид – адамның біртұтас бейнесі, адамзаттық тұлға.

Жекелеген тұлғалардың рухани байланысында ұрпақтар сабақтастығының ізі байқалады. Ата-бабалардың рухани құндылықтары әңгімелерде, аңыздарда, өсиет сөздерде, мақал-мәтелдерде сақталады және беріледі. Ата-бабалар ұрпақтардың тілімен сөйлейді. Мысалы, ұрпақтардың сабақтастық байланысын бекітуде үлкендер тікелей өздерінің тәрбиеленушілері, рухани құндылықтар арқылы қатысады. Халық педагогикасына көмек ретінде мемлекеттік деңгейдегі халыққа білім беру келеді, ол ұрпақтар сабақтастығын оқыту мен тәрбие үдерісінде қамтамасыз етеді.

Мектептің міндеті халықтық ұлттық мәдениеттің жағымды жақтарының әсерін күшейтуде байқалады, әсіресе этностың, жеке тұлғаның мінез-құлқы мен дамуында, оның Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда, өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына сыйласымды қатынасында, басқа ұлттардың адамдарына деген қатынаста байқалады.

Этномәдени даярлықтың міндеттерін тар мағынасында, ұлттық мәдениетке баулу, оның элементтерін қайта жаңғырту ретінде ғана түсінбеу керек. Оның мақсаты – оқушыларды көпмәдени әлемдік өркениет жағдайында толыққанды өмірге дайындау. Аталған бағытта педагогикалық ұжымның іс-әрекетін нақты ұйымдастыру қажет, оның құрамына енетіндер: балаларды этномәдени дамытудың формалары мен әдістерін мақсатты түрде таңдау; этномәдени тәрбие міндеттерін жүзеге асырудағы сабақтастық;

дәстүрлер арқылы бекітілген оң тәжірибеге сүйену; оқушылардың жас және дара қажеттіліктерін есепке алу; балаларға этноәлеуметтік және көпмәдени тәрбие беру бойынша іс-әрекетті жоспарлау және аталған жұмыстың мектеп іс-әрекетінің басқа түрлерімен ішкі байланысын қамтамасыз ету [3].

Ұлттық мәдениетке баулу үдерісінде педагогқа балалардың этномәдени көріністерін дамыту бойынша ерекше ыждағаттылық сияқты талап қойылады. Оқушылардың тұлғалық сапаларының, көпмәдени, этностық білім және біліктер жүйесін қалыптастыру бойынша педагогикалық әрекеттің сәтті болуы көп жағдайда этноәлеуметтік және көпмәдени тәрбие берудің теориясы мен шынайы өмірлік жағдайлар, оқыту тәжірибесімен логикалық және бірізді байланысына байланысты болады. Егер алынған білім болашақ өмірде қажет болса, оқушы оны алуға ұмтылатын болады. Егер оқушы алынған білімнің қажеттілігін сезсе немесе оның сапалы берілмеуіне сенсе, оған материалды күштеп меңгерту қиынға соғады [4].

Халықтардың дәстүрлі педагогикалық мәдениетін қолдану бойынша әлі де шешілмеген мәселелер бар. Біздің пікіріміз бойынша, тәрбие, қайта тәрбиелеу мақсаттарына түзетулер енгізу, тәрбиеленгендіктің критерийлерін нақтылау қажет. Яғни, педагогтар өткен тәжірибені қайта саналауға мәнді әсер етулері керек. Тағы бір маңызды міндет ретінде халық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын тандау алынады. Біздің пікірімізше, бүгінгі күні бұл міндет халықтардың ассимиляциясына байланысты маңызды болып саналады. Бұл тарихи үдеріс заңды болып табылады. Бір халықтар кетеді, екінші бір халық келеді. Бұл аспектіде, біз – этнопедагогтар халық тәрбиесінде ең құнды нәрсені сақтауымыз және болашақ ұрпаққа беруіміз қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының этномәдени білім беру тұжырымдамасы, 21.06.1995, №2347.
2. Ушакова Е.В. Общая теория материн (Основы построения). Барнаул, 1992. Ч. 1-3.
3. Филиппов В.Н. Образование в духовном обновлении России. / Философия образования: Сб. науч. Тр. БГПУ. - Выпуск первый. Барнаул, 1994.
4. Федорова С.Н. Этнокультурная подготовка в современной школе. Материалы конференции. Спб. 2007. 58 -с.
5. Матис В.И. Теория и практика развития национальной школы в поликультурном обществе: дисс.д-ра наук /В.И.Матис. – Барнаул, 1999. -314 с.

**Б.Т.ОРТАЕВ**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**Г.АБДУЛЛИНА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушы

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ІСКЕРЛІКТЕРДІҢ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ РӨЛІ**

**В этой статье рассматриваются вопросы о внедрении интеллектуальной инициативы в учебный процесс общеобразовательных школ.**

**This article deals with the question of introduction of the intellectual initiative into the teaching process of comprehensive schools.**

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына өмірлік қажетті білімдер мен іскерліктерді меңгерту үшін, адамның кәсіби еңбек іс-әрекеті түрлеріне баулу жүзеге асырылады. Айтылған мәселе білім беру жүйесінде жалпылық сипатта болады, ал оның жүзеге асырылуы нақтылықты талап ететіні белгілі және жекелеген оқу пәндерінде қамтамасыз етіледі.

Қазіргі таңда барлық сала, оның ішінде білім беру саласы бойынша да, технологиялық мәдениетті меңгерген жеке тұлғаны тәрбиелеу мәселесі қолға алынуда. Технологиялық мәдениет мәселесі ерекше мәдениет түрі ретінде, жалпылық сипат алады және мәдениет аясындағы іс-әрекет түрлерін қамтиды.

Мектептің білім беру мазмұнында ғылым негізі пәндері еңбекке және кәсіпке дайындықтың ғылыми негіздері бойынша білім және іскерліктерін қалыптастыруға бағытталады. Ал, олардың практикада қолданылуы көп жағдайда оқушылардың еңбекке дайындық бағыты пәндері бойынша, оқу бағдарламалары мен соларға сәйкес орындалатын іс-әрекеттерге байланысты жүзеге асады. Бұл жағдайда, олардың мазмұнындағы интеллектуалдық іскерліктердің мәнін толық мәнді түсініп, дұрыс орындалуын қамтамасыз ету қажет. Мұнда оқушылардың орындайтын педагогикалық, оның ішінде еңбек тапсырмалары басты мәнге ие.

«Интеллектуалды іс-әрекет – мәселені қою, ойды тұжырымдап айту, идеяның пайда болуы, оны шешу, оның логикалық дамуы, аталған мәселені шешуде тиімді әдістерді қолдану, негіздеу, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеу барысында нәтиженің нақты көрінуі» деп білетін болсақ, олардың мектеп оқу пәндерін оқыту үдерісінде жүзеге асырылуы заңдылық болатыны белгілі.

Білім беретін оқу пәндері мақсаты мен мазмұнына сәйкес жалпы және технологиялық мәдениетті қалыптастыруда олардың негізін қалайтын оқу жұмыстары мен тәсілдерінде ұқсастықтар айқын көрінеді. Мәселен, Г.И.Кругликов технологиялық білімді қалыптастыру және жүзеге асыру күрделі үдеріс болып табылады және оны жүзеге асырудың тәсілдерін оқыту әдістемесі еңбегінде сипатталады дейді [1]. Оның ішінде, талдау, жинақтау,

ұқсастықтар бойынша қорытынды шығару, оқушылардың ойлауын қамтамасыз ету, өздеріне, өзіне және өзінің болашағына жауапкершілікпен қарауға қол жеткізу мәселелері қамтылады.

Мұғалім мен оқу үдерісі үшін оқушылардың ойлауы үлкен мәнге ие. Бұл білімді меңгерудің әдістері мен тәсілдері ретінде де қарастырылады. Ойлау түрлері білім түрі, білімді меңгеру, оқу әдістері, логикалық тәсілдер ретінде де сипатталады. Мұнда бастысы – ойлау мен білімді пайдалану.

Профессор Д.Рахымбек «Логикалық-методологиялық білімдер, ол ойлаудың логикалық операциялары мен формалары, тәсілдері, ғылыми танымның жалпы әдістері, ғылым негіздерінің табиғаты туралы білімдер жиынтығы ретінде түсініледі», - «Бұларсыз математиканы оқыту үдерісінде оқушылардың оқу–танымдық қызметін көзге елестетудің өзі қиын. Анықтама арқылы тани білу, пайымдаулар, индуктивті және дедуктивті ой қорытулар жасау, олардың дұрыстығына көз жеткізу, мәселені қою және шешу, аналитикалық немесе синтетикалық тәсілдермен дәлелдеу, т.б., яғни, бұл білімдердің барлығы да математикалық білімдермен біте қайнасып жатады. Сондықтан, математикалық білім негіздерін игерумен бір мезгілде логикалық білімдермен және ғылыми танудың жалпы әдістерін қолдану да жүзеге асады» дейді [2.6]. Педагог ғалымның пікірінше аталған білімдерді (анықтама, аксиома, теорема, т.с.с.) оқу материалдарын саналы және белсенді меңгеруді қамтамасыз етеді. Ұғымдар, пайымдар және пайымдар арасындағы байланыстарды терең түсінуге, оқу материалын жалпылауға, жүйелеуге мүмкіндік береді, оқушылардың өз бетінше білім алуы мен жасампаздық белсенділігін дамытады, интеллектуалдық біліктіліктерді, дағдыларды жетілдіреді. Нәтижеде логикалық-методологиялық білімдер, адамның жалпы мәдениетін қалыптастырудың амал-тәсілдеріне айналатынын атап көрсетеді.

Мектепте математика пәнін оқушылардың нәтижелі игеруіне қажетті логикалық-методологиялық білімдер жүйесіне жатқызылатындардың ішінде ғылыми тану әдістері және ойлау операцияларын (анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, жүйелеу, аналогия, индукция, дедукция, абстракциялау, нақтылау және т.б.) білу және оны іске асыру мектептің басқа оқу пәндері арқылы да жүргізіледі.

Ойлау операциялары оқу пәндерін оқытуда түрліше сипатталады. Мәселен, О.Б.Епишева мен В.И.Крупич математика курсына оқытуда математикалық ұғымдарды меңгеру, оқу іс-әрекетінің жалпы тәсілдері ретінде қарастырады [3]. Сондай-ақ, химия курсына оқыту да логикалық тәсілдер ретінде қарастырылады [4]. Технология пәнін оқытуда ойлау операциялары оқу әдістерінің негізін қалайтын логикалық тәсілдерді құрайды.

В.А.Бухвалов өз еңбегінде, адам өмірді белгілі мақсат үшін сүретінін және оның шығармашылық болуы керектігін айта келе, шығармашылық іске:

өз балаңды тәрбиелеу, жиһазды құрастыру, өсімдіктердің жаңа сорттарын, жануарлардың асыл тұқымдарын, тағамның жаңа түрлерін, киімнің жаңа үлгілерін ойлап табу және т.б. қатысы барын сипаттайды. Сондай-ақ, әрбір адам өзінің қызығушылық саласы мен өзінің мүмкіндігінің деңгейінде жасауы, шығаруы қажет екендігін айтады [5].

Белгілі педагогтар А.П.Сейтешев пен М.Қ.Қаламқалиев өз еңбектерінде оқушылардың шығармашылық іс-әрекет кезеңдерін және техникалық шығармашылықты дамытудың негізгі педагогикалық талаптарын есепке ала отырып, мектеп оқушыларының шығармашылық даярлығын бағалаудың бес деңгейін белгілеген [6, 7].

Педагогикалық үдерісте барлық қатысушылардың толық мәнді және өзіндік дамуын қамтамасыз ететін технологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін, жабдықталған жағдайын жасау мақсатымен жобаланған білім беретін ортада, мектепте технологиялық оқытуды жүзеге асыру, олардың басымдық міндетінің бірі ретінде анықталады. Жаратылыстану және гуманитарлық пәндер арасындағы қарама-қайшылықтарды жеңуге мүмкіндік беретін, білім беретін ортаның технологиялық бағыттылығы жеке тұлғаның үйлесімді, толық мәнді дамуын қамтамасыз етеді.

П.Р.Атутов оқушылардың еңбек тапсырмаларын шығармашылық негізде орындауы төмендегідей элементтерді қамтитынын атап көрсетеді:

- тапсырманың мақсатын, міндеттерін сезіну;
- затқа қойылатын талаптарды айқындау;
- бұйымның конструкциясын ойлау, талдау, оны бар конструкциямен салыстыру, олардың бәріне ортақ нәрсені және айырмашылықтарды бөліп алу [8].

В.В.Чебышева барлық жұмыстардың түрлері үшін жалпы болып табылатын іскерлік пен дағдыларды нәтижелі қалыптастырудың негізгі шарттарын, яғни мақсаттардың анықтылығын, мақсаттарды түсіну және оған жетудің тәсілдерін, оқушыларда қажетті білімдердің болуын, қарастырылатын іскерлік пен дағдылардың ерекшеліктеріне оқыту әдістерінің сәйкестілігін, нұсқаудың тиімділігін, жаттығу санының жеткіліктілігін, оқушылар іс-әрекетінің өз уақытындағы және объективті бағасы мен олардың жаттығу нәтижелері білімдерін; оқушы іс-әрекетінің белсенді сипатын бөліп көрсетеді [9].

П.Р.Атутов пен В.А.Поляковтың зерттеуінде жалпыеңбектік іскерліктер ұғымына анықтама берілген, өнімді еңбекті ұйымдастырудағы олардың политехникалық сипаты, рөлі мен орны ашылған. Авторлар “Бұл іскерліктер еңбекке баулу мазмұнының басты құраушы бөлігі, ал оларды мектеп оқушыларында қалыптастыру мен дамыту - барлық оқу пәндерінің жалпы міндеті”- дей келе, “жалпы еңбектік іскерліктер мен дағдылар” ұғымына: “Әр түрлі өндіріс еңбек құралдарының типті болып табылатындары үшін, қажетті



іскерліктер мен дағдыларды жалпыенбектік іскерліктер мен дағдылар деп атайды. Олар, бір жұмыс түрінен екінші бір жұмыс түріне ауысқан кезде, оқушылармен тасымалдануы мүмкін”, - деген анықтама береді [10].

Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған жағдайында микропроцессорлы техникамен жабдықталған операторлардың, автоматты тізбекті станоктарды, жүйені реттеушілердің жұмыс уақытының 60%-ы ақыл-ой еңбегімен байланысты операцияларға жұмсалса, 31%-дан артығы ақыл-ой мен дене еңбегінің үйлесіміндегі операцияларға жұмсалады. Бұл дегеніміз, келешекте ақыл-ой операцияларын талап ететін еңбек орындарының артатынын болжамдайды. Жалпы практикалық іс-әрекетті жоспарлауда ақыл-ой операциясы негіз болып табылады деп білеміз. Оны В.В.Чебышева жоспарлау міндеттерін төмендегіше көрсетеді: а) жоспарлауға оқыту үшін, оның ішінде әртүрлі құрылым мүмкіндіктерін алуды және жақсы нұсқаларды таңдауды талап ететін білімді игеру; б) тек қана технологиялық процесі ғана емес, сондай-ақ, іс-әрекеттің барлық жақтарын қамтитын өз бетінше жоспарлауды оқыту; в) қатаң белгіленген жоспар бойынша жұмыс барысында оқыту.

В.В.Чебышеваның психологиялық зерттеулері негізінде еңбекке баулудағы жоспарлау кезіндегі ұтымды реттіліктегі операциялар жөнінде дидактикалық қорытынды шығарамыз: бірінші кезең – оқытушының алдынала құрастырған дайын жоспары бойынша оқыту; екінші кезең – оқытушының алдынала дайындап ұсынылған бірнеше жоспар нұсқаларынан негіздемеі түрде біреуін таңдау [11]. Осыдан біз өзіндік іс-әрекеттерді біртіндеп арттыруға, яғни жай амалдан, күрделі амалға өту реті бар екендігі туралы қорытындылаймыз.

Жалпы біздер психологиялық тұжырымдарды зерттеу барысын да басшылыққа аламыз. Дегенмен, еңбекке баулудың және оны реттеудің психологиялық негізінің арнайы ерекшеліктері бар. Еңбекке баулуды реттеу, адамдардың танымдық-практикалық іс-әрекеттерін ұйымдастырудағы дәстүрлі кезеңдерінен туындап, жүзеге асырылады. Бірінші кезең еңбектің ерекшелігі, оның сипаты мен психофизиологиялық ерекшеліктері жөніндегі қажетті ақпараттарды қабылдаумен аяқталады. Оқушылар еңбек міндеттерін, еңбек объектісін бақылау немесе еңбек процесімен алдынала танысу негізінде айқындайды. Екінші кезеңде еңбек іс-әрекетінің негізінде жатқан басты ережелерді ұғыну жүреді. Оқушылар еңбек процесін түсінеді, еңбек жөніндегі жаңа білімдер алады. Үшінші кезеңде алған білімдерді жаттығулар, өзіндік жұмыс жасау, қосымша түсіндірулер жүйесі арқылы бекіту жүреді. Төртінші кезеңде алынған білім біртіндеп практикалық іс-әрекетке қосылады. Еңбектік білім, іскерлік және дағдыларды қалыптастырудың барлық кезеңдерінде бақылануы және тексерілуі қажет, бұлар еңбекке баулу үдерісінде түзету енгізуге мүмкіндік береді.

Білім меңгеру үдерісі - бұл күрделі бүтін психикалық іс-әрекет. Білімді меңгеру үрдісіне көптеген психикалық үдерістер қатысады (танымдық-қабылдау, ес, елестету, ойлау; сезімдік-еріктік және т.б.). Білімді игеру жетістігі бірқатар субъективті және объективті факторларға байланысты: оқуға адамның психологиялық дайындығы, оның ғылым негіздері бойынша білім қоры. Білімді меңгеру анықталған психологиялық заңдар бойынша жүреді және өзінің жүйелілігі болады.

Түсініктердің түзілуі белгілі ойлау әрекетімен байланысты, заттардың жалпы белгілерін анықтауға, олардағы маңызды және маңызды емес белгілерді бөлуге, бөліп алынған маңызды белгілерден белгілі бірлік түзуге мүмкіндік береді. Осындай әрекеттер мен түсініктерді алу әдістері немесе тәсілдер сапасында көрінеді. Бұл әдістерге: талдау (анализ), салыстыру, жинақтау (синтез), абстрактілеу, талдап қорыту жатады [10].

Іскерлік қалыптастыру деп, оқушыны белгілі әрекетті (әрекеттер жиынтығын) тез, дәл және сапалы орындауға дайындау үрдісі түсіндіріледі. Бұл үрдіс мұғалімнің бағыттауымен (түсіндіру, көрсету, қатені түзету және т.б.) оқушының өзінің белсенді іс-әрекетін қамтиды.

Білімді игеру деп, ғылыми ұғымдарды, дәлелдерді және басқа да мағлұматтарды (өз бетінше және мұғалімнің көмегімен) алу, бекіту және қолдану үрдісі түсіндіріледі [12,13].

Іскерлік пен дағдының қалыптасу үрдісін сипаттай келе “еңбек үрдісі”, “еңбек операциясы”, “еңбек тәсілі”, “жұмысшы қозғалысы” ұғымдарын жиі кездестіруге болады және олар технологиялық үрдістердің психологиялық құрылымы болып табылады. Бұл ұғымдарды әдебиеттерде әртүрлі анықтайды, бірақ олардың мазмұндарының негізі төмендегідей болып келеді.

Еңбек үрдісі - бұл берілген кәсіп үшін типті, белгілі аяқталған жұмыс түрінің орындалуымен байланысты, жүйелі жұмысшы әрекетінің жиынтығы. Еңбек үрдісі - өндірістік үдерістің басты бөлігі. Ол: операцияларға, тәсілдерге және жұмыс қозғалыстарына бөлінеді. Өндірістік үрдістерге оқушыларды үйрету, осы талдауға керісінше тәртіпте, яғни қарапайым қозғалыстардан басталуы керек.

Оқушылардың еңбек іс-әрекетін қолданудағы негізгі кезеңдерді, қажетті теориялық білімдерді игеру, жаттығу, негізгі әрекеттерді түзету және бекіту деп көрсетуге болады. Еңбек іс-әрекетіне өндірістік үрдістерді жоспарлау, дайындау, жүзеге асыру, бақылау, қызмет ету қатысты болып табылады [10].

Еңбек іс-әрекетінің негізгі элементі жоспарлау болып табылады. Жоспарлау - бұл алдағы іс-әрекеттің схемасын ойша тұрғызудың интеллектуалды-ерікті үрдісі, алдын-ала оның нәтижесі мен осы нәтижеге жету тәсілдері жөніндегі “идеал” түсінік [8]. Осыған сәйкес оқушылар технологиялық талаптарды, өнделетін материалдар қасиеттерін, берілген

өлшемді, дайындама санын әрбір нақтылы жағдайда ескеріп, өндірістік тапсырманы тиімді орындау үшін интеллектуалды міндеттерді шешуі тиіс.

Бұйымды дайындау кезіндегі өзіндік бақылау деп, жұмысшының орындап отырған әрекеті және олардың жоспарланған әрекеттер мен болжамды қажетті жұмыс нәтижелерімен жүйелі салыстыру түсініледі. Бұйым дайындаудағы өзіндік бақылау деп, әрекеттермен бірге бұйымның үлгісін, жұмыстың нәтижесі мен ойша салыстыруды немесе бұйым үлгісін сызба бойынша тексеруді айтамыз. Бұйымды дайындау барысында аралық және бұйымды дайындап болған соң, соңғы бақылау жүргізіледі. Мектеп оқушылары үшін өзіндік бақылау операциясы бақылау-өлшеу құралдары көмегімен орындалады.

Қорыта айтқанда, интеллектуалдық іскерліктер білім беретін пәндер мазмұнында қамтылады және оқыту үдерісінде жүзеге асырылады. Сондай-ақ, интеллектуалдық іскерліктер жалпы және технологиялық мәдениет құраушысы, шығармашылық іс-әрекет өзегі болып табылады. Бұл мәселе міндетті түрде болашақ мамандар даярлау үдерісінде қарастырылуы тиіс деп білеміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Кругликов Г.И.* Методика преподавания технологии с практикумом: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – 3-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 480 с.
2. *Рахымбек Д.* Болашақ математика мұғалімін оқушылардың логикалық-методологиялық білімдерін жетілдіру жұмысына дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... дисс. – Шымкент, 1998. –336 б.
3. *Епишева О.Б., Крупич В.И.* Учить школьников учиться математике: Формирование приемов учеб. деятельности: Кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1990. – 128 с.
4. *Чертков И.Н.* Методика формирования у учащихся основных понятий органической химии: Пособие для учителя. – 2-е изд. перераб. – М.: Просвещение, 1990. – 191 с.
5. *Бухвалов В.А.* Развитие учащихся в процессе творчества и сотрудничества. –М.: Центр “Педагогический поиск”, 2000. – 144с.
6. *Сейтешев А. П.* Научные основы технического изобретательства. -М.: Педагогика, 1986. -198 б.
7. *Қаламқалиев М.Қ.* Мектеп оқушыларын еңбекке баулудағы техникалық шығармашылықты дамытудың педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... дисс. –Алматы, 1998. -290 с.
8. *Атутов П.Р.* Политехническое образование школьников: Сближение общеобразовательной и профессиональной школы. -М.: Педагогика, 1986. -176с.
9. *Чебышева В.В.* Психология трудового обучения /трудоуые умения и навыки и условия трудового обучения/. -М.: Просвещение, 1969.
10. *Атутов П.Р., Поляков В.А.* Роль трудового обучения в политехническом образовании школьников /Отв. за вып. Ю.П.Аверичев и др. -М.: Просвещение, 1985. -128 с.
11. *Чебышева В.В.* Психология трудового обучения: Метод. пособие для СПТУ.-М.: Просвещение, 1983. – 320 с.
12. *Кальней В.А. и др.* Основы методики трудового и профессионального обучения /В.А.Кальней, В.С.Капралова, В.А.Поляков; Под ред. В.А.Полякова. –М.: Просвещение, 1987. –191 с.
13. *Ортаев Б.Т.* Технология пәнін оқытудағы политехникалық бағыттылық. – Шымкент. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ. 2006. – 124 б.

**К.Д.БАЕТОВ**

кандидат философских наук,  
профессор МКТУ им. А.Ясауи

## **НАУЧНЫЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНЕДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ В ВУЗОВСКИХ СИСТЕМАХ**

Бұл мақалада жоғары оқу орындар жүйесінде студент жастарды салауатты өмір салтына баулудың негізгі қағидалары жайлы ғылыми мағлұматтар келтірілген.

The article deals with some scientific principles of formation of healthy way of life of students at high schools.

В каждом вузе предмет физической культуры является базовой программой формирования общей и профессиональной культуры молодого специалиста.

Профессор Л.И.Лубышева считает, что физическое и физкультурное воспитание – педагогический процесс формирования здорового стиля жизни, принятия физической культуры как личной ценности, а так же – культурологических ценностей: интеллектуальных, мобилизационных, интенционных, коммуникационных, эстетических. Показатель интенционных ценностей говорит о степени цивилизованного общества, развития культуры страны в целом [1, 2]

По мнению Л.И.Лубышевой, «физкультурное воспитание, являясь подсистемой целостного вузовского педагогического процесса, так же ориентировано на выполнение социального заказа на подготовку физически здорового специалиста, способного к самоорганизации здорового стиля жизни. Обеспечить решение этой важной социальной проблемы возможно путем достижения цели физкультурного воспитания – формирования физической культуры студента и способности реализовать ее в физкультурно-спортивной, профессиональной деятельности и в семье» [3].

Далее автор предлагает для реализации поставленной цели «комплексное решение следующих воспитательных, развивающих и оздоровительных задач:

1. Воспитание потребности в физическом самосовершенствовании и самоорганизации здорового стиля жизни.

2. Формирование системы физкультурных знаний, двигательных умений и навыков физического самосовершенствования.

3. Обеспечение необходимого уровня профессиональной готовности будущих специалистов, включающей физическую подготовленность, работоспособность, всестороннее развитие физических качеств и психомоторных способностей.

4. Содействие овладению основами семейного физического воспитания, освоению средств и форм организации досуга с использованием физических упражнений, спорта и туризма.

5. Включение студентов в активную физкультурно-спортивную деятельность по освоению, реализации и приумножению ценностей физической

культуры.

По мнению некоторых специалистов, исторические корни физического воспитания уходят в глубину истории, и оно всегда имело утилитарную направленность и использовалось в качестве подготовки к практической деятельности. В конце прошлого века учеными рассмотрены современные аспекты системы физического воспитания, как части, составляющей физическую культуру.

Как известно, здоровье нации определяет здоровье государства [4] и охватывает в комплексе физические, психические, социальные стороны жизни. Поэтому настало время повернуться лицом к своему здоровью и начинать это надо с физической культуры в семье, опираясь на педагогику семейного воспитания.

Женщин, занимающихся физической культурой и спортом в различных странах составляет треть от общего числа. Общеизвестно, болезни взрослых закладываются еще в утробе матери, она продолжает род, ее здоровье – это здоровье детей, здоровье любой нации.

Причины низкого процента женщин, вовлеченных в регулярные занятия физической культурой и спортом очень банальны. Воспитанием женщин всегда пренебрегали, в основном, уделяя внимание воспитанию мужчин. «Женщины считались более чувствительными и слабыми. Бытует мнение: женственность и занятия спортом, физической активностью просто несовместимы, и это останавливает многих из них от этих занятий», - подчеркивает Е.И.Дегтярева [5].

Такие исследователи, как Гилрой, Дим, Полюк, Хардгрейвз, считают неправильным восприятие женщинами понятия «спорт», отталкивающим их от занятий. Многие представительницы прекрасного пола уверены, что спорт – чисто мужская деятельность, ведь часто в основе физической подготовки лежит силовая тренировка.

Систему обеспечения здорового образа жизни В.И.Бондин обосновывает системно-деятельностным подходом. В его составе две направленности: организационно-проектировочная деятельность и исполнительско-рефлексивная.

Осуществление системы обеспечения здорового образа жизни реализуется посредством анализа проектной ситуации, где одновременно определяется концепция и разрабатываются виды деятельности. Приоритет здесь принадлежит образовательной деятельности: на основе когнитивного, эмоционального и поведенческого компонентов формируется потребность в здоровом образе жизни.

По мнению В.И.Бондина и других, только осознание себя в жизни при постоянном самоизучении себя, повышение своего уровня культуры являются здоровьесберегающим путеводителем при выборе индивидуального образа жизнедеятельности [6]. Автор предлагает концепцию формирования здорового образа жизни, состоящую из следующих направлений:

- создание системы валеологического образования по формированию культуры здоровья;
- педагогических условий для обеспечения оптимальной двигательной активности студентов и сотрудников;
- моделирование и реализация процесса формирования здорового образа жизни.

И.М.Тыртышников перечисляет принципы, укрепляющие здоровье, нормализующие реактивность организма и повышающие адаптивно-защитные силы на индивидуальном уровне:

- «стоп» вредным привычкам;
- духовно-нравственное совершенствование;
- ежедневная, адекватная физическая нагрузка;
- рациональное питание;
- закаливание.

И.И.Брехман выделил четыре фактора, важных для здоровья человека: «сознание, мышление, питание и лекарства для здоровых» [7].

Как известно, от окружающей среды (природной, социальной, техногенной) зависит индивидуальное здоровье человека (как физическое, так и духовное). Внутренние факторы по отношению к перечисленным выше (наследственность, особенности внутреннего духовного склада, привычки и навыки, образовательный и культурный уровень) играют корректирующую роль [8].

В этой связи «роль физической культуры как важнейшего регулятора отношений человека со средой, прежде всего со своей внутренней природой, оказывается едва ли не одной из самых главных в деле обеспечения разумного баланса процессов использования и воспроизводства «природных ресурсов человека» [9].

Существуют две основные доктрины здоровья – западная, опирающаяся на сократовский тезис: человек, познай самого себя, и восточная. Конфуцианский тезис: человек, сотвори себя сам, лежит в ее основе.

А.В.Лотоненко, подчеркивая негативные последствия изменения экологической среды, говорит о важности изменения человека в культурном аспекте с повышением уровня личности, экологической и физической культуры [10].

Если оценивать здоровье человека через его способность осуществлять естественные жизненные функции, то дефиниция здоровья человека выглядит как целостное динамическое состояние организма, определяющееся резервами энергетического, пластического и регуляторного обеспечения функции. Существует три аспекта здоровья: соматическое, душевное и духовное, соответствующие трем уровням личности [11].

Г.Л.Апанасенко определяет здоровье как гармонию, «внутрисистемный» порядок, обеспечивающий уровень энергетического потенциала, позволяющий человеку хорошо чувствовать себя и оптимально выполнять биологические и социальные функции».

«Механизм» и функционирование систем организма человека наиболее полно проявляет себя при оптимальной физической деятельности в условиях предельного напряжения. П.Б.Зильберман говорит о проявлении психического стресса либо в эмоциональном всплеске, либо в скованности.

«Именно это состояние должно рассматриваться как помеха и ни в коем случае не может смешиваться с состоянием напряжения, неизбежно сопутствующим любой сложной деятельности, тем более такой, которая выполняется на уровне, близком к пределу данного индивидуума... Напряжение, которое связано с эмоциями стенического плана, мобилизует энергетические ресурсы организма» [12].

Здоровый образ жизни - это прежде всего деятельность, активность личности, группы людей, общества, использующих материальные и духовные условия и возможности в интересах здоровья, гармонии физического и духовного развития человека. Здоровый образ жизни имеет свои количественные и качественные параметры, определяемые как социальными, так и биологическими факторами их взаимодействия.

Программа социально-гигиенического и психофизиологического управления образом жизни предполагает воспитание у человека способностей предвидеть и подчинить сознанию и воле психосоматические последствия жизни и деятельности, разработку научно-обоснованных методов активного воздействия на духовный мир человека с целью предупреждения заболеваний и укрепления здоровья, созидание нормального типа связей человека с окружающей природой и социальной системой [12].

В наши дни, когда существенно изменился уклад, стиль, качество, ритм и в целом образ жизни современных людей, социально-бытовые блага, которые явились результатом научно-технического прогресса последнего столетия, казалось бы, должны были принести с собой только позитивные преобразования в качестве жизни человечества. Однако биологические, психологические возможности и резервы человеческого организма не претерпели никаких изменений. Ухудшающаяся экология, связанные с увеличением объема поступающей информации частые стрессы, малоподвижный образ жизни, нарушения режима питания, нерациональное чередование труда и отдыха, переутомление - это далеко не полный перечень факторов, которые сказываются самым негативным образом на здоровье современного человека. Налицо явный дисбаланс между постоянной величиной - «резервы и возможности человеческого организма» и изменяющейся величиной - «условия жизнедеятельности».

Мектеп алдына қойылған еңбекке дайындау міндетін шешуге мүмкіндік беретін маңызды құралдардың бірі еңбекке үйрету болып табылады. Еңбекке үйрету үдерісі нәтижесінде оқушылардың дүниетанымы, еңбекке адамгершілік және психологиялық тұрғыдан әзірлігі қалыптасады. Өскелең ұрпаққа тәрбие берудің бүкіл мәселесін шешу белгілі мөлшерде әр мектептің еңбекке үйрету міндеттерін қаншалықты дұрыс түсінуіне және оған қаншалықты байыпты қарайтынына байланысты болмақ.

Еңбек оқушыларды жан-жақты жетілдірудің маңызды құралы болып табылады. Физиология тұрғысынан алғанда дұрыс құрылған еңбекке үйрету ісі - бала организмнің қуаттанып жетілуіне жәрдемдеседі. Мәселен, дәрігер – гигиенистердің жүргізген зерттеулері, шеберханадағы практикалық жұмысты сабақтармен кезектестіру оқушылардың еңбек қабілетін арттыратынын көрсетеді. Еңбекке үйрету үдерісінде дене қимылы ақыл-ой қызметімен үйлестіріледі. Оқушыларға бірқатар шығармашылық тапсырмаларды, атап

айтқанда, бұйымдарды конструкциялау, оларды жасаудың технологиясын табу, т.б. шешуге тура келеді. Еңбекке үйретуде ойлау қызметі қатысады, ол оқушылардың ақыл-ойының дамуына көмектеседі [3].

Еңбекке үйретудің идеялық-саяси және адамгершілік тәрбие үшін зор мәні бар. Қоғамдық пайдалы заттарды жасап, өндіргіш еңбекке қатыса отырып оқушылар өздерін өндіріске қатысушылар ретінде сезінеді. Олар меншікке қамқорлықпен қарау сияқты талапты шын мәнінде түсіне бастайды, еңбек адамдарын құрметтей бастайды, олардан үлгі алуға ұмтылады.

Еңбекке үйрету үдерісінде эстетикалық тәрбие үшін жағдай жасалады. Егер оқушылар әдемі заттар жасаса, өздерінің қоғамға пайда келтіретіндігінен моральдық қанағаттанушылық алып қана қоймай, эстетикалық ләззат та алады. Оның өзі оқушыларда көркемдік талғам тәрбиелейді, формалар үйлесімдігі туралы дұрыс түсінікті қалыптастырады. Мәселен, «Воспитание учащихся в процессе трудового обучения» кітабында еңбек іс-әрекеттерінің тәрбиелік мүмкіндіктері, әсіресе кешенді тәрбие берудегі, саналы қасиеттерді қалыптастырудағы ерекше орны қарастырылған [4].

«Еңбекке үйрету» (оқыту, баулу – *О.Б.*) ұғымы екі мағынада қолданылады: біріншісі – үдеріс ретінде, екіншісі – оқу пәні ретінде. Еңбекке үйрету (оқыту, баулу) – қоғамның игілігі үшін еңбек іс-әрекетіне оңай араласуға және кәсіпті саналы таңдауға, мүмкіндік беретін жеке тұлғаның өзінің ойлауын және сапасын дамытуға, белгілі бір салада өнімді еңбекті орындау үшін, оқушылардың заттар, құралдар және еңбек үдерістері жөніндегі білім, практикалық іскерліктер мен дағдылар алуына мүмкіндік беретін, сондай-ақ мұғалімнің жетекшілігінде олардың ақыл-ойы мен дене әрекеттері жетілдірілетін үдеріс.

Еңбекке баулу – жалпы білім беретін мектептің оқу пәні. Оның пән ретінде бастауыш сыныптан бастап оқытылатыны белгілі. Еңбекке баулудағы іс-әрекеттерде оқушыларда қажетті бірқатар рухани-еріктік сапалар қалыптастырылады. Олар: “... зейін, байқағыштық, ой топтастыру, шыдамдылық, қиындықты жеңе білу, істі соңына дейін жеткізу, ұқыптылық және т.б.” [3].

Сонымен, “еңбекке дайындау бағыты дегеніміз білім беру жүйесінде нақты еңбек іс-әрекет түріне баулу”. Білім беру жүйесінде (мектепте, жоғары мектепте) еңбекке дайындау бағыты білім мазмұнын анықтайтын нормативтік құжаттарда көрсетіледі. Сондай-ақ, таңдап алынатын материалдарды өңдеу және іс-әрекет түрлері білімгердің жеке-дара, психологиялық ерекшеліктері мен еңбек іс-әрекеті дайындығына, жергілікті жердің сұранысы мен мекеменің оқу-өндірістік базасына, педагог кадрлардың

бар болуына сәйкес жүзеге асырылады. Бастауыш мектептің білім мазмұнына адамның кәсіби іс-әрекеті түрлерінің енгізілуі заңдылық.

Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің білім мазмұнының тұжырымдамасына (жоба) [5] сәйкес пәндер топтамасында еңбекке баулу пәні «Адам іс-әрекетінің белгілі түрлеріне арналған пәндер кешені (сызу, еңбекке үйрету, тіл, музыка, бейнелеу өнері)» мазмұнында қарастырылатыны көрсетілген.

Жеке тұлға іс-әрекетінің құрылымы оқу мазмұнында білімнің ақыл-ой, тіл қатынасы (коммуникативтік), еңбек, эстетикалық, дене шынықтыру компоненттері арқылы жүзеге асырылатыны белгіленген. Сондай-ақ, ғылыми білім мен іс-әрекеттер құрылымына сәйкес келетін білім компоненттері оқу мазмұнының құрылымымен және құрамымен анықталған. Оның ішінде еңбекке баулу пәні болмыстың өзгеруін, өңделуін тану және тұлғаның өзін-өзі жетілдіру сияқты маңызды міндетті шешуге бағытталатыны айтылған.

Аталған білім мазмұнын айқындайтын негізгі қағиданың бірі ретінде: “... оқушыларды жалпы адамзаттың қол жеткен игіліктері мен ұлттық мәдениет, ғылым, тіл, өнермен ұштастыра тәрбиелеу негізінде оқытып дамытуды политехникалық бағыты бар түрлі еңбек іс-әрекетімен байланыста жүзеге асыру” – деп атап көрсетілген [5]. Мұның өзі ұлттық игіліктерді, мәдени құндылықтар мен дәстүрге баулуды өзгермелі өмір талабына сәйкес жарамдысын алып, тәрбиелеуді көздеуі деп ұғамыз.

Адамның әлеуметтік-еңбектегі іс-әрекетін Е.А.Климов бес кәсіби сфера бағытына сәйкес шартты түрде: “Адам-Табиғат”, “Адам-Техника”, “Адам-Адам”, “Адам-белгілер жүйесі”, “Адам-көркем бейне” деп топтастырады [6]. Олардағы іс-әрекеттердің қарапайым түрлері мектептегі оқу пәндері бойынша сабақтар мен сабақтан тыс жұмыстар мазмұнында жүзеге асырылады.

Егемен еліміздің тұсында (1993 жылдан бастап) бастауыш мектептерде еңбекке баулу пәні арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие құраушыларына баулу, халқымыздың қолданбалы өнеріне үйрету мәселесіне О.Сатқанов, С.Жолдасбекова, т.б. педагог-ғалымдардың ғылыми еңбектері бағытталды.

Бастауыш сыныптың өзінде мектептердің орналасуына, аймақтың экономикалық ерекшеліктеріне сәйкес еңбекке оқыту мәселесі қарастырылады. Мәселен, кеңестік кезеңде оқу үдерісінде басшылыққа алынған I-IV сынып бағдарламасына сәйкес оқушылар [7]: қолмен жұмыс істеудің, ауыл шаруашылық өсімдіктерін өсірудің, көрнекі құрал жөндеудің, бастауыш сыныптар түрлі материалмен пайдаланып, ойыншықтар, мектеп, балалар бақшасы, үй үшін пайдалы түрлі заттар, т.б. нәрселерді жасаудың, өмірге қажетті қарапайым тәсілдерін меңгереді.

Бастауыш сыныптың өзінде балалар түсіне алатын кейбір кәсіптермен (мамандықтармен) таныстыру басталады. Оқушыларда сапалық қасиеттерді қалыптастыру мақсаты бағдарламада көрсетіледі, атап айтқанда:

- еңбекке баулып, еңбек адамына деген көзқарасты тәрбиелеу;
- еңбектің алғашқы дағдыларын қалыптастыру, құрал-саймандарға, материалға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарау;
- әртүрлі материалдармен жұмыс істеу әдістерін және өсімдік өсіре білудің қарапайым машықтарын қалыптастыру;
- балаларды техника элементтерімен таныстыру және мамандық жайлы түсінік беру.

Бастауыш сыныптағы еңбекке баулу және орта мектептегі технология пәндері мазмұнының сабақтастығы сақталады. Мектеп бағдарламасы бойынша бастауыш сыныпта еңбек сабақтары Одақ кезінде үш бағытта жүргізілді.

- техникалық еңбек;
- ауылшаруашылық еңбегі;
- қоғамға пайдалы еңбек.

Еліміз егемендік алғаннан кейінгі бастауыш сыныпта еңбекке баулу мазмұнында өзіне-өзі қызмет ету, көркем еңбек тақырыптары ажыратылды.

Өткен ғасырдың 80-жылдарында қолданыста болған «Еңбекке баулу» бағдарламасының II сыныпта қарастырылатын мазмұнын мысалыға алып қарайтын болсақ, сағаттардың оқу жұмыстарына төмендегідей бөлінгенін көруге болады [7], 68 сағат, аптасына 2 сағат, оның ішінде:

- қағазбен жұмыс істеу (16 сағат), оның “Бүктеу мен желімдеу арқылы пішіні тік бұрыштап пішілген қағаздан бұйымдар әзірлеу”;
- матамен жұмыс істеу (14 сағат). Матадан бұйымдар дайындау (тігістер; тепшу, жөрмеу, көктеу, шалып тігу, қайып тігу, кестелеп тігу);
- конструктормен жұмыс істеу (10 сағат). Құрылысы қарапайым көлік моделін құрастыру;
- аралас жұмыстар (14 сағат). Қағаз, мата, табиғи материалдардан жазық және көлемді бұйымдар дайындау;
- оқу-тәжірибе учаскесінде өсімдік өсіру (14 сағат). Күзгі жұмыстар (4 сағ). Оқу- тәжірибе учаскесіндегі күзгі жұмыстар. Көктемгі, жазғы жұмыстар (10 сағ). Бөлме өсімдіктерін өсіру. Оқу-тәжірибе учаскесіндегі өсімдіктер өсіру. Сәндік-гүлді өсімдіктер өсіру.

Бағдарлама мазмұны төмендегідей құрылымда берілген:

- шамамен алынған бұйым түрлері;
- техникалық (агротехникалық) мәліметтер (теориялық мағлұматтар);
- практикалық жұмыстар;
- пәнаралық байланыстар.

Бұл реттіліктегі оқу материалдарының ерекшелігі, мұғалімнің жұмысты дұрыс ұйымдастыруға өзіндік нұсқау беретіні. Мәселен, пәнаралық байланыста:

- математика: тік және тура бұрыштар жайында түсінік;
- айналамен танысу: бөлме өсімдіктерінің тіршілік жағдайы. Адам еңбегін жеңілдететін тасымалдау машиналары;
- бейнелеу өнері: тура бұрышты пішіндер жайында түсінік және олардың белгілері; біркелкі заттарды өзара байланыстыра отырып, нақтылы белгілеу сияқты оқу материалдары мен іс-әрекеттер қарастырылады.

Бұл мағлұматтар оқушылардың басқа пәндерден алған білімдерін сабақтастыру, оқушы білімінің тұтастығын түзу үшін мұғалімге нұсқау ретінде беріледі.

Ал ауылшаруашылық жұмыстары көбінесе білім беру ұйымымен анықталатын пәндер тізбегі арқылы белгіленеді. Аталған пәннің белгіленуі бастауыш мектептерде ауылшаруашылық еңбегін оқытуды қамтамасыз ету болып табылады. Бағдарламаның ерекшелігі ретінде: топсеруеннің көрсетілуін, көрнекіліктердің берілуін айтуға болады.

Жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларды еңбекке баулу бойынша әдістемелік даярлығы жоғары кәсіптік білім стандартында көрсетілген [8]. Оның ішінде «Бастауыш мектепте еңбекті оқыту теориясы мен технологиясы және практикумы» пәнінде төмендегідей лекция тақырыптары қарастырылған [9]:

- бастауыш мектепте еңбекті оқыту теориясы мен технологиясы және практикумы - педагогика ғылымының саласы;
- бастауыш мектепте еңбекке баулуды оқытудың теориялық негіздері;
- материалдар мен еңбек әрекетіне сипаттама беру, бұйымдар жасау технологиясы;
- халықтық сәнді-қолданбалы өнер (көркем еңбек);
- тұрмыстық еңбек;
- бастауыш сыныптардағы еңбекке баулу сабақтарын ұйымдастыру технологиясы;
- еңбекке баулудың сыныптан тыс сабақтарында оқушылар әрекетін ұйымдастыру технологиясы.

Практикалық сабақтардың үлгі тақырыптары: қағаз және қатырмақағазбен жұмыс түрлері, тоқыма материалдармен жұмыс жасау, техникалық үлгілеу, папье-маше жасау техникасы, сабаннан жасалынған ойыншықтар, ермексаз және сазбалшықпен жүргізілетін сабақтардың ерекшеліктері, фольга мен қаңылтырдан бұйымдар дайындау, сәнді-қолданбалы өнер түрлері, тұрмыстық еңбекті ұйымдастыру, қоғамға пайдалы еңбек түрлері.



Жалпы алғанда бастауыш сыныпта оқытылатын еңбекке баулу пәні мазмұны мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің еңбек дайындығында, оларды оқыту бойынша сабақтастық және сәйкестік бар. Дегенмен, бастауыштағы және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін еңбекке баулу, даярлау мазмұны жетілдіру керек деп білеміз. Оқыту мазмұны мынадай тақырыптарды: ауыл шаруашылығы еңбегін, яғни ауыл шаруашылық білім негіздерін оқытуды, екіншіден, құрастыру жұмыстарын қамтуы қажет.

Елімізде басым көпшілік мектептер ауылдық жерлерде. Олай болатын болса, бастауыш сыныптан бастап оқушылар ауыл шаруашылығы білім негіздерін меңгеріп, еңбек түрлерін үйренуі тиіс. Бұл келесі кезекте орта мектепте жалғасын табады. Осы бағытта бірқатар жұмыстар мектеп тарапынан жасалуы керек, атап айтқанда, мектептің оқу-өндірістік үлескесін, биология оқу бөлмелерін, ауыл шаруашылығы еңбегі кабинеттерін бастауыш сыныптар үшін жабдықтау, т.б.

Елімізде техниканы ойлап, жасап шығаратын, шығармашылықпен жұмыс істейтін болашақ конструкторлар мен технологтарды даярлауды мектепке дейінгі мекемеден бастап, бастауыш, орта мектептерде оқыту және даярлаудағы бағдарлы іс-әрекеттерді ұйымдастыруды жетілдіру кенжелеп қалған бағыттың бірі. Осы себепті де құрастыру жұмыстары бастауыш сыныпта міндетті оқытылуы тиіс.

Осы аталған оқу жұмыстарындағы іс-әрекет бағыттары міндетті түрде жүйелік тұғыр тұрғысынан жоғары оқу орындарында бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мазмұнында көрініс табуы тиіс. Ол үшін аталған іс-әрекет бағыттары мен оны оқытудағы төмендегідей жетілдіру жолдарын атап көрсетуге болады:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мазмұнында ауыл шаруашылығы еңбегі мен құрастыру жұмыстарын оқытуды арнайы тақырыпта көрсету;

- жоғары оқу орындарындағы оқу жұмыстары барысында даярлықты қамтамасыз ету;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік даярлықтарын жүзеге асыру.

Аталған мәселелер бірқатар жұмыстардың орындалуын талап етеді: оқу-материалдық базаны жабдықтауды, оқу жұмыс түрлерінде: студенттердің өзіндік жұмыс түрлерін анықтауды және ауыл шаруашылығы еңбегін дүниетану пәнімен өзара байланысты оқытуды, құрастыру жұмыстары студенттердің графикалық сауаттылығын жетілдіруді, студенттердің жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыруды, т.б.

Қазіргі кезеңде осы бағытта білім беру ордамызда бірқатар жұмыстар жасалуда. Атап айтқанда, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының, курстық және дипломдық жұмыс тақырыптарында ауыл шарушылығы еңбегі мен құрастыру бойынша іс-әрекеттерді анықтау, зерделеу бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру жүзеге асырылуда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Трудовое воспитание и политехническое обучение. Краткий словарь для учителя. Под. ред. М.Н.Скаткина и В.А.Полякова. - М.: Просвещение, 1968. – С. 391-392.
2. Основы методики трудового обучения /Под. Ред. В.А.Полякова. – М.: Просвещение, 1983. – 86 с.
3. Еңбекке үйрету методикасы. Ред. бас. Д.А.Тхоржевский. Ауд. Ө.Кесікбаев, Қ.Бәтенов, Ж.Қайранбаев. –Алматы.: Мектеп, 1985. - 296 б.
4. Воспитание учащихся в процессе трудового обучения /Т.Н.Мальковская, Т.С. Буторина, И.П.Волков и др.; Сост. Л.И.Маленкова; Под.ред. Т.Н. Мальковской. – М.: Просвещение, 1983. – 184 с.
5. Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін мектептер білім мазмұнының тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. - 1993. -№7. - 9 сәуір.
6. *Климов Е.А.* Как выбирать профессию: кн. для учащихся. –М.: Просвещение, 1984. – 160 с.
7. Төрт жылдық бастауыш мектептің бағдарламалары: Еңбекке баулу (I-IV сынып). –Алматы: Мектеп. 1987. – 219-248 бб.
8. 5В010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығына арналған ҚР МЖМБС 6.08.012-2009. – Астана, 2008. – 37 б.
9. *Абдықадыров А.О.* Бастауыш мектепте еңбекті оқыту теориясы мен технологиясы және практикумы. 5В010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығына арналған типтік бағдарлама. 2007. – 8 б.

**М.Б.ЖАЗДЫҚБАЕВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

**ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ  
ӘДЕПKE ТӘРБИЕЛЕУ**

**В статье рассматривается развитие этики учащихся на основе казахских национальных традиций.**

**The article deals with the education of pupils' ethics on the basis of Kazakh national traditions.**

Этнопедагогика ғылымында балаларды ұлттық мінез-құлық әдептері негізінде тәрбиелеуге көңіл бөлінген. Халық салтында имандылық бастауын әдептен алған. Әдептілік - этнопедагогикада негізгі тәрбиенің бірі болып табылады. Олар мінез-құлық әдептері, жүріс-тұрыс әдептері, адамдармен қарым-қатынас әдептері болып үшке бөлінеді. Мінез-құлық әдептеріне: биязылық, кішіпейілділік, салмақтылық, кеңпейілдік, кеңойлылық, бауырмалдық, шыдамдылық, сыйластық, ұстамдылық, білімділік, ұқыптылық, тындырымдылық, адамгершілік, қайырымдылық, адалдық қасиеттері кіреді. Жүріс-тұрыс әдептеріне: есіктен сәлем беріп оң аяқпен кіру, нанды екі қолмен ұзу, тамақты оң қолмен жеу, айға қарап қол шошайтпау, тамақ ішкенде жамбастамау, киімді оң жақпен киіп, сол жақпен шешу, үйге қарай жүгірмеу, есінегенде ауызды оң қолдың сыртымен жабу, ақты теппеу, астан соң бата қайыру, ұрлық жасамау, кітапты жерге тастамау, табанды тартпау, босағаны кермеу, есікті қатты жаппау, киімді жадағай жамылмау, аяқты айкастырмау, дауыс көтермеу, өтірік айтпау және т.б. қасиеттер кіреді. Қатынас әдептеріне: үлкеннің алдын кеспеу, үлкенге бұрын сәлем беру, екі қолмен амандасу, үлкеннен бұрын дастарханға қол созбау, үлкеннің сөзін бөлмеу, кішіге-ізет, үлкенге-құрмет көрсету, үлкеннің алдында жамбастамау, ата-ананы құрметтеу, затты өзгеге оң қолымен беру, ата-анаға қарай аяқ созбау, төрт түлікті қастерлеу, мазарға қол шошайтпау, қазаны құрметтеу, дәм тұзды ақтау және т.б. қасиеттері енеді [1].

Бұл көрсетілген әдеп нұсқаларын өсіп келе жатқан жас ұрпақты жарасымды әдептілік пен ұнасымды ізеттілікке тәрбиелеуді халқымыздың тәрбие қағидалары деп түсінуге болады.

Адамдар бір-біріне кездескенде «Ассалаумағалейкум», яғни, «Сізге нұр жаусын», «Уағалайкум ассалам» қазақша «Алланың нұры сізге де жаусын» дегені. Осылай амандасуы арқылы адамдар бір-біріне тілеулестігін, ізгі-ниетін, достығын білдірген. Сәлемдесу әдебінің де қалыптасқан дәстүрі, салауатты салты болған.

Қазақ халқының тәрбиесіндегі бір сыйластық ерекшелік: адамның аты-жөнін құрметпен атау. Адамның аты-жөнін құрметтеп, оны өз аталуында атамай жоғары құрметті атаумен атау сыйласым, азаматты ардақтау болып табылған. Қазақ отбасында ер бала мен қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Отбасы үшін қыз бала атқарар қызметін біліп қоймай, өнерлі шебер болуын, ер баланың еңбеккер, өнерлі, парасатты, білімді, ұстамды болуын ең басты қасиет деп таныған.

Қазақ этикасының қалыптасуына Қорқыт ата үлкен үлес қосты. Оның үлгі-өнеге, өсиет-нақыл сөздері қазақтармен қатар барша түрік халықтарында кең таралған. Қорқыт жырлары – имандылық пен ізеттілік, адамгершілік пен парасаттылыққа мензейді. Көбіне Қорқытты күйші ретінде білеміз, өмірде... қайда барсаң да Қорқыттың көрі – деген аңыз кездейсоқтық емес, ол адам баласына айтылған ескертулер. Ата-бабаларымыз адамның ішкі дүниесіне зер сала ақтара қарай отырып, оның әлеуметтік ортадағы салмағын анықтай білген. Соңында, өздерінің көз жеткізген ой қорытындыларын жасаған. Олар адамға үлкен моральдық талаптар қоя отырып, зор сенім, үлкен үміт артады. Дәстүр-салтымызда инабаттылық пен иманжүзділікті қалыптастыру мақсатында тақырыпты халық даналығымен байланыстырудың маңызы зор. Қазақ даналарының тұжырымдауынша, ақыл-парасаттылық мынадай 10 нәрседен тұрады; біріншіден, адамдарға кішіпейіл және нәзік сезімталдықпен қараудан; екіншіден, өзінің ісінің бұрыс екенін біліп, соған орай әрекет жасаудан; үшіншіден, халқына қызмет етіп, олардың тілек-армандарын орындаудан; төртіншіден, өз сырларын басқаға білдіру-білдірмеуді білу; бесіншіден, өзінің және басқалардың сырын сақтаудан; алтыншыдан, әр жағдайда сақ бола білуден; жетіншіден, тілге ие болып, артық сөйлемеуден; сегізіншіден, мәжілістерде тыныш, үндемей отырудан, әдеп сақтап, білмейтін нәрсені айтпаудан және өкіндіретін сөздердің тілге ілігуінен сақтанудан; тоғызыншы, қатеңді бірден мойындап, кешірім сұраудан; оныншы, біреудің ісіне, өзі сұрамаса, араласпаудан, құлаққа жағымсыз сөзді айтпаудан. Қазақ топырағында әдептануды арнаулы ілім ретінде қарастырған ғұлама-философ, әмбебап ғалым - Әбу Насыр әл-Фараби. Ол этиканы жақсылық пен жамандықты айыруға мүмкіндік беретін ғылым ретінде қарастырды. Оның түсінігінше, адам жаратылыстағы ең қасиетті жан. Сондықтан оған үлкен құрметпен қарау керек. Ғұлама данамыз Әл-Фараби «Қайырымды қаланың бірінші басшысы, қайырымды халықтың басшысы және жер жүзін мекендейтін елдің басшысы өз бойында туа біткен 12 қасиетті ұштастырған адам ғана бола алады деген. 1) Бұл адамның мүшелері мүлде мінсіз болуға тиіс, бұл мүшелерінің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы керек, сонда егер адам әлдебір мүшесінің жәрдемімен әлденедей бір іс істемек болса, ол мұны оп-оңай атқаратын болады; жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, айтылған сөзді сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай-жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек; 2) өзі түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардан ешнәрсені ұмытпайтын болуы керек; 3) әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта сол белгінің ишаратын іліп әкетерліктей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт; өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан-анық айтып бере алатын тілмар болуы шарт; өнер-білімге құштар болу, оқып-үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін болуы керек; 4) тағамға, ішімдік ішуге, сыр-сұхбат құруға келгенде қанағатшыл болуы керек, жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болып, бұдан

алатын ләззатқа жирене қарауы шарт; 5) шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-жалған мен суайттарды жек көру керек; 6) жаны асқақ және ар намысын ардақтайтын болуы шарт; жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары болып жаратылысынан игі істерге ынтазар болуы тиіс; 7) жаман атауға, жалған дүниенің басқа да белгілеріне жирене қарау керек; 8) жаратылысынан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп әділетсіздік пен озбырлықты және осылардың иелерін жек көру керек; 9) жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып жұртты әділеттілікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәріне де өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп отыруы қажет; 10) әділ болу керек, бірақ қыңыр болмау керек; 11) әдептілік; 12) өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанда шешімпаздық көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек...» - дейді. Осы қасиеттердің бәрін келер ұрпақ бойына қалыптастыра отырып мінсіз адамды тәрбиелеп шығарамыз деп тұжырым жасайды ғұлама ғалым. Әл-Фараби шығармашылығындағы көрнекті орын алатын тәрбие мәселесі. Ол өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында тәрбие туралы сөз ете келіп, оған нағыз ғылыми анықтама берді: «Тәрбиелеу дегеніміз халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз»; «Тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден тұратын іс-әрекеттер дағдысы сіңіріледі»; «Этикалық ізгіліктерді – білім, тәрбие арқылы дарыту керек, сол арқылы адам игілікті істерге талпынады» [2]. Әл-Фарабидің «Философияны үйрену үшін алдымен нені білу керек?», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Азаматтық саясат» атты трактаттарында: ұстаз қандай болу керек, ұстаз бен шәкірттің ара қатынасындағы психологиялық мәселелер туралы көп айтылған. Ғұлама бабамыздың түсінігінше ұстаздар да, қала басшысы да тәрбиелік қызмет атқаратын адамдар: «Ұстаз баланы тәрбиелесе, қала басшысы барша халықты тәрбиелейді. Олай болса екеуі де «Сегіз қырлы, бір сырлы» халыққа қай жағынан болса да үлгілі адамдар болуы тиіс», - деді. Әл-Фараби «Нағыз тәрбиеші ұстаздың бойында он екі тума табиғи қасиет және алты жүре дарыған қасиетті меңгерген дана адам болу керек», - дей келіп, оның мынадай сипаттамасын береді: « - өнер-білімге құштар; - мүшелері мүлде мінсіз; - жаратылысынан өзіне айтқанның бәрін жете түсінетін; - өзі естіген, көрген, түсінген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, алғыр да аңғарымпаз; - өткір сөз иесі және ойына түйгенінің бәрін анық бере алатын; - тағамға, ішімдік ішуге, сыр-сұхбат құруға қанағатшыл; - жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын; - жаратылысынан игі істерге ынтазар; - әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін; - жақындарына да жат адамдарға да әділ - пасықтық атаулығы мүлде рақымсыз; - қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек; - бойына туа біткен он екі, сондай-ақ өмір барысында жүре қалыптасатын алты қасиетке ие болған, бұларды бір-бірімен сәтті ұштастырған адам ғана нағыз ұстаз, жұртқа жақсы басшы бола алады», - дейді [2]. Әл-Фараби болашақ мұғалім даярлауда ең алдымен еңбек етуге тәрбиелеу ең

басты - қасиет деп санайды және еңбекті бірнеше түрге бөліп көрсетеді. Олар: адал еңбек, пайдалы еңбек, халықтық еңбек, көпшілік еңбек, бірлескен еңбек. Ол жастарды халықтық еңбекпен айналысуын жөн көрді, және мынадай өлең жолдарын да арнады: Халықтың қамын жесең, таза еңбек ет, Дәстүрді ұста, көкसेген мұратқа жет. Болашаққа апарар бірақ жол бар, Білім, еңбек, тәрбие, ол – парасат [2]. Бұл жерде Әл-Фараби таза, адал еңбекті – тәрбиенің алғы шарты етіп алды. «Тәрбиені неден бастау керек?» деген еңбегінде ғылымды, оқу-ағартуды меңгеруді, білім-тәрбие алу, еңбекке үйрену, философияны үйрену үшін адамның ар тазалығын, оның жеке басының тазалығын, еңбексүйгіштігі мен қызығушылығын бірінші орынға қояды. Қазақ халқының моральдық-этикалық тәрбиесінің басқа халықтарға ұқсамайтын өзіне тән мән-мазмұны, ерекшеліктері бар. Осылардың бәрі атадан-балаға жазылмаған заң ретінде халық педагогикасы құралдары арқылы өнделіп, толықтырылып отырған. Біздің пайымдауымызша: моральдық-этикалық дәстүрлер дегеніміз моральдық сана тәжірибесіне ендірілген, адамгершілік қатынас мазмұнында көрініс тапқан моральдық ережелер мен нормалар. Тарихи кезеңдердің жаңа дәуірі туғанымен ешқашан құнын жоймайтын моральдық-этикалық категорияларға: ар, ұят, намыс, абырой, ұждан, абырой, борыш, парыз, борыш, т.б. жатады. Оған қазақ халқының «Ақылды болсаң, арыңды сақта, ар-ұят керек әр уақытта», «Жігіттің құны - жүз жылқы, ары - мың жылқы», «Ұят кімде болса, иман сонда», «Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі», «Өз ұятын білген кісі, бір кісіге төрелік береді», т.б. деген мақал-мәтелдері дәлел бола алады. Қазақ халқы ар-ожданды, абыройды қатты қастерлеген, оны адамгершіліктің туы етіп көтерген, сондықтан жастарға бата бергенде «Абыройлы бол!», «А, құдай абыройыңнан айырма» - деп тілек білдіріп отырған. Ал, намыс – адамның ішкі сезімі, абыройды қорғайтын құралы. Намыс – адамның қадір-қасиетіне байланысты өте нәзік, өткір, күшті лап етпе сезім. Ол адамды жаман әрекеттерден сақтайтын таза ұлы қасиет. Қазақ халқының моральдық-этикалық тәрбиесі туған жерге, отбасына, үлкен-кішілерге, қоғамға, т.б. көрініс береді. Үлкендерге деген сыйластықты орнату мақсатында қалыптасқан нормалар мінез-құлықтың қалыптасуына зор ықпал етеді. Бұған мысал: үлкеннің жолын кесіп өтпе, сөзін бөлме, үлкендерге сәлем бер, үлкендердің көңілін қалдыратындай қылық жасама, т.б. Мораль, адамгершілік, парыз деген ұғымды ең алғаш отбасынан яғни ата-анасы арқылы біліп, түсінеді. Ата-ана парызы - өтелмейтін парыз. Соның ішінде ананың орны ерекше. «Ана сүтін оны Меккеге үш рет арқалап апарсаң да өтей алмайсың», - деп халық бекер айтпаған. Халықтық тәлім-тәрбиеде әкенің де орны ерекше құрметті. Аналарының балаларына «әкең біледі», «әкеңмен ақылдас», «әкеңнен бұрын асқа отырма» деп барлық нәрсені әкесінің нұсқауымен істеуге үйретуі әкенің қазақ отбасындағы орнын көрсетеді. Мұның бәрі қазақ халқының бала тәрбиесіне үлкен мән бергенін дәлелдейді. «Он үште отау иесі» деген ұғым бойынша бабаларымыз ес білген шағынан бастап баланы өмірге даярлаған, әсіресе ер бала шыр етіп келген сәгінен он үшке дейінгі кезеңде өмірдің құпия сырын, ауыртпашылығын, тұрмыс-қарекетінің жыл мерзіміне сай ерекшелігін

үйретіп, құлағына құйып отырған. Он үш жасқа дейін осынау ғаламды дұрыс игерген бала өзінің өмірін де басқара алады, елін қорғауға да ақыл-парасаты жетеді деп түсінген. Халық педагогикасында ең негізгі қағида адамнан, адамның өмірінен артық, одан қымбат, одан қасиетті ешқандай құндылық жоқ деген көзқарасты ұстану және адамды айырбастайтын, оны өмірі пайда боларлық дүниеде ешқандай құндылықтың жоқтығын түсіну болып табылады. «Адам деген ардақты ат», «Адам болып туған соң, адам болып өлу лазым», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», т.с.с. халық даналығындағы мақал-мәтелдер адамның құндылық екенін дәлелдейді [3]. Қазақ халқының моральдық-этикалық нормалары болашақ мұғалімдерді мақсаттылыққа, ішкі сұраныспен өмір сүру және жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру ісіне, барлық жағдайда моральдық кодекс принциптері мен жоғары адамгершілік идеяларды басшылыққа ала отырып, оларды оқу-тәрбие ісінде жүзеге асыруға, кәсіби парыздылық сана-сезімінің қалыптасуына көмектеседі. Соңғы жылдары тәрбие берудің ауқымының кеңеюіне байланысты оған қойылатын талап та жоғарылады. Бұл туралы Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы жауапкершілігін, ең бастысы балалардың алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз» деген болатын. Осы тұста балаларға әдеп тәрбиесін беруге тікелей араласатын мектеп, оның ішінде мұғалімдер мен сынып жетекшілері болып табылады. Оқушылар арасында әдептілік бағытына сәйкес ата-аналардың қатысуымен тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылады. Мысалы: «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны», «Қоғамдық орындардағы әдептілік деген не?», «Жастардың әдептілігі» және т.б. әдептілік тәрбиесі бағытындағы іс-шаралар өткізіледі. Тәрбие жұмыстары қыз балаларға тән әдептілік пен ізеттілікке, ұл балаларға тән әдеп әрекеттері бойында қалыптасқан үлгілі әдептер мен қарым-қатынас әдептеріне баға беріледі. Олардың көзқарастары мен ойлау қабілеттеріне назар аударылады. Тәрбиелік іс-шараларға ата-аналарды қатыстыру олардың белсенділіктерін арттырады. Бұл ата-аналардың педагогикалық білімдерін жетілдіру арқылы әдептілік тәрбиесін жақсартуда, оқушылардың әдептілік қасиеттерін қалыптастыруда жоғары мүмкіндіктер туатынын дәлелдейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Даналардан шыққан сөз: нақылдар жинағы / Құрастырған Ұ. Асыллов. – Алматы: Мектеп, 1987. – 162 б.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 163 б.
3. Бахтиярова Г. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын педагогикалық пәндерді оқытуда пайдалану. Пед.ғыл. канд. дис., Алматы, 1995, 151 б.

**Б.Т.ОРТАЕВ**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**ДИДАКТИКАЛЫҚ ЖОСПАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**В статье рассматриваются определения и характеристики, данные педагогических технологий и сведения о технологии обучения, основанной на дидактическом плане.**

**The article deals with definitions, characteristics and data of pedagogical technologies. Some information about teaching technology, based on the didactic plan, has been presented as well.**

Білім берудің қазіргі даму жағдайында педагог бар педагогикалық жаңалықтарды жақсы ажыратып қана қоймай, сондай-ақ оларды практикада қолдана алуы қажет. Педагогтың өзіне, оның іс-әрекетіне қойылатын талаптар өзгерді, заманауи өркениет жетістіктерін көрсететін педагогикалық құралдар едәуір байытылды. Осыған байланысты педагогика ғылымына «мұғалімнің технологиялық мәдениеті» термині ендірілді. Аталған термин аясындағы даярлықты жүзеге асыратын «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» ұғымдарына және олардың мазмұнындағы іс-әрекеттер құрылымы бойынша да көптеген зерттеулер жүргізілді және жүргізілуде.

Педагогикалық техника мен технология көмегімен және құралымен мұғалім өзінің дайындығын жүзеге асырады, ал, өнімді іс-әрекетте ол шығармашылық даралығын қамтамасыз етеді. Өнімді шығармашылық іс-әрекеттен тыс педагогикалық техника мен технология жойылуы мүмкін.

«Мұғалімнің технологиялық мәдениеті» ұғымының басты құраушысы «педагогикалық технология» болып табылады. Аталған ұғым педагогикаға өнеркәсіптен келген. Педагогикалық іс-әрекет саласына “технология” деген ұғымды енгізу “индустриалдық” технология (Ф.Б.Гильбрет, Ф.У.Тейлор және т.б.) деген идеяға негізделген және ол оқытуда техникалық жабдықтарды қолданумен байланысты. Білім беру саласындағы педагогикалық технологияның басқа бағыттары оқу материалын талдау техникасын, мұғалім мен оқушылардың оқу іс-әрекетін (Т.А.Ильина) ұйымдастыруды қарастырады. Сонымен қатар, педагогикалық технология ұстаздар мен оқушылардың аз ғана күш жұмсап ең жақсы нәтижелерге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталады.

Егер материалдық өндіріс саласында еңбек затын бірте-бірте терең меңгеру негізінде еңбек өнімінің өсуіне әкелетін жаңа технологиялар жасалса, ал білім беру саласында технологиялар ұстаз іс-әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан жасалған конструкциялар ретінде қарастырылады. “Технология” деген термин гректің түп тамыры *techne* - өнер, шеберлік, кәсіп және *logos* - ғылым, білім деген сөздерінен шыққандығы белгілі. Екі сөздің түп тамырының бірлігі шеберлік туралы ғылым немесе ілімді беретін сөзді құрайды, ол өндірістік үдерістерді жүргізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы.



Педагогиканы технологияландыруда бастапқыда тәрбиесі төмен (қараусыз) балаларды оқыту тұжырымдамасын әзірлеген А.С.Макаренко деп саналады. Педагогикалық технологияны жаппай енгізу ХХғ. 60-жылдарынан басталады және алдымен американдық, кейіннен еуропалық мектептерде реформалаумен байланысты болды. Аталған үдеріс оқытуды кепілдік нәтижесіне айналдыру үшін дидактикалық тәсілдерді іздестірумен үйлестірілді. Педагогикалық технологияларды әзірлеу мен қолдану үдерісі бастауында Дж.Кэрролл, Б.С.Блум, В.П.Беспалько, Н.Ф.Талызина, В.В.Гузеев, Н.Е.Щуркова, В.П.Зинченко, Н.В.Акинфиева, т.б. ғалымдар болса, қазіргі уақытта Ф.Ш.Терегуловтың, В.Э.Штейнбергтің, М.И.Башмаковтың, С.Н.Поздняковтың, Н.А.Резниктің, В.М.Монаховтың, Т.К.Смыковскийдің, Ш.Таубаеваның және т.б. бірқатар жетекші ғалымдардың еңбектері кеңінен танымал.

ХХ ғ. 30 жылдарынан басталған «педагогикалық технология» ұғымын анықтау бойынша басталған пікірталас қазіргі уақытта да жалғасуда. ХХғ. 30-90-жылдар арасында аталған мәселе бойынша шетелдік және отандық әдебиеттерді шолу жасау Л.В.Зевинаның [1], М.Е.Бершадскийдің [2] еңбектерінде көрініс тапқан.

Олар психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі «Педагогикалық технология» ұғымының эволюциясын талдауға мүмкіндік береді.

- «білім берудегі технология» (technology in education, ХХғ. 40-жылдар мен 50-жылдардың ортасы);
- «білім беру технологиясы» (technology in education, ХХғ. 50-жылдардың ортасы мен 60-жылдардың ортасы);
- «педагогикалық технология» (education technology, ХХғ. 70ж.);
- «білімдік технология» (an education technology, ХХғ. 90-жылдарынан бері).

Бұдан басқа қазіргі уақытта белгілі педагогтар «Педагогикалық технология» ұғымын «білімділік технология» ұғымымен алмастырып, оны нақтылайды. Бұл қазіргі уақытта педагогикалық технология саласында тәрбие мәселесін қарастыратын жеткілікті көптеген жұмыстардың пайда болуымен де байланысты.

Осыған байланысты көптеген зерттеушілер «педагогикалық технология» категориясы құрылымындағы екі құраушыны бөліп көрсетеді. Олар;

- оқыту технологиясы немесе білімдік технология,
- тәрбие технологиясы (В.В.Гузеев, Л.В.Зевина, В.А.Сластенин Г.К.Селевко).

Педагогтардың зерттеулеріндегі «Педагогикалық технология» ұғымы эволюциясына зейін аударып келіп, екі ағымды бөліп көрсетуге болады:

- біріншісі – оқу үдерісінде техникалық құралдарды пайдалануға бағдарланады (ЮНЕСКО);

- екіншісі – педагогикалық технологияны процессуалдық категория ретінде қарастырады (М.Чошанов).

Педагогикалық технология ұғымының педагогикалық айналымға берік енуіне қарамастан, оны түсіну мен пайдалануда қазірге дейін әртүрлі көзқарастар кездеседі және оларды төмендегідей келтіруге болады:

- педагогикалық технология – тәрбие құралдарын, оқытудың арнайы жинағын және әдістердің, тәсілдердің, амалдардың, формалардың үйлесімін анықтаушы психологиялық-педагогикалық нұсқаулар жиынтығы, ол педагогикалық үдерістің ұйымдастыру-әдістемелік инструментарийі (Б.Т.Лихачев);

- педагогикалық технология – бұл оқу үдерісін жүзеге асырудың мазмұндық техникасы (В.П.Беспалько);

- педагогикалық технология – бұл жоспарланған оқыту нәтижесіне қол жеткізу үдерісінің сипаттамасы (И.П.Волков);

- педагогикалық технология – бұл оқушы мен мұғалім үшін комфортты жағдайды сөзсіз қамтамасыз етумен оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру және өткізу бойынша бірлескен педагогикалық іс-әрекеттің барлық бөлшектері ойластырылған модель (В.М.Монахов);

- педагогикалық технология – педагогикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланатын барлық жеке тұлғалық, инструментальдық және әдістемелік құралдардың жүйелік жиынтығын және жұмыс жасау тәртібін білдіреді (М.В.Кларин);

- педагогикалық технология – бұл барлық оқу ситуацияларын жобалау негізінде оқытушы мен оқушы іс-әрекеттерін алгоритмдеу (Л.М.Фридман), т.с.с.;

Педагогикалық әдебиеттерде мәнді мәселенің бірі педагогикалық технология, оқытудың әдістері, формалары және құралдары ұғымдары өзара байланысты болып табылады. Аталған мәселеге бірнеше көзқарастар бар:

- технологияға мөлшерлердің, әдістердің және құралдардың енуі, олар инструментальді құралдар болып табылады (М.В.Кларин, В.М.Шепель);

- аталған ұғымның оқытудың формалары, әдістері және құралдарымен теңестірілуі, аталған ұғыммен толықтай сәйкес келуін көрсетеді;

- педагогикалық технология оқыту формалары, әдістері, құралдары, технологиялық білім, іскерлік, педагогикалық шеберлік және т.б. жиынтығы ретінде қарастырылады (Б.П.Лихачев).

Педагогикалық технология жөніндегі біздің түсінігіміз оқытудың формалары, әдістері және құралдары білім беру үдерісін жүзеге асырудың инструментальді құралы ретінде қарастырылады, бірақ араласпайды немесе бір-біріне сәйкес келмейді.

Көптеген ғалымдар педагогикалық технологияға ғылым мен практика арасында аралық орын береді. Н.Ф.Талызина [3, 4] бұл көзқарасты былайша

қарастырады, яғни, әрбір педагог нақты педагогикалық үдерісті тұрғызу үшін технологиялық деңгейде ұсынылған оқу үдерісі жөнінде, оған қандай білімдер қажет, оны қалай жасайды деген барлық қажетті мағлұматтарды білуі қажет.

Ғылым мен практика арасындағы ерекше ғылым: принциптерді тұжырымдайтын, әдістерді әзірлейтін, реттілікті және оларды қолдануды анықтайтын болуы қажет және т.б. Онсыз негізделген оқу үдерісі, нақты оқыту үдерісінің технологиясы болуы мүмкін емес (М.М.Левина) [5].

Жоғарыда педагогикалық технологияға келтірілген анықтамалар пайдаланған әртүрлі ақпарат көздеріндегі келтірілген толық тізімді құрамайды. Г.К.Селевконың, Л.В.Зевинаның [6, 7] еңбектерін талдай келе, педагогикалық технологияларға қойылатын бір қатар жалпы талаптарды бөліп көрсетуге болады: тұжырымдылық, философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылым теориясы, тиімділік, жүйелілік, басқарылуы, өндірушілік, икемді, динамикалығы, көкейкестілігі, ақпараттылығы, адамға сәйкестілік, ізгіліктілік.

Бұдан басқа кез келген педагогикалық технология баланың жеке тұлғалық сапасының дамуына бағытталуы қажет, мүмкіндік бойынша оның жеке тұлғалық қажеттілігін, яғни жеке тұлғаны оқытуды жоғары деңгейде қанағаттандыруы тиіс.

Педагогикалық технологияны таптастыра келе, біздер технологияны оқытушы мен оқушының қарым-қатынасын ұйымдастыру типі бойынша оқушы мен оқытушының бірлескен іс-әрекетіндегі стационарлық оқыту, сырттай оқыту, өзіндік білім алу, педагог пен өзара әрекет етуші оқушылардың саны бойынша (жеке дара, топтық, жаппай) бөлуге болатынын көреміз. Технологияның ерекшелігі пайдаланылған инфрақұрылым элементтері құрамына байланысты. Мәселен, компьютерлік техниканы қолданумен оқытудың заманауи технологиясының мәні анықталады.

Оқыту технологиясын таптастыру әртүрлі белгілері және негіздері бойынша болуы мүмкін. Едәуір жиі пайдаланылатыны А.Я.Савельевтің, В.М.Максимованың, М.П.Симбирская, Г.К.Селевконың, В.Т.Фоменконың [8, 9] таптастыруы.

Тұтастай алғанда төмендегідей таптастырушылық белгілерді бөлуге болады:

- оқыту технологиясы әрекетінің бағыттылығы;
- оқыту мақсаты;
- пәндік ортаға сәйкес әзірленетін технология;
- қолданылатын техникалық құралдар;
- әдістемелік тапсырмалар бойынша.

Осы таптастырушылық белгілерге байланысты біздер «Дидактикалық жоспарға негізделген оқыту технологиясы» танылуы керек деп білеміз. Ол

оқытудың дидактикалық жоспарына негізделеді немесе сәйкес жүзеге асырылады.

Мектеп оқу пәндерін оқытуда әртүрлі дидактикалық жоспарлар басшылыққа алынады. Бірақ олар көп жағдайда мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекетін толық мәнді көрсетпейді. Сол себепті де оны технологияландыру қажеттілігі туындайды.

Оқыту үдерісінде басшылыққа алынатын төмендегідей (технология пәнін оқытуда) дидактикалық жоспарларды атап көрсетуге болады:

1. Мұғалімнің технологиялық үдерістерді түсіндіруі:

1) Алдымен технологиялық үдерістің орындалуы түсіндіріледі (оның негізінде жатқан ғылыми принциптер зерделенбейді).

2) Осыдан кейін сұрақтар қойылады (яғни оның негізін қандай құбылыстар (немесе заңдар) құрайды?, т.б.).

3) Бұл тәсіл зерделенетін технологиялық үдерістегі құбылыстарға немесе заңдарға танымдық қызығушылықты ынталандырады.

4) Осыдан кейін құбылыстың (заңның) мәні, оның қолданылу шарттары айқындалады.

5) Нақты технологиялық үдеріс мысалында пайдаланылатын заңды иллюстрациялау жүзеге асырылады, оның жұмысының физикалық принциптері, зерделенетін технологиялық үдерістердің жаратылыстану-ғылыми және ғылыми-технологиялық негіздері зерделенеді.

2. Теориялық білімдерді оқыту схемасы: фактілер, техникалық объектілер (I) → ұғымдар (II) → заңдар (III) → теориялық (IV) → салдары (V).

3. Жаңа тақырыпты (технологиялық үдеріске қатысты) түсіндірудің логикалық үлгісі: фактілер, жағдаяттар (I) → технологиялық үдерістер (II) → қолданылатын техника (III) → ұғымдар (жалпы, ерекше, нақты) (IV) → заңдар (V) → теориялар (VI) → технологиялық үдерістерді қолдану (VII).

Осы сияқты оқытудың көптеген танымал дидактикалық жоспарларын мысалыға келтіруге болады.

Мұғалім жұмысы барысында технологиялық үдерістердің негізі жөніндегі білімдерді алдын ала бөле біледі. Бұл оқытуда индуктивті және дедуктивті тәсілді қолданудың алғы шарты. Олар, негізінен, оқулықтарда жалпылық сипатта беріледі.

Соңғы көрсетілген дидактикалық жоспарға сәйкес оқыту технологиясы үшін «Оқытудың бірыңғай технологиясына» (Пошаев Д.Қ.) сәйкес оқытудың жиынтық кестесін тұрғызуға болады (кесте 1).

Кесте 1 - Дидактикалық жоспарға сәйкес оқыту технологиясының жиынтығы

Р/с	Мақсаты	Уақы	Әдістер		Тәсілдер	
			Оқыту әдістері	Оқу әдістері	Логикалық	Техникалық
1.	Мотив туғызу		Проблемалы баяндау	Жаттығу (ақыл-ой, аралас)	Талдау, салыстыру, жинақтау, т.б.	Техникалық оқыту құралдарын пайдалану
2.	Оқу материалдарын менгерту		Оқу демонстрациясы, ауызша баяндау	Техникалық құжаттармен жұмыс жасау	Себеп-салдарлық байланыстарды бөліп алу	ТОҚ пайдалану
3.	Оқу материалдарын менгерту		Оқу демонстрациясы, ауызша баяндау	Техникалық құжаттармен жұмыс жасау	Негізгісін, маңыздысын бөлу	Еңбек құралдарын, ТОҚ пайдалану
4.	Білім менгерту		Индуктивті, дедуктивті баяндау	Сызбаларды, нұсқау карталарын қолдану	Талдау салыстыру, талдап қорыту	ТОҚ пайдалану
5.	Байланыстарды ұғындыру		Проблемалы баяндау, ауызша мазмұндау	Оқу эксперименті, ғылыми-техникалық әдебиетгермен жұмыс жасау	Себеп-салдарлық байланыстарды бөліп алу	ТОҚ пайдалану
6.	Ой қалыптастыру		Оқу демонстрациясы, проблемалы баяндау	Оқу эксперименті, жаттығу	Талдау, салыстыру, жинақтау, талдап қорыту	ТОҚ пайдалану
7.	Теорияны практикамен ұштастыру		Ауызша баяндау	Оқу-өндірістік жұмыстар	Бағдарлы іс-әрекетті образды қалыптастыру	Еңбек құралдармен жұмыс жасау

Дидактикалық жоспарға негізделген оқыту технологиясының жиынтық кестесіндегі құраушылар:

- мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекеті құрылымы мен мазмұнын көрсетеді;
- оқыту әдістері мұғалімнің оқу жұмыстарын анықтауға мүмкіндік береді;
- оқу әдістері оқушының орындайтын іс-әрекетін және тапсырмаларын анықтайды;
- логикалық тәсілдер оқушылардың ойлануын қамтамасыз етеді, педагогикалық тапсырмалар мазмұнын, түрін анықтауға мүмкіндік береді;
- техникалық тәсілдер оқушы мен мұғалімнің бірлескен іс-әрекетіндегі оқытудың техникалық құралдарын, технологиялық машиналарды қолдануды алдын ала анықтауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ мұнда, оқытудың нәтижесін де бөліп көрсетуге болады, ол оқыту мақсатымен сәйкес келуі тиіс.

Сонымен, «дидактикалық жоспарға негізделген оқыту технологиясы деп, мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекетінің болжамды құрылымын дидактикалық жоспарға сәйкес оқыту әдістері мен тәсілдері тұрғысынан анықтайтын және белгілейтін оқыту үдерісінің үлгісін түсінеміз». Берілген анықтама педагогикалық технологияларға берілген анықтамаларға қайшы келмейді және педагогикалық технологиялардың құрылымдық элементтерін, тәсілдер негізін қамтиды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Законодательство Российской Федерации об образовании: Базовые федеральные законы. – 3-е изд., доп. – М.: ИФ «Образование в документах», 2002. -152 с.
2. *Бершадский М.Е.* В каких значениях используется понятие «технология» в педагогической литературе? // Школьные технологии. – 2002. -№1. 3-20. – С.
3. *Талызина Н.Ф.* Педагогическая психология. – М.: Академия, 1999. – 288с.
4. *Талызина Н.Ф.* Технология обучения и ее место в педагогической теории // Современная высшая школа. – 1977. - №1. 91-96. – С.
5. *Левина М.М.* Технологии профессионального педагогического образования. – М.: АСАДЕМА, 2001.
6. *Зевина Л.В.* Системная организация деятельности учителей – слушателей курсов повышения квалификации по освоению современных образовательных технологий. Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Ростов н/Д., 2000. – 140 с.
7. *Селевко Г.К.* Современные образовательные технологии. –М.: Народное образование, 1998.
8. *Селевко Г.К., Селевко А.Г.* Социально-воспитательные технологии // Школьные технологии. - 2003. - №3. 3-176– С.
9. *Селевко Г.К.* Доминанта в развитии личности // Народное образование. - №8. – 1995. 56-62- С.

**Б.ДАУЛЕТБЕКОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АУЫЗША ЕСЕПТЕУГЕ ҮЙРЕТУ**

**В статье всесторонне рассмотрены проблемы обучения школьников начальных классов устному счету.**

**The article deals with some problems of teaching pupils of primary school counting in their heads.**

Қазір техниканың дамыған заманы. Бұрынғы есепшот, басу мәшинкесі секілді техникалық құралдардың орнына қазір калькуляторды, компьютерді пайдаланып жүр. Мәселен, осы калькулятордың көмегімен кез келген есепті жылдам, әрі оңай шешеді. Оқушылар осы құралға үйір болып алды. Негізінде калькулятордың ешқандай пайдасы жоқ. Технологиялық жетістік деп кейде мұғалімдерге оны оқытуды жүктейді. Соңғы кездері осы жөнінде ғалымдар «калькулятор оқушылардың ойлау жүйесін шектеп жатыр» деп дабыл қағуда. Калькулятор - оқушылардың есеп шығарудағы ой-өрісіне, санасына, жалпы психологиясына қаншалықты кері әсерін тигізетіндігі белгілі. Мектеп қабырғасында оқушылардың оны қолданбағаны дұрыс.

XXI ғасырдың қазіргі балалары бөлу, көбейту, қосу, азайту амалдарынан түзілген жай есептерін тек қаламның көмегімен қағаз бетіне түсіріп отырады, олар ауызша есептеп шығару әдісін ұмыта бастағандай.

Сондықтан, бастауыш сынып математикасын оқыту үдерісінде есеп шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың бірден-бір бағыты – оқушыларды есеп шығаруға үйрету.

Оқушыларды есеп шығаруға үйрету математиканы оқытудағы ең қиын, әрі күрделі мәселелердің бірі. Оқушыларға бір ғана математикалық есепті шығаруда оның неғұрлым тиімді, үнемді шығару жолдарын табу мақсатында бірнеше тәсілдерді қолдану ұсынылуы мүмкін. Бұл мақсатқа жету үшін теориялық қағидаларды, сол сияқты есеп шығарудың әдіс пен тәсілдерін еске түсіру керек, бұл құралдардың бәрін есепте баяндалған ситуацияларға пайдалануға мүмкіндігі тұрғысынан талдау жасалуы керек. Осылай оқушыларды есепті шығарудың тиімді тәсілін іздестіру үрдісімен қаруландыру керек.

Оқушыларды есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып жоғарылаған сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік қалыптаса бастайды. Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім.

Оқу үдерісінде дайын білімді жай ғана беру оқушының ой-өрісінің дамуына теріс әсер ететіндігін Е.В.Ильенков атап көрсеткендей, «ми мен ақыл ой-өрісті кеміс етудің ең бір дұрыс тәсілі - білімді формалды жаттау» [1]. Ешкімге құпия емес, математика күрделі де қиын пән. Математиканы

жаттауға болмайды, оны түсіну керек. Ал, егер математика оқушыға түсініксіз және сабақ бірыңғай жүргізілсе, онда пәнді қалай түсінуге болады? Міне, осы жерде педагогикалық тапқырлық керек, бір ғана мақсат оқушыны пәнге қызықтыру. Математиканы оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының пәнге деген қызығушылығын арттыруда және олардың математикалық қабілеттерін дамытуға септігін тигізетін жұмыстың әртүрін пайдалану керек. Осының негізінде математика сабақтарында тапқырлыққа берілетін материалдардың негізгі мақсаты оқушылардың қызығушылығын ояту, ойлау әрекетін белсендіру, ой-өрісін кеңейту болып табылады. Олардың түрлері әртүрлі болып келуі мүмкін: ребустар, қазақ халқының ауызша есептері, өлең-есептер, викториналар, т.б.

Бастауыш сынып оқушыларын ауызша есептеуге үйрету уақыт үнемдеу тұрғысынан да тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол [2].

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

Мысалы, оқулықта көрсетілмеген ауызша есептеудің жолдарын көрсетсе, мысалы, екі таңбалы «5»-пен аяқталатын (15, 25,...,95) сандарының квадраттарын немесе өзін-өзіне көбейтуді қалай есептеуге болатынын түсіндіру және оны есеп шығаруда қолдана білуге машықтандыру:

$$15 \times 15 = 225$$

Мұнда бірліктері 5-пен аяқталғандықтан  $5 \times 5$  көбейтіндісі 25, ал алдыңғы сандары, яғни ондықтары 1 және 1, оның біреуіне 1-ді қосып, қосындыны екінші 1-ге көбейтеміз  $(1+1) \times 1 = 2$  шығады, сонда 225 болады.

$$25 \times 25 = 625$$

Мұнда бірліктері  $5 \times 5$  көбейтеміз 25, алдыңғы сандары ондықтары 2 және 2, оның біреуіне 1-ді қосамыз, 3 болады, оны екінші екіге көбейтіп жазамыз 6, сонда 625 болады.

Сонымен, беспен аяқталатын екі таңбалы сандардың квадратын тапқанда ондықтардың біреуіне 1-ді қосып екінші ондықтың цифрына көбейтеміз де артына 25-ті тіркеп жазамыз.

$$15 \times 15 = 225$$

$$25 \times 25 = 625$$

$$35 \times 35 = 1225, ((3+1) \times 3 = 12 \text{ осыған } 25 \text{ тіркеп жазамыз})$$

$$45 \times 45 = 2025 \text{ т.с.с.}$$



$95 \times 95 = 9025$ ,  $((9+1) \times 9 = 90$  соңына 25 тіркеп жазамыз).

Міне, осындай ауызша есептеулерді үйретсек, оқушының математикаға деген қызығушылығы оянады.

Ауызша есептеу тәсілдері оқушылардың жан-жақты дамуына, олардың математикалық тілінің жетіле түсуіне, сондай-ақ уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді болып табылады.

Ауызша есептеулер әдетте, екі таңбалы сандарға жүргізіледі, ал жазбаша есептеулер ауызша есептеу қиын болған жағдайда ғана көп таңбалы сандарға жүргізіледі.

Бастауыш сыныптарда ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру бойынша орындалатын жұмыс ерекше орын алады, өйткені бастауыш сыныптарда төрт жыл бойы оқығанда оқушылар ауызша есептеу тәсілдерін саналы түрде игеріп қана қоймай, сонымен қатар берік есептеу дағдыларына ие болуы тиіс. Ауызша есептеу дағдыларын меңгерудің білім берерлік, тәрбиелік және тәжірибелік мәні бар. Олар арифметикалық амалдар теориясының көптеген мәселелерін игеруге көмектеседі. Ауызша есептеулер жазбаша есептеу әдістерін жақсы игеруге көмектеседі, өйткені жазбаша есептеулер ауызша есептеулердің элементтерін қамтиды. Олардың тәжірибелік мәні - есептеудің тездігі мен дұрыстығымен әсіресе, амалдарды жазбаша есептеу мүмкін болмаған жағдайларда [3].

Ауызша есептеу дағдылары үнемі жетілдіріп отыру үшін есептеудің ауызша және жазбаша әдістерін, қолданудың дұрыс қатысын тағайындау қажет. Ауызша есептеулерде жаттығулар бүкіл сабақ бойында жүргізілуі тиіс. Оларды үй тапсырмаларын тексерумен, оқып-үйренген материалды пысықтаумен қосып қарастыруға да болады.

Осымен қатар мұғалімдердің тәжірибесінде мынадай жақсы дәстүр қалыптасқан, әрбір сабақтың басында ауызша есептеулерге 5-7 минут арнайы уақыт бөліп, ауызша санаулар жүргізіледі. Егер ауызша есептеулер қызықты өтсе, онда сабақ ары қарайда қызықты және табысты өтеді.

Ауызша есептеулер оқушылардың ойлауының дамуына, олардың зеректігінің, математикалық көрегендігінің және байқағыштығының дамуына көмектеседі.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР ҰҒА академигі М.Өтелбаев - «Қазақ ілім мен білімнің кез келген саласына бейім халық. Оның бір себебі, біздің ұлтымыздың өз тарихында көп сұрыпталғанынан. Небір алапатқа ұшырады. Мұндай құбылыс адам бойында ширығуды, өмірге, қоғамға икемделе өмір сүруге деген ішкі түйсікті оятады. Ішкі түйсік логикаға, ал логика есепке жетелейді»- деген бір сұхбатында.

Қазақта логикаға бағынған ішкі динамика қатты дамыған. Ертеде жылқышылар алдынан ағын судай жөңкіліп өтіп жатқан үйір-үйір жылқыны көзбен «іліп» санап үлгерген. Бұған зердесі ояу адам болмаса, қисынын

келтіре алмайды. «Теңге алу», «жамбы атуды» алатын болсақ, бүгінгі өлшеммен алғанда, сағатына пәлен километр шауып келе жатып жерде жатқан теңгені қапысыз іліп алу үшін арақашықты және ат бауырына қырындай аунайтын қас-қағым сәтте асқан дәлдікпен есептей алған. Әрі тепе-теңдікті сақтап, бойды ілезде тіктеп үлгеру секундтың бөлшегіндей қас-қағым сәт. Осы аралықты есептесе, арифметикалық дәлме-дәлдік шығар еді.

Ағызып келе жатқан аттың жылдамдығын, жебені не ерте емес, не кеш емес, жамбыны қағып түсіретін шамаға жеткенде ғана жұмсау уақытын және садақты шірей тартқандағы қолдың қатысының шамасын, сондай-ақ жебенің ұшу жылдамдығын өлшем бірліктеріне салып есептеп жіберсе, ертедегі қазақтың асқан математикалық интуицияға, қабілетке ие болғанын дәлелдейді. Міне, осының бәрі қазақтың математикалық интуициясын дамытуға себеп болған сияқты. Ендеше, қанына осындай қасиет сіңген балада, әсіресе, ауыл баласының есепке жүйрік болып келуіне таңқалатын ештеңе жоқ.

Қандай зәулім үй салсаң да, оның іргетасы дұрыс қаланбаса, күндердің күнінде құлап қалатыны белгілі. Дәл сол секілді баланы тәрбиелеу мен білім беруде мықты іргетас қаланбаса, жас ұрпақтан болашақта білімді, көргенді және кез келген ортада өзін еркін сезінетін азамат шықпайтыны хақ.

Сондықтан, математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Нұғысова А.* Болашақ математика мұғалімдерін оқушылардың есеп шығару іскерліктерін қалыптастыру жұмысына дайындау. –Алматы, 2002.
2. *Бантова М.А.* Бастауыш кластарда математиканы оқыту методикасы. -Алматы, 1978.
3. *Бидосов Ә.* Математиканы оқыту методикасы. -Алматы, 1981.

**Ә.ҮСЕНОВ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

**МУЗЫКА САБАҒЫНДА БЕРІЛЕТІН ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МӘНІ**

**В этой статье рассматривается значения эстетического воспитания в школе и роль предмета музыки.**

**The article deals with the significance of aesthetic education at school and with the role of music lessons.**

Білім беру жүйесі – тірлік-тауқыметі мол, қиын да күрделі сала. Өйткені оның негізгі мақсаты ұрпақ тәрбиесіне арналған. Ал ұрпақ тәрбиесі - білімділік пен ізденімпаздықты, қажымас қайраттылық пен төзімділікті талап етеді [1].

Қазақ атам заманнан ұрпақ тәрбиесіне өте жауапкершілікпен қараған халық. Қыздарына «қырық үйден тыю» десе, ұлдарын ержүректілік пен батырлықты бойына сіңіріп, ел қорғаны бола білуге баулыған. Қызды жатжұрттық деп, қонақ ретінде сыйласа, ұлын отбасының, қара шаңырақтың болашақ иесі деп мәпелеген. Ибалы да инабатты қыз елінің көркі, өжет те өткір ұл ел ішінің ұйытқысы бола білген. «Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» демекші, тәрбиенің бастауын халықтық педагогикадан алған жастарымыздың өнерпаз болуы да атадан келе жатқан дәстүр жалғастығынан десек, артық айтқандық емес. Шаршы топты жарып, әнін салған кешегі Ақан сері мен Біржан сал, қос ішекті домбырадан күйін күмбірлеткен Құрманғазы мен Дина, Парижде дүниені дүр сілкіндіріп ән салған Әміре. Айта берсек, бұл тізімнің ұзаққа созылары анық. Солардың ұрпағымыз деп мақтанатын бүгінгі жас өскін, солардың әнімен сусындаған, нәр алған, ләззат алған өрендеріміз талғамы биік, заманауи талаптарға сай азамат болып өсіп те келеді.

Мектеп оқушыларының ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттыруда халық композиторларының шығармалары мен әндері ерекше орын алатыны анық. Осы ретте олардың эстетикалық сезімдерін оятуда музыка пәнінің атқарар жүгі ауқымды. Тек, біздің мұғалімдер осы пәннің аясында халық әндерінің, халықтың арасынан шыққан тума таланттардың шығармашылығының кеңінен насихатталуына көңіл аударса. Пәндік бағдарламаға солардың туындыларын көбірек енгізсе деген ниетіміз де жоқ емес. Асыл қазынаның сарқылмас қайнар бұлағы – қазақтың кең даласын әсем даусыменен, тамаша әндерімен әуелеткен ұлттың шын мәніндегі мақтаныштары. Сол бұлақтан сусындаған жанның жүрегі таза, пейілі адал болатыны тағы рас. Ұлтына деген сүйіспеншілігін, жанашарлығын ол сол қайнаркөзден сусындай отырып, арттыратыны және шындық. Жалпы музыканы меңгерген жан табиғат құдіретін де терең түсіне алады.

Демек, дүниенің түрлі ғажайыптарын ұғынып, сұлулықты сезіне білуге деген қызығушылықты қалыптастыру - оқушылардың бойында өнерге деген құлшынысты арттырудан бастау алады. Әсемдік әлеміне ұмтылу, содан рухани күш-қайрат алу – бұл жас балғынның көзқарасын қалыптастыру. Мұндағы басты мақсат - оқушының эстетикалық талғамын қанағаттандыру.

«Эстетика» гректің «эстезис» деген сөзінен шыққаны белгілі. Оның өзі қазақшалағанда айналадағы құбылыстарды сезіммен қабылдауға дайындық деген ұғымды білдіреді екен. Талай ғалым осы тақырыпта қалам тербеп, ол туралы жалпыға ұғынықты пікір қалыптастырған. Талай ғылыми еңбектер жазған. Солардың бірінде Ресей ғалымдары Н.Кипященко мен Н.Лейзеров «Эстетикалық тәрбие сұлулық пен эстетикалық даму заңдылықтарына сай әсемдікті бағалай білу қабілетін жетілдіруге бағытталған мақсатты жүйе» - деп анықтама берген екен [2]. Шындығында да әсемдікті жандүниесімен қабылдай білу кез келгеннің қолынан келе бермейтін нәрсе. Осыдан келіп әрбір жастың эстетикалық талғамы деген тіркес шығады. Оның эстетикалық талғамын қалыптастыру үшін тағы да сол ұлттық өнерге ден қоюымыз керек дегенді қайталағым келеді.

Демек, эстетикалық тәрбие болмыстағы және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдауға және эстетикалық сезім мен талғамды қалыптастыруға тәрбиелейді. Жалпы эстетикалық тәрбиенің негізгі мақсаты - жеке адамның эстетикалық мәдениетін дамыту. Оның негізгі компоненттеріне:

- эстетикалық қабылдау;
- эстетикалық сезім;
- эстетикалық талғам жатады [3].

Эстетикалық қабылдау деп әсемдікті қабылдау процесін айтады, мұның нәтижесі эстетикалық әсерлену, эмоция болып табылады. Демек, табиғат, өнер, адам жасаған заттар, адамның сыртқы кейпі, адамның рухани жан дүниесі, тұрмыс-салты, әрекеттер, адамның өзі де эстетикалық қабылдаудың объектісі болып саналады.

Эстетикалық сезім - адамның рухани өмірін әр тарапты дамытудың қажетті шарты. Сондықтан әрбір адам, рухани жағынан бай болып, әсемдікті көре біліп, одан лаззат та ала білуі тиісті.

Эстетикалық талғам - әсемдікті дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу. Міне осы эстетикалық сезім, эстетикалық қабылдау, эстетикалық талғам бір-бірімен ұштасқан жағдайда ғана адамның сана-сезімі ояу, таным-түсінігі кеңейе түсіп, дүниені тереңінен тани біледі, сезіне, ұға білуіне септігін тигізеді. Осы орайда оқу-тәрбие үдерісі барысында үлкен маңызға ие тәрбиенің бір саласы - эстетикалық тәрбие.

Бұл орайда, жалпы мектеп оқушыларының рухани сезімін байыта түсетін музыка сабағының пән мұғалімдерінің өзінің эстетикалық сезімдері мен эстетикалық мұрат-мақсаттары биік болғаны дұрыс деп ойлаймыз. Сондықтан пән мұғалімдерінің мамандығына деген қызығушылығы мол, әрбір сабақты жоғары дәрежеде өткізе білгенде ғана музыка сабағының атқаратын рөлі де көтеріле түсетіні анық.

Осындай талаптарды орындауда халқымыздың рухани-мәдени жағынан байи түсуіне бүгінгі күні қуатты дамып отырған бұқаралық ақпараттық құралдардың көмегі арта түсуде. Бұрынғы кездері тек газет-журналдардан ғана оқып танысып отырсақ, бүгінде теледидар арқылы еліміздің қай түкпірінде

қандай мәдени іс-шаралар өтіп жатқанын, еліміздің бас қалалары Астана мен Алматыда жыл сайын өтіп жататын өнер тарландары мен жасөспірімдердің концерттік бағдарламалары мен үлкен шығармашылық фестивальдардың куәсі болудамыз. Дәл қазір «Қазақстан» ұлттық телеарнасында өткізіліп жатқан «Айгөлек» байқауының өзі қандай керемет. Бастауыш сынып оқушылары және тіпті бала-бақша өрендері сайысқа түсіп, небір жезтандай әншілеріміз бен өнерпаздарымыз іріктеліп жатыр. Жыл сайын Астанада өтетін «Шабыт» фестивалі және «Жас қанат» әншілер байқауы талай жастың жолын ашып, өнер айдынында еркін қалықтауына мүмкіндік туғызып отыр.

Осындай мүмкіндіктерді пайдалана отырып, мектептің музыка пәні сабағының ролін арттыра білуге өз үлесімізді қоса білуіміз керек. Әрине бүгінгі күні сабақ берудің жаңаша формаларын кеңінен қолдана отырып, сабақты түрлендіре өткенде ғана балалардың музыка сабағына деген қызығушылықтары арта түсетінін біздер көріп те, байқап та жүрміз. Республикалық деңгейдегі осындай ән мен өнер байқауларына бала жіберу, одан жүлделі орындар алу музыка пәнінің мұғалімі үшін маңызды істердің бірі болуы тиіс дейміз.

Оқушылардың эстетикалық сезімін дамыту оларға мынау жақсы, әдемі, ал мынау жаман, көріксіз деп ауызша айтуда ғана жүзеге аспайды, сонымен бірге бала күнделікті тұрмыста да, мектепте де эстетикалық талғампаздықтың үлгі өнегесін күн сайын көріп отыруы керек.

«Эстетикалық сезім, эстетикалық таным – адамның этикалық, яғни адамгершілік танымының алдында жүреді... Сондықтан адамның бүкіл адамгершілігі, кісілігі - эстетикалық сезімінің қалыптасуына байланысты» деген екен Нобель сыйлығының лауреаты Иосиф Бродский швед академиясында сөйлеген сөзінде [4]. Сол айтпақшы, ата-бабаларымыздан қалған ұлы мұраны мектеп оқушыларының бойына ерте бастан қанықтыра, әрбір оқушының музыка сабағындағы эстетикалық сезімдерін оята отырып, білім нәрін санасына құя білгеніміз олардың адамгершілік қасиеттерінің мол болуына, кісілігінің келбетті болуына ықпал ететіні анық.

Қорыта келгенде, әрбір оқушының бойында өз халқына деген сүйіспеншіліктері, пәнге деген қызығушылықтары арта түскенде және пән мұғалімдерінің өз шәкірттерін музыка өнеріне баулудың қыр-сырын терең меңгере білгенде ғана өз ұрпағының эстетикалық талғамы мен танымы нығайа түспек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Күнпейіс Ж.* Бастауыш сыныптарда этнопедагогика материалдары арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру. Оқу-әдістемелік көмекші құрал. Алматы: «Дарын». 2006.
2. *Көкшеева З.* Эстетикалық қызығуды қалыптастыру-маңызды міндет //Қазақстан мектебі, №12, 2006.
3. *Әбенбаев С.* Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы: «Дарын». 2004.
4. *Жәлелұлы О.* Ат жалындағы аңсар //Қазақ әдебиеті, №3, 21-27 қаңтар, 2011.

**Д.БЕЙСЕЙТОВ**  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

### **ЖЕТКІНШЕКТІ ІС-ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**В статье рассматриваются отклонения в характере школьников, связанные с возрастными особенностями, и обязанности преподавателей, касающиеся данного вопроса.**

**This article deals with deviations in pupils' nature connected with age peculiarities and with teachers' duties concerning this point.**

Тәрбие кез келген қоғамның маңызды функциясын құрайды. Қазіргі дамыған қоғамда дүниетанымы кең, адамгершілік қасиеттері мол, жоғары идеялы, өзіне сенімді, қоғамдық белсенді, болмысқа шығармашылық көзқараспен қарайтын жаңа адамды жеке тұлға ретінде тәрбиелеу басты мақсат пен міндетке айналып отыр. Бұл міндетті шешу қазіргі психологиялық-педагогикалық білім жүйесінде талданған ғылыми принциптерде іске асырылады және оларды үнемі теориялық жағынан дамытып отыру қажет.

Бұл қажеттілікті дамыту, оның әлеуметтік-психологиялық сипаты туралы мәселенің балаларды тәрбиелеу ісі үшін зор маңызы бар. Қоғамдағы баланың орны жүйелі ауысып отыратын жас кезеңдерімен бірге елеулі түрде өзгереді, іс-әрекеті де күрделенеді, мұның өзі қажеттіліктерді де елеулі түрде өзгерте отырып, жаңа қажеттіліктерді тудырады және олардың шеңберін кеңейтеді. Жаңа адамның жеке басын қалыптастыру міндеттерін шешу қажеттіліктер мен іс-әрекеттер байланысын дәл ашуды талап етеді. Бастапқы пункт қажеттіліктің өзі болып есептелетін байланыстар сызбасы (қажеттілік - іс-әрекет - қажеттілік) принципті түрде дұрыс емес.

Маркстік түсінік бойынша, қажеттіліктің өзі қоғамдық іс-әрекет процесінде пайда болады: іс-әрекет - қажеттілік - іс-әрекет. Сондықтан тәрбие процесін баланың іс-әрекетін кеңейтіп, оның даму процесіндегі өзгерістерін ескеру тұрғысында құрған өте маңызды. Іс-әрекеттің жетекші типін ұйымдастыру – баланың жеке басын қалыптастыруға мақсатты түрде ықпал жасайтын құрал. Мектеп жасындағы балалар көп қырлы, көп компонентті іс-әрекеттердің әр түріне қатысады. Алайда балалардың нақты өмірі іс-әрекеттердің жеке түрлерінен өзінен-өзі пайда болмайды, олардың жекелеген жас кезеңінде түрлі жүйесін құрады. Олардың әрқайсысы тек іс-әрекеттің алуан түрлерінің белгілі бір құрамымен сипатталып қана қоймай, сонымен бірге осы кезеңде баланың қарым-қатынасын айналадағы адамдарға, болмысқа алып келетін жетекші іс-әрекеттің болуымен де сипатталады. Жетекші іс-әрекет белгілі бір белгілермен сипатталады. Бұл іс-әрекет формасында және оның ішінде іс-әрекеттің жаңа түрі пайда болып, оның ішінде дифференцияланады (мысалы, оқыту ойын үстінде пайда болады), бұл іс-әрекет баланы дамытудың әрбір кезеңдегі негізгі психологиялық өзгерістерге байланысты (мектеп жасына дейінгі бала, мысалы, ойын үстінде адамдардың негізгі қоғамдық қызметтері мен мінез-құлық нормаларын игереді).

Жетекші қызметті дамыту осы кезеңде баланы дамытудағы психологиялық процестер мен психикалық ерекшеліктерге басты өзгерістер енгізуге жағдай жасайды. Сондықтан, іс-әрекеттің жетекші типін арнайы ұйымдастыру баланың жеке басына мақсатты түрде ықпал жасауға, оның осы бір іс-әрекет процесінде талап етілетін қажеттіліктердің, мотивтердің және мақсаттардың иерархиясын қалыптастыруға мүмкіншілік беретін негізгі шарт болып саналады. Әр түрлі және әр түрлі тәрбиелік маңызы бар іс-әрекеттің жетекші түрлерін әрбір жас кезеңдеріне алмастырып отыру заңдылығын зерттеу қазіргі психологтардың (Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин) қазіргі заманғы баланы психикалық дамытуды оларды тәрбиелеудің тұтас процесінің психологиялық негізі тұрғысында кезеңдерге бөлуге мүмкіндік берді [1, 2, 3, 4]. Сөйтіп, бір жағынан, іс-әрекетті, екінші жағынан, іс-әрекеттің динамикасын, оның жетекші типін алмастыруды зерттеу негізінде сырттай ұйымдастырылған іс-әрекетті мотивтердің белгілі бір иерархиялық байланыстарын қалыптастыруға, қажеттілік процесін дамытуға ықпал жасайтын механизмдер мен жолдарды дәйектілікпен іздеуге мүмкіншілік берді. Жеке адамды орнықты қалыптастыру үшін іс-әрекеттің әрбір жетекші типін қайта құру, қайта ұйымдастыру, жолдарын анықтау мүмкіндігі туды.

Балалық шақтың негізгі кезеңдерін сипаттайтын іс-әрекеттің жетекші типтері мен соған сәйкес психологиялық жаңа құрылымдардың контурлары қазіргі кезде баса көрсетіліп отыр. Мысалы, мектепке дейінгі шақта ойын іс-әрекеттері жетекші болып есептеледі. Біріншіден, ойын іс-әрекет ретінде көрінеді, мұнда адамдар өмірінің жалпы іргелі көріністеріне, олардың әлеуметтік функциясы мен қарым-қатынастарына баланың бағдар алуы болып өтеді. Екіншіден, ойын іс-әрекеті негізінде баланың қиялы мен символикалық функциясы қалыптасып, дамиды. Д.Б.Эльконин кіші шәкірттік шақта оқу іс-әрекеті жетекші орынға шығатынын айтады [4]. Ол білімнің қайсыбір саласында ғылыми ілімдерді үйренуге байланысты, онда балалардың болмысты көрсетудің теориялық формаларында бағдар алу негіздері қалыптасады. Бұл іс-әрекеттің толық қалыптасуында, В.В.Давыдовтың еңбегінде көрсетілгендей, жеті-он жастағы балаларда сананың маңызды ерекшелігі ретінде психикалық процестердің, қимылдардың ішкі жобасы мен өзінің жеке қимылының рефлексиясына тиісті еркіндік пайда болады [2]. Жеткіншектік шаққа қарай іс-әрекеттің жетекші типі тағы да өзгереді. Оқу іс-әрекеті, өзінің өзектілігі мен маңызын сақтай отырып, өзінің психологиялық рөліне байланысты жасөспірімдердің жиынтық қоғамдық пайдалы қызметінің тек қана жеке формасы ретінде алға шығады. Жұмыстың жетекші типі деп кеңейтілген қоғамдық пайдалы іс-әрекеттің барлық варианттарын оқу, еңбек, қоғамдық ұйымдастырушылық, көркемөнер, спортты есептеуге болады. Іс-әрекеттердің бұл формалары кіші шәкірттік шақта да кездеседі, бірақ онда жеткілікті өрістетілмеген және жүйеленбеген. Бала жеткіншектік шақта бір формадан басқа екінші формаға (әрине, дұрыс, белгілі жобаға сай ұйымдастырғанда) еркін көшудің нақты мүмкіншіліктерін байқата отырып, іс-әрекеттің оқу мен еңбек,

көркем өнер мен қоғамдық ұйымдастыру, спорт және басқа формалары мен міндетті түрде шұғылдануы керек. Күн тәртібі, оқу мен оқудан тыс жұмыстарды, еңбекпен, өнермен, спортпен және қоғам жұмыстарымен айналысуды бөлу – осының бәрі өзінің ерекше ұйымдастырылуын қалайды.

Қоғамдық пайдалы еңбек жеткіншектік шақтың негізгі психологиялық қажеттіліктеріне: балалардың қарым-қатынасының әр түрлі формаларын тауып, істің алуан-алуан өмір ситуацияларында, іс-әрекет формулаларында пайда болатын міндеттерді ұйымдастыра және құра білуге сәйкес келеді. Жеткіншектерде қарым-қатынастың дамыған жүйесін құру олардың бойында басқа адамдарға, айналасындағыларға саналы қарым-қатынастарды қалыптастырудың негізгі қызметін атқарады. Қарым-қатынастың дамыған жүйесі жеткіншектердің саналылығы қалыптасатын ситуация ретінде де көрінеді. Ересек мектеп шәкірттерінің жетекші іс-әрекеті оқу әрекетінің ерекше формасы болып табылады. Бұл жұмыс, бір жағынан, зерттеу элементтерін иеленеді, екіншіден белгілі бір кәсіптік бағдар алады. Бұл шақтың маңызды психологиялық жаңа құрылымдары – оқушылардың өзінің өмірлік жоспарын құра білу, оны жүзеге асыратын жолдарды іздестіріп, өзіндік санасын дамытуды айқындайтын адамгершілік мұраттарды жасау.

Баланың психикасын дамытудағы осы жайт Д.Б.Элькониннің жұмысында неғұрлым толық ашылған және оның өзінің заңдылықтары бар [4]. Ол, атап айтқанда, іс-әрекеттің барлық жетекші типтерін екі топқа бөлуге болатынын көрсетті. Бірінші топқа көбіне балалар арасындағы қарым-қатынастардың нормаларын, мотивтерін игеретін типтер кіреді. Бұл іс-әрекеттер нақты мазмұны бойынша ажыратылады, бірақ принципінде балаларды адам іс-әрекетінің жалпы мағынасына дәйекті түрде тереңдете ендіру формалары болып табылады. Мұнда балаларда ең алдымен қажеттілік мотивтік сфера дамиды. Екінші топқа материалдық және рухани мәдениет объектілерімен әрекет жасаудың қоғамдық қалыптасқан әдістерін игеру жөніндегі іс-әрекет жасаудың қоғамдық қалыптасқан әдістерін игеру жөніндегі іс-әрекет типтері кіреді. Бұл жерде оқушыларда интеллектуальды, таным қабілеттер, оперативті-техникалық мүмкіндіктері көбірек қалыптасады. Сонымен, іс-әрекеттердің қажеттіліктері басым дамыған кезеңдер таным қабілеттері басым дамитын кезеңдермен заңды түрде алмасып отырады.

Баланың психикасының даму заңдылықтарын іс-әрекеттің жетекші типінің өзіндік ерекшелігін, олардың мектеп оқушылары іс-әрекетінің басқа түрлері мен қарым-қатынасының өзара байланысын есепке алу тәрбие процесін анағұрлым оңтайлы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жоғары интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктері бар, белсенді, өзіндік іс-әрекеті бар жеке адамды қалыптастырудағы талап педагог-тәрбиешілердің алдына оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын, әдістерін және оны ұйымдастыруды психологиядан алынған мәліметтер негізінде құру мақсатын қояды. Іс-әрекеттің жетекші типін арнайы ұйымдастыру баланың жеке басына мақсатты ықпал жасап, осы істің процесінде онда талғам мен мотивтің қажетті иерархиясын қалыптастыруға



бағытталған негізгі жағдай ретінде көрінеді. Бір жас кезеңінен келесі неғұрлым ересек кезеңге көшкен кезде балалардың ересек адамдармен қарым-қатынасының жағдайы мен жүйесі өзгеріп отыруы керек. Өзінің ажырамас бірлігін сақтай отырып, мектеп ұйымдастыру формалары мен оқыту әдістеріне оқушылардың құқықтары мен міндеттерінің сипатына, мұғалімдер мен балалардың арасындағы қарым-қатынастарға қарай жіктеліп, буындарға айқын бөлінуі тиіс. Барлық буындарда оқыту мен тәрбиелеу мазмұны біртұтас болған кезде әрбір буын оқушылардың интеллектуалдық және әлеуметтік ересектенуінің сатысын айқын көрсетуге тиіс: тәрбие және оқу жұмысының негізгі элементтерінде, өз бетімен ұйымдастыру формаларында, өзін өзі басқару сипатында және балалардың жалпы мектептің істерін жоспарлауға қатысуында, тіпті киім киісінде айқын көрінуі тиіс.

Ұйымдасқан тәрбие процесінің нәтижесінде өсіп келе жатқан адамда кейінгі белсенді өндірістік және азаматтық қызмет үшін қажетті және оның дүниетанымы мен адамгершілігінің психологиялық негізі болып табылатын қажетті түрлі сапалар пайда болып, тұрақтайды. Бұл сапалар тиісті қажеттіліктер мен қабілеттіліктерден, ең алдымен өз еңбегін дұрыс ұйымдастырып, қажеттілігінше жетілдіре отырып, еңбекке деген қажеттіліктер мен қабілеттіліктерден көрініп отырады. Мұндай дамыған нормалар мен мұраттардың негізінде ұжымдағы қатынасты құру, өмірлік проблемаларды ақылмен, істі бірлікпен шешудегі қажеттілік пен қабілеттілік болады. Қажеттілік жоғарыда айтылғандай, іс-әрекетте ғана іске асады, сондықтан да тәрбие жүйесін мақсатты түрде құру жеке адамдарды қалыптастыруда неғұрлым ықпал жасайтын іс-әрекеттің жетекші типін ұйымдастыруды талап етеді [4].

Әрбір жас мөлшеріне бір жетекші іс-әрекет өзіне тән деген тұжырым іс-әрекеттің басқа түрі жоқ дегенді білдірмейді. Мысалы, мектеп жасына дейінгі баланың жетекші іс-әрекеті – ойын, бірақ онда еңбектің де, оқудың да элементтері бар. Алайда не мектеп, не оқу емес, ойын ғана мектепке дейінгі шақта психологиялық жаңа құрылымдардың типін анықтайды. Сонымен қатар ойын іс-әрекеті мектеп шағында да болады, бірақ ол шешуші мектеп болып есептелмейді. Сонымен басты жетекші іс-әрекеттерді алға қоя отырып, психологтар еш уақытта баланың көп қырлы іс-әрекетінің барлық басқа түрлерінің маңызы мен рөлін жоққа шығармайды. Балаларды сан қырлы іске баули отырып, балалық шақтың кезеңіне сай, психологиялық даму деңгейі мен жас шағының жаңа құрылымдарына объективті жауап беретін іс-әрекеттердің жетекші типін тиімділікпен пайдалану, жаңа құрылымды тұрақтандыру, дамыту қажет деп ойлаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Выготский Л.С.* Педагогическая психология // Психология: классические труды. - М., 1996.
2. *Давыдов В.В.* Проблемы развивающего обучения. - М., 1986.
3. *Леонтьев А.Н.* Деятельность, сознание, личность. - М., 1977. - 180с.
4. *Эльконин Д.Б.* Психолого-педагогическая диагностика: проблемы и задачи. Психодиагностика и школа. Таллин, 1980.

**А.АЛТЫНБЕКОВ**

Абай атындағы ҚазҰПУ PhD докторанты

### **Ш.ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЫҚПАЛ ЕТКЕН АЛҒЫШАРТТАР**

**В статье рассматриваются предпосылки, оказавшие влияние на социально-педагогические взгляды Ш.Кудайбердиева.**

**The article deals with premises influenced social and pedagogical views of Sh. Kudaiberdiyev.**

Қазіргі кезде қазақ халқының ұлы ойшылдарының шығармаларындағы әлеуметтік-педагогикалық көзқарастарды зерттеп-зерделеудің қажеттілігі туындап отыр. Бұл, әсіресе егемен мемлекетіміздің жастары үшін, таптырмайтын білім бастауына айналды. Себебі бұрынғы өмір сүрген ғұламалардың туындыларында тек өз кезіндегі ғана емес, сонымен қатар келешек заманның мәселелері де қамтылған. Білім мен ғылымға толығымен бет бұрған, ұрпақ тәрбиесіне белсене кіріскен бүгінгі кезеңде даналардың мәнді тұжырымдарын кәдеге жарату алға қойған мақсаттарымызға жетудің кепілі болмақ. Қазақ топырағында өркен жайған тәрбие үрдістерінің негізін салғандар әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауиден басталып, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы идеялары арқылы жалғасын тауып отырды.

Солардың ішінде Шәкәрім Құдайбердіұлының тәлім-тәрбиеге қатысты идеяларын еліміздің даму жолындағы ізденістеріне тұғыр ететін уақыт келді. Өйткені ол, ең алдымен, өзі өмір кешкен тұстағы әлемдік деңгейде болып жатқан ғылыми-техникалық жаңалықтардың мәнін, сыр-сипатын анықтап, болашақ жастардың ғылым-білімнен үлес алуын аманат еткен. Кеменгердің өз замандастарынан озық тұрғандығын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті студенттерімен кездесуінде: «Қазіргі бәсеке заманында қажыр-қайратың, ынта-жігерің, тынымсыз ізденісің болмаса, көштен қалу оп-оңай. Данышпан ақын Шәкәрім бабаларың «Құбылған әлем жарысы. Ақылды жанның табысы» деп бекер айтпаған. Ендеше жастарға жүктелетін міндет те үлкен» деп, Шәкәрім Құдайбердіұлының пікірін келтіруі дәлелдей түседі [1].

Шәкәрім еңбектеріне бойлаған сайын бүгінгі ұрпақ ұлы ойшылдың білімге шақырған ұранды үнін ғана емес, оның адамзатты тәрбиелеу саласындағы даналық ақылын терең меңгеріп, нұсқаған тағылымдарындағы теориялық ой-пікірлерге қаныға түседі. Оның педагогика ғылымының дидактика саласына қатысты пікірлері де ұшан-теңіз екендігіне көзіңіз жетіп, өнеге алар тұстары баршылық. Шәкәрім шығармаларының ішкі сырларын терең де, жан-жақты білу үшін жалпылама айтудан ғана шектелмей, ол ұсынған ойларды педагогикалық-психологиялық тұрғыдан өте байыпты да байсалды аңғара білу қажет. Өйткені, Шәкәрім дидактиканың басты

принциптері мен ғылымды меңгеру тәсілдерін және оны игерудің амалдарын даналықпен дәл нұсқап, педагогикалық-психологиялық негіздерін терең аша білген [2.11-12].

Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық идеялары туралы сөз қозғамас бұрын, оның дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен негізгі жайттарды талдап, маңызды шындыққа көз жеткізуіміз қажет. Негізінде дүниетанымның, көзқарастың қалыптасуы – адамның тал бесігінен жер бесігіне дейінгі аралықта толассыз жүретін өте күрделі процесс. Жеке тұлға санатына жеткен әр адам өзінің дүниетанымдық бастауларын ғасырлар бойы жинақталған білім, тәрбие тәжірибесі арқылы игеруі мүмкін. Немесе әлеуметтік-қоғамдық өмірде адамның көзқарасын мүлдем өзгертіп, оның мәдени-рухани тұрғыдан қайта түлеуіне әсер ететін субъективті себептер де болуы ықтимал. Сонымен қатар оның тынымсыз ізденісінен, еңбегінің нәтижесінде меңгеретін шынайы ақиқаттың да болмағы ләзім. Сол сияқты Шәкәрім Құдайбердіұлының адами тұрғыдан жетілуіне, тәлім-тәрбие жөніндегі ой-пікірінің жинақталуын жүзеге асырған жағдайлар болған. Шәкәрім жастайынан өзін-өзі тәрбиелей білген. Оның өмірлік ұстанымы – ешкімге қиянат қылмау, бөгде адамға жаманшылық жасамау, мейлі жан-жануар, жәндіктерге болсын, зәбір көрсетпеу. Яғни адамшылықты, арды бұзатын барлық теріс қылықтардан тыйылуға ерте бастан кіріскен. Ол жас кезінде өзі басынан кешірген жағдайды үнемі есіне алып, ұдайы сол ісінен сабақ алып отырған. Шәкәрім жеті жасқа келгенде, әкесі Құдайберді қайтыс болып, үйіне жан-жақтан көңіл айтып, кісілер жан-жақтан келіп жатады. Бала Шәкәрім сол сәтте сай ішіне ойнауға кетеді. Ойнап отырып, ирелендеп бара жатқан жұлдыз құртын езіп өлтіріп тастайды да, кейін оған жаны ашып қатты өкініп жылайды. Ең алғашқы өлеңі «Өлтірдің онан таптың қандай пайда?» деген атпен осылайша дүниеге келеді. Бұл оқиғаның ақын есінде мәңгі-бақи қалғандығын баласы Ахаттың әкесіне қатысты естеліктерінде кездесетіндігіне қарап топшылауға болады. Өмірінде одан кейін жан-жануар, жәндік атаулыға қиянат жасамауға серт бергендігі оның тырнақалды туындысынан аңғарылады. Жетім қалған баланың ой-санасында атасы Құнанбайдың, өз анасы Ботантайдың берген тәрбиесі мәңгілік із қалдырады. Кеңестік кезеңде жарық көрген жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында Құнанбай мейлінше қатал, тасжүрек, мейірімсіз жан ретінде бейнеленсе де, тәуелсіздік алған уақыттан бері ғалымдардың оның шынайы тұлғасын зерттеуінің арқасында Құнанбайдың мүлдем басқа адам болғандығы, яғни қара қылды қақ жарған әділ, ел арасында дау-жанжалдың өрістеуіне, қылмыс пен сұмдық істерге тосқауыл қойған тұлға екендігі ашылды. Дінге берік жан болғандығы, қажылыққа барып келгендігі жайлы мәліметтер де жиі кездеседі. Ол романда Шәкәрімнің де Шұбар есімімен ұшырасатынын, алайда шын болмысына қайшы келетін кісі ретінде

көрінуінде де саясаттың салқын ызғары бар екендігін бағамдаймыз. Қажы отбасында Шәкәрімнен бөлек, Абай сынды ұлы ақынның дүниеге келгенін және тәрбиеленгенін ескергеніміз жөн. Сол атасының берген тәлімін жүрегіне терең сіңірген Шәкәрім, ең алдымен, елге, халыққа қызмет етудің артықшылығын түйсінеді. Ынсапты, арлы қалпынан таймай, еңбекке етене араласуға дағдыланады. Шыққан тегіне, дәулет-байлығына мастанбай, қажы әулеті балаларының әрбіреуі киіз үйді құру мен бұзу, бүркіт салу, аң аулау, құс ату, ет бұзу, темір-терсек соғу, арба мен сағат жөндеу, бұдан да басқа тұрмыс жұмыстарын атқарған. Үлкен атасы немере-шөбересінің ақыл-ойын, санасын, мінез-құлқын, қол өнерін, халықтың әдет-ғұрпын сақтай тұрып, ретімен дамыта білген. Шәкәрімнің «Мұтылғанның өмірі» деп аталатын өз өмірінен сыр шертетін поэмасында осы айтылғандардың бәрі өз сөзімен, өз сезімімен баяндалады. Осы поэмада Шәкәрімнің он жасында домбыра мен гармонь тартуды үйреніп, мылтықпен құс атуға шығып жүретіндігі сипатталған [1]. Бұл жерде ақын өзінің жас кезінде істегендерін жай мысал ретінде ғана келтіріп отырған жоқ, ол өз бойындағы ең үлкен жан қуатын – білмекке құмарлықтың күші қандай болатынын сөз етіп отыр. Ол кезде сағат пен орган аспабы екінің бірінде кездеспейтін таңсық заттар болатын болса, бала Шәкәрім соларды бұзып көріп, қалай жұмыс істейтіндігін білуге талпынған. Жалпы Шәкәрімнің ағасы әрі ұстазы Абай жетінші қара сөзінде жас баланың анадан екі түрлі мінезбен туатындығы, оның біреуі – тән құмарлығы, екіншісі – жан құмарлығы екендігі жайлы сыр тарқата келіп: «Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, "ол немене?", "бұл немене?" деп, "ол неге үйтеді?", "бұл неге бүйтеді?" деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі — жан құмары, білсем екен, көрсем екен; үйренсем екен деген» – деп, жан құмарлығының мәні туралы толғанған. Шәкәрімнің бала кезінде әртүрлі өнер үйренуге талаптануы, өлең шығарып, ән айтып, серілікпен де айналысуын тізбелеп, оның бәрін жан ізденісіне телуі Абай тәлімімен жүріп-тұрып, Абай көзқарасымен бір арнада тоғысатындығын аңғартады. Атасынан кейін өз ағасы Абайға соның жетелеуімен ержеткені үшін ризалық білдіретін. Ұлтының мақтаньштары болған ағалы-інілі тек қан жағынан туыс болып қоймай, солардың жан сырлары, рухани ізденістері ұштасып жатты. Абай қара сөзінде тән құмарлығының жанды түптің түбінде жеңетіндігін, жан жеңілісінің адамға өте ауыр соққы болып тиерін қынжыла жеткізсе, Шәкәрім осы ізбен «жан мен тән» тартысының көрінісін өрбітеді: «Жан құмары – істемек, біліп алмақ, Бөгет бола береді дене салмақ. Асыл іздеп асылды аласұрар, Амал бар ма денесіз қайда бармақ?» дейді. «Жастарға» деген ұзақ өлеңінде Абайдың

тәлімін, Абайдың тәрбиесін алуға, содан өнер-білім үйренуге бүкіл талапты жастарды шақырып, оның қадірін білуге үндейді. «Білімді сол кісіден ізденелік! «Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік. «Өмір зая болмастық өнер үйрет, Ақылыңды аяма бізге» делік» деп, ұлы ақынға шәкірт болудың жөнін айтады. Ш.Құдайбердіұлының ағасына әрі рухани ұстазына деген ізет-құрметі бауыры болғандығынан ғана емес, шын дананың қасиетін, бағасын толық ұғынғандықтан туындаған. Ұлы ақын қартайып, қайғы ойлаған шағында Шәкәрімге жер-жиһанды кезіп, Шығыс пен Батыстың өнер-біліміне ден қойып үйренуді аманаттайды. Бірақ содан кейін Абай қат-қабат қайғыға тап болып, сүйікті ұлы – Мағауиядан айрылады. Одан кейін өзі де қайтыс болады. Шәкәрімге, әрине, жанашыр адамынан көз жазып қалу оңайға түспейді. Ақыры ол Абайдың аманатына адалдық танытуды мақсат етіп, Батыс елдеріне сапар шегеді. Ұлы Ахат Шәкәрімұлының естелігінде бұл туралы кеңінен қозғалған: «Сүйтіп, 1905 жылдан 1906 жылға қарсы күзде жүріп кеттім. Абайдың ақырғы кеңесі осы сапарым - менің көзім ашылып, адам қатарына қосылуыма үлкен себебін тигізді. Сол сапарда неше ұлттың ғалымдарымен сөйлесіп, пікір алысып, керек кітаптарды алдым. Ол кітаптарды посылка етіп, Семейдегі Әниярдың атына жіберіп отырдым. Стамболда тарих қорларын сақтайтын орындарда болып, әрі бара жатқанда 13 күн тарих ақтардым. Ертедегі шығыс ақын-жазушы ойшыларының шығармаларын түгелдей алдым. Гомерден бастап, Грек халқының ойшыл-философтарының шығармаларын, Батыс философтарының шығармаларын, ертедегі Түрік ғалымдарының жазған шығармаларын, елдің лұғаттарын, Америка жазушыларының шығармаларын алдым. Демек, менің бұл сапарым - көкірек көзімді ашып, аңсаған арманымға қолым жеткен сапарым болды. Бұ да Абайдың маған берген ақыл-кеңесінің жемісі» [3] дейді Шәкәрім. Одан әрі ақын Меккеге барып, көптеген қажеттіліктерін табады. Қайтар кезде Стамбулдың тарихи орындарын аралап, көптеген жайттарға қанығады. Бұл сапар ақынның әлеуметтік көзқарасының қалыптасуына игі әсерін тигізді. Ол туралы «Хақиқат нұрдың жарығын Жарылды жүрек көргенде» деп жеткізеді ақын.

Ақынның көптеген өлеңдеріндегі ел түзеуге, халық түзеуге деген сарындар оның көп жыл сарылған еңбегінің нәтижесі. «Адамнан артық жәндік жаралмаған...» атты өлеңі ақынның сыни қайраткерлігінің толысып, қоғам тәрбиесіне деген көзқарасының жетілгендігіне айғақ бола алады. Ол айналадағы жандардың қиянатшыл, екіжүзділік, мейірімсіз қасиеттерін көріп, басқалар үшін бұл мінездің қандай зиян тигізетінін ойлап қынжылады. Адамдық мәртебенің өзі ойшыл үшін кез келген кісіге тиесілі емес. Сонымен бірге оның «Кісіге адамшылық неге керек?» өлеңінде адамдық пен айуандықты бетпе-бет қойып, салыстырып отырып, адамдық қасиеттің орнын анықтап көрсетеді. «Кісіге адамшылық неге керек, Адамдық өзге айуаннан

артық демек. Ит талаған төбеттей қалай дейсің, Аямай әлі келгенді жұлып жеген жемек», - деп оқырманға риторикалық сауал қояды, әрі қарай жауабын өзі беріп, айуанға, жыртқышқа тән әдетін сынайды. Одан әрі «Мейірім жақсы, зұлымдық жаман дейсің, Қасқырлыққа қайтасың құр дөңгелеп, Жаны ашып, жәрдем қылмай өткен адам, Өсіп, өніп құлаған бір бәйтерек», - деп өзі өлеңінде адамды адам ететін, адалдық пен азаматтыққа жеткізетін амалды, түрлі жолдарды іздестіреді. Адамның түзу жолда жүруіне, ар тазалығы мен жан тазалығына ақылдың үнемі көшбастаушысы болып отыруын қалайды. «Білімділер сөз жазып зарлағанда, Ой кезіп, жердің жүзін шарлағанда, Алдаусыз адам өмірін түзетерлік, Әділет, ынсап, мейірім бар ма адамда», - деп толғанып, өз заманының, қоғамын сынап, адам бойындағы жағымсыз мінез-құлықтарға жиіркене қарайды, басқаларды да жиіркендіреді.

Ұлы ақынның бұл өлеңдері жақсылық, әділдік, азаматтық сезім, ар-ұят өзін-өзі бағалау, қамқорлық, қарапайымдылық, кішіпейілділік сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады. Нағыз адамшылықтың шарты: «мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек». Осы төртеуін өн бойына жиган адамға ғана адам деген ат лайық. «Ынсап» пен «мейірім», әділет тұтаса келе, ұжданға негіз болады. Шәкәрім Құдайбердіұлы материалистік танымға үзілді-кесілді қарсылық көрсете отырып, оның мынадай кемшіліктерін ашып көрсетеді:

1) Материалистік таным жетегінде кеткен адам ұждан қасиетіне де қарсы шығады. Өйткені ұждан екі дүние үшін де қажетке жарайды, адам өлген соң, оның осы дүниеде атқарған істері үшін жауап береді. 2) Материалистік ілім бойынша адам істеген істері үшін ешкімге де жауапты емес. Барлығы да із-түзсіз жоғалады. Бұған қарама-қарсы ұжданның азығы – ақ жүрек пен адал ниеттілік. Осы жолмен іс қылған кезде ғана кез келген жан о дүниеде Шәкәрімнің сөзімен айтқанда, мерейі үстем болып, «бәйге алады». Ұждан ұғымына ақын мынадай анықтама береді:

«Ұждан – екі өмірге бірдей керек таяныш. Бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң, жол тазарта алмайды. Егер кімде-кім жаны өлгеннен кейін де көретін өмірінде тірі болатындығына, ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап әбден істесе, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулының бәрін бір бауырдай етіп, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол – осы мұсылман жолы секілді. Кейбір діншілерді қорлыққа түсіретін шатақ дін – жалқаулық. Әйтпесе адамды жаратушы – нақты білімпаз. Адам жаны өлгеннен соң да ұжданды болып, еш нәрседен кемдік көрмейді» [4].

«Үш анықтағы» «ұждан» туралы көзқарас «Ұждандыны мақтайды тамам адам» деген өлеңінде жалғасын табады. Бұл шығармада әлеуметтік шындық пен азаматтық көзқарас біте қайнасқан. Адамға, қоғамға жақсылық жасаймын деп жүріп, талай жандар өліп кетеді. Ақын осыны терең ойдың

тезіне салайық деп үндеу тастайды да, ақыры олардың не үшін өлгендіктерін зерделейді. «Құр мақтан үшін ажал тапса, онда бұдан артық қасірет жоқ. Ел түзеу үшін құрбанмын» десе, өзі одан ешқандай пайда ала алмайды. Ал, ең негізгі мақсатпен, «Құдайдың разылығы үшін өлдім» дейтін ешкім жоқ. Сонда өмірін қиып, не үшін тәуекел етті» деп толғана келе, ақын мұның бәрін терістеп шығады. Сайып келгенде, адамның ұжданы өлмейді. Жаны жоғалмайды, сондықтан осы дүниеде ұжданның іздегенін тауып, соны жетілдіріп өмір сүрген дұрыс деген қағидаға тоқтайды. Бұл, расында да, заман шындығы. Себебі ойшыл өмір сүрген тұс – Кеңес өкіметінің енді орнап жатқан тұсы болатын. Жаңа өкіметті орнату жолында қаншама адам қырылды, өлді. Олардың барлығы да «Құдай үшін» деп өмірлерін қиған жоқ, «жаңа өкімет» үшін, не болмаса «ұрпақ бақыты» үшін деп жандарын қиды. Уақыттың өзі өкіметтің өткіншілігін көрсетіп берді. Шәкәрім Құдайбердіұлы «ар билейтін» заманның кешікпей ататынын көреген көңілмен болжап, біліп, өздерін құр босқа өлімге байлағандарға өкініш білдіріп отыр.

Шәкәрім Құдайбердіевтің азаматтық рухты жоғары көтеретін, эстетикалық сезімге баулитын өлеңдерінің бірі – «Сен ғылымға болсаң ынтық...». Бұл өлеңнің идеясы тұнып тұрған өсиет, ақыл мен нақыл. Ақын жастарға өнер, ғылымға жету жолдарын көрсетіп, оқуға шақырды. «Сен ғылымға болсаң ынтық, бұл сөзімді әбден ұқ, Білгеніңнің жақсысын қыл, білмегенді біле бер. Білген ердің бол шәкірті, білмегенді қыл шәкірт, Үйренуге қылма намыс, үйретуге болма кер» [2] - деген жолдарында ғылым мен білім, адамдық пен азаматтыққа жеткізетін бірден-бір құрал екенін айтып, шәкірттік пен ұстаздық арасын айшықтап көрсетеді. Шәкәрімнің оқу-білімге, өнерге, еңбекке, биік гуманизм, адамгершілік идеясына көзқарасы үнемі Абаймен үндес келіп отырады. «Қай ғылымды білсеңіз де қазір оны елге жай, «Құры ішінде кеткенше пайдалансын өзгелер», - деп ғылым мен білімнің көпке ортақ байлық екенін түсіндірді. «Піскен мен шикі» мысал өлеңі ақынның замандасы, педагог-жазушы Ыбырай Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесімен тәркіндес, тәрбиелік мән-мағынасы ұқсас. Шәкәрім поэзиясының биік тұғыры – гуманизм, туған халқына деген махаббат, жан мен тән тазалығы екенін айтып, ұрпақ санасына сіңіру – көкірегі ояу, сезімі сергек, зерделі жастық парызы. Шәкәрім еңбек тәрбиесіне ерекше мән бере келіп, өз шығармаларында еңбекті адам бойындағы қасиеттердің ең керектісі деп түсінеді. Еңбектің тек жеке адам өмірінде ғана емес, бүкіл адамзат дамуындағы тарихи маңызына көз жеткізе білді. Жалпы, адам өмірін осылайша жас ерекшеліктеріне қарай кезең-кезеңге бөліп сипаттау – қазақ поэзиясында ертеден келе жатқан дәстүр.

Жастық қызығын дәріптеген ақын адам өмірінің осы екі кезеңін шендестірумен шектелмейді, бергін келе ұлғайған жастың өзіндік мәні бар екенін насихат қылды. «Әрине, балаң білсе қадірінді, Орындап екі айтқызбай

әміріңді. Жасыңнан жаның сырлас жарың болса, Қыл өткізбей білетін тамырыңды» - деп, адамның егде тартқан тұсында баланың, жардың қызметіне ерекше мән береді, оның тәлімдік-тәрбиелік тұстарына ерекше көңіл бөледі.

Қорыта айтқанда, Шәкәрім Құдайбердіұлының әлеуметтік-педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына ықпал еткен жайттар төмендегідей:

1. Жас кезінде түйген ойлары. Әкесі қайтыс болған кезде алғаш рет өз халін жәндікпен салыстырып, сол арқылы тірі мақұлыққа зәбір, жапа көрсетпеуге ант беруі

2. Туған үй, өскен орта. Атасы Құнанбайдың тәлім-тәрбиесі мен еңбекке деген құштарлығы. Сол арқылы қоғамдық санасының қалыптасуы.

3. Немере ағасы қазақтың ұлы ақыны – Абайдың тәрбиесі, ғылым-білімге жетелеуі, ақыл-кеңестері.

4. Әр елдерге, мемлекеттерге жасаған сапарлары. Сол арқылы туындыларының, өлең-жырларының дүниеге келуі.

Осылардың барлығы Шәкәрімнің тәлім-тәрбиелік идеяларының бастау көзі ретінде танылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Акманова Г.Р.* Орта мектепте Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларын оқыту әдістемесі. Пед.ғыл.канд.ғыл.дәр.алу үшін дайынд.дисс.авторефераты. - Алматы, 2010. -11-12 бб.
2. Шәкәрім. Иманым. - Алматы: Арыс, 2000. 238 бет.
3. *Шәкәрімұлы А.* Менің әкем, халық ұлы - Шәкәрім // Жұлдыз. – 1992, №1-8.
4. *Құдайбердіұлы Ш.* Үш анық. Алматы, 1991.



**Д.БЕЙСЕЙТОВ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ

## **БАЛАНЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МІНЕЗ АУЫТҚУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**В статье рассматриваются вопросы и особенности воспитания подростков школьного возраста посредством движения и физических нагрузок, необходимых для полноценного развития.**

**This article deals with the questions and features of school age teenagers education by means of movement and the physical activities necessary for high-grade development.**

Жеке адам – бұл тұтас бір жүйе, өзара байланысты психологиялық құбылыстардың ажырамас бірлігі. Жеке адамның барлық сапасының ажырамас өзара байланысы әрбір сапа мазмұнының, құрылысы мен көрінісінің басқа сапаларға тәуелдігін қамтамасыз етеді. Мысалы, бағалау мен пайымдаудың өткірлігі биік адамгершілік принциптермен, адалдықпен, жолдастарына қамқорлық сезімін дамытумен байланысты болса, бір мазмұнға иеленеді. Егер оның негізінде қоғамдық маңызды мақсатқа жетуге күштарлық емес, белгілі ішкі эгоцентризм, алға шығуға, ұжымда айрықша орын алуға тырысу жатса, онда ол басқа мазмұнға ие болады. Сонымен жеке адамның кез келген сапалары мен қасиеттері олар қандай адамгершілік қатынастар жүйесінде қалыптасуына және рухани байлыққа, таным-түсінікке жетуге бағытталғанына байланысты түрлі сипатқа ие болады [1].

Жеке адамның қоршаған ортаға – достарына, өзіне, өмірге, қоғамдық істерге қатысуға деген көзқарастарында оның дүниетанымы, ұмтылысы, нанымы байқалады. Сондықтан жеке адамның адамгершілігін қалыптастыру – қазіргі тәрбиенің өзегі. Дамудың бастапқы кезеңдерінен бастап жарасымды қалыптасуға дейінгі жеке адамның қалыптасу жолы – ұзақ та күрделі, сан қырлы процесс. Тәрбие психологиясы үздіксіз дамитын, сапалық жағынан өзгеріп отыратын құбылыспен – әр түрлі жас кезеңдерінде жеке басы мен іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері және қажеттіліктері, мотивтері, қарым-қатынастары әр қилы болатын баламен байланысты. Әр жас кезеңдерінің өзгешелігін ескеру – тәрбие процесін ұйымдастырудағы қажетті шарт. Алайда ескеру – тәрбие жұмысының мазмұны мен формаларын белгілі бір жастағы балалардың психикалық дамуының межесіне бағындыру деген сөз емес. Баланың жеке басының нақ осы кезеңде бастапқы даму жағдайында тұрған, бірақ болашақ соған тиесілі сапаларын қалыптастыруды қамтамасыз ете отырып, дамыту перспективаларын ескеру маңызды. Нақ осы жағдайда жеке адамды жобалау процесі ұйымдастырылады, мұны құру әлбетте, жеке адамның адамгершілік сфераларын қалыптастыруға сөзсіз ықпал жасамайтын жеке адамның толып жатқан жеке-дара қажеттерін ескеруді де талап етеді [1].

Тәрбие – қыры мен сыры мол, неше түрлі тәсіл, әдістерді қажет ететін аса күрделі процесс. Оның негізгілерінің бірі – тәрбиеленушілерге дұрыс талап қоя білу. Адамға дұрыс талап қойылмаса, тапсырылған іс уақытында қадағаланбаса, біртіндеп берекесіздік пайда болады. Сондықтан балаға кішкентай кезінен бастап шамасы келетін талаптар қойып, міндеттер жүктеп, олардың орындалуын бақылап отырмаса, жас өскінді жауапкершілікке, өз борышын дұрыс түсіне білуге машықтандыру қиын. Талап қою, міндет жүктеу бала мектепке барғаннан кейін ерекше мәнге ие болады. Мұнсыз оқудың, оны миға тоқудың өзі мүмкін емес. Мәселен, жеті жасар бала мұғалімнің үйге берген тапсырмасын орындап тұруға біртіндеп машықтануы қажет, ұстаздың талап тілектерін орындау оқушы үшін – заң. Оқушыға міндет алу, тәрбиешінің талабын мүлтіксіз орындап шығу үлкен жауапты әрі жанды жадырататын іс. Бұл жәйт шәкірттің психикасына зор салмақ салып, оның психологиясын біртіндеп өзгертуге себепші болады. Өйткені, мектепке дейінгі тәрбиеде шын мәніндегі талап қоюшылық, міндет алушылық болмайды. Белгілі міндет жүктеу, белгілі талап, ережелерді орындату – мектеп тәртібінің бұлжымас заңы. Балаға талап қоюдың түрлі жолдарын шәкірттің жеке дара, жас, жыныс және ұлттық ерекшеліктеріне қарап әр кез нақтылы жағдайға орай үнемі түрлендіріп отыру қажет. Мәселен шәкіртке қойылатын талаптың қарапайым түрі – оған өз міндеті туралы жайлап ескерту болса, ал мұның жоғары түрі кесімді түрде бұйыру. Адамға талап қоюы – оны бір нәрседен сақтандыру, тиым салу түрінде де қолданылады. Дұрыс талап қоя білудің тиімділігі, тәрбиелік мәні ұстаздың байсалдылығына, байыптылығына байланысты. Адамға талап қоя білу – үлкен өнер. Оқушыларға жөндеп талап қоя білмейтін, қойса да орындауды аяғына дейін қадағаламайтын, тіпті оған қалай болса солай қарайтын мұғалімдер де кездеседі. Осындай мұғалімнің сынып ұжымын ынтымаққа, бірауыздылыққа тәрбиелей алу қиын. Шәкіртке дұрыс талап қоя білумен қатар оның іс-әрекетін оқтын-оқтын қадағалап отыру да қажет. Адам өзін-өзі тәрбиелеуде асқан шыдамдылық, қиыншылықтарға төзімділік, ерекше ұстамдылық танытып ұзақ уақыт қажымай-талмай, ерінбей-жалықпай жұмыс істей білуге машықтануы қажет [2].

Тәрбие кез келген қоғамның маңызды функциясын құрайды. Қазіргі дамыған қоғамда дүниетанымы биік, адамгершілік қасиеттері мол, терең идеялы, сенімді, қоғамдық белсенді, болмысқа шығармашылық көзқараспен қарайтын адамды жеке адам ретінде тәрбиелеу басты мақсат пен міндетке айналып, қарым-қатынас құрудың маңызды шарты болып табылады. Бұл міндетті шешу қазіргі психологиялық-педагогикалық білім жүйесінде талданған ғылыми принциптерде іске асырылады және оларды үнемі теориялық жағынан дамытып отыруды көздейді [3].

Жеке адамның моральдық-еріктік өрісін, адамгершілік санасын, адамгершілік түсініктерін, ұғымын, принциптерін, сезімдерін, қылығының адамгершілік негіздерін, адамгершілік сезімдерін басқа адамдарға, қоғамға деген қарым-қатынасын білдіретін мінез-құлық тәсілдері мен әдеттерін қалыптастырудағы психологиялық механизмдерді аша отырып, тәрбие психологиясы даму үстіндегі жеке адамды белсенді «жобалауды», қазіргі балалық шақтың түрлі кезеңдеріндегі тәрбиелеу процесін ұйымдастырудың принциптерінің, шарттары мен ерекшелігінің жалпы заңдарын талдады.

Тәрбие психологиясы оқушылардың тәрбие ықпалы жағдайындағы психикалық іс-әрекеттері заңдылықтарын шәкірттердің өзін-өзі тәрбиелеуінің психологиялық негізін аша отырып, осы механизмдердің жеке адам қасиетін қалыптастырудағы ықпалын зерттейді. Тәрбие психологиясы кейбір психологиялық өзгешеліктердің тежелуі және қайта құрылуларын, жаңадан пайда болуын және даму процестерін қарастырады. Міне сондықтан да ол баланың жаңа психологиялық мүмкіндіктерін жасауға бағытталуы тиіс.

Психологиялық білімнің негізгі саласы ретінде тәрбие психологиясының басты ұйымдастыру кезеңі – жеке адамды онтегезде белсенді мақсатты түрде қалптастыру мүмкіндіктері туралы қағида. Бұл қазіргі психология ғылымының қоғамдық рөлі мен өскелең адамның жеке басын қалыптастырудағы генотиптік, яғни жеке қалыптасуындағы әлеуметтік, жеке биологиялық арақатынас проблемаларының орнын бағалау көзқарасымен анықталады. Жеке адамның қалыптасу шарттары жөніндегі биологиялық және әлеуметтік арақатынасы туралы мәселе – жеке адамды түсінудегі шешуші мәселе.

Баланың психикасының даму заңдылықтарын іс-әрекеттің жетекші типінің өзіндік ерекшелігін, олардың мектеп оқушылары іс-әрекетінің басқа түрлері мен қарым-қатынасының өзара байланысын есепке алу тәрбие процесін анағұрлым оңтайлы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жоғары интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктері бар, белсенді, өзіндік іс-әрекеті бар жеке адамды қалыптастырудағы талап педагог-тәрбиешілердің алдына оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын, әдістерін және оны ұйымдастыруды психологиядан алынған мәліметтер негізінде құру мақсатын қояды. Іс-әрекеттің жетекші типін арнайы ұйымдастыру баланың жеке басына мақсатты ықпал жасап, осы істің процесінде онда талғам мен мотивтің қажетті иерархиясын қалыптастыруға бағытталған негізгі жағдай ретінде көрінеді. Бір жас кезеңінен келесі неғұрлым ересек кезеңге көшкен кезде балалардың ересек адамдармен қарым-қатынасының жағдайы мен жүйесі өзгеріп отыруы керек. Өзінің ажырамас бірлігін сақтай отырып, мектеп ұйымдастыру формалары мен оқыту әдістеріне, оқушылардың құқықтары мен міндеттерінің сипатына, мұғалімдер мен балалардың арасындағы қарым-қатынастарға қарай жіктеліп, буындарға айқын бөлінуі

тиіс. Барлық буындарда оқыту мен тәрбиелеу мазмұны біртұтас болған кезде әрбір буын оқушылардың интеллектуалдық және әлеуметтік ересектенуінің сатысын айқын көрсетуге тиіс: тәрбие және оқу жұмысының негізгі элементтерінде, өз бетімен ұйымдастыру формаларында, өзін-өзі басқару сипатында және балалардың жалпы мектептің істерін жоспарлауға қатысуында, тіпті киім киісінде айқын көріну тиіс [4].

Ұйымдасқан тәрбие процесінің нәтижесінде өсіп келе жатқан адамда кейінгі белсенді өндірістік және азаматтық қызмет үшін қажетті және оның дүниетанымы мен адамгершілігінің психологиялық негізі болып табылатын қажетті түрлі сапалар пайда болып, тұрақтайды. Бұл сапалар тиісті қажеттіліктер мен қабілеттіліктерден, ең алдымен өз еңбегін дұрыс ұйымдастырып, қажеттілігінше жетілдіре отырып, еңбекке деген қажеттіліктер мен қабілеттіліктерден көрініп отырады. Мұндай дамыған нормалар мен мұраттардың негізінде ұжымдағы қатынасты құру, өмірлік проблемаларды ақылдылықпен, істі бірлікпен шешудегі қажеттілік және қабілеттілік болады. Қажеттілік жоғарыда айтылғандай, іс-әрекетте ғана іске асады, сондықтан да тәрбие жүйесін мақсатты түрде құру жеке адамдарды қалыптастыруда неғұрлым ықпал жасайтын іс-әрекеттің жетекші типін ұйымдастыруды талап етеді.

Тәрбие тәсілдерінің психологиялық мәні, алдымен, тәрбиешінің алға қойған міндеттерін орындауға жұмыла отырып, баланың тек ықпал жасау объектісі ғана емес, субъектісі де екенін, көп салалы қарым-қатынастардың белсенді қатысушысы екенін түсінуінен туындап жатуы тиіс. Бұл, біріншіден, түрлі жастағы балалар дамуындағы психологиялық ерекшеліктерді, олардың жеке сапаларын, екіншіден, бала енген ұжым ерекшеліктерін, ұжымдық қызметтің сипаты мен мазмұнын, үшіншіден, тәрбие процесінің нақтылы шарттарын ескеруді талап етеді. Түрлі жастағы мектеп оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескеру педагогтар мен оқушылардың біртұтас ұжымын құруға, тәрбие процесін мақсатты бағытта ұйымдастырудағы тәрбиеші мен шәкірттердің қарсылықтарын жоюға мүмкіндік береді. Екінші сыныптағы балаларға да, алтыншы сыныптағы жеткіншектерге де, тоғызыншы сыныптағы жасөспірімдерге де бір типте қарайтын ересектердің бұрыс немесе олақ қойылған талаптарының салдарынан мектеп оқушыларының бірқатарының тілазарлығы, мойындамауы, дегенінен қайтпауы, қасарыспалығы туады. Балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескерудің нәтижесі олардың тәрбие ықпалына іштей қарсыласуы болып табылады. Ол педагогтардың оқушы шынайы мотивтерді түсінбеуі кезінде оның мінез-құлқының тек сыртқы формаларына ғана мән беруі салдарынан пайда болады. Бұл құбылысты көптеген психологтар «мәнді тосқауыл» деп атайды, ол мектеп оқушысы ересектердің талаптарын қабылдамаған кезде туады, себебі, бұл талаптар сөзсіз әділетті болғанның өзінде де, ол үшін

нақты, мәнді емес, қайта басқа мәнде бар болуы мүмкін. Бала бұл талапты өзінше түсінеді де оған өзінше баға береді. Мұның себебі мектеп оқушыларының үлкен адамдар қалай бағалауы және оның өзінің жеке басын, өзінің іс-әрекетін, өзінің іс-қылықтарын қалай бағалауы арасындағы сәйкессіздікте жатыр. Педагог әсіресе жеткіншектік шақта екіжүзділікті, мақтаншақтықты, «бас сауғалайтын» өтірікті жек көретін, өсіп келе жатқан адаммен жұмыс істейді. Кішкентай нәрседен алданған бала еш уақытта сенбейтін болады. Бұл – жай жас ерекшелігі емес, біздің қоғамдық тәрбиенің игілікті жемісі. Балалар өз оқытушыларын көз жазбай бақылайды. Кішкентай шәкірттер оларға нақтылы талаптар – оқыту және қайырымдылық, ілтипатты, мейірімді болуды қояды. Жеткіншек неғұрлым абстрактілі талаптар жақсы адамдар тәрбиелеуді, балаларды сүюді білдіреді. Ересек шәкірттерді педагогтік еңбектің негізі қызықтырады: мұғалімнің өз сабағын жақсы меңгеруі және өз білімін оқушыларға бере білуі тиіс. Педагогтардың балалармен қалыпты қарым-қатынастарын құру мектеп оқушыларының қызметін, мінез-құлқының жақсы жақтарын орнықтырып, оған басқа балалардың еліктеуіне үлгі болады. Алайда мұндай іс-қылықтарды жиі көтермелеу мансапқорлыққа, дандайсуға, менменділікке, өз күштері мен мүмкіншіліктерін асыра бағалауға әкеліп соқтыруы мүмкін. Тікелей және жүйелі мадақтау мектеп оқушыларын жолдастарына, басқа адамдарға, қоғам ісіне қамқорлық жасауға бағытталған іс-әрекеттердің өзінен емес, мадақтаудан қанағат табуға үйретеді, мұның өзі біртіндеп іс-әрекет мотивін өзгертеді. Мысалы, кішкентай шәкірт қарияларға наным мен қажеттілік үшін емес, сол жұмыс үшін мақтау алуы мүмкін болғандықтан көмектеседі, көбінесе «бөтен» әжеге көмектесуге бейім тұрады. Себебі, бұл іс-әрекеті мадақталады, ал «өзінің» әжесіне көмектесуді ол қоғамдық пайдалы жұмыс деп қарамайды. Сонымен бірге мақұлдау, жағымды баға беру балаларға жаңа күш беріп, өзін-өзі жетілдіруге ынтасын тудырады. Алайда мақұлдау, мадақтау таңдалып алынбайды, мысалы, оқушыларды тек қана үлгі оқуы үшін мадақтап, ал басқа, ең алдымен қоғамдық пайдалы еңбектегі, спорттағы, шығармашылық қызметінің сан түріндегі жетістіктері ескерусіз қалмауы керек. Төңірегіндегілердің, алдымен үлкендердің бақылауы негізінде, сондай-ақ өз қызметінің қорытындысын бағалау негізінде жеткіншектер мен жасөспірімдерде неғұрлым елеулі маңызға ие болатын балалардың өзін-өзі бағалауы қалыптасады. Өзін-өзі бағалау - жеке адамды қалыптастырудың елеулі факторы, бала мінез-құлқын реттеуші. Белгілі міндеттерді шешуде баланың шынайы қабілеттілігіне сай келетін теңбе-тең өзін-өзі бағалау өз күштері мен мүмкіндіктеріне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді, өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыруға көмектеседі [4].

Оқушының жеке басының адамгершілік қасиеттерін саналы түрде қалыптастыру, оның мінез-құлқын түзеу процесінде педагогтардың тікелей

де, сондай-ақ балалар ұжымы арқылы да ұйымдастыру қажет. Өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыру - оқушылардың өз күштері мен мүмкіндіктеріне сенімділігінің құрамдас бөлігі. Өзінің нақты мүмкіндіктерін асыра немесе төмен бағалау мектеп оқушысының адамгершілік дамуына кесірін тигізетін тепе-тең емес өзін-өзі бағалауға алып келеді. Тәрбие процесін ұйымдастыра отырып, педагогтар әт түрлі мектеп жасындағы балалармен саналы қатынас жасауға ұмтылады. Баланың психикасын дамытудың әрбір жас кезеңінің белгілі бір жетекші іс-әрекетпен баланың жеке басын қалыптастыруының негізімен байланысы бар. Жетекші іс-әрекеттің мазмұнын өзгерту бала жетілуінің әлеуметтік-тарихи жағдайына байланысты. Бір жағынан, балалардың психологиялық ерекшеліктерінің өзінің өзгеруіне байланысты баланың жалпы ерекшеліктері ғана емес, қазіргі қоғамда өмір сүретін қазіргі баланың психикасының даму заңдылықтарын ескеру қажет. Екінші жағынан, қазіргі балалық шаққа тән жетекші іс-әрекеттің мазмұнын білу қажет. Балалардың тәрбие жүйесін құруда шәкірттердің қоғамдық пайдалы іс-әрекетін қалыптастырудың өзіне тән ерекшеліктерін және оның тәрбие ықпалын балалар ұжымы арқылы ұйымдастыру жолдарын білудің ерекше маңызы бар.

Бір сөзбен айтқанда, баланың жас ерекшелігіне қарай олардың мінез-құлықтарында ауытқулардың болуы заңды нәрсе. Сол себептен де педагог әр жеткіншектің ой-өрісіне, таным-түсінігіне, сондай-ақ, ең бастысы – мінез-құлық ерекшелігіне қарай ептілік танытып, онымен қарым-қатынасына бір мезгіл жауапкершілікпен қарағаны абзал.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Леонтьев А.Н.* Деятельность, сознание, личность. -М., 1977. - 180 с.
2. *Давыдов В.В.* Проблемы развивающего обучения. -М., 1986.
3. *Выготский Л.С.* Педагогическая психология //Психология: классические труды. -М., 1996.
4. *Эльконин Д.Б.* Психолого-педагогическая диагностика: проблемы и задачи. Психодиагностика и школа. Таллин, 1980.

**А.А.ОРАЗБАЕВ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

**Р.Т.НАРЫҚБАЙ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы

## **ҚИМЫЛ ТАПШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЗИЯНЫ МЕН ОДАН АРЫЛУ ЖОЛДАРЫ**

**В данной статье рассмотрены сведения о некотором вреде здоровью от болезни, возникающей от недостатка движений в ежедневной жизни человека.**

**The authors of the article present some information about the harm to health from the disease caused by lack of movement in the everyday life of people.**

Қазіргі кезде адам өзінің күнделікті еңбек және тұрмыс қажетіне бұлшықеттер жұмысын аз пайдаланады десек, қателеспейміз. Сондықтан да болар оның тіршілігінде ерекше жағдай аз күш салу мен аз қозғалыс жиі кездеседі. Қимыл-қозғалысының жетіспеушілігі деп адам ағзасына өзгерістер тудыратын қимыл әрекеті қарқынының шектелуін айтады. Ол көбінесе ғарышкерлерде байқалады. Өйткені олар ұзақ уақыт шағын кабинада және салмақсыздық жағдайында, тірек-қимыл аппаратына гравитация әсері жойылғанда жұмыс істейді [1].

Созылмалы қимыл-қозғалыстың жетіспеушілігі кезінде еңбек пен тұрмысқа байланысты күнделікті қозғалыс белсенділігі төмендейді. Бұл көбінесе қимыл қозғалысты аз жасайтын азаматтар мен азаматшаларда байқалады. Олардың ағзаларындағы мүшелері мен жүйелердің әрекеттік белсенділігі әлсіреп, реттеуші тетіктері нашарлайды. Сондықтан ағзаның әртүрлі әсерлер жағдайына шыдамдылығы да азая түседі.

Қимыл-қозғалыс кемшілігінің денеге әсер етпейтін жері жоқ. Аз қозғалыстың салдарынан жоғары реттеуші орталық, ішкі ағзалар, шеткері орналасқан қан тамырлары, сүйек буындары, т.б. көптеген өзгеріске ұшырайды. Адамның жұмысқа деген қабілеті төмендеп, өзін қоршаған ортаға бейімделу қасиеті кеміп, тіршілік жүйесі әлеуметтік және биологиялық құбылыстарға төтеп бере алмай қалады. Қимыл тапшылығының зияны ең алдымен ми қыртысын зақымдайды. Оның себебі – әрбір қимыл-қозғалыстан бастап, өте күрделі гимнастикалық жаттығуларға дейін барлығы тек жоғары реттеуші орталықтың бақылауымен ғана орындалады. Сондықтан ми және бұлшықеттер, буындардың қимыл-қозғалысы бір-бірімен тығыз байланыста болады. Орталық жүйке жүйесінен түскен «бұйрық» арқылы қатты екпінді қозғауға немесе ақырын қимылдауға болады. Ал қозғалысқа түскен бұлшықет, керісінше, миға қарай жүйке талшықтары арқылы орындалған жұмыстың қорытындысын жібергендей хабар береді [1].

Сонымен жоғары жүйке жүйесі, бір жағынан, бұлшықеттің, буындардың, ішкі ағзалардың қызметін қадағаласа (қан айналымы, өкпе, жүрек, бауыр,

ішкі секретция бездерінің жұмыстарын), екінші жағынан, өзі осы мүшелердің толық ықпалында болады.

Денсаулықтың кепілі, адамның еңбекке деген қабілеті, қандай жаста болса да, дамылсыз соғып тұрған жүрекке байланысты. Барлық қимыл-қозғалыс - денеге өтіп жатқан мыңдаған құбылыстар тек сау жүректің арқасы. Жүрек бұлшықеті ретпен жиырылып-жазылып, қанды қолқа тамыры арқылы итеріп шығарады, ол ары қарай тарамдалып, кішкене тамыршалар арқылы бүкіл денені жуып шығады.

Сол арқылы денедегі әрбір жасуша, ең шеткері орналасқан жүйелер оттегі, су, тұз, т.б. қажетті заттармен қамтамасыз етіледі. Содан соң бұлшықет босансыған шақта, керісінше көк тамыр арқылы көмір қышқылына және тағы басқа заттарға толы қан қайтадан жүрекке келеді.

Қимыл тапшылығы жүректің осылай өз ретімен жұмыс істеуіне кедергі келтіреді. Жүрек бұлшықеттерінің жиырылу күші кеміп, денеге тарайтын қанның мөлшері төмендеп, қажетті қоректік заттар тапшы болып қалады.

Қимыл-қозғалысты аз мөлшерде қысқартқанының өзі денеге айтарлықтай өзгеріс тудырады. Мәселен, бұлшықеттің созылуы, жүрек жиырылу күшінің кемуі, ішкі ағзалар қызметінің нашарлауы, т.б. сияқты құбылыстар байқалады [1].

Қимылдың аздығы зат алмасудың төмендеуіне мүмкіндік туғызады. Энергия шығыны азайып, тотығу әсерлерінің қарқыны мен ферменттер белсенділігі төмендейді, газ алмасуы өзгереді. Адамдарда бұл жағдайда жүректің соғу күші әлсіреп, минуттық көлемі азаяды. Сондықтан жүректің өз көлемі кішірейеді, микробта құрылымдық өзгерістер байқалады. Қантамырлар жүйесінде өзгерістер туады. Артерия тамырларының тонусы әлсіреп, қан қысымы төмендейді. Капиллярларда қан іркіліп қалады. Сондықтан олардың қабырғасы суға толып, электролит өткізгіштігі өзгереді. Бұдан дененің кез-келген жерінде су іркіліп, ісіктер пайда болады. Бұлшықеттер жиырлмағандықтан, лимфа ағысы тоқтап, тіндерге су жиналады.

Қимыл-қозғалыс тапшылығынан пайда болатын аурудың бірі - семіздік. Ол – адам бойындағы артық салмақ. Археологиялық қазбалардың көрсетуіне қарағанда, семіздік адам ағзасына тас заманынан бері тән құбылыс секілді. Сол ерте заманнан-ақ семіздікке қарсы күрес жүргізілген. Мәселен, ежелгі Спатра елінде бозбаланың салмағы мөлшерден асып кетсе, оны қалайда қуып жіберіп отырған.

Қазіргі медицинаның дәлелдеуі бойынша, семіздік денсаулықты құртады, өміріңді қысқартады. Статистикаға жүгінсек, адамдардың орташа жасын 8-10 жылға кемітеді екен. Салмағы өте жоғары адамдар қалыпты адамдармен салыстырғанда 2 есе көп дүние салатыны белгілі. Семіздіктің салдарынан адамдар қант диабеті, бауыр, өт жолдары, жүрек-қан тамыры ауруларына жиі шалдығады. Әсіресе, семіздік қан қысымының жоғарылауына үлкен ықпал жасайды [2].



Семіздік тек қимыл-қозғалыстың аздығынан пайда болады деу қате. Оған әсер ететін жайттар көп. Ол – адамның тамақтану мәдениетін білмеуі, яғни біріңғай тамақтың түрлерін қолдаудан да болады. Мәселен, өте майлы тағамдарды, сұйық заттарды көп қолдану, сол сияқты дәрумендердің жетіспеуі, зат алмасуының бұзылуы, денеде тұздың көбейіп кетуі айтарлықтай физиологиялық өзгерістер туғызады.

Осыған қоса, ішкі секреция бездері қызметінің кенет төмендеуі де үлкен әсер етеді. Негізінен, семіздікті сыртқы және ішкі себептерге байланысты екі түрге бөледі. Сыртқы себептерге мешкейлік, аз қимылдау, бала кезде тәттіге әуестену, т.б., ал ішкі себептерге ішкі секреция бездерінің бұзылуы, зат алмасуының нашарлауы және т.б. жатады.

Семіздік қандай себептен пайда болса да ол денсаулыққа өте зиян. Өйткені артық салмақ жүрек, өкпе, қан-тамырлары, асқазан, ішек-қарын, буындарға үлкен күш түсіреді. Сондықтан семіздікке шалдыққан адамдарда сан алуан белгілер байқалады. Олардың ауырмайтын жері жоқ, соған орай емделмейтін әдістері де болмайды, әйтсе де, оның бәрі ретімен берілген жаттығуға жетпейді.

Қимыл-қозғалыстың тапшылығы тек ересек адамдар арасында ғана кездеспейді, бұл жасөспірім балалар арасында да байқалады. Өскелең жастың ағзасында сыртқы күштің әр түрлі жағымсыз әсерінен омыртқа жотасы, аяқ, табан құрылысы, пішіні өзгеріп кететін жағдайлар да кездеседі. Олар: іштен туа және жүре пайда болған деп екіге бөлінеді. Аурудың жүре пайда болуы улануға, жаралануға, зат алмасудың бұзылуына, денеге инфекцияның енуіне байланысты қарқын алады. Сол сияқты тұлға, қанқа сүйектің қисаюы - қимыл тапшылығына да тікелей байланысты.

Қорыта айтқанда, біз адам баласының қимыл тапшылығының салдарынан туындайтын көптеген ауруларға шалдығатынына көз жеткіздік. Әрине, оған ықпал жасайтын да адамның өзі. Көбіне бір қалыпты отырып қызмет ету, әсіресе, толық адамдардың буындарға қимыл түсірмей, қозғалыссыз отыруы жүрекке айтарлықтай күш түсіреді. Ал қимыл-қозғалыс тапшылығы ағзада тұрып қалған зиянды заттарды сыртқа шығармай жасушаларда ұстап қалады. Бұл адамды тез қартайтады.

Міне сондықтан дене тәрбиесіне, дене шынықтыруға, табиғаттың табиғи қозғаушы күштеріне (жер, су, ауа және т.б.) жүгінуге тура келеді.

Тек ұқыпты орындалған дене тәрбиесі ғана ағзаны көптеген жағымсыз әсерлерден сақтайды, кейбір аурудың алдын алады. Ал балаларды тікелей емдеуге көмектеседі.

Бір сөзбен айтқанда, қозғалыссыз өмір сүруге болмайды. Деніңіздің сау болуы үшін спортпен шұғылданып, күнделікті жаттығу жасауды әдетке айналдырғаныңыз жөн.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Жатқанбаев Ж.Ж.* Валеология. Алматы. 2003.
2. *Жолымбетова С.Ш.* Дене тәрбиесі, спорт. Алматы. 2001

**ФИЛОСОФИЯ, ДІНТАНУ**

**Д.Т.КЕНЖЕТАЕВ**

философия ғылымдарының докторы, профессор

**С.Т.НАЗБЕКОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**ФАРАБИ ДҮНИЕТАНЫМЫНДА ДІН ЖӘНЕ ТӘҢІР МӘСЕЛЕСІ**

В статье рассматриваются проблемы религии и веры в мировоззрении Аль-Фараби в контексте философии и религиоведении.

The article deals with some matters of religion and trust in Farabi's world outlook through the context of Philosophy and Theology.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби ат-Түрки 870 жылы Фараб қаласына жақын маңдағы Весиж атты елді мекенде дүниеге келген. Әкесі Мұхаммед Тархан Саманиттер сарайында қолбасшылық қызмет атқарған. Әл-Фараби 20 жасқа дейін Фарабта білім алып, кейіннен араб халифатындағы көптеген елдерді аралап, өзін ғылым мен білім жолына арнайды. Оның ең алғашқы саяхаты халифаттың орталығы Бағдатқа жасалады. Кейін Сирия мен Мысырға саяхатқа шығады. Бағдатта Әбу Бәкір ас-Сараждан (928 ж. қайтыс болған) араб тілін үйреніп, Әбу Бишр Матта ибн Юнустан логика ғылымын меңгереді. Кейін қазіргі Түркияның оңтүстік-шығысындағы Харранға барып, Иуханна ибн Хайланнан Аристотельдің «Логика» және «2-ші Аналитикалар» атты кітаптарымен танысады. Осы сапарларынан кейін әл-Фараби Бағдатқа қайта оралып, метафизика, музыка және математика секілді философиялық ғылымдармен шұғылдана бастайды. Әл-Фараби Исфаһан, Хамадан, Рай секілді Иран қалалары мен басқа жерлерде де болады. Халабқа, сосын Дамаск қаласына барады. Халабта бір жылдай тұрақтаған кезінде Буайхилардың сұлтаны Сайф-уд-Даула әл-Хамадани оған қолдау көрсетеді. Осы сұлтан 946 жылы Дамаск қаласын өзіне қаратқаннан кейін әл-Фараби Дамаскіде тұрақтайды. Біршама уақыт Египетке саяхатқа шығып, қалған ғұмырын Дамаскіде өткізеді.

Әл-Фараби – ғылыммен терең сусындаған жан-жақты ғалым. Тіл білімі, философия, музыка, математика, астрономия, дін және сол кездегі көптеген ғылымдарды терең меңгереді. Философиядағы қабілеті мен біліктігіне байланысты Аристотельден кейінгі екінші ұстаз (муаллим-ус сани) деген атаққа ие болады. Әл-Фараби көне грек ойшылдары Платон, Аристотель, Эвклид мен Птолемейдің еңбектерін таратып, оларға жаңаша түсініктеме жазған. Ол 72 тілді меңгеріп және өз еңбектерінде кеңінен пайдаланған делінеді. Әл-Фараби сексен жасқа келген шағында 950 жылы Дамаск қаласында қайтыс болған және «Баб-ас-сағир» мазарына жерленген. Әл-Фарабидің еңбектерінің саны жетпістен асады. Оларды логика және басқа

салаларға арналған шығармалар деп екіге бөлуге болады. Логикаға қатысты еңбектері Аристотельдің әр түрлі трактаттарымен байланысты түсініктеме немесе анықтамалар түрінде жазылған. Екінші топтағы шығармалары болса – дін, физика, математика, метафизика, этика және саясат салаларына қатысты еңбектер.

Әл-Фараби дін, философия және саясат арқылы адамдар арасында бірлік пен бақыттың үстемдік етуін мұрат еткендіктен, түркілік дүниетанымдық элементтер мен құбылыстарды ислам философиясы ішінде қорытып, пайдалана білді. Әл-Фараби ең алдымен адамдардың қоғамдасып бір жерге топтасуының әр түрлі формалары бар екендігіне тоқталып, қала, мемлекет, ұлт және адамдар өмір сүріп жатқан барлық аймақты қамтитын әлемдік мемлекет тұрғысында өз ойын ортаға салады. Осы әр түрлі мемлекеттерді өте жақсы басқарылатын, яғни философ-қаған тарапынан басқарылатын мемлекет ретінде қарастырады. Бұған қоса басқару жүйесінде толып жатқан көптеген кемшіліктер орын алған мемлекеттердің де бар екенін баса көрсетеді. Қайырымды ел тұрғындары туралы әл-Фараби Платон мен Аристотель айтып кеткен идеялардан оза шапқандығы байқалады. Осы қайырымды мемлекеттің құрылымы, иерархиялық жүйесі барлық жерде бірдей болады. Бұл жерде сондай-ақ қайырымды қала басшысының ерекшеліктері айтылады. Оның тек қана философ емес, заң шығарушы және оны жүзеге асыратын саясатшы болуы тиіс екендігі де айтылады. Сондай-ақ қайырымды мемлекеттің құрылуы мен оны қорғаудың әр түрлі жолдары қарастырылады.

Әл-Фарабидің өз дәуіріндегі ең маңызды атқарған қызметі дін мен философия арасында көпір салып, оны пайғамбарлық пен философиялық түсінікке негіздей отырып анықтама бергендігінде жатыр. Оның пікірінше, нағыз философ пен пайғамбар арасында ешқандай да менмұндалап тұратын ерекше бір айырмашылық жоқ. Әрбірінің мақсаты адамдардың бұл дүние мен о дүниедегі бақытқа қол жеткізуі үшін оларға көмектесу. Алайда философ өз күшімен (ақылымен) Аллаға жету үшін көп еңбек еткендіктен пайғамбардан символикалық түрде жоғары тұрады. Шын мәнінде ол философ пайғамбардан да жоғары деп айтпаған. Бұл мәселені жете түсінбегендіктен әл-Фарабиге көптеген ғалымдар қарсы шыққан. Әл-Фараби бұл мәселеде философты пайғамбар дәрежесіне дейін көтеріп, онымен теңестірген. Ол пайғамбарды философ дәрежесіне түсіруді ойламаған. Себебі, бар мәселе әл-Фарабидің философ деп кімді айтып тұрғандығына байланысты. Әл-Фарабидегі философ – белгілі бір дәрежеден кейін сопылардың әулиесімен теңесетін адам. Әл-Фарабидің пікірінше, ең кемеңгер басшы – ең кемеңгер адам, әрі бойында пайғамбарлық пен философқа тән қасиеті бар адам. Ал бұл қасиеттер Мұхаммед пайғамбардың бойынан табылады. Сондықтан да ол Мұхаммед пайғамбарды «бірінші басшы» деп есептейді.

Әл-Фарабидің пікірінше, кез келген адам қайырымды елдің басшысы бола алмайды. Себебі басшылық екі нәрседен тұрады: а) адамның бойында туа біткен қабілеті болуы керек, ә) басшылыққа байланысты ерікті дағдылары болуы керек. Басшыны әл-Фараби бірінші және екінші басшы деп бөледі. Бірінші басшының бойында жаратылысынан 12 табиғи қасиеттің болуы керек. Осылардың ішінде діни тұрғыдан алғанда маңызды болып табылатындары мыналар: 1) көкірек көзі ояу, 2) ізденімпаз болу, 3) турашыл, 4) нәпсісін тыю керек, 5) кемел адам, 6) байлыққа қызықпау, 6) әділетті.

Егер осы шарттардың барлығын бойына жинаған адам табылмай, бірі философ, екіншісі де қалған шарттарды бойына жинаған адам ретінде танылса, онда екеуі де бірдей басшы болуға лайықты. Әр қасиет әр адамда болса, онда олардың барлығы да ең жоғарғы басқарушылар болады. Егер философия басшылыққа керекті қасиеттердің бірі болудан қалса, қалған шарттар болған күннің өзінде ел басшысы басшы бола алмайды, қауым жойылып кету қаупіне ұшырайды. Елбасының қарамағында философ болмаса, бұл ел жойылып кетуі мүмкін. Сол кезеңдерде философия мен дін ғылымдары қатар өрбіп, бір арнада тоғысқанын ескерер болсақ, дін мен сенімнің қаншалықты қоғам өмірінде маңызды екендігін бағамдай беруге болады.

Ақыретке сену имандылық шарттарының бірі болып табылады. Рухтың өлімсіздігі және адамның о дүниеде жазалануы немесе сыйға бөленетінін де түсіндіреді. Фарабидің көзқарасы бойынша әрбір жан кемелденуге мұқтаж. Адамның жаны – абстрактілі болмыс. Жан тәнде емес, бірақ оның қолданатын қуаттары тәнде орналасқан және жанмен оның қуаттары бір-бірінен ажырай алмайды. Абстрактілі болмыстар материалды емес, жоғалып кетпейді, өлмейді, олар өз субстанцияларын біліп қабылдайды. Бұлардың әрбірінің бақыты материямен араласып кірленген болмыстардың бақытынан жоғары тұрады. Адам жаны жоғарыдағы абстрактілі болмыстардың атрибуттары секілді тек өз субстанцияларын ғана қабылдай алады. Яғни адам рухы ең жоғары рухты, қарама-қарсылықтарды тұтастықта ұғып, қабылдайды.

Әл-Фарабидің пікірі бойынша, тәннің кемелдігін рух, ал рухтың кемелдігін «белсенді сана» қамтамасыз етеді. Бұл туралы Фараби «Фусус-ул хикам» (Даналықтың жауһарлары) атты еңбегінде былай дейді: «Сенің болмысың екі табиғаттан тұрады: бірі – түр, форма, сан және сапалық қасиетке ие, қозғалатын немесе қозғалмайтын, бөлшектене алатын субстанция. Екіншісі – біріншісінен табиғаты жағынан мүлдем басқа, жоғарыдағы атрибуттардың ешқайсысына ие емес субстанция. Осы екіншісінің мәні тек сана арқылы танылады. Басқаша айтқанда, сен екі әлемнің қосындысынан тұрасың: біріншісі – ғайып әлемі, екіншісі – жаратылыс әлемі. Өйткені рухың Тәңірдің әмір әлемінен, тәнің – Оның жаратылыс әлемінен жаратылған [1.23].

Әл-Фараби ілімінде жан өзінің мәңгілігі тұрғысынан тәнге мұқтаж. Жан кемел болмай-ақ тәннен айрылады және тәнсіз-ақ кемелдікке жете алады. Тән жанның бар болуы үшін шарт болғанымен, оның кемелдікке жетуі үшін шарт бола алмайды. Бұған қоса мұның бөлек дәрежелері бар. Адамның рухы Алладан

уахи жолымен нәсібін алады. Адам ахлақи тұрғыдан жетілу арқылы, Аллаға жақындайды, жоғарылайды. Осылайша ең жоғарғы рухани шаттыққа кенеледі. Ең жоғарғы рухани шаттыққа тек «қасиетті рух» қана жетеді.

Адам рухы тәннен айрылғаннан кейін, яғни өлімнен кейін, абстракттілі болмыстарға тән бақытқа кенеледі және мұндай бақыт ең кемелді әрі парасатты рухқа тән болады. Рух метафизикалық әлемге тән болғандықтан ол формадан жаратылмаған. Ол тәнмен бірге жаратылып, тән өлген соң да тіршілігін жалғастырады. Әл-Фараби «физикалық өлімнен кейін жан бақыт пен азап сияқты халдерге ие болады дейді. Бұл жерде әрбір жанның халі әртүрлі болады. Яғни әр жан өзіне лайықты халіне қауышады [1.22]. Фарабидің рух туралы көзқарасы ой еңбек құлшылықтарына қарай әртүрлі деп түсіндіріледі. Аллаһ барлық нәрсені қамтиды. Оның бүкіл болмыспен байланысы бар. Бар нәрсе оның үкімі мен қалауы арқылы болады. Жақсы мен жаман одан келеді. Мұнымен қоса ол рухтың бір тәннен екінші бір тәнге ауыса алмайтындығын айтады. Тәннен кейін де жанның болатындығына қосылады.

Кейбір кәламшылар бойынша, адамдық рух абстракттілі түрге жатады. Философтардың айтқанындай сурет түрінде болады. Ол тәнмен және жанмен байланысты нәрсе емес. Тәнде болмағандай анық бір жерде көрінбейді. Ал ишракилер рухты не тәнге біріккен, не болмаса одан бөлек деп түсіндіреді.

Ал кейбір кәламшылар рухты алғашқы және материалдық тұрғыдан түсіндірген. Бұлардың ойынша, адам рухы гүл иісінің гүлге жайылғаны сияқты денеге жайылып, керемет бір түрдің бейнесін береді дейді. Жалпы рухты денеден бөлек жауһар деп қабылдаған кәламшылар бойынша рух өлмейді. Дененің өлімі тек рухтың функциясын ғана өзгертеді деп көрсеткен.

Әл-Фараби негізінен дін мен философияны байланыстырушы ойшыл болып саналады. Ол философтар мен пайғамбарлардың мақсаттарының бір екендігін айтады. Пайғамбарлар уахимен байланысады. Яғни Алланың ақылымен байланыс құрады. Ұлы Алла белсенді санамен уахиді жібереді. Хакиімдер мен философтар әдебиеттер арқылы білім үйренетін болса, ал пайғамбарларға қиял күші арқылы (уахи Алладан) бұйрық алу мүмкіндігі берілген. Екеуінің де негізгі құралы – белсенді сана. Әл-Фараби, Ибн Сина, ал-Кинди, ал-Матуриди, Ибн Араби сияқты ислам философтары хикметке Тәңірді, әлемді, адамды, болмысты, жаратылысты, заттың мәнін, пайғамбарлықтың (нубуат) сырын білу, Тәңір туралы ойлау (мағрифатуллах), терең ойлану (тафаккур) деген анықтама береді. Өйткені оның негізгі әдісі, жалпы болмысты тұтастық тұрғысынан қарастыру болғандықтан, негізгі исламдық платформаға басқа дүниетанымдық пікірлер мен жүйелерді үйлестіру үшін көбінесе еркін комментарий әдісін, яғни бүгінгі герменевтикалық әдістен де терең әрі кең “тауил” әдісін қолданады. Фараби адамдардың шындыққа жетуі әртүрлі жолмен жүзеге асады дейді. Пайғамбарларға Алла Тағала тарапынан баяндау жолымен періштелер жетеді. Пайғамбарлар ең жоғарғы бақытқа жеткен адамдар, ал философтар болса, ақыл мен білімі арқылы даналыққа ұмтылады. Пайғамбарлар ең жақсы, дұрыс етіп

қалай түсіндірсе, философтар ақыл және мінез-құлықпен мұны зерттеп, анықтап солай түсіндіре алады.

Әл-Фараби іліміндегі “сана” (ақыл), “планета” (фалак) және сол сияқты терминдер көне Грек философиясынан алынғанымен, оларды ислам терминологиясындағы “сама” (көк), “рух” (жан), “малак” (періште) және т.б. сияқты ұғымдарды білдіруде қолданған. Әл-Фараби болмыстардың онтологиялық қатарында Тәңірден кейін орын алған “ақылдарды”, яғни рухани болмыс болып табылатын саналық дәрежелерді періштелер (малак) ретінде ұсынып отыр. Мысалы “фаал ақыл” (белсенді сана), “рух-ул-амин” (сенімді жан), “рух-ул-қудс” (қасиетті жан немесе рух) немесе “жәбірейіл” (періште) ұғымдары секілді толығымен исламдық діни терминдерді қолданады. Бұл жерде әл-Фараби өзінің философиялық жүйесін қалыптастыруда ислам дүниетанымынан басқа да ойлау жүйелерін пайдаланса да, ақырғы нәтижеде оның көзқарасында исламдық діни центризмнің басым болғандығын көруге болады. Мысалы, әл-Фараби философияны оқымай тұрып, діннің бүкіл қыр-сырын меңгеруді шарт деп біледі. Осы тұрғыдан алғанда Ясауи де өзінің “Мират-ул кулуб”(Көңілдің айнасы) атты рисаласында: “кім де кім шарифатты, яғни, діни қағидалар жүйесін білмей тұрып, тарикатқа қадам басса, жаңылыс жол таңдағаны” деп, Фарабимен үндес пікір айтады. Бұл жерде екі түрік данасының дүниетанымдық тұғырларының Құран мен исламдық мәдениет екендігін көруімізге болады.

872-950 жылдар аралығында өмір сүрген әл-Фарабидің этикалық көзқарастарына үңілсек, оның Орта Азия мен Таяу Шығысқа рухани мәдениетіне үлесі мол болды. Фарабидің өзінен тек қана Орта Азия ғана емес, Батыс елдері де әсер алған. Еңбектері шет тілдерінде жарияланған. Фараби қоғамтануды, жаратылыстануды, яғни математика, философия, медицина, поэзия, саясат, филология және этика ілімдерін кеңінен меңгерген. Шығыста муаллим сани деген атаққа ие болған [2.5-44]. Фарабидің көзқарасы бойынша адамдар үнемі қарым-қатынаста болуы керек. Сонда ғана қоғамда бірлік, тірлік болатындығын айтқан. Адамдардың ынталылығын, күштарлығын тек қоғам ғана шеше алады. Адам қоғамнан керектісін алады. Сол үшін адамдар бір жерге шоғырланған. Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде бұлар адами қасиеттер болып табылады.

Қазақтың «кемел адам», «шынайы адам» ұғымдары сонау әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» трактатынан, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбектерінен бастау алды. Онда да ел билеушінің, рухани көсемнің бойынан табылуы керек болған жақсы мінездер мен қасиеттер насихатталады. Бұл шығармалардағы үгіт-насихат ел билеушілерінің дінге жақын болуына, ислам құндылықтарын терең ұғынуына септігін тигізгені анық. Өйткені бұндай шығармалар тек түріктерде ғана емес, жалпы шығыс әлемінде хандар мен сұлтандарға, билер мен уәзірлерге әдейі арнап жазылатын.

Әл-Фараби ислам дінінің философиясын терең меңгерген ғалым болғандықтан, Құранға және діни жазбаларға сүйене отырып, он сегіз мың ғаламның бір ғана нұрдың жарылуынан пайда болғанын дәлелдейді. Қазіргі

жаратылыстану ғылымдарында да дәлелденгені: «Бүкіл дүние ғаламы алғашқыда бір ғана кішкене орында болған тығыз қызу заттың атылысынан, кеңеюінен тараған» [3.14].

Әл-Фараби шығармашылығын ислам дінінде әлемдік көзқарас призмасы арқылы жаңаша оқу мүмкіндігі туып отыр. Оны материалистік және атеистік тұрғыдан таныстыру керек емес және де оны ақыл, ғылым және философия – жаратушыға жеткізетін бірден бір жол екенін жариялауға болады. Әл-Фараби шығармашылығынан толерантты және демократиялық Ислам діні философияның дамуы мен өркендеуіне жан-жақты қолдау көрсеткенін көруге болады. Көптеген евроцентристік бағыттағы еңбектер мен мәліметтерден ортағасырдағы ислам философияларының грек мұрасын ортағасырлық еуропалықтарға басымдылықпен бергендігін көруге болады.

Фараби философиясының ең маңызды бөлігін оның метафизикаға қатысты көзқарастары құрайды. Өйткені бұл көзқарастары кәламға және сопылыққа қатысты көзқарастар болып табылады. Шындықтың ең ұшар төбесінде міндетті болмыс (уажibuл ужуд) болып табылатын Алла Тағала бар. Алла - Бір және Ол барлық нәрсе, барлық болмыстың негізі де Өзі. Ол басқа болмыстан пайда болған жоқ. Сол себепті Фарабидің пікірінше, бір болмыс я мүмкін, яки міндетті... Ол ежелден бері бар және ең ұлы кемел болмыс. Бір хәлден екінші хәлге өзгермейді. Ол – таза ақыл, толықтай игілік. Оның бар екендігіне ешбір дәлел қажет емес, өйткені оның өзі – барлық нәрсенің дәлелі және алғашқы себебі. Ол шексіз кемел. Бір және жалғыз... Оны сипаттау мүмкін болмағаны секілді Оның мәнін де түсіну мүмкін емес. Оны сипаттары арқылы тану мүмкін болғанымен, нәтижеде тану мүмкін емес. Ол уақыт пен кеңістікке тәуелді емес. Ол Тірі (Хай), Хақим, Білуші (Амин), барлық нәрсеге күші жетуші (Қадир)... Өз мәнін біледі, өзінен басқа барлық нәрсені де біледі. Бұл білімі Оның мәніне тән сипат. Оның кемел болғаны соншалықты, бұл кемелдік бізді қайран қалдырып, оны толықтай ойлауымызға кедергі келтіреді. Біздің оны қате тануымыз ақыл қуатымыздың әлсіздігінен және қиялымыздың жеткіліксіздігінен туындайды. Ал Оның мәнінде кемшілік жоқ және болуы да мүмкін емес. Біз материядан алыстаған сайын Оны ұғына аламыз. Ләззаттардың ең жоғарғысы ақыл ләззаты болып табылады. Ақыл ләззатының ең жоғарғысы да ақылдың Алланы, Раббысын білуі болып табылады [4.3-16].

Оған «уажibuл ужуд» секілді ең жоғарғы және ең атақты мағыналары бар есімдер беріледі. Оған берілген сипаттарды тек қана салыстырумен және ауыспалы мағынамен түсіндіру мүмкін. Фарабидің құдай туралы түсінігі Грек философияларына керісінше абсолютті, ұлы және барша әлем туралы түсініктерден тыс құдай болып табылады. Фараби космологиялық көзқарасын өз ойындағы Алладан туындатады және сезімдер әлемін де осы космологиямен байланыстырады.

Фарабидің эманациялық (судур) теориясы Аристотель философиясымен байланысты. Аристотельдің пікірінше, алғашқы материя мәңгі (азали), оның бастауы мен жаратушысы жоқ. Ислам сенімі бойынша, ол Алланың еркін

қалауымен жаратылған, басы мен соңы бар, мәңгі-бақилық емес. Фараби бұл жерде алға тартқан судур теориясында Алла мен қалған болмыс арасында байланыс орнатады, яғни Аристотельдің идеясы мен ислам сенімін синтезден дінді философияға жақындатуға тырысқан [5.86; 6.103]. Фарабидің пікірінше Алла білмей тұрып жарата салған табиғат та емес, немесе затты қалай болса солай, ойланбай, ретсіз-жүйесіз жаратқан ерік те емес. Алла өз өзін білу арқылы шексізді жаратады. Шексіздікте шексіз бір болмыс жаратады. Бұл алғашқы болмыс та алғашқы ақыл болып табылады. Ол да бұл жерде Аристотель логикасының «бірден тек бір шығады» қағидасына сүйенеді [7.149]. Фараби көптеген мәселелер бойынша Аристотельдің ізімен жүрген. Ол метафизикаға қатысты түсіндірмелерінде де грек ойшылының көзқарастары мен ислам сенімін біріктіруге тырысқан. Адамның рухы өзінен жоғары тұрған рухқа бет түзеген кезде ғана жақсылыққа бет түзейді. Мұны да бақыт деп атайды. Ең үлкен бақыт жақсыға тек қана жақсы болғандығы үшін бет түзеу болып табылады [8.184].

Фараби сопылық түсіндірмелеріне психологиялық көзқарастары арқылы жетті. Метафизикалық түсіндірмелер сопылық өмірді түсіндіріп бере алмайды. Фараби өз жүйесінде сопылыққа орын берген алғашқы философ ретінде белгілі. Оның пікірінше, Алла сипаттары арқылы көрінбейді, Алланы сезімдеріміз де қабылдай алмайды. Әл-Фараби іліміндегі адамның мақсаты – бақыт. Ол: “Игілікке ұмтылу – тек игілік үшін болғанда ғана ең ұлы бақыт болып саналады”, – дейді. Бұл мәртебеге жетудің жолы – дүниелік, материалдық тәуелділіктен арылу. Екіншіден, “адамның бақыты, оның кемелділігі моральдік құндылықтармен өлшенеді”. Әл-Фарабиде адамның асыл мұраты Тәңірді тану, құдайлық әлемге, яғни белсенді сана әлемімен қауышу болып табылады. Осы әлемге жеткен адам – шынайы бақытқа жеткен адам. Осы мақсатқа жету, оны жүзеге асыру жолында іс-әрекет жұмсайтын адамдар – “парасатты адам”. Бұл ұлы мақсат адамға, қоғамға о дүниенің де, бұл дүниенің де бақытын ұсынады. Өйткені шынайы бақытқа ұласуды мұрат еткендер ұлы мұратқа тек игі істермен, парасатты жолмен ғана ұласа алады. Бұл қай жағынан алып қарасаңыз да осы дүниенің бақыты мен тыныштығы деген сөз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Фараби. *Китаб әл-фусус әл-хикма. «Фарабинин ики япыты»* ичинде. (ауд. Мехмет Дағ). Оңдокуз майыс университети илахият факультеси дергиси (*OMÜİFD*). № 14-15.
2. Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 1-том. *Метафизика*. Астана: ТОО «Лотос-Астана». 2007.
3. Әл-Фараби. *Таңдамалы*. – Алматы: Ғылым. 1978.
4. *Фараби*. ел-Мединетүл-фазила. (Ауд. Нафиз Данышман). Стамбул. 1956.
5. *Туркер-Күйел*. Мубахат. Аристотелес ве Фарабинин варлык ве дүшүнже өгретилери. Анкара. 1969.
6. *Атай, Хусейн*. Фараби ве Ибн Синая гөре яратма. Анкара. 1974.
7. *Үлкен, Хилми Зия*. Ислам фелсефеси тарихи. Стамбул. 1957.
8. *Тайлан, Нежип*. Анахатларыйла ислам фелсефеси. Стамбул. 1997.



**С.Н.ҚҰРБАНҚОЖА**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің профессоры

**ИСЛАМ ДІНІ – ТӘРБИЕНІҢ КӨЗІ**

**В статье рассматривается роль Ислама, вернувшегося к нам вместе с обретением независимости, в воспитании подрастающего поколения.**

**The article deals with the role of Islam, recovered together with our country's independence, in the education of the rising generation.**

Адам баласының дүниені, қоғамды, өзін және қоршаған ортадағы құбылыстар мен процестерді танып білуге талпынысы үздіксіз жалғасуда және жалғаса да бермек. Дүние туралы ғылыми мағлұматтар қоры тез көбеюде, ғылымның жаратылыстану және қоғамдық салаларының саны артуда, ал таным процесті үздіксіз жалғасуда. Адамзаттың жинақтаған білімінің барлығын игеру мүмкін емес, бірақ адам ғылымның белгілі бір саласының негізгі қағидаларын, ұстанымдарын, ұғымдары мен фактілерін игере отырып сол ғылымның негізін түсініп, өзіне бағыт бағдар табады, сөйтіп қол жеткізген білімін іс-тәжірибеде, яғни өмірде пайдаланады. Адамға кәсіби саласында жемісті қызмет істеуі үшін қажетті білімдермен қатар, оның тұлға ретінде өз рухани мәдениетінің қалыптасуына керек ұғымдар, идеялар, теориялар мен фактілер де бар.

Бұл қызметті қоғамдық ортада дін толығымен атқара алады. Соның ішінде ақиқи дін – Ислам ғана біздің талаптарына жауап бере алады.

Қоғамда өз орнын, жаратылу сырын таппаған жастар топтары ағымдарға бой ұруда. Соның ішінде тіпті шайтанға табыну секталарының пайда болуы адам азғындауының бір шегі болса керек.

Дәстүрлі емес діни қозғалыстардың пайда болуының себептеріне ғалымдар батыс қоғамындағы өзгерістерді жатқызады. Осы факторларды бөліп қарастырамыз:

- дәстүрлі діндердің қазіргі заманның өткір мәселелеріне айқын топта жауап бере алмауынан, олардың қоғамдағы беделінің түсуі;

- ғылым мен техниканың дамуы, адамның жаңа мүмкіндіктерінің ашылуы және ғылым алдында жаңа мәселелердің тұруы;

- адамзаттың мәңгілік сұрақтарының шешілмеуі (өмірдің мән-мағынасы, өлім және т.б). Бұл жерде қазіргі материалистік дүниетанымның салдары айтылуда;

- қарқынды дамудағы халықтар мен елдер арасындағы, саяси-мәдени байланыстар, ақпараттар алмасу мен оның жылдам жетуі, БАҚ, интернет жүйесі. Адамның осы ақпаратты, түсінікті жүйелі қабылдап қорыта алмауы, оған уақытының жетіспеуі;

- өмірдің барлық саласының коммерцияға айналуы, барлық нәрсе сатылады және сатып алуға болады деген түсініктің белең алуы;  
- қоғамдағы әлеуметтік, саяси, демографиялық және т.б проблемалардың дер кезінде шешілмеуі,  
- мемлекет пен қоғамдағы паракорлық пен бюрократия;  
- білім беру саласында дін туралы ғылыми білімнің дұрыс жолға қойылмауы;

- рухани жұтаңдық, адамның өміріне рухани тірек таппауы.

Осындай факторлар – дәстүрлі емес діни қозғалыстардың пайда болуының негізгі себептері.

Діни секталардың мүшелері көбіне қалыпты әлеуметтік тіршілігін бұзған адамдар, яғни мығым рухани бағдар таба алмауы немесе оны жоғалтуы.

Сонымен діни секталар дәстүрлі діндерден бөлінуден және дүниетанымдық ізденістерден пайда болады. Ал, біздің жастарымыз Исламмен терең таныс болса, атап қирсетілген себептердің бірде-біріне ±рынбасы айқын. Сондықтан да жоғарыда аталған себептердің біздің де қоғамда орын алуы туындамас %шін де мркениетті, ±лтқа т%сінікті ислам негіздерін оқыту б%гінгі к%онның мзекті меселесіне айналып отыр.

Адамзат баласының ен алдыңғы озық ойлы кісілері Исламға %олкен %өмітпен қарайды. Соның айғағы ретінде мркениет дамуының қарқыны артқан, мiрдің менін т%сіну ауырлаған шақта, елемге ейгілі т±лғалардың исламға мтуін айтуға болады.

Ешбір адамның к%штеуінсіз, мздерінің мiр менін іздеуге деген ғылыми, адами ізденістерімен Исламды танып, м±сылман болған т%орлі халықтың мкілдері бар. Олардың қмбісі қмзі ашық, мз тумысынан ата-анасы, елі ±станған дінді біршама терең білуге к%ш салып, оны Исламмен ғылыми саралап салыстыра алу дережесіне жеткен адамдар. Осының нетижесінде олар М±сылмандықтың ±лылығына қмз жеткізіп, б%өкіл болмыс санасымен, ақыл-ойымен, ж%орегімен қабыл еткен жандар десе боларлық. Міне, солардың бірінің пікіріне ж%гiнiп қмрелiк.

Мұсылман болғандығы жөнiндегi баспасөз мәслихатын мткізген, Францияның ейгілі философы, кезінде сол елдің коммунистік партиясының бас ойшылы атанып, атеистік қмзқарасымен танылған Роже Гарди 1983 жылы жетпіс жасында мзiнiң жаңа таңдауы туралы былай дейді: «Ислам – ғасырлардың алдында жүретін дін. Өзге дiндер болса, уақыттың артында жүрді. Исламнан басқа дiндердiң барлығы да уақытқа сейкестендiрiлдi, реформаланды. Киелi кiтаптар уақыт талабына сай өзгертілді. Құран Кәрім болса жiберiлген сеттен бастап, уақытты биледі. Ол, уақыттың емес, уақыт оның iзiмен жүрді. Уақыт қартайған сайын Қ±ран жасара берді. Б±л – уақыттан тыс керемет оқиға. Бүгiнге дейiнгi жойқын соғыстар мен әлеуметтік, саяси нем экономикалық дағдарыстардың бәрiнен де үлкен

оқиға, Ислам – материализмге, позитивистердің пікірлеріне һәм экзистенциалистердің пікірлеріне билік етеді. Бірақ бұлардың ешқайсысы да исламға билік ете алмайды!».

Содан бастап, философтың қаламы ислам үшін жұмыс істейді. Кейбір туындылары: «Исламның уәделері» (1983), «Тірілерге жолдауым» (1986), «Ислам және адамзаттың болашағы» (1990), «Энтегризм - мәдени суицид» (1992).

Исламды қабылдаған жеке тұлғалардың мысалдарын көбейтуге болады. Қазірше, осымен шектеліп, енді олардың мұсылмандықты қабылдауындағы басты себептерді қысқаша тізбектейік. Исламды қабылдау себептері жүйінде сұрау жүргізілген алпыстай зиялы Батыс елдерінің азаматтары берген жауаптардан мынадай нәтижелерді шығаруға болады:

1. Исламда бір-ақ жаратушы және бір-ақ табынатын Аллаһ ұғымы бар. Адамның ақылы бір Құдайға сенуді қалайды. Бірден көп тәңірлерге сенуді адамның ақылы қабылдай алмайды.

2. Ислам діні адамдарға тек руханият жағынан ғана емес, дүниауият жағынан да меліметтер береді, мына дүниедегі үмірдің ізгі жақтарын түсіндіреді.

3. Кейбір діндерде адам баласы тумысынан күнәкер болып туады да, мына дүниеге тек азап шегуге ғана келеді. Ал, ислам болса, әр сәбидің күнедан ада, тап-таза періштедей болатынын және ер адамның дүниеде істеген амалдарына жауапты екенін айтады. Жақсылық істегендерге әжір-сыйлық, жамандық істегендерге тиесілі жаза беріледі.

4. Ислам дінінде ғибадат, дұға және теуба сұрау кезінде пенде мен Жаратушысы арасында ешбір дәнекерші, делдал болмайды. Әр адам Жаратушысына мұң-мұқтажын өзі айта алады. Қайта, Аллаһ Тағала уәқалдарының арасына делдал қосу дұрыс саналмайды.

5. Исламда ақсүйектік, рұхбандық (жрецтво, духовенство) деген түсініктер жоқ. Аллаһ Тағала барлық пенделерін тең жаратқан. Үстемдік имандылықта, ахлақи байлықта, тақуалықта, ізгі амалдардың көптігінде. Дүниауи байлықтар мен атақтарға, шыққан тегі мен жеріне байланысты ешкім артық саналмайды. Барлық мұсылмандар ағайын, тең.

6. Ислам наным бойынша барлық пайғамбар бір ғана дінді, Аллаһ Тағалаға иман етуді бұйыратын «тәухид» сенімін уағыздаған. Пайғамбарлардың арасын бұлуге, бірін-бірінен үстем етуге болмайды. Пайғамбарлардың бәрі де фәни пенделер. Олар Аллаһтың қылы ғана, ұлы емес.

7. Ислам қағидаларының бәрі де ақылы бар адамға түсінікті һәм қисындық үндестігі сақталған. Исламда түсініксіз, зиянды, керітартпа қағидалар мен бұйрықтар жоқ.

8. Ислам діні ғаламдық (универсалды) дін. Ол белгілі бір аймақ пен халыққа яки заманаға ғана жіберілген дін емес. Ислам дінін күллі ғаламдағы адамдар және саналы махлұқтар (жаратылыстар) түсіне алады ері исламның талаптары мен үгіттерін барлық уақыттарда ұстануға болады. Өйткені, мұсылманшылық мте қарапайым һәм оңай жол.

9. Кейбір діндер тек Құдайдан қорқуды ғана бұйырады. Ал, ислам діні болса, Аллаһ Тағаланы сүюді және Оның рахметінен үміт үзбеуді бұйырады.

10. Ислам дінінде зорлық, зомбылық жоқ. Бақара сүресінің 256-аятында: «Дінде зорлық жоқ!»--делінген.

11. Исламдағы ғибадаттардың ішінде тағат жетпес, жиіркенішті құлшылықтар жоқ. Бәрі де адамды тертіпке келтіруші, денсаулыққа һәм ақыл-ұжданға пайдалы ғибадаттар. Исламдағы ғибадаттар адамдар үшін яки көрсету үшін жасалмайды. Олар тек Аллаһ Тағаланың ризалығына ие болу мақсатымен жасалады.

12. Исламият тазалықты иманның белгісі ретінде қабылдаған дін. Тазалық - ғибадаттың басты шарты. Бұл – һәм дене тазалығы һәм рух тазалығы. Күнделікті тұрмыстың өзінде тазалықтың сақталуы маңызды міндет болып табылады.

13. Ислам – кедейді қорламайтын, байды айыптамайтын дін. Байларға жомарт һәм рахымды болуды, ал кедейлерге сабырлы һәм еңбекқор болуды, адал ризық тауып, баюды үгіттейтін дін.

14. Ислам діні – әлеуметтік әділеттілікті қыздейтін дін. Зекет, пітір садақалары мен Құрбан айт кезінде құрбандық шалу сияқты ғибадаттар арқылы ылғи да жарлы-міскіндерге, мұқтаж адамдарға көмектесуді бұйырады.

15. Ислам діні – мас қылатын ішімдіктер мен улы шегімдіктерді, құмар ойындары мен аятсыздықты харам еткен бірегей дін. Бұл – дініміздің ақылды, жанды, мүлікті, иманды һәм жанұяны қорғау мақсатының айқын көрінісі.

16. Өлімнен кейінгі өмір туралы ең қанағаттанарлық мәліметті мұсылмандық ғана береді. Кейбір діндерде ахирет деген ұғымның өзі жоқ.

17. Исламият – адами көмектесу, араласу жағынан адамдардың діні мен нәсіліне қарап шек қоймайтын бірегей дін. Жәрдемге мұқтаж адамдардың барлығына да қол ұшын беру – мұсылмандардың міндеті.

18. Исламда белгілі бір топтың меншігіндегі «діни сырлар», «діни иерархия» деген ұғымдар атымен жоқ. Аллаһ Тағаланың діні барлық адамдарға ашық. Құран Кәрімді кез-келген адам оқып, түсіне алады. Ислам – белгілі бір топтың яки тарикаттың діннің атын жамылып, адамдардың санасын өз мүддесі үшін монополияға алуына қарсы дін.

19. Құрани Керім Мұхаммад (с.ғ.с) Пайғамбарымызға жіберілген халде сақталған. Түпнұсқасы сақталған бірегей кітап – Құрани-Керім. Бұл исламның хақтығын және Құрани Керімнің мұғжизасын паш етеді. Сонымен қатар, исламнан кейін басқа діннің жіберілмейтінін делелдейді.

20. Исламда құлшылық кез-келген таза жерде жасалады. Ол үшін міндетті түрде белгілі бір орынға бару шарт емес. Ислам құлшылықты белгілі бір орынмен шектемеген, күллі жер шарын ғибадатхана (сәждехана, мешіт) еткен бірегей дін.

21. Ислам діні әйелдердің құқықтарын орнатып, оларды ғибадат, қарым-қатынас, әлеуметтік мәртебе, экономикалық іс-әрекеттер жағынан еркектермен тең дәрежеге қойған дін. Исламда «Адамды адастырған Хауа» деген ұғым жоқ. Құран Кәрімдегі 2/36 және 7/20-24 аяттары бойынша Адам мен Хауа бірдей қате істеген және Аллаһ Тағала олардың екеуін бірдей ғафу еткен. Сондықтан, мұсылмандар әйелдерге еркектерді тура жолдан адастырушы шайтан ретінде қарамайды. Ал, өзге діндерде Адамның қателігінің басты себепкері ретінде тек әйел көрсетіледі. Біл әйелдердің Еуропада ғасырлар бойы азапталуына, ешкере өртелуіне апарып соқтырған. Францияда 1938 жылға дейін әйелдер күйеуінің рұқсатынсыз келісім-шартқа қол қоя алмаушы еді. Ең дамыған мемлекеттерден Швейцарияда әйелдерге дауыс беру құқығы осыдан ширек ғасыр бұрын ғана берілгендігін ескерелік. Батыстың әйелдерге XX ғасырда берген құқықтарын ислам діні осыдан 1400 жыл бұрын берген.

Қорыта айтқанда, адамзаттың мәдениет, өркениет және ғылым деңгейі артқан сайын, исламды қабылдаушылар және іздеушілердің саны қибеймек. Өйткені, ақылдың, шірдің, сананың жолы бір. Басқа жұрттар хақиқатты соншалықты іждиһаттылықпен іздегенде, мұсылман елінде, мұсылман отбасында дүниеге келген біздердің одан да жігерлі ізденіске түсуіміз керек емес пе? Дінімізді құлақтан емес, басты бұлақтан үйренетін кез келген жоқ па?

Ислам діні әрбір адамның жеке және қоғамдық өмірінің барлық жағын қамтитын қағида ережелерді белгілеп анықтаған. Оларды адамның моралдық міндеттері деп атайды. Діннің әрбір қағидасы міндет болып табылады.

Ислам моралы бойынша адам міндеттері жан-жақты, оны төменгідей көрсетуге болады:

1. Мұсылманның жеке моралдық міндеттері;
2. Алла мен пайғамбар алдындағы моралдық міндеттер;
3. Отбасы алдындағы моралдық міндеттер;
4. Қоғам алдындағы моралдық міндеттер;
5. Азаматтық моралдық міндеттер;
6. Қоршаған ортаға байланысты моралдық міндеттер;
7. Жакын және алыс адамдар алдындағы моралдық міндеттер.

1. Жеке міндеттер. Рухы мен тәнін тең азықтандыру; денсаулығын күту; тәлім-тәрбие алу; жақсылық жасау; жаманшылықтан сақтану; өзіне және ортаға пайдалы болу; білім іздену және т.б. - адамның ең басты міндеттері.

2. Алла мен пайғамбар алдындағы моралдық міндеттер.

Алланың бар және бір екеніне иман келтіріп, оған бағынып, айтқандарын орындау мен тыйымдарынан сақтану. Бір Алладан ғана көмек сұрау. Пайғамбар дінінің тура екеніне сену, оның пайғамбарлығына иман ету. Хз. Мұхаммад (с.ғ.с) пайғамбардың сүннетін орындау.

3. Отбасы алдындағы моралдық міндеттер.

Ата-ананың балаларын дұрыс тәрбиелеп өсіруі, балаларының да әкешешешелері алдындағы міндеттері бар, оларды тыңдау, құрметтеу, қартайғанда бағып қағу. Ерлі-зайыптылардың бір бірін сыйлауы.

4. Қоғам алдындағы моралдық міндеттер.

Адам түрлі қажеттіліктерін әлеуметтік ортада қамтамасыз етеді, өмір сүру үшін қоғамдық орта керек, ол жалғыз өмір сүре алмайды. Басқалармен бірге өмір сүру- тиісті міндеттер мен жауапкершілікті бөлісу. Сол қоғамда ізгілікті арттыру жамандықты жою әрбір саналы адамның міндеті.

5. Азаматтық моралдық міндеттер.

Еліне және ұлтына деген міндеттер. Отанына сүйіспеншілік, ұлтын және оның едет-ғұрпы, салт-дәстүрін қастерлеу. Хз.Мұхаммад (с.ғ.с) пайғамбар хадисінде “Отанды сүю иманнан ” деп айтылады. Мұсылман баласы өзі өмір сүріп отырған мемлекеттің заңдарына бағынуға міндетті.

6. Қоршаған ортаға байланысты моралдық міндеттер.

Табиғатты бет алды ластамау, ондағы тепе-теңдік пен үйлесімділікті бұзбау, өсімдіктер мен жануарлардың хақын ескеру. Экологиялық тепе-теңдікті сақтау, қорғау.

7. Жақын және алыс адамдар алдындағы моралдық міндеттер.

Адамның жақындары, туысқандары, көршілері, достары, қызметтестері мен танымайтын адамдарға құрмет, олардың сенімін, көзқарастарын сыйлау.

Осындай ізгілікті насихаттаушы Исламның қандай болса да дін атаулылардан еңсесі биік қырылып, үзінін ақиқат дін екендігін дәлелдейтін болса.

Ал, жаһандану есігімізді қағып, әрбір аярылық пен сәлем ерекшеліктер жер бетін жайлаған осынау заманда қазақ ұлтының ұстанымын бекемдеу қалай жөзеге аспақ деген сауал әрбір саналы кісіні мазалары анық. Біл жолда біл тарихы мен білтінің мұздік болмысы жол сілтер бағдар бола алмақ және ислам діні арқылы адамды тәрбиелеу де өз жемісін берері хақ. Сондықтан да мектеп бағдарламасына дінтану нәнінің енгізілуі құптарлық іс болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құран Керім (қазақша мағына және тәржімдері). Аударған Халифа Алтай. Сауд Арабия, 1991.
2. Хадис (Ал-жомийғ Ас-сахих) Абу Абдуллах Мұхаммад ибн Ислам Ал-Бухарий. Ташкент, 1991. (Зақиржон Исмаил таржимасы (үзбек тілінде)
3. Қожа Ахмет Яссауи «Диуани Хикмет»(ақыл кітабы) М. Жармұхамедұлы т.б. Алматы, 1993. (тәржімдері мен қолжазба араб графигімен, қасында транскрипциясы шағатай тілінде және қазақша аудармасы).

**З.ЖАНДАРБЕК**

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**М.КЕРІМБАЕВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**ТҮРКІЛІК ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ МАХАББАТ ҰҒЫМЫ**

**В статье рассматривается понятие категории любви в тюркском религиозном мировоззрении.**

**The article deals with the notion of love in the Turkic religious world outlook.**

Бүгінде мәдени және әдеби мұраларымыздағы ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан діни-рухани дүниетанымдарды пайымдап, тереңдей зерттеп, танудың мүмкіндігі туып отыр. Тәуелсіздікпен бірге туындаған осы мүмкіндік төл мәдениетіміздегі рухани сабақтастықтың алтын өзегін зерделеуге жол ашады. Қол жеткен нәтижелердің еліміздің егемендігінің бауы берік, баянды болуы үшін де маңызы зор.

Ислам дінінің бүгінгі Қазақстан және Орта Азия аймағына енуі түркілік дүниетанымды түбегейлі қайта түлеткені белгілі. Ислам дінінің дәстүрлі түркі дүниетанымына тигізген игілікті ықпалы, оның мифологиясын, аңыз әңгімелерін, жыр-дастандарын мазмұндық тұрғыдан байытып, олардың ақиқат мәнін қайта жаңғыртуымен сипатталады. Исламдық аксиологиялық құндылықтар мен мұсылмандық қағидалар жергілікті салт-дәстүрлермен үйлесіп, жергілікті халықтың жүрегіне жол тапты.

Жалпы дүниетаным туралы қағидалар оның ішіндегі діни дүниетанымды бөлек алып қарастыруға мүмкіндік береді. Дүниетаным - қоршаған ортаға қатынастар мен осы әлемдегі адамның орны мен мақсатына сипаттама беретін тұрақты көзқарастар, принциптер мен түсініктер жүйесінің жиынтығын құрайтын негізгі философиялық ұғымдардың бірі. Ол қоғамдық болмыс пен әлеуметтік шарттар ерекшеліктерімен айқындалады [1].

Тұлғаның дүниетанымы оның ой-пікірін айшықтайды. Адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін оның білім деңгейі емес, дүниетанымын көрсетеді. Сонымен қатар, ол таным, адам, дін және өмір салты философиясының негізгі категорияларының бірі болып табылады және зерттейтін мәселесі болып табылады. Әлем, тұрмыс, әлеумет пен индивид туралы, оның этикалық және эстетикалық жағдайы, адамның объективті әлемдегі рөліне сипаттама береді.

Жалпы дүниетаным адамзат пен қоғамның рухани өміріндегі күрделі құбылыс. Оның қолдауымен адамзат қызметі ұйымдастырылған және реттелген сипатқа ие. Ол көзқарастар, ойлар, идеялар, құндылықтар мен принциптер жиынтығы болып табылады. Сонымен бірге, адамзаттың өмірлік позициялары айқындалып, қызметі мақсатты түрде ұйымдастырылады.

Ғылымда дүниетанымның төмендегідей үш тарихи түрі көрсетіледі: мифологиялық, діни және философиялық.

Дүниетанымның мифологиялық түрі әлемді танудағы алғашқы қоғам шарттарында қалыптасқан түсініктердің жиынтығын құрайды. Мифология мифтер жиынтығы болғандықтан, ол діни жүйелерден тыс, демек, діни дүниетанымнан бөлек пікірлер қалыптастыра алмайды.

Дүниетанымның діни түрінің мәні дін тұжырымдары негізінде қалыптасып, Құдайға сеніммен байланыстырылады. Мифологиялық және діни дүниетаным бір-бірімен өзара байланысты және оның бірнеше белгілері сәйкес келеді: діни дүниетанымда мифологиялық жүйе жиі орын алады; мифологиялық дүниетаным діни сенімге негізделеді.

Ғалым Досай Кенжетай Исламдық дүниетанымның маңызын өз еңбегінде былай деп атап көрсетеді. «Ислам діни дәстүрлі түркілік дүниетанымдық кеңістікке ендеп кірді. Нәтижеде түркілік дүниетанымдық негізде қалыптасқан мифология, аңыз-әңгімелер желісі, жыр-дастандар, қандық-туыстық шежірелер, жалпы мәдени құндылықтар жаңа рухани түске ене бастады. Жаңа рух, жаңа сана — бұл жаңа сөз. Жаңа исламдық дүниетанымдық тұғыр негізінде түркілік кеңістіктің тіршілік қағидалары жаңа еңбектер, рисалалар, шежірелер, насабнамалар арқылы қайта өмірге келе бастады. Құран түркі тіліне тәржімәланды. Махмут Қашқаридың «Диуани Лұғат-ат-Түрік» атты сөздігі, Жүсіп Баласағұнның "Қут-адғу-Білік", Ахмет Йүгнекидің "Атибату-л Хақайқ", Иасауидың Хикметтері мен рисалалары, Сүлеймен Бақырғани Хикметтерінің қасында, түркілік көшпенділік негіздегі ауыз әдебиетіндегі жырлар мен "Манас дастаны", Алпамыс т.с.с. Қорқыт Ата аңыздары исламдық желілермен қайта жырланды. Бұл құбылыс - түркілік дүниетанымдық құндылықтар мен тұғырлардың мазмұндық жағынан түлеуіне әкеліп соқты» [2].

Әр нәрсенің күнгейі мен көлеңкесі болатыны тәрізді, Құдайды бар және бір деп танудың жалпы негізі Тәңірінің трансцендентті, мекенсіз, жоғары абсолюттік билік иесі, жаратушы сияқты сипаттарын беретін - Көк тәңірі деген ұғымнан туғанымен, ислам діни енгенге дейін түркі халықтарының Тәңірі туралы ұғымы бұрмаланбай қалған жоқ. Сондықтан да «жер тәңірісі», «су тәңірісі», «тау тәңірісі», т.б. тәрізді натурпантеистік түсініктер орын алды. Ал бұны түркі мәдениетінің ерекше құбылысы, елде жоқ табысы қылып көрсету мақсат пе екен? Алланың сүйген құлдары сол замандарда-ақ мұндай бұрмалаулар мен теріс пиғылдарға қарсы күресіп, адамдарды дұрыс жолға салды. «Өлі десе өлі емес, тірі десе, тірі емес - Қорқыт Ата әулие» деп, данағөй бабамыздың құдіретіне бас иген халық ғасырлар бойы Қорқыт Ата жайындағы аңыздарды жадында сақтады. «Аңыз түбі - ақиқат» дегендей, аңыздардың өміршендігі - Қорқыт бабамыздың әулиелігінің бір белгісі. Ондай адамдар дүниеге халық күйзеліп, рухани мұқтаждықтарға ұшыраған



уақытта келетін болған. Олар хақиқи білім әкелетін себепті де ел санасында, қоғам өмірінде тың серпіліс тудырып, елді имандылыққа үндейтін. Ал, елдің иманға ұюы игілікті, бақытты тұрмысқа ұласады.

«Пұтқа, отқа, жеке адам басына, тауға, тасқа, т.б. көзбен көріп, қолмен ұстайтын нәрсеге табынған соқыр сенім — ақылды бұғаулап, рухты басып-жаншып өсірмеудің және қоғамның әлеуметтік күйзелуінің бірден-бір себебі. Соқыр сенімнің халықты тобырлық тасқын күшке айналдырып, арандатар тұстары да белгілі. Иман болса рухтың серпіліп, ақылдың биікке құлаш жаюының кепілі. Адам өскелең рухтың, ұлы аманаттың иесі болғандықтан да, бүкіл ғалам жаратылысының түп негізі [3].

Құран Кәрім мен Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың дінді таратудағы басты ұстанымы зорлық-зомбылықсыз жүректерге жол табу арқылы дінге шақыру болса, осы үдерістің жүздеген асуы, адам жанын ізгілендіріп, таным көкжиегін кеңейтуді мақсат еткен Ясауи ілімімен жүзеге асты. Құран үндеуі адамның жүрегін тірілтуге, ақылын оятуға, рухын серпілтуге бағытталуымен қатар адамның алынуы қиын қамал екендігін де ескеріп, оны еркін сұхбат жолымен тәрбиелеу мүмкіндігін айтқан. Қожа Ахмет Ясауи негізін салған түркілік сопылық мектеп Құран Кәрім мен Пайғамбар хадисін ақиқат ілімнің негізгі қайнары және танымдық өлшемі деп білгендіктен, осы ақиқи ілімді игерудің негізгі методы ретінде тәуил әдісін қолданды. «Менің хикметтерім - Алладан пәрман, Оқып ұққанға бар мағынасы - Құран», «Құдайдың сөзінен шыққан бұл бір хикмет, Естігенге нұрдай жауар рақмет» деген Әзірет Сұлтанның сөздері осының дәлелі болса, осы дәстүр аясындағы Абайдың «Құран рас, Алланың сөзі дүр ол, Тәуиліне жетерлік ғылымың шақ» деген сөздері осы дүниетанымның өміршеңдігінің дәлелі. Тәуил әдісімен қатар рационалды ақылға жүгіне отырып, нақтылы логикалық дәлелдермен, Құдайлық аянға деген сеніммен Құранның мағынасын түсіндіретін тәфсір әдісі де бар.

Ал тәуил әдісі болса, сөздің көп қырлы, астарлы мағыналары арқылы - және бейнелі көркем тілдің сан алуан бояуымен Құранның тылсым сырлы әлеміне жетелейді. Демек, тәуил – тәфсір әдісінің мүмкіндігі жеткен жерден де әрі тереңдеп, Құран Кәрімнің ішкі мәнін, қадір-қасиетін паш етеді. Бұл әдісті қолданатын адамдар рухани кәмәләттікті мақсат еткен, ықылас-ихсанмен Құдайға құлшылығын атқаратын, Хаққа деген махаббатымен, яғни дидақ талабымен ерекшеленетін сопылық ілім иелері болды. Себебі олар игерген хал ілімін, жүрек танымын рухани-спиритуалистік тәжірибе барысында иеленетіндіктен, бұл ілкі ілімге жету сәті - әрбір адамның осы халге енген кезде ғана дәмін тататын қайталанбас ерекше күйі болып саналады. Сондықтан осы ахуалды жеткізудің де өзіндік әдіснамасымен ерекшелігі бар.

Бұл хал ілімін жеткізудің хикмет дәстүрі, сыршылдық әуені ғасырлар бойы жалғастық тауып, бүгінге жетті. Осы дәстүрдің мейлінше дамып, бастау алар кезеңі - орта ғасыр әдебиеті. Осы сопылық әдебиеттен бері жалғастық тауып келе жатқан негізгі тақырыптарға тоқталсақ. Орта ғасырларда, одан кейінгі шығыс мұсылман әдебиетінде махаббат басты тақырып болды. Себебі көптеген онтологиялық, аксиологиялық, гносеологиялық мәселелердің толғауы тоғысар, шешуін табар түйіні осы махаббат категориясы еді. Махаббат ұғымының сырлы әлемін шығармалардың көркемдік, эстетикалық танымымен пайымдайтын жүрек, діл, көкейкөздің үлесіне қалдырып, тылсым, бейсаналық табиғатын мойындағанның өзінде, ғалам жаратылысының мәні, Хақты тану мүмкіндігі, адамның рухани ізденісінің түп мақсаты турасындағы ақыл-ой деңгейіндегі толғаныстарды шешуге де махаббат философиялық категория қызметін атқарды.

Махаббат - адамзат жаралуының, оның рухани жетілуінің, эстетикалық ләззаттануының, этикалық ғибраттануының негізі. Тіптен діни-мистикалық рухани кемелденудің шыңы болып табылар - «дидар талапқа» жеткізер басты күш-қуат. Бұл үрдіс Хазіреті Пайғамбардың хадисінен бастау алған бүкіл ғалам жаратылысының телеологиялық қағидасы, яки себепті мақсаты Жаратушының махаббаты екендігіне сүйенеді. Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбар айтты: «Хазірет Хақ субхана уа тағала: Мен жасырулы тұрған кен-қазына едім. Менің тәңірі екендігімді ешкім білмейтін, өз құдіретімді білдіруге махаббатым ауып, барша ғаламды жараттым».

«Махаббаттың бақшасының бұлбұлы боп,

Таң сахарда зар илеумен қонғым келер,

Сол уақытта тәңірімнің жамалын

Көңіл көзімен анықтап көргім келер».

«Махаббаттың асасын қолға алып,

Бақыт тонын иыққа іліп алып,

Махаббаттың түгімен қанаттанып,

Мағрипаттың бұтағына қонғым келер» [4], -

дейді «Диуани хикмет» кітабында Қожа Ахмет Ясауи. Ғұламаның бүкіл шығармашылығын Хаққа деген махаббат жыры деп қарастырсақ та қателеспейміз. Себебі «арифтердің сұлтаны» «Диуани хикметте» бастан-аяқ өзінің ғашықтық күйін, ғаріптік халін жырлайды.

Осы жолдардан аңғарғанымыздай, ғұлама үшін махаббат Хаққа бастар, тариқат жолына түсушінің жол бастаушы, таянышы болар асасы, жоғарғы ақиқатқа шарықтатар қанаты, мағрипат ілімінің бағына жеткізер күш-қуаты. Бүкіл ғалам Алланың рахмет шуағына бөленген махаббат бағы, ал, таң сәріден махаббат жырын жырлаушы Хақ дидарын талап еткен ғашық - «Ғашық бұлбұл». «Ариф ғашық - тариқаттың дүр данасы» дейді Әзірет Сұлтан. «Ариф» - мағрифат іліміне жеткен ақиқатты танушы. Ол бұл ілімді

ішкі тәжірибе, өзін-өзі тану, өз тереңіне үңілу арқылы иеленеді. Ғұлама шығармаларындағы ғашық күйінің суреттелуіне, рухани даму жетілу, ақиқатқа жақындау сатысындағы халдерінен хабар аламыз, яғни ғашық халі - арифтің - ақиқат ілімге ұмтылушының танымдық сатыларына сай келеді.

Ғашықтың істеген әрекет, амалдарынан, қауым ішіндегі топырақ сипатты көркем кішік мінезінен және ғалам, жаратылыс сұлулығына ғажаптанып, одан ләззаттануынан, дидар талап етуінен эстетикалық ізденісін көреміз.

Ал, ғашықтың имандылық, адамгершілік, ізгілік, хауф-рижа, яғни қауіп пен үміт жайлы ойларынан - аксиологиялық құндылықтық мәселелерді бағамдаймыз. Ғашықтық отының нәпсі - Һәуәсті өрттей тиер жалынымен тазартар күшін еске алсақ, махаббатты моральдық-этикалық категория ретінде пайымдаймыз.

Махаббат тақырыбын жүйелі жырлаған орта ғасырлық рухани жәдігерліктің бірі - Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасындағы ой пікірлер де «Диуани хикметпен» үндесіп жатыр. Мәселен:

«Бұл иемді қалай ғана сүймеймін,  
Тілеуі үшін қалай ғана күймеймін».  
«Жұбанышым, сүйенішім, ақтаушым,  
Аштықта да, тоқтықта да сақтаушым!»  
«Иемді іздеп өзіме ұйқы бермедім  
Нышаны бар - көрінбеді, көрмедім».  
«Ием сүйсе қайтем өзге сүйгенді,

Жауым - шайтан, әу бастан-ақ түйгем-ді» [5], - деген жолдардан ғалам жаратылысының сырын махаббаттан іздейтін сопылық сарынды көреміз.

Негізгі махаббаттың бастауы Алланы сүюді жан-жақты жырлаған Ясауи адамзатқа сүйіспеншілігін осы махаббаттың құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, өзінің адам баласына риясыз қызметтің «дәнекер болуымен», «топырақ сипат алуымен», тіптен «жол үстінің шаңы» болып, жолаушысы (Хақты қалаған тариқат) «бетіне қонсам» дейді. Ықылас - Хақ әмірін бекем тұту, шарифатқа адалдықтың негізі болса, ихсан - бүкіл амалдарын іждаһатпен, бұлжытпай орындау Ясауидің басты мақсаты. Ол адамдарды имандылыққа шақырса сөз жүзінде емес, іс жүзінде бүкіл құлшылық, ғибадатты ықыласпен орындайды. Өзгеден күтер ізгілікті бірінші өз бойыңнан табу, өзіңе қаламайтын жамандыққа өзгені душар етпеу, өзгеге тілемеу деген - әділет қағидасы оның басты ұстанымы. Ясауидің жалпы орта ғасыр әдебиетінің адамзатқа деген сүйіспеншілікте үлгі тұтар тұлғасы Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) Оның үмбеттерін сүюі мен ғаріп, жетімдер үшін қиыншылық тартуын жүйелі жырлайды.

Махаббат — қозғалыс бастауы, өмір бұлағы, хауф пен рижаның, яки қорқыныш пен үміттің бірлігінен қанаттанған қос қанатты құс іспетті. Олай

дейтініміз, «Диуани хикметте» бастан-аяқ әулиелердің сұлтанының хақ алдында өзін күнәһар сезіну қорқынышы, сонымен қатар Алланың рахымынан, кешірімділігінен күтер үміті жарыса келеді. Алланың әділ сынағы тұрғысынан шексіз пәктіктің иесі сұбхан Алланың сынағына төтеп берер, рахымына лайықты, күнәдан пәк, онымен достасуға, қауышуға лайықты адам баласы жоқ. Фазылы, яки кешірімділігі тұрғысынан, Құдай адамның таудай күнәларын тәубасын сай, таудан үлкен фазылымен кешіре алады. «Құтты біліктегі»:

«Қорқып тұрғай кәрінен бір Алланың,  
Күтіп жүргей содан үміт арманың.  
Үміт-хәуіп - осы екеуін қанат қыл,  
Арасын да тірілігіңді жәннат қыл  
Құлқыңды оңда, Хақ жолынан жаңылма,  
Сарайға ұшып кір, сүйініп дамылда!  
Үміт, хәуіп - сенер екі қанатың,  
Екеуі ұшсаң — көкке де жол табатын  
Күнәм көп деп үмітіңді үзбегін

Ғибадат қып, қызметіңді істегін» [5] -деген жолдардан хауф-рижа ұғымының қыр-сырын аңғарамыз.

Исламда Алла тарапынан «бүкіл құлдарым - тамұқтық, тек біреуі жұмақтық» деген пәрмен келе қалса, мен сол жұмақтық болармын ба деген үміт, сондай «бүкіл құлдарым - жұмақтық, тек біреуі - тамұқтық» деген қағида бар. Хауіп, рижа орта ғасыр ғұламаларының шығармаларында шариғатпен ұштаса отырып, ерекше өрілім түзетін екі өзекті желісі. Хауіп пен рижа ариф - ғашықтың мағшұққа деген сезімінің, ішкі аптап халінің, әділінен қорқып, фазылынан үміттенген бақиға байланысты өзін үнемі қыл үстіндегідей сезінген күйінің қозғаушы күші.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Философиялық сөздік.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996 .- 142 -143бб.
2. *Кенжетай Д.Т.* Қ.А.Ясауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны. Алматы: Арыс, 2007. 9б.
3. *Мейірман А.* Қазақ даласының ойшылдары(XVIII- XIX). 4 кітап. Алматы: Жалын, 2004. 71б.
4. *Иасауи А.* Диуани хикмет. Алматы: Жалын, 2005. 57 б.
5. *Баласағұн Ж.* Құтты білік. Аударған А.Егеубаев. Астана: Аударма. 2003. 477-478бб.

**М.М.ТАСТАНБЕКОВ**

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

**С.Р.ТІЛЕКЕЕВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

### **КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАР ДҮНИЕТАНЫМДАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ АРҚАУЫ**

**В статье рассматривается кочевой образ жизни в целом и некоторые особенности кочевых традиций.**

**The article deals with the nomadic life on the whole and with some peculiarities of nomadic traditions.**

Орталық Еуропада қазіргі тарих ғылымының даму кезеңінің өзінде әлі де тек жер өңдеумен, қолөнермен, құрылыспен айналысатын отырықшы халықтар ғана жоғары мәдениет құра алады деген пікір кездеседі [1.190]. Мұндай біржақты түсініктің қалыптасуы ғылымның дамуындағы евроцентристік көзқарасқа тікелей байланысты. Көшпелілерді зерттеушілер зерттеу мақсатын қате қойғандықтан, бүтін бір мәдениетті жойылар қауіпке алып келді. Арнольд Д.Тойнби көшпелі мен жер өңдеуші арасындағы материалдық және рухани мүдделердің ешқашан бітпеспейтін қайшылығы жөнінде жазған. Оның пікірі бойынша, көшпелілердің бүкіл әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірін мықты шеңбер ішіндегі қозғалысқа балап, оларда тарих жоқ, прогрессивті даму үшін ішкі шарттар жоқ, тек отырықшы халықтарды физикалық және рухани эспанциялау ғана даланың жауынгер тұрғындарын бұл шеңберден шығара алады. Бұл оларға әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының алғы шартын қалыптастырады, дейді. Тойнби ойы ағымын қадағалайтын болсақ, онда динамикалық экономикасы бар әлемдік қоғамда тоқырауға ұшыраған көшпелі одақтарға, өз қозғалысын жылдық циклдерге байланысты өзгеріссіз мәңгілік қайталайтын дамымаған өркениетке орын жоқ деген тұжырымын аңғарамыз.

Алайда, Тойнбидің «өзгеріссіз, мәңгі көшуші, тарихы жоқ халық, дамымаған өркениет» деген пікірлеріне тарихи фактілер қайшы келеді. Көшпелі өркениетті ерекшелеген олардың жабық түрде дамуы емес, бүкіл өмір сүру барысында сол отырықшы өркениетпен жүргізген қарым-қатынасы болатын. Бұл қарым-қатынастың оңды нәтижелер беруі, екі жақтың да дамудың ішкі шарттары қалыптасқандығын көрсетеді. Олай болмаған жағдайда өзара байланыстың болуы да мүмкін болмаған болар еді. Е.Тұрсынов: «Егер де отырықшы халықтардың көшпелілермен мыңжылдық қарым-қатынасы болмады десек не болар еді?» деген сұрақ қойып оған өзі, «Онда отырықшы халықтардың әлеуметтік-экономикалық тарихы, рухани мәдениетте негізгі рөл атқарған елеулі оқиғалар сабақтастығы бұзылып, әлемдік тарихтың көптеген маңызды сатылары бос қалған болар еді. Өйткені көшпелілік өмір сүрген үш мыңжылдықта әлемдік тарихи процестерде көшпелілер мен отырықшылар өзара тығыз байланыста, өзара әсер ету

жағдайында болып келді», деп жауап береді. Одан әрі қарай ғалым, «3000 жыл екі өркениет көшпелілік пен отырықшылық ішкі автономиясын сақтай отырып қатар дамыды және жалпы адамзаттық өркениет құруға үлесін косты» [1.101] деп тұжырымдайды.

Көшпелі үшін табиғат - ғаламат үйі. Ол табиғатқа күш қана жұмсамайды, одан күш-қайрат алады. Көшпелі табиғаттан бөлек емес, ол оның бір бөлшегі, құрамдас бөлігі. Сондықтан да көшпелі мен табиғат тығыз байланысты, оның бүкіл өмірі - жол, қозғалыс. Көшпелілер өркениеті кең ұғымды. Сондықтан, отырықшы үшін беймәлім жақтарын, атап айтқанда қонақжайлылық, барымта, қанды кек мәселелерін ғана қарастырғанды жөн көріп отырмыз.

Көшпелі өркениетті сөз еткенде ерекше орын алатын қонақжайлылық. Өздерінің бұрыннан таныс не білмейтіндігіне, дос не жау екендігіне қарамастан барлық жолаушыларға қонақжайлылық көрсетіледі. Кейінгі әсерлерден тәуелсіз қонақжайлылық көшпелілерге тән құбылыс болып саналады. Бұл өзге қоғамдық институттарға қарағанда оның дамыған және өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Жиі қонақтар келетін отбасы халықтың ішінде зор ықыласқа ие әрі танымал болған. Егерде ол отбасы ауқатты тұрса, оны сөзсіз келген қонақтарының ырзашылығымен байланыстырған. Ғасыр басындағы куәгердің айтуына қарағанда: «...қырғыздар жиі төтенше қонақжайлылығымен ерекшеленеді, жолаушыға қырғыздың киіз үйіне бас сұғуынан соң-ақ, ол - қонақ, үй иелері үшін ерекше қасиетті жеке адамға айналады. Қонағы үшін қырғыз өзі үшін сирек соятын малын ойланбастан сояды». Қазақтар арасында «құдайы қонақ» - құдай айдап келген қонақ деген түсінік бар. Жат жерге келген адам үй иесіне «құдайы қонақпын» деп рұқсат сұраған. Қазақтар арасындағы қонақжайлылықтың құқықтық нормаға дейін жеткендігі белгілі. Қонақжайлылық кейінгі әсерлерден емес, көшпелі халықтарға тән құбылыс екендігін жоғарыда атап өттік. Көшпелілер арасында қонақжайлылықты ата-бабаларының өсиетімен байланыстырып, ол туралы аңыздың сақталуы сөзімізді растай түседі. Аңызға қарағанда Алаша хан өз мұрасын балаларының саны үшеу болуына қарамастан төртке бөледі. Үш бөлікті балаларының арасында Үйсін, Арғын, Алшынға бөліп береді. Ал, төртінші бөлікті және үшке бөліп, оларға қонақ асы ретінде береді. «Сендердің көшпелі өмір жағдайында,- дейді Алаша хан өз балаларына,- әсіресе сендердің ұрпақтарың үшін бір-біріне өз азығын көтеріп қыдырып жүру қиын болады. Өзара қатынас жасағанда ішіп-жегендерің үшін ақы алмаңдар. Бір-бірлеріңе арнайы шақырған қонақ іспеттес болыңдар», [3.190] -деген дейді халық танымынан мәлімет берер бұл аңызда. Көшпелілердің ұзақ сапарға шыққаныменен өзімен азық-түлік алмайтындығы жөнінде Марко Поло көшпелілер «өзгелерге қарағанда көп саяхаттайды. .... Татарлар азық-түліксіз кейде бір айға шығып кетеді»,- деп жазған. Қонақжайлылық таныту

аңызда көрсетілгендей қазақ не болмаса түркілерге ғана емес, бүкіл көшпелілер үшін тән дәстүр деуге болады. Келген қонақты қажетінше қарсы алмау, үлкен қиянат саналады. Ертеде жақсы күтіп шығарып салмағаны үшін қонақ шағымданып ат-шапан айып алған деседі. Сондықтан әрбір жиһангез, жолаушыны қонақ бол деп қинау кейінгі өмірде салтқа айналды.

Әр адамның ең жоғарғы лайықты қасиетінің бірі жомарттық деп түсінетін көшпелілер үшін, бұл қасиет қонақжайлылықтан көрініс табады. Дәстүрлі түсініктің қалыптасуы тек көшпелі өмір сүру заңдылығымен ғана байланысты. Бүкіл шығыс ақындары жырлаған Атымтай жомарт сол мәрт, қонақшыл бейне. Араб бәдеуилері болсын, пуштундар болсын үйіне келген әрбір адамға қонақжайлылық көрсетеді. Қонақ қабылдағанда оған тамақ қана емес, жататын орын береді әрі қорғаныш (пана) болады. Қорғаныш болу (пана кавәл) әр пуштунның қасиетті міндеті. Пана сұраған өтінішті қабылдамау үй иесінің әлсіздігін танытады, сондықтан қонақтан бас тартпайды. Үйге кірген уақыттан бастап қонақ сол үй иесінің қамқорлығы мен қорғауына өтеді. Біреуге бөтен үйде қиянат жасамақ болған адам, ең алдымен үй иесінің намысын жаралайды. Сол себепті үй иесі қонағын ғана емес, өз намысын қорғайды [4.194]. Бәдеуилерде де екі құқық сақталып келеді. Біріншісі - Дахил - қорған сұрау құқы (әлсіздің күштіні паналап, қауіптен құтқаруын сұрауы), екіншісі - Радж - қонақ құқы (құдайы қонақ болуы). Неге құқық сөзі қолданылады? Бұл шын мәнінде жазылмаған, алайда, орындалуға тиіс заңдар болған.

Пуштундар дәстүрі бойынша қонақжайлылық қас дұшпанға да көрсетілуі керек. Егер жау үйіне келсе, оған қиянат жасамай күтіп алу керек. Бұл біреуді өлтіріп не жарақаттағанда кешірім сұрай келгендерге қақтығысты бейбіт шешуге мүмкіндік беретін маңызды зор принцип. «Алдыға келгеннің ата құнын кеш» дейді халық даналығы. Осы дәстүр көмегімен ұзаққа созылған қанды кектің зиянды салдарларының алдын алуға мүмкіндіктер туды.

Көшпелі өмірде өзінің дұрыс бағасын ала-алмай, отырықшылар тарапынан «ұры» атанған, әрбір ру «өз ұрысын ұстайды» деген түсінік қалыптастырған іс-шара - «барымта» еді. Барымта - жәбірлік көрген елдің жәбірлеушілерден мал, жылқы айдап алуы, деп анықтама беруге болады. «Барымта» ру намысына жататын ұғым. Ал намысқа шаппайтын аға-іні, ағайын қалмаған. Олар өздеріне қарсы елдің жылқысын айдап сіңіруге тырысқан. Қазақта «Білсе-барымта, білмесе-сыдырымта» деген сөз содан қалған. Сонымен бірге «Барымта қайтыс болмай, сөз айтыс болмайды» дейді. Билер барымташылардың айып шарттарын орындатуға уәде береді де қуғыншылар малдарын алып қайтарады [5.59]. Барымта не жау жақтың малын ұрлау араб көшпелілері-бәдеуилер үшін де заңды әрі құрметті іс саналған. Сол дәстүрдің қалдығы іспеттес қазіргі араб елдерінде полковник

шені, бұрынғы барымта басшысын атағандай «Акид» деп аталады. Акид - жорықты басқарушы, іскер де батыл, сонымен қатар бөлісте әділ, қолы жеңіл, жер жағдайын жақсы білетін адам болды.

Ф.Хитти «Арабтар тарихында» жорықты бәдеуилердің «ұлттық ойыны» деп атапты. Атеиба тайпасы адамдары түйені найзасымен түртіп «Куэ болындар, бұл түйе - менің меншігім!» деп айқай салады екен. Ал, Анезе тайпасы әйел мен баланы шулатпас үшін, ешқашан түнде шабуылдамайды деседі [6.120]. Арабтар үшін мал ұрлау ойын - ептілік пен өжеттік сыналар тұс болса, қазақ барымташылары ауыл намысын қорғаушылар бейнесінде танылған. Екі елде де басқа көшпелі халықтардағыдай жорық басшыларына тек барымта кезінде ғана құрмет көрсетіліп жай жағдайда қатардағы руластардың бірі саналған. Арабтардың жорыққа шығудың жүйеге келтірілген үлгісі болды деуге болады. Акид жорық уақытымен және қауіпті істе талас болмас үшін бөлісу ережесімен таныстырады. Межелі жерге жақындағанда із кесушілер барлауға жіберіледі. Әр тайпа-рудың күш-қуат алу, әрі түнгі ұрыста өз адамын тану үшін және жауын қорқыту мақсатында атойлап айтатын нахва-ұраны болған. Малшыларды қолға түсіріп, киім, қаруын алып, дабыл көтеруге мүмкіндік бермейді. Араб барымташыларында «аль-кишр», «гара», «рок» атты барымта малын бөлісудің үш түрі болған. Олар бір-бірінен малды тең бөлісіп, әрбірі акидке бір түйеден береді; әркім өз айдаған малын алады, акидке біреуден береді; әрқайсы екі түйеден алып, қалғаны акид үлесі болуымен ерекшеленеді.

Егер қарсы жақ шабуыл болатынын біліп қойса, шабуылшылар аман қалу шараларын қарастырып, тонамақ болған шатырға келіп өз ойын ашық мойындайды және газв-тен бас тартатынын айтады. Содан газв жорыққа шыққан адамды ескі тәртіп бойынша шығарып салады. Кейде қалыңдық, қуғын болып, малдың қайтарылуымен бірге газидің де қолға түсетін жағдайы болады. Қолға түскендердің атын, киімін алып, өздерінің қолдарын байлап руластары келгенше ұстайды. Қазақ, араб мал жорығында, жалпы қоғамына тән құбылыс адам өліміне бармау жолдарын қарастырған. Өйткені қанды кектен қорқады.

Көшпелі ғана емес көптеген халықтар қалыптасу кезеңінде «қанды кек» жолынан өтті. Көшпелі халықтардың қоғамы рулы-қатынастар негізінде құрылғандықтан осы қоғамға тән «қанды кек» сақталып келді. Жат жұрттықтар үшін жабайы көрінген бұл құбылысқа көшпелі қоғам ішінде қалай қарағанын қарастырып көрелік. «Қанды күнәнің салмағы ауыр», - дейді бәдеуилер. Ежелгі заң бойынша бес атадан бері туыстар өз туысы үшін бес атасына дейін кек алуы тиіс болған екен. Көп тайпада басты заң «Кек алушы қару ұстай алу керек. Жауды бұрышта, сыртынан, ұйқы кезінде өлтірген арсыздық саналады. Кек алушы «мен түгеншенің кегін алам» десе үлкен құрмет саналған» [6; 123]. Жауын толық танымаған жағдайда, қарсы кезіккен



адамнан бес атасын атап беруін талап еткен. Егер беске жеткізе алмаса не бесінші саусақ бүгілмесе, бұл кездесу өліммен аяқталған.

Швейцария арабисі Ж.Ж.Гесс қанды кек жөнінде шындыққа жақын толық анықтама берушілердің бірі. «Канды кек» деп жазады Гесс «бәдеуилер арасындағы жаугершілікті, қақтығыс пен соғысты белгілі мөлшерде тежеп отырған күш. Себебі бұл қанды дәстүр бірнеше ұрпаққа көп қайғы әкеліп, халықтың басым көпшілігін қамтығандықтан әрбір бәдеуи өзі және семьясының қанды кек құрбаны болып кетпеуін ойлайды. Шабуыл не жорық кезінде жауларының өмірін қимауға, ал өлім бола қалған жағдайда оны бейбіт шешуге тырысады. Мәселені ең алдымен шейх, онан соң істі «кінәлі құн төлесін» деген шешім шығаратын сот қарайды. Егер де ол бас тартатын болса, онда оның туыстары оған күшті қысым жасайды. Өйткені талап етілген құн өтелмесе, тек айыпкердің өзі емес, оның отбасындағы әрбір ер қанды кек құрбаны болуы мүмкін. Әрбір жаңа өлім сонынан жаңа қанды кек пен өлім жалғасады» [6.123]. Жекеленген адамдар мен топтар арасындағы қақтығыстың шешілу принципін пуштундар - «бадал» деп атаған. Ауыстыру, қайтару мағынасында айтылатын бұл сөз көбіне қанды дәстүрінен көрініс табады.

Бәдеуилерде құн көлемі - хакк аль-дамм немесе дийа өлген адамның өз руласы болуына қарай түрліше болады. Қаза болған адам бір рудан болса, онда оның құны кем төленді. Құн негізінен мал түрінде алынды. Арабтарда орташа есеппен елу түйе. Сонымен қатар туыстары да қосымша мүліктерінен айрылды. Бір адам мұнша құн төлей алмағандықтан туыстары көмектесті. Сондықтан бір ру адамдары ішінде басбұзар бұзықтың шықпауына мүдделі болатын. Бәдеуилер құн ішінде қару-жарақ, жылқы және кейбір тайпаларда айыпкер семьясынан қыз беретін. Қыз бала қаза болғанның бауыры не баласының әйелі болуы тиіс еді және қалыңдық үшін қалың мал алынбады. Алғашқы көзге жабайы болып көрінетін бұл дәстүрдің өзіндік мәні бар. Тұрмыс құрған қыз бала адамы қайтыс болған үйге марқұмның орнын басып жаңа өмір, қуаныш береді. Отбасындағы өсім, береке ескі қақтығысты ұмыттырады, деп білді. Құн есебінде берілген қыз осылайша бейбітшілік орнатушының маңызды рөлін атқарады. Алауыздыққа тоқтау салғысы келген айыпкер есігі алдына ақ мата байлаған. Қоғамдық пікір жауласушы жақтың ымыраласуын қанды кек сияқты жоғары бағаламаған. Пуштундар қоғамдық пікір алдындағы өз атын қайтарудың бірден-бір жолы қанды кек деп білген.

«Орнына алсаң егер құн мен ақша, кек алмай,

Жүріңдер онда, құлағы кесілген түйекұстай»,- деп шырқалады ертедегі бәдеуи әнінде. Мұндағы «құлағы кесілген түйекұсты жау алдында жығылғанның, таба болып, масқараға қалғанның белгісін білдірген.

Екі адам не рулар арасындағы туған қақтығысты «бади» деп атаған пуштундар «бадал сол мөлшерде және сол құралмен қайтаруды талап етеді»

дейді [7.193]. Адам қаза болған «қанды кек» жағдайында бұл «қанға-қан» дегенді білдіреді. Сондықтан адам өлімінен соң туыстары өлтіргенді не оның туыстарының бірін өлтіруді талап етеді. Тек осылай «бадал» қалпына келтіріледі. Екі жақ үшін де енді, келіссөздер, бітім туралы келісуге болады деп білген.

Арабтар өлім туралы хабар естіген алғашқы үш күнді - фаурат аль-дамм деп атайды. Хабар келісімен ерлер жиналып адам өлтірген қылмыскерді іздейді. Тапқан жағдайда дереу өтіреді, ешқандай сұрау болмайды. Айыпкердің шатырына барып бар мүлкін өртейді. Түйелерінің артқы аяқ сінірлерін киып, ұсақ малдары мен жылқыларын өлтіреді. Қаруын әкетеді. Әйелдерге қашуды бұйырады. Бұл күнді «қанның жиналуы» деп атайды. Осы үш күн ішінде кек алушылар дұшпанының көзін жоюы үшін барлығын жасауына болады. Егер бөлінген үш күнге қанағаттанбаса, жауы өлтірілмеген жағдайда одан әрі жалғастырады. Бәдеуи қанды кекті «қырық жылдан соң» жүзеге асырады дейді. Бірақ кейде бұл одан да ұзақ уақытқа созылып жатқан. Қанды кектің орындалу міндеті пуштундарға да тән. Егер пуштун пор - қанды кек міндетін орындамаса, ол әлсіздік танытып, ру атына кір келтірген саналады. Мұндай жағдайда көңілшек туысының орнына рудың басқа мүшелері кек алады.

«Қанды кек» қаупінің бәдеуи өміріне әсер еткені соншалық, ол әрбір адамға күдікпен қараған. Кездейсоқ адам ескі кек алушы болуы қаупінен туындаған шаралардың бірі шыққан тегін жасыру болған. Қазіргі бәдеуилер арасында «қанды кек» басылғаныменен, толық жойылған жоқ. Өйткені халық санасынан мықтап орын алған ар және намыспен байланысты бұрынғы дәстүрдің жойыла қойылуының оңай еместігі талас тудырмас.

Радловтың көшпелі қоғамның жетілмегендігі, тағылығы жөніндегі жаһсақ көшірме түсініктерге былайша жауап берген: «Біз бұл жерде отырықшы халықтардың мәдениетіне пара-пар қарсы тұрған өркениеттің сатысымен істес болып отырмыз... Қазақ қоғамында үстемдік құрып отырған анархия емес, тек өзіне тән, біздікінен өзгеше және барынша реттелген мәдени қатынастар». Бұл сипаттаманы алыстағы бәдеуи, фульбе, туарег, пуштун, юрюк, энци, ненци, тува, т.б. халықтарға да толық қолдануға болатындай. Көшпелі халықтардың өмір салттары, тұрмысы, жүргізген шаруашылықтарының бір болуынан, олардың дүниетанымындағы ортақтастықты және бірізділікті көруге болады.

Көшпелі қоғамдағы ішкі қатынас жат жұрттық үшін мүлдем бөтен болды. Оны тани алмады. Сондықтан да Рычков «қазақтарда ешқандай жазылған заң жоқ. Ешқандай заңды сот жоқ. Құқылық негіздегі келіспеушілікті шешетін сот жоқ деген пікірге келген. Үлкен ғалым адам өлімі, ұрлық туралы ата-бабадан қалдырылған қалыптасқан тәртіп барын, адам өлтіруші өз қылмысы үшін өлім жазасымен жазаланбайтындығын

айтқанымен, мәнін түсінбеді. Күн төлеу кезінде айыптының мүлкі жетпей, туыстарынан, руластарынан алынып, олар ешқандай қарсылық білдірмеуі таң қалдырған. М.Монтескьенің «У народа с хорошими нравами законы отличаются простотой» [8.108] деген сөзі бар екен. Оның мәні өте қарапайым, әр ру өз мүшесі-руласы үшін жауапты. Өз тентегін өздері басып алуға тиіс болған.

Сол үйлесімдіктің қабылданған нормалары мен ережелері дәстүрге айналып, көп замандар бойы айнымас заңға айналып та кетеді.

Бір-бірінен мыңдаған шақырым алыс жатқан тікелей туыстық-рулық жақындықтары да жоқ халықтар арасында, Орта Азия, Сібір, Монғолия, Араб көшпелі халықтары өмірі мен мәдениетінің басты белгілері ұқсас болып келеді. Бұл параллель ерте көшпелілер арасындағы мәдени байланыстармен бірге, көшпелі малшылардың өмір сүру жағдайының ұқсастығымен түсіндіріледі. Салыстыру материалдары көшпелі халықтардың тұрмысы, қоғамдық қатынасы мен көзқарастары арадағы қашықтық пен алшақтыққа қарамастан бір-біріне жақын, біртепті екендігін көрсетті. Ол ең алдыменен шаруашылық мәдени типологиясының бірлігіне, ертедегі Еуразия халықтарына тән діни көзқарастардың сақталуы, оларды көшпелі халықтардың иемденуіне байланысты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Плетникова С.А. От кочевий к городам. - М., 1967.
2. Турсынов Е. Единство эстетического опыта кочевых и нековых народов// Кочевники. Эстетика. - А., 1993.
3. Акатаев Сабет-Казы Н. Мировоззренческий синкретизм казахов. /Докторская диссертация/ ДФН. - А., 1995.
4. Традиционная мировоззрение у народов Передней Азии. /сб.статей/ М.,1992.
5. Мұқанов С. Казак қауымы. - А., 1995.
6. Штаин Лотор. В черных шатарах бедуинов. /пер с немец./ - М.,1981.
7. Традиционная мировоззрение у народов Передней Азии//Жехак Л., Грюнберг А.Л. Некоторые черты традиционного мировоззрения пуштунов. -М., 1992.
8. Мариковский П.И. Мудрость жизни. – А., 1992.

**С.Т.ШЫЛМАНБЕТОВ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫ ЖҮРГІЗУДЕ М.ӘУЕЗОВ  
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЗЕТТІЛІГІ**

**В статье речь идет о необходимости произведений М.Ауезова в проведении национальной идеологии.**

**The author of the article emphasizes the necessity of M.Auezov's works in propounding the national ideology.**

Ұлттық идеология қоғамдық сананың жоғары сатысы болғандықтан, төменгі сатысы қоғамдық психологияның кеңестік кезеңінде көптеген бұра тартуларға ұшырағандықтан, біздің ұлттық менталитетімізге де біршама сызаттар түскен деп айтуға толықтай негіз бар.

Біздің айтпағымыз, тозығы жеткен мәселенің тозаңын шығару емес, қайта кейбір керемет тұстарын қолданысқа енгізу. Олай ету үшін әрине мұзарт шынның басында тұрған Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармаларына тағы да бір көз жүгіртіп өтсек әбестік болмас. Сонау кеңестік кезеңнен бастау алған, Қазан төңкерісінен кейін М.Әуезов баспасөз беттерінде пәлсапа, педагогика, методика ғылымдары мен халық ағарту ісінің толып жатқан мәселелерін көтергені белгілі. Мәселен, «Абай» журналының 1918 жылғы санында жарық көрген «Ғылым» атты мақаласында: «Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, алған үлгі тәрбиесінен, сондықтан баланы жастан болатын тәрбие мәселесіне көп көңіл бөлген» [1.14].

М.Әуезов айтады: «Адамшылыққа жүргізу үшін көп ой керек, ой болу үшін оқу керек» [1.6-9]. Әрине оның ар жағында тоқу керек дегенді айтпаса да түсінікті ғой.

Біз неге Әуезов шығармаларын алға тартамыз немесе оның танытқан тұлғаларының да орны бөлек екенін барша жұрт біледі емес пе? Сонда біздің ұлттық идеологиямызға Әуезов шығармаларын ендіріп, болмаса бағдарлама жасамақшымысындар деген сұрақ заңды түрде қылаң береді.

Оған біздің жауабымыз да дайын, 1,5 миллиард халықты бір тудың астында әлдилеп отырған бес мың жылдық тарихы бар көне қытай елінің культі Конфуций сияқты ғұламасы екені ақиқат қой, бұған ешкім таласпайды да, тек мойындайды. Жоғарыда келтірілген М.Әуезовтің «Адамшылыққа жүргізу үшін көп ой керек, ойлау үшін оқу керек» деген сөздері, Конфуцийдің «Ойлаусыз оқу бекер іс – оқымай ойлау бос әрекет»-деген сөзімен керемет үндестік танытып жатқан жоқ па?

Мен осы мақалада М.Әуезовтің шығармалары керемет екендігі жөнінде айтпаймын, өйткені оны барлығы біледі емес пе? Тіпті Әуезов шығармаларынан бейхабар адамның өзі «қандай жазушыны білесің?» дегенде, М.Әуезовті деуі заңдылық, себебі Абайды білген қазақ, Әуезовті ешқашан ұмытпақ емес,

керісінше уақыт өткен сайын қажеттілік артып, ұлықтау мәселесі өзінен-өзі даму диалектикасы бойынша күн тәртібіне қойылып келе жатыр. Сондықтан біз ұсынған жобаларға арқау ретінде Әуезовтің шығармаларының ішіндегі тақырыпқа тұздық болатындарына шолу жасасақ.

М.Әуезов Қазақстандағы жалпы педагогика теориясы мен тарихының салаларында арнаулы зерттеу еңбек жазбағанымен, оқу және оқыту әдістемесіне айрықша мән берген ғалым ұстаз екені белгілі.

М.Әуезов өзінің «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбегінде ұлттық психологияның жекелеген мәселелерін қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері нұсқасынан іздестіріп, ғылыми тұрғыда сөз етеді. Ұлттық әдебиеттің шығу тарихын тереңнен қарастырып, ауыз әдебиетінің үлгілерін талдауға арналған. М.Әуезовтің бұл тұңғыш оқулығы 1925 жылы Ленинградта оқып жүргенде жазылып, 1927 жылы Қызылорда қаласында “Ел әдебиеті” деген атпен басылып шықты [2.1-3]. Оқулық ауыз әдебиетін жанр түрлеріне қарай талдауға арналған жеті бөлімнен тұрады.

Сол жеті бөлімге қысқаша сілтеме жасап кетсек, дұрыс болар.

1) Бірінші бөлім “Сыншылдық салт өлеңдері” деп аталады. Осы бөлімнің “Ел салтындағы шер өлеңдері” деген бөлімшесінде қазақтың тұрмыстық-салт дәстүрлеріне байланысты шыққан жоқтау, естірту, қоштасу, көңіл айту, т.б. өлең түрлерінің мазмұны мен тәлімдік мәнін терең талдауға көңіл бөлген.

2) “Дінге байланысты өлеңдер” деген бөлімшесінде наурыз, бақсылардың сарыны, жарапазан өлеңдерінің түрлері мен шығу тарихына тоқталған. Діни өлең-жырлардың шығу тарихын халықтың мәдени, экономикалық және әлеуметтік өсу дәрежесімен байланыстыра қарастырған.

3) Ал «Қыз ұзату» үстіндегі салт өлеңдері» деп аталатын үшінші бөлімшеде қалың малға сатылған қазақ қыздарының ел-жұрт, ағайын-туғанымен қоштасып, сыңсуы; “Жар-жар” айтысында жаңа түскен жас келінге қайын жұртын таныстыру, жұбату мақсаты көзделетіні; “Беташар” жырында жат жұртқа келін болып келген жас әйелге жаңа жерде өзін қалай ұстауы, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, іс-әрекеті сөз болатыны, онда көбінесе ақыл-нақыл, өсиет-өнеге айтылатыны педагогикалық тұрғыда талданып баяндалған.

4) Үшінші бөлім қазақтың батырлар жыры: Едіге, Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Ер Сайын, Шора Батыр, Қамбар Батыр жырларының мазмұны, шығу тарихы, ондағы көзделетін мақсат-мүддесі, Отан қорғау, патриоттық сарындар жан-жақты қарастырылған.

5) “Ел поэмалары” деп аталатын бөлімде “Қозы Көрпеш - Баян сұлу”, “Қыз Жібек”, жырларының мазмұны, көтерген әлеуметтік мәселелері: әйел теңдігі, жастардың сүйгеніне қосылуды мақсат етуі, феодалдық салт- дәстүрдің екі жақтың қосылуына бөгет болуы, осы жолда Төлеген мен Қозының өлімге ұшырауы айтылады.

б) “Тарихи өлеңдер” деп айтылатын төртінші бөлімде тарихи оқиғаларға байланысты туған “Кенесары Наурызбай”, “Исатай-Махамбет”, “Бекет батыр” жырларының мазмұны мен мәні, шығу тарихына талдау жасалған [2.6-12].

Осы еңбектерге қарап отырып-ақ, Әуезовтің қазақтың түп-тамырына терең бойлағанын аңғару қиын емес шығар, осы еңбектермен таныс болсаңыз қазақтың барлық салт-дәстүр, бет-бейнесін көруге болады десек артық айтқандық емес, қайта оңды баға берген болар едік.

Әуезовтің тіпті өзін ойшыл, ғалым-педагог ретінде танытқан іргелі жұмысының бірі – бастауыш мектеп бағдарламасына сәйкес жазылып, отызыншы жылдарда Қызылордада жарық көрген «Жеткіншек» атты ересек жастар мектебіне арналған оқу құралы. “Жеткіншек” - “Жалпы бөлімнен”, “Қазақстан” және “ Кеңес одағы ” деп аталатын тараулардан тұрады. “Жалпы бөлімде” Кеңес үкіметі әкелген жаңалықтарды қазақ шындығына негіздей отырып, жеңіл тілмен, шағын көлемде баяндайды [3.3-9].

Кітаптың “Қазақстан” атты тарауларында елдегі жер бедері, ауа райы, әкімшілік-территориялық орналасуы, халық шаруашылығы, жол қатынастары, ауыл мен қала арасындағы байланыстар туралы нақтылы деректер беріледі. Қысқаша айтқанда, М.Әуезов үздік шығармалардың авторы ғана емес, сонымен қатар ұлттық тәрбиенің қалыптасу жолдарын ұсынған үлкен педагог деп айтсақ қателеспейтініміз ақиқат.

М.Әуезовтің ұстаздық қызметтері туралы сөз қозғағанда, оның ұзақ жылдар бойы Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті тарихынан лекция оқып, қаншама әдебиетшілер мен журналистерді дайындауға қосқан үлесін айтпай кете алмаймыз. Сонымен қатар академик М.Әуезовтің ұзақ жылдар бойы Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының фольклор бөлімін басқара отырып, қазақ халқының бай қазынасы – ауыз әдебиеті тарихының бірінші томының бас редакторы және дайындаушысы болуын, қырғыздың эпосы “Манас” туралы зерттеу еңбегін жазуын, Абайдың ақындық қызметі жайындағы монографиясын, т.б. оның қазақ мәдениетін терең зерттеп, әлем ғалымдары алдында көрсетуге сіңірген ұшан-теңіз мол еңбегінің бір ұшығы ғана деп қарауға болады.

Менің айтар ұсынысымның да кезегі келіп жеткен секілді. М.Әуезовтің шығармаларына жасаған саяхатымыздан оның қазақ ұлтының тамырынан ажырамас бұр жарған бір бұтағының жайқалған жапырағы екеніне тағы да бір көз жеткіздік.

Философиялық тұжырым жасар болсақ, қазақ болмысының ішіндегі ең қажетті қоспасы десек те жарасар, қаншама дәуір өтіп, қоғам формациялары алмасқан алмағайып заманда керемет туынды өкілдері талай-талай жұртшылыққа жарық сәуле түсірер еңбектер жазғаны тарихтан белгілі.

Менің ұсынар ұсынысым мынадай:

Бүгінгі таңда жастардың жаһандану отарбасының даусынан көбінің санасы сейіліп, көздері көне тарихқа жетпек түгілі кешегі мен бүгінгіні шатастыратын халге жеттік дегенді жиі айтамыз. Неге?

Өйткені біздер жабық қоғамнан ашық қоғамға өткен елміз. Сондықтан, әрине, шатасушылық болады, бірақ жаһандану үрдісі жүріп жатқанда қарап отыру деген, бұл ашық күнде адасумен бірдей нәрсе. Тәрбие мәселесі үздіксіз болу керек, болмаса ғылым да, ілім де болмақ емес.

Мен айтар едім, ҚР жалпы білім беретін орта мектептерге бастауыш сыныпты бітірген соң, жоғары сыныпқа көшер кезең жеткенде М.Әуезовтің «Абай жолы» романы жөнінде емтихан алу керек, сонда біздің ұлттық идеологиямыздың тамырын ешқандай сыртқы, не болмаса ішкі радикалды күштер құрта алмайды деп білем. Мысалы, А.Ясауи атындағы университетінде «Ясауитану» пәні жүреді, басқа да Қазақстанның өзге өңірлерінде атына сай сондай ереже бар, керемет құптарлық нәрсе болмаса енгізбес еді ғой.

Бірақ сіз ол басқа жағдай, біз зайырлы мемлекетпіз, ата заңға қайшы ғой дейтін сұрақ туындауына қалай қарайсың дегенге менің жауабым да дайын.

Біздің ата заңда осы елдің құндылығын бағаламау деген бап жоқ. «Бұл бір жағы, ал өзге тілде оқитын мектептер ше?»-деген сұраққа да жауап дайын, «Абай жолы» әлемнің отыздан астам тілдеріне аударылған, сондықтан мәселе болмайды ешқандай. Тағы да бір мәселе, жас жеткіншектерге ауырлау тимей ме?—деген мағынада. Оған да жауабымыз дайын, бастауыш сыныптарда бір емес, бірнеше тілді меңгеріп жатқан жеткіншектерімізге қиын тиеді деп айтудың өзі ұлтқа жаны ашымағандық деп білемін. Сонымен қатар мен түгел «Абай жолы» эпопеясын толық түсініп талдап беру керек деп тұрған жоқпын, менің айтпағым, жас буынның кітапқа деген құлшынысын ояту осылай басталу керек! Өйткені бастауыш сыныптарда солай сіңірмесек жаһандану отарбасының түтініне тұншығып кететінін уақыт өзі көрсетіп отыр емес пе? Сондықтан қарапайым тест түрінде болсын, болмаса ауызша, жазбаша болсын жеңіл түрде оқушыға тиімді етіп құрастыру керек. Бұдан біздің ұлттың ұтары көп деп білем.

Екінші ұсынысым, ҚР Жазушылар одағына даңқты жазушымыз М.Әуезовтің есімін беру. Мен ойлаймын, Әуезов бұл атаққа нағыз лайық тұлға!

Сөз туындауы мүмкін, Әуезовтің есімін берумен, елдің бәрі кітап оқып кетпейді ғой деген сияқты, бірақ заман заңғар тұлғалары арқылы идеология жүргізетіні белгілі ғой, жоғарыда келтірген қытай ойшылы Конфуцийді тыңдаған ел жаман болып отырған жоқ қой, сондықтан асылды ардақтап алашқа ұлттық мүддені көздейтін мақсаттар қойып жатсақ несі айып, керісінше талай-талай жалынды, қаламы үшкір, ойы ұшқыр жазушылар

Мұхтар бастаған жазушылықтың Мұзарт шыңына қарай бет алады деп мен сенемін.

Сөз соңында заманның заңғар жазушысы болған Ш.Айтматовтың «Правда» газетіне: «Орыс мәдениетінің дамуына Пушкин қандай әсер етсе, осы күнгі Ортаазиялық көркем ойдың және біздің барлық көрші отырған халықтарымыздың рухани өмірінің қалыптасуына М.Әуезов сондай әсер етті» - деген ойы жарияланған екен дәуірінде [4].

Біздің елде талай-талай тарландар туып-өскенін баршаңыз білеміз, сол заңғарлардың шыңында М.Әуезовтің тұратыны ақиқат. Ұлттық идеологиямыз осы тұлғалар арқылы ғасырдан-ғасырға жалғаса бермек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Ғылым // «Абай журналы» 1918.
2. Әуезов М. Ел әдебиеті. Қызылорда, 1927.
3. Әуезов М. Жеткіншек. Қызылорда, 1930.
4. «Правда» газеті. [www.azattyg.org](http://www.azattyg.org)



**М.Б.БАЙБОЛОВ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**МҰХТАР ШАХАНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ  
ҰЛТТЫҚ НЕГІЗДЕР**

В статье рассматриваются вопросы проявления высокой любви в поэзии М.Шаханова, ставшего любимым поэтом молодежи, благодаря вдохновенным стихам, воспевающих нежные чувства между людьми, а так же философская мысль и взгляды этого смелого и решительного литератора на господство религии в общественном сознании XX века.

This article deals with matters of high love display in M.Shahanov's poetry who has become the favourite poet of youth thanks to inspired verses, singing of tender feelings between people, and with philosophical thought and views of this courageous and resolute writer at religion domination in public consciousness of the XX-th century.

«Адамның, әсіресе, өнер адамының қиял қуатының бай немесе жұтаң болуы оның бала кезінде алған әсеріне байланысты», - деп қорытынды жасаған француз жазушысы Оноре де Бальзак. Бұған қосымша ретінде аталарымыздың «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген қарапайым қағидасын тілге тиек етсек те жеткілікті.

Бүгінгі таңда философиялық қуатты ойлары әлемдік деңгейде назар аудартып отырған Қазақстанның Халық жазушысы, арқалы ақын Мұхтар Шаханов шығармашылығындағы ұлттық негіздерді зерттеу нысаны етіп алған біз, ақынның жастық шағына, оның балғын кезеңде алған тәлім-тәрбиесіне, сусындаған бастауына соқпай кете алмаймыз.

Кез келген даңқты тұлғаның өмір жолы мен өсу баспалдақтарын, атақ-абыройға кенелу мен шығармашылық табыстың шыңына жету бағытындағы қажырлы еңбегін зерделегенде оның бақытты балалық шағына тоқталмауға лажсызбыз.

Осы тұрғыда ойымыз түсініктірек болуы үшін аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінен үзінді келтірсек: «Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп отырып ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата-аналарымның бейнесі елестейді. Солардың уағызы басымырақ бола береді...

Өйткені есейе келе көрген көп ұстаздарым талай-талай тағылымға бой ұрғызғанымен, солардың бір де бірі нақ өзімнің әжемдей, әке-шешем мен ауылдың қадірлі ақсақалдарындай өсиет айдынына жүздіре алған жоқ, молынан құлаш сермете алған жоқ десем ардақты ұстаздарымның көңіліне келмес...» [1.20].

Азаматтығы мен ақындығы қатар өріліп келе жатқан М.Шахановтың тұлғасы, қайраткерлік, қаламгерлік қырларының базбір тұстары Б.Момышұлының тұлғасымен үйлесетіні айқын аңғарылады. Әрі десе, екеуінің де тәрбиесінің бастаулары да ұқсас, әкелері дін жолын ұстанған тақуа адамдар.

Ақынның өзі естеліктерінде жазып, сұхбаттарында айтып жүргендей, әкесінен тоғыз жасында жетім қалса да сол жасына дейінгі кезеңнің өзінде бала Мұхтардың көкейіне ұялаған әке тәлімі аса зор ауқымда да, олар осы кезеңге дейін шығармашылығына темірқазық болып келеді.

Сонымен қатар, ОҚО Төле би ауданы, Қасқасу ауылында тұратын, қазір жасы сексеннің сегізіне келіп отырған М.Шахановтың туған әпкесі Ізет әжеміздің ақын інісінің сәби кезеңінен бергі өмірінің кейбір көпке беймәлім тұстарынан айтары мол. Ол кісінің айтуынша, әкелері Шахан Досболұлы дін жолын берік ұстанған, үлкен молда болған.

Өткен ғасыр басында дін иелерінің елге иелік ету мен тәрбие тізгінін ұстауда басымдылығы мықты болған. Сөзіміз дәйекті болу үшін, 1917 жылы құрылған Алашорда үкіметінің оқу комиссары болып Ахмет Байтұрсынұлы тағайындалғанда ол елді сауаттандыру ісіне молдаларды да пайдаланған деген деректі келтіре аламыз. Мұнда сауатты адамдардың аздығы ғана емес, дін өкілдерінің қоғамдағы орны көрінеді.

Абай атамыз «Әуелі аят, хадис сөздің басы» десе, Ыбырай Алтынсарин жастарды білімге «Бір Алланың атымен, кел, балалар, оқылық!» деп шақырады.

Алаштанушы-ғалым А.Ісімақованың пікіріне сүйенсек, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы әрбір мақаласы мен кітабын «бисмиллахи рахмани рахим» деп бастап отырыпты. Бұдан алар тағылым, Кеңестік идеология қанша жерден қыспаққа алғанымен діннің санадағы қуаты күшті болғанын аңғарамыз.

Осындайлық мазмұнды ортаның, таза қоғам сананың құндылықтарын тұла бойына сіңірген діндар әке ұлына үлгілі өнеге көрсетіп, толымды тәлім-тәрбие берген. Бұл үлгі ақынның ғұмырына азық, шығармаларына арқау болып келеді.

Жаңа заман ілімін де жақсы меңгерген Шахан атамыз, тың туынды – М.Әуезовтің «Абайын» оқығаннан кейін дүние есігін ашқан ұлына Мұхтар деп есім береді. Бұл туралы бізге ақынның «Мені неге Мұхтар қойған?» аталатын жырынан мәлім.

Ескіше сауатты, шариғат жолын ақиқат деп ұғынған һәм тұтынған әкесі өзі білетін қисса-дастандар мен туған жері Отырардың қатпарлы тарихын, моңғол шапқыншылығы кезінде қамалды қаһармандықпен қорғаған батыр бабалар ерлігін жалғыз ұлын тізесіне отырғызып алып, санасына сіңіре берген.

Кейінгі кезеңде аса ауқымды дауға айналған «Шыңғыс хан ізгі адам ба, әлде зұлым ба?» деген мәселеде М.Шахановтың ұстанымы айқын болды және осы күнге дейін сол ұстанымда келе жатыр. Яғни жарты әлемді ат тұяғымен дүбірлеткен қағанның өркениетімізді ғасырларға шегерген қиратқыш күш иесі екенін айтудан жалыққан емес. Соңғы кезеңдегі

сұхбаттарының бірінде: «Шыңғыс ханды жау көруім – мен сол қиратқан Отырардың перзентімін!»-деп, осы тұрғыдағы пікірін шегелей түсті. Анығында дауға айналған ақынның «Жазагер жады космоформуласы» (Шыңғыс ханның пенделік құпиясы) атты романы болатын. Бұл ретте арқалы ақынның көзқарасын айқындайтын туындылары көп, соның бірі «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғыс ханның қателігі» поэмасы.

Қиратқыш күшке қарсы пайым мен адамзат өркениетіне ізгілікті көзқарас Мұханда сонау балғын кезеңде әкесінің аузынан естіген хикаяттар негізінде қалыптасқан деп қорытынды жасай аламыз. Ақиқатында біздің мақсат Шыңғыс ханның зұлымдығын болмаса адамгершілігін анықтау емес, жалпы адамзаттық трагедияларға ақын жүрегінің сыздауы және сананы ізгі сәулелермен нұрландыруына баса назар аудару болып табылады.

«Бұл тақырыпқа байланысты ойымызды тұжырымдай келе сұранып тұрған мына бір пікірді айтпақпыз. Ш.Айтматов пен М.Шаханов, жалпы алғанда, әрине, Шыңғыс хан тұлғасына қарсы емес. Олар адамзаттың ізгі мақсат-мұраттарымен үйлеспейтін агрессивті ұстанымға, қатыгездікке, соғыс өртіне қарсы. Жазушының міндеті адам жанына өшпенділік отынан арылуға көмектесу» - деген тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қойгелдінің пікірі біздің ойымызды тиянақтай түспек [2.510].

Естелікке жүгінсек, ақынның ата-анасы мейлінше жомарт адамдар болыпты. Әкесі үйіне бас сұққан кісі шәй ішпей аттанса, зайыбына ренжиді екен. Бір жолы Шахан атамиздың үйіне күш атасы Қажымұхан келеді. Даңқы жер жарған балуанның келісіне қуанған атамиз ұлына сүтін сауып беріп отырған жалғыз ешкісін сойып, құтты қонағына қонақасы береді.

Анасы болса, Атыраудан әкелінген бекіре балықтың уылдырығын көршілеріне таратып жібереді. Қалтасын тәттіге толтырып, көршілердің балаларына тарату да сүйікті ісі болса керек.

«Шекарасыз жомарттық немесе Қалекеш Қарағұловты іздеу» деп аталатын достыққа ескерткіш сипатында жазылған жырында адамдар арасындағы айнымас достық пен шекарасыз жомарттықты биік дәрежеде дәріптейді. Жалпы алғанда ақынның өміріне өзек болып келе жатқан жомарттық пен оның сарындарының шығармашылығында көрініс табуының тамыры – ата-ана тәрбиесінің негізі салмақты, мағынасы мәнді болуында жатса керек-ті.

«Қазақтың бас бұлшық еті», «Бөдене таланттар мен Қажымұхандар» аталатын ақын жырларының өзегінде жоғарыда келтіргендей, шаңырағына келген алып адамға деген сәби сезіммен таңқалыс пен сүйсініс жатыр. Аталмыш жырлардан кез-келген балуанның рухани зердесі кемел болмаған жағдайда ол тек қана қара күш иесіне айналып, қуатын зұлымдыққа бағыштайтынын түйсінеміз.

Адам өмірінің ізгілікті арнасының бірі – махаббат. Бұл ретте де Мұхтар Шахановтың еңсесі өзгелерден биік. Тіршілік иесінің жанын нұрлы ететін пәк махаббат, тұнық та інкәр сезімді жырлауда қаламгер көш басында келеді.

Махаббатты жырлай отырып, ақын сүюдің қабатында сатқындық та бой тасалап, бұғып жататынын аңғартып, одан сақтануға үндейді. Мысалы, жыр майталманының «Шың басындағы оқиға» аталатын өлеңін зерделейік.

Қосылуға еркі жоқ, әкенің қатал үкімі мәңгі айыруға мәжбүр еткен екі жас шың басында тығырыққа тіреліп тұрады. Шегінерге жол жоқ, қуғыншылардың дыбысы естілгенде о дүниеде жолығыспаққа серттесіп, әуелі жігіт құздан секіріп кетеді. Сүйгенінің соңынан тірліктен баз кешуге тиісті қыз болса қанша оқталғанымен тәтті тірлікті қия алмайды. Соңдарынан қуып жеткен әкесі мен ағасы болған жайтқа қаныққанда, әсіресе, ағасы қатты күйінеді:

...Тіршілікте ез адамға көп өлім,  
Неге ғана қуғыншы боп кеп едім?!  
Жігітіңді сүйгендігің шын болса,  
Әкеме ара түсейінші деп едім.  
Қайран жігіт жүрегіне нұр тұна,  
Өліп кетті сені тастап жұртына.  
Кебек толы құмыраның келісті  
Ішін көрмей,  
Ғашық болып сыртына.  
Тек ол өлім – өнегелі өр өлім.

Өр өлімнен шын ғашықтың құдіретін көремін... [3.133].

Осы бір қыз ағасының сөзімен берілген жыр жолдарында үлкен философиялық астарлы ой айтылады. Яғни өзіне жар таңдаған кез келген жастың тереңге тамыр жібере ойлануы қажеттігін, сүйгеніне сеніп өмірін қиған жігіттің аяғын құшып, іші кебекке толы құмыраның сыртына ғана құмартқандай сан соғып қалмауды поэзиялық тілмен көркем кестелеп, әсем әдіптейді.

«...Бастысы – сұлу жұбайың

Өзіңе ертең кім болмақ?» - деп, «Жетінші түйсік» аталатын жырында да салмақты сауал тастайтын ақын әрбір жас өркенді сезімнің шырғалаңымен аяғын шалыс басудан сақтандырады [3.79].

«Сыртқы түр перде, ішін айт, пиғылын айт» - дейтін Ахмет атамыздың өсиетімен сабақтас келетін ақынның махаббат турасындағы туындыларын жас буын бойтұмар етуі қажет деп білеміз.

Мұхтар Шаханов – шығармаларына ЮНЕСКО екі дүркін зер салып, арнайы талқылау өткізген айтулы шығармашылық иесі. Бұрын-соңды көзі тірі ешбір қаламгер мұндай бақытқа кенелмеген болса, ақын ағамыз көтерген жалпы адамзатқа ортақ мәселелердің атан түйенің белін қайыстырардай қаншалықты салмақты екендігін бағамдай беруге болады.

Ақынның «Өркениеттің адасуы» атты романы ғаламдық поэзиядағы жаңа құбылыс ретінде бағаланды. Өлеңмен жазылған романды неміс халқының даңқты қаламгері Фридрих Хитцер «Еуропа үстіндегі найзағай» деп бағалаған

болатын. Шығарманың тұсаукесері 1999 жылы ЮНЕСКО-ның арнайы шешімімен халықаралық ұйымның Париждегі штаб-үйінде өтті. Рәсім барысында туындыны әлемнің барлық басты тілдеріне аударуға ұсыныс жасалды.

Екіншілей, 2002 жылы ақынның «Жазагер жады космоформуласы» (Шыңғыс ханның пенделік құпиясы) атты екінші романы бойынша да ЮНЕСКО «Жібек жолындағы ғылым мен руханият» халықаралық конференциясы аясында «Тарихи-адамгершілік жадыны жоғалту қаупі және рухани тазару проблемасы» деген тақырыпта ауқымды дөңгелек үстел өткізді.

Адамзат дамудың шыңына жетіп, өркениет биігінде тіршілік етсе де, ғылым мен техника соншама дамып, қарыштаса да қайтіп адам қалпымызда қаламыз деген сауал ділгір де өткір күйінде қалып отыр. Осы жайтқа бас ауыртқан ғалымдар мен білімдарлар романдағы қуатты ойлардан жауап тапқандай болды.

«Өркениеттің адасуы» романында жарияланған әрі қоғамда ерекше сілкініс тудырған жырлардың бірі – «Компьютербасты жарты адамдар» (Рухсыз күш формуласы). Туындыда адамның рухани саязданып, жан сарайы жартыкештеніп бара жатқаны баяндалып, одан төнер қауіптің себеп-салдары шебер суреттеледі.

Ойымыз ұғынықты болуы үшін жырдың маңызды тұсын келтірелік:

«Елге ұстаздық еткен қарттан алғыр, құйма құлақты,

Қонақтары сұрапты:

– Аға, неше балаңыз бар соңыңыздан самғаған?

– Бір жарым! – деп тіл қатыпты әлгі адам. –

Ал, дәл айтсам, үш ұлым бар зерек әрі білімді,

Үшеуі де ғылым қуып назарға ерте ілінді.

Сол үш ұлдың бірі ғана қайсар, ұшқыр арманын,

Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын

Өз ұлтының рухани байлығына жалғады,

Содан шуақ, қуат алып, ғаламдық ой толғады.

Екі ұлымның тағдырында ол өзгеріс болмады,

Екеуі де жалаң білім шеңберінде сорлады.

Рухы, жаны аласаның зорлық жатар паркында,

Сондықтан қос перзентімді санаймын мен жарты ұлға.

Мейлі, мейлі, екі ұлымды қақса да уақыт арқадан

Нағыз ұлым біреуі ғана, ана екеуі жарты адам!

Иә, бізді қайда апармақ мына заман ақпалы?

Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады.

Қайда барсаң көз алдында өнеге боп жарқылдар,

Жарты бастық,

жарты ұстаздар,

жарты қыздар,

жарты ұлдар... » [3.58].

Жырдан үзінді келтіруіміздегі мән, ақының өлеңінен мысал келтірмей, ондағы философиялық ойдың сипатын толыққанды келтіру мүмкін емес.

Техниканың тілін меңгеруде әлемде бәйгенің басын бермей келе жатқан жапон ғалымдарының өздері «Өркениеттің адасуындағы» ақын көтерген мәселелерге айрықша көңіл бөлді. Жапон жұртының атақты ақыны әрі философ-ғалымы Дайсаку Икэданың М.Шахановқа арнап поэма жазуы және де 2001 жылы ақын ағамызға күншығыс елінің астанасы Токио қаласында Соко Гаккай университетінің Құрметті профессоры атағының берілуі талғамы күшті жапон елінің қаламгеріміз бен оның шығармашылығына қаншалықты құрметпен қарайтындығын аңғартады.

Жапон жұрағатын толғантқан мәселелер бізден де сырт емес. Біздің қоғамның да дертінің бірі – рухани мешеу адамдардың молаюы десек артық айтқандық болмас. Ізгіліктен жұрдай адамдардың мейірімсіз роботқа айналып бара жатуы, ұлтсыздық ұйығы тереңіне тартып, космополитизмнің өріс кеңейтуі кез келген саналы адамды ойлантады.

Баршамыз бала күнімізде қызыға тамашалаған «Терминатор» аталатын көркем фильмдегі жағдай ақиқатқа айналып келе жатқандай.

Бұл тұрғыда Мұхтар Шаханұлы «Компьютербасты жарты адамдарды» былайша тұжырым жасап, қорытындылайды:

«.....»

Дөңбекшиді көңіл-ғалам,

Бүгін өлу жеңіл маған,

Осы рухсыз женістердің ертеңіне сенгенше...» [3.61].

Қорыта айтқанда, ақынның асқақ жырлары, философиялық толғаныстары мен қуатты тұжырымдары елімізді рухсыздық шабуылдарынан қорғап, әрдайым сапта тұра беретіні сөзсіз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Момышұлы Б.* Ұшқан ұя. Шығармалар. Алматы: «Жазушы», 1975.
2. *Айтматов Ш., Шаханов М.* Ғасыр айрығындағы сырласу (Құз басындағы аңшының зары). Алматы: «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2008.
3. *Шаханов М.* Мәңгірттенбеу марсельзасы: *Өлеңдер, балладалар, поэмалар, әндер.* Алматы: «Рух-Дария», 2008.

**Л.АДИЕВА**

А.Ясауи атындағы ХКТУ-нің магистранты

## **РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ДІНИ ТАНЫМЫНА ҚАРСЫ ЖҮРГІЗГЕН ДІНИ-ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТЫ**

**В этой статье рассматриваются проблемы религиозно-идеологической политики Российской империи в казахской степи.**

**The article deals with some matters of religious and ideological policy of the Russian Empire in the Kazakh Steppe.**

Жалпы қазақ халқын діни тіршілік тұрғысынан қарастырар болсақ, ислам дініне дейінгі, ислам дінінен кейінгі, Қазақ хандығы, Ресей патшалығы дәуірі және Кеңес өкіметі кезеңі деп бөлуге болады. Әрине, бұл қазақ елі тәуелсіздігін алғанға дейін болған процесс. Қазақ, түрік, өзбек және басқа да түрік тектес халықтарының атаулары тарих сахнасына шықпай тұрып, олар түркі халықтары деген жалпы бір атаумен аталған. Әрбір тайпа, әрбір ұлыстың өз сенімі, яғни өзіне тән өмір сүру формасы болған. Арабтардың жаулап алып, ислам дінін тарату әрекеттері Орта Азияның дәстүрлі танымына, сеніміне әсер еткенімен, жергілікті халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарымен біте қайнасып, олармен толық үндесе білді. Нәтижесінде Орта Азия халықтарының этникалық ерекшеліктеріне қаныққан өзіндік діни түсінік қалыптасты. Оның қалыптасуына А.Иасауи мен оның шәкірттерінің ролі үлкен болды. Ислам діні мен түркілердің рухани мұрасын ұштастырып өре білген Қожа Ахмет Иасауи салған жолы түркі мәдениетінің одан кейінгі ғасырлардағы басты сақтаушысына айналды.

Бұл мақала шеңберінде Ресей империясының қазақтың дәстүрлі діни танымына қарсы жүргізген діни-идеологиялық саясатын қарастырамыз.

Ресей империясының қазақтарды отарлау саясатын жүзеге асыру үшін және де осы халыққа өз үстемдіктерін жүргізу үшін көптеген амал-айдаларын қарастырып, өз әрекеттерін басқа бір қырынан сынап көрмекке бел буды. Әрине, бұл рухани құндылықтар жүйесінен екендігі баршаға мәлім.

Дін – кез-келген халықтың рухани дүниесі мен мәдениетінің өзегі. Халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрі сол діннің ыңғайына қарай жасалады. Дін өзгерсе, олар да өзгереді. Діннен тыс мәдениет те, салт-дәстүр де болмайды. Керек десе, бір діннің ішіндегі әр түрлі ағымдар арасындағы айырмашылықтың халықтың этникалық бет-бейнесін өзгертуін күші жетеді. Оған дәлелді ұзақтан іздеп қажеті жоқ. Түркі халықтарының соңғы мың жыл ішінде жүріп өткен жолы оған дәлел бола алады [1].

Ресей империясына тәуелді түркі тектес халықтардың ішінде қазақ халқы халық саны жағынан да, жер көлемі жағынан да бірінші орында тұрған еді. Мұны біліп, көріп отырған Ресей миссионерлері қалайда осы кең байтақ

өлкені идеологиялық жағынан да, басқа қырынан да толық жаулап, өздеріне бағынышты етудің болашақта зор саяси мәні бар екендігін түсінді.

Қазақ даласында XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, Ресей империясының отаршылдық саясаты белең алып, ел өміріне айтарлықтай әсерін тигізе бастайды. Енді Ресей империясының ұйғарымымен Қазақстанның кең байтақ өлкесіне арнайы жіберілген шоқындырушылар мен арнайы дайындықпен келе жатқан миссионерлер де қазақ халқының экономикалық, идеологиялық жағын толық бақылап, әлсіз тұстарын қалт жібермей тауып, өздерінің дәстүрлі діндерінің мәртебесін барынша көкке көтеруге күш алып, діндерін жақсы жағынан көрсетуге тырысып бағады.

Ресей империясының мұсылмандыққа байланысты идеологиялық саясаты белгілі тарихи жағдайларға байланысты өзгеріп, сыннан өткен саяси әдістер іс-жүзінде жетілдіре түсті. Ислам дініне байланысты Ресей империясының Қазақ даласындағы идеологиялық саясатын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңде - Қазақтың дәстүрлі діни танымына қарсы ислам дінінің шарифаты арқылы қазақ халқын дәстүрлі дінінен ажыратуға күш салған. Екінші кезеңде - Ресей империясының ислам дінін тарту саясатынан бас тартып, бұратана халықты бірте-бірте өз діндеріне тарту арқылы жаппай шоқындыру саясатына көшуін қамтиды. Ресей империясы Қазақ жерін басып алған соң оны идеологиялық жағынан да игеру мақсатында арнайы муфтилік ашып қазақ даласына арнайы дайындықтан өткен татар молдаларын жібергені тарихтан белгілі. Бірақ осы «заказной молдаларды» қазақ халқы қарсы ала қойған жоқ. Оларға қарсы қазақтар арасында қарсылықтар болғаны, оларды дінді бұздың деп, ауылдардан қуғаны Құрбанғали Халид еңбектерінде жазылған. Қазақ халқы Ресей империясына муфтиліктен шығару туралы арыз жазған. Ресей империясы қазақ халқының осы арызын пайдаланып, қазақ халқын христиан дініне өткізуге әрекет жасайды. Бұл турасында белгілі тарихшы Зікірия Жандарбек өзінің «Иасауи жолы және қазақ қоғамы» атты кітабында былай деп жазды: «Өйткені, патша қолындағы Бас Архиерейін жіберіпті. Архиерей уездік начальник Канауалов дегеннің үйіне түсіп, 1200 қазақты шіркеу түбіне жинап қойып, Купрян деген орысты тілмаш қылып, алтындай жарқыраған киімін киіп шығып: «Қазақ халқын мұсылман деп муфтиге қаратқан әуелгі жақсы басшыларыңыз аға сұлтан өздеріңіздің сәбеттеріңіз бойынша: «Бізге муфтидің керегі жоқ. Біз әдет заңымен тұрамыз» деп бізге арыз берген. Сол тілек бойынша сіздерді муфтиден шығарған. Осы күнде сіздер дінсіз тұрсыздар! Сол себепті сіздерді ақ патшаңыз жақсы, анық дінге салуға жіберді. Өйткені, мемлекет сіздерге дін тауып беруге міндетті. Енді сіздердің дін туралы ұлықтарыңыз – мен. Өз тілдеріңмен жаздырып, алтын дін кітабын алып келдім». Осы мақалада айтылған татар молдаларына қарсы шығуға



себеп болып жүрген «әдет заңы» қазақ халқының діни дүниетанымының өзегі болған Иасауи жолы болатын [2].

Осындай озбыр саясаттың көрінісін 1887-1888 жылдардағы даланың генерал-губернаторлары берген есебінен үзінді келтіре кетейік: "Қазіргі кезде қазақтардың ескі әдет-ғұрпы, салт-санасы босаңқы, ал жаңасы әлі құрыла қойған жоқ. Ал, мұндайда босаңсыған халық өзіне діннен тіреу іздейді. Қазақтар өздерін мұсылманбыз дейді, бірақ көпшілігінің сол дін туралы түсінігі жоқ. Бұлардың арасына Магомет /ислам/ дінін насихаттап, таратып жүрген саудагер татарлар, бұхарлықтар. Сондықтан, оларға кедергі жасай отырып, мынандай босаңсып тұрған қолайлы кезеңді пайдалана отырып, қазақтарды христиан дініне қабылдау керек", [3] - деп бұратана халықтың осындай әлсіз тұсын пайдаланып, өз мақсаттарына пайдалану керектігін ашық түрде білдірген.

Сондай-ақ, 1869 жылы 27 қарашада «Консистория» қазақ сахарасында патшалық Ресейдің үстемдігін орнатқан үстіне орната беру үшін, өз мақсаттарына тезірек жету үшін мынадай қаулы қабылдайды:

- Қазақтар үшін христиан дінінің миссияларын тарататын кітапшаларды тез арада көбейту;
- Епархия басшыларының христиан дінін таратуда баяу жұмыс жүргізіп отырғандығы, сондықтан, жұмысты жақсарту шараларын қарастыру;
- Елдерді аралау үшін көлікпен қамтамасыз ету үшін облыстық губернияларға тапсырма беру;
- Христиан дінін қабылдауды алдымен ру басшыларынан, билерден бастау керек екендігі, сонда барып қалған қазақтар солардың арттарынан еретіндігі айтылады [4].

1860-шы жылдары Ресей империясының жергілікті халықтарға деген саясаты өзгерісімен енді Орыс православие шіркеуіне Орталық Азияға елшілер жіберуіне қолдау жасады, сонымен қатар орыс саудагерлері мен жаңа жерді игеруге шаруа келімсектеріне шұрайлы жерлерге қоныстануына көмектесті.

Православие діни қызметкері отбасынан шыққан, Қазан теологиялық академиясында тәлім берген, көптеген шығыс халықтарының тілін, мәдениетін үйренген, зерттеген Ильминский сол академияда исламды зерттеп, XIX ғасырдың ортасында Орынбордан басқаратын Қазақ кіші орда ісі өкімет үйі - Өлкелік комиссиясының мүшесі ретінде қазақ даласына келіп, бірден тілді меңгеріп және өзінің тәлімгері Григорьевтің ойымен санасып, қазақтарды татар молдаларының ықпалынан шығарып, қалғандарын біртіндеп орыс православиесіне келтіре алуға болатынын түсінді [5].

Осындай қазақтардың осалдығын пайдаланып, православие дінінің миссионерлері кішкентай ауылдарға келіп, дәрігерлік көмек көрсетіп, өз діндерін насихаттап, ислам дінін жамандап, болашақта жақсылықты тек православие дінінен көресіз деп кешке дейін қарапайым халықтың арасында өз насихаттарын жүргізіп отырса, онымен қоса, бала-шағаларын орыс мектептеріне беруге үгіттеп отырса, жақсылықтарын аямай істеп отырса, сөзсіз халық христиан дініне кіреді. Әрине, бұл жерде барлығы бірдей кірді деп айта алмаймыз. Бұдан көретініміз,

Ресей империясының миссионерлері қазақ даласының қай жерінде ислам қалай дамығандығы, өз әрекеттерін қай жерде кең жүргізуге болатындығын келімсектер алдын-ала зерттеп, біліп отырған еді.

Бұл жайында Архив құжатының бірінде былай дейді: "Киргизы в общей массе хотя считаются магометанами, но понятия их этой религии мало развиты, особенно в Северной части степи... Киргизи находятся в не дальнем расстоянии от казачьих линий, более или менее успели познакомиться с бытом русского народа: почему некоторые из таких киргиз проживая в услужений у казаков, по собственному побуждению обращаются в православие, однако и здесь главное препятствие к тому можно полагать в сословии киргиз более образованных и богатых, воспитанных большею частью татарскими муллами в правилах магометанства" [6]. Бұдан орыс миссионерлерінің қазақ халқын ислам дінінен алшақтатып, ислам дінінің орнына православие дінін ендіруге әрекет еткендігін көреміз. Олар қазақ ауылдарына қоңсы бола отырып, қазақтарға қоқан-лоққы ғана көрсетіп қойған жоқ, қазақтарға орыс тілін, әдет-ғұрпын, дінін үйретіп, насихаттап отырды [7].

Патша өкіметі тұрғысынан жүргізіліп отырған шоқындыру мен ислам дінінен алыстатудың комплексті шараларын өз көзімен көрген Жүсіпбек Аймауытов: "...Қазақтың жерін тілгілеп, келімсек мұжықтарға аударып бере бастады, тілін бұзуға, дінін бұзуға аулның школ, миссионерлер таратты, әдет-ғұрпын, салт-санасын өзгертіп, орысқа бас игізуге жаңа закон, мировой судья, крестьянский начальниктер шығарды. Қазақты ішінен тоздыруға сайлау, штат деген шырға тастап, өзді-өзін жұлыстырып, қырқыстырды", - деп көрсетуі арқылы-ақ халықтың мойнына түскен тауқыметтің түп төркінін дәл көрсетіп берді [8].

Осындай отаршылдық кезеңінен өтіп, өз тәуелсіздігімізді алып, арқамызды кеңге жайғанмызбен, бүгінгі күнге дейін қазақ жерінен миссионерлердің аяғы арылмай, олар өз әрекеттерін әлі жалғастыруда. Дегенмен қазіргі таңда өзіміздің дәстүрлі дініміз ислам діні кеңге қанат жайып, дініміздің мәртебесі күн санап көтерілуде. Ата-бабадан қалған асыл дінімізді келер ұрпаққа таза күйінде жеткізіп, аманат ету бізге парыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. yasawi.kz
2. *Жандарбек З.* Иасауи жолы және қазақ қоғамы. Алматы: «Ел-шежіре», 2006. 36 -б.
3. ҚРОМА, 64-қор, 1-тізбе, 436-іс, 9-10-парақтар.
4. ҚРОМА, 64-қор, 1-тізбек, 595-іс, 38-парақ.
5. *Манарбек Байеке.* Орталық Азия мен Қазақстанның мәсіхшілік тарихы. Алматы: Литера-м 2006. -302-307-бб
6. РМТА, 1574-қор, 1-тізбе, 4-іс, 8-парақ.
7. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник второй. Под ред. С.Асфандиярова. Алма-Ата, 1936, с.108
8. *Мырзахметов М.* Қазақ қалай орыстандырылды? Алматы: Атамекен, 1993, 136

**ЖУРНАЛИСТИКА**

**Г.ӨЗБЕКОВА**

филология ғылымдарының кандидаты  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАСПА ІСІ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ»  
БАСПАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ**

**В статье рассматриваются вопросы издательского дела в Казахстане и роль редакции «Казак энциклопедиясы» в развитии казахской литературной печати.**

**The article deals with some matters of the publishing trade in Kazakhstan and with the role of “Kazakh Encyclopedia” editorship in the development of Kazakh literary press.**

Баспа дегеніміз – кітап, газет, журнал, плакат және т.б. баспа өнімдерін шығаратын кәсіпорын. Ол шығаратын өнім түрлеріне қарай кітап баспасы және газет-журнал баспасы, сипаты мен бағытына қарай ғылыми баспа, бұқаралық баспа, балалар баспасы болып жіктеледі. Көпшілікке арналған алғашқы баспа өнімдері (діни уағыздар, қолжазба кітаптар) ағаш қабығына, теріге, кейіннен қағазға қолмен көшіріліп жазылған. Ірі қалаларда қолжазба кітапты мәнерлеу өнерімен шұғылданатын арнайы мамандар – көшірмешілер, түптеушілер, миниатюрші суретшілерді топтастырған орталықтар жұмыс істеген. Біртекті мәтінді көп данамен тарататын баспа тарихы Қытайда кітап көбейтудің жаңа әдісі – ксилографияның (ағаштан ойылған қалыппен басу) пайда болуынан басталады (8-9 ғасырлар). Осы әдіспен ең алғаш будда дінінің «Жақұт сутра» (868) деген қасиетті кітабы басылды. 1040 – 48 ж. Би Шен жылжымалы қаріптерді, құйма әріптермен теру процесін ойлап тапты (Еуропаға бұл жаңалық 4 ғасырдан кейін келді). 14 ғасырда Қытайда түрлі-түсті баспа пайда болды. 1340 ж. «Сутранның түсініктемелері» деген кітап 2 түрлі бояумен басылып шықты. Еуропада 1445 ж. неміс өнертапқышы Иоганн Гутенберг кітап басуға алғаш рет жылжымалы құйма әріптерді пайдаланды. Ал, Ресейде 1564 ж. Иван Федоров пен Петр Мстиславец орыс тіліндегі тұңғыш кітап «Апостолды» басып шығарды. 16-17 ғасырларда баспаханаларды ірілендіру, шығаратын өнім көлемін ұлғайту және оны сатуды жүйелі жолға қоюдың қажеттілігіне қарай жекелеген баспагерлер көптеп шықты. Бұлардың қатарында Мануция Альда (Венеция), К.Плантена (Антверпен), Элзевировтар отбасы (Нидерландия), Этьенков және Дидо (Франция) секілді баспагерлерді ерекше атауға болады. 18-19 ғасырларда баспа саны әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде шапшаң өсті. 19-ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басында баспалар акционерлік қоғам түрінде құрылып, өз ішінен кітап, газет-журнал баспаларына жіктеле бастады. Бұл кезеңде баспа мен баспахана екеуі біртұтас болды. Кітаптар баспаханасының өзінде дайындалып, басылып шықты. Қазақ тілінде кітап шығару ісінің тарихы 1800 ж. Қазан қаласында ашылған бірінші Азиялық

баспаханадан басталады. 1809 ж. Қазан университетінде баспа ашылды. 19 ғасырда Қазан қаласында Орта Азия және Қазақстан халықтарының мәдени-ғылыми мұраларын жинап, зерттейтін, жарыққа шығаратын орталыққа айналды. Сонымен қатар 19-ғасырдың 2-жартысында Орынбор, Уфа, Ташкент, Санкт-Петербург, Троицк, Астрахан қалаларында да қазақша кітаптар шығаратын баспалар құрылды. Бұлардың ішінде "Ағайынды Каримовтар", "Шарқ", "Тұрмыш", "Умид", "Урнәк", т.б. баспалардың рөлі ерекше болды. Қазақ тіліндегі тұңғыш кітап – "Қазан" гимназиясы баспаханасы шығарған "Сейфүл-мәлік" қиссасы (1807). 1851 ж. Қадырғали Жалаиридін "Джами-ат-тауарих", Ы.Алтынсариннің "Қырғыз хрестоматиясы" (1879), "Қамбар туралы поэма" (1882), "Мухаммед Ханафия" (1882), "Қыз Жібек" (1894), "Қозы Көрпеш хиссасы" (1890), 20 ғасырдың басында "Хисса Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны" (1900), "Хисса Алпамыш" (1901), 1909 ж. А.Құнанбаевтың өлеңдер жинағы, "Қазақтың айнасы" (1910), "Қазақша әліппе" (1910), С.Көбеевтің "Қалың малы" (1913), т.б. кітаптар осы баспалардан шыққан. 1917 жылға дейін қазақ тілінде 700-ге жуық кітап басылды.

Қазан төңкерісінен кейін кітап басу ісі бірден мемлекет иелігіне алынды. "Мемлекеттік баспа туралы" қабылданған декрет (29.12.1917) бойынша - баспа ісін қайта құруға қажет материалдық-техникалық база мен кітап қорлары мемлекет пен халық меншігіне берілді. 1917 жылдың аяғында БОАК-тың (Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің), Санкт-Петербург, Мәскеу кеңестерінің жанынан баспа бөлімдері ашылды. Ұлт істері жөніндегі Халық комиссариаты (Ұлт халкомы) құрылды. Оны И.В.Сталин басқарды. Қазақ халқының аса көрнекті саяси-қайраткері Т.Рысқұлов орынбасары болды. 1918–1919 ж. баспа жұмысын Оқу халқкомы мен Ұлт халқомы құрған Мұсылман істері жөніндегі комиссариат басқарды. Ұлт халқомында 11 бөлім мен комиссариаттар жұмыс істеді. 1918 ж. 12 мамырда бұларға Қырғыз (Қазақ) бөлімі қосылды. 1918 ж. қараша айында өткен мұсылман коммунистердің Бүкілресейлік I съезінде мұсылмандық ұйымдардың Орталық бюросы сайланды. Бюро құрамына Қазақстаннан Сейтқали Меңдешев енгізілді. Бюро Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тілдерінде әдебиеттер шығаруды қолға алды. Ол 1919 ж. күншығыс халықтары тілдерінде жеті млн. жаңа газет, кітапша және бетшелер басып таратты. 1924 жылға дейін Ұлт халқомы жанында екі баспа – Батыс және Шығыс баспалары жұмыс істеп келген-ді. Шығыс баспасын Н.Төрехұлов басқарды, ал осы баспадағы қазақ тіліндегі әдебиеттер бөлімінің меңгерушісі Э.Байділдин болды. 1924 ж. мамырда жоғарыдағы екі баспаның негізінде КСРО халықтарының Орталық баспасы (Ортбас) ұйымдастырылды. 1924 ж. 13 маусымда "КСРО халықтарының Орталық баспасы туралы Ереже" бекітілді. Орталық баспамен қатар Түркістан мемлекеттік баспасы (Түркмембас) да қазақ тілінде кітаптар шығарып отырды. Ол 1920 ж. наурыз айында Ташкентте құрылған болатын. "Түркмембас" Орта Азиядағы тұңғыш кітап баспасы еді. 1921 ж. осы баспадан қазақ тілінде 680570 дана, өзбек тілінде 2147850 дана, түрікмен, тәжік тілдерінде 233800 дана кітап басылып шықты. Қазақстанда алғашқы кітап

1918 ж. басылып шықты. 1918 ж. қараша айында Ордада баспа және аударма бөлімдері ашылды. Бұл бөлімдер "В.И.Лениннің Америка жұмысшыларына хатын", "РСФСР Конституциясын (Негізгі заңын)", сол жылы Верныйда (Алматыда) РСДРП(б) Жарғысы мен партия бағдарламасын шығарды. 1920 ж. 3 қарашада Қырғыз (Қазақ) АКСР ОАК-і "Қазақ мемлекеттік баспасы туралы декрет" қабылдады. Сол жылғы 24 қарашада оның ережесі бекітілді. 1921 ж. тамызға дейін бұл баспа ОАК қарамағында болды. 1921 ж. 9 тамызда Оқу халкомы құрамында Мемлекеттік баспаны басқаратын Бас басқарма құрылды. Бұған қоса, осы халкомда арнаулы ғылыми бөлім – Академиялық орталық ұйымдастырылды. Орталықтың құрамында ғылыми-әдеби кеңес болды, ол оқулықтар жасаумен, саяси әдебиеттерді тәржімалаумен айналысты. 1921 – 22 ж. Қазақстанда 29 баспахана, бір литография жұмыс істеді. Бір жылдың ішінде Мемлекеттік баспа (Госиздат) тиражы 27 мың дана 20 кітап шығарды. "Қазақстанда баспа ісін қайта құру туралы" Қазақ өлкелік партия комитетінің қаулысынан кейін (22 қазан, 1931) аталған баспа "Қазақстан баспасы" (Казиздат) болып қайта құрылды. Осы жылдары өз алдына Қазақ техникалық баспасы ұйымдастырылды. 1930 жылдан Ресей Біріккен мемлекеттік баспасының (ОГИЗ-дің) Өлкелік бөлімшесі жұмыс істей бастады. Қазақстан баспаларының саны 4-ке жетті: "Қазақстан баспасынан" Қазақ партиялық баспасы, Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, Комсомол-жастар баспасы бөлініп шықты. Қазақ техникалық баспасы "Қазақстан" баспасының құрамына кірді. Мамандандырылған Қазақфото баспасы жұмыс істеді. Сол жылдары Полиграфия және баспа Бас басқармасы ұйымдастырылды. 1941 жылдың басында республикадағы барлық баспалар қосылып, Қазақ біріккен мемлекеттік баспасы аталды (Каз ОГИЗ). Соғыстан кейін баспалар қайтадан даралана бастады. Кейбірі жаңадан ашылды. Соның бірі Қазақстан ҒА-ның "Ғылым" (1945) баспасы. 1947 ж. КазОГИЗ-ден Қазақ оқу-педагогика баспасы (кейінгі "Рауан"), 1950 ж. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы (кейін "Жазушы") бөлініп шықты. Сол жылы Қазақ біріккен мемлекеттік баспасы өзінің алғашқы атын қайта алып, Қазақ мемлекеттік баспасы болды. Ол 1962 ж. "Қазақстан" аталды. 1962 ж. 1 наурызда Қазақ мемлекеттік ауыл-шаруашылық әдебиеті баспасы (кейін "Қайнар") жұмысқа кірісті. 1968 ж. "Қазақ энциклопедиясы" бас редакциясы аталатын аса ірі баспа дүниеге келді. Өндірістік қуаты өте зор "Дәуір" газет-журнал баспасының да жұмыс қарқыны арта түсті.

Қазақстан тәуелсіздік алып, нарықтық экономикаға көшуімен байланысты республикадағы баспалар қызметі мен баспа ісінің жай-күйі түбірлі өзгертулерге ұшырады. Бұрынғы мемлекеттік баспалардың орнына жекеменшік баспалар пайда болды. Баспа, полиграфия және кітап саудасы сияқты бұрын бір орталықтан жоспарлы түрде басқарылып, мемлекеттік жоспармен бірыңғай, бір бағытта жұмыс істейтін күрделі сала заман талабына сай өзгерді. Бұрынғы "Қазақстан", "Жазушы", "Жалын", "Рауан", "Өнер", "Қайнар", "Ғылым", "Білім", "Санат", "Балауса", "Ана тілі", "Қазақ энциклопедиясы", "Дәуір", "Сарыарқа" баспаларымен бірге "Жеті жарғы", "Жібек жолы", "Атамұра", "Өлке", "Ел", "ЕР-

Дәулет", т.б. ондаған жекеменшік баспалар пайда болды. Қазақстан Президентінің "Мемлекеттік билік органдарының бұқаралық ақпарат құралдарын, мемлекеттік кітап шығару ісін нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде қорғаудың шұғыл шаралары туралы" Жарлығы елдегі баспа ісінің дамуына бағыт-бағдар берді.

**«Қазақ энциклопедиясы»** - ғылыми-анықтамалық баспа мекемесі. Әмбебап және тақырыптық (пәндік) энциклопедиялар, анықтамалықтар, сөздіктер, тілашарлар, т.б. шығарумен, көне қолжазбаларды, басылымдарды, ұлы ғұламалардың еңбектерін қайта басумен, күрделі ғылыми зерттеулер жариялаумен айналысады. Қазақстан Компартиясы ОК мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1967 ж. 13 қыркүйектегі қаулысына сәйкес 1968 ж. 1 қаңтарда Қазақ КСР ҒА жанынан Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясы болып құрылған. 130 адамнан тұратын бұл үлкен ұжымның шығармашылық күші 11 ғылыми редакцияға топтастырылды. Қазақтың тұңғыш энциклопедиясы Бас редакциясының жанынан барлық ғылым салалары бойынша 29 ғылыми-салалық алқалар мен кеңесшілер тобы ұйымдастырылып, оларға 313 ғалым мен маман тартылды. Олардың ішінде Қазақ КСР ҒА-ның 27 академигі мен корреспондент мүшесі, 84 ғылым докторы, 189 ғылым кандидаты болды. Бас редакция қызметтік құрылымы мен ғылыми мекеме мәртебесін сақтай отырып, 1975 ж. Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің жүйесіне қосылды. Еліміз егемендік алғаннан кейін, 1993 ж. Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы болып өзгерді. 2001 ж. 2 қарашада жабық акционерлік қоғам болып құрылғаннан бері "Қазақ энциклопедиясы" аталады. "Қазақ энциклопедиясы" ұжымы өзінің алғашқы күрделі жұмысы 12 томдық "Қазақ совет энциклопедиясын" 1972–78 ж. аралығында әзірлеп, баспадан шығарды [1]. 1982 ж. осы тұңғыш энциклопедияның әліппелі пән-есім көрсеткіші жеке кітап болып шықты [2]. Бұған жалғаса, "Қазақ Советтік Социалистік Республикасы" деген анықтамалық (қазақ, орыс тілдерінде 1980–81) жарық көріп, 15 томдық топтама шығару жемісті аяқталды [3]. Бас редакция ұжымының ең сүбелі еңбектерінің бірі – әрқайсысы төрт томнан қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген "Қазақ ССР" атты қысқаша энциклопедия [4]. Бұл анықтамалықтың басты ерекшелігі – онда негізінен қазақ елінің тарихына, әлеуметтік тұрмыс-тіршілігіне, экономикасы мен табиғатына, қазба байлықтары мен жер-су, қоныстарына байланысты материалдар енгізілді. Елдегі саяси-әміршілдік жағдайларға орай бұрын аталмай келген халқымыздың асыл азаматтары туралы әділ бағасын берген мақалалар жарияланды. Еліміз егемендік алып, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты бірнеше тілашар мен сөздік шығарылды. Жас оқырмандарға арналған: "Ол кім, бұл не?" (үш томдық 1985–87), "Негеш" (1995), "Әлемде талай қызық бар" (екі тілде, 1986 – 90) кітаптары жарық көрді. "Қазақ энциклопедиясы" еліміздің ұлы адамдарының өмірі мен шығармашылық қызметіне байланысты да біраз жұмыстар атқарды. Ш.Уәлиханов шығармаларының академиялық бес томдығын (орыс тілінде, 1984–85), М.Әуезовтің таңдамалы мақалалар жинағын

(қазақ, орыс тілдерінде аралас, 1997), "Құрманғазы" (1998), "Қорқыт" (1999), "Ә.Бөкейхан. Таңдамалы" (қазақ, орыс тілдерінде аралас, 1995) кітаптарын қайта басып, оқырмандарды 20 ғасырдың басында шығып тұрған "Қазақ" газеті (1998) мен "Айқап" журналын (1995) кітап етіп шығарды. Ал қазақтың ұлы ойшыл-ақыны Абай Құнанбаевтың бүкіл дүние жүзі елдері атап өткен 150 жылдық тойы қарсаңында "Абай" энциклопедиясын (1995) әзірлеп, баспадан шығарды. Ақын өмірі мен шығармаларына арналған бұл соны еңбек ҚР-ның Мемлекеттік сыйлығымен жоғары бағаланды. "Хирургтің анықтамалығы" (акад. М.Әлиев, 1997), "Қазақстанда инженерлік істің дамуы" (екеуі де орыс тілінде 2001 ж. жарық көрді) көлемді анықтамалықтары да мамандар мен оқырмандардың қажетін өтеген маңызды басылымдар болды. Бас редакция облыстар мен қалалар тарихына да көңіл бөліп, "Алматы" (1983, 1996), "Қарағанды" (1990), "Ақмола" (1995) энциклопедияларын шығарды. Еліміздің тарихындағы айтулы мекемелер де ұжым қызметінен тыс қалған жоқ. Халықаралық "Түркістан" энциклопедиясы (2001) оқырмандарды еліміздің тарихымен, ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлерінің өмір жолымен, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, кәсібімен, мәдениетімен, бүгінгі егеменді елдің өскелең экономикасымен таныстырды.

"Қазақ энциклопедиясы" II дүниежүзілік соғыстағы кеңес халықтары жеңісінің 50 жылдығы құрметіне орай "Отан қорғау жолында құрбан болған боздақтарға ескерткіш-кітап" деген айдармен әр облыстан 2–7 кітаптан тұратын "Боздақтар" деп аталатын көптомдықты қазақ, орыс тілдерінде жарыққа шығарып, ұлы шайқаста мерт болған азаматтардың аруақтарын мәңгіге қалдырды [5]. Баспа 1996 жылдан "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясын шығара бастады (1-том 1998 ж. шықты) [6]. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясын М.Қ.Қаратаев (1968–79), М.Қ.Қозыбаев (1980 - 86), Р.Н.Нұрғалиев (1986-97), Ә.Нысанбаев (1997-2003), (2003-2008) Б.Ғ.Аяған басқарды. 2008 жылдан Б.Ө.Жақып басқарып келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ совет энциклопедиясы. 12 томдық / Бас ред. М.Қаратаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1972-1978 ж.
2. Алфавитті пән есім көрсеткіші / Бас ред. М.Қозыбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1982 ж. – 540 б.
3. Қазақ Советтік Социалистік Республикасы. Энциклопедиялық анықтама. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1980 ж. – 535 б.
4. Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия / Бас ред. М.Қозыбаев. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1984. Т.1. – 592 б.
5. Боздақтар. көптомдық / Бас ред. Р.Нұрғалиев. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1994 ж.
6. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. 1 том. -Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998 ж. -720 б.

**Р.С.ЖАҚСЫЛЫҚБАЕВА**

филология ғылымдарының кандидаты  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің доценті

**ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ӘДЕБИ: ЗЕРТТЕУ МЕН САРАПТАУ**

Автор в статье рассматривает средства и методы освещения в СМИ проблем права и ответственности журналиста во взаимосвязи с нормами профессиональной этики.

The author presents some ways and methods of mass media coverage of problems of rights and responsibility of journalists in relation with the norms of professional ethics.

Журналист – ашық қоғамның, әділеттіктің салтанат құруының тілеулесі әрі халық мүддесінің жанашыры. Сондықтан да олар қоғамдық ортада ерекше ілтипат пен зор құрметке қашанда лайық. Публицистің абырой-атағын жоғары ұстау, оған кір келтірмеу әрбір журналистің кәсіби парызы және этикалық нормасы болуы тиіс.

Журналист сөзімен де, өзімен өзгеге үлгі боларлықтай ғылыми-теориялық білімі терең, батыл да принципшіл, кішіпейіл әрі ашық мінезді иманды адам болуы міндетті. Сонымен қатар оған жазу мәдениетін толық игерген жоғары сауаттылық пен тума таланттылық, асқан дарындылық та өте қажет. Осы қасиеттер арқылы белгілі бір журналистің қоғамдық-саяси ахуалға деген ұстанымы мен көзқарасы, моральдық-этикалық тәлім-тәрбиесінің деңгейі анықталады.

Этика – адамгершілік пен мораль туралы теориялық заңдар мен тәжірибелік талап-тілектерді зерттеп, қалыптастыратын ғылым саласы. Яғни, адамдардың қоғамдағы өмір сүру нормалары мен бір-бірімен қарым-қатынасы жайлы ұғымды танытады. Еңбек сүйгіштік, адалдық, достық, сыйластық, сыпайылық, өзінді-өзің дұрыс ұстай білу, жақсы мінез – осының бәрі этика қағидаларын анықтайды. Сөйтіп, этика жалпы алғанда адамгершілік міндеттерге бағынады. Этика саналы адам болуды қалайды. Демек, журналист те осындай қасиеттерге ие болу керек екені түсінікті. Өйткені журналистің кәсіби мамандығы мұндай қасиеттерсіз табысқа жетуі қиын. Этикалық нормалардың заңда жасалмаған тұстарын журналист өз ақылымен, сана-сезіммен ұғып, білуге тиіс. Ол адамгершілік идеал мен азаматтық парыздан туындайды.

Этика термині ежелгі гректің *ethos* (этос) деген сөзден пайда болған. Алғашқыда бұл сөз мекен ету орта, үй, жануарлар апаны, құс ұяшығы деген мағынаны білдіреді. Кейіннен бұл сөз әдет-ғұрып, салт-сананы, мінез-құлықты білдіретін сөзге айналды. Бұл «этос» сөзінен ұлы Аристотель «этикалық» деген түбірге қосымша енгізіп, адамзаттың ерекше қасиеттерін анықтайды. Білім алудың ерекше түрі ретінде Аристотель ғылымға «этика»



саласын енгізді. Этикалық қасиетті кейде рухани қасиетке жатқызады. Адамдарда рухани және этикалық қасиеттерде айырмашылықтар бар [1.9].

Аристотельдің этикасына Цицерон *moralis* (моральдық) деп анықтама береді. Оның айтуынша, бұл сөз латыннан аударғанда мінез-құлық, сән, салт-дәстүр деген мағынаны білдіреді. Яғни Цицеронның моральдық философиясы Аристотельдің этикасымен дәлме-дәл сәйкес келеді. Сонымен IV ғ. б.з.д. латын тілінде болған «*moralitas*» «мораль» термині гректің «этика» сөзімен бірдей мағынада қолданылады екен [1.10].

Кейбір зерттеуші ғалымдар этика және мораль терминдерінің тарихын неміс тілінің «*Sittlichkeit*» терминімен (*Sitte*) «мінез», «*slichkeit*» «өнегелі») қарастырады [1.11]. «Этика», «мораль», «адамгершілік» – бастапқы мәнде әртүрлі сөздер болғанымен, бір терминдік ұғымдар. Уақыт өте келе бәрі өзгерді, мәдениет дамыды. Этика – білім, ғылым саласының басты тармағы, мораль – сол салаларды оқытатын пән болып табылады.

Мораль мен адамгершілік ұғымдары уақыт өте келе көп өзгерістерге ұшырады. Мәселен, Гегель моральды адамгершілік іс-әрекет тұрғысында қарастырады. [1.12]. Ал, Аристотель моральды адам жанының маңызды рөлі ретінде анықтайды [2].

Ежелгі грек философы Сократ этикалық ұғымдарды (айбындылық, әділеттілік) анықтаумен жалпыландырудың үлгісін жасады. Ұғымды анықтаудан бұрын әңгімеге жол берілуі керек, соның барысында бірнеше сұрақтардың көмегімен әңгімелеушінің сөздеріндегі қайшылықтар анықталмақ. Бұл орайда Сократ майевтика (сөйлесу өнері) әдісін ұсынады. Сократтың этикасы рационалды: жаңсақ әрекеттер білместіктен жасалады, ешкім де өз еркімен зұлым болмайды. Адам өзіне үнілген сайын, өзінің білімсіздігін аңғармақ. Сократқа жүгінсек «Менің білетінім ештеңе білмейтіндігім» қағидасының мәні ашыла түспек.

Ал, Сократтың шәкірті, ежелгі грек философы, Платонның пікірінше, сезімдік танымның ақиқатты тану жолында ешқандай маңызы жоқ, себебі түйсіктер арқылы алған мәліметтер заттардың өзіндегі құбылыстар туралы білім емес, тек адамдардың пікірінде ғана қалыптасқан ұғымдар. Ал заттардың көзге көрінбейтін шын мәнін тек ақыл-ойдың күші арқылы білуге болады. Сондықтан шын ақиқатты түсініп білу үшін ақыл-ой заттар әлемінен аластатылып, жанның идеялар әлемінде көргендерін есіне түсіруге мүмкіндік алуы керек.

Ежелгі грек философы, энциклопедист-ғалым Аристотель адамның ақыл-парасатының қабілетін этикадағы ең жоғарғы қозғаушы күш деп тапты. Аристотельдің моральдық үлгісі – Құдай, яғни «өзін ойлайтын ой» – нағыз кемелденген философ. Аристотель: «Рақымшылдыққа ең алдымен дұрыс бағытталған ақыл қызмет етеді» [2.357]. Демек, адам баласының сезімі дұрыс бағытталса, онда ақыл-ойы да соған орай іс-әрекетке барады.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық көзқарастарын білдіретін зерттеулері де баршылық. Олар: «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жолында», «Никомаха этикасы» деп аталатын ғылыми еңбектері. Әл-Фараби өз зерттеулерінде этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударып отырған. Этиканың зерттеу объектісі – мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты дәлелдеген. Әл-Фарабидің айтуы бойынша, этиканың ең жоғары категориясы бақыт болып табылады. Сондай-ақ ол адам бойындағы ақыл-парасатты этикалық-адамгершілік қасиеттерден бөліп қарауға болмайды дегендей пікір айтады. Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады.

Журналист этикасы – қоғамда, әлеуметтік ортада бұқаралық ақпарат құралдары өкілінің ұстанымымен, қызметімен, сондай-ақ, белгілі тұлғалар, ұжымдық топтармен арадағы қарым-қатынастармен тікелей байланысатындықтан, оның кәсіби шеберлігіне де ықпал етуші негізгі фактор бола алады. Өз міндеті мен жауапкершілігін терең сезіне білу, іскерлікті, кішіпейілділікті, мәдениеттілікті қастерлеу – журналистің кәсібіне, күнделікті қызметіне әбден сіңісті болған этикалық қасиет болып табылады. Жеке бастың мүддесін көздеп, өзінің қарақан басының қамы үшін баспасөз мінберін пайдалануға әрекеттену БАҚ қызметкерлері арасында кездесіп жатады. Мұны этикалық, моральдық жағынан азғындау деп таныған жөн.

Адал әрі әділ болу – журналист этикасының ең бір игі қасиеті. Өмірдің объективтік шындығын көпке жеткізуші, сол арқылы қоғамдық пікірді қалыптастырушы, төртінші билік иелерінің ешқашан да өтірік айтуға, жалған ақпарат таратуға қақысы жоқ. Бұл екінші жағынан журналист этикасының да қастерлі қасиеті болып табылады.

Журналистік мамандықтың бір ерекшелігі, әртүрлі көзқарастағы, сан қилы мінез-құлықты көптеген адамдармен күнделікті жолығып, сөйлесіп, жақын сырласудың арқасында ғана шығармашылық туындыларын жасайды. Сондықтан адамдармен тіл табыса білетін, ақылды, байсалды, мінезі жайлы болғаны дұрыс. Сонда ғана адамдардың сеніміне кіре алады, ой-пікірлерін айтқызады, өзіне қажетті ақпараттарды табады. Мұндай қабілеттерді игеру үшін де этикалық үлкен жауапкершілік, тәлім-тәрбие керек. Ешкімге тіс жарып айтпаған, жақын-жуық туыстарына ашпаған сырларын адамдар журналистке ғана сеніп жеткізетіндей ахуалды қалыптастыру – журналистің шеберлігі мен дарындылығының сыртында оның этикалық деңгейіне, қарым-қатынасының биік мәдениетіне тікелей байланысты. Ол үшін өзі де біреуге сене алатын, сол арқылы өзгенің де сенімін ақтай білетін этикалық қастерлі қасиетті игерген болуы абзал.

Егер журналистің қылығынан білгірсу, мақтаншақтық, кеудемсоқтық секілді жағымсыз әрекеттер байқалып жатса, онда оның моральдық жағынан азғындай бастағанының белгісі және оның салқыны әзірленген теле-радио бағдарламасын да, жариялатқан шығармасына да тиері заңдылық. Сонымен қатар, мұндай кері

мінез журналистің дарынын да тежейтіні сөзсіз. Нағыз ақылды әрі білімді және этикалық тәрбиелі журналист сапалы жақсы жарияланымдар жасаған сайын сабырлы салмақты кейпін сақтай біледі, одан да артық туынды жасауға талаптанып, іздене түседі.

Журналист кәсіби этиканы қашан да құрметтеуге, оны аяқ асты етпеуге тиіс. Жазған жарияланымдары қаншалықты сәтті шығып, ел ықыласына бөленген сайын ол соншалық кішіпейіл, елгезек, адал бола түсуі керек. Себебі, журналист мамандығының бір ерекшелігі, ол үнемі елдің көзінде, халықтың бақылауында болатындығында. Оқырман журналистің жазған әрбір мақаласына баға беріп отырады. Оның жазған дүниелерінен менменсіген, мақтанған сынай байқалса, автордың өзінен бұрын оқырман дереу сезіп қояды. Біреу болмаса да біреулер сырттай бақылап отыр дегенді журналист естен шығармауы керек. Сондықтан, журналист адам өзінің жеке басының мүддесін ешқашан да қоғамдық, халықтық ортақ мұраттан жоғары қоймайды.

Этика мәселесі – журналистердің басты назарында болатын мәңгілік өлмейтін тақырыптардың бірі. Бұл бұрын да солай болып келген, адамзат қоғамы тірі организм ретінде бар кезде алда да тұрақты көтеріліп, көптің талқылауынан өте берері сөзсіз. Этикалық, моральдық процестердің дұрыс-терісін, ақ-қарасын халық қана әділдікпен айырып бере алады. Сондықтан этикалық нормалар жөнінде БАҚ құрғақ уағыздан гөрі нақты дерек пен оқиғаларды көбірек жарыққа шығарса қоғамдық пікірдің дұрыс қалыптасуына, имандылықтың орын алуына көмектескен болар еді.

Қазақстанда журналистік этика мәселесі «Бұқаралық ақпарат құралдары» Заңында мазмұндалған. Аталған заңда этикамен бірге БАҚ-тың жұмыс істеу міндеттері мен журналистердің құқықтары бірнеше бапта белгіленген. Сондай-ақ, республикамызда «Ұлтаралық қатынастарды жазып көрсетудегі этика кодексін» қабылданған. Мұнда БАҚ-тың, журналистің осынау мақсаттағы алар орны мен ролі айқындалған. Ал, Қазақстан Конституциясы мен басқа да кейбір заң актілерінде БАҚ пен журналистикаға қатысты мәселелер қамтылған.

Журналист – баспасөз ісіндегі негізгі тұлға. Онсыз қандай баспасөз болса да талапқа сай дайындалып, халықтың рухани талғамын қанағаттандыра алмайтыны түсінікті. Сондықтан, ең алдымен журналист кәсіби тұрғыда толыққанды маман ретінде еңбек етіп, танылуы керек. Ол өз қызметінде тек қана шындықты жазып, барлық мәселені, объективті түрде қарау керек. Нағыз журналист өмірде осылай еңбек етуге, осылай өмір сүруге тиіс. Бұл – журналист алдында тұрған үлкен борыштардың бірі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гусейнов А.А., Апресян Р.Г. Этика. –М.: Гардарки, 1999. -С.9.
2. Аристотель. Соч., в 4 т. –М.: 1983. -Т. 4. -С. 357.

**Г.ӨЗБЕКОВА**

филология ғылымдарының кандидаты,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің доценті

### **«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ГАЗЕТІНІҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ**

Автор в этой статье рассказывает о проблемах газеты «Қазақ әдебиеті».

The author of the article presents some problems of the «Қазақ әдебиеті» newspaper.

Қай елдің де өзіне қымбат көрінетін, мақтаныш етіп жоғары бағалайтын, ұлттық байлығы саналатын рухани қазыналары болады. Біздер үшін сондай қазыналардың бірі – «Қазақ әдебиеті» газеті болса керек. Егер дүниеде «Қазақ әдебиеті» газеті болмаса қазақ елінің рухани өмірінде үлкен олқылықтың, жүдеуліктің орны сезіліп-ақ тұрар еді. «Қазақ әдебиетінің» біздің күнделікті тірлігімізге тереңдеп енгені соншалық, әр апта сайын жұма күні осы газеттің келуін асыға күтеміз.

Біздің қым-қуыт оқиғаларға толы өткен ХХ ғасыр үшін 1934 жылдан қазіргі уақытқа дейін сақталып қалу дегенің ұзақ ғұмыр, ауыр жол екені рас. Ал «Қазақ әдебиеті» газетінің өзіндік ерекше тарихы, тағдыры бар, басқаларға ұқсай да қоймайтын, орны бөлек басылым екені де рас.

Неңдей дүние болсын қажеттіліктен туады. ХХ ғасырдың басында қазақ халқының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін шығарды. Алдына үлкен мақсат қойды – туған халқын ояту, әрі көш бастау қажет болды. Сол кезде елдің ой-тілегін осы газет білдіріп, жол сілтеп отырды. «Қазақ» газеті жабылғаннан кейін тура он жеті жылдан соң қайта жарық көрді. «Қазақ әдебиетін» «Қазақ» газетінің тікелей мұрагері деуге болатын сияқты. «Қазақ әдебиеті» газеті де сол бір кезеңде аса бір қажеттіліктен дүниеге келіп, осыдан 74 жыл бұрын алғашқы саны жарық көрді. Осының алдында аз ғана жылдың ішінде қазақ елі небір зобалаңға ұшырап, ауыр күйзелісті, орны толмас қайғы-қасіретті басынан кешіріп, ес жия алмай, есеңгіреп қалды. Ашаршылықтан халқының тең жарымы қырылды. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов сияқты көсемдері, ұлттың ақыл-ойының аса көрнекті қайраткерлерінің үлкен бір тобы қудаланып, қамалып, қуғынға түсті. Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаевтай ұлы адамдардың үні өшті. Онсыз да жоғалтқаны көп, сергелдеңі мол қазақ елі ұлтының ұлы тіреулерінен, кемеңгерлерінен айырылып, ақыл-ой жағынан өлшеусіз ойсырап қалды. Егер солар аман боп, халқына әлі де қызмет еткенде біздің қазақ елі бүгіндері қандай биіктерден көрінер еді. Бұл, әрине, орны толмас өкініш әрі арман. Сол бір өкініш пен өкікке толы ауыр кезеңде әбден арып-ашып, еңсесі түсіп, жүдеп-жадаған елдің рухын көтеру, есін жиғызып серпілту, әрбірден соң, басын біріктіріп, қайтадан елдікке бастау қажет болды. Еңсе көтеріп, ел болу үшін қайта ояну, жаңғыру кезеңінде «Қазақ әдебиеті» газеті қажет болды.

Дәл осы кезде қалың өрттен кейін қаулап өскен көктей көркем әдебиет, көркемөнер мәселелері жедел қолға алынып бір жылдың ішінде қазақ университеті ашылды, көркем әдебиет баспасы ашылды, опера және балет театрының іргесі қаланды. Әдебиетке, өнерге жаңа таланттар келіп қосылды. 1934 жыл – біздің әдебиет, мәдениет тарихымызда ерекше есте қалатын ояну, өрлеу жылы болды.

Газеттің алғашқы санында «Қазақ әдебиеті» - ұлт мәдениетін көтеруде үлкен орын алсын» деген сөз беташар ретінде үлкен әріптермен теріліп еді. Алғашқы санынан-ақ газеттің мақсаты осылайша айқындалды. Мақсат барда оның жүзеге асып, орындалуы бар. Осы орайда «Қазақ әдебиеті» талай тар жол тайғақ кешуден өтті. Ойлағанын орындай алмаған, көксегенін айта алмаған кездері де аз болмады. Ол үшін газет емес, сол кездегі «қызыл саясат» кінәлі. Қалай десек те, газет өзінің түпкілікті бағыт-бағдарынан, көздеген нысанасынан ауытқып көрген емес. «Қазақ әдебиеті» - бізге сол қасиеті үшін де қымбат.

Газет өзінің алғашқы санынан бастап-ақ әдебиетіміздің ең таңдаулы өкілдерін өз маңына топтастыра білді. Осы жөнінде кезінде Ғабит Мүсірепов былай деп жазған еді: «Біраз уақыт әдебиет газетінде жауапты редактор табуға кетті. Біздің ішімізде нағыз журналист Би ағаң болатын. Ол қашанғы әдеті бойынша басқару жұмысына жолағысы келмейді. Сәбит оқуда. Аяқтап келгенде мен жегілетін болдым. Редколлегияға Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ілияс Қабылов, Әйтеке Мусин, Мұхаметжан Қаратаев және мен кірдім. Мұхаметжан жауапты хатшы, мен редактор болып тағайындалдым». Бұл «Қазақ әдебиетінің» алғашқы бас редакторы Ғабит Мүсіреповтің сөзі. Жоғарыда аталған редколлегия құрамына ой жүгіртіп көрелікші. Кез келген жазықсыз жапа шегіп, қызыл саясаттың құрбаны болған ұлылар легінен кейінгі алыптар тобы еді бұлар. Бірақ, өкінішке орай, бұлардың да ғұмыры ұзаққа бармады. Ғұмырының қысқа боларын сезгендей-ақ олар осы жылдары ерекше өнімді еңбек етті. Барлық жанрда қалам сілтеп, әдебиетті көркейтті. Бірақ, аз уақыттың ішінде, небәрі 3-4 жылда, «Қазақ әдебиеті» сол алыптардың күшімен бірталай игілікті істер атқарып, әдебиеттің, мәдениеттің қайнар көзін ашып та үлгеріпті. Олар «Қазақ әдебиетіне» аянбай қызмет атқарды. Бейімбет Майлин жарты жылдан соң газеттің жауапты редакторы болды. 1935 жылы Москвадағы қызыл профессура институтын бітіріп келгеннен кейін Сәбит Мұқанов «Қазақ әдебиетінің» жауапты редакторы болып бір жыл шамасында жұмыс істейді. Кейін ол Қазақстан Жазушылары ұйымына бастық болып тағайындалған соң «Қызыл жалау» романын жазуға Қарағандыға кеткен Бейімбет Майлин «Қазақ әдебиетіне» жауапты редактор болып қайта оралады. Бейімбет Майлиннің соңғы рет қол қойған газеттің саны 1937 жылы 30-шілдеде шыққан. Содан кейін екі ай шамасында С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин бірінен соң бірі ұсталып қамауға алынды. Ел басына қайтадан қара түн туып, тағы да сол қудалау, қуғын-сүргін басталады. Осындай аласапыран үрейлі кезеңде бірін-бірі жау ғып көрсету, басқаларға жала жабу өршіді. Баспасөзде «халық жауларын» әшкерелеп, жан түршігерлік айыпқа тағылып, қаралайтын мақалалар

басылып жатты. Бұл жылдары «Қазақ әдебиеті» газеті де ауыр хал кешіп, шырқырыған шындықты айта алмады. Ақыры, 1940 жылы жабылып тынды.

1955 жылдың 14 қаңтарында араға 15 жыл салып, «Қазақ әдебиеті» газеті қайтадан жарық көрді. Газеттің бас редакторы болып Сырбай Мәуленов тағайындалды.

Әдебиеттің асқан асуларын, көтерілген биігін, оның ірі тұлғалары мен таңдаулы шығармаларын бүгіндері ешкім жоққа шығара алмайды. Асыра мақтаған, өлтіре сынаған да, әділін айтқан, орынсыз ғибаттаған кездері де болған шығар. Әсіресе Жазушылар Одағында әр кезде топқа қосылмай, жікшілдікке бұрылмай әділдік жолында тура бағыт ұстану кімге болсын оңай емес екені де белгілі. «Қазақ әдебиеті» газетіне бас редактор шыдамаған кездері де болған.

Бірақ, азаттығы жоқ ел өз тағдырына қатысты толғақты ой, өзекті мәселелерді ашық айта алмайтын. Айтқан күннің өзінде сол үшін тиісті жазасын тартып, қудалауға түсетін. Көптеген бас редактордың орнынан тез түсіп қалуының үлкен бір себебі осында жатыр. Тәуекелшіл, турашыл боламын, елдің сөзін сөйлеймін деп жоғары жаққа жақпады. Саясатқа қайшы келді. Бұл – жалғыз бас редактордың ғана емес, жалпы, «Қазақ әдебиеті» газетінің мінезі еді. «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет істеу қашанда, кімге болсын үлкен абырой саналады.

«Егер газет тігінділерін ақтарып, жылдар көшіне көз салсақ «Қазақ әдебиетінің» өрлеген жұлдызды жылдары да, серпіле алмай, қанатын жаза алмай, өрісі тарылып, бауырлап қалған кездері де болған. Тәуілсіздік алған бүгінгі күн биігінен қарағанда бізге түсінікті және әдеттегі нәрсе боп көрінетін жағдайлар ол кезде айтуға да, жазуға қиямет қиын болатын. Коммунистік идеология үстемдік еткен кезеңде біздің қайсымыз болсын нені айтып, нені айтуға болмайтынын жақсы меңгерген едік. Қандай мақаланың басылмайтынын, қай тақырыптың өтпейтінін де білетінбіз. Жазылғанның бәрі дұрыс екенін біле тұра қатты айтқан жерін жұмсартып, сөз келеді деген тұстарын қысқартып, жалтақтыққа үйрендік. Өттең, ойындағыны ашық айта алмай сырты бүтін, іші түтін болу – қандай ауыр. Ойың бір түрлі, айтар сөзің де бір түрлі - өмір шындығынан гөрі саясатқа бағыну – бұл да бір азап. Осы отырған бәріміз де осындай хәлді бастан кешіріп, жалтақтап, жалған сөйлеген де шығармыз» дейді. 1993 шілде – 1997 қараша аралығында бас редактор Ахат Жақсыбаев. Кешегі коммунистік насихаттың құралы болудан «Қазақ әдебиеті» де қашып құтыла алмай, өктемдіктің, кіріптарлықтың ырқына көнуге мәжбүр болды.

Қазір қазақ елінің дамуында аса жауапты әрі күрделі кезеңде тұрмыз. Елдің өз алдында жеке дамуында, әлеуметтік-экономикалық өмірде, әдеби, мәдени салада қаншама қыруар істер бар. Осының бәрі салмақпен, сабырмен шешетін, көп болып қауымдасып атқарар жұмыстар. Көбіне, «түбі жақсы болар» деген үмітпен өмір сүріп жатырмыз. Қазір газеттің арқалаған жүгі де ауырлады, тақырып ауқымы кеңейді. Біраз жұмыстар істеліп те жатыр. «Қазақ әдебиеті» - абыройлы, беделді газет деп отырмыз. Сол беделді газеттің ел өміріндегі осы бір жауапты кезеңде белсенділік көрсететін кезі келген секілді. Ал «Қазақ әдебиеті» - ең алдымен, жазушылардың газеті. Сол себепті жазушылардың ой-пікірін, айтар

сөзін елге жеткізу, солардың ашық трибунасы болу – «Қазақ әдебиетінің» міндеті [1]. Жасыратыны жоқ, қазіргі тұрмыстың ауырлығы, кітап шығарудың қиындығы жазушыларға жеңіл тиіп отырған жоқ. Дегенмен, ең алдыңғы қатарлы зиялылар тобына жататын жазушы қауымның қазіргідей жауапты кезеңде үндемей қалуына болмайды ғой. Қазіргі уақытта біздің жазушылар үлкен ой үстінде. Өйткені, санада болсын, көңіл мен сезімде болсын, беріш боп қатып қалған, әбден сіңісті болған бағыныштылы белгілері жетіп жатыр. Яғни сырттан еріксіз телінген нәрселерден арылу оңай емес.

Содан соң біз қазір қиын әрі қымбатшылық заманда өмір сүріп жатырмыз. Өрбірден соң кімді кінәлап, кімге тисерінді де білмейсің. Іске жауапты деген адамдарыңның өзі жағдай айтсаң «ақша жоқ» деп алдыңды орайды. «90-шы жылдары «Қазақ әдебиетін» қатты алаңдатты. «Ақшасы төленбеді» деп, наурыз айында баспахана «Қазақ әдебиетін» бөгең қойып, қарыздан құтылған соң, төрт санын бірақ шығарды. Сонда «Қазақ әдебиетін» іздеп, оқырман қауым қатты дүрлікті. Ал елді басқарып отырған жоғарғы жақтан «бұл қалай?» деп селт еткен жоқтаушының табылмағаны қалай?! Елдің иесі емес пе?! Егер біз «Қазақ әдебиетін» қорғай алмасақ, қолдамасақ қалың елге, оқырман қауымға не дейміз. Қандай қысылшаң, қиын заман десек те біз «Қазақ әдебиетінің» бағасын білуіміз керек», - дейді сол кездегі «Қазақ әдебиетінің» бас редакторы Ахат Жақсыбаев [2]. Бүгіндері не көп газет көп. Бірақ, «Қазақ әдебиеті» - өз ретінде орны бөлек, бірден-бір ұлттың үні, жалғыз басылым. Оны көп газетердің қатарына жатқызып, елеусіз етуге болмайды. «Не болсаң ол бол, өз күнін өзің көре біл» деген принцип дәл «Қазақ әдебиеті» газетіне жүрмейтін секілді.

«Қазақ әдебиеті» газеті аты көрсетіп тұрғандай мемлекетіміздегі бірден-бір әдеби басылым. Мыңға тарта ақын-жазушылардың тікелей мінбері. Газет қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәселелерді көтерген кезде қазақтың мүддесі арқылы өрбітеді. Мұнда халқымыздың таңдаулы ғалымдары, ойшылдары, түрлі сала мамандары сөйлейді. Көбіне ұлттық болмысымыздың бүгінгі таңдағы өзгеріс құбылыстарына үңілу басым. «Қазақ әдебиеті» бұл – бір жағынан алып қарасаң көп дауысты газет. Бұнда ұлттың болашағына алаңдап қана қоймай, қайткенде де қазақ болып қалудың жолдарын қарастырып, болашағына батыл қадамдар жасалады және оған Қазақстандағы интеллектуалдық күштер молынан тартылған» дейді қазіргі таңдағы «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Жұмабай Шаштайұлы.

Осылайша «Қазақ әдебиеті» газеті ұзақ жылдар бойына «қазақ» деген сөзге де, «әдебиет» деген сөзге де әр уақыт лайық боп келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразалин Н. Рух пен арды ту еткен // Қазақ әдебиеті. – 2006, 1 қаңтар.
2. Жақсыбаев А. Сол бір кезде...// Қазақ әдебиеті. – 2006, 1 қаңтар, № 3000. – 3 бет.

## ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ

**Ш.ВАХИДОВ**

тарих ғылымдарының докторы, профессор  
А.Р.Беруни атындағы ТМШИ

**С.ЕЛШИБАЕВ**

«Сырдария» университетінің аға оқытушысы

### **XVIII ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ «АНЖУМ АТ-ТАВОРИХ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТАШКЕНТ ҚАЗАҚТАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ**

**В данной работе рассматриваются сведения, полученные из произведения «Анжум ат-таворих», вопросы, связанные с жизнью казахов XVIII века, проживавших на территории Ташкента и их социально-экономические взаимоотношения с местными ханствами.**

**The authors of the article present some information received from the “Anzhum At-Tavorikh” work, some matters, connected with life of Kazakhs lived on the territory of Tashkent in the 18-th century and their social and economic inter-relations with local khans.**

«Анжум ат–таворих» шығармасының авторы Қоқан ханы Худоёрхонның ұлы болып есептеледі. Оның аты шығарманың бірде-бір жерінде тілге алынбаған, бірақ зерттеушілер осы шығарманың авторы Худоёрхонның ұлдарынан Мухаммадамин Ибн Ямин болуы мүмкін деп жорамалдайды. Ташкенттегі гимназияда білім алған Ибн Яминнің кейбір шығармалары сол кездегі газеттерде жарияланған.

Ибн Ямин – осы шығарманың авторы. Яғни архив мәліметтеріне сүйенсек Ибн Аминбек (орыс тіліндегі архив құжаттарда Ибн Аминбек) деп жазылған. Шешесі Мабишим Худоёрхонның үшінші әйелі болған [1]. Автор 1881 жылы 12 жаста болған, кітап 1900-1901 жылдары жазыла бастаған болуы мүмкін. Демек, Ибн Аминбек кітапты 32 жасында жазған. Егер де Мухаммадаминбек (шешесі Подшах Бак, Худоёрхонның бірінші әйелі болған [1]) және Қоқан хандары тұсында мақалаларының жарияланғанын есепке алсақ, осы кітапты 1881 жылы 26 жасында жазуы мүмкін еді, яғни 1901 жылы ол 46 жасқа толған болады.

Қолжазбаның түпнұсқасының авторы кім екенін анық айту үшін Мухаммадаминбек және Ибн Яминдердің қолжазбасынан тауып, оларды «Анжум ат– таворихтың» шығармасының мәтінімен салыстырып көру қажет.

Осы «Анжум ат-таворих» (Тарих (тар) жұлдыздары) туралы қысқа мәліметті Р.Н.Набиев өзінің «Из истории Кокандского ханства (Феодальное хозяйство Худайархана» (Ташкент, 1973.–б. 13-15) атты шығармасында келтірген. Рашид Набиев осы шығармаларында өз кітапханасында болған «Анжум ат-таворих» шығармасының нұсқасын елге тарту еткені, оның Қоқан тарихшылар мектебінде үлкен мәні бар екені айтылған.

Автор қаламына тиісті нұсқа тәжік тілінде, орыс контора дәптерінен алынған парақтарда, қарапайым қарындаш және қызыл сиямен жазылған.



Біздің ойымызша, бұл автордың түпнұсқасы болған. Оның әр жерінде көрсетпелер, шеттерінде жазулар, қайта жазылған мәтіндер және сол мәтінді жоққа шығарған жерлері де кездеседі.

Қарындашпен жазылған жерлерін оқу өте қиын. Барлығы 235 беттен тұрады және қосымша ретінде жазылған бірнеше беттер де бар. Шығарма мұқабасыз. Осы нұсқа қазіргі күнде тарихшы ғалым профессор Хайдарбек Бобобековтың өз кітапханасында сақталуда. Оны Р.Набиев басқа қол жазбаларымен және архивімен өз шәкірті Х.Бобобековке берген.

«Анжум ат-таворих» шығармасының авторлық түпнұсқасы Р.Набиевтің кітапханасына өткен ғасырдың 40-жылдарында келіп түскен. Оны Өзбек халқының төл тарихшысы Турди Мирғиёзов Р.Набиевке пайдалану үшін берген. 1958 жылы Р.Набиев өтініші бойынша осы автограф нұсқасы Абу Райхон Беруний атындағы шығыс институтының аға ұстазы, тарих ғылымдарының кандидаты А.Муратов еңбектерінің арқасында бүгінгі күні қолымызға осындай құнды мұра ретінде келіп түскен. Осы нұсқа 1958 жыл 30-наурызда көшірілген (қазіргі таңда Өз Фа Ши қазынасында 11366 сан астында сақталуда) шығарма мұқабасы үстіне сары абрий қағазы жабыстырылған қарапайым картон. Өлшемі 29x19,5 см.

Біз мына нәрсені айта кетуіміз керек, А. Муратов автор нұсқасын көшіру кезінде тексеру жұмыстарын жүргізген және автор жоспарына қарай шығарма мәтінін тәртіпке салған, яғни оның бөлімдерін өз орындарына көшіріп, қиын мәтіндерді қайта жазған. Сонан кейін ғалым шығарма бөлімдеріне ат қойған. Осы нұсқаның фотокопиясы Х.Бобобеков кітапханасында бар. Шығарма авторы Қоқан хандарының тарихын толық білмекші болған. Оның жоспарында бірінші бөлімде «Худоерхонның ел билегенге дейінгі Фарғана және Мәуірнахар хандарының әулеттерін» жазып, екінші бетінде Худоерхонның билікке шыққанынан бастап Ферғана тарихын 1318/1900-1901 жылдарда болған оқиғаларды Түркістан еліне мұра етіп жазуды мақсат еткен. А.Муратов өзі көшірген шығарма соңына өкінішпен «Анжум ат – таворихтың» екінші бөлімі табылмағанын жазған. Қолымыздағы екі нұсқада да автордың жоспарлаған шығармасының бірінші бөлімі баяндалған. Онда Мухаммад Закиридин Бобур кезеңі және оның балалары Үнді үкіметі, Алтын бесік әулетінен Элик – Тангриер сұлтан дәуірі кезеңі (басы) хикая етіледі және ортадағы кезең жазылмаған (көшірілмеген) оның жайы бос қалдырылған. Кейінгі кезең Шохрухбидин әкесі Амурмухаммадханның кезеңінен басталады.

Шығарма үлкен бір кіріспемен басталады. Осы кіріспеде (3<sup>а</sup>) автор шығарма атын «Анжумтаворих» деп берген. 3<sup>б</sup> парақта Ферғана және Мәуірнахар хандарының әулеттері деген бөлім (айтар сөзден) басталады. Кейін Бабурханды Самарқанд қаласына азамат еткен (8<sup>а</sup>-13<sup>а</sup>) «Захириддин Мухаммад Бабурдың зікірі» (13<sup>а</sup>-27<sup>а</sup>) «Сұлтан Элик Тангриер сұлтан үлесінің

зікірі» деген бабтар бар. Осы үшінші бөлім басталуымен беттер бос қалған. Автор қолжазбасында осы кезең жазылмаған яғни, 2 бөлім жоғалған.

Автор шығармасын мың тайпасынан шыққан Шыңғысхан және Әмір Темірге байланысы көздеген болып тұрып, жаңаша бір көріністе береді. Бірақ ол жасаған іс-шарада да келіспейтін жақтар бар. Худаерханзадаға арнаған шығарманың жазылуы да мың тайпасы Бобурге осылай жалғанған. Алтын Бесік ұлы Мухаммадмұқым ұлы Хумоюн салтанат иесі Бобур ұлы Умар Шайх. Алтын Бесік шешесі Шарафниса ханым Валимухаммадханқызы. Мухаммадмұқым Имамқұлиханнан жеңіліп Тарғаваға келеді, жаңа туылған сәбиін (ұлын) шешесі перзент үстінен қайтыс болып қалдырып кетеді. Осы оқиға 1020/1611-12 жылдарда болған. Мухаммадмұқым Ошта қайтыс болады. Алтын Бесік ер жетіп мың қолбасшысынан Қутлукнигор ханымға үйленеді. Олардан Тангриер және Худоерхон атты екі перзентінен Худоерхон бірінші дүниеге келеді. Тангриерхон Имамқұлиханның қызы Фатима Сұлтанға үйленеді. Бұл некеден Сұлтан Әлик және Мухаммадамин атты екі ұл дүниеге келеді.

Махаммадамин Хоразмды атасы Имамқұлихан жәрдемімен иеленді, онда екі жыл хан болып дүниеден озды. Одан Ферғанада Абулқасым атты бала қалған. Алтын Бесік 1066/1655-56 жылда 46 жасында қайтыс болып, орнына Сұлтан Елікхан ел билейді.

Нұсханың 75<sup>a</sup> бетінде «Ашурмухаммадхан оның ұлы Шахрухбектің зикри», «Абдурахмонхон салтанаты және жағдайы, көңіл-күйі зикри» (76<sup>a</sup>), «Абдукаримхон ұлы Шахруххонның бақыт зикри» (79<sup>o</sup> – 84<sup>o</sup>), «Эрданихан атты әйгілі болған Абулқаюмхон ұлы Абдурахманхон жахонбанлигінің зикри» (87<sup>o</sup>), «Нарбатир атты атаққа ие болған Абдухамид ұлы Абдурахманхан зикри» (88<sup>a</sup>), «Олимхон ұлы Абдулхамидхон билігі зикри» (95<sup>a</sup>) «Умархан ұлы Абдулхамидхан салтанаты зикри» (113<sup>o</sup>) «Мухаммадалихан ұлы Умарханның жумақ зикри» (127<sup>a</sup> – 153<sup>o</sup>). Шығарма мазмұнынан аян беріп тұрғандай шығармадағы тарихи жағдай 1842 жылда хан кезінде болып, соңы трагедиямен біткен. Мысалы, 1842 жыл мамыр айында Амир Насруллох хан отбасын және балаларын (Мухаммадалихон ұлы Мухаммадаминхон, Мухаммадалихонның інісі Сұлтан Махмудхон шешесі Махларойим ақын Нодра) өлтірді.

Қоқан көтерілісінде қырғыз-қыпшақ жәрдемімен Шералихан мемлекет басына келгені және басқа жайлар айтылады. Осы болып өткен жағдай шығарманың бірінші бетінде таусылады. Шералиханды 2 тамыз 1260/16 тамыз 1844 жыл Муратхан өлтірткен. Ол 55 жасқа келіп, бар жоғы екі жыл 1 ай 25 күн ел басқарған Муратхан тоғыз күн ел басқарған, кейін 9 тамыз 1260/23 тамыз 1844 жыл қыпшақтар қолында Мусулманқұл және Мухаммадназарбек басшылығында өлтірілген. Автор әкесі Худоерхон 24 тамызда хан болды. Худоерхон үш рет Қоқанға хан болған. Худоер балаларынан Ибн Яминбек

біраз алдын «Туркистан облысы газетінде» (1893 - №№22-28) өз мұраларын жазған, халық арасында үлкен абыройға ие болған. Оның шығармалары орыс тілінде шығарылған, Худоерхонның тарихты өте жақсы білгені, оның ізденімпаздығы шығарманың бірінші бетінен байқалады.

«Анжумат – таворих» шығармасы мынадай үлкен жетістіктерге ие:

- шығарманы Ферғана мен Қоқан хандығында өмір сүрген мың тайпасынан шыққан кісі жазған;

- шығармада Қоқан хандығының сол кездегі байлығы, өсіп-өнуі, дамуы туралы мәліметтер келтірілген;

- Худоерхонзода өз шығармасын жазуда, тарихи шығармалардан («Бобурнома», Абулғазий Баходирханның шығармалары «Тарихи жахонномаи», «Шахномаи Абдуллаххоний», «Тарихи Муқимхоний», «Гулшан ат-таворих», «Мунтахаб ат-таворих», «Афзал ат-таворих», «Мустафод ал-ахбор фи ахвол ал-Қазон ва-л-Булғор» шығармаларының авторларын тілге алады) оның сөзіне қарағанда құжат, хат естеліктерден пайдаланған (4<sup>а</sup>);

- шығармада мың тайпасының генеалогиясына байланысты анықтамалар бар. Онда Худаерханзода өз тегі Шыңғысхан және Темур Бобур арқылы таралғаны айтылған;

- «Анжум ат–таворих» шығармасында мың тайпасының отбасылық жағдайы, туысқандық жағдайлары туралы мәліметтер келтірілген.

- Шығармада билікті қолға алу үшін тайпалар ортасындағы соғыстар айтылған;

- хандық арасындағы атақ-даңқ, көшпенді мен отырықшы халықтың өмір сүру дәстүрі туралы мәліметтер келтірілген;

- Ташкент пен Дешті Қыпшақта болып өткен саяси жағдайлары айтылған;

- Жоңғарды жеңуге қатысқан қазақ тайпалары Ташкент қаласы және оның жан-жағына келіп орналасуы, Ташкенттегі Чорхақимлық және Юнусханның мемлекет құруы айтылады;

- шығарма авторы өз әулетінің мүсіншілік, егіншілік суару істеріне қосқан үлесін ерекше жазған;

- шығарма кең ғылыми талқыға салынбаған, қазірге дейін тарихи тұрғыда зерттелмеген.

Жоғарыда айтылғаннан қорытынды, Ибн Яминбек Ибн Худоер қаламынан шыққан «Анжум ат–таворих» деген туынды Қоқан хандығы, Бұқара әмірлігі мен Шығыс Түркістан тарихы және мәдениетіне тән өте маңызды тарихи нысан болып есептеледі.

Мұнда Ташкент және айналасындағы қазақ тайпалары және рулары тарихына байланысты ең маңызды мәліметтер келтірілген.

Сол жаугершілік кезеңде қалмақтардың қолбасшысы Қонтәжі тұтқынға түсіп, дүниеден өтеді. Ол өте ақылды, білікті еді. Ислам дінін ұстанған жұртпен жақсы қарым-қатынаста болған оның қолбасшылық еткен кезінде қалмақтар тарапынан бірде-бір мұсылман жапа шекпеген және ешкім басынбаған. Баж салығын да мұсылмандарға ауырлығы түспейтін етіп тағайындаған. Халыққа басымдылық етпеген оның өлімінен кейін тәжірибесіз және ақылсыз бір жас жігіт қалмақтарға қолбасшы болды. Үкімет істерін оқта-текте атқарып, көшпелі қалалық Дешті қыпшақ, Түркістан мен Ташкент мұсылмандарына зұлымдық жасай бастады. Елдің зары көкке жетті. Алла Тағаланың кеңдігінен қалмақ тайпасында ауру тарады оны осы мемлекеттің жұрты «обилай тифлон» Ферғана түркітері «шешек» деген. Осы аурудан қалмақ елінің алдыңғы қатарлы адамдары көз жұмды. Кейбір аңыздарға қарағанда олар «хасба», парсыда «сурахак» және сол жердің түркілерінде «қызамық» ауруы деп аталған екен. Осы себептен сол қауымның күші кеміп құлдырауға айналған соң ислам дінін ұстанған көшпелі ел ол тайпаға баж салығын төлеуден бас тартты. Осы оқиғалар барысында бұл өлкенің көшпелі мұсылмандары, оларды осы мемлекетте қазақ деп атап кеткен, олар да бірнеше ру тайпаларға бөлінген, әрбірі бөлек-бөлек атқа, лақапқа ие, жалпы алғанда Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз, найман руы абақ тарақты, арғын, қоңырат, қыпшақтардан бір топ ұлылары жиналып кеңес құрды. Қалмақ зұлымы мен жапасынан азат болу үшін шынғыс әулетінен Абулфайзханды (өзбек халқы мен қазақ халқы оны Абылайхан<sup>1</sup> деген) Қызылжар деген жерде хан тағына отырғызды және оның туының астына әр рудың ірі басты қолбасшылары жиналды, қалмақ елін жермен-жексен ету үшін жандарын пида етті.

Ислам дінін ұстанған елдің жауға қарсы жиналғаны қалмақтарға белгілі болған соң олар сан мың әскермен Дешті қыпшақтың шығыс жағына келді. Екі дұшпан бір-біріне бетпе-бет келгенде ислам дінін ұстанған ел өзін дұшпанның әскерінің бестен біріне тең екендігін біліп олармен соғысуды жөн көрмеді. Қолбасшымен бір жерді белгілеп, айналасын үй сияқты етіп қазды. Шыбық-бұталардан және топырақтан қабырға тұрғызды, оның ар жағын қорғануға пайдаланады және жер-жерге басқа рулардан көмек сұрап атшабарларды жіберді. Хан Тәңірге жалбарынды. Атшабарлар көмек сұрап жан-жаққа кеткенде Абылайханның әйелі өз заманының Надырасы, өте ақылды ру басыларының әйелдерін жинап оларға: «Ерлеріміз кәпірлермен жауласып, соғысып жатыр. Олар жеңсе мұратымызға жетеміз, егер жеңілсе ұлтымыз бен отанымыз қалмақтың аяғының астында жаншылады. Тәңір бізді де пенде етіп жаратқан. Не болса да ерлеріміздің қасында боламыз оларсыз өмір сүру өлімнен жаман» деген осындай сөзінен ер жігіттерден және әйелдерден бір топ қол жиналды. Абулфайзханның әйелі жауынгерлердің ханшайымы болып жәрдем берді. Өздерінен алдын Абулфайызға елші жіберді.

Атшабарлар келгенде ислам сарбаздарында азық-түлік жоқ еді. Жәрдем келмей қиналып жатқан сарбаздар қалмақ еліне соғыс ашуды жариялады. Әйелдерінің күш-қайраты ер кісілерді жігерлендірді. Олардың күшіне күш қосты. Қалмақ сарбаздары ислам сарбаздарының іс-әрекетін көріп қорқу басты. Олар қаша бастады. Ислам сарбаздары оларды қылыштан өткізді. Қалғандары жан-жаққа қашты.

Мұсылмандар осы жеңістен көңілі толып Аллах жолына құрбандықтар шалды. Осы жеңіс Дешті Қыпшақ және Түркістандағы барлық қалмақтардың үрейін ұшырды. Дешті Қыпшақ, Түркістан және Ташкент мемлекеті дұшпаннан таза болды.

Осы істер біткен соң Абылайхан билігінде болған жерлерді мұсылман қабилаларына, яғни бүгінгі күнде қазақ атымен танымал болған елге бөліп берді. Шымкент Шымыр<sup>2</sup> руына берілді. Ташкентті Бесағаш шайхым<sup>3</sup> тайпасына, Көкше қоңырат және орта жүзге, Себзар жіңіш<sup>4</sup> руына, Шайх Хованд тухур сіргелі, еслі және ошақты<sup>5</sup> қабиласына берілді. Шыназ құлаш<sup>6</sup> және найман және соған ұқсас тайпаларға Фарқат ауылы шақшам<sup>7</sup> қабиласына берілді. Қабилалардың аты өте көп, бірақ олардың кейбіреулері тілге алынады. Көшпенді халық жаз, көктем айларында тауға кетіп, қыс айларында жергілікті халыққа жақын өмір сүрген. Ниязбек Төлебидің ұлы жіңіш қабиласына Бай Табақ деген сіргелінің қият және қыбырай<sup>8</sup> руынан, өмір сүру үшін өздеріне қала құрған. Олар шайх және қожаларды өздеріне пір тұтып, оларға ықылас қойған салықтан құтқарған [2].

Бірнеше жылдан соң қазақ және қырғыз көшпенділері сартия<sup>9</sup> атымен әйгілі болған қала және ауыл тұрғындарына көп қиыншылықтар туғызды. Сартия басшылары өзара кеңесіп, қазақ көшпенділерінен қалайда құтылу керек жолдарын іздей бастады. Соңында қожалардан бірін өз жұртына басшы етіп көшпенді қазақ пен қырғызға соғыс ашуға кеңесті. Бірақ қазақтардың жағдайын біліп жүрген шайхтар өзара келісіп бұл сырды қазақтарға айтуды дұрыс деп тапты. Ақырында Бесағаш ауданында Салық ақсақал алдына келеді, ол шешендігі мен ел арасында беделді кісі еді. «Біз қашанға дейін қазақ көшпенділерінің құлы, әйелдеріміз олардың күні болып жүруі керек біз мұндай қиыншылыққа қашанғы шыдап, төзе аламыз, өзіміздің елімізді, Отанымызды құлдықтан құтқаруымыз керек. Мен сіздерге осыны жеткізе отырып, қабылдауларыңызды сұраймын». Юнусқожа айтты: «Қазақ тайпалары жақсы және бай өмір сүреді, бірақ олардың ішінен қаңлы және шанышқылы руларына суы кем жерлер тиген» соның арқасында олар нашар өмір сүреді. Олардың осындай жерлерге жайлануы Абылайхан қалмақпен соғыс жүргізген кезде қаңлы<sup>10</sup> мен шанышқылы<sup>11</sup> рулары соғысқа қатыспай, мал және адамын да қатыстырмаған. Осының нәтижесінде басқа қазақ тайпалары өте жақсы жер, атақ даңққа ие болған, ал қаңлы мен шанышқылы басқа жерге көшіп өтуіне қарсы келген. Біз оларға жақсы жер уәде беріп

оларды басқа тайпаларға қарсы қойсақ қиыншылықтардан арыламыз. Кеңеске қатысушылар Юнусқожаға пікірі мен кеңесі үшін алғыстарын білдірді. Кеңеске қатысушылар Юнусқожаға қаңлы мен шанышқылы тайпаларына елшілікке баруды және де өзара байланыс етуді тапсырды. Юнусқожа қаңлы мен шанышқылы тайпаларының басшысы болған. Юнусқожа Шайх Қовонды Тахур ауданының басшысы етіп тағайындады. Ал Себзар және Көкше ауданын Бадалқожа Себзарийға, Бесағаш ауданын молда Шамсидин және Салық ақсақалға Бесащыны берді. Осыдан кейін шығарылған өкімдерге берік болуға уәделесіп, әркім өз үйлеріне тарады.

Юнусқожа қаңлы және шанышқылы тайпасына барып, өзінің айлакерлігін қолданып қала және сарт тұрғындарымен бірігіп, соғыс жариялауға үндеді. Бір атшабарын ойлаған істі жүзеге асыру үшін елшілікке жіберді.

Хатта қала мен сарт халқы соғыс ашу үшін барлық нәрселерді дайындап, үш күн ішінде қорғаныстың дайын болуын және кімде-кім қарсы шықса, оларды ұстап өлтіретіндігін айтты. «Белгіленген күні біз басқа тайпаларға соғыс ашамыз» деп жазған еді. Бірден қала тұрғындары әрекет ете бастады.

Барлық адамдар қолына не түссе соны алып, құрал-жабдықтармен белгіленген күнді сабырсыздана күтті.

Осы екі тайпа Юнусқожаны өздеріне басшы етіп тағайындады өздеріне жақын болған қият<sup>12</sup> және түрік тайпаларын топ-топқа бөліп, аттары тілге алынған басқа тайпаларға жорыққа шықты.

Бірінші дулат тайпасына қаралы хабар жетті. Олар дулат<sup>13</sup> тайпаларын жеңіп бар мал-мүлкін талан-тараж етіп тартып алды. Екінші күні сырғалы тайпасын жеңді. Паркент және жетікент халқы да қазақтардан зорлық-зомбылық көргені қолдарына кетпен, орақтарын, таяқтарын алып оларды жоқ қылу үшін қозғалды. Намдан ауылынан Айқожа деген сарттардың үлкені бір тобы Юнусқожа және қаңлы, шанышқылы, қият, түрік тайпаларына жәрдем беру үшін жетіп келді. Олар барлығы бірігіп, жеңіске жетіп, мал-мүлкін тартып алды.

Жеңілген тайпалар Ташкент және оның аумағынан уақытша ұзақ жерлерге кетті.

Сарт тайпаларының ақсақалдары жеңіске жеткеннен кейін ұлан-асыр той жасап, қаңлы, шанышқылы, түрік тайпаларына жақсы жерлер берді. Ташкент маңайындағы шөл және құмдық жерлерді төрт тайпаға бөліп берді. Қожагелді мерген Паркент пен Жетікенттің<sup>14</sup> әкімі болды. Ташкентте Юнусқожа, Бадалқожа Молда Шамсидин және Салық ақсақалы төрт әкім болып мемлекетті басқарды.

Үш жылдан соң төрт әкімдіктің достығы дұшпандыққа айналып, Юнусқожа өз айласын Себзар мен Көкше ауданының әкімі Бадалқожаны паракорлықта

айыптап өлтірткізді. Бесағаш ауданының әкімдері Молда Шамсидин және Салық ақсақалды қонаққа шақырып у беріп өлтіртті.

Оның қолдаушылары болған шанышқылы және қаңлы тайпалары арқасында Юнусқожа Ташкенттің барлық ауданына әкім болды.

Жетікент және Паркент әкімі Қожагелді мергенді имансыздықта айыптап, шанышқылы көшпенділеріне: «Паркент әкімі Қожагелді мерген – үлкен байлық иесі оның мал-дүниесін сіздерге бердім, жақындарының үйлеріне барып, мал-мүліктерін, өздерін, барлық ағайын-туыстарымен менің алдыма алып келіндер» деп бұйрық берді. Мұндай бұйрықты алған кезде Қожагелдіні ағайын-туыстарымен және жақындарымен қол-аяғын шынжырлап байлап, жалаңаш күйде Юнусқожаға алып келді. Сол мезетте оның бала-шағасын, әйелін шағадат дәрежесіне жеткізіп, оның орнына Айқожаны Паркент және Жетікент әкімі етіп, үлкен жасақпен жіберді. Бұл аудандар да Юнусқожаның қолына өтті. Кейінгі жылы Піскент<sup>15</sup> Киров және Тилав<sup>16</sup> қыстақтары басып алынды. Юнусқожа басқарған аумақ Солтүстікте Шымкент, шығыста Писком атымен мәлім болған Пасткан, оңтүстікте Кендіршыңы және батыста Сырдарияға дейін созылған еді. Жасақтары шанышқылы, қаңлы және қалалықтар есебінен 20 мыңға жеткен еді. Соғыс жүрісі кезінде адам саны және де көбейіп тұратын болған.

### Түсініктемелер

<sup>1</sup> *Абылайхан атымен атақты болған Абулфайызхан – Абылайхан (? - 1781) – қазақтардың орта жүз сұлтаны, ханы (1771 жылдан). 1740 жылдан Ресей қарамағына өтуге мәжбүр болды және Ресеймен сауда-саттық қарым-қатынаста болды. Орта жүз, Ұлы жүз қазақтарына қарағанда Қырғыздардың кейбір руларын өз үстемділігінің арқасында бірлестірді.*

<sup>2</sup> *Шымыр - қазақтар ішіндегі ру.*

<sup>3</sup> *Шайхым - қытшақ(қазақтар) ішіндегі ру.*

<sup>4</sup> *Жіңіш - қытшақ(қазақтар) ішіндегі ру.*

<sup>5</sup> *Сіргелі Еслі және Ошақты – қытшақ (қазақтар) ішіндегі рулар.*

<sup>6</sup> *Құлаш - қазақтар ішіндегі ру.*

<sup>7</sup> *Шақшам - қазақтар ішіндегі ру.*

<sup>8</sup> *Қият және қыбырай - қытшақ(қазақтар) ішіндегі рулар.*

<sup>9</sup> *Сартия/сарттар – тәжік және өзбек тілінде сөйлейтін Орта Азия қалаларының халқы. Сарт сөзі ежелден керуенбасы немесе саудагер деген мағынада айтылған.*

<sup>10</sup> *Қаңлы – түрік халықтар құрамындағы бір топтағы тайпаның жалпы аты. Қаңлылар өзбектердің 92-шы руының құрамында да кездеседі. Шыңғысхан дәуірінен алдын қаңлылар Орал тауының батысында Омбы және Орал өзенінің орталығында орналасқан. Олар бірнеше руларға бөлінген: Сары*

қаңлы, қара қаңлы, қызыл қаңлы, баба қаңлы, алтыс қаңлы, бөке қаңлы және басқалар.

<sup>11</sup> Шанышқылы - түркі тайпаларының аты. Өзбек және қазақ халықтарының құрамына кірген этник тайпа.

<sup>12</sup> Қият – ежелгі түрік тайпаларының бірі. Оғыздар құрамына кірген. VII-X ғасырларда Дешти қыпшақ даласында жасаған, шаруашылықпен айналысқан. Оғыздар мемлекеті ыдырағаннан соң XI ғасырда қияттар да бөлініп кеткен. Олардың үлкен бөлігі Түркіменстан аймағындағы жергілікті халқына, басқа бір бөлігі болса Балқан халқының құрамына сіңіп кеткен. Дешти қыпшақ шөлдерінде қалған қазақтар қарақалпақ халқының бір бөлігі болып қалған. Қарақалпақ құрамындағы қияттар үшке бөлінген 3 таңбалы, тарақты, балғалы. Қашқадарияның жоғарғы ағысында Хорезм және Бұхара қалаларының арасында, сондай-ақ, Заравианның орта ағысында қияттар диханишылық және шаруашылықпен айналысқан.

<sup>13</sup> Дулат – қырғыздарда манақ руына кірген бір тармағы. Қазақ, өзбек, түркімен және басқа түркі халықтары құрамына кірген тайпа.

<sup>14</sup> Фаркент – қазіргі Паркент ауданы және аудан орталығы.

<sup>15</sup> Піскент – Ташкент облысы аудан орталығы.

<sup>16</sup> Киров және Тилев – Киров құрама мүліктің орталығы болған. Ташкент облысы Піскент ауданындағы ауыл. «Гүлстан» ұжымшарының құрамы. Тилев Охангаран ауданындағы ауыл.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Исторический военный архив РФ. Ф.400, оп.1, ед.хр. 718, л. 30.
2. ЦГА РУ з, ф. И-47, оп. 1, д. 1148, л. 150.



**Э.Ө.ЗҰЛПЫХАРОВА**

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**Ж.И.САБИРОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**1967 ЖЫЛҒЫ «АЛТЫ КҮНДІК СОҒЫС»**

**В статье дается критический анализ причин и последствий конфликта на Ближнем Востоке и политики международного сообщества по урегулированию конфликта «Международная борьба на пути конфликтов».**

**The article deals with the critical analyses of reasons and results of the conflict in the Middle East and with the policy of the international community of this conflict regulation.**

«Алты күндік соғыс» араб-израиль қақтығысындағы араб және Израиль басшыларының шынайы мүдделерінің үйлеспеушілігі, египеттік амбиция, Сирия радикализмі, Израиль басшылығының айлакерлігі арабтық өзара араздық, американдықтарды вьетнамдық мәселелердің қобалжытуы, кеңестік қауіптену сияқты тізбектелген реакциялар нәтижесі болды. «Алты күндік соғыс» өткен араб елдерінің 1967 жылғы Хартум конференциясы «еврей мемлекетімен бейбітшілікке келмеу, қарым-қатынас орнатпау және еврей мемлекетін танымау» туралы шешім қабылдады.

Осылайша «алты күндік соғыс» араб елдері мен Израильдің арасында осы күнге дейін жалғасып келе жатқан бітпес жанжалға айналды. Ол Израиль мемлекетінің соғыста басып алған араб мемлекеттерінің жерлерін қайтармау мен Иерусалимнің мәртебесіне байланысты болды.

Таяу Шығыс шиеленісінің пайда болуы, тууы, дамуы сияқты мәселелері— әлемдік тарихта кеңінен зерттеліп жүргенімен, қазақстандық зерттеулерден шеттетіліп қалған тың дүние. Таяу Шығыс шиеленісі тарихындағы араб-израиль соғыстарының ішіндегі ең күрделі, осы күнге дейін соғыс салдарынан зардап шегуші тараптар талаптарының жүзеге асырылмай отырғандығымен ерекшеленіп отырған маусым соғысы тарихын зерттеудің маңыздылығы әлі күнге зерттеушілердің назарынан түскен жоқ. Араб-израиль қақтығыстарының осы уақытқа дейін толастамауы, Таяу Шығыс жанжалының реттестірілмеуі бұл шиеленістің халықаралық бейбітшілікті дағдарыстық деңгейге жеткізіп, мұсылман елдеріндегі ахуал мен әлемдік экономикалық жүйеге әсер етті. XX ғ. 50-ші жылдары ортасынан қалыптасқан әлемдегі биполярлық жүйе АҚШ пен КСРО үстемдік еткен екі әскери саяси топқа (НАТО және Варшава шарты) бөлінуімен, қырғи-қабақ соғыс рухындағы қақтығыстар мен әлемдік саясаттағы дағдарыстарды әскери саяси тәсілмен шешу басымдылығымен сипатталады.

1956-1965 жж. аралығын салыстырмалы түрде араб-израиль қақтығысындағы тыныштық кезеңдері деп саналғанымен, араб әлеміндегі

жағдай тұрақсыз болып қала берді.

Суэц дағдарысынан кейінгі араб мемлекеттері мен Израиль арасындағы қатынастар ретсіздігі Таяу Шығыстағы барлық саяси ахуалға ықпал етті.

1960-шы жылдар ортасында араб-израиль қақтығысы дағдарыстық шегіне жетті. Қырғи-қабақ соғыстың шарттары мен толассыз кеңес американдық қақтығыстар аймақтағы жағдайды одан әрі күрделендіре түсті. Таяу Шығыста түпкілікті орнығуда Кеңес Одағы араб одақтастарына әскери, саяси, дипломатиялық қолдау көрсету арқылы оларды тірек етті.

АҚШ та өз одақтасы Израильге қатысты осындай саясат ұстанды. Алты күндік соғыс екі қарама-қайшылықты саяси және стратегиялық қадамдар күресі ғана емес, екі ұлы державаның қырғи-қабақ қатынасының «сенімді» жақтастары арқылы қақтығысы тұрғысында қарастырылады.

Бірақ, «сенімді жақтастарының» өздерінің жеке мүдделері мен мақсаттары да болғаны анық. Таяу Шығыстағы Кеңес саясатының қалыптасуына кеңестік идеологияның халықаралық қатынастарға таптық тұрғыдағы қатынасы да зор ықпал етті. Осы тұрғыда Таяу Шығыс қайшылығы империализм мен араб ұлт-азаттық қозғалысы арасындағы қақтығыс көрінісі ретінде бағаланып, Израиль империализм қолындағы қару деп танылды [5.163].

Израиль американдық мүддемен санасқанымен, өз мақсат-мүдделеріне қарай әрекет етті. Дегенмен олар толық тәуелсіз күш бола алмады. Өзінің өмір сүруінің алғашқы жылдарында-ақ Израиль билеушілерінің «батыстық бағытқа» сүйенуі оларды араб елдерінің тәуелсіздігі жолындағы күрестеріне қарсы тұрды.

Таяу Шығыстағы батыстық аванпостыға айналдыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Израиль экономикасы ірі сионистік ұйымдардың қаржылай көмегіне тәуелді болды. Израиль Сирия мен Египетке жасалар агрессия Батыс тарапынан моральдық, саяси және экономикалық қолдау табатынына сенімді болды және олар қателеспеді.

Ақ Үй және Пентагон американдық мүддеге қайшы келер араб тәртіптеріне өздерінің жеке себептеріне байланысты қарсы шығушы елдерді бағалай білді [2.395-400].

Араб жетекшілерінің империализмге қарсы бағыт ұстанулары, олардың «империализмнің тіміскі әрекеттерімен» ашық күрес жариялауына Кеңес Одағының АҚШ-қа қарсы күресі мен Таяу Шығыс аймағында өзіне одақтастарды іріктеп таңдау бағытында жүргізген саясаты әсер етті.

Бұл ретте сол кездегі партиялық және мемлекеттік басшылар жоспарында әсіресе, барлық Таяу Шығыс аймағына социализм идеясын таратуы мүмкін насырлық Египетке үлкен үміт артылды [4.46-48].

Екі жүйе күресі шеңберіндегі өзінің сыртқы саясатында Кеңес Одағы басты қарсыласы АҚШ-қа саяси соққылар беру үшін барлық күш-жігерін

жұмсады. Сонымен қатар, кеңес басшылығының АҚШ-ты Вьетнам соғысы сияқты тағы бір қақтығысқа қатыстыратындай Таяу Шығыста соғыс өртінің тұтануына мүдделі болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Араб жетекшілері мен Кеңес басшыларына осы кездегі АҚШ-тың Вьетнам соғысында тұйыққа тірелуі мен халықаралық жағдайлар да қолайлы болып көрінді.

Халықаралық саяси жағдайды бұлай қабылдау қателікке ұрындырды. Біріншіден, Кеңес басшылары Израильді АҚШ-тың қолшоқпары деп біліп, оны дербес ойыншы ретінде санамады. Екіншіден, болуы мүмкін соғыстың барлық ауыртпалығын Израильге жүктеді. Сонымен қатар КСРО соғыстың болуына аса мүдделі болмағанымен де оны әскери қарымта қайтаруды аңсаған араб одақтастары итермеледі. Араб одақтастарына дипломатиялық көмек көрсете отырып, Кеңес Одағы араб елдерінің Израильмен қақтығысын қолдады [1.213].

Египет басшылығының соғысты бірінші болып бастауына Кеңес Одағы қарсылық білдірді. Нәтижесінде Израильдің тұтқиылдан жасалған шабуылы арабтарды осы соғыста жеңіліске әкелген болатын.

Израиль Қарулы Күштерінің мүмкіншіліктеріне шек келтірген КСРО Қорғаныс министрлігі Египет Израильді талқандамаған күнде де өзінің және Кеңестік қарудың күшін көрсетеді, ал бұл Кеңес Одағының Таяу Шығыстағы беделі мен ықпалын нығайтады деп есептеді.

Египет президенті Гамал Абд Насырдың Синайдан БҰҰ әскерін шығару, Тиран бұғазын жабу әрекеттері де себеп болды. Таяу Шығыстағы үшінші араб-израиль соғысы 1967 ж. 5 маусымда Израильдің Египет әскери әуежайларын тұтқиылдан шабуылдауымен басталды. Египет әскери әуе күштері қатардан шыққаннан кейін Израиль әскері Синай шөліне қарай жылжыды.

Египеттің танктері мен жаяу әскері әуеден қорғалмағандықтан Израильдің әуе күштеріне оңай нысанаға айналды. Израильдіктердің әскери күшінің соғыстың алғашқы күндерінде-ақ басымдылыққа жетуі Египет әскери әуе күштерінің дұрыс басқарылмауынан болды.

Арабтардың әскері шаруалардан, яғни заманға сай техниканы толық пайдалана білмейтін жауынгерлерден тұрды. Таза әскери тұрғыда Израиль мен БАР-ды салыстырғанда Египет әскері күрделі техникамен жұмыс істеді. Египет әуе күштерінің талқандалуына қарамастан арабтық майдан шебінде Египет әскерлерінің жеңісі туралы жалған ақпарат таратылды. Бұл хабарлар Сирия, Иордания, Ирак әскерлерінің соғысқа араласып, көп қателіктерге ұрынуларына себеп болған. Соғыс нәтижесінде Израиль Египеттің Синай түбегін (аумағы 60000 шаршы км), Газа аумағын (1200 шаршы км), Иордан өзенінің Батыс жағалауын (6000 шаршы км) Суэц каналының шығыс жағалауын, Сирияның Голан қыраттары мен Шығыс Иерусалимді жаулап алды. Нәтижесінде

Израиль көршілес араб мемлекеттерінің есебінен жалпы аумағы 68,7 мың шаршы шақырым жерді басып алды.

Егер 1948-1949 жылдардағы Палестина соғысының нәтижесінде Израиль күшпен Палестина араб мемлекетіне бөлінген жерді бөліске салған болса, 1967 ж. соғыста Израиль барлық ежелгі Палестинаға тиесілі жерлерді басып алды. 1967 ж. 28 маусымда Иерусалим Израильдің біртұтас астанасы болып жарияланды [7.11].

Маусым соғысынан кейінгі БҰҰ-ның 242-ші қарарының мазмұны Таяу Шығыс шиеленісін реттестірудегі ресми қадамы үш заңды талаптан құралып, неғұрлым теңдестіруге негізделді. Біріншіден, 1967 ж. маусым соғысы барысында Израиль әскерлерінің жаулап алған жерлерінен кетуін талап етті. Екіншіден, Палестина араб халқының өзін-өзі анықтау т.б. ұлттық құқықтарын орнату туралы талаптарын қоюы болды. Үшіншіден, болашақ Палестина мемлекеті мен Израиль мемлекетін қоса барлық Таяу Шығыс мемлекеттерінің тәуелсіз өмір сүруі мен дамуын қолдауы болды.

Ол үшін Израиль мен араб мемлекеттері арасындағы соғыс жағдайын тоқтату, олардың арасында өзара құрмет, теңдік, қауіпсіздік, тату көршілестік принципінде бейбіт қарым-қатынастар орнату мақсатында батыл қадамдар жасау талап етілді. Алты күндік соғыстың басты салдары болып Таяу Шығыста геосаяси баланстың түбегейлі өзгеруі болды. Соғыс салдарының Таяу Шығыстағы кейінгі бейбіт үдерістер ағымына тигізген әсері үлкен болды.

Таяу Шығыс шиеленісінің жиынтығына жаңадан жаулап алынған жерлер мен Иерусалимнің статусы секілді күрделі мәселелер қосылды. Маусым соғысы палестиналық босқындардың ахуалын Палестина халқының ұлттық құқықтары деңгейіне дейін жеткізіп, оны әлемдік саясаттың өзекті мәселелерінің бірегейіне айналдырды.

Алты күндік соғыстың тағы бір қорытындысы палестиндік ұлтшылдықтың өсуі, ПАЕҰ беделінің артуы болды, соғыстан кейін Палестина халқының бірден-бір заңды өкілі болып танылған ПАЕҰ Таяу шығыстық аренада дербес ойыншыға айналды.

Сонымен бір мезгілде Израильде діни және саяси пайымдаулармен алға шыққан 1967 ж. жаулап алынған жерлерден кетуге қарсы күштер өздерінің ықпалын күшейтті. Израильдің әскери жеңісі оған аймақта жедел түрдегі саяси басымдылықты әкелмеді. Израильдіктер әскери жеңісті саяси жеңіске айналдыру мүмкіндігіне және жаулап алған жерлер орнына бейбітшілік алуға жете алмады. Алты күндік соғыс араб-израиль қатынастарының жаңа кезеңінің басталуымен ғана айқындалмайды, бұл соғыс Таяу Шығыстық реттестіру күресінің ұзақ та қиын кезеңінің басталғанын көрсетті. Бұл кезеңде араб-израиль қақтығысына әр деңгейде тартылған елдер жеңіске жетті немесе жеңіліске ұшырады.

Бұл соғыс Таяу Шығыста бақталас саясат жүргізіп отырған державаның ұстанымдары мен басты мүдделерін айшықтап, басымдылыққа қол жеткізген тарапты да айқындап өтті. Маусым соғысы араб қоғамдық пікірінде Мәскеу берген ресми пікірлерге сәйкес «империалистік басқыншылық» мағынасында

қабылданды.

Күйрей жеңілген «алты күндік» соғыстан кейін де араб елдерінің жетекшілері мен Кеңес басшылары өздерінің қателіктерін мойындауға асықпады. Соғыс алдындағы араб елдері мен олардың басты одақтасы өздерінің сыртқы саяси бағыттарындағы дұрыс, бұрыс жолдарын қарастырудың орнына араб әскерінің әлсіздігін Израильдің тұтқиылдан шабуыл жасауынан, Израильге АҚШ-тың көрсеткен көмегінен, «әлемдік империализмнен» іздеді [6.511].

Соғыстан кейінгі кезеңде Израиль басшыларының басты талабы араб елдерінің Израильді тануын қамтамасыз ететін және басқа да екі жақты келісімдерге қол жеткізетін арабтармен тікелей келіссөздер жүргізу болды. Кеңес басшыларының пайымдауынша мұндай келіссөздер болған жағдайда Израиль АҚШ-ты Таяу Шығыста жеңіске жеткізер күш деп есептегендіктен, бұл келіссөздерден АҚШ пайда көретін болды.

Ал, бұған Кеңес басшылығы жол бере алмады, сондықтан да ол Израиль мен араб елдері арасындағы тікелей, оңаша келіссөздерге қарсы болды. Мұндай қадамды аймақта Израиль ықпалының күшеюінен қауіптенген кейбір араб басшылары да қолдады [3.137].

Ал Таяу Шығыс шиеленісін реттестіруде жетекші орынға ие болып отырған бәсекелес екі тарап КСРО мен АҚШ бейбіт үдерісті ұйымдастыруда келісімді саясат жүргізуге дайын болмады. Қалыптасқан жағдайда Израиль басшылығы уақыт өте қаталдық пен ырыққа көнбестік көрсетіп, жаулап алған жерлерін сақтап қалуға тырысты.

1967 ж. соғыстан кейінгі айлар қақтығысушы тараптардың ешқайсысының да реттестіруге дайын емес екендігін көрсетті. Араб елдері Израильді танудан бас тартса, Израиль өз кезегінде осы талапқа қол жеткізуге тырысты. 1967 ж. маусым соғысына дейінгі жерлердің статусын анықтаудағы жекелеген араб елдері мен Израиль арасындағы өзара келіспеушіліктер Таяу Шығыстағы шиеленістің реттестірілуіне қазіргі күнге дейін кедергі келтіріп отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Черчилль Р.У.* Шестидневная война. М., 1989.
2. *Eban A.* An Autobiography. New York: Random Houze, 1978.
3. Советская внешняя политика в ретроспективе. 1917-1991. М., 1993.
4. *Млечин Л.* Красная Палестина // Азия и Африка сегодня // 2007 №10 с.46-48.
5. *Примаков Е.М.* Конфиденциально: Ближний Восток на сцене и за кулисами. М.: ИИК // Российская газета // 2006.
6. *Али Т.* Столкновение цивилизации. М., 2003.
7. *Эпштейн А., Урицкий М.* Шестидневная война и современная политическая динамика на Ближнем Востоке. Восток, 2003. -№2.

**Д.МҰСТАПАЕВА**

тарих ғылымдарының кандидаты

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доцент қызметін атқарушы

**МУЗЕЙДЕГІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ  
МАТЕРИАЛДАР, ОЛАРДЫ ҒЫЛЫМИ САРАЛАУ**

**В статье дано научное описание находящимся в музее посуде из шкур животных и средствам средневековой ирригационной системы.**

**The article presents a scientific description of dish ware made of leather and means of medieval irrigation system.**

Елдің материалдық мәдениетін көрсететін, тұрмысында қолданған заттарын саралау арқылы көптеген мәнді ақпараттар алуға болады. Музей экспозициясы мен қорындағы теріден және ағаштан жасалған ыдыстар жиынтығы халық шеберлігін ғана көрсетіп қоймай, дәстүр жалғастығын да бейнелейді.

Қазақтардың мал сүт өнімдерін өңдеп, сақтауға арналған теріден жасалған ыдыстарының қоршаған ортаға, күнделікті тұрмыстағы талаптарға сай өзіндік технологиямен жасау дәстүрі, шеберлігі бары белгілі. Халқымыздың ежелден келе жатқан тері өңдеу дәстүрін өз қажеттігіне жаратып, тіршіліктің әр жағдайына бейімдеп ыдыстарды жасап, қолдана білген. Қазіргі кезде жаңа өмір салты, өндірістің жаңа өнімдері сол бір ерте заманнан күнделікті өмірлерінде, жауынгершілік заманда кең қолданған заттарының қазіргі кезеңде ұмытылып, тек музейлерден көру мүмкіндігін қалдырып отырғандай. Халық шеберлері қазіргі кезде атадан мұра болып қалған тері ыдыстарды жасау дәстүрлерін насихаттап, жариялауда. Ал, музейдегі көненің көзі XVIII-XIXғғ. қолданыста болған теріден жасалған ыдыстар жинағына шолу жасап, жасалу технологиясы мен ел арасындағы аталуына тоқтап өткен жөн болар.

Жылқы, түйе, қой, ешкі, сиыр, т.б. мал түрлерін өсіріп, олардың өнімдерін тіршілігінде өңдеп, жарата білген халқымыздың сол өнімдердің бірі – сүтті өңдеп, сақтап, қолдануда тері ыдыстардың неше түрлерін жасай білген. Аталған терден жасалған ыдыстардың бірін кк 2778 нөмірлісінің атауын – шүмегі бар тері ыдыс **бие шелек** деуге болады [1]. Бұл теріден тігілген, биіктігі-23 см, диаметрі-30 см, шүмегі бар ыдыс. Бие сауу үшін сыртқы сипаты шәйнек секілді, түйенің мойын терісінен тігілген ыдысты қолданған. Мұндай ыдыс асау жылқыны сауған кезде өте ыңғайлы болған, себебі сауылған сүт дыбыссыз ыдысқа құйылған [1].

Музейдің теріден жасалған ыдыстар коллекциясындағы бұл ыдыс үш бөлікке бөлінген теріден түбі, сыртқы бөлігі және шүмегі жеке-жеке пішіліп, сонан соң біріктіріліп тігілген. **Бие шелектің** ернеуі сыртына қарай қайрылып тігілген, ескі, жамаулары бар.

Аталмыш жинақтағы кк 2779 нөмірлі ыдыстың биіктігі–35 см, түбінің диаметрі–26 см, ернеуінің диаметрі–25 см. Мал терісі екі бөлікке бөлініп, түбі және сыртқы бөлігі жеке пішіліп, сонан соң біріктіріліп тігілген, ернеуі сыртқа қайрылған. Мұндай формадағы су құятын, тозбайтын үлкен ыдыстарды, көбіне түйенің мойын терісінен жасағандықтан **түйемойнақ** деп атаған екен [2]. Сонымен қатар, бұрын алғаш құда түсіп, құйрық-бауыр жегенде көнек шелекті алып, тоқылдатып құдалардан кәделер алатын болған [3]. Сыртқы формасы бойынша бұл ыдыс түйемойнақ, көнек деп аталған ыдыстарға сай келеді. Бұрынғы кезде халқымыз түйе ұстайтын аудандарда түйе терісін кең қолданған жағдайда суға, сұйықтық құюға арналған мұндай ыдысты түйемойнақ десе, түйе малынан басқа мал түрлерін ұстаған аудандардағы ел арасында **көнек** деп кең аталған.

Осы жинақтағы кк 2780 нөмірлі теріден жасалған ыдыстың биіктігі–50см, ернеуінің диаметрі–19,5 см, түбінің диаметрі–23 см. Ыдыстың түбі, сыртқы бөлігі бөлек пішіліп, тігілген. Төменгі бөлігінің ені жоғарғы бөлігіне қарағанда кең. Ыдыс жоғарғы бөлігіне қарай тарыла түскен. Ернеуінің жиегінде жіп өткізуге арналған екі тесік бар. Май алуға арналған ағаш күбіге ұқсас деуге болады. Бұрынғы кезде қымызды тасу үшін екі шелекке дейін сусын сыятын **сүйретпелер** болған.

Этнографиялық деректерге сүйенсек, оны ірі қараның, жылқы, түйенің мойын терісінен жасаған сүйретпелер, серкенің толық өңделген терісінен істелген **местерді** қымыз, май, айран, шұбат сақтауда, алып жүруде қолданылған [2]. XIII ғасырдағы Рубруктың шығармасында бие саууға, қымыз, май, т.б. заттарды дайындау, сақтауға, қолдануға байланысты деректер кездеседі. Қымыз, құрт, май сақтауда теріден жасалған ыдыстарды қолдану, бие сауу туралы айтылады [4]. Мұндай теріден жасалған ыдыстар көптеген ғасырлар бойы тұрмыста кең қолданылып, қоршаған ортаның, тіршіліктің жағдайына бейімделе, өмірдің талабына сай тамақ өнімдерін сақтау мен өндеуде ең тиімді әдістерді игере білген елдің материалдық мәдениетінің дамыған бір көрінісін береді.

Теріден жасалған келесі кк 2753 нөмірлі ыдыстың биіктігі - 17 см, ернеуінің диаметрі- 9 см, түбінің диаметрі - 10см. Тері ескірген, ыдыстың ернеуі қайрылып, оған жылқының қылынан өріліп, тұтқа бекітілген. Ыдыстың түбі бөлек, сыртқы бөлігі бөлек пішіліп, жіппен тігілген. Мұндай кішкентай, су, сұйықтық құюға арналған ыдысты «**топтай**», «**құты**» деп атаған [1]. Аталған ыдысты күнделікті тұрмыста сүт, қымыз, шұбат құюға пайдаланған.

Теріден тігілген келесі кк-2752 нөмірлі ыдыстың биіктігі -42 см. Ұш бөлек пішілген теріден тігілген, аузында ағаштан жасалған тығыны бар бұл ыдысты – **торсық** деп атаған. **Торсық** - ежелден келе жатқан қазақ халқының, жалпы түркі халқының қымыз құятын ыдысы. Өздеріне тән өмір салтына сай

ыңғайланып жасалған бұл ыдыс талай-талай ғасырлар бойы елдің көшіп-қонған кездерінде, жорықтарда батырдың жанында жүретін жанторсығы болды. Әсіресе мал шаруашылығымен айналысқан қазақ, қырғыз, түркімен, қарақалпақ халықтары кең пайдаланған бұл затты жасауда негізгі қолданылған материал – тері болған. Торсықтар әр түрлі және түрлі сыйымдылықта жасалып отырған. Басқа да теріден жасалған ыдыстар секілді торсықты түйе, өгіз, т.б. мал терісін өңдеп, тігетін болған. Торсықтың сыйымдылығы әр түрлі 3-8 литрге дейін сусын құюға болатын, ыңғайлы ыдыс болған [5].

Аталған заттардың бәрі теріден жасалған. Көшіп-қонуға, қозғалыстағы өмір салтына ыңғайлы жеңіл, сынбайтын бұл ыдыстарды жасау үшін арнаулы терілерді өңдеп, ыстаған. А.И.Левшин өзінің зерттеуінде көшіп-қонғанда, жол жүргенде қазақтардың Орта Азияның басқа да халықтары секілді толық қой терісінен тіккен, ұзақ уақыт бойы, ыстық күнде су салқын күйінде жақсы сақталатын торсық, местерді қолданғанын, қазақ ордасында әр түрлі көлем мен сипаттағы теріден ыдыстар жасалғанын айтады. Ыдысқа арналған терілерді арнайы түрде жақсы бапталға, соғымдық мал терісінен дайындаған. Теріні ашыған айранға салып, жұмсартқан, сырықтарға іліп кептірген екен [6].

Аталмыш тері ыдыстардың жасалу технологиясына келсек пішіліп, жіппен түрлі тігіс әдістерін қолданып, тігілген. Ыдыстардың сыртына көркем етіп өрнектер түсірілмеген. Қарапайым, күнделікті тіршілікте қолдануға арнап жасалғаны байқалады. Тері ыдыстарды жасауға ел өте үлкен мән берген. Себебі күнделікті тағамдарының өңделіп, сақталуы осы ыдыстардың сапасына тікелей байланысты болғаны белгілі. Сол себепті, жақсы бапталған мал терісін арнайы түрде ыдыс жасау үшін алып өңдеген теріден қажетті ыдысты пішіп, түйенің жүнінен жасалған шудамен, таспамен тігетін болған. Теріден жасалған ыдыстарды тігуде арнайы жіптердің шуда, таспа, тарамыс деп аталған түрлері қолданылған. Аталған тері ыдыстарды тігуде жіптердің әр түрлі жіңішкеліктегі формалары қолданылған. Тігістеріне назар аударсақ, өте көркем, қарапайым түрдегі тігістермен тігілген деп айтуға болады. Халық қолөнерінің дәстүріне қарасақ, тігіліп болған бұйымдардың ішіне құм толтырып, тығыздап, ыстық пен желде бірнеше күн қойған. Ыдыстың іші-сыртын тұздалған сары маймен немесе жылқының сүр етінің майымен майлап, күнге қоятын болған. Осыдан кейін ыстау процесінен өткен. Ыс салу кез-келген адамның қолынан келе бермейтін, өзіндік бір кәсіп болған. Онымен арнаулы түрде, бұл кәсіпті жақсы білетін, игерген адам айналысқан. Қазақтарда ыс салу тобылғы бүршіктеген кезде басталған, яғни көктем кездерінде жүргізіліп отырды. Ыдыстарды түтінмен ыстау үшін курамаған бүрлі тобылғы, көк пішен, ши, иіс сіңіру үшін жусан, адыраспан, арша қосып жаққан екен [7]. Ыс әбден сіңген ыдыстардың түсі қызыл күрендеп, кепкен



мейіздей болып қатып қалады. Музей жинағындағы тері ыдыстардың сыртқы түсі айтылып отырғандай қызыл күреңделіп, қатып қалған. Күнделікті қолданыстан шыққан бұл бұйымдар да кезінде ең жоғары өңдеу дәрежесінен өтіп, дайындалған соң да өзінің затқа тән сипатын сақтап тұрған болу керек. Дегенмен, осы аталған тері бұйымдардың қазіргі кездегі сақталу дәрежесін ұстап тұру өте маңызды. Музей қорында сақталып, экспозициясына қойылған қазақ халқының материалдық мәдениеті туындылары мен сүт өнімдерін өңдеу, сақтау, қолдануда пайдаланылған теріден жасалған ыдыстардың жиынтығын:

1. Сүт өнімдерін құюға арналған ыдыс (бие шелек; құты, топатай):
2. Сүт өнімдерін сақтауға арналған ыдыс (мес, көнек, түйемойнақ):
3. Сүт өнімдерін тасу, қолдануға арналған ыдыс (торсық, сүйретпе) деп

жіктеуге болады. Бұл ыдыстардың жасалу процесі келесі:

1. Шикізатта яғни теріні өңдеу, пішуге дайындау.
2. Ыдыстарды пішу.
3. Тігу кезеңі.
4. Құм толтырып, өзіне тән формаға келтіру.
5. Ыс салу кезеңдерінен өткен.

Бие шелекті бие сауғанда қолданып, кейіннен ыдыстағы сүтті басқа ыдысқа құйып алып отырған. Бұл ыдысты бие сауу кезінде қолданған болса, түйемойнақ, көнек, сүйретпе, местерді сүт өнімдерін сақтап, тасуда кең пайдаланған. Музей коллекциясындағы қазақтардың сүт өнімдеріне қатысты теріден жасалған бұйымдар қазіргі заманда қолданыстан шыққан, өзіндік бір жасалу шеберлігіне ие құнды, халық өнерінің, даналығының ерекше бір туындысы болып табылады. Малдың сүт өнімдері үшін пайдаланылған тері ыдыстарды жасау, өңдеу үшін қажетті шикізатты, өңдейтін заттарды осы мал шаруашылығының өнімдерінен алды деуге болады. Яғни, қоршаған орта, табиғат өңдеуге қажетті заттарды өзі беріп отырған. XIX ғ. екінші жартысында 1871-1872 ж.ж. Түркістан өңірінде болып, суретке түсірген А.Л.Кунның таңдаулы суреттер жинағында тері өндірісіне байланысты қызықты деректер кездеседі. Осы көптеген суреттер жинағын қамтыған «Түркістан альбомдарында» теріні айранға салу, ашыту, тазарту, ыстау, кептіру процесіне байланысты фотосуреттер қамтылған [8]. Дәстүрлі қолөнер түрлерінің бірі - теріні өңдеу, бұйымдар жасаудың дамығанын байқауға болады.

Қазақтар жыл мезгілін, табиғаттағы жануарлар және өсімдіктер дүниесіндегі тері ыдыстарды өңдеуге қолданылатын аса қажетті түрлерін аса үлкен білгірлікпен, талғаммен қолданып ұқсата білген.

Музейдің этнографиялық кешеніндегі ағаш ыдыстар жиынтығы да ертеден келе жатқан дәстүр жалғастығын бейнелейді. Ағаш ыдыстарды табак, керсен, қасық, ожау, кесе, шара деп жіктеуге болады. Сонымен бірге кезінде «Халім» деп аталған асты дайындағаннан соң келушілерге үлестіру

үшін қолданылған астаулар да ағаштан жасалған. Аталған ағаш бұйымдар ешбір өрнексіз, қарапайым түрге ие. Өзінің тұтынушысы үшін көптеген жылдар беделінде жұмыс істегенін байқауға болады. Ағаш бұйымдарды тұтыну ерекшелігіне қарай тамақ салатын және сұйықты құятын деп екі топқа бөліп қарастыруға болады. Мал өнімдерін тұтынған елдің етті көп қолданылғаны белгілі. Осы жүйені негізге ала отырып, аталған ағаш ыдыстардың табақ, керсен, шара деп аталған түрлеріне мал өнімдерін салып қоюға, тұтынуға пайдаланған.

Ортағасырлық Түркістан оазисінің суландыру жүйесіне қатысты археологиялық материалдар тізбегі бұл аймақтың сумен қамтамасыз етілуінің жоғарғы дәрежеде болғанын көрсетеді. Кезінде егіндік жерлерді, бау-бақшаларды, қаланы сумен қамтамасыз етуде қолданылған суландыру құралдарының жинағында керамикалық материалдардан жасалған су құбырлары, шығырдың шөлмектері, кәріз құдығының қыш сақиналары кездеседі. Ежелден жергілікті тұрғындар егін, бау-бақша егіп, табиғат берген қазынаны өз игілігіне қолданып өмір сүрген. Егіншілік табиғи, жауын-шашынмен суландырылған немесе арнаулы суландыру құралдары арқылы жүргізілді және суды арықтар арқылы жүргізіп, қажетті жерлерді суарып отырған. Суармалы егіншілікпен айналысқан тұрғындар бидай, тары, бау-бақша өнімдерін өсіріп, жүзімдіктерді де дамытты [9.8]. Түркістанның айналасын көкөніске бай, кең қанат жайған Иқан, Қарнак, Қарашық, т.б. үлкен жер өңдеген оазис болған және олар су көздері, бұлақтар, тау өзендерінің суларымен суландырылып отырды [9.38].

Өмір Темірдің вауфтық грамотасында Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнап бөлінген жер мен арық суларының аты аталған. Осы деректен Мір Қарасу, Сығанақ, Шорнақ, Қарабұлақ, Қия шоқ, Бохарық, Шағт-Дарбаза, Ташанақ, Шаға, Қосқорған арықтарының аттарын кездестіруге [10].

Қаланы суландыру жүйесі өзендерден, жүргізілген каналдардан, олардың тармақталған арықтарынан тұрған. Осы аталған жарма немесе беларықтардан отырықшы ел су алатын майда арықтар жүргізіп отырған. Музей экспозициясындағы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде алынған суландыру құралдары Түркістан оазисінде өте жетілген суландыру жүйесі болғанын дәлелдеген ғалымдардың тұжырымының нақты көрінісі деуге болады. XVI-XVIII ғғ. мерзімделген керамикалық су құбырлары (кк 523, инв. АВ.-к482) Түркістан оазисіндегі суландыру жүйесінің, қала мәдениетінің деңгейін көрсетеді. Оңтүстік Қазақстанның суландыру жүйесін зерттеген В.А.Грошев Сығанақ, Сауран, Түркістанның айналасында суландыру құрылыстарының болғанын тұжырымдайды [11].

Суландыру жүйесінің құралдарының келесі түрі шығыр шөлмектері болып табылады. Керамикалық үш дана шығыр шөлмектері XVII-XVIII ғғ. мерзімделген. Аймақта кезінде су көтеретін құрылыс шығыр өте кең қолданылған. Егін егетін жер суландыру арықтарынан жоғары орналасқан жағдайда, сол танабқа су жіберу үшін су көтеретін құрал – шығырларды қолданған [11]. Шығыр көптеген бөліктерден тұратын, судың немесе ірі қара малдың күшінің негізінде жұмыс істейтін құрал болды. Этнографиялық

зерттеулерге сүйенсек, шығырлар суды қандай тереңдіктен алуына байланысты әр түрлі көлемде болған. Шығырдың дөңгелегіне әдетте отыз екі шығыр шөлмегі байланған және қозғалысқа келтіру үшін өгіз, түйе, есек, жылқы секілді жануарлардың күші пайдаланылды [12]. Кей жерлерде ағыны күшті суларға орнатылғанда судың күшін қолданып отырған. Осы аталған шығыр құрылысы көптеген бөліктерден тұрған. Зерттеулерде оларды: †стіңгі тоғын, астыңғы тоғын, тоғын (су төгетін ыдыс), науа (су құйылатын астау) деп зерделейді. Музей экспонаттарының осы аталып отырған шығырдың шөлмегі деп отырған суландыру құралдарының түрлерін «тоғын» деп те атаған екен. Шығырдың дөңгелектерін мықты ағаштардан иіп жасаған және оған су құйылатын ыдыстарды, атап отырған шығыр шөлмектерін немесе тоғындарды бекіткен [2]. Осы аталып отырған «шығыр шөлмектері», «шығырдың шөлмектері» «тоғын» деп атаған, суландыру құралының аса қажет бөлігін ілгері кездерде керамикалық бұйымдарды өңдеп, жасайтын жерлерде керамикадан жасап қолданған. Ал, мұндай керамикалық өндіріс орындары жоқ жерлерде ел шығыр шөлмектерін немесе тоғынды ағаштан, кейде теріден де жасап қолданған екен [2]. Ертеден-ақ шығырмен суару кең өріс алып, тоған, басарық, өзен, құдық суларының негізгі көздерін шығыр арқылы көтеріп, су бара бермейтін жерлерді суарып отырған. Егіншілікпен айналысқан ел шығырларды жасап, орнатылуын арнайы тойлап, судың мол болуын тілеген [13]. Осыған байланысты қазақтардың егіншілікке байланысты әдет-ғұрыптарында Шығыр атасы – Әлі Шынар туралы айтылады. Мал шаруашылығымен айналысқан елде сиыр атасы, түйе атасы, т.б. туралы әдет-ғұрыптар суға байланысты шығыр атасы – Әлі Шынармен үндеседі. Мал шаруашылығы, егіншілікті дамытып, тіршілік көзі ретінде өмір сүрген елдің әдет-ғұрыпында орын алды. Шығырға байланысты «Шығыр атасы - Әлі Шынарға сыйынып, сыйынбаса шығыр сынар, сыйынса қашан да Тәңір оңғарып, ісің тынар» деп Сырдың орта ағысында аса құрметтеліп, қарттардың есінде қалған [13.106]. Яғни, шығырды суландыру жүйесінде кең қолданған жерлерде осындай сенімдер кездеседі. Түркістан оазисінде, егіншілікпен айналысқан жерлерде шығырдың кең қолданылғанын көрсететін археологиялық деректер, аталған кейінгі ортағасырлық керамикалық шығыр шөлмектері формасы бойынша X-XII ғғ. шөлмектермен бірдей, бірақ салыстыра қарағанда тұтқасы мен жапсырмасы жоқ, жасалу сапасы төмен, көлемі олардан кішірек, салмағы ауырлау болып келеді [11.74]. Сонымен шығыр шөлмектерінің керамикалық түрінің өзі көптеген ғасырлар беделінде сақталып, қолданылып отырды. Музей экспозициясында суландыру жүйесін көрсететін кешеннің маңызды экспонаттарының бірі – кәріз құдығының дінгегін бекіткен қыш сақиналар болып табылады. Құмшық ата әулие шілдеханасының жанынан табылған бұл қыш сақиналар қайта қалпына келтіріліп, Түркістан оазисінде суландырудың кәріздік жүйесінің

дамығанын айғақтар музейдің құнды заты ретінде көз қуантады [14]. Музей қорына археолог М.Тұяқбаев өткізген, реставратор марқұм Қ.Қошқаров реставрациялаған бұл құнды ирригацияның кәріздік жүйесін айғақтар қыш сақиналар деуге болады. Кәріз жер асты суларын пайдалануға негізделген гидротехникалық құрылыс [14. 21]. Кәріздік жүйе көптеген ғасырлар бойы Орта Азияда, Иранда кең қолданылған. Мұндай суландыру жүйесін жасаумен арнаулы кәсіпкер ұсталар кәріз ұсталары немесе кәрізгендер айналысқан [15.22].

Кәріз негізінен екі бөліктен тұрған: құдықтар жүйесі және жер асты галлерясы. Сауран және Түркістан маңайында кәріздік жүйенің дамығанын Түркістан археологиялық экспедициясының кәріз құдықтарын тауып, зерттеулерінің нәтижесі айқындап беріп отыр [16]. Осы кәріздік жүйедегі тік құдықтың қабырғалары тастармен шегенделіп, арнайы қыш сақиналармен бекітіліп отырған. Осы қыш сақиналар кәріз құдықтарының опырылып құлауынан сақтап, ұзақ тұруына негіз берген. 2002 жылы Құмшық ата әулие жер асты шілдеханасынан кездейсоқ табылған қыш сақиналар да кәріздік суландыру жүйесінің дамуын көрсеткен материал. Зерттеушілер В.А.Грошев [11], К.М.Байпақов, Е.А.Смағұлов [14] Түркістанда кәріздік суландыру жүйесінің кең дамығанын нақты зерттеулер негізінде дәлелдеп отыр. Музей қорындағы аталған материалдар Түркістан оазисінде негізінде егістіктерді суаруда, қаланы сумен қамтамасыз етуде су құбырларын, шығырларды, кәріздік суландыру жүйесін жан-жақты қолданғанын және ғасырлар бойы шаруашылықтың жоғары деңгейде өркендегенін көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы, 2007.
2. Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Алма-Ата, 1980.
3. Қазақ Совет энциклопедиясы. Т.6. Алматы, 1975. -598-бет
4. Путешествие в восточные страны ПIANO Карпини и Гильома де Рубрука. Алматы: Ғылым, 1993. – 248 с.
5. Қазақ Совет энциклопедиясы. Т.11. –Алматы, 1977. -118 -бет.
6. *Левшин А.И.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). –Алматы: Санат, 1996. -С.386
7. *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. –Алматы: Қазақстан, 1995. –240 бет.
8. *Кун. А.Л.* Түркістан альбомы. 1871-1872 ж.ж. Таңдаулы фотосуреттер. –Алматы: ОФ «Берел», ТОО «Asia line» 6, 2005.
9. *Смағұлов Е., Григорьев Ф., Итенов А.* Средневековая археология города Туркестана. – Туркестан:Мирас, 1995. –228 с.
10. *Дербісәлиев Ә.* Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы, 1995.
11. *Грошев В.А.* Ирригация Южного Казахстана в средние века. Алма-Ата: Наука, 1985. –156 с.
12. Шалекенов У.Х., Шалекенов М.У. История и этнология народов Амударьи и Сырдарьи в XVIII-XXв.в. Алматы: Қазақ университеті, 2003. –315 с.
13. Карамышева Дж. Қазақтардың егіншілікке байланысты әдет-ғұрыптары //Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Арыс, 2005. –328 бет.
14. *Байпақов К.М., Смағұлов Е.А.* Ортағасырлық Сауран шаһары. Алматы, 2005. –202 бет.
15. *Овезов Д.М.* Кяризная система водоснабжения Копетдагской груааы районов Туркмений в XIX - начале XX в. // Очерки истории т хозяйства народов Средней Азии и Казахстана. –Ленинград, 1973. – 259 с.
16. *Смағұлов Е.А.* Кяризы Туркестанского оазиса // Известия МОН РК, Серия обществ.наук, 2003.

**Н.Т.ЖАНАҚОВА**

тарих ғылымдарының кандидаты  
Абылай хан атындағы ҚазХҚӨТУ

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗ ҰЛТТАР ӨКІЛДЕРІНЕ ҚАМҚОРЛЫҚ**

**В статье рассматриваются проблемы диаспор в Казахстане и отношение к ним со стороны правительства.**

**The author of the article presents some matters of national minorities in Kazakhstan and the government's attitude towards them.**

Қазақстанда бұрынғы Кеңес Одағы кезінде негізгі ұлт – қазақтардан басқа 120 ұлт өкілдері мекендесе, тәуелсіз ел атанған он жыл аралығында да біздің республикамызда дәл осы мөлшердегі ұлт өкілдері тұрып келеді. Мұның өзі қазақ халқы мен өзге ұлт өкілдері арасындағы көптеген жылдар бойы берік қалыптасқан ұлтаралық татулық пен өзара түсіністікті, жарастық пен келісімді айшықтайды.

Осы ретте ұлтаралық достық пен татулықты, халықтардың өзара түсіністігі мен келісімін одан әрі нығайтып, алдағы күндерде де елімізді мекендеген ұлттарды топтастыра, жарастыра беру Қазақстан Республикасының басты стратегиялық мақсаттарының бірі болып табылады. Мемлекеттегі ауызбірлік, тұрақтылық пен туысқандық қарым-қатынас осы сындарлы саясат нәтижесі екендігін аз ұлт өкілдері мысалында нақты көз жеткізуге болады.

Ұлттың құрамы жағынан өзге елдерге ұқсамайтын Қазақстанда әлемдегі 136 ұлт пен ұлыстың өкілдері қазақтармен бірге тұрып, қоян-қолтық, емін-еркін, тату-тәтті өмір сүруде. Республикада бұған дейінгі аз ұлт өкілдерінің тілі мен мәдениетін, салт-дәстүрін дамытуға байланысты атқарылған көптеген игі істерді жоққа шығаруға болмайды. Еліміздің мектептерінде республика тәуелсіз мемлекет атанғанға дейін де сабақ қазақ, орыс тілдерімен бірге ұйғыр, өзбек, тәжік, неміс, корей тілдерінде өткізіліп келеді. Қазақстанда бұрын кеңестік кезде қалай болды, қазір де сол қалпында күнделікті мерзімді басылымдар мен кітаптар алты тілде шығарылып келеді. Мәселен, қазақ, орыс тілдерінен басқа ұйғыр, неміс, корей және украин тілдерінде республикалық, мемлекетаралық газеттер шығып тұрады. Мұның сыртында елімізде қазақ театрларымен бірге орыс, ұйғыр, неміс, корей театрлары да қалыпты жұмыс істеп келеді. Осы ретте бір миллионға жуық қазақ мекендейтін көршілес Ресейде ұлттық театр туралы сөз қозғамай-ақ, қазақ тілінде мектеп, аудандық деңгейдегі газет ашуға жағдай жасалмай отырмағандығын айтып өткен жоқ. Ал, бізде жоғарыда атап өткеніміздей, қазақтардан кейін сан жағынан көп орыс пен немісті айтпағанның өзінде жүздеген мың ұйғыр, корейлердің ұлттық драма театрлары бар екендігін мақтан етуге болады.

Бұл еліміздегі аз ұлт өкілдері жөніндегі сындарлы ұлт саясатының жемісі, республикадағы әрбір ұлт пен ұлысқа құрметпен қараудың нақты белгісі. Халықтарды топтастырып, табыстырған да тағдыр ортақтығы, мақсат пен мүдденің, тілек пен ізгі ниеттің ортақтығы. Сондықтан ешкім де оларды ұлтқа бөліп, түсін түстеп жатқан жоқ. Бүгінде олардың бір ананың баласындай ынтымағы мен бірлігі, достығы мен туысқандығы құрыштай берік.

Еліміздің өз алдына дербес мемлекет болған соңғы он жыл аралығында аз ұлт өкілдері проблемалары әркез күн тәртібінен түспей, өз шешімін тауып келеді. 1991 жылдары республикада ұлтаралық қатынастарды зерттеу жөнінде арнайы орталық құрылып, сол кездегі халық депутаттарының облыстық атқару комитеттерінде осындай бөлімдер ашылды, ұлттық мәдени орталықтар құрылды. Осы игі істің заңды жалғасы ретінде немістер жиі қоныстанған Ақмола облысында сол жылдары ТМД шеңберіндегі және қазақстандық неміс әдебиеті күндерін өткізу дәстүрге айналды, 1991-1994 жылдары Жамбыл облысында дүнген, грек, Семей облысында татар, Көкшетау облысында поляк, Талдықорған облыстарында корей, ұйғыр, неміс, түрік ұлттарының мәдени апталықтары өткізілді.

Республикамыздағы аз ұлт өкілдері елбасы мен үкімет басшылығының ұлтаралық қатынастарды жетілдіру, ішінара кезігіп қалатын қақтығыстардың алдын алу мақсатындағы сан қырлы бағыттағы қызметін қызу мақұлдайды. Оның жарқын мысалдары еліміздің Конституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңда жарқын көрініс тапқан. Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылданған жаңа Конституциясының 7-бабында «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп орыс тіліне мемлекеттік тіл деңгейінде мәртебе берілсе осы баптың 2-тармағында: «Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» деп нақты атап көрсетілген. Сол сияқты 1997 жылы 2 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында орыс тіліне еліміз Конституциясында жазылғандай мәртебе беріліп, «Мемлекеттің тіл жөніндегі қамқорлығы» деген 6-бап пен «Тілдердің қолданылуына кедергі келтіруге жол бермеу» деген 7-бап республиканы мекендейтін аз ұлт өкілдері тілдеріне арналған. Осы Тіл туралы Заңның 6-бабында: «Қазақстан Республикасының азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар» деп аз ұлт өкілдері тілдерінің дамуына заңды түрде көңіл бөлінсе, одан әрі еліміз Конституциясында атап көрсетілгендей бұл тілдерге қамқорлық жасалатындығы айтылады да: «Ұлттық топтар жинақы тұратын жерлерде іс-шаралар өткізілген кезде олардың тілдері пайдаланылуы мүмкін» деген

жолдар тіл мүмкіндіктеріне үлкен жол ашылғандығын аңғартады. Сонымен бірге 7-бапта: «Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді» деп нақты жазу арқылы тілдер құқығын мемлекеттік деңгейде қорғау қамтамасыз етілген.

Бұл келтірілген мысалдардың барлығы елімізде қазақ, орыс тілдерімен бірге аз ұлт өкілдері тілдерінің қолданылуының құқықтық негіздері жасалып, мемлекеттің оларды оқып-үйрену және дамыту үшін барынша жағдай жасалып отырғандығын айқын айғақтайды.

Қазақстандағы аз ұлт өкілдері мәселелері елбасы мен үкімет басшыларының мемлекетаралық қарым-қатынастар мен келіссөздерінде үнемі назарда ұсталынып, оң шешімін тауып келеді. Оған мысал да аз емес. Мәселен, Қазақстан мен Ресей, Қазақстан мен Орта Азия, Қазақстан мен Корея және Кавказ республикалары арасындағы жоғары деңгейде өткен келіссөздерде мемлекеттердің саяси, экономикалық егемендігі, аумақтық тұтастығы мәселелерімен қатар осы республикалар аттарын иемденген орыс, өзбек, түркмен, тәжік, әзірбайжан, армян халықтарының біздің елде тұратын өкілдерінің мәселелері, оларға тарихи отан тарапынан көрсетілген рухани, материалдық көмек және т.б. көкейкесті мәселелер әркез назардан тыс қалған жоқ. Республикамызды мекендейтін поляк, украин, белорус халықтары өкілдерінің жай-күйі, болашақ дамуы тікелей Польша, Украина, Белоруссия Республикаларының басшыларымен болған келіссөздерде жан-жақты сөз болып, көптеген игі шаралар жүзеге асты.

Қазақстан Республикасы мен Корей Республикасы арасындағы мемлекетаралық екі жақты келіссөздері барысында екі ел арасындағы экономикалық тұрғыдағы игі шаралармен бірге Қазақстандағы аз ұлт өкілдері болып табылатын корейлерді рухани тұрғыдан дамыту мәселелері де арнайы әңгіме болды. Бұл келіссөздер оң нәтижелерін беріп келеді. Қазіргі Алматы облысына қарасты корейлер жиірек қоныстанған Қаратал ауданында Корей Республикасының Қазақстандағы елшілігі мен Қазақстан корейлері ассоциациясының тікелей атсалысуымен корей мәдениетінің күндері мен апталықтары өткізілді. 2000 жылдың қаңтар айында Корей Республикасының біздің Республикамыздағы елшісі Че Сынг Хо, корей компаниясының қаржы директоры Ким Хан Ка, Қазақстан корейлері ассоциациясының президенті Юрий Цхай және т.б. іскер адамдар бар делегация осы ауданның орталығы – Үштөбе қаласында болып, №51 мектеп-гимназияға салтанатты жағдайда компьютер класын тарту етті. Ескелді кентіндегі мектепте корей тілінің сабағына қатысып, осындағы корей балаларының бірінші сыныптан бастап өздерінің ана тілін жергілікті және шетелдік оқушылар жасаған арнайы бағдарлама бойынша оқуларына жағдай жасалғандығына көз жеткізді. Оның үстіне бұл мектепте Кореядан арнайы шақырылған мұғалімдер сабақ береді екен. Осы сапар барысында Қаратал ауданының экономикалық және

элеуметтік дамыту салаларындағы ынтымақтастық туралы аудан мен Қазақстан корейлері ассоциациясы, «Каспий Банкі», «Достар» корпорациясы және т.б. бірқатар ірі коммерциялық құрылымдар арасында келісімге қол қойылды. Бұл келісім қорытындылары бойынша ауданның ауыл шаруашылығы, өнеркәсібі, денсаулық сақтау, білім және мәдениет, сауда, тұрғын үй құрылысы, көлік және автомобиль жолдарын жөндеу салаларында нақты шаралар белгіленді. Мұның өзі осы ауданда тұратын корейлердің жұмыс, тұрмыс жағдайларын жақсартып, рухани мәдениетін көтеруге ықпал ететіні сөзсіз жайт.

Еліміз егемендік алған уақыттан бері ТМД және алыс шет елдер республикаларының елшіліктерімен қатар Ресей құрамындағы Татарстан, Дағыстан, Ингушетия Республикаларының Қазақстандағы өкілдіктері ашылып, республикалар арасындағы саяси, экономикалық және мәдени өзара тиімді қарым-қатынастардың кеңейе түсуіне әсер етті. Бұл жағдайдың өзі Қазақстанда тұратын аталған республикалардағы халықтардың өкілдері – татарлардың, дағыстандықтар мен ингуштардың тарихи атамекендерімен тығыз байланыс орнатуына үлкен мүмкіндік жасады.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет атанған тұстан бастап, яғни тоқсаныншы жылдардың бас кезінде елімізде тұратын аз санды ұлттарға көзқарас мүлдем жақсарып, осы ретте олардың талап-тілектерін, мүдделерін орындап қорғайтын Қазақстан халықтарының ассамблеясы құрылды. Бұл беделді қоғамдық ұйымның сан-салалы қызметі арқасында республикамызды мекендейтін көптеген аз ұлт өкілдері өздерінің тілін, дінін, салт-дәстүрін, мәдениетін сақтап дамытуға мүмкіндік алды. Еліміздегі аз ұлт өкілдерінің ұлттық-мәдени орталықтары ашылып, қазір олар қоғамдағы реформаларды жүзеге асырып дамытуда өздерінің ықпал-әсерлерін тигізіп келеді. Мәселен, Алматыдағы ұлттық-мәдени орталықтар шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуге мұрындық болып, шет мемлекеттерден инвестиция тартуға көмек көрсетіп келеді.

Сонымен бірге ұлттық-мәдени орталықтар сан қилы шаруашылық есептегі құрылымдардың құрылтайшылары ретінде кіріске енгізілген табыстарды өз мүдде-мақсаттарына бағыттауда. Мәселен, Алматыдағы неміс ұлттық-мәдени орталығы «Беми» атты ғылыми-техникалық өндірістік бірлестік пен банк, ал корей ұлттық-мәдени орталығы жиырмаға жуық шағын кәсіпорын мен дүкен ашса, татар-башқұр, чешен-ингуш ұлттық-мәдени орталықтары шаруашылық есептегі ғылыми-өндірістік бөлімшелер құрды, түркмен ұлттық-мәдени орталығы бос тұрған бұрынғы «Экран» кинотеатрын иеліктеріне алып, ұлттық салт-дәстүрлерін жаңғырту шараларын жүзеге асыруда. Сол сияқты ұлттық-мәдени орталықтар тарихи атамекендеріндегі отандас кәсіпкерлермен іскерлік байланыстар орнату арқылы игілікті іскерлік байланыстар орнату арқылы игілікті істер тындыруда. Бұл ретте неміс



ұлттық-мәдени орталығы Германияның Еңбек министрлігімен іскерлік байланыстар жөнінде келісім-шарт жасаса, еврей ұлттық-мәдени орталығының Израиль білім орындарымен арадағы келісімі бойынша иврит тілін оқытатын мұғалімдер тартылды.

Ұлттық-мәдени орталықтар республикада өткізіліп жүрген барлық мәдени шараларға белсене қатысып келеді. Олардың арасында елімізге кеңінен танымал өнер ұжымдары да баршылық. Мәселен, ұлттық-мәдени орталықтардың республикалық өнер фестивалінде корей диаспорасы өкілдері байқауының жүлдегері, «Бидульги» би ансамблі, татардың «Сариан», орыстың «Зори Семиречья» ән ансамбльдері жеңімпаз атанды. Алматыдағы «Ильдаш» татар гуманитарлық даму орталығы жанынан құрылған «Ақ маржан» атты балалар ансамблі біздің елімізде ғана емес, Түркияда, Үндістан мен Италияда және басқа да шет мемлекеттерде өнер көрсетіп, таланттарымен танылды. «Минги-Тау» Қарашай-балқар ұлттық мәдени орталығы жанынан құрылған «Минги-Тау» балалар би ансамблі Алматыда өткен І-мәдениет және өнер фестивалінің, республикалық «Айналайын» байқауының лауреаты. Қазақстан халықтары Ассамблеясы Көкшетау қаласы жанынан «Оқжетпес» атты балалар лагерін ашты. Бұл «Қазақстандық Артект» 1999 жылы жазда елуден аса ұлттың үш жүзден астам баласы дем алып қайтты. Осы жылы Алматыдағы бұрынғы Достық үйі Қазақстан халықтары Ассамблеясы қарамағына берілді. Ал осы жылдың соңында өткізілген Парламент пен жергілікті мәслихаттар сайлауы аз ұлт өкілдері үшін жемісті болды. Елбасының жарлығымен Белорусь ұлттық-мәдени орталығының төрағасы, Қазақстан халықтары Ассамблеясының төрағасының бірінші орынбасары П.А.Атрушкевич сенат депутаты болып сайланса, украин, татар, армян, корей, өзбек және т.б. аз ұлттар өкілдері облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттардың депутаттары болып сайланды.

Мұның бәрі, сайып келгенде, еліміздегі аз ұлт өкілдерінің Қазақстандағы көп ұлтты қоғамның толық құқылы бөлігі болып табылатындығын айқындайды. Олар республика атын иемденген байырғы халық – қазақтармен бірге жаңа ХХІ ғасырға үлкен үмітпен еніп отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 282 б.
2. Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы // Қазақ әдебиеті. 22 шілде 1997 ж.
3. Бизнес ауылға бет бұрды // Егемен Қазақстан. 22 қаңтар 2000 ж.
4. *Хочиева Л.* Біз – туысқан халықпыз // Алматы ақшамы. 8 желтоқсан 1999 ж.

**Е.Ш.АҚЫМБЕК**

Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының  
ғылыми қызметкері

### **ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТӨРТКҮЛ (ТӨМЕНГІ БАРЫСХАН) ҚАЛАСЫНЫҢ СЫРЛЫ ҮДЫСТАРЫ**

**В статье рассматривается поливная керамика средневекового городища Торткуль (Нижний Барсхан), которая найдена в результате археологического раскопа цитадели 2007 г.**

**The article deals with slip ceramics of the medieval ancient Tortkul settlement (the lower Baryshan) which was found in the result of the archaeological excavation of the citadel in 2007.**

Ортағасырлық Төрткүл (Төменгі Барысхан) қаласы Тараз қаласының шығысында, Талас өзенінің оң жағасында 1,5 км жерде, қазіргі Талас темір жол бекетіне жақын орналасқан. Географиялық координаттары: 42°55,269N 71°27,865E (UTM 42T 701135E 4755089N). Төртбұрышты келген үлкен төбені жергілікті халық өткен ғасырдың ортасында «Төрткүл» десе, бүгінде «Қорған» деп атайды. Көне түркі тілінде «Төрткүл» (TÖRTKIL) сөзі төртбұрышты деген ұғымды білдіреді [1.581].

Төрткүл қаласы туралы алғашқы мәліметті В.А.Каллаурдың еңбегінен кездестіреміз [2]. Оның орналасуы мен алып жатқан көлемін 1899 ж. В.Лаврентьев сипаттаған [3].

Төрткүл қаласының қыш бұйымдарын алғаш зерттеген Г.И.Пацевич ескерткіштің үстінен жиналған заттай деректерге қарап, оның дамыған уақытын қарахандар кезеңімен мерзімдеген [4.131-133].

1965 ж. Т.Н.Сенигова қаланың цитаделі мен шахристанына қазба жүргізіп, алынған заттар бойынша мәдени қабатын VIII–IX және X–XII ғғ. жатқызған [5.67-68].


1996 ж. Д.Тәлеев қаланың орталық бөлігіне зерттеу жүргізіп, қазбадан шыққан қыш бұйымдарды X–XII ғғ. мерзімдеген [6.106-114].

2005 ж. А.Нұржанов қаланың орталығына жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде алынған қыш бұйымдарды X–XII ғғ. жатқызады [7].


2007 ж. Төрткүл қаласындағы зерттеу жұмыстары цитадельдегі бұрынғы қазбалардың орнында, яғни қаланың мәдени қабаты мен құрылыс жобасын анықтау мақсатында жалғастырылды [8]. Жүргізілген қазбадан төрт құрылыс кезеңіне жататын құрылыс қалдықтары анықталып, ескерткіштің көп қабатты екенін көрсетті. Мәдени қабаттарды тазалауда шыққан заттардың басым көпшілігін қыш ыдыстар құрайды. Оның жоғарғы қабат құрылысын ашуда бірқатар сырлы ыдыстар жиналды. Қыш бұйымдар ішіндегі пайыздық мөлшері аз сырлы ыдыстар негізінен XI–XIII ғғ. басымен мерзімделеді. Сырлы ыдыс-аяқтар негізінен асханалық ыдыстар: тостағандар, тостақтар, кеселер, табақтар және түбектер. Қарахан дәуірінде боялып, шыңылтырланған

ыдыстардың көбі асханалық ыдыстарға жататындығы қызықты жайт. Бұлар асханада қолданылуымен қатар көркемдік ерекшеліктерімен де көзге түседі. Сондықтан, табылған сырлы ыдыстардың барлығына тоқталуды жөн көрдік.


*Тостағандар.* Кесіліп, төңкерілген конус тәрізді, ұқыпты жасалған тостағандар ернеуінің диаметрі 10,2-10,8см, түптерінің диаметрі 4,4-5см, биіктіктері 3,8-4см. Тостағандар ақ (1-сурет, 1, 3, 5), ашық жасыл (1-сурет, 2, 4) және қоңыр (1-сурет, 6) түсте боялып шыңылтырланған. Тостаған ішінің түбі қою жасыл түсте боялып, шыңылтырланған тостаған түбінің диаметрі 5,2см. Тостағанның түбіндегі қабырғасы орнының қыры дөңгеленіп өңделіп ортасы 2,5мм диаметрде тесілген (9-сурет, 2).



1-сурет. Тостағандар.




2-сурет. Кесе мен тостақ.



3-сурет. Кеселер мен табак ернеуі.


*Тостақтар.* Түбінен аузына қарай түзу кеңіген, іші-сырты өте ашық көк түсте боялған түбі шұңғыл келген тостақтың ернеуінен сәл төмен ішінде «Л» және «П» әріптеріне ұқсас бес белгі, олардың үстіндегі және арасындағы сызықтар қара қоңыр түсте сызылған. Шыңылтырлы тостақ ернеуінің диаметрі 20,8 см, түбінің диаметрі 8 см, биіктігі 9 см (4-сурет). Тостақ ернеуі кесіліп, төңкерілген конус тәрізді, ұқыпты жасалған тостақ ашық жасыл қоңыр түсте боялған. Диаметрі 14см болатын ернеуінің ішкі жағына қою жасыл бояу аққан. Ыдыс шыңылтырланған (2-сурет, 2).



4-сурет. Тостақ.

*Кеселер.* Шыңылтырланған кеселер ернеуінің бірнеше түрі табылды. Қабырғасы тік шығып біткен ернеуінің диаметрі 18см, іші мен сырты ашық жасыл түсте боялған, сыртында түбінен ернеуіне қарай жасыл көк және қара түсті бояу аққан (2-сурет, 1). Сырты мен іші ақ түсте боялып, ішіне өсімдікті өрнек сызылып салынған кесе ернеуінің диаметрі 14см (3-сурет, 1). Конус тәрізді, сырты ақ, іші жасыл түсте боялған, ішінің ернеуінен төмен бірнеше қатар сызық және олардың арасындағы бұрышты ирек сызықтар қара түсте сызылған кесе ернеуінің диаметрі 17см (3-сурет, 2). Осы үлгідегі ыдыс Тараздың XII-XIII ғғ. қабатынан кездескен [5. 190, таб. XII, 28]. Сыртының

жоғарғы жағы мен іші ақ түсте боялған, ішінде ернеуінен төмен қарай әр жерінен көкшіл жасыл бояу аққан кесе ернеуінің диаметрі 17 см (3-сурет, 3). Ақ түсте боялған кесенің ішкі түбінің ортасындағы дөңгелек кара түстен бірдей қашықтықта сегіз қоңыр қызыл түсті сызық тармақталған, оның сызық ара төртеуінің ұшындағы өсімдікті өрнек (үш күлте жапырақты гүл) кара түсте салынған. Шыңылтырлы кесе түбінің диаметрі 4,5 см (5-сурет).



5-сурет. Кесе түбі.




6-сурет. Табақ түбі.




7-сурет. Табақ түбі.


*Табақтар.* Шыңылтырланған табақ ернеуінің диаметрі 34см. Іші, сырты ақ түсте боялған. Ішіндегі ақ түсті реңкке қоңыр, ашық қызыл қоңыр түсте геометриялық және өсімдікті өрнектер салынған (3-сурет, 4). Табақтардың түбінің бірнешеуі табылды. Қызғылт ақ түсте боялған табақ түбінің ортасындағы қоңыр түсті дөңгелек нүктеден бірдей қашықтықта алты, басында сызықшасы бар «?» белгісіне ұқсас сызықтар таралған, оның біреу ара үшеуі ашық қоңыр сары, үшеуі қоңыр түсте салынған. Бұл өсімдікті өрнектегі табақ шыңылтырланған. Түбінің диаметрі 9 см (6-сурет). Өрнектелуі осыған ұқсас табақ Шалдабар (Чалдыбар) қаласының X-XII ғғ. қабатынан табылған [9. 191-196, таб. VIII]. Табақ ашық жасыл түсте боялған, түбінің ортасында дөңгелек шыбықтары немесе пәлек секілді гүлді сурет қоңыр түсте, оны айнала толқындалып қоршалған сызықтар қара түсте салынып, шыңылтырланған. Табақ түбінің диаметрі 9,4см (7-сурет). Ішкі түбінде осындай өрнегі бар табақ Ортағасырлық Ақтөбе [4. 152, таб. I], Қызылөзен [10. 86-87, сур. 12] (Қырғызстан) және Баба-ата [11. 38-39, сур. 6] қалаларының X-XII ғғ. қабатынан табылған. Шыңылтырланған қарахандық үлгідегі өрнегі бар осындай ыдыстар (X-XII ғғ.) Оңтүстік Қазақстан қалаларында жиі ұшырасады [12. 194-195, сур. 111]. Ақ түсті ангобпен көмкерілген қабырғасы жазық табактың ернеуінен төмен ішіндегі екі-үш қатар сызық, одан төмен екі-екі қатар сызықтардың арасындағы қошқар мүйізді (шиыршықталған) өрнек және ернеуінен төмен қарай түскен шиыршықталған өрнек қатты затпен батырылып орындалған. Ішінің әр жерінде ернеуінен төмен қарай қоңыр қара түсті бояу аққан. Табақ ернеуінің диаметрі 32 см, түбінің диаметрі 9,6 см, биіктігі 9,2 см (8-сурет). Ақ түсті ангобпен көмкерілген, ішкі қабырғасында қошқар мүйізді өрнегі бар табақ Ортағасырлық Ақтөбе (Шардара) қаласының төртінші мәдени қабатынан (XI ғ. екінші жартысы–XIII ғ. басы) кездескен [13. 170, сур. 22. 1].



8-сурет. Табак.



9-сурет. Түбек пен тостаған түбі.



10-сурет. Ыдыстың сынығы.

*Түбектің түбі.* Шыңылтырланған түбектің іші ашық жасыл көк түсте боялған, сыртындағы ағып жағылған бояудың түсі де осындай. Қабырғасы шамасында цилиндр тәрізді болған түбек түбінің диаметрі 8,4 см (9-сурет, 1).

*Ыдыс сынығы.* Ертеуінен төмен сыртқа қарай 0,8 см шығып жиектелген ыдыстың диаметрі 10 см, ішкі жазық түбінің ортасы сатылап сәл ғана төмен түскен, табанында диаметрі 1 см, биіктігі 0,3 см түйінді өкшесі бар. Ыдыс қою көк түсте боялып, шыңылтырланған. Ыдыстың қандай мақсатта қолданылғаны белгісіз (10-сурет).

Қорыта келгенде, Ортағасырлық Төрткүл қаласының сырлы ыдыстары Шу-Талас өңірлеріне кең таралған жергілікті қыш өндірісінің туындысы

екендігі мәлім болды. Табылған сырлы ыдыстар арқылы өңірде оның жасалу технологиясы мен аса көркемдік шеберлікте әрлеуінің жақсы жетілдірілгенін көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Древнетюркский словарь. –Л., 1969.
2. *Каллаур В.А.* Древние местности Аулиеатинского уезда на старом караванном пути из Тараза (Таласа) в Восточный Туркестан//ПТКЛА 5 мая 1897. 2-й год. 1896-1897.
3. *Лаврентьев В.П.* Краткий перечень бугров (курганов), находящихся в черте города Аулие-Ата//ПТКЛА 27 марта 1900. 5-й год.
4. *Пацевич Г.И.* Некоторые дополнение к изучению Таласского долины. 1940 г. // ҚР БҒМ ҒК Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология Институты мұрағаты. 1940 г.
5. *Сенигова Т.Н.* Средневековый Тараз.–Алма-Ата: Наука, 1972.
6. *Талеев Д.* Ерте ортағасырлық Төменгі Барсхан қаласында 1996 жылы жүргізілген қазба. – Отчет о полевых исследованиях Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции в 1996 году//ҚР БҒМ Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты мұрағаты. –Алматы, 1997.–106-114 бб.
7. *Нуржанов А.* Отчет о раскопках городища Торткүл (Нижний Барсхан) в Жамбылской области в 2005г.//Архив Институт археологии им. А.Х.Марғұлана МОН РК.– Алматы, 2005.
8. *Байпақов К.М., Ақымбек Е.Ш.* Ортағасырлық Төрткүл (Төменгі Барысхан) қаласында 2007 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулердің есебі//ҚР БҒМ Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология Институты мұрағаты. –Алматы, 2008.
9. *Кожмяко П.Н.* Оседлые поселения Таласской долины//Археологические памятники Таласской долины.–Фрунзе, 1963.
10. *Кожмяко П.Н.* Раскопки жилищ горожан X-XII вв. на Краснореченском городище//Древняя и раннесредневековая культура Киргизстана.–Фрунзе: Илим, 1967.
11. *Агеева Е.И., Пацевич Г.И.* Отчет о работах Южно-Казахстанской археологической экспедиции 1953 года//Труды Института истории, археологии и этнографии. Том , I.–Алма-Ата, 1959.
12. *Агеева Е.И., Пацевич Г.И.* Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана//Труды Института истории, археологии и этнографии. Том , V.–Алма-Ата, 1958.
13. *Макимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М.* Городище Актобе 1 (IV–нач. XIII в.)–Древности Чардары. –Алма-Ата: Наука, 1968.



**М.М.БАХТЫБАЕВ**

МКТУ им. А.Ясауи

Научно-исследовательский центр Археологии

### **ВКЛАД Н.Н.ПАНТУСОВА В ИЗУЧЕНИИ ПАМЯТНИКОВ СЕМИРЕЧЬЯ**

Мақалада Н.Н.Пантусовтың Жетысу ескерткіштерінің зерттелуіне қосқан үлесі, оның осы өңірде орналасқан археологиялық, архитектуралық ескерткіштерге жүргізген ізденіс жұмыстары жайлы баяндалады.

The author of the article researches N.N.Pantussov's contribution to Semirechye monuments and his prospecting work of archaeological and architectural monuments in this area.

Вторая половина XIX в. - начало XX в. – период стремительного развития научной мысли. Значительную роль в этом процессе сыграли научные общественные организации, созданные как в центре - Санкт-Петербург, так и на периферии Российской империи – Центральной Азии. Многие из них превратились в важные исследовательские организации, систематически осуществлявшие раскопки, исследования, реставрацию и охрану памятников древности и публиковавшие результаты работ в специальных периодических изданиях. Одной из таких организаций был – Туркестанский кружок любителей археологии, созданный в 1895 году в г. Ташкенте.

Туркестанский кружок любителей археологии (ТКЛА) являлся научно-краеведческой общественной организацией, на протяжении двадцати лет осуществлявшей работу по изучению памятников материальной культуры Центральной Азии [1.10]. Образование этого научного общества способствовало широкому развитию исследований археологических памятников. Среди рядовых членов ТКЛА были и отдельные деятели, выделявшиеся своей активностью, одними из которых был Н.Н.Пантусов, внесший неопределимый вклад в изучение памятников Семиречья.

Николай Николаевич Пантусов (1849-1909) известный археолог, этнограф, фольклорист и географ, всю свою жизнь посвятил изучению Средней Азии и Казахстана. После окончания Восточного факультета Петербургского университета в 1871 году он был оставлен для подготовки к профессорскому званию на кафедре истории Востока. Однако уже в следующем, 1872 году он перешел на службу в Туркестанский край. Н.Н.Пантусов побывал на службе в Ташкенте, Фергане, Семиречье и Кульдже, и всюду оставил следы своей наблюдательности [2].

Частые поездки Н.Н.Пантусова по территории Лепсинского, Капальского, Джаркентского и Верненского уездов Семиреченской области содействовали изучению памятников древности.

В статье рассматриваются деятельность Н.Н.Пантусова в Лепсинской, Капальской, Джаркентской и Верненских уездах в период с 1897 по 1900 годы.

26 сентября 1897 года Н.Н.Пантусов посетил урочище Капчагай, с целью изучения памятника Тамгалы-тас, расположенного в 25 верстах к северо-западу от селения Иле, на правом берегу реки Или.

При осмотре скалистого берега реки, было обнаружено множество отделившихся от отвесных скальных пород камней, на восемнадцати из которых имелись изображения [3.53-55]. На самом большом из этих камней (высота  $7\frac{3}{4}$  аршин, ширина по диагонали  $4\frac{1}{2}$  сажень) были высечены изображения трех бурханов и с правой стороны внизу надпись. Ниже от нее расположены еще два камня с одиночными изображениями бурханов. На одном из этих камней, (расположенном левее от большого камня) над головой бурхана высечено изображение семи змей [3.56]. На семи отдельных камнях расположенных далее высечены крупные и мелкие надписи на калмыцком и тибетском языках.

Н.Н.Пантусовым была произведена фотофиксация памятника, по которым можно судить о плане расположения, о расстоянии между ними и приблизительном размере общей площади. Он дает полное описание 23-х фотографий, снятых изображений и надписей.

При описании изображения с тремя бурханами Н.Н.Пантусов дает «самоназвание» бурханов на тибетском и монгольском языке в транскрипции. Бурхан, расположенный в центре – Пагда джань расикь (по-монгольски: нидубэр-уцзукчи), слева – «будда» Шаккчжаман чжила (по-монгольски: оточи бурхан), справа – «будда» Шак-чжа-тоба (по-монгольски: читакчи-бурхан). Надписи внизу обозначают название бурханов, ниже следует молитвенное заклинание (тарти), высеченные на тибетском языке [4.57].

Изображение «бурханов» имеются также на трех отдельных камнях. Изображенный на отдельном камне бурхан именуется на тангутском языке – «дорчжи-мэнрук», а на тибетском – «акшоби-бурхан», слева от него молитвенное заклинание – тарти, ниже от нее заклинание на монгольском языке повторяющееся три раза. Посередине заклинания имеется надпись на тибетском языке. На двух камнях встречается изображение Лун-вана (Лусунхан) - царя драконов. Основная часть изображений на других камнях - это надписи (заклинания на монгольском и тибетском языках) [4.57-59].

Памятник Тамгалы-тас был открыт в 1856 году Ч.Ч.Валихановым [5.69; 6.163]. Им было зарисовано наскальное изображение Будд и надписей (рис.1).

29 сентября 1897 года Н.Н.Пантусов посетил урочище и перевал Айр-кезен и ущелье Тайгак в горах Чулак. В урочище Айыр кезен были обнаружены петроглифы, но из-за малочисленности изображений на плитах их фотофиксация не производилась. В основном на плоскостях были изображены фигуры маралов и горных козлов [7.60]. В верхней части

северного склона ущелья Тайгак были обследованы многочисленные петроглифы и надписи расположенные на различных скальных блоках. В сюжетах преобладали фигуры различных животных. Все надписи, высеченные большей частью на тибетском языке, являются заклинаниями, они читаются слева на право по горизонтальной линии. Также по дороге от ущелья Тайлак в сторону Чулак-джиде, у зимовки Макумбета были обнаружены изображения фигур горных козлов [7.62].

6 октября того же года Н.Н.Пантусов обследовал Куртинскую волость Верненского уезда. На камнях правого утесистого берега Куртинского Капчагая и на отдельно разбросанных камнях были обнаружены изображения маралов и несколько надписей. Были сняты фотографии четырех более-менее сохранившихся надписей.



Рисунок 1. Тамгалы тас. Зарисовка Ч.Ч.Валиханова. 1856 г.

В урочище Таскотан, на левом возвышенном берегу реки Курты были обследованы три кургана. На одном из курганов, расположенном по середине имелись следы раскопа [8.64]. В этом кургане в яме была обнаружена одна разбитая каменная баба и три целых. Все они были выкопаны и сфотографированы.

После осмотра урочища Таскотан Н.Н.Пантусов 7 октября отправился в урочище Караиспе расположенный в Сарытокумовской волости, где были открыты 30 курганов, 10 из которых расположены в западной и 20 малых курганов в восточной части урочища [8.64].

К вечеру того же дня Н.Н.Пантусов прибыл в урочище Джалпак-тас. На следующий день на территории Куртинской волости, северо-западнее урочища

Джалпак-тас он обнаружил большой камень с высеченными на нем изображениями фигур маралов, оленя, горного козла, человека ведущего верблюда и др. Приблизительно в 150 метрах за камнем, на возвышенности находились «собрание камней» оба (курганы), а в 50 шагах от них в ложине расположена разрушенная большая старая могила (курган) [8, с.65-66]. Далее он обследовал урочище Джалпак-таса, где обнаружил многочисленные могилы (курганы) больших и малых размеров. На многих курганах были следы раскопа грабителей. Н.Н.Пантусов произвел обследование разрытых курганов. Могилы были обложены крупными плоскими перпендикулярными камнями, некоторые имели небольшие отделения с боку, также обложенные плоскими камнями. В этих отделениях находились по одному глиняному сосуду, вроде тарелок [8.66].

Н.Н.Пантусов также обследовал петроглифы с изображениями горных коз в урочищах Казы-бек, Калы-булак; в урочищах Казы-бек, Утеген и Серек-тас были обследованы многочисленные курганы, сложенные из камня.

В Лепсинском уезде Н.Н.Пантусов обследовал письмена, высеченные на больших камнях, расположенных на левом берегу реки Баскана. Камни с надписями представляют собой большие гранитные валуны, высотой в рост человека, скатившихся с окрестных гор. Всего этих камней более десяти. По описанию Н.Н.Пантусова: «Большой из этих камней похож фигурой своею на лежащего верблюда с седловиной...» [9.68]. На задней части «верблюдообразного» камня имеется изображения козлов и надпись. На одном из лежащих рядом двух камней высечена мусульманская надпись, а на втором – имеются пять ямок. Местные жители чтят эти камни, как святыню и называют их «Аулие-тас» - священный камень.

Н.Н.Пантусов приводит несколько версий предания об Аулие-тас. По первой версии эту местность посещал сам пророк Мухаммед, который сажился на одном из этих камней, отчего этот камень принял форму седла, а по другой версии, пророк приехал в это место на верблюде, а затем верблюд окаменел, и изображение лежащего верблюда осталось доселе. Вблизи от «верблюдообразного» камня имеется камень в виде небольшого навеса, где по преданию стоял конь пророка Мухаммеда – дуль-дуль [9.68].

Поездка Н.Н.Пантусова в июле 1898 года в Алтын-Эмельскую волость Капальского уезда была насыщенной и плодотворной. В Алтын-Эмельской и сопредельных волостях были выявлено значительное число ранее неизвестных памятников археологии.

Н.Н.Пантусовым были обследованы множество курганов различных размеров, расположенные в долине, с правой стороны дороги Кугалы-Луговое (Кулан), в бассейне реки Кескен-Терек, а также в 20-25 верстах юго-западнее от станицы Коксу. Курганы располагались перпендикулярно к горам в виде сплошного ряда, насыпи имели диаметр у основания 5 сажень, высоту

3 сажени [10, с.20]. Западнее селения Луговой им были обследованы несколько больших курганов, а в ущелье соединяющие Капальский и Джаркентский уезды выявлены наскальные рисунки и надписи.

29 июля того же года Н.Н.Пантусов обследовал урочища Байгозы и Ашыбулак. В урочище Байгозы были открыты и обследованы два больших кургана и три кургана малых размеров, расположенных у реки Кугалы, а в урочище Ашыбулак найден отесанный каменный столб, лежащий у разрытой могилы.

В Алтын-Эмельской волости Н.Н.Пантусов также обследовал расположенный по направлению восток-запад длинный ров. Он берет свое начало от Алтын-Эмельских гор, между станциями Алтын-Эмель и Куякуз, и далее идет к горам Асан и к реке Коксу. Непрерывный ров местами довольно значительный, имеет также непрерывный вал с северной стороны, ширина рва 2 сажени, глубина 2 аршина. Вопрос кем, когда и для какой цели был вырыт этот ров остался открытым.

В урочище Мамырхан-бастау Н.Н.Пантусов осмотрел несколько могил (оградки) и каменную бабу (балбал тас). Каменная баба была разбита и лежала на боку. Усеянные вокруг могилы камни были покрыты мхом. По предположению Н.Н.Пантусова эти могилы более древние, чем ранее обследованные могилы. Между урочищами Досом и Кок-бастау также была выявлена каменная баба [10, с.22].

19 июля 1899 года Н.Н.Пантусов отправился из селения Джангыз-Агач в ущелье Теректы с целью произвести съемки надписей, расположенные на отвесных скалах. Им было снято четыре фотографии, три съемки - отдельных камней, а один общего вида. На одном из камней была высечена фигура горного козла с огромными рогами (рис.2).



Рисунок 2. Наскальное изображение в ущелье Теректы  
(по А.Н.Марьяшеву и А.А.Горячеву)

Надписи были переведены ученым маньчжурского происхождения Джалангом. На одном из камней было высечено по-монгольски - «Дэду орон», что в переводе значит «высокое место». На двух других камнях написано: с левой стороны - по-монгольски «Ария-бало» - название одиннадцатиликого

Бурхана, Хоншим-Бодисатва или Нидубэръ-Ужекчи, а с правой стороны – непереводаемая на русский язык, таинственная молитва или заклинание по-монгольски «Ом-ма-ни-бет-ма-хум» [11.26].

Выше в горах при обследовании многочисленных камней-валунов были выявлены петроглифы. На камнях были высечены изображения горных козлов, охотников с луками, богумаралов (бугы-марал-Б.М.) и собак.

В тот же день Н.Н.Пантусов обследовал правый берег реки Коксу и расположенный вдоль этого берега горы Чибынды (Шыбынды-Б.М.). В верстах шести-семи от селения Джангыз-Агача, у двух водопадов на реке Коксу и в верстах четырех от этих водопадов, чуть выше притока реки Коксу Кызыл-булак были найдены местонахождения петроглифов.

В местонахождении рисунков, расположенных на высоком берегу реки у водопада, фигуры горных козлов выбиты на отдельных скальных блоках, а изображения козлов, маралов, лошадей и охотников с собаками расположенные в долине между горами Шыбынды и реки Коксу были высечены на пятидесяти отдельных валунах [11.27].

25 июня 1898 года Н.Н.Пантусов вторично посетил памятник «Денгек» (каз. Діңгек), расположенной в Баскан-Саркандской волости Лепсинского уезда, 7,5-8 верстах к юго-востоку от выселка Абакумовского.

Денгек сложен из каменных плит на глине, в плане квадратная, размерами сторон около 1,5 сажени, высота 4 сажени (12 аршин) (рис.3). Описывая памятник «Денгек» Н.Н.Пантусов писал, что в 1890 году когда он посетил его впервые, этот памятник был совершенно цель, теперь же он сильно разрушается киргизами, они берут из него камни и совсем раскрыли его [12.16-17].




Рисунок 3. Памятник «Денгек» (по Н.Н.Пантусову)

По рассказам местных жителей памятник «Денгек» был построен еще во времена китайского владычества, над могилой знатной калмыцкой девицы. Местные жители называли памятник «Денгек», что в переводе значило – столб.

13-15 июля 1898 года Н.Н.Пантусов посетил станицу Сергиопольскую расположенном в Лепсинском уезде. Н.Н.Пантусов пишет, что станица Сергиопольская замечательна обилием каменных баб, которые привезены из окрестных урочищ [13.18]. Большинство каменных баб в станице поставлены у ворот, они вкопаны в землю, в виде столбов и крепко придерживают ворота, предохраняя их от расшатывания ветрами. Каменные бабы также использовались на устройство заборных стен, на столбы и пр. надобности.

Н.Н.Пантусовым были сфотографированы каменные бабы, расположенные в станице Сергиопольская (рис.4) [13.18-19].



Рисунок 4. Каменные бабы. Копии с фото Н.Н.Пантусова. 1,2,3,6 – бабы из станицы Сергиопольской (по И.А.Кастанье)

16 июля 1898 года Н.Н.Пантусов посетил памятник Козу-керпеч и Баян-солу (каз. – Козы-Көрпеш – Баян сулу), расположенной между станциями Кызылкая и Малым Аягузом.

Памятник сложен из каменных плит, высота 17-18 аршин, размерами сторон 7-6 аршин (рис.5). Вход расположен с юго-западной стороны. По описанию Н.Н.Пантусова в 1883 году на могиле Козы-Корпеша находилось четыре каменных баб. Все они были переломлены на несколько частей. По мнению Н.Н.Пантусова, они изображали: один – Козы-корпеша, другой – его жену Баян сулу, третья – сестру Баян сулу и четвертая – жену ее брата (Дженке) [14. 20-21].

24 мая 1900 года Н.Н.Пантусов посетил проездом местность Арасан, где исследовал надписи, высеченные на скалах. Надписи имеются на шести

отдельных камнях. Пять из них доступны чтению, а на шестом камне ничего разобрать нельзя, все надписи были сбиты. Все надписи представляют собой тибетское тарти (заклинание) – «Ом-ма-ни-бад-ма-хум» повторяющиеся многократно, только на втором камне имеется надпись по-монгольски: изом бусыр бочочжи-бособэ (дорога поднялась) [15.12].

Н.Н.Пантусов описывает, что к западу от Арасанских гор находятся развалины старого пикета, а в окрестностях гор рассеяно множество курганов по правому берегу реки Кегени. В статье он приводит рапорт Кегенского волостного управителя от 8 марта 1897 года на имя Джаркентского уездного начальника, относительно рассеянных в Айт-Аламановской (Кегенской) волости холмов и бугров.

В рапорте дается краткое описание курганов. Курганы, расположенные в урочищах Сартогай, Арасан и Курайлы имеют высоту от  $\frac{3}{4}$  до  $1\frac{1}{2}$  аршин, ширина в диаметре от  $1\frac{1}{2}$  до 3 сажень, а расположенные в Кегенской долине курганы имеют большую величину, высота от  $1\frac{1}{4}$  до 4 сажень и ширина в диаметре от 5 до 10 сажень [15.13].



Рисунок 5. Памятник Козы-Корпеша и Баян сулу (по Н.Н.Пантусову)

1 июля 1900 года Н.Н.Пантусов по пути следования из Каракулека в Джаркент, осмотрел могилу Актам. Она представляла собой развалины, по описанию Н.Н.Пантусова, - здание настолько разрушено, что нельзя составить о нем определенного представления [16.7].



Н.Н.Пантусов сравнивает теперешнее состояние памятника Актам (рис.6) с описанием К.Пельмского (рис.7), посетившего могилу Актам в 1884 году пишет, что в 1884 году, памятник был еще в прекрасной сохранности, особенно ее внутренняя часть. Наружный вид здания был похож на башню или маяк, в плане был четырехугольным, шириною до 8 аршин, высотой до 21 аршин [16. 7-8]. Карниз здания поддерживало 12 деревянных колонн. Внутренние стены были исписаны надписями на русском, татарском, манджурском и китайском языках. Заметки были оставлены лицами посетившие эту могилу.

Внутри здания над могилой располагался памятник (надгробие), оно было сложено из китайского кирпича и оштукатурена смесью соломы с глиной. Надгробие представлял собой четырехугольник со сторонами 2,5 аршин, высотой до 1,5 аршин [16. 9].

По рассказам местных жителей, памятник был построен более двух столетий. Н.Н.Пантусов приводит легенду о могиле Актам, записанном К.Пельмским, по преданию памятник был построен над могилой китайской девицы. А по рассказам китайцев Илийской долины в Актаме погребены останки калмыцкого ламы Ноин-камбу [17. 9-10].




Бұл еңбекте Т.Мор мемлекеттік билік және Ш Ричардтың басқару әдісін, билікке қол жеткізу мақсатындағы іс-әрекеттерді сынға алады. Т.Мор алғашқылардың бірі болып елдің королінің арсыздық келбетін ашты, тарихи зерттеулерге адамшылдық өлшемін енгізді. Макиавеллидің "мемлекеттік мүддені" бәрінен жоғары қоятын қағидасына мораль қағидасын қарсы қойды. Макиавелли соғыс, жаулап алу, билік үшін талас сияқты әрбір мақсатты іс-әрекетті өзінің "мемлекеттік мүдде" қағидасымен түсіндіруге тырысса, Т.Мор тарихи оқиғаларды баяндай отырып, өзінің басты кейіпкерінің ішкі дүниесіне үңіліп, қара ниетін, қызғаншақтық, қатыгездік сияқты кері қасиеттерін мораль қағидасы тұрғысынан ашқан. Т.Мор замандастарының болған оқиғаны баяндаған жазба және ауызша мәлімет деректерін кеңінен пайдаланды. Алайда Мор оларды талдау кезінде Ш Ричардтың біржақты бейнесін сомдауға және өкіметке шектен тыс құлшыныстың қателігін көрсетуге ұмтылып, қажетті объективтілікті әрдайым сақтай бермеді. Ағылшын тілінде шыққан "Ш Ричардтың тарихы" нұсқаларының бірінде

Т.Мор "бұл тарихты әрі қарай дамытуға ораламын" деп [8] жазып, VII Генрихтың билік құрған кезеңін жазуды немесе алаяқ Перкин Варбек "тарихының" қысқаша очеркін құрастыру жоспарын айтқан. Алайда оның бұл ойының орындалмағандығы белгілі, Т.Мор тіпті "III Ричардтың тарихын" аяқтай алмады. III Ричардтың тағдыры арқылы жоғары моральдық қағидаларды бұзу мемлекетті және билеушінің өзін де даңқсыз қазаға ұшырататындығын көрсеткісі келді. Еңбекте III Ричардтың қатыгездігін көрсететін оқиғаның бірі ретінде өз бауыры IV Эдуардтың балалары Эдуард пен Ричардты заңсыз некеден туылған деп, Тауэрге жабуы және оларды өлтіргізуі баяндалады. Т.Мор "қаражүректі" III Ричардқа "қайырымды" Эдуардтың бейнесін қарсы қояды. Тарихта бұл бейнелер жөнінде қалыптасқан ортақ тұжырымдардың болмауына қарамастан, Томас Мордың берген сипаттамаларын XVI ғасырда өмір сүрген ағылшын жылнамашылары Холл мен Холиншед, ал олардан Шекспир тұтас күйінде қабылдаған, бұл сипаттама кейінгі уақыттарда басты көзқарас ретінде қалып қойды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Средневековая Европа глазами современников и историков. —М.: Интерпракс, 1995, ч. 4. - С. 148-165.
2. Жумагулов К.Т. Об историко-политических взглядах И.Г.Гердера. Вестник КазГУ, серия историческая, вып. 14. Алматы, КазГУ. — С. 75-78.
3. Крусман В. На заре английского гуманизма. Английские корреспонденты первых итальянских гуманистов в ближайшей своей обстановке. Исследование. - Одесса, Тип: Техник, 1915, /710/. - С. 25-28.
4. Роттердамский Э. Похвала глупости. — М., 1983. — С. 11-50.
5. Историография античной истории. Под ред. В.П.Кузицина. М., Изд. Высшая школа, 1980. — С. 29.
6. Средневековая Европа глазами современников и историков. —М.: Интерпракс, 1995, ч. 4. - С. 137-138.
7. Мор Т. Эпиграммы. История Ричарда III. /Перевод/. Изд. подг. М.Л.Гаспаров и др. - М.: Наука, 1973, /254/. - С. 201-216.
8. Мор Т. Эпиграммы. История Ричарда III. - С. 202.

**ӘЛЕУМЕТТАНУ, САЯСАТТАНУ**

**М.А.БОЖБАНБАЕВ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕ ӘЛЕУМЕТТІК  
РЕФОРМАЛАРДЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ**

В этой статье рассматриваются социальные проблемы аула и пути их решения, а также анализируются государственные социальные реформы.

The purpose of the author is to reveal social problems of the village and the ways of their solution. Some state social reforms have been analyzed in the article as well.

Қоғам дамуының негізі ауыл екені белгілі. Ауыл дегеніміз - сайып келгенде, халықтың тұрмыс салты, мәдениетіміздің, дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыз бен рухани тіршілігіміздің қайнары [1]. Осынау саяси-моральдық және әлеуметтік факторлардың өзі-ақ бізден ауылға барынша байсалды қарауымызды талап етеді. Олай болса, ауыл тек ауыл жұртшылығының ғана емес, бүкіл қоғамның көкейкесті мәселесіне айналуы қажет.

Әрине, ел экономикасын, әсіресе ауылдың әл-аухатын көтеру мақсатында елімізде жүргізіліп жатқан реформалар аз емес. Соның ішінде 2004-2010 жылдарға арналған «Ауылдық аймақтарды дамыту» мемлекеттік бағдарламасы және «Дипломмен ауылға» және т.б. бағдарламаларды атап өтуге болады.

Аталмыш бұл бағдарламалар ауылға не өзгерістер әкелді? Қабылданған бағдарламалар қаншалықты өз нәтижесін берді деген сауал өзінен-өзі туады. Осы сауалға өз бетімізше жауап іздеп көрелік.

Биыл 2004-2010 жылдарға арналған «Ауылдық аумақтарды дамыту» мемлекеттік бағдарламасын орындау мерзімі аяқталды. Үкімет бұл бағдарламаны қабылдағалы бері, қазынадан миллиардтаған теңге қаржы бөлініп, алыс ауыл-аймақтардың білім орындары мен денсаулық сақтау нысандары, тозығы жеткен жүздеген шақырым жолдар, электр, оның ішінде байланыс желілері, таза ауыз су нысандары жөндеуден өткізілді. Яғни, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезеңінде республикада ауылдағы білім мен денсаулық жүйесін дамытуда, ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуде елеулі жұмыстар атқарылды [2]. Аталмыш бағдарламаға көмек ретінде «Жол картасы» жобасы да ауыл инфрақұрылымының аяғынан тік тұруына едәуір септігін тигізді.

Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру жылдарында ауылды дамытуға елеулі материалдық ресурстар бағытталып, елді мекендердің экономикалық жағдайын жақсартта түсті. Инвестициялардың басым бөлігі ауыл проблемаларының басым салаларын: білім беру, денсаулық сақтау және ауыз сумен қамтамасыз ету шараларына жұмсалды.

2004-2008 жылдарда қаржыландырудың барлық көздерінен ауылдық аумақтарды дамытуға 535,8 млрд.теңге бөлінді, оның ішінде республикалық бюджеттің үлесі 42,5%, жергілікті бюджет 45,5%, басқа да қаржы көздері 12%-ды құрайды. Осы кезеңде ауылда 850 білім беру ошақтары, 567 денсаулық сақтау нысандары, 1649 ауыз сумен жабдықтау нысандары, 362 мәдени және спорт нысандары салынды және жөндеумен қамтылды. 3745 білім беру нысаны, 2974 денсаулық сақтау нысаны, 994 мәдениет, туризм және спорттық ғимараттар, 550 сумен жабдықтау нысаны және 1661 километр жергілікті маңыздағы жолдар күрделі жөндеуден өтті. Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ауылдық әлеуметтік сала мекемелеріне ауыл тұрғындарына сапалы қызмет көрсететін ең жаңа заманауи жабдықтар сатып алынды және орнатылды. Енді осы техникалық жағынан жаңартылған заманауи жабдықтарға ие болған ауылдың әлеуметтік сала мекемелеріне оларды орнымен тиімді пайдалана алатын білікті маман қажет.

Нарықтық экономикаға бағдарланған шаруашылық жүргізудің жаңа тетіктерін қалыптастыру жағдайында мемлекет алдында бәсекелестікті қамтамасыз ету міндеті тұр, бұл ендеше кадр әлеуетін жүйелеу қажет дегенді білдіреді. Ауылдық аймақтарда халықтың 47%-ы тұратынын ескерсек, бұл мәселені шешу алғашқы кезектегі міндеттерге айналып отыр.

Бүгінгі таңда ауылдық жерлердегі әлеуметтік сала ұйымдары мен мекемелерінде кадр тапшылығы өткір сезіліп отыр. Қала жағдайында жұмыс істейтіндерге қарағанда ауылдық жерлердегі осындай мамандықтарда еңбек ететін мамандардың еңбекақысы 25% жоғары болғанымен, ауылдық жерлерге мамандарды тұрақтандыруға кедергі болып отырған басты фактор тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі болып отыр.

Дегенмен, бұл бағдарламаның жүзеге асырылуында біршама кемшіліктер байқалады. Біріншіден, аталмыш бағдарлама ең алдымен ауыл адамдарының ой-санасы мен еңбек өнімділігін көтеру керек.

Екіншіден, осы жылдар аралығында ауылға жаңа технологиялар, ғылымның заманауи технологияларын ендіруді нақты қолға алу қажет. Осының өзі ауылдағы жас кадрлардың қалаға ағылуына бірден-бір себеп. Қиырдағы ауылдың ауыр тұрмысынан шаршаған жастардың көбі қара жұмысқа құлқы жоқ. Неге? Біз осы мәселенің байыбына әлі күнге барған жоқпыз. Түптеп келгенде, ауылда өмір сүру рақат болса, неге мыңдаған жас қалаға сандалады?

Үшіншіден, бұл бағдарламаның көбінесе қалаға іргелес жатқан елді мекендерге шарапаты көп болды. Ал, алыс ауылдардың тұрғындары әлі күнге ауыз судан, тозығы жеткен жолдардан қағажу көріп отырғаны жасырын емес.

Қорыта айтсақ, жоғарыда тізбелеген мәселелердің бәрі де – жинақталып қалған көпжылдық мәселелер. Бұларды шешу үшін ауыл шаруашылығына әлі де жете мән беруіміз керек.

Бұл мәселеде Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткеніндей, «мемлекетіміз әлем таныған, алдыңғы қатарлы елдер қатарына қосылуы тиіс» [3]. Бұл үшін ҚР-ның халық шаруашылығының ең негізгі маңызды саласы – ауыл шаруашылығы болып табылады. Оның маңыздылығы – ең алдымен халықты азық-түлік өнімдерімен, ал өңдеуші өнеркәсіпті қажетті ауыл шаруашылық шикізатымен қамтамасыз ету. Ауыл шаруашылығының еліміздің экономикалық, әлеуметтік өмірінде айрықша орын алатыны баршамызға белгілі. Ауыл шаруашылығы дамуының деңгейі көбінесе елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайды. Қазақстанның ауыл шаруашылығына қолайлы жерлері көп болғандықтан, әлем нарығында бәсекелестікке қабілетті агроөнеркәсіп секторын дамытуға барлық мүмкіндіктер бар. Оған қоса, ел халқының жартысына жуығының әлеуметтік жағдайы ауыл аймақтармен тығыз байланысты. Ауыл республика экономикасы дамуындағы маңызды фактор болса, ауыл халқы еліміздің қоғамдық-саяси тұрақтылығының да шешуші факторы болып есептеледі.

Ендігі мәселе, 2009 жылдың шілдесінен бастап «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» Жастар қанатының іске асыруымен «Дипломмен ауылға!» жобасы қолға алынғаны баршамызға аян. Президент бақылауындағы бұл жоба жастарды жұмыс өтілін ауылдан бастауға шақырады. Ауылға баратын жастарға, 70 айлық есеп-айырысу көрсеткіші (90 мыңға жуық теңге) көлемінде жоғарылатылған жәрдемақы төленіп, баспана алуға, кредитке жеңілдік және айлығына 25 пайыз үстеме ақы төлеу жолдары қарастырылған. Бір жағынан алып қарасаңыз, «Дипломмен ауылға» жобасынан мемлекеттің де, ұлттың да ұтары көп. Өйткені, жаңа жобаның ауыл үшін де, жастар үшін де өзекті ұсыныс болғаны анық.

Жалпы алдағы уақытта да ауылдың тіршілігі мемлекеттік саясаттың басты назарында бола бермек. Бұған елбасымыздың жолдауы дәлел бола алады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің биылғы 2010 жылғы жолдауында Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі ең төмені және жылына бір жұмыс істеушіге 3 мың доллар шамасында келетіндігін, ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 50-70 мың долларды құрайтындығын айтты. Сондай-ақ, 2014 жылға қарай агроөнеркәсіптік кешенде өнімділікті кем дегенде екі есеге арттыру керектігін, 2014 жылға қарай азық-түлік тауарлары ішкі рыногының 80%-дан астамын отандық тағам өнімдері құрауы тиіс екендігін айтты және елбасының пікірінше бізде ол үшін мүмкіндіктер бар [3].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Ауыл шаруашылығын дамытудың жаңа кезеңі // Егемен Қазақстан, 2005, 1 ақпан.
2. [www.kazinform.kz](http://www.kazinform.kz);
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев. Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан халқына жолдауы. //Егемен Қазақстан, 2010, 30 қаңтар.



**Д.Р.ТҰРҒЫНОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### **САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ**

**В этой статье рассматриваются периоды развития политических партий на основе статистических данных.**

**This article deals with stages of development of political parties in Kazakhstan according to statistics.**

Партия – саяси институт. Кез келген партия мемлекеттік биліктің жүзеге асуын қадағалау немесе билікті өз қолына алу бағдарламасымен жұмыс істейді [1.503 бет]. Ал көппартиялық жүйе партиялар арасында бәсекелестік туғызып, жұмыстарының қарқынды жүруіне ықпал етеді. Қазақстан – демократиялық ел, бізде барлық партиялардың құқығы бірдей. Қазақстан өз бағдарламаларын жүзеге асыру үшін партияларға толықтай мүмкіндік беріп отыр. Олар өз бағдарламасы мен мақсаттары туралы мәлімет таратып, үгіт-насихат жүргізуге, президенттікке, мәжіліс, мәслихат депутаттығына үміткер ұсынып, сайлауға қатысуға фракциялар құрып, көзқарасын ұстанатын ақпарат құралын иемденуге құқылы. Алайда біздің елімізде саяси партиялардың мемлекет ісіне, ал мемлекет саяси партия ісіне заңсыз араласуға жол бермейді.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары Қазақстанда 600-ден аса қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер, саяси партиялар тіркелген. Заман талабына ілесе алмаған олардың біразы саяси сахнадан ығысып қалған жайы бар. Бүгінгі таңда Қазақстандағы саяси партиялардың саны тоғыз. Саяси партиялардың көш басында тұрған ХДП «Нұр Отан». Ал басқа партиялар өз мүмкіншіліктерін толық пайдалана алмай жүр. Айталық кейбір партиялардың өз БАҚ-ы жоқ. Онсыз партия ұстанымын тарата, көпшілік даусын жинай алмайды. Қазақстанда тек ХДП «Нұр Отанның» ақпараттық жүйесі толық деңгейде жұмыс істеп жүр. Десек те, бір партияның бірнеше БАҚ иемденуі де құптарлық нәрсе емес. Және бір айтып кетерлік жайт, көпшілік ақпарат құралдарында партиялар жайлы, олардың жұмыстары жайлы ақпарат аз. Жалпы Қазақстанда көппартиялық жүйе дамудың алғашқы сатысында тұр. Олай дейтініміз – біздегі партиялардың көбі сайлаулық науқан кезінде бой көрсетіп, кейін ізім-ғайым жоқ болып кетеді. Ал көптеген партиялар өздерінің мақсаттарын айқындай алмай, идеологиясын, тұғырнамасын құрастыра алмай жүр. Олар көбіне сападан гөрі санға басымдылық беріп, өздерінің мүшелерін көбейтуден әрі асып жатқан жоқ. Кейбір партиялар бөлініп, қайта бірігіп атауларын ауыстырып, бағдарламаларын өзгертіп, өз ұстанымдарына өздері қарсы шығып, сөздері мен іс-әрекеттері ұштаспай жатады. Сол себепті олар халық арасында беделдерін төмендетіп алды. Нақты социологиялық зерттеу мәліметтеріне қарағанда, танымалдығы мен

ықпалдылығы жағынан 61,5% иемденіп, ХДП «Нұр Отан» бірінші орында тұр. Екінші орында 10,6% – «Ақ жол» партиясы тұрса, 7,4%-бен «ЖСДП» үшінші, қалғандары төменгідей жайғасқан: «Ауыл партиясы» – 2,1%, 1,5% «Патриоттар партиясы», 0,6% «Коммунисттер», 0,1% «Руханият» партиясы соңғы орынды иеленсе, сұралғандардан 16,2% адам ешқандай партияға бүйрегі бұрмайтындығын білдірген [2]. Оппозициялық партиялар туралы айтар болсақ, олардың негізгі қолдаушысы жұмыссыздар болып отыр.

Егер 1999 ж. парламенттік сайлауда республикалық «Отан» саяси партиясын сайлаушылардың 30,89%-ы қолдаса, ал 2004 ж. сайлау нәтижесінде 60,62%-ы қолдаған. Өткен осы екі сайлауда да "Отан" партиясына аз дауыс берген Қызылорда облысының сайлаушылары екен. Бір таңқаларлығы, облыс азаматтары 1999 ж. сайлауда билік партиясына бәсекелес болған Коммунистік партияға (22,99%), ал 2004 ж. сайлауда "Ақжол" (37,95%) партиясына көбірек қолдаушылық көрсеткен. Зерттеушілер бұған түрлі пікір айтып жүр. Біздің пікірімізше, мұның біден-бір себебі ол кезде Қызылорда облысы республика бойынша мұнайлы өңір болғанымен, облыс тұрғындарының тұрмысы төмен, жұмыссыздық деңгейі жоғары болған. Егер республика бойынша жұмыссыздық деңгейі 9,3% құрайтын болса, ал Қызылорда облысында жұмыссыздық деңгейі 12,5% құрапты. Бүкіл республика бойынша жұмыссыздық көрсеткіші бойынша облыс "бірінші" орында тұрған [3].

Шындығына келсек, билік партияларының негізін мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттік сала қызметкерлері құрайды. Ал жұмыссыздар мен басқа сала қызметкерлері арасында саяси белсенділік төмен, тіпті партияларға қызығушылығы барлардың өзі оппозициялық партияларға басымдылық береді. Біздің елде партияға деген халықтың сенімі жоқ. Оған бір себеп жетпіс жылдай бір партияның жетегінде жүргені болса, бір себеп партиялардың өздерінде. Яғни олар өздері бағыттарын айқындай алмай, бір бөлініп, бір бірігіп атауларын өзгертіп жүр. Ал кейде біржақтама билікке қарсы шығумен шектеледі. Бізде партияларға көп мүмкіншілік берілген, мемлекет партия ісіне араласып, жөнсіз шектемейді. Оларға қоғамдық пікірді қалыптастыруға, БАҚ иемденіп жарғыларын сол арқылы білдіруіне, жиналыстар ұйымдастыруна, президенттікке, парламент Мәжілісі мен мәслихаттарына кандидат ұсынуға, өз өкілдері арқылы Сенатқа да кандидат ұсынуға құқылы. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттің конституциялық құрылымын өзгертіп, тұтастығына қауіп төндірмесе болды. Дегенмен, демократия – дандайсу, бостандық – бассыздық емес. Партия Қазақстан заңы негізінде әрекет етуі тиіс. Партияларға мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіне араласуына жол бермейді [4]. Сол сияқты мемлекет өз аумағында басқа мемлекеттердің саяси партиялары қызметіне жол берілмейді. Көппартиялық құрылым – тек билікке қарсы шығу емес, ол белгілі

бір қоғам өкілдерінің мүддесін қорғай білу, биліктің жүзеге асуын қадағалау, әр партиялар арасында тұрақтылық, бірліктің болуымен қатар, әр партияның тәуелсіз, еркін болуы. Ал бізде өкінішке орай, партиялардың бір-бірімен бәсекелесуге қауқары жоқ.

Жалпы алғанда Қазақстанда көппартиялылықтың құрыла бастау процесінің алғашқы сатысында тұр. Көптеген партиялар мен қозғалыстар өзінің идеологиялық бағдарламасын дұрыс құрастыра алмай, саяси өзгешелігін ашық көрсете білмеушіліктен қиындыққа ұшырап жүр. Олардың платформалары ұқсас, халықпен тығыз байланыс жүйесі жоқ. Сонымен қатар Қазақстан халқының топтық ықыласын жете түсіну және даралануы әзірге бастапқы күйінде тұр. Сондықтан республиканың саяси партиялары топтық ықыласты қорғағанда ашық саясат жүргізе алмайды, өз бағдарламаларын тек идеологиялық бағалылықтарға негіздейді.

Саяси партиялар – азаматтардың түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі. Партия ісі – қоғам ісі. Бұл бүгінгі шындық.

Қазақстанда саяси партиялар сатылап дамуда, ол Қазақстан республикасының тұрақты да өркениетті мемлекет болуына көмектесуде және мақсатына қызмет етуде. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси жағынан дамып, өркениетті елдер қатарына қосылу жолында саяси партиялардың орны ерекше. Елбасымыздың тұрақты саяси-партиялық жүйе құруды маңызды міндеттердің бірі ретінде санауы жайдан-жай емес. Саяси партиялардың қоғамның дамуында алар орны зор.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Саяси түсіндірме сөздік. Жүйелі зерттеулер институты. Астана, 2007.
2. [www.gong.kz](http://www.gong.kz) Есенгүл Кәпқызы. Қай партия танымал?
3. Әбділдабек М. Көппартиялық болашақтың кепілі ме? // "Түркістан" 1995, 5-сәуір.
4. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz). ҚР Саяси партия туралы Заң.

**ҚҰҚЫҚТАНУ**

**Н.М.БАТЫРБАЕВ**

заң ғылымдарының кандидаты, доцент

**А.А.АБДИКЕРИМОВА**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫНА СӘЙКЕС МҰРАГЕРЛІК  
ҚҰҚЫҚ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МҰРАҒА ИЕ БОЛУ НЕГІЗДЕРІ**

**В этой статье рассматриваются понятие наследственного права и основы унаследования, согласно законам РК.**

**The article deals with the conception of the hereditary law and with basis of inheritance according to laws of Kazakhstan.**

XXI ғасырда дамудың тұрақты экономикалық және әлеуметтік жолдарын анықтау, болашақ ұрпақ қамын ойлау – бүгінгі дүниежүзілік қауымдастықтың басты міндеті болып табылды.

Президентіміздің «Қазақстан–2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» туралы жолдауы көп мәселенің шешімін табуға жол сілтеді.

Адамзат баласының басынан кешірген таптық қоғамның бәрінде меншік болғаны рас. Бірақ меншік формалары және сипаты әркелкі еді. Оның бірі жеке меншік, бұл өндіріс құрал-жабдықтарына, үй мен үй мүліктеріне, сондай-ақ адамның қажеттерін өтейтін заттары мен бұйымдарына деген меншіктер жүйесін қамтиды. Адамның қожалығындағы малдары, машинасы мен жиынтық қаржылары, жері және т.б. мүліктері осы меншіктің мазмұнына кіреді.

Мұрагерлік – өте ертеден келе жатқан көне институттардың бірі. Мұрагерлік институтының қалыптасу тарихына көз жіберсек, оның азамат қоғамымен бірге жасасып, бірге дамып отырғанын байқаймыз. Алайда, алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамның қажеттіліктері қазіргі заманмен салыстырғанда өте қарапайым болып және оны қанағаттандыру құралдарының жетімсіздігі әсерінен болар, ол кезеңдерде әлі мұрагерлік деген түсінік қалыптаспаған еді. Мүмкін, оны мұраға қалдыратын мүліктердің жоқтығымен түсіндіруге болар. Әрине, ол заманда да аңшылық, балық аулау құралдары, жабайы аңдар терілері, үйді ұстауға қажетті құрал-жабдықтар, т.б. адам өміріне қажетті құралдар әкеден балаға, рудан руға өтіп отырған. Әкеден балаға мирас түсінігі, бәлкім, осыдан қалған болар. Сонымен мұндай жағдайда туындайтын қатынастар құқық нормаларымен емес ғасырлар бойы дәстүрлермен реттелген еді.

Соған сәйкес, бұл қатынастарды жүзеге асыру қазіргідей мемлекеттік мәжбүрлеу шарасымен емес, қоғамдық пікір, ру, тайпа беделі сияқты шаралармен жүзеге асырылады.

Кейінірек шаруашылық мүліктері дамыған сайын адамдардың қатынастары күрделене келе, тайпалық қатынастар әлсіреген кезде қайтыс болған адамның мүлкі кімге қалады, кім оған ие болады? Осылайша қоғам әлеуметтік топтарға бөліне келе, жеке меншік қалыптаса түсіп, осылармен бірге мұрагерлік те пайда болып, дами берді.

1995 жылғы 30-тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы Қазақстан Республикасы өзін демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Оның ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетеді [1]. Негізгі құқықтарының бірі Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабында көрсетілген республика азаматы меншік иесі болу құқығына ие, өзінің еркі бойынша өзіне тиесілі мүлікпен иемдене алады, пайдалана алады және билік жүргізе алады. Меншік құқығы мұрагерлік құқықпен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 235-бабында меншік туралы меншік құқығына ие болу негіздері мыналар деп атап көрсетілген:

1. Егер шартта немесе заңдарда өзгеше көзделмесе, жаңа затқа меншік құқығы оны дайындығы немесе жасаған тұлғаға тиеді.

2. Меншік иесі бар мүлікке, меншік құқығына басқа адам сатып алу, сату, айырбастау, сыйға тарту немесе осы мүлікті иеліктен айыру туралы өзге мәселенің негізінде ие болу мүмкін.

1994 жылы 27-желтоқсанда Республика Жоғарғы Кеңесінде қабылданған Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (жалпы бөлім) 14-бабында көрсетілген, азамат меншік құқығында мүлікке ие бола алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасы аумағында және оның шекараларынан тыс аймақтарда шетел валютасын иемдене алады, мұрагер ретінде мұраға иемдене алады және мүлікті мұра ретінде қалдыра алады. Республика Конституциясында көрсетілгендей меншік объектілері мен субъектілері, оның негізгі формаларының көптүрлілігі, меншік иелерінің өзінің құқықтарын пайдалану, шектеу оларды қорғау негіздері заңмен анықталады.

Заң бойынша кез-келген азаматтың жеке меншігіндегі ақша, лицензиялар, патенттер, шетел валютасы акциялар өз шаруашылығын жүргізуінен түсетін еңбек табыстары, үй, саяжай және басқа да күнделікті тұрмыс қажетіне арналған мүліктері болуы мүмкін.

Мұрагерлік құқық отбасы құқығымен заңдылықты қорғайды, отбасылардың нығайып, одан әрі өсіп-өркендеуіне, кәмелетке толмаған балалар мен еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің құқығын қорғауда бір-бірін толықтырып, мазмұнын аша түседі.

1991 жылғы желтоқсан айының 16-жұлдызындағы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңының 2-тарауында «Ұлтына, дініне, қандай қоғамдық бірлестікке жататынына, тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, шұғылданатын қызметіне, тұрғылықты орнына қарамастан бірдей құқыққа иеленіп, бірдей міндеткерлікте болады» [2].

Сондықтан, Қазақстан Республикасындағы барлық азаматтар шыққан тегіне, әлеуметтік жағдайына, тұрғылықты жеріне атқаратын қызметіне қарамастан мұрагерлік құқыққа ие бола алады.

Мұрагерлік – азаматтық құқық қабілеттілігінің көрінісі. Заңда көрсетілген реттер мен тәртіптерден басқа жағдайда ешкімнің де құқыққабілеттілігіне шек қоюға болмайды.

Қайтыс болған азаматтың азаматтық құқықтары мен міндеттерінің мұрагер бола алатын азаматтарға өтуі мынадай белгілермен анықталады:

- мұраға ие болу негіздері мұрагерлік құқығының ережелерінде қарастырылған күрделі негізгі құбылыс;
- мұра арқылы берілетін құқықтар мен міндеттер мұра деп аталатын негізді құрайды;
- құқықтар мен міндеттерді қабылдап алушы мұрагерлер мұраға заң бойынша ие болады.

Мұрагерлік – мұра қалдырушы мүлік құқығы мен міндеттерінің заң бойынша басқа адамдарға (мұрагерлерге) өтуін реттейді. Мұнда айта кететін жағдай мүлік немесе заттар жиынтығы емес, керісінше мүлік құқығы мен міндеттерінің жиынтығы. Сондықтан, біз мұраның құрамына үй жөніндегі меншік құқығы, автомобиль емес, автомобиль жөніндегі меншік құқығы, сый емес, сыйға деген құқық т.с.с. кіретіндігін айтамыз.

Мұрагерлік бойынша қайтыс болған адамның жеке басымен байланысты құқықтары немесе өзіндік меншік құқығы заң бойынша заңды мұрагерлеріне өтеді. Мысалы, жалақы, авторлық төлемақы, жинақ банкісіндегі қаражат және тұрғын үй кооперативтеріндегі пайлар [3].

Сондай-ақ, бұл жерде айта кететін жағдай, мұралық құқық бойынша мұрагерлерге мұра қалдырушының борыштары ауысады. Мұраны қабылдап алған мұрагер мұра қалдырушының борыштарына өзіне ауысқан мұрагерлік мүліктің нақты құны шектеріне жауап береді.

Әсиет бойынша мұрагеріне бір немесе бірнеше адамның пайдасы көздейтін міндетті орындауды, мысалы, оның меншігіне бір затты беруді, үйді немесе оның бір бөлігін өмір бойы пайдалануды, белгілі соманы төлеуді тапсыра алады.

Мұра қалдырушы адам қайтыс болғанда немесе көрсетілген тәртіп бойынша азаматты өлді деп танылғанда мұра ашылады [4].

Азаматтың қайтыс болғанда азаматтық құқық пен міндеттердің басқа тұлғаға өтуі келесі белгілермен сипатталады:

1. Мұрагерлік құқық нормаларында көрсетілген фактілік құрам болып табылады;

2. Құқықтар мен міндеттерге ие болатын тұлға қайтыс болған азаматтың жекелі (сингулярлы) құқық иемденушісі емес, жалпы (универсалды) құқық иемденуші болады;

3. Иемденетін құқық пен міндеттер жеке бір мұра құрайды.

Мұра қалдырушы – оның қайтыс болғаннан кейін мүлікке қатысты құқықтар мен міндеттері және басқа жағдайлары мұра ретінде басқа тұлғаларға өткізетін азамат. Бұл Қазақстан Республикасының азаматы немесе азаматтығы жоқ азамат болуы мүмкін.

Азаматтың тірі кезінде оның барлық мүлігі тек оған тиесілі, басқа тұлғалар сонымен қатар балалары оның мүлігіне құқығы жоқ. Тұлғаның қайтыс болуы емдеу мекемесімен (дәрігер) анықталады немесе кейбір жағдайларда соттың азаматты өлді деп тану шешімімен анықталады. Бұл құжаттар АХАЖ органдары қайтыс болған азаматтың мұра қалдырушы екенін дәлелдейді.

Мұрагерлік тәртіп бойынша мұраға өтетін мүлік мұра немесе мұрагерлік масса деп аталады және мұра қалдырушының құқықтары мен міндеттері тоқталмайды, мұрагерге мұрагерлік құқық нормалары негізінде өтеді.

Біздің республикада азаматтың көбінің төмен өмір дәрежесі туралы айтылса да, қазіргі кезеңде азаматтар меншігінде кәсіпорындар, тұрғын үйлер, пәтерлер, автокөліктер, ақшалай салымдар, акция және басқа мүліктер көбейген. Бұл мұрагерлік құқықтың дамуына негіз болады.

Мұрагерлік біздің елде заң бойынша және әсиет бойынша жүргізіледі. Заң бойынша мұрагерлік әсиет бойынша өзгертілмеген жағдайда жүргізіледі. Заң бойынша мұрагерлік әсиет бойынша мұрагерліктен біздің өмірде жиі кездеседі. Оған бірнеше себептер бар:

Біріншіден, көптеген азаматтарды мұрагерлік құқық нормаларымен көрсетілген тәртіп қанағаттандырады.

Екіншіден, өлім әрдайым күтпеген жағдай және көптеген адамдар алдын-ала өсиет жазуға үлгермейді.

Үшіншіден, бұл таза психологиялық фактор орын алады. Кейбір адамдар өсиет жазу, бұл белгілі бір шеңберден шығумен тең.

Заң бойынша мұра иемденудің мәнін Братусь С.Н. жақсы көрсеткен: «Заң бойынша мұрагерлік мұрагерлерді айыптайтын, мұра бөлігін анықтауда мұра қалдырушының еркімен сәйкес келеді» [5].

Заң бойынша мұрагерлік отбасылық мұрагерлік құқық ретінде деуімізге болады, себебі заң бойынша мұрагерлікте мұрагерлер ретінде жақын туысқандары танылады, ал өсиет бойынша мұрагер ретінде кез келген тұлғалар танылады. Сол себепті мұрагерлік құқық отбасы құқығының ажырамас бір бөлігі ретінде қаралуы керек деп білеміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы «Норма-К». 2008.
2. 1991 жыл 16 – желтоқсандағы «ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңы // «Егемен Қазақстан». 18.12.91.
3. *Эйдинова Э.Б.* Наследование по закону и по завещанию, Москва. 1985.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Алматы: «Юрист» 2000.
5. *Братусь С.Н.* Предмет и система гражданского права, Москва, 1963



**Ж.С.АБДУКАРИМОВА**

кандидат юридических наук, доцент  
КГУТИИ имени Ш.Есенова

## **ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН О ПОДДЕРЖКЕ ЧАСТНОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА**

Бұл жұмыста Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерлікті қолдау туралы құқықтық реттелу мәселелері қарастырылған.

The author of the article presents some matters of legal regulation of the support of private business in Kazakhstan.

Вопросы государственной поддержки частного предпринимательства регулируются Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом, Законом Республики Казахстан «О частном предпринимательстве» от 7 февраля 2006 г. и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

Механизмы государственной поддержки частного предпринимательства определены нормативными правовыми актами, регулирующие общественные отношения, возникающие в связи с осуществлением субъектами частного предпринимательства того или иного вида деятельности. Таковыми являются Налоговый, Таможенный, Земельный и иные кодексы, Законы «О лицензировании», «Об инвестициях», «О комплексной предпринимательской лицензии», «О государственной регистрации юридических лиц» и иные нормативные правовые акты, принятые для их реализации.

Механизмы поддержки частного предпринимательства реализуются в Казахстане в основном через созданную достаточно разветвленную инфраструктуру поддержки частного предпринимательства. Эффективность механизмов поддержки предпринимательства во многом зависит от качества исполнения поставленных государством задач всеми участниками данного процесса, уровня ответственности каждого, а также от активности самого предпринимательства [1.25].

Государственная поддержка частного предпринимательства - комплекс государственных мер по стимулированию развития частного предпринимательства, созданию благоприятных правовых, экономических и социальных условий для реализации предпринимательской инициативы в Республике Казахстан, а инфраструктура частного предпринимательства — комплекс создаваемых или действующих организаций, обеспечивающих общие условия функционирования и развития частного предпринимательства, включая содействие в организации собственного дела, обеспечение информацией в области права, маркетинга, инжиниринга и менеджмента, поддержку в обеспечении материально-техническими, финансовыми и другими ресурсами на коммерческой основе. С начала становления независимого Казахстана историю государственных мер по

поддержке предпринимательства можно разделить на следующие периоды:

1. Первый период - с 1992 по 1994 годы;
2. Второй период – с 1994 по 1996 годы;
3. Третий период – с 1997 по 2000 годы;
4. Четвертый период – с 2001 по 2003 годы;
5. Пятый период – с 2004 по 2007 годы;
6. Шестой период – с 2008 года по настоящее время.

Одной из первых мер в этой сфере является принятие Государственной программы поддержки и развития предпринимательства в Республике Казахстан на 1992-1994 годы, которая заложила основы становления и развития частного предпринимательства в целом, не разделяя его по масштабности. Основными препятствиями развития предпринимательства на тот момент являлись отсутствие цельного и стабильного законодательства, адекватной налоговой политики, трудности в получении инвестиций и кредитов, производственных помещений, сырьевых ресурсов, информации, то есть отсутствие реального механизма государственной поддержки предпринимательства, создание которого предполагала Программа [2.14].

С целью создания необходимых условий для активного формирования слоя предпринимателей, обеспечивая тем самым надежную социальную базу экономических реформ в республике была разработана и принята Программа Государственной поддержки и развития предпринимательства в Республике Казахстан на 1994-1996 годы. Данный период ознаменовался осуществлением налоговой реформы, главной целью которой было снижение налогового бремени через сокращение действовавших налогов и платежей, а также обеспечение единого применения налоговых правил на всей территории страны. В процессе реформирования экономики страны малый бизнес приобрел ключевую роль. Развитие малого предпринимательства в единстве с диверсификацией промышленного сектора явилось одной из основ Стратегии "Казахстан - 2030".

В период с 1997 по 2000 годы в целях устранения проблем предыдущего периода, препятствующих развитию малого предпринимательства, и закрепления достигнутых положительных тенденций государством были осуществлены следующие меры:

1) Был принят Указ Президента Республики Казахстан от 6 марта 1997 года № 3398 «О мерах по усилению государственной поддержки и активизации развития малого предпринимательства», который официально утвердил статус мер поддержки и развития малого предпринимательства приоритетной сферой государственной экономической политики и направил осуществляемые меры, в первую очередь, на обеспечение занятости населения, решение его социальных проблем и развитие трудовой активности, наполнение потребительского рынка широким ассортиментом

товаров и услуг;

2) Правительством Республики Казахстан 26 апреля 1997 года был создан Фонд развития малого предпринимательства (Постановление Правительства Республики Казахстан от 26 апреля 1997 года № 665 «О создании фонда развития малого предпринимательства»).

3) Была принята Государственная программа развития и поддержки малого предпринимательства на 1999-2000 годы, которая определяла основные направления государственной поддержки именно малого бизнеса вследствие его особой роли в рыночной экономике.

В 2001 году была принята очередная Государственная программа развития и поддержки малого предпринимательства в Республике Казахстан на 2001 - 2002 годы, которая предполагала повышение эффективности использования создаваемой инфраструктуры поддержки и защиты малого предпринимательства, совершенствование нормативных правовых актов в сфере малого предпринимательства, совершенствование механизмов финансово-кредитной и инвестиционной политики поддержки малого предпринимательства, кадровое, научно-методическое и информационное обеспечение малого предпринимательства, региональное развитие малого предпринимательства [3.55].

В целях дальнейшего развития малого предпринимательства в период с 2004 по 2007 год государством были определены основные направления поддержки малого бизнеса на ближайшую перспективу, в том числе формирование предпринимательского климата, конкурентной среды, системы общественных институтов, которые будут стимулировать частный сектор к созданию производств с высокой добавленной стоимостью. Была принята новая Государственная программа развития и поддержки малого предпринимательства в Республике Казахстан на 2004-2006 годы. В рамках выполнения мероприятий Программы ставились задачи по обеспечению институциональных условий для перехода малого предпринимательства к диверсификации, расширению профильности, перевода инвестиционных потоков в новые отрасли, увеличения активов предприятий малого предпринимательства, создания наукоемких экспорто-ориентированных производств и выхода продукции (работ, услуг) малого предпринимательства на внешние рынки [4].

Не дожидаясь окончания реализации мер по Программе поддержки малого предпринимательства на 2004-2006 годы, Правительством была принята еще одна – Программа ускоренных мер по развитию малого и среднего предпринимательства на 2005 - 2007 годы, разработанная в соответствии с Посланием Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 18 февраля 2005 года «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации». Программа предусматривала весьма действенные меры по поддержке и развитию МСБ, логично вписывающиеся в рамки проводимой государством макроэкономической политики, основанной на

Стратегии индустриально-инновационного развития Казахстана на 2003-2015 годы и Стратегии развития Республики Казахстан на период до 2030 года.

Начиная с конца 2007 года государство с целью сокращения дефицита кредитных средств для МСБ, вызванного мировым финансовым кризисом, приступило к реализации Программы обусловленного размещения средств в банках второго уровня для последующего кредитования МСБ на льготных условиях, оператором которой выступает Фонд «Даму».

Основные направления государственной поддержки частного предпринимательства

- совершенствование законодательства по вопросам регулирования частного предпринимательства;
- создание и развитие центров поддержки частного предпринимательства, бизнес - инкубаторов, технологических парков, индустриальных зон и других объектов инфраструктуры частного предпринимательства;
- учебно-методологическое, научно-методическое и информационное обеспечение деятельности субъектов частного предпринимательства за счет бюджетных средств.

Государственная поддержка и развитие частного предпринимательства осуществляются путем:

- создания при государственных органах научно-исследовательских институтов по изучению проблем и разработке предложений по развитию частного предпринимательства;
- организации деятельности экспертных советов при центральных государственных и местных исполнительных органах;
- создания финансовых институтов поддержки и развития частного предпринимательства;
- организации деятельности бизнес - инкубаторов и индустриальных зон;
- продажи земельных участков, зданий, помещений либо перевода жилых помещений в нежилые в соответствии с законами Республики Казахстан [5.6].

При этом следует отметить, что государственная поддержка малого предпринимательства осуществляется по всем направлениям поддержки частного предпринимательства в целом, включая:

- создание условий для использования субъектами малого предпринимательства государственных финансовых, статистических, материально-технических и информационных ресурсов, а также научно-технических разработок и технологий;
- разработку государственных, отраслевых (секторальных) и региональных программ развития малого предпринимательства;
- установление упрощенного порядка государственной регистрации и ликвидации субъектов малого предпринимательства;
- установление оптимального режима налогообложения;
- принятие программ кредитования малого предпринимательства;
- создание системы привлечения и использования инвестиций, в том числе

иностранных, для поддержки и развития малого предпринимательства;

- обеспечение гарантированного объема закупа товаров (работ, услуг) для государственных нужд;

- организацию подготовки, переподготовки и повышения квалификации кадров путем развития существующих и создания новых учебных и исследовательских центров, консалтинговых организаций и информационных систем поддержки и развития малого предпринимательства [6.4].

В настоящее время в области поддержки малого бизнеса существуют различные институты, сформированы базовые, принципы, методики, формы и механизмы поддержки. В целях стимулирования становления и экономического роста субъектов частного предпринимательства, а также повышения общей инновационной и инвестиционной активности в стране, в том числе содействия развитию высокотехнологичных, наукоемких производств, производственной инфраструктуры и обрабатывающей промышленности, содействия в привлечении внутренних и внешних инвестиций в экономику страны в республике созданы государственные институты развития.

Механизмы поддержки предусмотрены во всех сферах предпринимательской деятельности. Для успешного развития предпринимательства государством ежегодно принимаются меры по формированию и всестороннему развитию различных институтов инфраструктуры предпринимательства. Полагаем, необходимо активизировать практику обмена опытом как между предпринимателями регионов Казахстана, так и стран СНГ, практику проведения межгосударственных семинаров, особенно в приграничных районах. Расширение связей с другими регионами позволит субъектам предпринимательства, особенно малого, находить новые рынки сбыта для своей продукции, также ориентирует их на выпуск новой продукции [7.56].

#### ЛИТЕРАТУРА

1. *Анискин Ю.П.* Организация и управление малым бизнесом: Учебное пособие - М.: Финансы и статистика, 2003.-160 с.
2. *Блинов А.О., Шанкин И.П.* Малое предпринимательство -М.: «Данилов и Кэ», 2003.
3. Внешнеэкономическая деятельность субъектов малого предпринимательства. Методические рекомендации для предпринимателей. -Кустанай: ТОО «ПРЭКО Консалтинг», 2003. -68 с.
4. Государственная программа развития и поддержки малого предпринимательства в Республике Казахстан на 2004-2006 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2003 года N 1268.
5. *Дуйсенбиева Г.У.* Лизинг для субъектов малого и среднего предпринимательства / Г.У.Дуйсенбиева // Предприниматель и право.- Алматы, 2003.-№14.-С.6-8.
6. *Доскенов Т.* Достичь желаемых целей: Беседа с президентом Центрально-Казахстанской ассоциации предпринимателей Т.Доскеновым / Вел В.Ким // Индустриальная Караганда.- Караганда, 2003.- 17 апр.- С.4.
7. *Есенжолова Ш.* Становление малого предпринимательства в Республике Казахстан// Транзитная экономика.- Алматы, 2003.-№4.-С.56-61.

**Г.Б.ЕРНАЗАРОВ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

### **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ПАЙДАКҮНЕМДІК СИПАТТАҒЫ ҚЫЛМЫСЫ**

В данной статье говорится о том, что качественные характеристики преступности несовершеннолетних, в том числе корыстной как ее основной части, претерпевают значительные изменения.

The article concerns with some qualitative characteristics of teenagers' criminality. These characteristics including the mercenary characteristic as the main component have been undergoing considerable changes.

Қазіргі заман криминологиясы жасөспірімдердің қылмыстық тәртібін зерттеуді ювенология ғылымына – яғни «кәмелетке толмағандардың қылмысы, оның ерекше факторлары, кәмелетке толмаған заң бұзушының тұлғасы», сонымен қатар кәмелетке толмағандардың қылмысымен күресу шараларының жүйесі зерттеу объектісі болып табылатын криминология саласына» топтады.

Профессор Е.Алауханов кәмелетке толмағандардың пайдакүнемдік сипаттағы қылмысы бір жағынан, жастар мен жасөспірімдер қылмысының, екінші жағынан пайдакүнемдік қылмыстың құрамдас бөлігі болып табылады дейді. Сондықтан кәмелетке толмағандардың пайдакүнемдік қылмысына сипаттама бермес бұрын, оның кәмелетке толмағандар қылмысының құрылымындағы орнын анықтап алу қажет, себебі ол бір тұтастың негізгі қасиеттерін көрсететін бөлік секілді оның негізгі заңдылықтарына бағынатын болады [1].

Қылмыстың кез келген түрінің криминологиялық сипаты статистикалық заңдылықтарды, яғни оған тән кездейсоқтықтың бірегей элементтерін жеңу арқылы көбінесе құбылыстарды бейнелейтін заңдылықтарды айқындаудан басталады.

Қылмыс көрсеткіштерін анықтау үшін С.Остроумов ұсынған әдістемені пайдаланайық. Қылмыстың негізгі көрсеткіштеріне ол жағдайды, құрылымды, динамиканы жатқызады. Қылмыс біздің елімізде дәстүрлі түрде үш негізгі параметр: қылмыс фактілері, қылмыс жасаған тұлғалар және қылмыстарды бірыңғай ескеру негізін құрайтын қылмыстық істер бойынша ескеріледі. Сондай-ақ қылмыс сотталғандардың санына қарай ескерілген кезеңдер де тарихқа белгілі.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық-құқықтық мағынада жас мөлшері (14-18 жас) аз және жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілікті тартатын әрекеттері шектеулі болғандығына қарамастан олардың жалпы мөлшердегі жасаған қылмыстарының үлесі өте маңызды. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, кәмелетке толмағандардың жасаған қылмыстарының үлес салмағы қылмыстың жалпы құрылымында біршама тұрақты және

орташа есеппен соңғы 10 жылда 7,4%, ашылған қылмыстың жалпы саны – 11,3%; қылмыс жасаған тұлғалар арасында кәмелетке толмағандардың үлесі шамамен 11%-ға тең. 1993 ж. салыстырғанда кәмелетке толмағандардың жасаған қылмыстарының саны 2001 ж. 17,9%-ға төмендеді. 2003 ж. кәмелетке толмағандардың немесе олардың қатысуымен 145 368 қылмыс жасалған болатын. Міне, осыны негізге ала отырып жасөспірімдердің қылмыстық белсенділігінің төмендегені туралы айтуға бола ма? Қайдам деуге болады. Себебі, жастар мен жасөспірімдер соңғы 10 жылда 15-20%-ға азайды, ал кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс соңғы 15-20 жылда шамамен екі есеге өсті. Яғни кәмелетке толмағандар арасында қылмыстық тәртіп қарқындылығының (кеңінен тарауы) ұлғаю тенденциясы байқалады [2].

Кәмелетке толмағандардың қылмысының ерекше сипаттары, оның ішінде оның негізгі бөлігі ретінде пайдакүнемдік сипаттағы қылмыс айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда.

Біріншіден, оның «жасару» процесі жүруде. Жыл сайын кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілік жасына жеткенге дейінгі жасаған 100 мыңға жуық қоғамға қауіпті іс-әрекеттері айқындалды. Кәмелетке толмаған жастағы пайдакүнем қылмыскерлерге жүргізген сауалнама көрсеткендей, олардың 34%-ы 10-13 жаста қылмыс құрамының объективті белгілерін қамтитын қоғамға қауіпті алғашқы іс-әрекетті жасаған. Осыған ұқсас тенденция кәмелетке толмағандардың қылмысы төңірегінде де байқалады: ресми мәліметтер бойынша қылмыс жасаған 14-15 жастағы жасөспірімдер үлесі 2001 ж. 30%-ға жетіп мүлдем өзгерусіз қалуда [3].

Қылмыс деңгейі көрсеткендей, тіркелген қылмыстардың немесе оларды жасаған тұлғалардың қандай саны халықтың белгілі мөлшеріне тең келеді. Кәмелетке толмағандардың жасаған қылмыстарының коэффициенті 14-18 жас аралығындағы 100 мың жасөспірімге орташа есеппен 2200 құрайды, осы ретте соңғы он жылда қылмыстың жалпы коэффициенті 2050-ден аспады. Осыдан кәмелетке толмағандар қылмысының бірінші ерекшелігі пайда болады – жасөспірімдер мемлекет халқының негізгі криминалды белсенді бөлігінің бірін құрайды. Осылайша, қазіргі таңда кәмелетке толмағандардың жас ерекшелігі тобы өздері жасаған қылмыстары кеңінен тарағанға дейін әлдеқайда криминалды белсенді топ болып саналатын – жас ересектермен (18-29 жас) дерлік тең болды. Кәмелетке толмағандар мен жас ересектердің қылмысы қоғамда негізінде қылмыстың түрін анықтайды десек артық айтқанымыз емес.

Келесі көрсеткіш - кәмелетке толмағандар қылмысының құрылымы, оны зерттеу пайдакүнемдік сипаттың оның ең тұрақты түрі екенін көрсетеді.

Егер қылмыстар топтамасына қылмыстық озбырлық объектісін негізге алса, онда жасөспірімдер қылмысының бүкіл массивін төрт негізгі топ ретінде көруге болады:

- мүлікке қарсы қылмыс – 78,7%;
- қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыс – 7,2%;
- халықтың денсаулығы мен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыс – 6,1%;
- өмір мен денсаулыққа қарсы қылмыс – 3,8%.

Топтаманы қылмыстық озбырлық бағытына қарай құру мынадай нәтижелерге алып келеді:

- пайдакүнемдік қылмыстар (ұрлық, алаяқтық) - 67%;
- күш қолдану арқылы жасалған пайдакүнемдік қылмыстар (тонау, қарақшылық) – 10,6%;
- күш қолданып жасалған қылмыстар (кісі өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру, зорлық) – 2,7%;
- басқа да – 12,7% [4].

Келтірілген классификация кәмелетке толмағандардың қылмысының екінші ерекшелігін – оның көбіне пайдакүнемдік мүліктік сипатын белгілеуге мүмкіндік береді.

В.Якубсон 1923 ж. Мәскеу қаласындағы түзету-еңбек үйіндегі кәмелетке толмаған қылмыскерлердің контингентін зерттеуді аяқтай келе кәмелетке толмаған қылмыскерлер дәл сол ересектер жасаған қылмыстарды жасады деген тұжырымға келеді, бұл ретте мүлікке қарсы қылмыс бойынша олар ересектерден басып озды: осылайша, бас бостандығынан айрылып жаза тартқандар арасында «қарапайым ұрлық» үшін сотталған ересектер 31,3% болса, кәмелетке толмағандар арасында 79,5% тіркелген болатын.

Кәмелетке толмағандар қылмысының құрылымында ұрлық жасаудың жыл сайынғы үлесі тұрақты және орташа есеппен 60%-ы құрайды. Бұл ретте олардың үлес салмағы 1993-2003 жылдар бойы кәмелетке толмағандар қылмысының барлық құрылымында да, барлық тіркелген ұрлықтардың құрылымында да тұрақтылықты сақтайды, бірақ тіркелген ұрлықтардың саны дәл осы кезеңде қысқарады (осылайша, 1993-2001 ж. аралығы кәмелетке толмағандардың және олардың қатысуымен жасалған ұрлық саны 22%-ға қысқарды). Осылайша ұрлық жасау кәмелетке толмағандардың пайдакүнемдік қылмысының заңды тұрақты сапалы түрі болып табылады.

Бүгінгі таңда кәмелетке толмағандардың күш қолданған қылмыстарын жасау кезінде пайдакүнемдік мотивтердің кең тарауының ұлғаю тенденциясы байқалады.

Егер қылмыс классификациясының негізіне жасаған қылмыстың ауырлық белгісін қойса (РФ ЗК 15 бабына сәйкес) онда кәмелетке толмағандар қылмысының құрылымы былайша көрінетін болады: 1) ауыр



емес қылмыстар - 8%; ауырлығы орташа қылмыстар - 13%; 3) ауыр қылмыстар 74%; 4) айрықша ауыр қылмыстар - 5%.

Кәмелетке толмағандардың қылмысының жалпы өсуінде оның құрылымында ауыр және айрықша ауыр қылмыстың көрсеткіштері артуда (1999 ж. олар 80%-дан аса, 2003 ж. 57,8% құрады). Осыдан кәмелетке толмағандардың жасаған қылмыстарының үшінші ерекшелігі – тіркелген қылмыстардың көбісінің білікті ауыр түрі туындайды. Егер де қылмыс түрлі пункттерге бөлінетін болса, онда кәмелетке толмағандардың қылмысы ауыр түріне жататынын айта кеткен жөн [5].

Сондықтан қылмыс жасаудың топтық сипаты кәмелетке толмағандар қылмысының келесі, ең тұрақты түрі (төртінші ерекшелік) болып табылады. Кәмелетке толмағандардың топтық қылмысын зерттеу әлдеқайда өзекті, себебі 80% жағдайда криминалды жасөспірім-жастар тобына бір жерде тұратын және бос уақытын бірге өткізетін қолы бос жастар тобы жатады. Жас кезден қылмыстық әрекетке араласу жас құқықбұзушыларды қылмыс ортасымен біріктіреді, ол орта тұлға мен мінез-құлықтың құндылықтар жүйесін қалыптастыра және алдағы өмірлік жолды алдын ала белгілей отырып оларға әсерін тигізеді.

Топтар құрамында кәмелетке толмағандар ересектерге қарағанда қылмысты шамамен 2-2,5 есе жиі жасайды. Бұл жасөспірімдер жасы үшін негізінде топтық сипаттағы тәртіптің типтілігімен байланысты.

1999-2004 жж. топ құрамында қылмыс жасаған жасөспірімдер санының үлес салмағы 62-ден 66%-ға дейінгі шамада болды. Қылмыстық істерді зерттеу нәтижелері бойынша кәмелетке толмаған пайдакүнем қылмыскерлердің 69,5%-ы қылмысты топ құрамында, оның ішінде 19,5%-ы ересектердің қатысуымен жасаған.

Кәмелетке толмағандар тобы жасаған пайдакүнемдік сипаттағы қылмыстар туралы қылмыстық істерді зерттеу бұл топтардың бірдей емес, көптеген әр түрлі белгілерге ие екенін көрсетеді. Ең алдымен мұнда жас ерекшеліктері назар аудартады. Келесідей криминалдық топтар айқындалды: 1) кәмелетке толмағандардан ғана тұратын; 2) ересектер мен кәмелетке толмағандардың қатысуымен; 3) кәмелетке толмағандар мен өте жас балалардың қатысуымен; 4) ересектер, кәмелетке толмағандар мен өте жас балалардың қатысуымен [6].

Ең жоғары үлес салмағы – 54,7% тек кәмелетке толмағандардан тұратын топтарға келеді. Кейбір авторлар мұндай топтар кәмелетке толмағандар қылмысында басым тұрады (олардың үлесі 70,5%), араласқан тобы 29%-ды құрайды. Біздің зерттеу мәліметтеріміз бойынша, нашар жастағы топтардың үлес салмағы араласқан топтардың, яғни кәмелетке толмағандар мен өте жас балалар (19,6%), кәмелетке толмағандар мен ересектер (23,8%) және ересектер, кәмелетке толмағандар мен өте жас балалар (1,9%) топтарының

үлес салмағынан әлдеқайда басым түседі. Нашар жастағы құрамның қылмыстық топтары (үлкен жасөспірімдер немесе бозбалалар) көбіне қылмыстың нақты бір түрлеріне машықтанады, өйткені олардың білімі мен қызмет ету негізін белгілі жастың криминалдық қызығушылығы қамтиды. Жас ерекшеліктерінің жақындығы жалпы мүдделердің, көзқарастардың, мінез-құлық түрлерінің, бос уақыт өткізудің т.с.с. қалыптасуына қолайлы болады, бұл қылмыстық белсенділіктің қалыптасу жылдамдығын қамтамасыз етеді және криминалдық тұтастықты арттырады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Алауханов Е.О.* Криминология. Учебник. -Алматы: «Қазығұрт», 2006.
2. *Минина С.П.* Преступность несовершеннолетних. -СПб.,1998.-С.7.
3. *Максимов С.В.* Криминология в схемах. -М., 1997.-С.10,99.
4. *Савюк Л.К.* Правовая статистика. Учебник. -М.:Юрист,2002.-С.63.
5. *Лунеев В. В.* Юридическая статистика. Учебник. – М.: Юрист, 1999. – С.80, 83-86.
6. Преступность и правонарушения (1999-2003). Сб.стат. – М., 2004. – С.54.

**Б.Б.ЖҮНІСБЕКОВ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

## **КӘСІПкерлік қызметтің құқықтық реттеу объектісі ретіндегі сипаты және ерекшеліктері**

**В этой статье проанализировано определение предпринимательской деятельности в правовом аспекте в соответствии с законодательством Республики Казахстан.**

**The author of the article analyses the definition of business activity by the law aspect in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan.**

Кәсіпкерлік қызметті құқықтық тұрғыдан зерттеу мәселесі ғылыми тұрғыда әлі толық шешімін таба қоймаған өзекті мәселенің бірі болып отыр. Соған қарамастан кәсіпкерлік қызмет қоғамдық өмірде маңызды мәселеге айналууда. “Кәсіпкерлік қызметтің қандайы болмасын мемлекеттің экономикасы аясынан өзіне тиісті орнын, дәреже-деңгейін тапқаны бүгінде баршаға мәлім. Ал бүгінгі таңда Қазақстандағы кәсіпкерліктің туындап, дамуы жүргізіліп жатқан экономикалық реформалардың өзегі ретінде көрініс табуда. Өйткені, нарық экономикасына көшудің (өтудің) бірден-бір жолы мемлекет құрылымындағы әр түрлі аяда қызмет атқаратын өндіріс, кәсіпорындармен тайталаса және бәсекелесе алатын, айтарлықтай дәрежесі бар кәсіпкерлік құрылымдарын құру, дамыту болып табылады” [1.8].

Кәсіпкерлік қызмет ұғымы әмбебап сипаттағы ұғымдардың қатарына жатады. Оның экономикалық, әлеуметтік және құқықтық категория ретіндегі өзіндік түсініктері бар.

Кәсіпкерлік қызметке қазіргі тәжірибе көрсетіп отырғандай, оның ұғымын айқындайтын ерекше белгілерінің қатарына, кәсіпкерліктің ынталылық сипаты, кәсіпкерліктің дербестігі, оның кәсіпкерлік қызмет субъектісінің жеке тәуекеліне негізделуі және кәсіпкерлік қызметтің мақсаты табыс табуға бағытталатындығы жатады.

Қазіргі кезеңде кәсіпкерлік қызмет еркіндігі адам құқықтары жүйесінде ерекше орын алатын бір бағыттың көрінісіне айналууда. Сондықтан да, кәсіпкерлік қызмет еркіндігінің ұғымын конституциялық деңгейде бекіту өте маңызды болып табылады. Біріншіден, бұл кәсіпкерлік қызмет еркіндігін адам құқықтарының бір арнасы ретінде бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Екіншіден, кәсіпкерлік қызмет саласындағы өрескел заң бұзушылықтарға тойтарыс беретін тетікке айналар еді.

Кәсіпкерлік қызмет бостандығы - азаматтардың өз тәуекелдері мен жауапкершіліктері арқылы жүзеге асырылатын, пайда табуға бағытталған бастамалық дербес қызмет ашу мүмкіндігі. Кәсіпкерлік еңбек бостандығын жүзеге асыру түріне жатады және әлеуметтік-экономикалық құқық болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет бостандығы - нарықтық экономиканы қалыптастырып, оны дамытудың қажетті шарттары. Конституцияға сәйкес заң тауарларға (жұмысқа, қызметке) деген сұранымдарды қанағаттандыру жолымен табыс алуға немесе жеке өзіне пайда түсіруге бағытталған, азаматтың өз

меншігіне негізделіп, оның өз тәуекелі мен мүліктік жауапкершілігі бойынша соның атынан жүзеге асырылатын жеке кәсіпкерлікті не ұжымдық меншіктегі, тәуекел мен мүліктік жауапкершілігі заңды құқығы бар мекеме (ұжымдық кәсіпкерлік) атынан жүзеге асырылатын ұжымдық кәсіпкерлікті белгілейді.

«Жеке адамдар кәсіпкерлік қызметті дербес немесе әдеттегідей, Азаматтық кодексте қаралған белгілі бір құқықтық ұйымдасу түрлерінің негізінде басқа адамдармен бірлесу жолымен де жүзеге асыруларына болады» [2.94-95], - деп сөздікте көрсетілген.

Шын мәнінде, кәсіпкерліктің басты ерекшеліктерінің бірі – өзінің тәуекеліне сүйенетіндігі.

Қазақстанда кәсіпкерлік қызметтің субъектілері заң жүзінде белгіленген. Олар: Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары, сондай-ақ шетелдік және заңды тұлға резиденттер болып табылады. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға-азамат заңды тұлға құрып немесе құрмай айналыса беруіне болады. Ал ұжымдық кәсіпорындар, кооперативтер немесе әкімшілік-аумақтың кәсіпкерлік қызметтері өз меншіктерінің негізінде заңды тұлға құру арқылы кәсіпкерлікпен айналысады. Енді аздап осы кәсіпкерліктің мәні мен маңызына тоқталайық. Бұл жөнінде бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі көзқарастардан бөлек келешегі бар концепцияда адамның мынандай іс-қимыл әрекеті өзінің сипатына байланысты мынадай екі негізгі типке: бастапқы базистік еркін-ерікті және қондырма еріксіз қызметке бөлінеді делінген.

Сол бірінші ерікті қызмет кәсіпкерлікке жатады, өйткені ол қызметті жүзеге асырушы тұлғаның мүддесіне, жүзеге асыру жолдары мен әдістерін таңдау еркіне мақсат еткен нәтижесіне жетуіне, өзінің қаражат-мүлкіне негізделген. Бірақ қанша ерікті қызмет болғанымен заңда белгіленген шектен шықпаулары қажет. Өйткені, мемлекет мүддесіне, яғни ұйымдасқан қоғам мүддесіне зиян келуі мүмкін.

Мемлекет тарапында жүзеге асырылатын қызметтерге тұлғаның жұмысқа кіруі ерікті сипатта болғанымен, басқару қызметті басқарушы органның мүддесіне соған жету жолында жүзеге асыратын функцияларына, әдістеріне және т.б. негізделгендіктен қызмет істеу еріксіз болып табылады [1.14-15].

Кәсіпкерлік қызмет экономиканың басты элементі болып есептеледі, себебі ол өндіріс аясындағы экономикалық қызмет ретінде басқарушы қызметтен ерекшеленеді. Мемлекеттің өзі саяси биліктің субъектісі және мемлекеттік меншік иесі болғандықтан тікелей шаруашылық кәсіпкерлік (коммерциялық) қызметтерге араласпайды, ол тек әзірше (мүмкіндігінше толығымен жекешелендірілген) жұмыс атқарып, қызмет көрсетіп жатқан мемлекеттік кәсіпорындар, шаруашылық ұйымдары арқылы кәсіпкерлік қызметке араласады.

Бұл турасында ҚР АҚ-ның 10-бабында дәл айтылған “Кәсіпкерлік - меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың, тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы пайда немесе табыс табуға бағытталған, жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы

қызметі”. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекелімен және мүлікті жауапкершілігімен жүзеге асырылады. Осыған орай, кәсіпкердің кім екені жөнінде түсінік бере кету қажет. Кәсіпкер деп өз атынан және өз қаражаттары (меншікті немесе қарызға алған) есебінен тауарлар мен өнімдерді өндіру, сату немесе сатып алу жөніндегі жұмыстарды орындау және қызмет көрсету арқылы пайда табу мақсатындағы қызметті (кәсіпкерлік қызметті) ұдайы (тұрақты) негізде жүзеге асыратын немесе заңды тұлғаны айтамыз [1.24-25].

Кәсіпкерлік ұғымы жоғарыдағы сипаттамалардың өзінен көрініп тұрғандай өте күрделі ұғым болып табылады. Сондықтан да, әлемдік экономист ғалымдар да, заңгерлер де, саясаттанушылар да және т.б. мұның негізгі анықтамасын беруге ұмтылған болатын. Отандық заңгер ғалым Қ.Битеміров өзінің “Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтің даму жолдары және құқықтық негіздері” атты зерттеуінде кәсіпкерлік қызметінің түсінігін беруге байланысты мынандай қорытындыға келеді: “Кәсіпкерлік қызметтің түсінігін әзірлеу бірнеше кезеңнен өтіп, соңында жаңадан қабылданған ҚР азаматтық кодексінен көрініс тауып отыр. Осы жұмыста кәсіпкерліктің (оның ішінде шағын және орта) түсінігі шаруашылық қызметтің түсінігі арқылы ашылып көрсетілген, сонымен бірге мынандай келесідей кәсіпкерлікке тән ерекшеліктер: өз еркімен талаптану, пайда табуға тырысу, соны мақсат ете отырып қызмет атқару, дербестілік және тәуелділік арқылы сипатталу және т.б. айқындалған. Бұл жерде баса назар аударатын бір жәйт, кәсіпкерлердің тікелей-шаруашылық дербестігі. Ал дербестілік мүліктік ерекшеленуге байланысты болады, яғни жеке меншіктің арқасында немесе дербес мүліктік жауапкершіліктің болуы, өз атынан қызмет атқарып өзін-өзі реттеуі негізінде. Тәуелділіктің кәсіпкерлік қызмет аясынан орын алуы субъективтік және объективтік факторларға байланысты болады. Осыған орай кәсіпкерлік тәуелділіктің құрамдас элементтері мүліктік (кәдімгі) тәуелділік және коммерциялық тәуелділік болып саналады” [1.122].

Кәсіпкерліктің белгілерін саралай келгенде, мынадай қорытындыға еріксіз тоқталамыз:

Біріншіден, кәсіпкерлік қызмет дербес жүзеге асырылатын қызметтің түрі.

Екіншіден, кәсіпкерлік қызмет – мақсатты, жүйелі тұрғыда жүзеге асырылады.

Үшіншіден, кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің жеке тәуекеліне негізделеді.

Төртіншіден, кәсіпкерлік жүйелі табыс табуды мақсат етеді.

Бесіншіден, кәсіпкерлік қызметтің әрқашанда қоғам алдында әлеуметтік жауапкершілігі болады. Осы жағдайда ғана кәсіпкерлік қоғамның қалыпты, тұрақты жұмыс істеуіне негіз болатын факторға айналады.

Мемлекет тарапынан кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне кепілдік берілген. Кәсіпкерлікті қолдау мен қорғауды мемлекет, мемлекет атынан өкілетті органдар қамтамасыз етеді.

Дәл осы жерде кәсіпкерліктің құқықтық режимі жөнінде айта кетуіміз қажет. Негізі қай салада болмасын, құқықтық режимнің екі түрі: жалпыға бірдей

рұқсат етілген, яғни диспозитивтік түрі, сондай-ақ рұқсат беру арқылы көрініс табатын императивтік түрі белгіленеді. Кәсіпкерлік қызметтің құқықтық режимі тек рұқсат етілген құқықтық реттеу сипатында болады, сондықтан қатысушы екі жақ тарап заң жүзінде құқықты.

Кәсіпкерлік қызметте әрбір жасалатын әрекет (іс-қимыл) жөнінде арнайы нормативтік-құқықтық акті қабылдау арқылы оны реттеу сияқты қызметтер қажет емес.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар заңды тұлға құрмай-ақ, осы қызметпен айналысуға патент алған кезден бастап құқылы. Патент бір мезгілде азаматтың кәсіпкер ретінде тіркелгені жөніндегі куәлік және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензия болып табылады [3.59-60].

Кәсіпкерлік мәселесін айтқанда, біз меншіктен айналып кете алмаймыз. Өйткені, кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырудың басты себепшісі немесе факторы меншік болып табылады. Осы жерде меншік мәселесіне тоқталатын болсақ, меншік те күрделі ұғымнан тұрады. Оның элементтері және жүктеу мәселесі де проблемалы. Біз бұл жерде, белгілі ғалым М.К.Сулейменовтің айтуы бойынша: “Ешқандай меншік нысаны болмайды, тек меншіктің түсінігі және меншік құқығы ғана бар. Біздің құқықтық теория бойынша меншік құқығы мүлікті өз ұйғарымы бойынша пайдалану” [4.74-75], - деген ойына толығымен қосыламыз.

Сөзімізді қорыта келгенде, кәсіпкерлік қызмет Қазақстан Республикасындағы маңызды экономикалық құқықтардың жүйесіне жатады. Кәсіпкерлік қызмет – экономикалық, әлеуметтік және құқықтық құбылыстың көрінісінен тұратын әмбебап ұғымның жиынтығы. Кәсіпкерлік қызмет жеке тұлға мен заңды тұлғаның экономикалық қызмет аясындағы мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған, негізі пайда табуға сүйенетін, қоғам алдында белгілі бір әлеуметтік міндеттерді шешуге бағытталған, әлеуметтік жауапкершілікке сүйенетін, экономикалық мүдделерді қанағаттандыруды негізге алатын конституциялық мүмкіндіктің өлшемі болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет еркіндігі, сонымен қатар, экономикалық тұрғыдағы бәсекелестікке негізделетін жеке адамның шығармашылық мүмкіндіктері және шығармашылық аядағы еркіндігі жүзеге асатын жеке адамның шығармашылық мүмкіндіктерін қанағаттандыруға бағытталған құқықтар мен бостандықтардың көрінісі де болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Битеміров Қ.Т. ҚР кәсіпкерлік қызметтің даму жолдары және құқықтық негіздері: - Алматы: 1998. – 135 б.
2. Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. - Алматы: Жеті жарғы, 1996. - 368 б.
3. Қазақстан Республикасының Лицензиялау туралы 2007 жылғы 11 қаңтардың № 214-III Заңы // Справочная правовая система ЮРИСТ.
4. Азаматтық құқық. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық (академиялық курс). Өңделген және толықтырылған 2-басылымы. Жауапты ред.: М.К.Сулейменов, Ю.Г.Басин. – Алматы. – 1. Т. – 2003. – 736 б.

**Г.О.МАВЛЕНОВА**  
магистрант МКТУ имени А.Ясауи

**ПРОБЛЕМЫ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ УСЫНОВЛЕНИЯ (УДОЧЕРЕНИЯ)  
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН И ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАНАХ**

Берілген мақалада шетелдегі және Қазақстан Республикасындағы бала асырап алудың теориясы мен практикасының мәселелері жайында сөз болады.

**The author of the article brings forward the idea of researching the problem of adoption in the Republic of Kazakhstan and abroad.**

Практика усыновления насчитывает многовековую историю. Оно было известно в Древнем Риме, Греции, племенам Африки и Океании. Впервые упоминание об усыновлении в законодательстве встречается в Законах Хаммурапи, царя Вавилона: "Если человек усыновит малолетнего, находящегося в пренебрежении, и вырастит его, то этот воспитанник не может быть потребован обратно по суду" [1.20].

Необходимо отметить, что первоначальной целью усыновления было продолжение рода, обеспечение родителей наследниками или дополнительной рабочей силой в семье. Например, законы «Ману» предусматривали: "Кому природа не дала сына, может усыновить себе постороннего с тем, чтобы не прекращались могильные жертвы" [2.10]. Таким образом, усыновление того времени преследовало иные цели, нежели обеспечение ребенка семьей, в наибольшей степени, отвечающей его интересам.

Существовал целый ряд условий, соблюдение которых было необходимо для установления усыновления. Условия о возрасте: абсолютное не менее 50 лет. Требование к разнице в возрасте с усыновляемым не менее 18 лет. Во многих странах имело место запрет усыновлять лицам, имеющим родных детей, но можно было усыновить нескольких лиц. Последнее правило действовала в Пруссии, Швейцарии, Италии. Усыновителю, состоящему в браке, необходимо было согласие другого супруга. По русскому уложению муж мог усыновлять без согласия жены, но жена не могла усыновлять без согласия мужа. Запрещено было усыновлять монахам, за исключением лиц белого духовенства, так как они не обрекали себя на безбрачие. В Германии и Швейцарии ребенок старше 14 лет должен был дать согласие на усыновление. В Италии лицо не могло быть усыновлено ранее чем 18 лет, во Франции – ранее чем 21 год. Кроме того, там для усыновления необходимо было согласие родителей, если они имелись у усыновляемого. Такие правила, с одной стороны, гарантировали права и интересы усыновляемых, с другой же не позволяли усыновлять малолетних детей, особенно нуждающихся в семейной заботе. Усыновление своих внебрачных детей в Италии и Австрии

было запрещено, в Пруссии, Франции не было ни запрета, ни дозволения. В Саксонии усыновление устанавливалось королевством.

Во Франции дела об усыновлении рассматривались в двух инстанциях – в окружном и апелляционном суде. Несмотря на судебную форму усыновления, оно рассматривалось как сделка, как определение воли участников усыновления судебные процессы проходили открыто. Во Франции и Италии суд мог без мотивов отказать в ходатайстве об усыновлении, чтобы не компрометировать репутацию усыновителя. Усыновление влекло за собой определенные последствия, которые подразделялись на публичные и местные.

Под публичными понимались последствия, затрагивающие общественный государственный интерес. В первую очередь, переход усыновленному прав состояния усыновителей. Этот аспект безусловно имел большое значение в обществе, в котором велика была разница в правах между представителями различных сословий. Именно стремлением соблюдения публичного интереса в таком его понимании объясняется существование некоторых норм, регламентирующих последствия усыновления. Так, в Германии усыновляемый повышался в правах состояния, если они были выше у усыновителя, в противном случае сохранял имеющиеся у него права.

Частные правовые последствия усыновления заключались в установлении прав, аналогичных правам и обязанностям между родителями и детьми. Действия правовых последствий усыновления в Австрии и Германии распространялись и на потомство участников усыновления. Во Франции и Италии напротив, усыновление создавало правовые последствия только для его участников. Их можно разделить на имущественные и неимущественные.

Другое право неимущественного характера – право на заключение брака между усыновителем и усыновленной (удочеренной). По германскому законодательству такой брак был запрещен.

Среди имущественных прав и обязанностей основными являются право на содержание, право наследования, право на распоряжения имуществом. Все перечисленные права могли быть как односторонними, так и взаимными. Во Франции усыновляемый не приобретал правовой связи с родственниками усыновителя, но для усыновителя и усыновленного устанавливались взаимные обязанности по содержанию. Германское законодательство полностью переносило отцовскую власть на усыновителя. Исключение составляли нормы Прусского и Саксонского уложения, согласно которому усыновитель не получал права пользования и управления имуществом усыновляемого [3].

Рассмотрим становление института усыновления в Казахстане. Над этой темой работали казахстанские ученые такие как: Абдуллина З.К., Базарбаев Б.Б., 328



Басин Ю.Г., Диденко А.Г., значительный объем семейно правовых аспектов обычного права казахов есть в трудах: Зиманова С.З., Кенжалиева З.Ж., Созакбаева С.У., современных российских авторов по семейному праву Анисимова В., Антокольской М.В., Кузнецовой Л.М., Нечаева А.М., Пчелинцева Л.М. и др.

Для того, чтобы найти верный подход к рассмотрению усыновления (удочерения) в Казахстане, следует обратить внимание на общую характеристику обычного права казахов. Чокан Валиханов впервые дал оценку казахскому обычному праву [4].

Гуманистические идеи содержатся во многих нормах обычного права казахов. К их числу следует отнести принцип *родовой экзогамии* - нормативное запрещение вступать в брак с близкими по крови родственниками по восходящей и нисходящей прямой линии [5].

Усыновление (удочерение) как явление, предшествующее современным отношениям усыновления (удочерения) в казахском обществе существовало в различных формах. Одна из них неразрывно связано с институтом *аменгерства*, это попечительство над детьми оставшимся без отца или обоих родителей.

Чтобы оставить детей умершего мужчины для рода применялось *аменгерство*, то есть выходить замуж за брата мужа. Брат умершего в этом случае выступал в качестве родного отца его детей [6].

Проблема была в том, что не урегулировались обычным правом те же отношения, такие как после свадьбы брат (отчим) становился полностью властным над ребенком умершего брата, усыновление (удочерение) происходило в присутствии родителей или двух свидетелей. Переход усыновляемого (удочеряемой) в юрту усыновителя (удочерителя) считался моментом юридического прекращения власти родителей и возникновения власти усыновителя (удочерителя).

В XIX веке усыновление (удочерение) в русском праве стало допускаться, но с некоторыми ограничениями. В частности усыновленный (удочеряемая) не получал прав дворянства, если усыновитель (удочеритель) был дворянином. Так же он не был вправе носить фамилию усыновителя (удочерителя) без специального разрешения царя. Право наследования усыновленного (удочеренной) простиралось лишь на благоприобретенное, но не на родовое имущество усыновителя [7].

В кодексе законов о браке, семье и опеке РСФСР от 12 ноября 1926 г. была самостоятельная глава об усыновлении (удочерении) – ст.ст.57-67. В 1917 году во Франции был издан закон «Об усыновленных (удочеренных) государством приемных, детях нации». В Италии 1917 году 9 июня был принят закон «О покровительстве и поддержке сиротам войны».

8 сентября 1943 года был принят Указ Президиума Верховного Совета СССР «Об усыновлении». Усыновителю было предоставлено право присваивать фамилию и отчество по своему имени. С 1 октября 1968 года были введены в действие основы гражданского законодательства Союза ССР и Союзных Республик «О браке и семье» [8].

Кодекс «О браке и семье» Казахской ССР был принят 6 августа 1969 г. В главе 15 говорится, что усыновленными (удочеренными) могут быть не только дети сироты, но и дети, которые хотя и имеют родителей, но не получают от них ни воспитания, ни заботы и не могут рассчитывать и в дальнейшем.

В области международного права приняты 3 документа, которые имеют непосредственные отношения к рассматриваемой нами проблеме.

Один из них, это Декларация о социальных и правовых принципах, касающихся защиты и благополучия детей, которая была принята Генеральной Ассамблеей 03.12.1986 г. Второе – Конвенция о правах ребенка 20.11.1989 г.

Третье – Гагская конвенция «О защите детей и международном сотрудничестве в области межгосударственного усыновления (удочерения)» 1993 г.

Конституция РК 1995 года, ориентируясь на основные международные правовые документы, провозгласила высшей ценностью человека и его жизнь, права и свободы. В связи с этим 22 октября, 1993 г., был принят кодекс «О браке и семье». Принятый закон регулирует семейно-брачные отношения конституционными положениями, которые провозглашают защиту государством брака и семьи, материнство и детства.

Это позволяет судить о том, что в современный период семейное право не превратилось сугубо в отрасль частного права, а семейные правовые отношения сочетают в себе личные и общественные начала. Статья 27 Конституции РК провозглашает также заботу о детях и их воспитании естественной обязанностью родителей [9]. В содержании данной нормы проявляются соотношения прав родителей по происхождению и претендующих на усыновление родительских отношений в соответствии с нормами об усыновлении и (удочерении).

В данный момент действует Закон «О браке и семье» от 17 декабря 1998 года, где предусмотрены нормы и правила усыновления (удочерения). Оно есть установление между лицами, фактически не связанными происхождением друг от друга таких же правоотношений, какие существуют между родителями и детьми [10]. В.А.Тархов определяет усыновление как акт гражданского состояния, приравняющий усыновителя и усыновленного с его потомством к родственникам по происхождению [10].

Усыновление (удочерение) – это правовой институт. Вследствие того, можно сделать вывод: усыновление (удочерение) оформляется юридическим актом, с учетом требований закона и влечет предусмотренные законом правовые последствия. Усыновление (удочерение) также может осуществлять определенный вид фактических общественных отношений.

В заключении проблем теории об усыновлении (удочерении), хотелось бы предложить несколько рекомендаций. В положение об органах опеки и попечительства следует ввести нормы более обстоятельно определяющие его функции органа опеки и попечительства должны заключаться в следующем:

- В обеспечении охраны и защиты прав и интересов несовершеннолетних, находящихся на любом воспитании недееспособных лиц;
- В постоянном текущем контроле за соблюдением семейно брачного законодательства членами семей, опекунами, попечителями и другими лицами;
- В принятии оперативных мер и решений, направленных на устранение нарушений прав и интересов перечисленных лиц;
- В привлечении к ответственности лиц, совершивших правонарушения в отношении несовершеннолетних, недееспособных.

При усыновлении ребенка его отчимом или мачехой в соответствии с пунктом 3 статьи 82 Закона заключение органа опеки и попечительства об обоснованности и соответствии усыновления интересам усыновляемого не требуется. С этим нельзя не согласиться, ведь в законе говорится в общих чертах, а не в частности. В практике бывают моменты, когда сами же сотрудники опекунства и попечительства осматривая место проживания усыновителя, часто не замечают, что не все отношения складываются хорошо с усыновленными детьми. В связи с этим органы опеки и попечительства должны точно определить и дать характеристику будущей семье ребенка соответственным органам.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Законы Хаммурапи царя Вавилона. Хрестоматия по Всеобщей истории государства и права: Учеб. пособие, сост. В.Н.Садиков /Под ред. З.М. Черниловского. Москва: Гардарики, 1998.
2. *Загорский А.И.* Курс семейного права. Москва: Одесса, 1909.
3. Созакбаев С. Социально-нормативные содержания обычного права казахов. Алматы: Жеті жарғы, 1989.
4. *Зиманов С.* Общественный строй казахов. Алматы: Жеті жарғы, 1989.
5. *Жаштова А.С.* Развитие семейно брачных отношений в Казахстане. Алматы: Жеті жарғы, 1971.
6. *Бошко В.И.* Очерки советского семейного право. Киев, 1952.
7. Конституция РК. Алматы: Жеті жарғы, 1995.
8. *Сулейменов М.К., Мынбаев К.Е.* Семейное право. Алматы: Жеті жарғы, 1989.
9. *Тархов В.А.* Советское семейное право. Саратов, 1963.
10. *Веберс Я.Р.* Сущность и правовые последствия усыновления. Москва: Одесса, 1968.

**Е.СЕЙСЕНОВ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

## **ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ**

**В этой статье рассмотрены проблемы в отношении законодательств Палат Парламента Республики Казахстан.**

**The article deals with some matters regarding the legislation of Chambers of Parliament in the Republic of Kazakhstan.**

Заң жобаларын Парламент комитеттерінде қарау заң шығару процесінің ең маңызды кезеңі болып табылады. Алайда, Парламенттік комитеттердің рөлі бұл процестерде көп жағдайда мемлекеттік басқару нысанына байланысты. Сайып келгенде, парламенттік республикаларда мұндай комитеттердің рөлі айтарлықтай емес, сондықтан заң шығарушылық ісін үкімет пен оның мекемелері қолына алып, өздері жүзеге асырады.

Ал президенттік республикаларда Парламент комитеттерінің рөлі өте күшті болады. Оның іс жүзінде заң шығару қызметіне байланысты мәселелерді әр түрлі атқарушы өкімет органдарымен бірлесе отырып, өздері шешеді.

Заң жобаларын палатада қабылдау. Заң жобаларын енгізіп, өздері қарағанда, әдетте, әр бабын жеке дауысқа салып барып, ол заңды палата қабылдайды. Бұл сол заңды басқа палатаға берер алдындағы қорытынды саты болып табылады. Палата заңды өздері енгізіп, қуаттағаннан кейін, заң жобасы енді қарау үшін басқа палатаға жіберіледі.

Әрине, бұл арада біз заң жобаларын басқа палатаға беру, онда оны қарау тек бикамералық парламентке ғана қатысты екенін айтқанымыз жөн (өйткені, бір палаталы парламентте билл қабылданған соң, парламент санкция мен промультация алу үшін мемлекет басшысына жібереді (яғни, мемлекет басшысының қол қоюымен ресми органда жариялау үшін).

Көптеген шетелдерде парламент тарапынан заң жобасы (билл) түпкілікті қабылдануы үшін бұл жобаны парламенттің екі палатасы бірдей мақұлдауы тиіс. Ал, егер екі Палата арасындағы келіспеушіліктер есебінен заң жобасы (билл) қабылданбаған жағдайда, оны реттеудің әр түрлі әдістері бар. Олардың арасынан төмендегі әдістерді айта кеткеніміз жөн [1.114].

Желқайық (челнок) әдісі. Бұл әдіс бойынша таласты заң жобасы бір палатадан екінші палатаға, олар өзара тіл табысып, бірінің пікіріне екінші тарапы қосылғанша, не болмаса заң жобасы түпкілікті кері қайтарылғанша, қайта-қайта жіберіле береді (Аргентина, Боливия, Венесуэла).

Келістіруші комитеттер әдісі. Бұл әдіс бойынша консенсусқа жету реттері таласты заң жобасы бойынша палаталарда жүзеге асырылмайды, бірақ олардың ерекше пікірлерін еске ала отырып, өздері құрған келістіруші

органдар арқылы шешіледі (мысалы, АҚШ-та екі палата төрағалары тепе-теңдік негізде келістіруші комитет құрады).

Заң шығару процесінің қорытынды сатысына парламент қабылдаған заңдарды санкциялау мен промульгациялау жатады. Бұл реттер мемлекет басшысы тарапынан заңмен көрсетілген мерзім ішінде жүзеге асырылады. Егер де парламент өздері қабылдаған заңды шұғыл деп тапса, онда бұл процестің жылдамдатылуы мүмкін. Мұндай жағдайда, әдетте, қабылдаған заңның, қашан күшіне енетінін заңның өзі анықтайды. Көптеген шет елдерде қаржылық заңдар парламент қабылдаған күннен бастап-ақ күшіне ене береді.

Сөзімізге дәлел ретінде Италия Конституциясының 73-бабын мысалға келтірейік. Онда мынадай ереже бар: заңдар республика перзиденті тарапынан бекітілген күнінен бір ай ішінде қол қойылып, күшіне енеді. Егер палата заңды шұғыл деп жарияласа, онда ол заң көрсетілген мерзімінде қол қойылып бекітіледі. Сөйтіп, ол заң тоқтаусыз жарияланады, егер заңның өзі басқа мерзімді көрсетпесе, онда он күн өткенде күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында Парламент қызметінің негізгі тәртібі белгіленген. Оның қызметінің түрлері Республика Парламенті мен оның Палаталарының регламентінде бейнеленген. Негізгі актіге сәйкес Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін орган болып табылады. Оның өкілеттігі бірінші сессиясы ашылған сәттен басталып, жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысқа кіріскен кезде аяқталады. Парламенттің әрбір Палатасы өз қызметі жөніндегі ішкі тәртіп мәселелерін дербес шешеді. Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары ашық болады, ал регламенттерде көзделген жағдайларда жабық отырыстар да өткізілуі мүмкін.

Парламент қызметінің басты қызметі шығармашылық болғандықтан, оның заң шығару процесінің үлкен мәні бар. Заңдарды қабылдау және қарау, жариялау ерекше тәртіппен жүргізіледі. Заң шығару процесінде заңдардың заңды күшіне енуі үшін, оның бірнеше сатылы болып бөлінуінің мәні ерекше. Заң шығару процесінің сатыларына тоқталмас бұрын алдымен құқықшығармашылық ұғымы туралы түсініктерді бере кеткенімізді жөн деп санаймыз.

Құқық нормаларын жасауға, оның қабылдану мен бекітілуіне адамдар қатысады, яғни олардың саналы қызметтерінің тікелей жемісі деуге болады. Тарих қойнауына көз салсақ, құқық жасаушылықтың пайда болуы мемлекеттің шығуымен тікелей байланысты. Алғашқы қауымдық құрылыста қоғамдық қатынастар әдет-ғұрып нормаларымен реттеліп отырған болса, мемлекет қалыптасқаннан кейін қоғамдағы әлеуметтік шиеленістерді реттеуге әдет-ғұрып нормаларының күші жетпеді,

дәрменсіздік танытады. Осы кезеңдерде мемлекеттің құқықшығармашылық қызметі пайда болып, оның қоғамдық қатынастарды реттеуі тиімді болуы үшін барлық халыққа міндетті құқық нормаларын қабылдайды, олардың орындалуын қатаң талап етеді. Осылай эволюциялық, революциялық даму барысында құқықшығармашылық мемлекет және құқық теориясының үлкен және күрделі саласына айналды.

Құқық жасаушылық дегеніміз мемлекеттің қоғам мүддесіне сай, қоғамдық қатынастардың қажеттілігіне байланысты халықтың еркін, идеяларын, талаптарын заңға және басқа нормативтік-құқықтық актілерге айналдыруда жасалатын арнайы қызметі [2.130].

Профессор С.С.Алексеев негіздеме түрінде былай дейді: «Құқықтық-шығармашылық принципті түрде, сол уақытта басталады, қашан қоғам дамуындағы талаптар белгіленеді, тікелей әлеуметтік құқық қалыптасса, құқықтық жаңалықтардың қажеттігі шегіне жетсе, тек осы негізде ғана құқық құру процесіне міндетті органдар кіріседі» [3.152].

Біздің пікірімізше, құқық шығармашылық – бұл құзыретті органдардың заң нормаларын қабылдауға, өзгертуге және жоюға байланысты арнайы қызметі болып табылады. Оған төмендегіше сипаттамалар беруге болады:

- Ол – белсенді, мемлекеттік, шығармашылық қызмет;
- оның нәтижесі – нормативтік актілерден көрініс тапқан заң нормалары;
- қоғамды басқарудың маңызды құралы; мұнда оның даму бағдарламасы мен маңызды жүріс-тұрыс ережелері қалыптасады;
- оның деңгейі мен мәдениеті, қабылданған нормативтік актілердің сапасы – бұл қоғамның өркениеттілігі мен демократиялығының көрсеткіші.

Құқықшығармашылық мемлекет жұмысының ең күрделі, өте жауапкершілікті түрі. Норма – шығармашылық қоғамдағы қарым-қатынастарға тікелей ықпал ететін негізгі жол, құқыққа мемлекеттік күш беретін құрал [4].

Қазақстан Республикасының заң шығару процесінің өз ерекшеліктері бар. Бұл процесс, әдетте заң шығару қызметінің сатылары және олардың бірізділігі арқылы дамып отырады.

Ата Заңның 61 бабының 1-тармағында «Заң шығару бастамасы, құқығы ҚР Парламентінің депутаттарына, Республика үкіметіне беріледі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады» делінген.

Парламенттің құқықшығармашылық қызметіне байланысты оны жетілдіру тұрғысында келесідей қорытындылап, ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді:

1. Қазақстандағы мемлекет билігінің бір буыны ретінде Парламенттің мемлекет механизмінде өзіндік орны өте маңызды болып келеді.

2. Қоғамның әр саласын құқықтық реттеуде, субъектілердің немесе қатынасқа қатысушы тараптардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын анықтап, бағыт-бағдарын нақтылауда парламенттің құқықшығармашылық механизмінің орны ерекше.

3. Парламент өзі қабылдаған заңды бақылау құзыреттілігін күшейтуді қажет етеді, қазірде салалы министрліктер, лауазымды тұлғалар атқарушы биліктің заңды емес, қаулыларын, өкімдерін бұлжытпай орындауға дағдыланған.

4. Парламентте заңды дайындау процесіне маңыздылық беру, бұл жұмысты жақсарту үшін заң дайындайтын комиссия, Парламент, фирмалардың, ғалымдардың, саясаттанушылардың, сол саланың тікелей мамандарымен кеңесіп, пікірлерін ескеру арқылы заңның алғашқы жобасын қалыптастырып, оны тыңдауға кәсіпкерлерді, ауылшаруашылық мамандарын, ғалымдарды, мүдделі қоғамның өкілдерін шақырып, талқылауды қажет етеді.

5. Сапалы, орындалатын заң шығару үшін кәсіби Парламент құру, мемлекет жауапкершілігін туындатады [5]. Яғни, сайланған депутаттар заң шығару тетіктерін жақсы меңгерген мамандардан, заңгер-ғалым, экономистерден жасақталуы қажет деп санаймыз, себебі жалпы мақсатымыз құқықтық және демократиялық мемлекет орнықтыру және экономикамыз дамыған алдыңғы қатарлы бәсекеге қабілетті әлем мемлекеттерімен теңдесу болмақ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қонабаев Ө.Қ. Шетелдердің Конституциялық құқығы. Алматы: Жеті жарғы, 1998. –114 б.
2. Өзбекұлы С., Қонабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. –130 бет.
3. Алексеев С.С. Теория права. М., 1995. –с. 152.
4. Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Алматы: Нұр-пресс. 2005. -526 б.
5. Табанов С. Заңдарды жүйелеудің теориясы, тарихы және тәжірбесі. Алматы: Жеті Жарғы, 1996. -192 б.

С.АБУТАЕВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### ПРОКУРОРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ БІРІНШІ САТЫЛЫ СОТЫНА ҚАТЫСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

В данной статье рассматриваются особенности участия прокурора в производстве суда первой инстанции уголовного процесса.

The article deals with some peculiarities of the attorney's participation in the court of the first instance of the criminal trial.

Қазақстан Республикасының Конституциясы елімізде сот төрелігін жүзеге асырудың басты, негізгі принциптерін бекітті. Сот-құқықтық реформасын одан әрі жетілдірілуі мен дамуы нәтижесінде ҚР-да Қылмыстық және Қылмыстық істер жүргізу кодекстеріне бірқатар өзгерістер енгізілді.

Ал, сот төрелігін жетілдіруде ҚР-сы Жоғарғы сот Пленумының “Сот билігі туралы заңнамаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы” қаулысы өз үлесін қосты. Осы аталған нормативтік-құқықтық актілерде соттар әлеуметтік әділеттік принциптерін өмірге енгізу, әрбір қылмыстық істі шешу кезінде қылмыстық іс жүргізудің міндеттері мен принциптерін басшылыққа алуды және әділетті сот талқылауын және қылмыстық заңды дұрыс қолдануды қамтамасыз ету жүктелінген болатын. Сондықтан, біз “сот төрелігін жүзеге асыру барысында заңдардың дәл сақталуына кепіл болатын - ол прокурорлық қадағалау, яғни прокурордың қылмыстық іс бойынша сотқа қатысу қызметі” деген пікірге толық қосыламыз [1].

Сотта қылмыстық істерді қаралуына прокурордың қатысуы Қазақстан Республикасының “Прокуратурасы туралы” заңының 30 бабымен реттеледі. Дегенмен, бұл норма сілтеме сипатында болады, себебі аталған бапта прокурордың қылмыстық істі сотта қарау мен талқылау кезінде қатысуы қылмыстық іс жүргізу заңымен анықталынады деп көрсетеді.

Прокурордың алып отырған дәрежесіне қарамастан, мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысу кезінде ҚР-сы Бас прокурорының өкілі сипатында қатысады және ол қылмыстық іс жүргізуде заңдылықты сақтаушы болып табылады. Мемлекеттік айыптауды қолдау кезінде прокурор сотта қылмыстық істерді қарауда заңдылықтың сақталуына қадағалауды жүзеге асыру міндетінен босатылмайды.

ҚР-сы Бас прокуроры мемлекеттік айыптауды төмен тұрған прокурорлар қалай жүзеге асырып отыратындығын қадағалап отырады.

Прокурор қадағалауды жүзеге асыруды тек сот үкімді немесе анықтаманы қабылдап қойғаннан кейін емес, сонымен бірге қылмыстық іс бойынша сот әлі ешқандай шешім шығармаған жағдайда да жүзеге асырады.

Егер сот сотталушыға сот талқылауында оның құқықтарын түсіндірмеген болса және сот әрі қарай қылмыстық істі мәні бойынша



қарауды жалғастырып отырса, онда іске қатысушы прокурор аталған заң бұзушылыққа қарсы дереу әсер етіп, қажет болған жағдайда наразылық келтіруге дейін барады және “прокурор қылмыстық іс бойынша үкім заңды күшіне енгенге дейін заң бұзушылыққа әсер етіп отыруы қажет” [2].

Себебі, заңсыз әрі негізсіз үкімді, анықтаманың күшін жою үшін наразылық енгізудің маңызы кемиді.

ҚР-ның ҚДЖК-сі сот талқылауына қатысатын қатысушыларға қарағанда прокурорға ешқандай артықшылықтар бермейді (мысалы, дәлелдемелерді ұсынуда, дәлелдемелерді зерттеуде, өтініштерді мәлімдеуде).

Сонымен бірге, заң прокурордың іс жүргізушілік жағдайын, сот талқылауына қатысушылардың іс жүргізушілік жағдайынан біршама өзгешелеу сипатқа ие екенін көруге болады. Бұлар прокурорға берілген артықшылық емес, керісінше ерекше сипаттағы айырмашылықтар, прокурордың өзінің функцияларын тиімді жүзеге асыруына қолайлы жағдайлардың жасалуы.

Жәбірленуші сотқа өзінің атымен, қорғаушы сотталушының атымен, ал прокурор әрқашанда заң мен мемлекет атымен сот отырысына қатысады және сотта заң бұзылуын жоюға шаралар қолдануға міндетті болып келеді.

Сондықтан, прокурордың сот талқылауына қатысу арқылы сотқа қатысушы тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуын жоюға ықпал етеді.

Прокурордың сотта мемлекеттік айыптаушы ретінде ғана емес, сондай-ақ сотта қылмыстық істерді қарау барысында заңдарды орындаудың заңдылығына қадағалайтын орган ретінде де қатысады.

Сотта қылмыстық істі талқылау барысында прокурордың қатысуының басты нормативтік-құқықтық негізі - ҚР-ның ҚДЖК-сі болып табылады. ҚР-сы ҚДЖК-сі бойынша сот төрелігін жүзеге асыру барысында заңдардың дәл сақталуына кепіл болатын басты бір кепілі ретінде прокурордың сотта мемлекеттің мүддесін білдіру институты ерекше орында тұрады.

Сондықтан, прокурор сотқа қатысу арқылы, мыналарды орындалуына әсер етеді:

- сотта қылмыстық істер жан-жақты, толық және объективті қаралады;
- заң және сот алдындағы азаматтардың теңдік принципі сақталады;
- сот талқылауында азаматтардың құқықтары мен бостандықтары сақталады;
- қылмыстық іс бойынша заңды әрі негізді үкім шығады;
- сотталушының кінәлілігі толық дәлелденеді;
- сотталушы жасаған қылмысына (дұрыс) баға беріледі;
- соттар дәлелдемелер толық, жан-жақты және объективті зерттелінеді;
- сотталушыға әділ жаза беріледі.

Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының алдында тұрған міндеттермен бірге, сотта қылмыстық істі талқылау кезінде прокурор өзіндік міндеттерді де жүзеге асырады. Олардың ерекшелігі, олар тек қылмыстық сот ісін жүргізу барысында орындалады.

Ал, қылмыстық істі сотта талқылау барысында прокурордың қатысуының басты міндеттері ол:

- сотта қылмыстық іс бойынша талқылау кезінде прокурордың қатысуы барынша тиімді болуын қамтамасыз ету;

- қылмыстық істі қарауымен байланысты шығарылған үкімдердің, қаулылардың, анықтамалардың заңдылығын қамтамасыз ету;

- қылмыстық сот ісін жүргізу барысында сотталушының, жәбірленушінің, және іс жүргізуге қатысушы басқа да тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету.

Осы аталған әрбір міндеттерді орындау үшін прокурор бірнеше жеке міндеттерді шешу қажет.

Мысалы, жоғарыда аталған бірінші міндетті орындау үшін - прокурордың сотқа қатысуын ұйымдастыру қажет, сотқа білікті айыптаушының қатысуын қамтамасыз ету, қылмыстық істі сот талқылауына прокурордың қатысуын жан-жақты, толық дайындалуын қамтамасыз ету қажет.

Екінші міндетті орындау үшін, прокурор қылмыстық іс бойынша сот шығарған құқықтық актілердің заңдылығын уақытында тексеруін қамтамасыз ету, наразылықтардың білікті жасалуын қамтамасыз ету, прокурордың апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатылы сотқа қатысуын қамтамасыз ету қажет.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы заңы және ҚР-ның ҚІЖК-сі сотта қылмыстық істі талқылауына прокурордың қатысуының екі бағытын анықтап көрсетеді:

- бірінші сатылы сотта қылмыстық істерді қарауы бойынша сот ісін жүргізуіне прокурордың қатысуы;

- қылмыстық іс бойынша соттың үкімдерін, қаулылардың заңдылығы мен негізділігіне қадағалау.

Жоғарыда аталған прокурордың өкілеттіктерін талдай отырып, біз сотта қылмыстық істі талқылау барысында прокурордың қатысуының пәнін шығара аламыз:

- сот шығаратын үкімнің заңдылығы мен негізділігі;

- соттың заңдардың нормаларын дәл әрі бірыңғай қолданылуы;

- сот талқылауында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы.

Сотта қылмыстық істі талқылау барысында прокурордың қатысуының мақсаттары:

- заңдардың нормаларының бұзылуын анықтау және оларды жою;
- қылмыстың жасалуына әсер ететін мән-жайларды жою;
- қылмыстылықпен күресу;
- сот процесіне қатысушы тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау.

Қылмыстық істерді бірінші сатылы сот ретінде аудандық және оған теңестірілген соттар, облыстық және оған теңестірілген соттар және ҚР-ның Жоғарғы соты қарайды. Прокурордың бірінші сатылы сотқа қатысуының бастапқы қызметі - “ол прокурордың айыптау қорытындысын бекітуімен басталады және Айыптау қорытындысы істі сотқа жіберу кезінде прокурор сол іс бойынша айыптаушы ретінде қатысатындығын білдіреді” деген пікірді біз қолдаймыз [3].

ҚР-сы ҚДЖК-не сәйкес, соттың қылмыстық істі қарауына қатысушы прокурор айыптауды қолдау жолымен мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып қатысады. ҚР-сы ҚДЖК-нің 317 бабына сәйкес, прокурордың жеке айыптау істерін қоспағанда, мемлекеттік айыптаушы ретінде басты сот талқылауына қатысуы міндетті.

Күрделі және көп эпизодты істер бойынша мемлекеттік айыптауды бірнеше прокурорлар қолдауы мүмкін. Егер сот талқылауы кезінде прокурордың одан әрі қатысуы мүмкін еместігі анықталса, онда ол басқа прокурорға алмастырылуы мүмкін. Іске жаңа прокурордың кірісуі осы уақытқа дейін сотта жасалған іс әрекеттерді қайталауға әкеп соқтырмайды, бірақ прокурордың өтініші бойынша сот оған істің материалдарымен танысу үшін уақыт бере алады.

Прокурор дәлелдерді ұсынады және оларды зерттеуге қатысады, сотқа айыптаудың мәні бойынша, сондай-ақ сот талқылауы кезінде туындаған басқа да мәселелер бойынша өзінің пікірін баяндайды, сотқа қылмыстық заңды қолдану және сотталушыға жаза қолдану туралы ұсыныс айтады.

Егер мұны азаматтардың құқықтарын, мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді қорғау талап етсе, прокурор іс бойынша азаматтық талап қояды немесе оны қолдайды. Айыптауды қолдай отырып, прокурор заң талаптарын және істің барлық жағдайларын қарау нәтижелеріне негізделген өзінің ішкі көзқарасын басшылыққа алады. Сотталушының жағдайын нашарлатпайтын және оның қорғалу құқығын бұзбайтын болса, прокурор айыптауды өзгерте алады. Сонымен бірге, “прокурор, егер айыптау сот талқылауында қолдау таппады деген қорытындыға келсе, онда ол айыптаудан бас тартуға (толық немесе ішінара) міндетті” [4]. Мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тартуына сот тергеуі немесе сот жарыссөзі кезінде ғана жол беріледі.

Прокурор айыптаудан толық бас тартқан жағдайда, егер айыптаудан жәбірленуші де бас тартса, сонда сот өз қаулысымен істі қысқартады. Ал,

егер жәбірленуші айыптауды талап етсе, сот істі талқылауды жалғастырып, оны жалпы тәртіппен шешеді.

Бұл жағдайда прокурор процеске одан әрі қатысудан босатылады, ал айыптауды жәбірленушінің өзі немесе өкілі арқылы қолдайды. Прокурор мен жеке айыптаушы айыптаудан ішінара бас тартқан кезде сот айыптаудың тарап айыптаудан бас тартқан бөлігінде істі қысқартады, айыптаудың қалған бөлігіндегі іс жалпы тәртіппен қаралады. Егер прокурор айыптауды өзгертсе және жәбірленуші бұрынғы айыптауды талап етпесе, сот істі жаңа айыптау бойынша қарайды.

ҚР-ның ҚДЖК-нің 345 бабына сәйкес, сот тергеуі айыптаушының сотталушыға таққан айыбының мәнісін баяндаудан, ал жеке айыптау істері бойынша арыз берген адамның немесе оның өкілінің, ал олар болмағанда сот отырысы хатшысының шағымды баяндауынан басталады. Айыптаудың ауырлығы төмендеу түріне өзгертілген жағдайда немесе айыптаудың бір бөлігінен бас тартылған кезде айыптаушы сотқа айыптаудың жаңа негізделген тұжырымын жазбаша түрде баяндауға міндетті.

Сот тергеуінде айыптаушы және қорғаушы тараптар ұсынған дәлелдемелер зерттеледі. Дәлелдемелерді алдымен айыптаушы тарап ұсынады.

Сотталушыдан жауап алудың алдында төрағалық етуші тағылған айып және істің басқа да жағдайлары бойынша айғақ беру немесе бермеу құқығын, сондай-ақ сотталушының барлық айтқаны өзіне қарсы пайдаланылуы мүмкін екендігі оған түсіндіріледі.

Сотталушы айғақ беруге келісім берген кезде бірінші болып одан қорғаушы және процеске қорғаушы тарапынан қатысушылар, одан кейін мемлекеттік айыптаушы жауап алады.

Мемлекеттік айыптаушы айыптау дәлелдемелерін зерттеу аталған өтініш туындаған сәтке қаралған дәлелдемелермен шектеу туралы өтініш білдіруге құқылы.

Сот тергеуі аяқталған соң төрағалық етуші соттың сот жарыссөзіне көшетінін хабарлайды. Сот жарыссөзіне қатысушының өтініші бойынша оған сот жарыссөзіне дайындалуы үшін уақыт беріледі, ол үшін төрағалық етуші оның ұзақтығын көрсете отырып, сот отырысында үзіліс жариялайды.

Сот жарыссөзі айыптаушының, жәбірленушінің және іс қатысушы басқа да тұлғалардың сөздерінен тұрады. Іске қатысушылардың сөздерінің реттілігін олардың ұсыныстары бойынша сот белгілейді, бірақ барлық жағдайларда бірінші болып айыптаушы сөз алады.

Егер мемлекеттік айыптауды бірнеше мемлекеттік айыптаушы қолдаса, іске бірнеше жәбірленуші, қорғаушы және іске қатысушы басқа да тұлғалар қатысса, онда төрағалық етуші өз сөздерінің кезектілігін өзара келісуі үшін оларға уақыт береді. Қажет болған жағдайда бұл үшін сот отырысында үзіліс

жариялануы мүмкін. Егер аталған адамдар жарыссөздегі өз сөздерінің кезектілігі туралы келісімге келе алмаса, онда сот олардың пікірлерін тындап сөз кезегі туралы қаулы шығарады.

Сот жарыссөзінде қатысушылар өз сөздерінде сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге сілтеме жасауға құқылы емес. Сотқа жана айғақтар ұсыну қажет болса, олар сот тергеуін қайта бастау туралы өтініш жасай алады.

Сот, сот жарыссөзінің ұзақтығын белгілі бір уақытпен шектей алмайды, алайда төрағалық етуші, егер жарыссөзге қатысушы азаматтардың сөзі қаралатын іске қатысы жоқ мән-жайларға қатысты не сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге негізделген болса, онда тоқтатуға құқылы.

Сот отырысына қатысушылардың барлығы сөз сөйлеп болған соң олардың әрқайсысы тараптар өкілдерінің сөзінде айтылғандар бойынша тағы бір реттен қысқаша қарсылықтарын немесе ескертпелерін (репликаларын) білдіруге құқылы.

Репликада “прокурор бұрын айтылған позициясын нақтылайды, толықтырады және басты сот талқылауындағы прокурордың маңызды бір қызметтерінің бірі ол айыптау сөзін жариялау” [5].

Сот талқылауындағы прокурордың жағдайы мынадай элементтерінен тұрады:

- сотта айыптауды қолдай отырып, қаралып жатқан барлық мәселелер бойынша өзінің көзқарасын білдіру міндетті;
- өзінің көзқарасын прокурор мемлекеттік айыптаушы, яғни процеске қатысушы тарап ретінде білдіреді;
- ол сотқа қатысушы тұлғалардан артық ешқандай артықшылықтарға ие емес;
- айыптауды қолдау барысында прокурор заң талаптарын және өзінің ішкі сенімін басшылыққа алуы тиіс.

Дегенмен, прокурорлардың басты сот талқылауына қатысу қызметі әлі де болса көп жағдайда формальды сипатта болып отырғандығын айта кету қажет. Ал, бұл деген сөз прокурорлар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын әлі де болса жеткілікті деңгейде қорғап отырмағанын көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жумабеков О. Прокурорский надзор как высший надзор в Республике Казахстан. Астана., 2002, 48 С.
2. Ястребов В.Б. Прокурорский надзор. М., 2001, 191 С.
3. Костанов Ю.А., Кузьмина А.И. Особенности судебной речи прокурора по уголовном делам. М., 1991, 89 С.
4. Смирнов А.Ф. Место и роль прокуратуры в системе государственной власти. М., 1995, 123 С.
5. Рыжаков А.П. Следственные действия и иные способы собирания доказательств. М., 1997, 62 С.

**Б.Б.ЖҮНІСБЕКОВ**

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

## **КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ**

В данной статье рассматривается место права на предпринимательскую деятельность в системе прав и свобод человека, анализируется правовая основа предпринимательской деятельности по законодательству РК.

The author of the article analyses the role of law on business activity in the system of rights and freedoms of a human being. Legal basis of the business activity according to the legislation of the Republic of Kazakhstan has been analyzed as well.

Кәсіпкерлікпен айналысу құқығы еліміздің нарықтық экономикаға көшіп, қазіргі кезеңде қоғамның тұрақты даму сатысына қадам басқан уақытында үлкен маңызға ие болып отыр. Сондықтан да, кәсіпкерлікпен айналысу құқығы жалпы адам мен азаматтың құқықтарының жүйесінде үлкен рөл атқарады. Елімізде кәсіпкерлікпен айналысу құқығының дамуы да, белгілі бірнеше кезеңдерді бастан өткерген болатын. Қазіргі кезеңде кәсіпкерлікпен айналысу құқығы жаңа деңгейге көтеріліп отырған азаматтың конституциялық құқықтарының бір көрінісі. Кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығы, кәсіпкерлік қызметтің бостандығы жалпы адам құқықтары мен бостандықтарының жүйесінде маңызды рөл атқаратын елдің экономикалық дамуын қамтамасыз етуші бірден-бір тетік десе де болатындай.

Адамның қоғамдағы алатын орнын анықтауда мынандай принциптер ерекше рөл атқарады: 1) заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігі (Қазақстан Республикасының Конституциясы 14-бап, 1-тармақ); 2) конституциялық құрылыс негіздеріндегі принциптің бірі – Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының толықтылығы; 3) негізгі құқықтар мен бостандықтарының ажыратылмайтындығы және олардың заңсыз шектелуіне тыйым салынуы (Қазақстан Республикасының Конституциясы 12-бап, 2-тармақ). Мұның өзі адам құқықтары мен бостандықтарының тізбегіне мемлекет кепілдік береді деген сөз. Бірақ та, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектеуі мүмкін [1.217-218].

Адамның құқықтары мен бостандықтары адам қоғамы өмір сүріп отырған кезеңде қоғамдық ой тарапынан әрқашан да талқыланып отыратын мәңгілік мәселенің бірі болып табылады десек, артық айтқандық емес. Адамның конституциялық құқықтарын қарастыру барысында, оның ішінде кәсіпкерлік еркіндігіне байланысты құқық кіретін экономикалық-әлеуметтік құқықтар жүйесін таңуда жалпы адам құқығы мен бостандық мәселесі жүйесіне ерекше көңіл бөлуіміз керек. Мемлекеттің ұстанған бағытына

сәйкес адам құқықтары мен бостандықтарында бағалау туралы көзқарас та өзгеріп отырады.

Отандық белгілі ғалым Ж.Д.Бусурманов адам құқықтары мен бостандықтарын тұтас қарай отыра, жалпы адам құқықтары мен бостандықтарын объективті және субъективті тұрғыда бөліп қарастыруды ұсынады. Ол оны былай сипаттайды: “В объективном смысле права и свободы человека - это система международных и национальных правовых норм, устанавливающих правовой статус личности, закрепляющих ее положение, правила взаимоотношений между людьми, отношения личности (гражданина) и государства.

В субъективном смысле права и свободы человека - это принадлежащая конкретному лицу возможность (правомочие) предусмотренного правовой нормой и защищаемого государством действия, поступка, поведения. Иными словами, это официально признанные возможности, которыми располагает физическое или юридическое лицо, организация. Это право, принадлежащее отдельному лицу - субъекту права” [2.67-68].

Осы жердегі тағы да бір теориялық маңызды мәселе айтып отырған адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі болып табылады. Жалпы адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі оны жүзеге асырудың және сақтаудың негізі болып табылады. Адам құқықтары мен бостандығының кепілдігін ішкі мемлекеттік немесе ұлттық адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі және халықаралық құқықтық кепілдіктер деп бөліп көрсетуге болады.

Құқықтық даму мақсаттарының бірі - саяси жүйені жетілдіру болып табылады.

Халықтың саяси белсенділігінің заңдық нысандарының алуан түрлілігі мен мәдениетін шынайы қамтамасыз ету қажет.

Үкімет туралы заңнама оның қызметінің тиімділігін және қабылдаған шешімдері үшін жауапкершілігін арттыру мақсатында жетілдіруді қажет етеді.

Сайлау заңдарын, сайлау процесін ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру, бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау іс-шараларын әділ де толық көрсетудегі рөлін нығайту және жауапкершілігін арттыру қажет.

Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында біртұтастық пен басқарушылық талаптарының бұлжымай орындалуы жағдайында мемлекеттік биліктің түрлі деңгейлері арасындағы қызметтер аясын, функциялары мен жауапкершіліктерін нақты ажыратуды қамтамасыз ететін заңдарды одан әрі жетілдіріп, сонымен бірге жергілікті мемлекеттік басқарудың тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар туғызу мақсатқа сай болмақ.

Жергілікті өзін-өзі басқару институттарын кезең-кезеңмен қалыптастыру азаматтық қоғам институттарын нығайтуға ықпал етпек.

Адам құқықтарының ең жоғарғы құндылық деп танылуы, мызғымас болуы және жариялық өкімет тарапынан тиімді қорғалуы. Бұл қағида негізінен XVII-XVIII ғасырларда Орта ғасырлық саяси-құқықтық жүйеге, әсіресе еуропада кең етек жайған инквизицияға қарсылық білдіруден туындады. Буржуазиялық қатынастар қалыптасып келе жатқан Еуропа елдерінде жаңа күш, буржуазия табы билікке ұмтылу барысында адам құқықтарының аяққа тапталмай олардың мызғымас болып, ең жоғарғы құндылықтар екенін саяси-құқықтық ой-пікірде асқан мақтанышпен паш етті. Атап айтқанда өмір сүру құқы, меншікке ие болу, жеке адамның құқықтарына қол сұқпау, дін, сөз бостандықтар, тең құқылық сияқты адамдардың құқықтарын табиғи деп жариялады, оларды қорғау, қамтамасыз ету адамның шыққан әлеуметтік тегіне байланысты емес, адам болғандығынан қамтамасыз етілуі тиіс. Адам құқықтарының мызғымас болуы туралы тұңғыш рет Англияның “Еркіндіктің ұлы хартиясы” 1215 жылы жариялауға ынта білдірді. Бұл құжаттың бірнеше баптарында заңсыз қамалмау, заңсыз меншіктен айыруға болмайтындығы, еркін, ешқандай кедергісіз Англиядан кетіп және қайтып келу (39,41 - баптар) және тағы басқа нормалар енгізілді. Кейінгі ғасырларда адам құқықтарының негізгі қағидалары “АҚШ-тың тәуелсіздік декларациясынан” (1776 ж. 4 шілде) өзінің нақтылы шешімін тауып, кейінгі қабылданған құқықтық құжаттарға өзінің нақтылы шешімін тапты. Атап айтқанда, 1789 жылы Франция ұлы төңкерісінің “Адамдар өз құқықтарында еркін және тең болып туылады. Қоғамдық айырмашылықтар тек қана көптің пайдасына негізделуі мүмкін” [3.64-65], - деген норманы дүние жүзінде үлгі ретінде паш етті.

Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын негізгі мәселелер Парламент тарапынан арнайы заң арқылы реттеледі. Қазақстан Республикасының Парламенті Конституцияға сәйкес мынандай мәселелер бойынша заңдар қабылдауға құқылы:

- 1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне;
- 2) меншік режиміне және өзге де мүлкілік құқықтарға;
- 3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;
- 4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге;
- 5) республикалық бюджетке;
- 6) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне;
- 7) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;
- 8) кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіруге;



9) айналадағы ортаны қорғауға;  
10) республикалық әкімшілік-аумақтық құрылысына;  
11) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы. Мұның өзі елімізде адам құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың тағы бір айқын кепілдемесі болып табылады деп есептейміз.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының 4-тармағында әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез-келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар, - деп көрсетілген. Бұл былайша айтқанда, кәсіпкерлік қызмет еркіндігін конституциялық талапқа айналдырып отырған негізгі шарт болып табылады. Біздің ойымызша, кәсіпкерлік еркіндігінің конституциялық талап деңгейіне көтерілуіне және Конституцияда көрініс табуы өте орынды жағдай.

Әлем елдерінің конституциялық дамуында кәсіпкерлік еркіндігі мәселесі әр түрлі деңгейлерде көрініс тауып, бекіп отырған. Оған, әрине әр түрлі факторлар әсер етті. Мемлекеттің тарихи қалыптасуы, басқа елдердің ықпалы, т.б. жағдайлар қай қоғамда болмасын адам құқықтары мен бостандықтары да конституциялық деңгейде көрініс табуына ықпал етуші шешуші факторлар қатарына жатады.

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы “Жеке кәсіпкерлік туралы” Заңында кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарына үлкен мән берілген. Аталған заңның 8-бабында кәсіпкерлік субъектілерінің мынандай құқықтары мен бостандықтары көрініс тапқан:

Жеке кәсіпкерлік субъектілері:

- 1) егер Қазақстан Республикасының заңдарына өзгеше көзделмесе, жеке кәсіпкерліктің кез-келген түрін жүзеге асыруға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жалдамалы еңбекті пайдалана отырып, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен филиалдар мен өкілдіктер құруға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өндірілген тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) бағасын дербес белгілеуге;
- 5) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне өтеулі негізде қаражат (қарыз) беруге;
- 6) өзінің құқықтық қабілеті шегінде сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға;
- 7) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін құруға;
- 8) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері арқылы сарапшылық кеңестердің жұмысына қатысуға;
- 9) бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын құқық қорғау органдарына және мемлекеттік органдарға жеке кәсіпкерлік

субъектілерінің құқықтарын бұзуға кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту мәселелері бойынша жүгінуге;

10) өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сот органдарына жүгінуге;

11) жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына септігін тигізетін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстарды мемлекеттік органдардың қарауына енгізуге құқылы.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауға;

2) өндірілетін өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңына сәйкес лицензиялауға жататын жеке кәсіпкерлік түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуға;

4) Қазақстан Республиканың заңдарына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыруды жүзеге асыруға міндетті [4.10]. Көріп отырғанымыздай кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен бостандықтары әрқашанда олардың міндеттерімен өрбіп жатады. Шынында да, қандай жағдайда болмасын құқық пен бостандық міндетпен тікелей байланысты. Сондықтан да, бұл екеуін бөле-жара қарауға болмайды.

Жоғарыдағы аталған заңнамада, кәсіпкерлік қызметпен айналысушы субъектілердің өздеріне тиесілі ақпараттарды қорғауына мүмкіндіктер бар. Біз сөз етіп отырған заңда, кәсіпкер, өзіне тиесілі ақпаратты қорғаудың төмендегідей 11 талабы бекітілген. Нақты тоқталатын болсақ, оларға мыналар жатады:

“1. Коммерциялық құпияны қорғау коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты заңсыз алуға, таратуға не пайдалануға тыйым салудан тұрады.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектісі коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығы бар адамдар тобын айқындайды және оның құпиялылығын қорғауға шаралар қолданады.

3. Ақпаратты қолжетімділік санатына жатқызу тәртібін, коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын жеке кәсіпкерлік субъектісі айқындайды.

4. Коммерциялық құпияны құрайтын заңсыз әдістермен алған, жария еткен немесе пайдаланған адамдар келтірілген залалды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтеуге міндетті.

5. Жеке кәсіпкерлік субъектісі немесе уәкілеттік берген адам өз қызметкерлерінен коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу

туралы қол қоюын талап етуге, ал оны тексеруді жүзеге асыратын адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы ескертуге құқылы.

6. Міндетті түрде жариялануға не акционерлердің, шаруашылық серіктестік қатысушыларының немесе өзге де белгілі бір адамдар тобының назарына міндетті түрде жеткізуге жататын ақпараттың тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және кәсіпкерлік субъектісінің құрылтай құжаттарымен белгіленеді.

7. Жеке кәсіпкерлік субъектісі тіркеу, бақылау функцияларын орындау кезінде және басқа да іс-әрекеттер жасау кезінде мемлекеттік органдарға және лауазымды адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, оларға жүктелген функцияларды іске асыру үшін қажетті ақпараттан басқа, коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты бермеуге құқылы.

8. Мемлекеттік орган өзіне жүктелген функцияларды іске асыру барысында алған жеке кәсіпкерлік субъектісі туралы кез-келген ақпарат, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақпаратты басқа мемлекеттік органға беру жағдайларын қоспағанда, жария етілуге және таратылуға жатпайды.

9. Құқық қорғау органдары прокурор санкциясы, тергеу органдарының қылмыстық іс қорғау қаулысы негізінде не сот қаулысының негізінде жеке кәсіпкерлік субъектісінен де, мұндай ақпаратқа ие мемлекеттік органдардан да қажетті ақпаратты, соның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.

10. Заңды күшіне енген сот шешімі бар ақпаратты қоспағанда, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жеке кәсіпкерлік субъектісінің келісімінсіз жария етуге болмайды.

11. Жеке кәсіпкерліктің нақты субъектісінің қызметі туралы мәліметті ашпайтын, жинақталған ақпарат жалпыға қол жетімді болып табылады” [4.11]. Көрсетілген мүмкіндіктердің барлығы кәсіпкердің өз қызметін алаңсыз жүзеге асыруына, сонымен қатар, кәсіпкерлік аясындағы коммерциялық құпияны сақтауды қамтамасыз етеді. Көп жағдайда қарап отыратын болсақ, кәсіпкерлік қызмет субъектінің өзі айналысып отырған бағытқа шығармашылық жаңашылдықтарын салуды қажет етеді. Сондай жағдайда ғана, кәсіпкер жемісті жұмыс атқарып, үлкен жетістіктерге жете алады.

Қазіргі кезеңде кәсіпкерлік қызметпен айналысушы субъектілер мемлекеттік органдар тарапынан қажетті және қажетсіз жағдайларда да, тексеруге ұшырап отырады. Сондықтан да, біздің ойымызша, кәсіпкерлік субъектілерін бұл жағдайдағы құқықтары мен бостандықтарын заңдық тұрғыда белгілеу өте орынды. “Жеке кәсіпкерлік туралы”, жоғарыдағы

аталған Заңда мемлекеттік бақылауды жүргізу кезінде кәсіпкерлікпен айналысушы субъектілерге мынандай құқықтар мен міндеттер берілген:

“1. Жеке кәсіпкерлік субъектілері жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылауды жүргізу кезінде:

1) егер: осы Заңның 38-бабының 4-тармағында көрсетілген құжаттар табыс етілмеген;

- лауазымды адамдар тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілмеген;

- тексеруді бастау күні басталмаған немесе өтіп кеткен;

- тексеруді тағайындау туралы акті осы Заңның 38-бабының 2-тармағына сәйкес рәсімделмеген жағдайда объектіге тексеру үшін келген мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын тексеруге жібермеуге;

2) егер жүргізілетін тексерудің мәніне жатқызылмаған немесе актіде көрсетілген кезеңге жатқызылмаған болса, мәліметтер бермеуге;

3) тексеруді тағайындау туралы актіге және тексерудің нәтижелері туралы актіге және мемлекеттік органдардың лауазымды адамдардың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың жеке кәсіпкерлікті шектейтін заңға негізделмеген тыйым салуларын орындамауға құқылы.

2. Мемлекеттік органдар мемлекеттік бақылауды жүргізген кезде жеке кәсіпкерлік субъектілері:

1) осы Заңның 38-бабы 4-тармағының талаптары сақталған кезде тексерілетін объектінің аумағына және үй-жайларына мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге;

2) осы Заңның 11-бабының талаптарын сақтай отырып, тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды қағаз және электронды жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін тексерудің нәтижелері туралы актіге қосу үшін табыс етуге, сондай-ақ тексерудің міндеттер мен мәніне сәйкес афтоматтандырылған деректер қорына (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуіне мүмкіндік беруге;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің екінші данасында алғаны жөнінде туралы белгі жасауға міндетті” [4.27-28]. Бұл талаптар орынды болғанмен, көп жағдайда шынайы өмірде жүзеге асып жатпайды. Сондықтан да, мемлекеттік бақылаушы органдардың құқықтарын кәсіпкерлік қызметтің бағытын айқындайтын негізгі заңнамаларда, одан да әрі нақтылай бекіте түсу қажет. Осындай жағдайда ғана біз, кәсіпкерлік қызметті бақылаушы органдардың өзін білділік әрекетіне тыйым сала аламыз. Сонымен қатар, кәсіпкерлік субъектілерінің құқығын қорғайтын ұйымдардың белсенділігін арттыра түсу қажет. Бұл жағдайлардың барлығы, кәсіпкерге деген және оның қызметіне деген, қоғамдағы оң көзқарасты орнықтыра, бекіте түседі.

Қорыта келгенде, айтарымыз кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығы, конституциялық деңгейдегі адам және азамат құқықтары мен бостандықтары жүйесінде, ерекше қызмет атқаратын өзіндік құрылымдық сипаты бар, субъективтік құқықтың көрінісі болып табылады. Әрине, Конституцияда барлық адам мен азаматқа тиесілі құқықтар мен бостандықтарды жеке-жеке бүге-шегесіне дейін белгілеп шығу мүмкін емес және ондай қажеттілік те жоқ. Конституцияда көрініс тапқан, кәсіпкерлікпен айналысу бостандығы, былайша айтқанда, конституциялық идея, қағида қызметін атқаратын басқа заңнамаларға негіз болып табылатын ұстаным. Сондықтан да, кәсіпкерлік аясындағы әр түрлі мәселелерді реттейтін арнайы заңнамаларда, бұл қағиданың негізгі сипаты жоғалмай, өрбіп дамып отыру қажет. Сол жағдайда ғана, біз, кәсіпкерлік қызметпен айналысу еркіндігіне байланысты, әрбір азаматтың конституциялық құқығын тиісті деңгейде қамтамасыз ете аламыз. Осы айтылған жағдайларға қол жеткізе алғанда ғана біз кәсіпкерлік қызметпен айналысу бостандығының Конституциядан өзінің тиісті орнын алатындығына сеніммен қараймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Табанов С.А., Оразова А.Ә. Күрделі заманның өтпелі кезеңдеріндегі қазақ қоғамы Ата Заңдарының (Конституцияларының) тарихи-құқықтық сабақтастығы. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 360 б.
2. Бусурманов Ж.Д. Евразийская концепция прав человека. – Алматы: КазГЮУ, 2006. – 481 с.
3. Өзбекұлы С., Қонабаев Қ. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 264 б.
4. Жеке кәсіпкерлік туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы №124-ІІІ Заңы // Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік. Нормативтік актілер жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2006. – 268 б.

**ӨНЕРТАНУ****Қ.БЕКБОСЫН**

ҚР халық әртісі, профессор

**ЕРЕН ӨНЕР ИЕСІ**

Эта статья описывает исторические события 1925 года. Во Франции на Всемирном конкурсе искусств Амре Кашаубаев, представляя казахское песенное искусство своим серебристо-звонким уникальным голосом, восхитил слушателей, за что был удостоен серебряной медали, заняв 2-е место. Его жизнь и творческое искусство вошли в историю казахского искусства и стали символом духовного богатства музыкальной одаренности народа. Амре Кашаубаев – певец высшего народного признания, ярчайший представитель казахской народной песенной культуры, что далеко известно не всем.

This article describes the historical event of 1925. Amre Kashaubayev represented the Kazakh song art in the world art contest in France where he was awarded a silver medal for his unique voice. His life and creative activity became the part of history of the Kazakh culture and also became a symbol of spiritual wealth of music talent of the Kazakh nation. Amre Kashaubayev is a singer of the highest national recognition and a brightest representative of the Kazakh national song culture.

Семей өлкесінде, Абай ауданының Қайнар ауылында жай шаруаның отбасында дүниеге келіп, жастайынан Тойған анасының әнімен, әкесінің домбыра үнімен сусындап өсіп жетіледі. «Әнші бала Әміре», «Қашаубайдың әнші баласы» атанып, ауыл-аймақтағы үлкенді-кіші жиындарда, той-думандарда ән, күй, айтыс, жыр, терме кештерінде орындалған шығармаларды жан-тәнімен тындап, бойына қабылдап өседі. Әміре ән, күй, өнер сүйгіш қауым арасына шақырылып, халық әндерін, халық композиторларының әндерін шебер орындайды. «Әнші бала Әміре» атанады. Ауыл-аймақ мәдениет кештерінің көрнекті қонағы, төрден орын алатын дәрежеге жетеді. Анасының ақ сүтінен дарыған әдемі, әсем, көркем даусы, күмбірлеген домбыра дыбысының көмегімен қасындағы өнерсүйгіш жастарды, ата-әжелерін тамсандырып бұрын-соңды кездеспеген бала, жігіт даусымен тыңдаушыларын өзіне игеріп алғандай сезінген Әміре ауыл шеңберінен Семейге ауысып, 1921-1924 ж. қазақ жастарының «Ес аймақ» атты ағарту ұйымына мүше болып, әншілік өнерін дамыта береді. 1924 ж. Семейде өткізілген халық өнерпазшыларының байқауына қатысып, бас бәйгені әнші Қ.Байжанов екеуі бөлісіп алады. Әншілік өнерімен аймаққа танылады. Әміренің өнері, ән мектебі - өз замандастары өсіп-өнген халықтық тұрғыда ән салу, күй тарту, жыр жырлау, терме, айтыс өнерлерінің ортасы мен аға буын бойындағы дарындылығы, салдар серілер дәстүрі деп білеміз. Халықтық өнер, мәдениет мектебінің түлегі Әміре әншілік, орындаушылық ерекшелігінің арқасында 1925 ж. сол уақыттағы астана Қызылордада өткен кеңестердің 5-съезіне, 1927 ж. Мәскеуде өткен Одақтық Кеңестердің 4-съезіне делегат болып сайланып, делегаттарға арналған концерттерге қатысады. Кең өлке қазақ жері мен елінде еркін өсіп, ән мәдениетін игерген

Әміренің қайталамас даусына қайран қалған өлке, Республика басшылары оны атақты фольклоршы-этнограф А.В.Затаевичпен таныстырады. Белгілі қайраткер, музыка зерттеушісі А.В.Затаевич Әміренің дарындылығын өте жоғары бағалап, одан көптеген шоқтығы биік әндерді жазып алады да оған жан-жақты көмегін аямай, республика, Одақ, әлем сахналарына ұялмай өнерін паш етуге болатындығын басшыларға дәлелдейді. Осылай ерен дарындылықты таныған А.В.Затаевич ұсынысы бойынша Әміре 1925 ж. Парижде өткен Бүкіл дүниежүзілік сауда, сән өнері көрмесінде ұлттық халық өнершілерінің жарысына қатысып, 2-бәйге мен күміс медальді алып қайтады. Күміс көмейлі дарын иесі Әміренің әншілік мәдениетінің арқасында, қалықтап ұшқан асқақ әні домбыраның сүйемелдеуімен бүкіл әлем қауымына тарап, халқының ғасырлар бойы жиналған өнер мәдениетінің Еуропа сахнасынан жырлауы кездейсоқ жай емес болатын. А.В.Затаевич, «500 казахских песен и кюев» атты жинағында әміренің әншілік өнеріне берген бағасы: «Амре Қашаубаев - выдающийся каркаралинский певец, он весной 1925 года состоял в группе казахского государственного театра.

Кашаубаев обладает красивым, сильным, сочным голосом (тенор) при большом запасе дыхания. Чтобы охарактеризовать его как певца и музыканта лучше всего сопоставить его с двумя другими выдающимися каркаралинскими певцами «поетом» Габбасом Айтбаевым, «Бытабиком» Кали Байжановым. В этом случае Кашаубаев занял бы первое место между ними обоими»-деп көрсетті де... Нужно. Однако желать и надеяться что отведавший и заграницы певец выйdet из этого испытания с честью для себя выгодной для казахского и певческого искусство ко его он является видным представителем [1].

Париж сапарында Әміре «Ағаш аяқ», «Қызыл бидай», «Қанапия», «Үш дос», «Жалғыз ағаш», «Екі жирен», «Қызыл бидай», т.б әндерін үлкен толқыныспен орындайды, тыңдаушыларын игеріп алады.

Семейдің губерниялық халық ағарту бөліміне Мәскеуде 1925 жылдың жазында: «Қазақ әншісі Әміре Қашаубаев Парижде болатын жер жүзілік көрмеде қойылатын этнографикалық концертке қатысуға келісім бере ме екен? Соның хабарын тез білдіруіңізді сұраймын. Жол қаражаты, гонорары төленеді. Мерзім маусым, шілде айлары. РСФСР халық ағарту комиссары Луначарский», -деген хабар екі рет келді [2].

Парижде болатын концертке қатысу үшін Мәскеуге басқа халықтардың да маңдай алды өнерпаздары шақырылып, соған үлкен дайындықта тыңдап, електен өткізу үшін: беларустың құрайшысы Исенбаев, қазақтың әншісі Әміре Қашаубаев, –өзбектің бишісі және әншісі Тамара Ханум, армянның аспапты үш орындаушылары, т.б. шақырылған екен. Жиналған мамандардың тыңдауынан кідірмей өткен Әміре атамыз былай деп еске алған екен: «Парижде осындай табысқа жетуіңе тілектеспін-деп менің репертуарымды

А.И.Затаевич өзі жазып берді. Парижде кезек өзіме келгенше домбырамды даусыма дәлдеп, зар күйіне келтіріп алдым. Бір уақытта концерт басқарушысы жігіт сахнаға шығып: қазақ әншісі - Әміре Қашаубаев қазақтың ұлттық құралы домбыраға қосып, «Қанапия» дейтін халық әнін орындайды, - дейді. Мен міз баққаным жоқ кердеңдеп басып сахнаға шықтым да отыра қалып мұнан бірнеше күн Мәскеу халқын таң қалдырған «Қанапияға» бастым. Қайта-қайта биске шақырған соң «Ағаш аяқты», тағы бірнеше өлең айттым. Концерт біткен соң сахнаға француз халқының жазушылары Ромен Роллан, Арни Барбюс келді. Таныстық. Олар мені құттықтады. Сонымен біз Парижде он шақты рет концерт бердік. Мен екінші орынға ие болдым, күміс медальға ие болдым», - деп еске алған екен дарын иесі. «Париж апталығы» газетінің 1925 жылғы 31 шілдедегі санында: «Комедия» залында өтіп жатқан орыстың этнографиялық өнері әдебиеттегі біз болып жүрген концерттерден ерекше. Біз осында жоғары қызықты сахна көрдік, Біз Түркістанның, Украинаның, Оралдың, Кавказдың таза шыны қалпында тұрған жүрек қылынды қозғайтын музыкасын естідік. Олардан гармониялық, мелодиялық бұрмалау, дыбыс құрылыстарын өзгерту сияқты өзінің ерекшелік сипатын бұзатын нәрселерді таба алмайсың, башқұрттардың, орыстардың әндері олардың төл дыбыстары арқылы, ол аспаптық шығармалар өздерінің қолдан жасаған аспаптарында орындалады», - деп жазды.

«Француздың «Ле Музикл» журналы «Әміренің сирек кездесетін музыкалық көрініс» екендігін, Сарбони университетінің профессоры Перно фонографқа оның орындауында қазақтың әндерін жазып алған екен», - деп жазады М.Тоқжігітов «Ән- атасы Әміре» атты кітапшасында [3].

1927 жылдың жазында Әміре Мәскеуге екінші рет шақырылып, профессор Любимов бастаған Советтік этнографиялы ансамбльдің құрамында Германияның Франк-Фурт Намайне қаласында өткен дүниежүзілік Халықтардың музыкалы көрмесінде концерт беріп, дүние жүзі өнерпаздарымен жарысқа түсті, іскер ұйымдастырушы, сауда, мәдениет, мемлекет қайраткерлеріне халқымыздың домбырамен ән салу мәдениетін жоғары деңгейде таныта білді.

1925 жылы Парижде барардағы Мәскеуде орындалған Әміренің орындауында фонографқа жазылып алынған «Жазық арша», «Үш дос», «Ағаш аяқ», «Дудар-ай», «Бесқарагер» әндерін 1974 жылы музыка зерттеушісі Ж.Шәкәрімұлы тауып алып, техникалық өңдеуден өткеннен кейін, күйтабақ болып халыққа таралды. Әрдайым радиодан беріліп тұрды.

Шет ел сапарынан оралысымен Әміре Қызылордада шаңырақ көтерген Қазақ драма театрына алғашқы актерлер қатарына шақырылып қызметке қабылданады. Аталған театр сахнасында М.О.Әуезовтің «Еңлік-Кебегінде» Жапал, «Қаракөзде» Ақын, «Бәйбіше тоқал», «Айман-Шолпан», М.Тригердің «Сүңгуір қайығында» Қария, т.б. образдар жасап ойнайды. 1934 жылы



музыка театрында әнші-солист қызметіне шақырылып, соңғы кейіпкерлерін әрі концерттерін атқарады.

Мақатай Тоқжігітұлының «Ән атасы-Әміре» атты кітапшасында: «Сауық-сайранға бұрынан бейімі бар Әміре қалада жүріп, қазақтың әнін, татардың жырын, орыстың күйін үйренеді. Біраздан кейін домбыраны қолға алып ән шырқайтын болады [3].

Сол кезде арқа әншілерінің орталығына айналған Қоянды жәрменкесіне барып ән салуға құмартады. Әміре – «Мәжілістің гүлі» «он сегіз баспалы гармонды құлаштай созып, қазақтың халық әндерін құйқылжыта соққанда, оның даусы, сай сүйегінді балқытып, жан сарайынды тебіренетін», - деп тұжырымдайды.

Әміре өз әншілігімен ғана болып қойған жоқ, ол бүкіл Семей облысы әншілерінің тәрбиешісі болды. Талабы бар талай жас әншілердің Әміреден сабақ алмағаны кемде-кем. Әміренің ән өнері замандастары Қали, Қуан, Қаббас, Майра, Балуан Шолақ, Қажымұқан, Шашубай, Иса, т.б. бірге қалыптасты, сусындады, дамыды, әлемге әйгілі дәрежесіне жетті. Ұрпағы – біздер үшін үлкен мақтаныш бола бермек [4].

«Ән атасы - Әміре» дегендей, атасының салып берген жолын ұстап Азия-Еуропалық білім алып, қазақ халқының ән өнер мәдениетін әлемге танытып, желбіреген туын көтеріп жүрген әншілері деп: Әнуарбек Үмбетбаев (драматикалы тенор), Байғали Досымжанов (лирикалы тенор), Ермек Серкебаев (Баритон), Нариман Қаражігітов (тенор) Кәукен Кенжетаев (баритон), Бекен Жылысбаев (лирикалы тенор), ағайынды Мүслім, Рашид Абдуллиндер (тенор варитон), Әлібек Дінішев (тенор) Ерік Құрманғалиев (сопрано), т.б мақтанышпен айтамыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Затаевич А.В. «50 казахских песен и певец» А.1931.55-б.
2. Жұбанов А.Қ. «Замана Бұлбұлдары» А.1957.
3. Тоқжігітов М. «Ән атасы-Әміре», А.1972.
4. Миненко В.М., Момынұлы П. «Краткий курс музыкальный литературы Казахстана», А.1978.

**Л.Ш.АРИПБАЕВА**

кандидат педагогических наук ЮКГУ им. М.О.Ауезова

**Н.Т.ФАТТАХОВА**

старший преподаватель ЮКГУ им. М.О.Ауезова

### **ВКЛАД РУССКИХ МУЗЕЕВ В СОХРАНЕНИИ КАЗАХСКИХ МУЗЫКАЛЬНЫХ ИНСТРУМЕНТОВ**

Бұл мақалада екі ел мәдениетінің байланысы Ресейде қазақ музыкалық аспаптарының сақталуы және дамуы арқылы көрсетіледі. Авторлар мемлекеттік мұражай және жекеменшік коллекцияларында қазақтардың көне музыкалық аспаптарының жиналуы және аспаптар зерттеушісі К. Ямиловтың ағартушылық жұмысы жайында мәлімет береді.

The present article contains the actual material on the close interaction between the Russian and Kazakh musical culture on preserving and developing musical instruments. The authors research the history of collecting the ancient Kazakh musical instruments in collections of Russian state museums and in private collections. The activity of K. Yamilov collector from Chelyabinsk having greatly contributed to the development of culture is of special interest.

Коллекционирование уходит корнями в первобытное общество. Стремление собирать и хранить предметы культа, быта, их престижность и эмоциональная значимость приводит к созданию коллекций. Археологические находки эпохи неолита, бронзового века, шумерские и аккадские клинописные таблички (2 тыс. до н.э.) также говорят о необходимой базе развития коллекционирования в античной культуре.

Древнегреческое слово «музейон» буквально означало «место, посвященное музам», т.е. святилище муз. Коллекции располагались, в основном, в храмах, позже – в частных собраниях, особенно в Римской империи.

Однако музей как социокультурный институт сформировался только в эпоху Возрождения, в связи с углубленным интересом к культурным ценностям античности. Местом хранения и классификации культурных ценностей становятся частные коллекции. Великие географические открытия XV–XVI веков дали мощный импульс развитию коллекционирования. Экзотическое оружие, одежда, утварь, музыкальные инструменты становятся гордостью коллекционеров. Развитие науки, естествознания привели к систематизации минералогических образцов, представителей флоры и фауны. Постепенно коллекции, в основном, частные, стали носить более систематизированный характер. Так, известные флорентийские меценаты и коллекционеры герцоги Медичи имели самую богатую в Европе коллекцию музыкальных инструментов.

Музеи в России появились на два века позже. Но ещё в шестнадцатом веке были известны коллекции, принадлежавшие царям и высшей знати. Такие коллекции были у Ивана Грозного, у Бориса Годунова, Милославских, Матвеевых, Хитрово. Но развитие коллекционирования и музейного дела в

России было связано с именем Петра Первого. По его указу в 1703 году был создан Государев кабинет, поражавший современников богатством и разнообразием экспозиции. Созданный при Московском госпитале Анатомический театр дал мощный импульс развитию естественных наук.

Первый русский публичный музей – Кунсткамера – была открыта в Петербурге в Летнем дворце в 1714 году. Для широкой публики Кунсткамера стала открытой уже в 1719 году. Экспозиция включала не только произведения искусства, но и естественнонаучные редкости. «Первые российские музеи были созданы по инициативе верховной власти, в русле проводимой ею политики реформирования традиционного общества. При этом музейное строительство на первых порах отличалось прерывистым характером: появление петербургской Кунсткамеры и Эрмитажа разделяет полувековой отрезок времени» [1].

В 1918 году в структуре органов управления музейным делом в России было создано особое подразделение – Государственный музейный отдел, сумевший сохранить многочисленные памятники культуры и искусства. В короткое время было создано 426 музеев, среди них – 22 в Петрограде (Ленинграде), 35 – в Москве.

В экспозициях многочисленных Государственных и Народных музеев, в частных коллекциях важное место отведено музыкальному искусству, в том числе и сбору и систематизации музыкального инструментария. Каган М.С. справедливо полагает, что «... вещь имеет «двойное подданство» - она есть *природно-материальный* и одновременно *культурный объект*» [2].

В рамках этого понятия становится более ясным феномен сохранения и развития традиционной казахской культуры, в том числе и музыки в этнографических работах русских исследователей XVIII – начала XX веков.

После организации в Санкт-Петербурге Академии Наук (1724), Русского географического общества (1845) неизмеримо возрастает интерес русских учёных, исследователей и путешественников к изучению истории, культуры и быта народов, населяющих окраины Российской империи. Так, крупная этнографическая научная экспедиция была организована в 1768 году и продолжалась шесть лет, вместо запланированных четырёх. Её руководитель П.С.Паллас в своих научных записях даёт сведения о древних казахских музыкальных инструментах - *жетыгене, дабыле, асатаяке, кыл-кобызе, домбре* и некоторых других.

Ташкентский военный капельмейстер (1870-1883) А.Эйхгорн был широко известен как знаток восточной музыки и владелец обширной коллекции старинных музыкальных инструментов народов Средней Азии, в том числе и казахских. За подвижнический труд по сохранению культурного наследия он был награждён Большой серебряной медалью. Значительная часть его коллекции до сих пор хранится в ташкентских музеях.

В периодике XIX века, особенно оренбургской, нередко публикуются этнографические изыскания, очерки и статьи, посвященные описанию музыки и старинных музыкальных инструментов. Огромный интерес представляет очерк П.Юдина «Киргизы», работа И.Завалишина (1860), позднее – сообщения Абубакира Диваева, чьим именем названа одна из улиц Шымкента.

Неутомимым пропагандистом казахской культуры был Ч.Ч.Валиханов, действительный член Русского географического общества. Общение с русскими учеными – этнографами И.Лепёхиным, А.Левшиным и особенно Г.Н.Потаниным, благотворное влияние отца – Чингиза Валиева, зародили глубокий интерес у молодого исследователя к народной казахской музыке, музыкантам – исполнителям и различному инструментарию. Валиханов владел отличной коллекцией инструментов, образцы которой показывал в Петербурге. Таким образом, именно с его научной деятельностью связано появление образцов музыкального инструментария в русских музеях Петербурга, Москвы, Томска, Оренбурга, Челябинска.

Важнейшую роль в сохранении и развитии казахского музыкального искусства, инструментального и песенного, сыграли исследования и записи А.Затаевича. Позже академик АН Казахской ССР А.Маргулан в работе «О носителях древней поэтической культуры» сообщает о ранее неизвестных казахских народных музыкальных инструментах.

Неоценимую роль в собирании, классификации и реставрации старинных казахских музыкальных инструментов сыграл Государственный музей этнографии народов СССР (ГМЭ) в Ленинграде, в экспозициях которого насчитывается более 50 экземпляров казахских музыкальных инструментов. Самую многочисленную группу составляют домбры, собранные в различных регионах. Они позволяют проследить эволюцию конструкции домбры, формы бытования инструмента в различных регионах Казахстана. То же можно сказать и о других группах музыкальных инструментов.

Обширной коллекцией обладает Ленинградский институт театра, музыки и кинематографии. Там существует постоянная выставка музыкальных инструментов, объединяющих инструменты из коллекций различных российских музеев, а также личных собраний С.Г.Рыбакова, известного исследователя казахской народной музыки, В.В.Андреева, историка-музыковеда Н.Ф.Финдейзена.

С обретением независимости РК значительно возрос интерес к собиранию и возрождению народного музыкального инструментария. Повсеместно организуются этнографические научные экспедиции, в реставрационных мастерских воссоздаются музыкальные инструменты, проводится классификация их по группам. Нередко народные инструменты, особенно королева-домбра, и кобыз вводятся в эстрадные композиции в

качестве солирующих инструментов. Активизируется этнографическая работа в приграничных регионах России, в частности, Челябинском, Новосибирском, Оренбургском как среди представителей казахской диаспоры, так и среди коренного населения. Расширяются коллекции музыкальных инструментов в национальных музеях и частных собраниях российских исследователей.

Огромную работу проводит национальный Казахский Государственный музей народных инструментов (1980). В реставрационных мастерских при музее возрождаются старинные казахские инструменты.

Появляется ряд публикаций в российских научных изданиях по проблемам восстановления и дальнейшего бытования казахских народных инструментов, их сходство и различие с инструментарием многочисленных тюркских народов.

Активизируется работа в области культуры казахских диаспор стран Содружества, происходит обмен коллекциями различных музеев. Как в Казахстане, так и в России, проводится масштабная работа по реставрации музыкального материала, записи его на новые носители. Так, в Челябинске функционирует Казахский культурный центр «Бирлик» (1997), который ставит перед собой масштабные цели возрождения, сохранения и дальнейшего развития казахской культуры.

Мощный импульс в рамках проводимой работы дала состоявшаяся в феврале 2004 г. В Москве конференция «Стратегия развития национально-культурных объединений России».

Особого внимания в контексте развития культурных связей Казахстана и России заслуживает подвижническая деятельность Кабира Александровича Ямилова. Талантливый музыкант, руководитель детского фольклорного ансамбля, а позже собственной авторской программы, бессменный руководитель оркестра русских народных инструментов (Челябинск), К. Ямилов искал новые тембры, оркестровые краски. Для своих композиций он сам создавал антураж, костюмы, собирал старинные народные инструменты и сам конструировал новые. Так постепенно складывалась его уникальная коллекция, которая может сравниться с собраниями Государственного музея им. М.И.Глинки в Москве и Национального музея музыкальных инструментов в Казахстане. Размеры коллекции давно превысили возможности помещения. В музее К.Ямилова, в его коллекции «Музыкальная мозаика» поиск музыкальных инструментов продолжается, растёт и их география. Экзотический музыкальный экскурс в историю культуры народов Евразии представляет Челябинский областной музей искусств. Коллекция К.Ямилова насчитывает более 35 лет. В 1988 году она впервые была оформлена в виде выставки «Музыкальные инструменты народов СССР», в состав которой входило около ста экспонатов. Сейчас коллекцию составляют

400 различных, в том числе и древних казахских, музыкальных инструментов.

Культурные связи, общность исторических судеб, неизменность нравственных и культурных приоритетов между народами Казахстана и России, толерантность, способствует расширению культурных контактов, развитию добрососедских отношений. В историческом наследии мы ищем новые пути познания мира, законов его развития и перспектив будущего. Бережное отношение к историческому наследию, поиск и приумножение предметов быта и культуры братскими народами стран Содружества – залог процветания будущих поколений.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Юренева Т. Ю. Музееведение. – М., 2007, стр. 16, 172.
2. Жеган М.С. Философия культуры. – СПб 1996, стр. 206
3. Духовное развитие общества: музыка и наука. – Алматы, 2002.
4. Барсова И. А. Книга об оркестре. – М., 1978.
5. Энциклопедический словарь юного художника. - М., 1983, стр. 224.

